




АХМЕТ ЖУБАНОВ

ЗАМАНА

БҮЛБҮЛДАРЫ





ЗАМАНА БҰЛБҰЛДАРЫ

**ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ**

Алматы — 1963

Кітапта сонау Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұқиттардан бастап қазіргі кездегі ән қайраткерлері туралы әңгіме болады.

Бұл еңбек профессор Ахмет Жұбановтың көп жылдар бойында жүргізген ғылыми, зерттеу жұмысының нәтижесі. Кітап көркем, көпшілікке аса ұғымды тілмен жазылған.

КІРІСПЕ

Ән сезімінің кейбір кезеңдерін сыртқа шығаруда, адамның табиғи құралының бірі болды. Халық әндерінің тартымды келетіні, жүрегіңе қона қалатыны, олардың баста өнер қуу мақсатында шықпай, табиғилық жағының басым болуында. Осы күнге дейін музыкалық тәжірибесі мол құлағымыздың өзі, жаңа шығарманы тыңдап отырғанда, битаныс әуен теңізі ішінен бір халық әнінің тақырыбы естіле қалса, біраз уақыттан бері көрмеген, кездеспеген бір досыңның төбесі көрінгендей сезім пайда болады. Өйткені сол ән тақырыбы есіңе сан алуан оқиғаларды түсіреді. Өйткені ол ән көркем өнер жасаймын деген алдын ала сызылған план бойынша шыққан емес, өмірдің, табиғаттың өз туындысы. Халық әндерінің үлкен қазна екендігі де осы қасиетінде, сол әндерде халық өмірінің сәулесі болуында.

Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді» деп, қазақ халқының әдебиеті мен өнерін көп зерттеген, Шоқан Уалихановтың досы Г. Потанин айтқандай, қазақта әнсіз өмір жоқ. «Тойбастар» айтқан жігіт, көшкі ауыл сыртында алтыбақан тепкен қыз-бозбала, шілдеқана күзеткен жас, кәрі, «Жар-жар» айтқан екі топ, елінен еріксіз алысқа ұзатылып бара жатқан қыз, өлген жұбайын жоқтаған жесір, түйеге мініп әр үйдің сыртында қақсаған жарапазаншы, ақ киім киіп, өгізге мініп ауыл аралаған дуана, «жынын» шақырып, зікір салған бақсы — бәрі де әндетеді. Бәрі де жәй сөзбен айтқанда жетпейтін сезім тасқынын ән арқылы шығарады.

Әннің осы хасиетін қазақ халқы: «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер», «Ақылың болса жыр тыңда» деген сөздер арқылы жақсы айтты. Данышпан Абай:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,—

деген жолдарында әннің өмірдегі орнын нақ суреттеді. Халық аузындағы: «Бір әнді сатып алдым құнан нарға» немесе «Сұрасаң менің атым Таңжарбаймын, болсам да малға жарлы әнге баймын» деген әннің аса жоғары бағаланғанын, әншілердің өз өнерлерін сасық байлардың үйірлеген жылқысы мен қоралаған қойынан төмен санамайтын «көкірегін» көрсетеді.

Қазақтың халық әндері орыс зерттеушілерінің көзқырларына ерте кезден ілікті. Әрине, бұл жерде қазақ халқының Россияға қосылуының үлкен ролі болды. Орыстың этнографтары, жолаушылары, тіпті жорық себебімен барып қалған көзі ашық офицерлері қазақтың халық әндері жөнінде көп нәрселер жазып қалдырды. Өткен ғасырдың басында бірен-саран болса да әндер нотаға түсіп, түрлі журнал, жинақтарда басылып шықты.

Г. Потанин, А. Алекторов, С. Рыбаков, Н. Савичев, А. Эйхгорн және басқалары қазақ музыкасы жәйлі айтарлықтай сүйсінгендікпен әлі күнгі ғылымдық маңызы зор не бір бағалы пікірлер айтты. Соңғы жылдарда, қазақтың халық музыкасын жинауда орыстың ұлы композиторлары М. Мусоргский, Н. Римский-Корсаковтың да араласқандықтары туралы мәліметтер ашылуда. Бұл айтылғандардың бәрі де орыстың прогрессивті зиялиларының қазақ халқының рухани мәдениетіне ағалық, туысқандық қамқорлық жасағандығын сыпаттады. Олар қазақ халқында әннің үлкен құрметке бөленетіндігін, әннің айтарлықтай халық өміріне тигізетін әсерін жақсы баяндап кетті.

А. Алекторов өзінің «Қазақ әні» атты бір мақаласында былай дейді:

«Сыртта соғып тұрған боран, мен жылы зілмәңкеде отырып ән тыңдадым. Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып отырып, домбырасының шегін қаға бастады. Шектің баяу дірілі, орындаушыға жақындай түскен адамдардың қозғалыс дыбыстары, домбыраның күмбірлеген, қайғылы дыбысы маған ерекше бір әсер етті. Мына сияқты қарапайым әнге- қарапайым музыкаға қанша поэзия сыйып жатыр! Қолдан істеген екі шекті домбырада мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен ешуақытта сенбеген болар едім! Егерде мына қарапайым, жаңыңа тиетін әнді өз құлағыммен есітпеген болсам, мен оның ызыңдаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім!

Әнші шырқай түседі. Бетінен тер сорғалап, өзі бірден-бірге қызып келеді, тыңдап отырғандар тағы оған жақындай түсті, олар әннің ырғағына қосылып, бастарын шайқасады. Әнші орамалын алып бетін сүртіп, тағы шырқатты, ызыңдаған желдің музыкалы суылына үнін қосады, бұл кезде тұлабойлары шымырлай бастаған тыңдаушылар көкіректерінен талай күрсінген дыбыстар да шықты».

Қазақ халқының ән өнерінен алған үлкен әсерін ол осылай суреттеді, ешбір бұрмасыз, асырып-түсірмей, шым мәнінде баяндады. Жоғарыда аты аталған Г. Потанин өзінің «Қазақтың соңғы ханының үйінде» деген мақаласында:

«Сөз тапқырлығымен, өншілігімен атағы жайылған қыздың басқа қыздардан сөз салатын, соңынан қалмайтын жігіттері әр кезде де көп болады. Сондай-ақ әнші жігіт те, өрине, жасы келіп қалған немесе тым сыйықсыз болмаған күйде, қанша бай болып, Бұхар медресесінде мұсылман оқуының түбіне жетсе де, басына қаншама дағарадай сәлде орап келсе де, қожалардан бұрын қызға ұнайды»,— дейді. Қысқасы, өнер иесінің қадірінің байдан, қожа-молдадан ха-

лық алдында артық екенін баяндайды. Орыстың демократияшыл зиялилары әр кезде де «бұратана» халықтардың өмірін әділ көрсетуге шақырды. В. Белинский өзінің мақалаларында осы ұранды көтерді. Ол:

«Егер сіз басқа елге, олардың әдет-ғұрпын зерттеу үшін шыққан болсаңыз, сіз біраз уақыт өз жеріңіздің азаматы екеніңізді ұмыта тұруыңыз керек. Әйтпеген күнде сіз ол жат елдің әдет-ғұрпын өз еліңіздің әдет-ғұрпының өлшеуімен өлшейсіз, ал барлық ол өлшеуге сыймайтындары сізге келіспейтін болып көрінеді. Адамзаттың әлемдегі тарихи өмірінің жалпы аккорд болып қалыптасуы, сол халықтардың әрқайсысы бір-бір ерекше дыбысты болуынан, ал, бәрі бірдей дыбыстан ешуақытта аккорд шықпайды»,— дейді.

В. Белинскийдің бұл сөздерінде терең мән жатыр. Ол әр халықтың өзіне тән рухани бояуын түсіну керек дейді. Қазақ музыкасын зерттеген орыс оқығандары осы бір ережені қатты ұстады. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Ташкентте болып, одан қазақ музыкасының, музыка аспаптарының үлгілерін жинауға шыққан А. Эйхгорн (ұлты неміс, орыс білімпазы А. Федченконың жұмсауымен шыққан. А. Ж.) қазақтың халық әндерін айтарлықтай мақтайды. Қызыққаны сондай, ол неміс тілінде, 196 бет, «Қазақ музыкасы» деген үлкен зерттеу жазған. Оның ішінде әндердің де, күйлердің де ноталары, өзінің пікірлері бар. А. Эйхгорн еңбегі қазақ музыкасының тарихын зерттеуде үлкен мәнді зерттеу (Москва профессоры В.Белявтің жеке архивында сақтаулы. А. Ж.) А. Эйхгорнның еңбегі мархұм Г. Шомбалованың кандидаттық диссертациясында толық пайдаланылды.

Жирманшы ғасырдың бас кезінде қазақ музыкасы жөнінде еңбектер көбейе түседі. Орынбордың Архив Комиссиясы, Императорлық География Қоғамының Батыс-Сібір Бөлімі тағы басқа жерлердегі ғылыми қоғамдар, комиссиялар бұл жұмысқа қызу кіріседі. 1906 жылы марттың 23 күні, Орынбор Архив Комиссиясының толық мүшесі В. Карлсон өзінің «Қазақ халық әншілері архив комиссиясында» деген мақаласында былай деп жазады:

«Марттың 23 інде бейсембі күні орынборлық ғылыми архив комиссиясының мәжілісі бұл мекеменің өмірінде бір жаңа іске бағысталды, атап айтқанда халық әншілері Қазанқап және Көшелектің орындауында қазақтың ескі өлеңдерімен танысу кеші болды. Екі қазақтың екеуі де Орал облысы, Орал үезі, Жиренқопа болысынан келді. Бұлар қар еріп, су тасып, көп жерлерде өткелдің қиын және қауыпты кездерінде сапар шыққан. Жайық өзенінің жағасындағы кітапхана орнаған кішкене, бірақ жәйлі, архив комиссиясының бөлмесінде қазақ мелодияларының тәтті үні шалқыды. Алдымен әншілер, өздерінің бұрын үйренбеген жағдайы — орындыққа отырулары біраз ыңғайсыздық жасаса да домбыраның сүйемеліне қосылып, отырған жұртқа өздерінің осы сапарларының жайларын, мақсаттарын айтып, құттықтады. Аңыз әңгіме айтар алдында әр кезде де хажетті және әдетке енген қазақ әншілерінің бұл сияқты сол арада ойдан шығарып айтқан кіріспелерінен кейін, олар қазақтың халық шығармаларынан бірнеше әндер орындады. Қазанқап домбырада «Аққу» күйін тартты. Бұл сөзсіз, домбырада ғана орындалды. Онда аққудың ұшқандағы қанатының суылдаған дыбысына еліктеу бар және ол еліктеуінің сәтті шыққаны сондай, отырғандардың құлағына шынында да аққудың асықпай қаққан қанатының дыбысы келгендей болды. Осының бәрі екі-ақ шегі бәр аспапта орындалды! Қазанқап-

тың екінші орындаған «Сөзі жоқ әні» — «Ақкелең» де ұнады. Екі әнші де өздерін үйреткен ұстаздарының аттарын үлкен құрметпен атайды.

1909 жылы Орыс Географиялық Қоғамының мәжілісінде Торғай облысының крестьянский начальнигі С. Рыбаков «Торғай облысының қазақтары және олардың ән, музыка шығармалары» деген тақырыпта баяндама жасады. 1889 жылы шыққан «Этнографиялық шолу» журналында басылған Г. Пфеннигтің нотаға жазған екі әнін осы мәжілісте Боярова мен Рейман орындады. Басқа бір еліктеу әнін Гольтинсон айтты. Соқыр қыз Айшаның әні мен «Неболды-ау еркем» деген әнді артистік шеберлікпен Янова орындап шықты. «Іңір күйін» домбырада Глушков тартты. Қортындыда баяндамашы қазақ музыкасын зерттеудің орыс музыкасына жаңалық енгізуде әсері болатынын, ал данышпан Бородинның өзінің «Князь Игорь» операсында біздің шығыс халықтары музыкасының ерекшеліктерін таңқаларлықтай түсінген деген ойларын ортаға салды» деп жазылған. Бұл екі мәжілістің ерекшелігі — онда баяндама, әңгіме мен қатар қазақ әндерінің, күйлерінің орындалып көрсетілулері.

1915 жылы шыққан «Орынбор өмірі» (орыс тілінде) атты газеттің 370-і санында басылған: «Орынбор мұсылмандарының арасында» деген мақалада да қызықты мәліметтер берілген.

«11 апрельде, — дейді мақалада, — қалалық театрда, жаралылар және оқып жатқан мұсылман жастарының пайдасына жәрдем спектаклі қойылды. Спектакльге Россиялық үш мұсылман ұлтынан өкілдер қатысты: татарлар, башқұрттар және қазақтар. Сауықжесте халық көп болды, билет жетпей қалды, театрда бір де бос орын болмады. Бұл кештің тағы бір қызықтылығы, мұнда бірінші рет сахнада көрініп отырған қазақтардың шығуы болды. Қазақ ханымдарының номерлері ойдағыдан артық болып шықты. Ғайни-Жамал, Жаңыл ханымдар сахнаға неше түрлі алтын зер төккен, неше түрлі әдемі оюы бар қызыл бешбіт киіп шықты. «Ханикейлердің» (қыздардың) киімдерін киіп шыққан ханымдары публика шын ықыласпен ду қол соғумен қарсы алды. Күмістей таза әйел даусымен орындалған дуэт халыққа айта қалғандай әсер етті. Ханымдардың өндерінің жақсы шыққаны сондай, тіпті, оларды қаламмен жазып, ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Халық жас ханымдарды шыққанда да, сахнадан қайтқанда да үнемі ду қол соғумен отырды. Жақында Семейде болып өткен әдебиеттік жәрдем кеші де үлкен әсер қалдырды. Ал мұнда, Орынборда қазақ артистері халық алдында өздерінің абройларын түсірмей, керісінше, халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болды. Біз қазақ актерлерінің бірінші рет сахнада көрінуін құттықтаймыз, олардың бірінші табысына қуанамыз және бұл пионерлердің аса сүйкімді іздену жолдарында бұдан әрі де табысқа жете берулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

1914 жылдың 10 февраль күні Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Омбыда болған мәжілісінде Қоғамның құрметті мүшесі Г. Потанин: «1913 жылдың жазында Қарқаралы уезіне барып қайтқаны» жөйінде баяндама жасады. Мұнда Г. Потанин қазақтың музыка өнері жайлы тоқтауымен қатар бұл кездерде орыс мәдениетінің қазақ арасында көң өріс алуы, орыс тілінің жайыла бастауы, қазақтың біріндеген болса да, осы жағдайдың нәтижесінде, оқыған адамдарының көріне бастауы жөнінде әңгіме қозғайды. Жер-жерде әдеби-музыкалық көштер болып, онда орыс жазушыларының, ақындарының шығармаларын гимназияда оқитын

қазақ қыздарының тапқақтап айтып баргендерін айтқан Г. Потанин-сол баяндамасының ішінде:

«Орыс тілі жайылып барады, балалар орыс мектептеріне ұмтылуда. Қазақтың интеллигенциясы туып келеді, мұғалімдер, фельдшерлер, акушеркалар біраз бар. Баяндамашы бір ауылға қонғанында, онда әдеби-музыкалық кеш болып, гимназияда оқып жүрген қазақ балалары ән салып, музыка тартып, көркемсөз оқыған. Некрасовтың өлеңдерін бір гимназия оқушысы қазақ қызының оқып бергені ерекше жаңалық болып көрінді...

«Табиғатты, ескі уақытты және музыка, поэзия, бейнелеу өнері сияқты халық творчествосын зерттеуде, қазақ халқы үлкен қолқабыс беруі мүмкін. Қазақтардың поэзиясы мен музыкасы тығыз байланысты, өлең шығарушы бір жағынан композитор, ол шығармасына әуенді де, ырғақты да өзі береді. Поэзия мен музыка қолы бос жүретін еркектердің қолында. Бейнелеу өнері негізінде ою-өрнек болуы себепті онымен әйелдер шұғылданады. Үй ішінде бәрі де өрнекті. Тері де, киіз де, шүберек те, ағаш та өрнектелген, оюланған. Өрнектің мазмұны айналадағы көріністерден алынған, дөңгелек сызықтар, хайуанның мүйіздері, шөптің жапырағы, гүлі, уық, керегелердің түрлері кездеседі... Қазақтар арасында ақындық творчество аса дамулы, ақын деген сахраға сыймайды.

«Қазақтар өздерін музыкантпыз деп есептейді. Ол қабілеттің тууы жөнінде олардың аңызы да бар. «Ән аспаннан қалықтап ұшып жер бетіне жақын келеді. Оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық, әнді ұстап қалған, ал жоғары қалықтаған жердің адамдары ешнәрсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде тіпті төмен ұшқан да қазақ халқы оны есітіп, әнді жақсы айтатын болған. Қазақтардың басқа халықтардан әнді жақсы айтатын себебі осы» (Шоқан Уәлихановтың айтуынан). Шынында да қазақтардың дауыстары таза, үні күшті, құлақтарының есітуі тамаша. Хұрметті баяндамашының пікірі бойынша «Е лу жы лдан кей ін қазақтар орталық қалалар театрларына әншілер, музыканттар жіберуі мүмкін, олардың ұлттық дамуларының ол басы да болып қалар» (астын сызған біз А. Ж.) дейді.

«Баяндамашының ойынша бір ұлттың есебінен екінші ұлттың көгеруінің дұрыс емес екендігіне отырғандардың бәрі де қол қоюлары керек, аз халықтың халдеріне, жағдайына қарамау болмайды. Орыс интеллигенциясының борышы — аз ұлттарды қорғап, олардың өмірлерін сақтап, қорғануға шамаларын келтіру. Мұның ең дұрыс жолы — білім. Мені (деді хұрметті баяндамашы) Екінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Марков «түкірігі шашыраған гуманист» деп атаса да, менің отанымның бақытын, бұл жерді жайлаған аз ұлттардың бақытсыздығы негізінде көтергім келмейді-ақ.

«1909 жылы Томск қаласында Г. Потанин ұйымдастырған бір кеште қазақ музыкасы да көрсетілді. Онда қазақтың «Ай астында» деген мелодиясы орындалды... Сахраның еркін ұлдары өздерін көрсеткісі келді, Ақмола облысының бірнеше қазақтары жиналып, біздің естуімізше, «үйірме» ұйымдастырып, қазақтың халық творчествосының туындыларымен европалық халықтарды (орыстарды деген мағнада болу керек. А. Ж.) таныстыру үшін, жақында артистік саяхатқа шыққан. Қазақ артистер жеке әндерін, дуэттерді, ертеқ, аңыздарын қазақ тілінде және орыс тіліне аударып та орындайды, олардың бәрін

өздерінің ұлттық асбабы—домбырада сүйемелдейді. Үйірмеде ұлттық киім киіп әйел-қыздар да шықты. Орыс азаматтығын жақында ғана алған қазақ халқы—ақылды, ұғымды, мейірімді халық, оның болашағы жарқын. Әуелі бірінші астана Москваға, одан Петерборға, ақырында осы кездің Вавилоны болып есептелетін Парижге бара жатқан Жержүзілік Көрмеге сахралықтардың әндерін есіту бізге тіпті сүйкімді (Париж көрмесі 1900 жылы болу керек еді). Көп ұзамай біздің сахралықтар Орынборға келу керек. Орынборлықтар бұрынсонды болмаған артистерді, олардың программаларының орындау техникасына кешірімділік көзбен қарап, сахрада көшіп жүрген халықтың қараңғыдан жарыққа талпынған құлаштарын үлкен назармен қарсы алар деп сенудеміз.

«1913 жылы май айында Г. Потанинның Омбыға келу құрметіне Қоғамның әдейі мәжілісі болды. Оның екінші бөлімінде дуананы, бақсыны, қазақтардың ән творчествосының үлгілерін тыңдау болды...

«Қарқаралы уезінің Едірей болсынан келген Дуана Сүлеймен Жұбандықов әулиелерді шақырып, жын-шайтанды қуып, айқайлай бастады. Семей облысынан келген халық әндерін орындаушы Сисенбай Жиенбаев қазақтардың өздерінің әншілерін құрметтеуін көрсететін «Файзулла» атты (Ғазездің әні болу керек. А. Ж.) ескі әнді, өлген атқа арналған «Құлагер», сүйгеніне қосыла алмаған қыз туралы шығарылған «Қорлығайын», ат қуып кеткен жігітке арналған «Ақжан», қыз алып қашқанды көрсететін «Дариға» әндерін айтты. Мақтаншақ палуан (Балуан Шолақ) туралы және қазақ халқының өткендегі бір аңызы жайлы, қазақтың жыршыларының стилінде термелеп орындап берді»,— дейді.

Осы келтірілгендердің бәрі де орыс оқымыстыларының қазақ халқының рухани байлығын үлкен құрметпен зерттеп, үлкен қолқабыс тигізгенін көрсетеді. Сонымен қатар жиырманшы ғасырдың оныншы жылдарында қазақша баспасөз беттерінде де біріндеген музыка туралы мақалалар көріне бастайды. Ол мақалаларда халық музыкасын жинаудың, қағазға (нотаға) түсірудің керектігі жөнінде сөз болады. «Айқап» журналының 1913, 1915 жылғы кейбір сандарында үш автордың қазақ музыкасы жайында жазған мақалалары бар. Олардың бірқатары музыка туралы айтқанда, алыстағы араб халқының музыкалық дәстүрін өңгіме қылады. Мұсылман дінін ұстағандарға осындай жағынан келсем айтқан сөзімді тыңдатам деген ой болу керек. Өйткені қазақ халқының тарихи жағынан да, этнографиялық, географиялық, саяси-экономикалық жақтарынан да арабтарға ешбір қатынасы жоқ. Олардың бұл әдістері мұсылман дінінің теориялық жағынан түк білмейтін дүмше молданы, аузына шөп өлшеп алып, дін сөздерімен діңкесін құртып, домбыраны ақтаған Қашаған ақынның өдісіне жақын сияқты. Мысалы Мұхаммед-Сәлім Кішімов деген кісінің мақаласында:

«Әр миллет (ұлт. А. Ж.), әр жұрт музыкасыз тұра алмайды. Бұл анық болған нәрсе. Қай халыққа көз салып қарасаң да, бұл музыка, бұрынғы және жаңа заманда болып, ойналып келе жатқан. Бұл музыканы ешкім өтірік, бекер дей алмайды, арабтарда мұсылмандық болмастан бұрын бұл музыка ойыны бар еді. Мұсылмандыққа кірген соң да бұл ойынды тыймады, қайта рим, фарсы сияқты реттірек жұрттарға араласып, олардан өртүрлі керек-жарақ музыка саймандарын алу себепті мұсылмандардың арасында көбейіп, өршіп кетті.

«Бұл музыка, ойнап күлу, жырлап, өлең айту тұрасында дүनिया уа ахырет басшымыз болған Мұхаммед саллалаһу ғайһессалам хаз-

ратләрi ашық рұқсат еткен хабарлары әр жерде бар. Соның үшiн мұсылмандар бұл ойынды iркiлмей ойнап көп ләззәт алатын едi. Ғабралар түрлi милләтлардiң музыка саймаңдарын жидiләр, ғылым мәдәниәтқа кiрiп өнер тапқан сайын музыкалары да, музыкаға құмар ойнаушылары да көбейiп өрши бердi. Өздерiнде бұрыннан болған үстiне шеттен де алып, түрлi құрал-саймандарын түзетiп тұрды. Мұсылмандардың арасында музыка қатты сүйкiмдi болды, музыка ойнай бiлушiлерге үлкен құрмет-сый, көрсетiсiп тұрды...

«Бұл музыка күй күйлеп, ашынтып, күлдiртiп, мұңайтып, жылататын, адамға рух берiп көтеретiн, қайғылы уақытта көңiл ашатын, жалғыз уақытта серiк болатын, осы... домбыра деп айтуға болады. Бiздiң қазақта домбыраны жақсы, таза тарта бiлушi аз емес едi. Бұрынғы қария, үлкендердiң бәрi де деп айтарлық зарлы, мұңды жақсы күйлердi бiлушiлер көп едi. Өзiм көзiм көрген қарияларда Ақмолаға қараған Қалутан өзенi бойында мархұм Есiм деген кiсiнiң тартқанын көрдiм, әлi құлағымнан кетпейдi. Хәзiргi уақытта солардай домбыраны күйлеп тартып, шертушiлер азайып бара жатқан сияқты көрiнедi... Соның үшiн қолынан келетiн өнерпаз мырзаларымызға ескертемiн: бiздiң нотаға келетiн қазақ күйлерiн, қазақша әндердi нотаға салдырып ала алсақ жақсы болар едi, ұмытпас үшiн»,— дейдi.

Жоғарыда айтылғандай, Кiшiмов қазақтың халық музыкасын нотаға түсiру керек екенiн айту үшiн, әрiден қозғап, арабтардың бiраз «құлағын шулатады».

Сол журналда Ғалауатдин Мамиков деген кiсi де қазақ музыкасы жәйлi айта келiп, әндердiң қазақ сөздерiн сақтаудағы ролiне тоқтайды, оған өлеңдерден мысал келтiредi. Оның да қоятын мәселесi өлең-әндi жинау, қағазға түсiру. Бұл да осы ойларын айтуда арабтарды үлгiге алады.

«Айқап» журналында басылған музыка жөнiндегi мақаланың көлемдiрегi «Өлең және айтушылар» деген атпен басылған Сұлтан Махмұт Торыайғыровтың мақаласы. Басында автор қазақ халқында ән, өлең, сауық азайып бара жатыр, әншiлер сиреп барады, қазақтың «шылығы» кетiп барады, ол өзiнiң кеткенiмен қоймай ән-күй, сауық, салтанатты ала кетiп жатыр деген сияқты бiрқатар өкiнiш кейiптер көрсетедi, кейде тiптi арылмас қайғы құшағына да өнiп қалады. Бiрақ музыканың ролiн айтқан жерде: «Бiр халықты... жаңа рухпен қандандыратын, таза бейiлмен жандандыратын машина— шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет болады. Ол машинаның тетiгiн бiлiп сайратып, есiткендердiң аузының суың ағызып көңiлдерiндегi уын шығаратындар кiм? Ол— неше түрлi әуез бiлетiн әншiлер, жыршылар. Халықтың көңлi машинаның тетiгiн бiлетiн ұста адамдар сайраса жибидi. Қысқасы— сырнай яки домбыраны тарта бiлмей, құр перне басып барқылдату қандай сүйкiмсiз болса, әнiмен айтылмаған өлеңдер де сондай сүйкiмсiз болады. Маған салса, майы тамып тұрсын, әнсiз құр өлеңмен жақсылық сездiргенiң сол, жұртты өзiңнен бездiрiп аласын. Соның үшiн, бiзден басқа бақытты, талайлы жұрттардың әнпаздары өнегелi өлең, үлгiлi тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шаһар-шаһарға жүрiп, халыққа өстiртiп, жүрек қозғап, буын босатады. Халық оған қалыпты театрға келген секiлдi билетпен жиналады. Халықтың арғы-бергiсiн қозғап, естерiне түсiрiп, мұң-мұқтаждарын зарлап, кем-кетiгiн көрсетiп, әдеми дауыспен күйкылжытып тұрғанда, қандай тас көңiл болса да ~~жiбi~~ меген еркiне қоймайды. Халықтың қайдағы-жайдағысы ойына қозға-

лып түсіп, қандары қайнап, тіпті арқалары қызып кетеді. Әр кімнің көңіл көздерінен жастар моншақтап, бойлары балқығандай шарт та-шұрт қол соғып, ақшасының үстіне мың қайтара «тәңір жарылғасын!» айтып тарқайды. Медреселердегі әдебиет кештері де осы мақсатпен жасалады...

«Байқаймын, біздің қазақ әнқұмар халық... Біреу қолына домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылып, сегіздегі бала, сексендегі шалына шейін қалмай қамалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді... Бір халықтың әні кетсе әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе жаны кетеді... әнді сақтаудың қамын қылыңдар!

«Молдалар! Жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлеңдердің жүректі жандыратындарынан үні жақсы балаларға әнге салғызып қойсаңдар, о шіркін, қандай ұтымды! Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп, қадірлі етіп көрсетуге тырысыңдар!...» — дейді. Сайып келгенде Сұлтанмахмұт та халықтық музыка творчествосын жинау, оларды орындату, жас буынға қазақ әншілдік дәстүрін үйрету мәселелерін қозғайды. Әрине, қазақ арасында Ыбрай Алтынсарин сияқты ағартушылар ашқан орыс мектептерінде болмаса, тап молдалар ән үйретеді, музыканы уағыздайды деп сену қиын кез болатын. Ән жинаудың жолдарын айтып бере алмаса да, біз бұл авторлардың осы бір мәселені көтергенінің өзін о бір заман үшін үлкен прогрессивті көрініс дейміз. Ұзын-ұзын цитаттарын келтіріп отырғанымыздың себебі де сол.

Жоғарыда айтылған орыс оқымыстылары, этнографтары қазақтың ән байлығын әйгі етіп қағазға түсіріп, әлемге жаюмен қатар, әншілер туралы да көптеген мәліметтер қалдырып кетті. Жетісуда бояған бір экспедиция адамдары қазақ аулында болып, онда Ыдырысқұл деген әншіні тыңдаған. «Өзінің сахра киімінде бұл қазақ жанған оттың жарығы түскенде аса көрікті болып көрінді. Оның қозғалыстары жұмсақ, жасанды емес, манерасы нәзік, бет пішіні өте сүйкімді. Ол шатырдың есік алдына отыра кетті де, домбырасын бұрап, минор тонды бір әуен тартты, ырғағы байсалды, кейде үзіліп-үзіліп кетеді. Оның құлағының есітуі айта қалғандай, асбабының зәредей келмей тұрған жері болса, сол минутта байқап қалады. Ол әнді баста алған тақырыбын неше саққа жүгіртіп құбылтып, әлде қандай әшекейлермен безеді. Өзі ойынға беріліп кетеді, екпін тездеді, ойын бірден-бірге жалындай бастады, ақыры кезек әнге келді. Ол әуелі айттырулы жексұрын бай күйеуін жақтырмаған, кедей де болса өзінің сүйген жігітін айтқан қыздың әнін шырқады, одан өрі «Бұхар—арандатушыларын» соғысып жеңген орыс күшін мадақтады... Ыдырысқұл (бұл біздің трубадурымыздың аты) шын мәнісіндегі артист... Техникалық жағы сондай жетіскен дәрежеде тұрған асбаптағы ойынына таңқаласын ба, жоқ өнінің өсемдігіне ме, қайсысына ұйитыныңды біле алмай қаласың. Мен қазақтың мелодияларының өзіндік кейіпті, асқан сұлулығына бұрын да талай таң-тамаша қалғанмын. Ал олардың ішінде опера театрының сахнасын да көркейтіп жіберетін тенорлар аз кездеспейді», — дейді.

Қазақстан жерін аралаған орыс және еуропалық этнографтардың, оқымыстылардың қазақ әншілері жөнінде осы планда жазғандары көп. Олардың бәрі де қазақтың ән байлығымен қатар, әншілік өнердің жоғарғы сатыда екенін айтады. Кейбіреулері қазақтың өң сәлу манерасын (дауыс шығару техникасын) басқа Азия халықтарының ішінде прогрессивтік өрекшелігі бар деп мақтап та қояды. Қазақтың

ән дәстүрін жақсы зерттеген А. Затаевич кейбір әншілердің орындаушылық дарынын көтере келе, біреулерін: «Қарқаралының Карузо-сы» (жержүзіне аты шыққан итальяндық әнші. А. Ж.), «Вагнер операларында айта алатын әнші» (неміс композиторы Р. Вагнер өзінің операларында әншілерге аса қиын ариялар жазған. А. Ж.) және сол сияқты салыстыруларды көп келтіреді. Ал қазақ әндерін мақтаған жерде А. Затаевич: «Лоэнгрин мелодиясы» (Р. Вагнердің операсының аты), «Рубинштейн мелодикасы», «Руслан—Людмила» операсындағы «Баянның әні», «Садко» операсындағы «Варяг қонағының әні», «Француз халық әндері жинағының» ішіндегі «Бретон әні» деп, басқа халықтардың профессионал композиторлар жазған опералардағы әндермен салыстырады.

Қазақ әндерінің тақырыбтық жан-жақтылығына орыс музыка мамандарының көбі таңқалып, оған үлкен баға берді. Баста айтылғандай, біздің әндеріміз, өмірдің тарихы, сәулесі сияқты. Н. Г. Гоголь өзінің «Малорослықтардың әндері жөнінде» деген мақаласында: «Халық әндері — халық өмірінің барлық жағын көрсететін, шындыққа, сырға толы, жарқын, көзі тірі халық тарихы. Егер оның өмірі оқиғаға толы, сан түрлі, еркіндік іздеген, поэзиямен толы болса, сонымен қатар ол білім бұлағынан қана алмай қалған болса, оның барлық жігері, сыртқа шығар күші, таза қалпында тұрған болмысы халық әндері арқылы тасқындап сыртына шығады. Тарихшы одан соғыстың болған күнін, айын, нақ жерін іздеуі керекті жоқ; бұл жөнде бір нәрсе айта алатын әндер аз-ақ болады. Бірақ ол шын өмірін, мінез-құлқын, сезімінің, толқуының, қасіретінің барлық, барлық бояуларын, ол халықтың ойын-тойын, өткен ғасырдың рухын, барлық жағдайларының жалпы көрінісін олардың жеке-жеке түрлерін білгісі келген адам іздегенін табады: халықтың тарихы оның алдында айдан анық болып көлденең тартылады...

«Қай уақытта кім шығарғанын құдайдың өзі білетін — халық музыкасында адам таңқаларлық көркемдіктер аяғыңды аттап басқан сайын кездеседі. Олар даладағы ешкім сеппей, ешкім бақпай өзінен өзі өскен гүл тәрізді. Алғыр музыкант осы бір адам табиғатының үнінде не бір үлкен қортынды беретін деректер жатқанын біледі», — дейді.

Біз тек қазақтың халық әндері туралы, әншілері туралы жазылған пікірлерді келтірдік. Оның бәрі де қазақтың халық творчествосын зерттеудегі тек ең алғашқы адымдар. Терең үңілген адамға қазақ әндерінде, Гоголь айтқандай, толып жатқан тарих бар. Біздің әндеріміздің тарихы әлі тексерілген жоқ. Бұл жөнінде біздің музыка зерттеу ғылымымыз әлі жас.

Жоңғар жорығы кезінде «Ақтабан-Шұбырындыға» кездесіп, босқан ел, Қаратауды басып, көшкенде:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Туған жерден айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлдіреп жас келеді,—

деген өлеңді сарнаған «Елім-ай!» әніне қосқаны жөнінде біз бұрынғы еңбектерімізде айтқанбыз. Сондай-ақ Мұхиттың «Алпыс тоғыз» атты әні де өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғындағы ел билеудің жаңа түріне арналған екендігі белгілі. 1902 жылы Жетісуда болған Тәуке батыр «ақ патшаға қарсы болғаны үшін» Сібірге

айдалып бара жатып, туған жерін есіне алып. «Ел қайда, туған жер қайда?» деп ән шығарған.

Сәлем де барғандарың Мәрияға (жұбайының аты),
Тәуекел салдым қармақ дарияға.
Айдалып бара жатып Сібір жаққа,
Ән екен Тәуке салған жарияға.
Жетісу өлкесінде тауларым бар,
Көк майса, қоңыр самал жайларым бар.
Қана алмай жеті өзеннің бұлағына,
Суындай көлбей аққан арманым бар,—

деген өлеңнің жүрегіңді қозғайтын әні бар. Ол ән тек Тәукенің емес, өмірі құлдықта, азапта болған кешегі замандағы қазақ халқының бейнесін жақсы келтіреді. (Әннің нота үлгісі осы кітапта бар).

Осы кезде үнемі орындалып жүрген, «Жалбыр» операсында Қайрақпайдың әні болып енген «Әмірқанның» тарихы да айта қалғандай. Әмірқан — байдың баласы, малынаң басқа қасиеті жоқ, нас, күндіз қой соңында жүріп, кешке шуаш иісі аңқыған байпақтарын пешке жәйіп, үйдің ішін сасытып, көжеге тойып алып, қорылдап ұйқтағаннан басқа ешнәрсемен жұмысы жоқ адам. Әмірқанның әкесі баласына ел асып барып қалың беріп, құда түсіп, Ажар деген сұлу қызды айтырады. Ажар ұзатылып келгесін жеті-сегіз айдан кейін кішкене қыз туып, оның атын Мәрия қояды. Сұлу Ажар кешкітұрым кішкене бөбегін алдына алып, мезгіл-мезгіл көзін айырмай қарап отырып, зарланып, әндетеді:

Әмірқан не ғып жүрсін қойың жимай,
Мен жүрмін қайынатамның көңлің қимай.
Он аяқ, отыз қасық көжеңді ішіп,
Жатасын кең төсекте кеудең сыймай.
Болғанда атым Ажар, сіңлім Айша,
Аяқты мен басамын жорға тайша,
Қайнайды қай-қайдағы зығырданым,
Әмірқан қойдан келіп байпақ жайса.

Ахау, Кідіге-ай,
Қайран қызық-ай!
Қаралдым Мәрия-ай! —

деп қайырмалап бітіреді. Ажардың осы бір күн батып бара жатқандағы зары атасының назарын аударады. Көпті көрген қарт, Ажардың зарында бір сыр барын сезіп, келінінен өңгіменің бар шынын айтуды өтінеді. Таза жанды Ажар, Әмірқанның ауру екендігін, оның «жұбай» деген ардақты атқа тіпті лайық емес екендігін, мына қолында үілдеп отырған бөбектің Әмірқаннан емес, қыз күнінде көңлі қосылған Кідіге деген жігіттен туғанын, осы хасреттің бәрі ішіне сыймай, өлең-ән болып ылғи кешкітұрым сарнайтатынын ешбір жасырмастан айтып береді. Қарт атасы өзі де бір сұмдықты сезетінін ақ көңіл келініне білдіреді. Ақыры Ажарды аяп, қазақ өдетінде, «бата бұзу» шариғатқа қайшы келетінін білсе де, берген қалыңмалды қайтарып алмай-ақ Ажарға ұлықсат беретінін айтады. Ажардың зары қарттың сүйегінен өтіп, жас кезінде басынан өткен бір қайғылы халдерін есіне түсіреді. Бірақ Ажар атасының ұсынысын қабылдамайды. Өйткені бұл екі арада Кідіге малы жоқтықтан Ажарға қалың төлей

алмай, ала алмағансын, соған құса болып, ауруға шалдығып, қайтыс болады. Ажар Кідігемен өткізген аз да болса бақытты күндеріне ешкімді ортақ еткісі келмейді. Ол атасына: «Қолымда мына бір Мәрия бар ғой, сырттағы жұрт не біледі, Әмірқаннан тумады деп ойлай ма, ұлықсат өтсеңіз осы үйде жүре берейін. Онда әке-шешемді, мұнда сіздерді жер қып қайтемін. Әңгіменің анығы ашылып, менің зарымды түсіндіңіз ғой, рақмет!» деп, адамды бетіне қаратпайтын, қаһарлі де, қадірлі де болып аты шыққан атасының мұндай егілген көңіліне риза болып, сол босағада, мезгіл-мезгіл Мәрияны алдына алып:

Әмірқан не ғып жүрсін қойың жимай,
Мен жүрмін қайынатамның көңлін қимай,—

деп, қайырмасында: Ахау Кідіге-ай, Қайран қызық-ай, қаралдым Мәрия-ай! — деп қала береді.

Осы сияқты байдың қызын алып қашып, қуғыншының бұғалығы мойнына түсіп, атқа сүйретіліп өлген жылқышының тағдырын жырлайтын «Жылқышы» әні тағы сондай программалы, астарлы, мағналы әндер сансыз көп. Әр әннің әлікүнге ашылып болмаған сыры, аңызы, шежіресі бар.

Қазақ тарихында ауыр жылдардың бірі болған 1916 жыл жайлы да әндер көп.

Жасым бар он тоғызда, жылым тауық,
Солдаттық ала ма деп бар ғой хауып,—

деп келетін, бай балаларының орнына айдап жіберетінін білген кедей жігіттің өлеңі мен әнін осы жолдардың авторы өз құлағымен есітіп, жазып алған. Сондай-ақ Албан көтерілісі, Аманкелді бастаған Торғай көтерілісі кездерінде көптеген әндер туды. Қазақтың ән теңізі ішінде осындай көтеріліс әндері, бунтарлық әндер, лирикалық, махаббат, сағыну, күлкі әндері, балықшы әндері атын, құсын мақтаған әндер кездеседі. Олардың бәрінде де адамның күнгей өмірін күткен арман, әйелдің теңсіздігі, кедей мен байдың арасындағы алшақтық, жақсылықты алдан күткен үміт елестейді. Сонымен қатар барлық өмір қызығының осы дүниеде екендігін уағыздап, молдалардың жақсылықты о дүниеге сілтейтінін әшкерелеуде қазақтың жыршылары да үлкен роль атқарды. Олар өздерінің орындап отырған ұзақ дастандарының арасында, соның оқиғасының бір жеріне «қыстырып», отырған әлеуметке: «Мың күн жұмақтан, бір күн тіршілік» деген мәтел айтып, немесе:

О дүние бұ дүниеден не өтер еді,
Көңілді өлең айтып көтереді.
О дүние бұ дүниеден болса артық,
Жиылып қожа-молда кетер еді,—

деген өлең шумақтарын әнмен айтып, діннің сырын терең түсінбесе де, қызық та, жақсылық та адамның өз қолымен жеңіп алатын нәрселері екендігін түсіндіреді. Қазақтың әншілері, ақындары өздерінің қолдарындағы рухани құралдарын халықтың басын айналдыратын тек дінге қарсы емес, таптық жіктерді теория жағынан айырып білуге саяси өрелері жетпесе де, өздерінің өткір сезімдері арқылы бай мен кедейдің қосылып ән сала алмайтынын көрсетеді. Әрине,

оның бәрін де тікелей, кітап сөзімен емес, сол дінді жақтаған болып, соның ішіндегі айтқандардың келгендерін көзімен көргендей етіп айтады. Кердері Әбубәкір белгілі феодал Қоңырбайдың Сейітінің үйіне келіп түседі. Сейіттің үй-ішіндегілері Әбубәкірді қонақ үйіне түсірмей, басқа есік алды бір бөлмеге түсіріп, тамақты да оңды бермейді. Әбубәкір ерте тұрып, шайға қарамай кетіп қалады. Сейіттің ақынмен келіп сәлемдеспеуі, осылай қарсы алуы Әбубәкірдің арына тиеді. Соның алдында аз уақыт бұрын Сейіттің әкесі Қоңырбайдың қаза болғанын есіткен, оның ешуақытта жалданған малайларға, шөпші, егіншілерге ақыларын дұрыс бермейтінін бұрыннан білетін Әбубәкір, Сейіттен өлеңмен өшін алғысы келіп, қағаз жазып тастап кетеді. Сәске түсте керіліп, ұйқыдан тұрып жатқан мырзаға малайларының бірі әлгі қағазды «қонақ тапсырып кетіп еді» деп, ойында ешнәрсе жоқ, «жерден жеті қоян тапқандай» алып барып береді. Сейіт қағазды оқиды. Онда:

Бүгін көрген түсімде,
Бір алланың ісінде,
Ғаламат бір сыр көрдім,
Көп моланың ішінде.
Ақ кебіні сүйретіп,
Біреу шықты моладан.
Кім екен деп қарасам,
Қоңырбай екен ол адам.
Оттан киген тоны бар,
Біреу шықты оңынан.
Темір шоқпар қолында,
Біреу шықты соңынан.
Шырқыратып, шырлатып,
Жетектеп жүр қолынан
Бірталай адам еріп жүр,
«Ақымды бер!» деп соңынан.
Санап келіп қарасам,
Бес жүз болды молынан.
Әлгі топтың қарғысы,
Тиіп жатыр кесектей
Отқа күйген жерлері,
Қалың шыққан шешектей.
Гүрзінің тиген жерлері
Қағазға басқан пешеттей.
Сенің әкең, Қоңырбай,
Бақырады есектей.
Мен білсем, сол әкең,
Бере алмай жатыр есепті-ай,—

деп жазылған екен. Әбубәкірді өлтіремін деп, артынан қуып, бірақ таба алмай, кейін қайтады.

Қазақтың сал-серілері де ол көздің көртартпаларына ұнамаған. Олардың киімдерінің алабажақтығы ерсі болып көрінген. Шынында салдар мен серілер ол замандағы өнердің өкілдері. Бұл күндегі артистерше сахнаға киетін киімін чемоданға салып алып келіп, әдейі оларға арналған бөлмеде қайта киінетін жағдай сал мен серіде болған жоқ. Олар ат үстінде де, ауыл сыртында да, базарда да, жәрмеңкелерде де өнерлерін көрсетті. Сондықтан, басқа кісіге алабажақ,

өсіреқызыл көрінетін олардың киімдері сол сахнада киетін киімдер. Ал олар өмірде де солай киіп жүреді. Өйткені оларда өмір мен өнердің екеуі бірімен бірі қосылып, ұласып кеткен. Бірқатар ескіліктен әлі құтыла қоймаған адамдардың аузынан жазып алған А. Затаевич салдар жөнінде хате пікірлер айтқан. Ол оларды мақтаншақ, ерсі деген сияқты әңгіме айтқан. Көркемөнер өкілдерінің басқа еңбеккерлерден қызмет бабы басқа түрлі. Олар сахнада ән салғанда (осы кезде) өзінің қызметтік міндетін атқарады. Бірақ сол «қызметін атқару» үстінде халық оларды хошеметтеп, дуылдаған қол соғумен қарсы алады. Кейбір концерттерде тыңдаушылар хошеметі салқын болса, артистер кәдімгідей ренжіп қалады. Ал басқа мекеме қызметкерлерінің қайсысында ондай жағдай бар? Сондықтан сал, серілерде артистерге тән жәй адамнан өткірірек сезім, мақтаншақтық болып көрінетін өзінің өнерінің бағасын білу болмауы мүмкін де емес. Олардың өнерінің бағалылығын халық түсінді, оларды құрметке бөледі. Оларды аттан көтеріп алу, қыз-келіншек қана шай құйып берулері, күйеуінің көзінше ұзатылатын қалыңдықтың шымылдығының ішіне кіріп отыратын еркіндігі — бәрі де ол күндегі заң жинақтарының тармағында қаралған емес, сал-серінің халықтан алған правосы. Осы жолдардың авторы салдардың соңы Меңке Төлеген деген кісіні көрді. Ол ұзын бойлы, сұлу денелі, аса сүйкімді бет пішінді, әдемі қара мұртты, киімді үлкен талғаммен киетін, жаз болса жылтылдаған фазтонда, қыс болса бұзаулық шанада қараған доға мен шлеясыз, бауырынан бір тартып, желгіш ат жегіп жүретін. Өзінің сол ат пен арбадан басқа не дүниесі, не малы болмайтын. Бірақ халық оны хан келе жатқандай қарсы алатын. Әңгіме айтса майын тамыздады, ән салса таңдайыңды қақтырады. Ол совет тұсында да сол беделінен төмендеген жоқ. Өйткені Төлеген советтік құрылыстың артықшылығын уағыздады. Бірінші қараған кісіге ол еңбек етпейтін, тек қасына сұлу Зүбайнасын ертіп алып, ел аралап, «халық үстінде» жүретін адам сияқты болып көрінгенімен, оның аузынан шыққан сөз халық үшін аса «дуалы», халықтың өз тілінде, асықпай, баппен отырып-ақ жеткізетін. Өзі сауатты, көп жаңалықты біліп отырады, өлеңді жазып шығарады, әнді де өзі шығарады. Сонымен қатар ол бұрынғы кездегі халық әншілерінің өмірінен, творчествосынан хабарлы болатын, сол кездегі еңбекші елдің сойылын соққан демократиялық музыка мен поэзияның жақсы үгітшісі болатын. Төлеген бері келіп, отызыншы жылдардың аяғында Берсүгір көмір кенінде, баласының қолында қайтыс болды. Көзі жұмылғанша халық алдында сол қадірі түспестен кетті.

Қазақтың халық өндері бұрынғы кезде нотаға аз түсуі былай тұрсын, граммофон пластинкасына да тіпті аз жазылды. 1914 жылы Сыр бойында аты шыққан, кейін өзінің кішкенеелігі, қара торылығы, әнші құстай сайраған өткірлігі арқасында «Қараторғай» атанып кеткен келіншек пластинкаға Сырдың «Қараторғайы» мен «Ақау Семей» өндерін берген. Ол келіншекті Құрманбек Жандарбеков көрген, ән орындауын есіткен. Қараторғай жөнінде А. Затаевич те жазып кетті. Әрине, қазақ халқының мыңдаған өндерінің ішінен екі әннің ғана пластинкаға түсуі, теңіздің тамшысындай ғана көрініс. Екі ән арқылы қазақтың халықтық музыка қазнасы қанша үгіттеле қоймақ!

Қазақтың ән қазнасы, сөзсіз, қомақты түрде, тек совет тұсында ғана жиналды. Жиырманшы жылдардың басында А. Затаевич Орынборға келіп, Қазақстан Халықартау Комиссариаты арқылы елге шығып, бірнеше жыл бойы музыкалық этнографиямен шұғылданды. Ол

сол жылдар ішінде қазақтың екі мыңнан астам ән-күйін нотаға түсіріп, оның мың жарымын екі том етіп 1925 және 1931 жылдары бастырып шығарды. Ол ән-күйдің ноталарын жазумен қатар, олардың кейбіреулерін фортепиано сүйемеліне икемдеп, оркестрге түсіріп, орындау арқылы уағыздады. Орындаушының бірі өзі болды. А. Затаевичтің бұл еңбегі жержүзіне жайылды. Ол сол жинақтарының соңында қазақ музыкасы туралы, әнші-күйшілер жайлы аса құнды пікірлер айтып жазды. Қазақтың көптеген әншілерінің аттары тарихта бірінші рет сол А. Затаевичтің аузымен халыққа тарады. Абай, Біржан, Мұхит, Ақан, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди, Майра тағы солар сияқты халық композиторлары жайлы бірінші рет баспасөз бетінде А. Затаевич мәлімет берді. Олардың творчестволық ерекшеліктерін баяндады.

Осы жиырманшы жылдардың басында Орынборда, Семейде, Ташкентте, Алматыда музыка үйірмелері ашылып, өнерпаздық етек ала бастады. Осы қалалардағы халық ағарту институттары жандарында ұйымдасқан өнерпаздар топтары хор ұйымдастырып, спектакльдер, концерттер қойып жүрді. Олар өздерінің репертуарларында партияның саясатын үгіттеді. А. Затаевич Адай округінен келген Құрмаш Нұрханов деген кісінің оған татардың жаңа әні «Яшасін!» және «Интернационалды» орындап бергенін жазады. Сонымен қатар Орынбор рабфагінің оқушылары «Қайдаржан» атты жаңа өлең шығарады. Қазақтың «Ай-хай, жаздың күні» деген әнін, жаңа сөз жазып, «Ай-хай, майдың күні!» деп айтады. Әр жерден біріндеген жаңа әндер шыға бастайды. Олардың бәрінде де совет құрылысының, коммунист партиясының саясатының артықшылығы жырланады. Жер-жерден ұлы Ленинге арналған әндер шыға бастайды. Өзгерген халық тұрмысымен байланысты әндердің тақырыптары, мазмұны да өзгеріп, жаңа заманды мадақтайды.

Жиырманшы жылдардың ортасында атақты әнші Әміре Қашаубаев Парижге, Франкфуртқа барып, қазақ халқының әншілік дәстүрімен европалық халықтарды таныстырып, екіншіден еркіндік алған елдің өнер адамдарының сондай үлкен мүмкіншілікке ие болғанын капитал билеген елдерге көрсетіп қайтады. Қазақтың музыка мәдениеті күн санап өседі, профессионалдык жолға қадам басуға дайындалады.

Отызыншы жылдардың басында Алматыда көркемөнердің профессионалдык мекемелері ашылып, қазақ музыкасы қаулап өсе бастайды. Музыка білімі, концерт орындары, музыкалық театрлар облыстарда да дамиды. Қазақтың советтік музыка өнері шын мәнісінде құлашын кең жаяды. Сонымен қатар қазақ музыкасының зерттеу жұмыстары басталады. Әндердің, күйлердің, аспабтардың тарихтары жиналады. Қырқыншы жылдардың басында бірінші рет қазақтың халық композиторлары жөнінде мәліметтер жарыққа шығады. Осы жолдардың авторының 1942 жылы «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» деген кітабі басылады. Онда жиырмаға жақын қазақтың әнші-күйшілері жөйлі еңгіме болады. Кітапта кейбір хателер болып, оны көпшілік сыны кезінде баспасөз беттерінде жариялады. Ол кітапқа енген күйшілер жөнінде қайтадан түзетіліп, 1958 жылы «Струны столетий» («Ғасырлар пернесі») деген атпен бөлек кітап болып шықты. Оқушыларымызға бұл ұсынып отырған еңбегіміз сол алғашқы кітаптің өншілер бөлімінің қайта жазылғаны. Өншілерге баға беруде жоғарыда аталған хателерді ескерумен қатар жеке адамға табынушылықтың тигізген зардабынан бұрынғы өткен

халық композиторларының бірқатарының шығармаларына нигилистік көзқарастарды қайта қарап, бұдан бұрынғы музыка зерттеу еңбектерінде, әсіресе А. Затаевичте көздесетін кейбір теріс пікірлер жөнінде тоқталады. Көптеген халық композиторлары жөнінде жаңадан ашылған деректерге сүйеніп, олардың өмірлік, творчестволық «бет әлпеттері» басқаша жазылды. Олардың ішінде: Біржан сал, Ахан сері, Мұхит, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди, Майра бар. Бұрынғы кітапқа енгендерден: Абай, Ыбрай, Естай, Әсет, Құлтума, Нартай, Әміре, Қали, Қуан, Жүсіппек, Манарбек, Ғарифолла, Әли, Қосымжан, Темірболат бар. Сөйтіп бұл кітапқа әнші-композитор, әнші-орындаушылар енді. Өздері бөлек тарауға енуге материалдары аз болған әншілер жөнінде кітаптың соңындағы қосымшада айтылды. Онда: Сәтмағамбет, Қалаш, Құдайберген, Кемпірбай, Ғаббас, Ғазез тағы басқа әнші-композиторлар мен әнші-орындаушылар бар. Кітаптің соңында осы еңбекке енген негізгі әншілер жөнінде деректердің қайдан алынғаны жәйлі әңгіме болады. Абайдың, Біржанның, Мұхиттың, Ахан серінің, Жаяу Мұсаның, Кененнің әндері басылып шыққан себепті олардың бұрын жарияланбаған әндерінен немесе варианттарынан бірді-екілі үлгі кіргіздік. Сурет жағынан әншілердің бәрінікі бірдей табылмады.

Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы енді ғана толық ғылыми түрде зерттеле бастады. Соңғы жылдарда консерватория бітірген қазақ жастарының ішінен музыка зерттеу жағынан мамандық алғандар көрініп келеді. Олар зерттеу объектілерінде халық композиторларының өмірі және өнершілік қимылы бар. Әдеби және музыкалық мұраларды сын көзімен қарап зерттеу туралы болған партия қаулылары бұл жұмысты бұдан былай дамытуда үлкен қолқабыс тигізіп отыр. Халық композиторларының творчествосына, орындаушылық жақтарына дұрыс баға беру үшін біздің ХХ және ХХІІ КПСС съездерінің шешімдері негізгі бағыт болды. Міне осы жолбасшылық шешімдер және жаңадан табылған деректер қазақтың халық композиторларының бұрын баспасөз бетінде түрлі жайда баяндалып жүрген жақтары жөнінде бір-екі сөзбен тоқтап кетуді тілейтін сияқты.

Абайдың музыкалық мұрасы жөнінде бірінші рет сөз айтқан А. Затаевич болды. Бірақ А. Затаевич Абайдың ұлы орыс халқының музыкалық үлгілеріне творчестволық тұрғыдан қарап үйренуін, өліктеуін түсіне алмай, Абай әндерін орыс әндерінің нашар ұқсасы деген пікір айтты. Шынында Абай творчествосы зерттеушілер үшін өлі де қызықты жағы көп нәрсе. Өлеңде жаңа өлшеу-ырақ іздеген Абай, музыкада да жаңа форма, өлшеу іздеген. Бірақ интонациялық жағынан Абай әндері қазақ музыкасы негізінде шыққандығы даусыз. Ал Абайдың тағы бір жаңалығы, оның бір әнін бір әнінің сөзімен айтуға келмейді. Әр қайсының өлең өлшеуімен, сәйкестігімен қатар, сол өлеңнің мазмұнымен сәйкес өуені бар. Тіпті кейбіреуі өлшеу жағынан басқа өлеңдерімен айтуға келіп жатса да, музыкалық мазмұн, тіл жағынан келмейді.

А. Затаевичтің тағы бір шала пікір айтқан адамы Жаяу Мұса. Ол Жаяу Мұсаның әндерін жеңілқол, қаланың көңілді әндеріне, би музыкасына еліктеп шығарған дейді. Ал, Мұсаның шынында марш ырғағында, көңілді, жүрек келетін үш-төрт өні болмаса, шығармаларының көпшілігі арқаның шырқатып салатын әндерінің үлгісінде. «Хаулау», «Гаухар-қыз», «Көгершін», «Баянауыл» тағы басқа көптеген әндерінде ешбір жеңілдік кездеспейді. Дұрысында музыкалық

творчество жағынан Жаяу Мұса өте қызықты, ерекше тұрған адам. Оның домбырадан басқа гармонда, скрипкада ойнауы, кейбір өмір себептерімен Россияның, Украинаның, Балтық жағасындағы елдердің бірқатар қалаларын аралауы, Польшада болуы, орыс музыка мәдениетімен ішінде жүріп, практика жүзінде танькуы оның ән шығаруына үлкен әсерін тигізді.

Жаяу Мұса қазақтың халық әндерінің әуенімен қаланың демократиялық әндері және орыс халық әндерінің интонацияларын жақсы меңгерген. Сондықтан ол тек жәй еліктеуден асып ешқайда бармады деу ағат пікір. Әрине, Абай сияқты халық санасының дауылпазы болып кетуге оның шамасы келген жоқ. Бірақ заманына лайық жаңа ырғақты музыка шығарып, ілгері талпынуы сөзсіз. Біреулер Жаяу Мұсаны революцияшыл етіп көрсеткісі келеді. Ол дұрыс емес. Жаяудың сол кездер үшін демократияшылдық көзқарасы Қазақстан жағдайында үлкен жетістік.

Біздің Абай мен Жаяу Мұсаға қайта айналып соғып отырғанымыз — олар музыка творчествосында халық композиторлары арасында ерекше орын алады. Екеуінде де үлкен жаңалықтар бар. Ал ол жаңалықтардың біздің заман үшін үлкен мәні бар. Социалистік музыка мәдениетінің кәдесіне жарайтын басқа халық композиторларының шығармалары да көп. Бірақ бұл екеуінің шығармаларының формалық, интонациялық, өлшеулік, мазмұндық жақтары, жоғарыда айтылғандай ерекше.

Совет үкіметі құрылғаннан кейін қазақтың музыка мәдениеті үкіметтік іс болып тарихта бірінші рет қолға алынды. Сол А. Затаевичтің өн-күй жинауының өзі бір жағынан этнографтың жігері, мақсатымен байланысты болса, екіншіден ондай ұсынысты қойнын ашып қарсы алу, қолдан келген барлық жәрдемді көрсету тек еңбекші халық билеген елде, коммунист партиясы басқарған елде ғана болды. Жаңа заманға лайықты жаңа өндердің тууын күтпей халық жаңа шыққан өлеңдерге бұрынғы қазақ халық өндерінің мелодияларын «тіркеп» алып айта бастады. Онда кез келген әнді емес, сол өлеңге жігер, ырғақ, пішін, мазмұн жақтарынан жақындап келетін өндерді алды. Белгілі «Мақпал» өнімен өндіріс орнының бірі Риддерді (Лениногорск) өлеңге қосты.

Төгілген алтын Алтай сілемінде,
Ертістің көкті жапқан жиегінде.
Жез бесік, алтын құндақ жатыр Риддер,
Сақтаған бар асылды жүрегінде,—

деп жырлады. «Бес қарагер» өніне салып, жаңа тұрмыста қайнаған еңбекті жырлады.

Қазаны қызып еңбек қайнаған кез,
Жарқырап жаңа тұрмыс жайнаған кез.
Масайрап, ел бақытқа шым бөленіп,
Ән шырқап бұлбұл құстар сайраған кез.

Жаңа тұрмыс жайнаған,
Жаңа тілмен сайраған.
Социалдық жарыспен,
Қызып еңбек қайнаған.
Ахау, еңбекші ел,
Кел жарысқа кел, кел, кел! —


деп, жаңа жағдайға, бұрын лағнат қамыты болса, енді адамның ары, мақтанышы болған еңбекке өндөтіп шақырады. Сондай-ақ: «Елім бар колхоз болып күрілдеген», «Жел көңлім желден озып желпін енді» деп басталатын өлеңдерді «Толқын» әнімен айтады. Оның бөрі де әні өмірімен байланысты болып келген қазақ еңбекші халқының мына бір бақытты, жаңа заман көріністерін жәй сөзбен мадақтаса жетпейтіндей көріп, жаңа кейіпті өн іздеу.

Отызыншы жылдардың басында басталған профессионалдық музыка өнеріне қадам басу кезі халық өндерін де қайта тудырды. Халық өндері, халық композиторларының шығармалары «Айман—Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Жалбыр» және басқа үлкен шығармаларға енді. Бұрын тек домбыраға, сырнайға жеке қосылып орындалатын әндер енді симфониялық оркестр сүйемелімен жүрді. Бұрын тек сөздері арқылы белгілі жайды суреттейтін өндердің көпшілігі енді сахналық киім киіп, белгілі образда халық алдына қайта жаңарып, дамып, гүлденіп, жайнап шықты. Қазақтың өндері қайта туды. Көркемөнер жалпы халық мүлкіне айналды, Ұлы Лениннің: «Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүкіл даналылығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен — ағарту ісі мен дамудан мақұрым қалдыру үшін жасайтын еді. Ал енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналылығы ешуақытта да зорлық құралына, қанау құралына айналмайтын болады» (Ленин. 26 том. 480-бет, қазақшасы),— дегені тапжылмай орындалуға айналды. Көркем өнер жалпы жұрттың игілігіне, қуанышына жұмсалатын рухани қару болды.

Коммунистік музыка құрылысында шығармалары үлкен қолқабыс тигізіп жатқан әнші-композиторлар, өздерінің орындаушылық дарындары арқылы советтік музыка мәдениетінің дамуында айтарлықтай үлес қосқан біздің әнші-орындаушыларымыз жөнінде бұл бір шағын еңбегімізді оқып, кемістіктерін айтқан кісілерге рахмет дейміз. Кітапты қазақтың өн қайраткерлері туралы, көпшілікке арналған өңгімелер деп қарау керек.



БІРЖАН САЛ



1865 жылдың жазы. Омбының генерал-губернаторы келеді деп Көкшетау бүлініп жатыр. Қала өз алдына да, бүкіл уезд болып

үлкен дайындық жүргізуде. Қаланың маңындағы көгалға көптеген үйлер тігілген. Елдің «жақсылары» жиналуда. Ақсарының болысы Жанбота өзі бірнеше үй тіктіріп, сауын, сойысты дайындатып, ас пісіретін үйлерді бөлегірек жерге тіктіріп, сасыған қанның, бұрқыраған жерошақ түтінінің иістері келмесін деп, өзінше «дала мәдениетін» басқалардан асыра көрсеткісі келіп-ақ жүр. Екі білектерін сыбанған, «сен тұр, мен атайын» жігіттер, табақ тартуға, қонақтың басқа жайларын жасауға дайын, тек бұйрық күтіп тұрған сияқты. Соңғы кезде Жанбота ұлықтарға қадірлі болып, еңбекші халықтарды зар қақсатып, соңғылар қолдарынан келсе оның жүрген жерін үйітіп-ақ жіберер еді, бірақ оған күш қайда? Міне, сол Жанбота осындай ақ патшаға сіңірген еңбегі үшін жинаған арам малдарын аямай, оның үстіне тағы елден салық салып алған малдары бар, бәрін де өз еңбегі: табан еті мен маңдай терінің арқасында тапқандай, шалқақ басып жүр.

Қоңырқожаның Азнабайы да Жанботадан қалмаймын деп, бірнеше үйдің керегелерін қосып тіктіріп, ұзын зал сияқты төр үй жасатып, оның ішін оқалы кілем, шайы көрпелермен безеп жатыр. Бұл да өзінше әлемді басқарғандай, әдейі Жанботаның тобы есітсін деп, нешетүрлі байлық, паңдық араласқан бұйрықтарды әдейі дауыстап оқып беруде. Оның айналасында да толып жатқан пысық жігіттер, қазақтың рушылдық сезімінің салмағы басып, Азнабайдың «бағына» семіріп жүрген надандар, өздерінің жоқтықтарына қарамай, қалай

да өз болыстарының мерейінің үстем болу жағында қызмет істеуде. Ел арасында жүрген зиялы-сымақтар да ондайлардың таптық сезімін түрткілеп оятудың орнына сол бір сүйегі қурап бара жатқан рушылдықтың отына май құйып, тұтандырыңқырап қояды. Ол да патшашылдыққа жағынудың бір тарауы болатын.

Бұлардың қандай қара пиғылмен жиналып жатқандарын, еңбекші елдің қамын жеуден аулақ екенін жаратылыс не қылсын, осы бір сәтте шаң басардай ғана жаңбыр жауып, оның артынан шыққан күн жер бетін бұрынғыдан да сұлулап, не бір шөптердің хош иістері қосылып, мұрныңды жаратын, кеудеңді ашатын қасиеттерің адам пайдасына беріп жатты. Сұлу табиғат, оның ішінде Көкшенің айналасы өзінің ежелгі мейірімділігіне бүгін де басты. Ол байлықты, ол көркемдікті иелене алмай отырған бұқара көпшіліктің түбі сол байлыққа жожа екенін сезгендей, тарих майданында сол бір дуылдап билеп тұрған аз ғана топқа «өлім алдында қаншама көкірегіңді кере жұтсаң да күнің санаулы» деп әдейі мырзасып тұрғандай болды.

Осы кезде Жанбота болыстың үйлер тобының бірінен ырғалтып салған әннің үні шықты. Ән үй-үйді аралап өтіп, сонау Көкшенің бауырына, аспанға қарай өрлеп бара жатқандай асқақ. Бұрын-соңды бұл араның жері де, шөбі де, желі де, суы да, адамы да мұндай дауысты есітпеген сияқты. Өз тобының ішінде осындай елді елеуреткен, құлақтарын тостырған әншісі болғанына Жанбота да көтерілмесін бе, түкірігін тіпті «шырт» деп біреулердің үстерінен асыра түжіріп, өзі ісік көзі тіпті ашылмай қалған сияқты. Әншінің сиқырлы үні екі болыстың бәсекесін, таласын не қылсын, Азнабай жақтан көптеген бозбала ығысып келіп, жақындап, құлақтарын тосып, рақаттанып тыңдап тұр. Жастардың ол мінезі Азнабайға ұнамай, ондай әнші ала келмегеніне өзі де осы бір сәтте ішіне ашуы сыймай тұрған. Сондықтан поштавайын жұмсап, жігіттерін қайырып алғысы келді. Айдағанға жүре беретін қой емес, қарсыласпағанымен бір шетін қуса, екінші жағы әнші отырған үйге қарай шұбап, әл бермеді. Оны көріп тұрған Азнабай, қолымен белгі беріп поштавайын шақырып алды да:

— Анау үйдегі әншіні менің қонақ үйіме алып кел, өн салсым, сыйлықты Жанботадаң асырамын, ал келмесе аржағының билігі өзінде,— деді.

Атқа жөңіл төлпекбай — поштавай қамшысын қолына алып, барлық сұсын сыртына шығарып, әнші отырған үйге қарай адымдады. Бірақ ол өзінше айла қолдануды көздеп, жақындағанда аса бір мейрімді адам болып, миығынан күліп, үйге сәлем беріп кіріп келді. Отырғандар ығысып, қазақ өдетінше орын берді. Поштавай бір тізелеп, қамшысын таянып отырды да әнші аяқтаған кезде Азнабайдың тапсырмасын айтты. Оған әнші қозғала қойған жоқ. Өйткені осы

сәтте оның басында жаңа ғана орындаған әннің мазмұны, сонымен байланысты ойы әлдеқайда алыста отыр еді. Ол күлімсіреп, поштавайдың айтқанын естімеген адамдай тағы бір әсем әнге бастап кетті. Поштавай амалы жоқ, әннің аяғын күтті де, келген жұмысын қайталады, қолындағы қаруы — қамшысын қатты қысыңқырап, күшінің де бар екендігін отырғандарға сездіріп қойғысы келді. Әнші ешқайда да бармайтынын, мал, олжа, сыйлық іздеп жүрмегенін, тек мына сияқты халықтың топтасқан жерінде өнерін көрсетуге келгенін айтты. Тілін алдыра алмаған поштавай сол кезде аңдаусыз отырған әншінің басына қамшымен бір-екі тартып қалды. Отырғандар ду түрегіліп, оның қолын ұстап, тартып алғысы келіп бір басынан ұстап тұрған әншінің домбырасынан қолын босатып жіберді. Өзінше «әлі де көрсетемін көресіңді» деп, неше алуан күштердің шетін көрсетіп, поштавай келген ізімен кейін қайтты.

Әнші ойда жоқта мұндай іске душар болғанына таң қалып, домбырасының сағасынан ұстай-мұстай, жанталаса орнынан тұра берді. Жүрген жерінде аттан қыз-келіншек көтеріп алатын, халқына сыйлы алтын басына мынандай жаман поштавайдың әңгір таяқ ойнатқанына қатты налып, тілі күрмелгендей, біраз уақыт сөзге де келе алмады. Өзіне өзі енді ғана келіп, бір жаман түс көріп оянғандай болған әнші, домбырасының қолында қалғанын көріп, қаруы бөлінде қалғандай кейіппен айналасындағыларға қарады. Поштавай шығып кеткеннен кейін әнші де жүгіре басып далаға шығып, домбырасын сол ұстаған бойы, әншейіндегідей ұлықсат сұрап сызылып тұрмай, Жанбота отырған үйге кіріп келді де, домбырасын қағып-қағып жіберіп, ең сағадағы пернені басып тұрып, ызалы дауыс, ащы үнмен, киіз үйдің түндігін бүлкілдеткендей екпінмен:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің.
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің?

Жанбота өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азнабайдың поштавайы
Қолымнан домбырамды қалды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштавайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан о дариға, өлгенім жоқ,—

деп болған істі баяндап берді. Әннің бірден ең жоғары дауыста, шың нотадан басталуы, екіншіден әр кезде сабырлы, байсалды әншінің бұл арада жүрдек, екпінді, қажырлы үндерді түйдектей, жан ашуындай ащы лебізді төге, дыбыстан жалын аттыра шырқауы — сол бір сәттің өзінен туған еді. Әннің аяғындағы қайырмасының өзінде дауысты баспалдақтап көтеріп тастап, екілендіріп барып бітіруі — ол арада жайбарақаттылыққа жол жоқ екендігін, безбенге ар мен жүгенсіздіктің түсіп тұрған жері екенін, не де болса «музыкалық арызын» жеткізе, түйрей айту керектігін сезген еді.

Айналада отырған жұрт әншінің асқақтаған әніне, тасқындаған өршіл үніне, тек үлкен жүректен ғана шыға алатын музыкалық айбарына риза болды. Поштавайдың қамшысы әншінің басына үйрілгенде, отырғандардың көбі өз бастарына төнген жүгенсіздіктей көріп, бірақ қара күшке көріне қарсы шығып, сол арада поштавайды сарсаң кесек етуге шама жоқ заманда, мына бір ән поштавай түгел, болыстың басына тиген соққыдай болып, оларды бір жағынан қуантты да. Әннің әр жерінде бір бозарып, құқыл тартып, бір қызарып ісініп отырған Жанботаға көздері түскенде, әннің әсеріне жандары жай тапқандай, қышыған жерлеріне тигендей болып отырысты. Сүйектен өтетін сөз бұл арада асқақ әнмен ұласқанда болыстың сүйегімен қоса жұлынын суырып алғандай болды.

Тұтасып кеткен мойнын бұра алмай, барлық кеудесімен бұрылып қараған Жанботаның көзі әншіге осы кезде аса ұнамады. Өйткені Жанботаның жыландай ысқырған айбатының адресі тентектік істеген поштавай, оны жіберіп отырған Азнабай болмай, көзін ашпастан теңкиіп отырып:

— Жетер! Қақсама! «Бас жарылса бөрік ішінде» деген емес пе,— деп, Жанбота әншіге ақырды.

«Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер?» деген мақалды әнші осы арада есіне түсірді де, жазықты поштавай емес, өзі болып шыққанына қатты күйінді. Бірақ «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоғын» білетін әнші, тағы домбырасын қағып, байсалды пішінмен, не де болса бетіне баса кетейін дегендей:

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Бас қосқан мөжілісіміз болады деп,
Жанбота мазамды алдың ала жаздай.

Айтады Біржан өлең өнтелетіп,
Біржанды халқы қойған өркелетіп.
Есерге поштавайдай көз алдында,
Біржанды қоймақ па едің желкелетіп,—

деп, созып келіп, қайырмасында тағы самғап аспанға шығып, аяғын жүз құбылтып, құйқылжытып «айтпағым осы еді» дегендей, домбырасын алып, үйден тез басып шығып кетеді.

Бұл ән алдыңғыға қарағанда сазды, сабырлы, байыпты, бір өңгіме айтып отырғандай, бір оқиғаны баяндап отырғандай кейіпті. Сонымен қатар мұнда үлкен құлаш, кең тыныс, нәзік лирика бар. Біржан мұнда Жанботаны жібітем деген ойдан аулақ, оның шамасын көргенсін, айналада отырған халқына шаққан мұңы сияқты. «Бай байға құяды» деген нақылды білетін Біржан, Жанботаның әнші үшін Азнабаймен ала көз болғысы келмейтінін бірден сезді. Анандай үлкен ұлық келе жатқанда қандай да болса өзіне қарсы шалыс сөз көтеретін жайдың бәрінен аулақ болып қалғысы келген Жанбота Біржанды садақаға шалды да жіберді. Біржан алдыңғы өзі ән салып отырған үйге қайтып, киімін киіп кеткелі жатқанда, отырғандарға тағы бір қарап, ойына келген бір-екі ауыз сөзін айтты:

Бұрынғының биінде би қалмады,
Бүгінгінің биінде ми қалмады.
Хатым-құран болмаса молдалардан,
Өлікке тамнан басқа сый қалмады.

Бұрынғының жақсысы тамам болды,
Ендігінің «жақсысы» жаман болды.
Арғымақтың аяғын арқан шалып,
Есек озып бәйгі алған заман болды,—

деп, өзінің жайбарақат, жанға жайлы келетін бір әнімен осы екі шумақты айтты да, сол кеткеннен Біржан кете барды. Әділ билік іздеп барған Жанбота анандай болғансын, поштавай сияқты «күші адал да, еті арам» есектерге жаза болмай, Біржандай арғымақтың аяғын арқан шалған заман өзінің бұйрығын іске асырды. Бірақ Біржан айтарын айтып кетті, сөзбен лағнат таңбасын басып кетті.

Арқаның ардагері, ақыны, әншісі Біржанның басына осы бір ойнаған таяқ кейінгі кездерде де қайталап, оның ақыры әншінің түбіне жетті. Ол жөнінде алдағы беттерде тоқтаймыз. Ал Біржанның басына жоғарыда айтылғандай іс түскенде сүйенгені — халқы да, құралы — әні болды. Оның әндері — өмірінің «жыл жазбалары» деуге болады. Өз қолынан қай әннің қай уақытта, қандай жағдайда шыққанын жазып кете алмағанымен, халық аузында, санасында, тарихта қалған деректер осы әңгіменің басында баяндалған жағдайда шыққан әннің «Жанбота» атанып кеткенін дәлелдейді. Генерал-губернатор Перовскийдің алдында тартқаны үшін Құрманғазының бір күйі «Перовский марш» атанып кеткені, Ақмоладағы дуан басы Ерденнің алдында тартқаны үшін Ыхластың бір күйі «Ерден күй» атанып кеткені

сияқты, Біржанның бұл өні, оны тудырған оқиганың кейіпкерінің бірі Жанботаның алдында айтылғаны үшін «Жанбота» атанып кетеді. Ал, екінші сазды, салмақты өнін Біржанның өзі «Адасқақ» атандырыпты. Оның себебі — ұлық пен Жанботада әділдік күтіп, оған барып Азнабайдың поштавайының қылығын айтып арыз — өнінің лебізі мен мұңын шаққанының адасу екенін, әлі де кімнің дос, кімнің ел екенін біле алмағанына ызаланып қойса керек. Әйтпесе, әннің формасы мен мәнісінде ондай атқа тікелей қатысы боларлық музыкалық дәлелдер жоқ сияқты.

Біржан осы күнгі Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк қаласынан бір жарым километр жердегі Ермол деген жерде 1831 жылы туған. Ол жерді бұрын «Қожағұл ауылы» дейді екен. Біржан Қожағұлдың Тұрлыбай деген баласынан туған. Бірақ кішкене күнінен үлкен шешесі баурына салып асырап өсіріп, өздері «біздің баламыз» деп кетсе керек. Сондықтан Біржан Қожағұлдың баласы болып атанған. Екіншіден Қожағұлдың қолында болуына бір себеп — Тұрлыбайдың дәулеті шағын болады да, Біржан Қожағұлдың қолында кемдік көрмейді. Ал, бері келе өз әкесі Тұрлыбайдың қолына шығады. Тұрлыбай дәулет жағынан ғана шамалы болмай, ақылға да аса жарымайды. Қатаң өнермен ісі жоқ, малдан басқаны түсіне қоймайды. Біржан бір өлеңінде:

Ұсынсам қолым жетпес туған айға,
Айтсам да арыз жетпес бір құдайға.
Жылына бес жүз теңге тапсам-дағы,
Жақпадым өзім әкем Тұрлыбайға,—

дейді. Ел аралап жүріп, берген сый-сияпатты тастай берсін бе, солардың жылдық қортындысы біраз болса керек. Бірақ тойымы жоқ Тұрлыбай оның бәріне де қанағаттанбай, Біржанның көркем жанын түсінбей, тек «мал табушы ұл» деп қарайды. Біржанға Қожағұлдың қолынан өз әкесіне келгенсін алғашқы кезде ел аралап, еркін жүру қиынға соғады. Аз ғана кейісті де қатты сезіммен күтіп алатын Біржан өкесінің жоғарыда айтылған мінездерін көтере алмай, бетінен алуға оның адал жаны бармай, ыза болып бір мезгіл үйде жатып алады.

Мен өзім жатыр өдім көрінбей-ақ,
Шіркін тіл сөйлесейші өрінбей-ақ.
Жастық жел жоқшылыққа қарата ма,
Ақын-өңші дегендер өзімдей-ақ,—

деп, олай «құдайдың салғанына» көніп жата бермейін деп, ел аралауға шығады. Ал, Біржанның өкесінің көдейлігі:


Жылқының арығындай Арғын-кедей,
Тойғансып мәз боласын ішпей-жемей.
Құр айқай салғаныңнан кім шошиды,
Жеңермін иттөй қылып, адам демей,—

деген өлеңінде Сара айтыс үстінде Біржанның кедейлігін бетіне ба-сады. Кейбіреулердің айтулары бойынша Біржан Қожағұлдың қо-лынан шыққан емес, мол дәулеттің арқасында қайта ел аралауға мүмкіншілігі болып, соның нәтижесінде ақындық, әншілік өнерін байытып алған, Сараның айтып жүргені Біржанның бері келе кедей-ленген кезі дейді. Біржанның бері келе «Мырза кедей» атанғанын оның баласы Теміртас та айтса керек.

Теміртастың берген дерегіне қарағанда, Біржанның арғы атасы Бертис ертеректе Обаған өзенінің бойын мекендейді. Бері келе Көк-шетау өлкесіне көшіп келіп, Жекей көлінің шығыс жағына қоныста-нады. Бертис осы қонысында қартайып барып қайтыс болады. Бер-тістен: Ақшуақ, Айшуақ, Жаншуақ, Қожамқұл, Қожағұл деген бес ұл болады. Біздің бұрынғы айтып жүрген Ержан мен Нұржан Айшу-ақтың балалары. Қожағұлдан: Тұрлыбай, Нұралы, Ералы туады. Тұр-лыбайдан Біржан болады. Біреулер Біржан Нұралының баласы, әкесі ерте өліп Қожағұлға бала болып кеткен деп те айтады. Әрине, Бір-жанның қазақтың халық музыкасында алатын орыны үшін оның әке-сінің кім болғанының шешуші себеі жоқ. Біз жаңадан қосылған дерек-терді оқушыларымыздың алдына тартқымыз келеді.

Біржан жасынан өзгеше мінезді, әуесқой, әңгімеқұмар, сезім-тал болатын. Малға тоғышар, өн десе аузын ашып, қанша уақыт бол-са да тыңдайды. Ауылға келген әнші, жыршы-күйші болса оны жаға-лайды. Тіпті көрші ауылда бір өнерпаз бүгін өн салады екен, жыр-лайды екен десе, оған да кетіп қалады. Санасы арқылы білмегенмен, қазақтың: «Ақылың болса жыр тыңда» деген мәтелін қуады. Жа-сынан сыртына көп қарайтын, өдемі киімді, жүйрік атты, алғыр та-зыны, қыран құсты әңгіме еткен жер болса, аузының суы құрып тың-дап отыра береді. Өзі де даланың бұл қызығының соңына ерте түседі.

Басында Біржанның бұл қылығы, талабы, қызығуы атасына да, ағаларына да ұнайды. Оның бұл құмарлықтарының қайсысы да бол-са, бардың балаларының моральдық кодексіне қайшы келмейтін болып көрінеді. Сондықтан Біржанның қолын қаға бермейді. Бірақ жігіт жасына келгенде Біржанның бұрынғыдай шаруашылықпен ісі болмай, қызық, сауық, өн қуып, басқа «пайдалы» жұмысқа мойын қоймауы оларды ойландырады. Оның үстіне «он бесте отау иесі» болады деп жүрген Біржанның тіпті үйлену ойында жоқ, басқа жасы үлкейіп кетсе де, кедейліктен қалың бере қоятын малы жоқтықтан



Біржанның баласы Теміргас.

бойдақ болып жүргендермен ойнап күліп, араласып жүруі де айналасын қобалжытады. Шынында да олардың ойына ой салатын қылық Біржанда жоқ та емес-ті.

Баста ауыл арасында болып жататын той-топырда, ойындарда ән салып, өзінің өсіп-өнген өңіріне Біржанның «әнші бала» деген, бері келе «әнші жігіт» деген аты шыға бастайды. Бара-бара бұл әншілік құлаш жаяды. Біржан, жоғарыда айтқандай, ауыл шеңберінен шығып, ел аралап кетеді. Әдемі ер-тоқымды ат, әшекейлі киім, аңыраған дауыс, көркем келбет — жүрген жерінің бәрінде Біржанның қадірін көтереді. Сөзден кесте төгетін ақындық жа-

ныңды жайлайтын жібек үн, айызыңды қандыратын ән, дарынды орындаушылық — өрісі Бертис, берісі Қожағұл тұқымында болмаған, тек басына қонған «бақыт» сияқты болады. Біржан бұл «бақытты» бағалай біледі. Өзін сүйген халқына өнерін жаюдың жолы — аралау, жаңа ән болса үйрену, орындаушылық шеберлігін ұстарту деп түсінеді. Осы бағыт, осы арман жолында Біржан арымай-талмай ілгері қарай тырмыса береді. Біржанның бірінші ән үйренген кісісі, үлгі алғаны кім екені белгісіз. Бірақ Біржан аз уақыт ішінде халқына белгілі әнші, ақын, сал болып аты шығады. Енді қайда келсе де, өзінен бұрын аты өстілетінін көреді. Музыка шығарудың теориясын үйреніп, белгілі қиындық баспалдағын біріндеп аттап басатын белгілі композиторлық мектебі жоқ Біржан, ән шығаруда, әңгіменің басындағыдай, жағдай бұйрығын орындайды. Басқа әнші-күйші композиторлар сияқты Біржанның да творчестволық өмірбаяны қалған жоқ. Сондықтан өндерінің шығу айларын, жылдарын, төртбін айта алмасақ та, дүниеге келген себеп-жағдайларын баяндамақпыз.

Біржан ел аралап жүріп, Ақтөтек деген байдың үйіне келеді. Әуелі қонағының Біржан екенін білмей, қоңырқайлау қарсы алған бай, киімінен, атының ер-тоқымынан, домбырасынан бұл жолаушының жай адам емес екенін сезіп, бәйбішесіне дұрыстап қонақ етуді айтады. Шай ішіліп, олай-пұлай қазақ әдетінше жөн сұрасқаннан кейін, Біржан домбырасын алып өндетеді. Үй ішіндегі адамдар тамашалап тыңдайды. Әсіресе өншіге қарап көзін айырмай отырған сұлу

Ажар, Біржанның да көз қырына ілігеді. Тыңдаушысы жаңа табылғандай, Біржан да екіленіп, небір жақсы әндерді бірінен соң бірін тоғытады. Өнер қуып дағдыланбаған ауылға Біржан сияқты әншінің келуі үлкен оқиға болады. Ауыл адамдары дауысқа жиналып қалады. Тек ас ішетін уақыт болып қалғасын амал жоқ, халық тарайды. Ертеңіне де Біржанды жібермей, ән салдырып, сол ауылда бірнеше күн болады. Кетерінде Ажар қызға арнап өн шығарып, «жолаяғым» деп тартып кетеді.

Қызы едің Ақтентектің Ажар атың,
Ешкімнен кейін емес салтанатың.
Кез келіп ұшырастық сәті түсіп,
Аман бол жолыққанша перизатым,—

деп бастап, әннің басын Біржанның өзі айтқандай «жай бастап» барып, қайырмасында құйқылжытып, еркелетіп, дауысын неше саққа жүгіртіп, ойнақшытып алып кетеді. Өнде сыпайылық та, жіңішке сезім де, қыздың келбетіне риза болған жанның көңіл күйі де, құрбылық қалжың сияқты леп те бар. Әннің құрылысы, формасы, даму кезеңдері бірден Біржанның «қаламынан» шыққанын көрсетеді. Әсіресе бұл айтылған қайырмасына көбірек жатады. Онда Біржанның басқа әндерінде кездесетін еркіндік, дыбыс әшекейі бар. Қазақта әннің аты кездейсоқ бір сөздермен аталып кететіні сияқты, бұл халық аузында, Ажарға арналғанмен «Тентек» деген атпен жайылады. Іңқарға шығарған ән «Аққұмның бір қызы бар Іңқар атты» деп басталғаны үшін ғана, өлеңнің басындағы сөзбен, ешбір дәлелсіз, қатыссыз «Аққұм» аталып кеткені сияқты, бұл арада Ажардың әкесінің атымен тарайды. Қазақтың халық әндерінде, күйлерінде бұл көп кездеседі. «Тентек» — көңілді, мажор кейіпті ән. Біржанның албырт, жас шағында, өмірге үнемі «алқызыл көз әйнек» арқылы қарап, тек көңілді жақтарын көретін уақытында жарыққа шығып қалған ән болу керек.

«Сал Біржан өлең айтар кезіп жүріп, Қайдағы жиын жерге мойын бұрып» деп «Біржан — Сараның айтысында» айтылғандай Біржан ел аралап жүріп, Қозыбақтың үйінде болған мәжілістің үстінен шығады... Айтушылар Біржанның «Жәймашуақ» деген әні сонда шыққан деседі.

Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Шырқаушы еді осылай
Ләйлім-шырақ.
Қозыбақтың үйінде мәжіліс боп,
Ән еді Біржан салған «Жәймашуақ»,—

деген өлеңмен халық арасына бұл әннің тарауы өзінен өзі айтып тұр. «Жәймашуақты» кей кездерде әншілер басқа әндерге де жегіп алып (сөзін) жүре береді. Бұл да қазақтың халық әндерін орындауда көп кездесетін жағдай. Қалай болғанда да Біржанның реті келген жерде, жағдайы туғанда ән шығарып кетуі белгілі нәрсе. Әннің атының өзі Біржанның ол бір кезде көңілінің көтеріңкі, өмір соққысын әлі көре қоймаған уақытында туғанын дәлелдейді.

Біржанның көпке белгілі «Айтпай» атты әні де осындай жағдайда шығарылған. Айтпай — қыздың аты. Қазақта қыздың соңынан ұл тумаса, қызға еркектің атын береді. Айтпайдың аты қойылуда да солай болған.

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан бір шай ішіп кетейін деп,
Келемін Айтпай сұлу ауылына,—

деп қазақ өдетіндегі кешкі тұрым ат үстінде желіп келе жатып салған әннің суретін береді. Ән, әрине, сол арада ат үстінде шықты ма (о да болуы мүмкін), одан бұрын болды ма, оған тағы Біржанның өзі жауап береді. Қасындағы Мамырбай деген өзінен жасы үлкен жолдасына қарап:

Мамекем Айтпай десем күлімдейді,
Сұр жорға астындағы сүрінбейді.
Аққудай аспандағы жүз құбылтып,
Сал Біржан ән салуға ерінбейді,—

деп, Айтпайды Біржанның бұрыннан білетінін, оған деп арнаған әнді айтуға Біржанның ерінбейтінін дәлелдейді. «Айтпай» Біржанның кесек шығармаларының бірі. Әнді тыңдағанда оның шалқыған кең тынысы, ешбір өлшеуі тар корсетке сыймайтын еркін өлшеу-ырғағы, тағы да Біржанға ғана төн әннің кеудесінен басқа кейіпте жүретін қайырмасы, ондағы неше түрлі: «Ауызың жөз сырнайдың көмейіндей, Әніңнің көз жетпейді бұрмасына» деп Сара айтқандай саналуан «бұрмалары» — жай өдеттегі куплеттік әннің шаңберінен асырып жібереді. Осы кітаптың басқа бөлімінде айтқанымыздай «Айтпайды» әсіресе Жүсіпбек орындағанда, жай көзге көрінбейтін кейбір өрнектердің, лупамен қарағанда ғана анықталатындай, көптеген бедері ашылады. Қазақстан композиторларының «Айтпайға» бірден «ауыз салулары» кездейсоқ аппетиттің бұйрығы емес, әннің төрең музыкалық қасиетінің өсері.

Теміртас өңгіменің арасында: «Айтпай көрей қызы. Жас кезімде өкеме өріп бір барғанымда, көптің ішінен, орта жасқа келген бір

керікті әйел біз тұрған жаққа келіп: «Біржан-ай, менің атымды өле-өлгенше бір жайып кеттің-ау!» деп, біраз қалжыңдасып тұрып, кетіп қалды. Соңынан сұрағанымда сол Айтпайдың өзі екен, балалы-шағалы болыпты» деген екен. Біржан ол ауылда да «Айтпайды» айтқан көрінеді.

Біржан ел аралап жүріп, Арықбалық жақтан қайтып келе жатып ағайынды Көлбай, Жанбай дегендердің ауылына келеді. Көлбай, Жанбай жас жағынан Біржанмен шамалас, Біржандармен қонысы қатар, басқа өнерлері жоқ, малды-жанды адамдар болады. Өздерінің менмендігімен, пандығымен аттары шыққан, анау-мынау кісіні менсінбейтін де мінездері бар-ды. Біржанның атын есітіп, оның халық алдында аса беделді екенін біледі. Өнердің қадірін тереңдеп біле қоймайтын адамдар, Біржанның халық алдындағы беделінің түбінің неде екенін нақ басып біле алмайтын. Міне Біржанның осы ауылға қарай қисайғанын көріп, олар бұрыннан көңілдес бола тұрса да, танымайды ма, үйлеріне еніп кетеді. Мұның бәрін байқап қалған әнші, іркілместен өзінше қыр көрсетіп, ауыл шетіндегі қораштау бір үйге келіп түседі. Қонақтың атақты Біржан сал екенін білген үй иесі барынша күтіп, әншінің асты-үстіне түсіп, бәйік болады. Тамақ ішкеннен кейін Біржан әдетше домбырасын алып, ән салады. Ауыл адамдары жиналып, қошеметтеп, түннің бір уақытына шейін Біржанның әсем әндерін тыңдап рақаттанады. Көлбай, Жанбай екеуі бірдей ән тыңдауға келмейді, өздерінше қыр көрсетеді. Әншінің дауысын естіп отыра алмай тұра жүгірген қарындасы Ләйлімді де, барғысы келген келіншектерін де жібермейді. Киіз үйдің ішіндегі дыбыс естілмей тұра ма, мұның бәрін де ауылдың бір қу жігітінің құлағы шалып қалып, ол ән арасының тынысында Біржан есітетін етіп қасындағыларға асырып-түсіріп айтады. Байсалды әнші бәрін де көңіліне түйіп, ешнәрсе білмегендей отыра береді. Ертеңіне шайдан кейін құдық басын жағалап кеткен атын алып келуге Біржанның жолдасы кетеді. Бірақ әншінің атының аяғындағы шідері жоқ болып шығады. Оны есіткен Біржан құдық жаққа қарап тұрып, әсем басып су алып келе жатқан Ләйлімді көреді. Қыздың кінәсі жоғын білсе де, оның ағаларынан кешегі жаратпаған кейіптері үшін, әнге қарындасы мен келіншектерін жібермегені үшін кек алудың жолын ойлап, Ләйлімнің алдынан шығып, «Шідер көрмедіңіз бе?» деп сұрап, әңгімеге айналдырып тұрады. Бұл суретті көрген Көлбай мен Жанбай құдық басында жұмыстары бардай қарындасына қарай жүреді. Ағаларының сөзді анық есітетін жерге келуін күткен әнші, табанда Ләйлімге қарап, суырылып, әндетеді:

Ләйлім шырақ!

Мен де өзіңдей жас едім, жаңа талап.

Біреуге Ташкент барған алдырып ем,
Қызыл жібек қырмызы пұт бес қадақ,—

деп қоя берді. Ойда жоқта мұндай ілтипатқа ұшырағанына таң-тама-
ша қалған Ләйлім, «бұл сал маған не айтқалы келеді» дегендей ойға
қалып, қапелімде не дерге де білмей, аңырып тұрған орнында қоз-
ғалмай қалады. Біржан болса одан бетер екіленіп:

Ләйлім шырақ!
Қыран бүркіт мен түсер таудан құлап.
Сегіз би сиязына салдырмай-ақ,
Кел, екеуміз бітейік құпиялап,—

деп қынжылған, «алдырған анасының қойнын ашыпты» дегендей пі-
шін көрсетеді. Жалынғандай:

Өзіме бер шідерді тауып алсаң,
Елу теңге берер ем шүйінші алсаң.
Жерде шіріп қалса да, көзім көріп,
Қыршын жасым қиылсын бітім алсам,—

деп, аяғын қатайта, түсін суыта тағы тілін безеп, жақындап дабырға
келіп қалған екі ағасына көзін тігіп:

Ләйлім шырақ — асыл тасым!
Көлбай-Жанбай бірге өстік, замандасым!
Келген жоқ көктен пері, жерден шайтан,
Шідерімді ұрлаған қарындасым,—

деп Ләйлімді әбден састырады. Ләйлім: «Бір қайыс үшін жұрттың
бәрін ұры қылдыңыз ғой!» — дейді. Біржан тағы да екіленіп, істің
жайына өнді түсініп келе жатқан Көлбай-Жанбайға, Ләйлімге кезек
қарап, шідерін мақтай:

Ләйлім шырақ!
Таудан аққан сылдырап мен бір бұлақ,
Қайыс болсын, жіп болсын неге керек,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,—

деп, олар мен құнына көліспей тұрғандай, басып айта береді. Әнші-
нің ертеңгі уақыттағы ауылды басына көтерген дауысына жиналған
жұрт бірден-бірге көбейіп, бұлардың қасына келіп қалғанын көріп,
«мына сал тағы бірдемені былықтырар» дегендей хауіппен, Көлбай,

Жанбай, Ләйлімді ымдап үйге қарай бұрады. «Не болды?» деп шулаған адамдарға «Біздің Ләйлім жанға шығарып тұрған әні ғой!» деп істің шын сырын ашқылары келмей, соңдарынан ерген жұртты жөкіріп кейін ысырып тастайды. Ақбоз үйдің төрінде қалы кілем жібек көрпе төселіп, самауыр бұрқылдап, қымыз құйылып, әпсәтте мүрт өзгеріс бола қалады. Жүрген жерінде бізді жамандап жүрер деп қорыққан Көлбай, Жанбай Біржанды қонақ етіп, сыйлап, бірнеше күн қондырып, ән салдырып, риза етіп жөнелтөді. Кетер кезде, жазықсыз біраз ұялтқаны үшін, Біржан Ләйлімге қарап, кешірім сұрағандай, шідерді қоспай, басқа сөзінде «қотыры» жоқ өлең мен «Ләйлім шырақ» әнін айтып, оны қызға арнағанын, қайда болса да айта жүргенде әр кезде Ләйлімнің суреті көзалдында болатынын сездіреді. Бұдан артық ешнәрсе айта алмай, үстеріне ағалары кіріп келіп, әңгімені басқа жаққа бұра салады. Алғаш айтылғандағы әннің кеудесіне (запев) ұзақ қайырма қосып, Біржанның өзіне тән құйқылжыған, құбылған, еркелеген дыбыстарды «оюлап», әшекейлеп, сыпайылап алып барып бітіреді. «Ләйлім шырақ» әнінің бұлай бейбіт кейіпке көшіп, аяғы «қайырлы» кездесу болып біткеніне қыздың ағалары да қуанып қалады. Осылай Біржан әндерінің ішіндегі бір белдісі — «Ләйлім шырақ» дүниеге келеді.

«Ләйлім шырақ» көпке белгілі шығарма. Оны түсіндіріп жатудың керегі аз. Радиодан да жиі беріледі. «Біржан—Сара» операсына енді. Біржанның дауыс байлығымен байланысты шырқай, кере салатын ән. Байлығына мақтанып, баста менсінбегенмен жүректе түйткіл болып қалған ашудың жиынтығын бір мезет үлкен жігермен сыртқа шығарғаннан ба, әнде серпіген күш көп, тіпті, басында сөздері басым айтылып, тек өлеңнің үшінші жолына көшкенде ғана аздап «тыныштала» бастайды. Біржан басқа әндеріндегідей, мұнда да созып тұрған жоғарғы регистрге таяу жердегі бір нотаның өзінде үлкен қажыр жатады. Ләйлімнің жазықсыз түрін көрген әнші жүрегінің жібу кезеңін тек қайырмаға көшкендегі ерке дыбыстар арқылы ғана білесің. Әннің «қортындысы» сияқты, қайырмадағы жылы леп дыбыс бояуы «Ләйлім шырақтың» бастағы ызғар-аязын ерітіп жібереді. Әндегі драмалық, лирикалық кейіп, Біржанның бірқатар шеберлікке ие болып қалғанын да көрсетеді.

Біржан әндерінің шыңының бірі — халық арасында «Біржан сал» атанып кеткен әні. Ол әннің бірнеше варианты жазылған (нотаға түскен). Кім айтса да белгілі, жұрттың бәрі білетін:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.
Кісіге өзім деген бас имеймін
Өзім әнші, өзім сал кімге зармын,—

деген өлеңмен айтады. Бұл басынан аяғына шейін сазды, өте байсалды екпінде жүретін, Біржанның сал деген атына сәйкес келеді. Үлкен адамгершілік, азаматтық лирикаға толы, көктем желіндей сүйкімді, жұмсақ терең жүректен шыққан туынды. Мұнда әншінің өмір образының сәулесі, әділдік, көпке бірдей жарық іздеген адамның арманы, екінші жағынан өз өнеріне сенген адамның творчестволық «такаббарлығы», әні мен халқына қызмет ете алып жүргені үшін жанының жадыралығы, туысы дәулет жағынан өзінен жоғарымын дегендерге бас имейтін, адамгершілік арды жоғары қоятын хасиеті — бәрі де бар. «Біржан салды» өзінің үлкен шығармасына арқау еткен қазақ композиторлары жәйдан жәй бұл әнге ауысқан емес. Ән дауыстың көлемі жағынан, әншілерше айтқанда, «өте ыңғайлы», орындаушыға өз творчествосын қосуға барлық мүмкіндік береді, аша білсе, сыры тұңғыш терең шығарма. Басынан аяғына шейін сабырлы, саспайтын мінезді адамның айналасына өзінің асқан жылылық, мейірімді жүрегінің адалдық деп соққан ырғағының соғуынан туған ән екендігі білінеді. Екінші куплетінде айтылатын: «Жасым бар елу бесте жасырмаймын» деген сөз, біздіңше жәй, қазақ үрдісіндегі емін-еркін аузына келген өлеңді тіркеп ала беруден туған, дәлелсіз «музыкалық неке» сияқты. Бұл ән егде тартқан кезде емес, Біржанның «тастаған тасы өрге домалап», әлі де беті қайтпаған, жастық күштің кернеп тұрған кезінде шыққан әніне ұсайды. Біз жоғарыда келтірген бірінші куплеті әннің музыкалық мазмұнымен қабысады. Өйткені сөз қанша шалқыса, ән де сондай шалқи түседі, жараланып үлгермеген жанның үні сияқты.

А. Затаевичтің жазуында осындай «Біржан сал» деген атпен аталған тағы бір ән бар. Оның сөзі де, музыкасы да оұл баяндалған әннен тіпті басқа. Ол шынында да жасы ұлғая келгенде шыққан ән болу керек. Бұл жөнде кейінірек тоқтаймыз.

Біржан өмірінде үлкен бір оқиға болған, оның ақын Сарамен айтысуы. Біздің мақсатымыз — Біржанның әншілік жағын көрсету болған сөбепті бұл арада айтыстың табиғаты болған ақындық жағын сөз етпейміз. Ол жөнінде әдебиет зерттеу еңбектерде толық жазылған. Біреулер Біржанның Сарамен айтысуы дүниеде болмаған нәрсе, жәй бір ақынның өзінің Біржан мен Сараның атынан шығарғаны дейді. Бұл әңгіменің түп шындығын қуалап жатпай халық аузында көптен келе жатқан дастанның Біржан мен Сараның басында болуы мүмкін оқиғаны жыр өтуі жеткілікті сияқты.

Айтыстың ішінде көрсетілген жер атына қарағанда, кездесу Ешкі өлместе болса керек. «Біржанның дүмбірлеген өніменен, Ешкі өлмес өл жиналған бауырына» дегенде Біржанның өнінің күшін реті келгенде айтып кетеді. Ал «Бұл салдың өзі өлеңші аты Біржан, Сандаптып Орта жүзді өнмен қырған» дегенде өншінің өнерден алдына

қара салмағаны байқалады. Әрине, айтыс негізінде сөз шеберлігіне құрылған. Ол оқушы жұртқа көптен белгілі: Солай бола тұрса да, біздіңше, бұл айтыста әннің ролі аз болмаған. «Жіберді домбырасын көкке сермеп, Айқайға басты Біржан аспанға өрлеп» деген жолдарда тағы да ақын даусының ала-бөле күшті екенін көрсетеді. Сөз таласында құрғақ айқай мен жеңіске жетпейтіні белгілі, ал бұл арада домбыраны, дауысты әңгіме ету кездейсоқ, ұйқас үшін тіркеу емес. «Мойыным жүзген қаздай иіледі, Орта жүз ән шырқасам сүйінеді» деп Біржанның өзі де, тек ақындығы емес, халық алдында әнімен қадірлі екендігін баяндайды. Біз білетін нотаға түскен, осы айтыста өлеңге қосып айтты деген ән, музыкалық жағынан Біржанның басқа әндерінен олқырақ түседі. Бірақ айтыста ұзақ созып жататын жәй жоқ, онда сөздің оты сөніп қалады, сондықтан ұтымды, жүрдек, мелодиялық құбылысы сараң ән керек. Екіншіден кейбір өлеңдерінде Біржан басқа әндер айтпағанына кім кепіл. Қай бір жазылып қалған нота бар? Оның үстіне, сөзбен барынша түйреп, қандай да болса кемістік жағын тапсам деп, бар білгенін аямай тұрған Сараның өзі: «Ауызың жез сырнайдың көмейіндей, әніңнің көз жетпейді бұрмасына» деп, өзінің қарсы «жауының» жарқын жақтарын жасырмай айтып береді. Біржан әндерінде «бұрма» көп екенін тауып-ақ айтқан. «Өлеңінді айт дегенсін өлеңінді айт, өлеңінді айт-басаң үйіңе қайт» деп жаттап алған, дежурный айтыс жолдарын айтқаннан әрі шыға алмайтын ауыл арасының «бойдай талайы» емес, дарынды ақын, әнші Біржан, Сараның айтқанындай, сөз кестелерінің арасында, «он екі збот әндерін» көрсеткен болу керек. Арғынның мал байлығын, ел «жақсыларын» санағанда, елдің байлығының артықшылығының, арының біріндей: «Тәттімбет Арғын асқан ардагерім, Қырық түрлі күй ілінген бармағына» деп күй перісін мадақтайды, көтереді. Бұл да болса Біржанның музыка дүниесіне деген ерекше көзқарасын көрсетеді. Қанша сөз тартысын күйтегенмен ән мен күй бір мезгілде оның басынан шықпайды. «Аққу мен аспандағы ән қосамын, шырқасам ащы күйді түптен тартып» деген сөздерінде Біржан үнемі сөз өткірлігінен ән-күйдің жан тебірентер қасиетіне көше береді. «Даусымның жаңа түсті кәрі жыны, Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын» немесе «Даусыма аспандағы құс айланар, Құбылып тоқсан екі төңкерілген» деп баяғы дауыс, ән, әннің неше қилы, тоқсан төңкерілетін құбылыстары әңгіме болады. Ал Сара болса, ол өзін баяндауға келгенде тек түрін, сұлулығын, денесін мақтайды. Ән, дауыс жөнінде жұмған аузын ашпайды:

Мойыным сұңғағындай жүзген қудың.
Лебізім шербетіндей кәусар судың.

Қақпандай төңкерілген қас-кірпігім,
Құлпырған өтегіндей жібек тудың.

Мойыным жас баланың білегіндей,
Иығым тік сандалдың тірегіндей.
Беталдым қоңыр қаздың кеудесіндей,
Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей.

Қыр мұрын қызыл жүзді, маңдайым кең,
Арғынның құдай кәне қай қызы тең?
Тал бойым ұзын да емес, қысқа да емес,
Болсаң да анық дұшпан, қай жерім кем? —

деп келеді.

Сөз іздеп, қойын-қонышын ақтарып, жолдан қалып жатпайтын Біржан, шындыққа бас ұрғандай: «...Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан. Кемітер дұшпан шіркін қай жерінді, Адамзат оза алмайды өз басыңнан» деп, Сараның шын мәнісіндегі артықшылығын, қасиетін айтпай кете алмайды.

Бұл арада тағы да қазақ әдетіндегі айтыста жігіт жеңу әдет болып кеткен жағдай қайталайтын сияқты. Өйткені, «Біржанның Сараны жеңуі халық аузында да, «басқа бір ақын жазды» дейтін дастанда да тек Жиенқұлмен байланысты. «Обалың Есімбек пен Тұрысбекке. Күйеуің жаман екен, ей бишара» деген Біржан сөзі біздің айтқанымызды қостайды. Әйтпесе: «Біржанды бір қаққаннан шығармас ем, Құдайым мені қайдан қосты бұған» деп айтыс аяғында Сараның налуы жәй емес.

Тақсыр-ай, күні құрсын ұрғашының,
Билігі болмаған соң бір басының.
Бергенсін тері-терсек ит те алады,
Бұлындай берекесіз арбашының,—

деген Сараның хажы алдында шаққан мұңы — жалпы қазақ қыздарының мұңы, тағдыры, төңсіздігі екені мәлім. Бұл айтыста да осы өкі жақтың төңсіздігі қадам сайын көрініп отырады. Әйтпесе:

Қызы өдім Тастамбектің атым Сара,
Бөйгөден күнде келген жалғыз қара.
Қолыма он үшімде домбыра алып,
Көлемін бір сүрінбей жалғыз дара,—

деп үлкен жігер, күшпен бастаған Сара, сөзден жеңіліп емес, айтысқа қатысы жоқ басқа жағдайдан көліп «жеңіледі». Тағы бір нәр-

се — он үшінен қолына домбыра алған Сара да тек ақын емес, әнші де болуында сөз жоқ. Бірақ баяғы «еркөкке жеңдіру» мақсат болған, заң болған заманда Сараның басқа қасиеттері айтылмайды. Сондықтан, көркем шығарма болса да Х. Жұмалиев пен М. Төлебаев өздерінің операларында екі асылды тең көрсеткен. Біздің қолымызда әзірге, жоғарыда айтылғандай, осы айтыстың музыкасы есебінде бір-ақ ән бар. Шынында Біржан өлеңін айтқан әнмен Сараның да айтуы мүмкін емес. Зерттей келе ол әндер де табылар. Біздің тоқтайын дегеніміз — Біржанның Сарамен айтысы халық аузындағыдай немесе «біреу» жазғандай бір беткей тек сөз таласы, сөз жарысы емес, басқа да өнер жарысы, ән жарысы болды дейміз. Әйтпесе, екі төзінің бірінде Біржан ән, дауыс, дыбыс өрнегі туралы айта бермес еді.

Тағы бір жәйіт — соңғы жылдарда Жетісудың жерін аралаған музыкалық экспедиция «Біржан—Сара айтысының» түрлі варианттарын алып келумен қатар, Алматы, бұрынғы Талдықорған облыстарында тараған Біржанның көптеген әндерін алып келді. Ол әндердің Біржандікі екені анық көріне тұра, заманнан заман өте бірқатар өзгеріске ұшырағаны, әсіресе әндердің кейбір жерлерінде Жетісу ән дәстүріне тән «қосымшалар», «өңдеулер», «жамаулар», «жыртықтар» да кездеседі. Бұдан шығатын қортынды — Біржанның сол Ешкі өлмеске келу сапарында көптеген әндерін Жетісуға жәйіп кеткені байқалады. Олай деудің себебі — Біржан, Балуан Шолақтың әндерінен басқа арқаның Ақан Сері, Құлтума, Естай, Мәди, Жаяу Мұса және басқалардың әндері кездесе бермейді.

Біржанның творчестволық өмірінде үлкен бір оқиға болған оның Абай аулына баруы. Баста өзінің әдеттегі ән саяхаты есебінде барғанмен, поэзия алыбы, Абайдың әсері Біржанға күшті болады. Өлең шығарудағы жаңалығы сияқты ән творчествосында да бұрынғы атабаба салып кеткен қаражолмен ғана жүре бермей, тыңнан із салған данышпан, ән еркесі Біржанның үлкен талант екенін танып, оған тиісті баға береді. Әншінің халық творчествосын бабына келтіріп орындаумен қатар, өзінің шығарған әндерінің терең мазмұнына таң қалады. Оған шейінгі болмаған ән әдісінің бар екенін, дарынды орындаушының өзі сезбейтін нақыштар енгізуін, ел аралау арқылы көптеген ән дәстүрлерінен сусындағанын қызықтайды. Біржан айлап жатып, өнердің шын бағалаушысы Абайдың өзінің және оның айналасындағы талантты поэзия мен әнді құған жастарының сынын есітеді. Әсіресе Абай Біржанның басына біткен композиторлық, ақындық, асқан орындаушылықтың басқа қонған бақыт екенін қатты айтады. Осы бақытты орнында пайдалану үшін үлкен еңбек керек екенін түсіндіреді. Абайдың аулында болу, өлең мен әннің салтанатының қайнаған базарын аралау Біржан үшін үлкен табыс болады. Әрбір

күшті дарынға тән нәрсе — Біржан бұл сапарын ізсіз қалдырмайды. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығарады. Біржанның музыкасы, әрине, біз білетін Абайдың вариантына жанаспайды. Мұнда әншінің творчестволық дәстүрі сақталған. Абай музыкасындағы ән бірден үлкен дыбыстық секіру арқылы басталмай баспалдақтап, төменнен жоғары қарай өрлеп шығады. Ой-хиялы арқылы ұзын қайыңның тамырынан бастап басына шейін көз жіберіп біраз тамашалап тұрғандай. Өте жұмсақ, ойлы, философиялық астары бар шығарма. Ән сөзінің мәнін, сырын Біржан өзінше ашады, өзінше музыка тілімен талқылайды. Мұнда өзінің бұрынғы музыкалық қазнасына Абай аулына барғаннан қосылған жаңа жарна бар екені сезіледі. Дарынды композитор, жазба поэзияның ой-қырын ақтарып, үңіліп, ішкі-сыртқы қасиеттерін зерттейтін қолында құралы-білімі болмаса да, жан байлығының, творчестволық күшінің арқасында өзіне ой салған, тербеткен тақырыпты музыкалық жағынан меңгере алады. Халық арасына көп жайылмаса да, бұл әннің кей кездерде Біржан қолынан шыққандығы дауға түсетін уақыттары болса да, шындық Біржан жағында екендігі көзге бірінші рет түсе береді. Біздің қолымызда үнемі аз болатын деректер, халық қайраткерлері — әншілердің, ақындардың творчестволық байланысы болатын. Міне, осы тұрғыдан Біржанның Абай творчествосымен, оның айналасымен танысуы — қазақтың халық композиторлары арасында болған игі байланыс. Мысалы, біз осы күнге дейін Біржан мен Ақанның творчестволық байланыстары жәйлі анық ешнәрсе білмейміз. Сол сияқты басқа да халық композиторларының оның ішінде әншілердің творчестволық қатынастарын бір қатарымыз тек хиялға сүйеніп айтып келеміз. Ал, Біржанның Абай аулына баруы жәйлі халық аузында көптеген әңгімелер бар. Біз солардың бәрін бір-біріне салыстырып келіп, белгілі қортынды жасадық. Бұл жөнде Мұхтар Әуезовтың Абай аулында Біржанның болғанын баяндауы, көркем шығармаға тән көптеген еркін ойлармен толы болса да, музыкалық шындықтан аулақ кетпейді. Өмірді, оның ішінде халық мәдениетін жақсы зерттеген суреткер, сол көркем шығармасының өзінде музыка зерттеушілер үшін үлкен пікір айтып кеткен. Қысқасы — Біржанның бұл сапары үлкен музыкалық сапар болып шықты. Кейін Біржан творчествосының тақырыбына да өсерін тигізді. Біржанның Жанботамен кездесуі біздіңше осы сапардан кейін болған сияқты.

Біржан өзінің осындай бір музыкалық сапарында Әпіш деген қызды алып келеді. Әпіш ақылды, Біржанның кім екенін, оның «күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сияқты бүкіл халықтың Біржаны, халықтың бәріне ортақ адам екенін жақсы біліп, жақсылап бағады. Ағаларының ойынша Біржан «аяғын шырмағансын» өнді үйкүшік болып, өшқайда шықпайтындай көрінеді. Бірақ қадірлі өнші,

Әпіштің лұқсатымен бұрынғысындай ел аралап кетеді, жүрген жері айт пен той болып, білген әнін айтып, жаңадан есіткенін үйреніп репертуарын байыта береді. Қалай дегенмен де Біржан бұрынғыдай айлап-жылдап жоқ болып кетпей, аз уақытта аулына орала береді. Жасы келе тым алысқа кетпей, көбіне үйде болады. Біржанның айналасына көптеген әнші жиналады. Құлтума, Жарылғапберлі сияқты сол дәуірде аттары шыққан әншілер Біржанның шығармаларын өзі бар кезде де айналаға жаюшылар болады.

Жасы ұлғая келе Біржан ауылдан шыға бермейді. Оның үстіне ағалары Ержан, Нұржан: «Енді жасың келді, көп қаңғырмай үйде отыр, сүйегің далада қалып қояр» деп қорқытып, қанша айтқанмен тумасы болғансын, сауын, сойыс бөліп беріп, ешнәрседен тарықтырмайды. Өйткені Біржанның аты енді бұрынғы айтып жүргендей: «Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған» болмай, үш жүзге тегіс жайылып кетеді. Аралап барған жерлерінен іздеп келіп жатқан адамдар да аз болмайды. Ержан, Нұржан Біржанға деген көзқарастарын өзгертпегенмен солардан (келімді-кетімді кісілерден) ұялғаннан жаңағы айтылған «мырзалыққа» барады. Оның себебінің тағы бірі — Біржан үйде отырып қалғансын оның әнін іздеп келіп тыңдаушылар тіпті көбейеді.

Ежелден ақкөңіл, жомарт әнші келген адамдардың бәрін де сыйлап, мал сойып, құрметтейді. Соның нәтижесінде ағалары берген санаулы «дәулет» күн сайын азая береді. Күндердің күнінде Біржан мүлде кедейленеді. Сонда да мойымайды. Бұрынғысындай еңсесі жоғары, көңілі көтеріңкі болады. Осы кезде Біржан сақал-шашқа қырау түсе бастағанын суреттеп, бірақ әлі де тағдырға мойнын ұсына қоймайтынын айта ән шығарады. Әннің аты «Бурыл» болады (бірқатар кісілер «Бурыл» болса «Бурылтай» да болар деп, «Бурылтай» атап кеткен. Біздіңше ол дұрыс емес). Жоғарыда баяндалған «Біржан сал» атанып кеткен әннің екінші куплетін орындаушылар ол әнге зорлап қосып жүр. Шынында ол осы «бурыл» әнімен айтылады екен.

Жасым бар елу бесте жасырмаймын,
Басымнан жаман сөзін асырмаймын.
Қысқа жіп келмесе де күрмеуіме,
Саған барып туысым бас ұрмаймын,—

деп азайып келген дәулетті келген адамдарды көңілдегідей аттандыруға шамасын келтірмесе де, ешнәрсе сұрап ағаларына бармайды екен. Бірақ кедейшілік әбден қажытады. Кей күндерде келген адамдарды құрауыз шығарып салатын да уақыттар болады. Міне осы бір дәуірде, жоғарыда аты аталған «Біржан салдың» екінші түрі шығады. (А. Затаевич жазуындағы).

Жігітке кедейшілік ол сергелдең,
Болмаса жалғыз атың өлгенмен тең.
Үйіңе құрбың келіп құр аттанса,
Не пайда ол өмірден босқа сүрген,—

деген өлеңмен айтылады. Ән өте кербез, мұңды, Біржанға тән сазды, салмақты, қатты қынжылудан шыққан. Әсіресе қайырмасы әрі зарлы, әрі сұлу, жылау емес, налу Абай айтқандай «қартайып, қайғы ойлауға» жақын қалғанын сезу ноталары бар. Бұл ән де біздің орындаушылардың репертуарында осы күнге шейін жоқ. Тіпті Біржан өндерінің тізіміне кірмей қалатын да уақыттары бар.

Ел үстінде жүріп қалған әншіге, үйде шөгіп қалу ауыр тиеді. Оның үстіне жас та алпысты иектеп қалады. Әпіштен туған Теміртас, Қалкен деген ұлдары, Асыл, Ахық деген қыздары есейеді. Біржан балаларының қызығын қызықтап үйде отырғанмен оған әрбір үйішінің қимылы көрініп, саналып, бірде қуантса, бірде ренжітеді. Үлкен жүрек, ондай от басы-ошақ қасының күңкілін көтере алмайды, толқиды, қобалжиды. Әрбір жанының қозғалысын дыбыс арқылы, ән арқылы сыртқа шығаратын адам, бұл жағдайды да таңбалап кетеді. Дарқан жастық шағын еске алып, қарттықтың қайсы бір көңілсіз жәйларын көрсете ән шырқайды.

Үшіне орамалдың түйдім сусар,
Көп жылқы көк алалы көлде жусар.
Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Ән еді Біржан салған «Жамбас сипар»,—

деп, өткен сонау қызықты, қызғылықты дәуренді көз алдына келтіреді. Бірақ өзінің осы кездегі жәйіна оралып, оның қайтып келмес дәурен екенін баяндай:

Дегенге біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттөн тайдық.
Қамөкөй соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық,—

деген сияқты өзіне өзі қалжың айтқандай, көңілін көтергендей жәйларға барады. Бірақ:

Бергенсін құдай өмір ақбас болдық,
Келін мен балаға да жақбас болдық.
Көргенсін көзі құрғыр шыдай алмай,
Таппайтын адам өбін саппас болдық,—

деп, қарттықтың кейбір қайғылы суреттерін келтіреді. Әрине, кезінде ойына алғанының бәрін де орындап әдет алған Біржанға, қолына қарап отырған келін баланың өлшеулі, біздіңше айтқанда «режимді» ұстауы әншінің жанына жақпайды. Сондықтан ол кей кездерде үйде отырудан іші пысып кетіп, ауылдан ұзап жаяу кетіп қалып жүреді. Қырдың ар жағына барып, әдетінше айқайлап, алты қырдан асатын дауыстың әлі де күші кетпегеніне риза болып, іштегі шерін шығарып алады. Біржанның бұл әдеті тек балаларына ғана емес, Ержан, Нұржанға, ауыл-аймаққа жат қылық болып көрінеді. Әншінің жан дүниесін түсінуге интеллектуалдық өрелері жетпейтін ауылдың «жақсылары», молдалар мұның бәрін дені сау адамның істемейтін ісі деп қарайды. Енді Біржанның далаға қыр асып кеткенде не істейтінін андиды. Оның бар даусымен ән шырқап жүргенін көргендер шын мәнісінде Біржан шатасқан екен, жын ұрған екен деп ойлайды. Олардың ойынша сарылып тыңдап отырған айналасында ешкім жоқ, ең далада өзінен өзі ән салу сорақы болып көрінеді. Көп ұзамай Біржанның надан ағалары, ауылдың «жақсыларының», молдалардың айтуымен Біржанды жынданды деп байлап салады. Әншінің ешбір жыннан аулақ екендігін айтқан арызы тыңдалмайды. Осылай, жасы алпыстың ортасына келгенде, ардақты әнші, надандықтың көп құрбанының бірі болып, үлкен азапқа салынады.

Біржанның шынында қайсы бір кездерде басы қатты ауырып кетіп, есінен танып қала жаздайтын минуттары болады екен. Оның себебі жын емес, тағы да сол кешегі заманның әйуандық заңы мен қазақтың рушылдық қалдығынан болған трагедия. Айтушылар бір кезде Қарауыл мен Керей арасында араздық болып, ол недәуір уақыт созылады. Бұл екі ру бір-бірімен қатынаспайды. Ел аралап, кезіп қалған Біржан қазақтың ондай «шылығын» ескермей араз деген ауылдарға барып ән салып, қыдырып қайтады. Олар Біржанды бұрынғыдай құрметтеп қарсы алады. Жаны таза әншінің ауыл арасындағы ұсақ-түйекті елемейтінін біледі. Бірақ Біржан қайтып келгенсін ағайын-тумалары оны ортаға алып сабап, басына зақым келтіреді. Әңгіменің басында айтылған Азнабайдың поштавайының қамшысынан бастап, Біржанның басына тиген таяқтың осындай трагедиялық нәтижесі болады. Оған дәлелдің бірі — Біржанның сол байлаулы жатқандағы бір шумақ өлеңі. Онда аурудың қалдығы анық айтылады.

Арқаның түгел көрдім көрі-жасын,
Ұмытпас құрбы-құрдас

асылтасын.

Ойланам ауруымның түрі жаман,
Біржанның кім ұстар деп

домбырасын,—

дейді. Бұл шумақты Біржан өзінің Тәңкібай деген құрдасы көңлін сұрай барғанда айтады. Тәңкібай барғанда есіл әнші көзіне жас алып, көңілі бұзылады. Бірақ есі толық дұрыс болады. Басқа біреулерден жазылып алынған Біржанның сол жатқандағы тағы бір ауыз өлеңі бар.

Аурудан ақыл кетіп адасам ба,
Жақсымен бұрынғыдай жанасам ба.
Білмейтін бұл ауруды «Не қылар» дейд,
Егерде «алам» десе таласам ба,—

дейді. Осының бәрі де Біржанның байлаулы кезінде аурудан қайтыс болғанын бір әңгімесінде Теміртас та айтқан көрінеді.

Біржанды қаншама «жынданды» деп лақап шашса да, оны білетін, көрген халық сенбейді. Үзілместен әншісіне келіп жүреді. Сол жатқанның өзінде де Біржанның халық алдында беделі үлкен болады. Қаумалаған қарындас, дос-жарандары күндіз-түні айналасынан кетпейді. Арқаннан босатып алатын олардың шамасы болмайды. Бірақ Біржанның балаларын қасына жібермеген тумалары анау келген адамдарды тоқтата алмайды. Сол жатқанның өзінде Біржан небір асыл сөздер, елді аралауда кездескен қызықты оқиғаларын айтады. Арасында күңіреніп ән айтып қояды. Оның дауысы күмістей таза қалпында қалады. Аяқ-қолды байлағанмен, ең болмаса, аузының бос болуын пайдаланып, Біржан өлеңмен, әнмен мұңын шағады.

Саясы көп болады қу қайыңның,
Жігітке көрегі не уайымның.
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ,
Білмеймін не қыларын құдайымның.

Дүния өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам төмен,
Үш жүздің ортасында Біржан едім.

Ел кездім Көртөбелмен шарықтатып,
Жақсыға сөз сөйледім шалықтатып.
Үш жүздің ортасында Біржан едім,
Қойдың ғой өнді міне арықтатып,—

деп, басына түскен ауыр жайды суреттейді. Бұрынғы жақсы күндерін өсіне алады. Тек Арғын, Найман емес, бүкіл қазақ даласына, үш жүзге атының шыққанын айтады. Қасына жолатпай қойған, жанындай жақсы көретін балаларына қарап:

Теміртас, Асыл, Ахық қалдың зарлап,
Ежелден қалмақ па екен солай сарнап.
Көз көрген құрбыларға дұғай сәлем,
Дұғасын оқи берсін біздерге арнап.

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.
Теміртас, Асыл, Ахық қарғаларым,
Иіскетіп кетіңдерші маңдайыңнан.

Теміртас, Асыл, Ахық қарақтарым,
Үкідей мен сендерді балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар,
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Жаратқан мен бендеңнің күнәсін кеш.
Денеме кендір арқан жаман батты,
Қайдасын Асыл, Ахық қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ахық балдан тәтті,
Қинауға салады екен адам затты.
Үкідей желпіндірген қарақтарым,
Шешшеңші, білегіме арқан батты,—

деп, қасына келе алмайтындарын білсе де, арқан батқасын балаларына шеш деп жалынады. Бірақ балалары Біржаннан қорқып, әкесінің маңына бара алмайды. Біржан бүкіл Атығай, Қарауыл ішіндегі достарын есіне түсіріп, ажалдың жақындағанын сезгендей, тағы өлеңдетеді:

Атығай, Қарауылым — қоныстасым,
Ішінде бар еді ғой көп мұңдасым.
Құданың құдретіне уақыт жетті,
Барады алыс жолға ғазиз басым.

Қара су есік алды ылайланды,
Бай қылмақ, жарлы қылмақ құдайдан-ды.
Камзолдай қысқа пішкен дөңгелентіп,
Дүние өтерінде шырайналды.

Жылама сен де анасы енді бекер
Біржанға уақыт келді алыс кетер.

Артымда жастай қалған құлындарым,
Тірлікте әлі-ақ бір күн өсіп жетер,—

дейді. Әсіресе Теміртасқа қарап, соңғы демінің жақындап қалған кезі болса да, домбырасын тартатын қолы байлаулы, көзімен ғана жеп:

Біржан деп атым шықты алты алашқа,
Құдайым берсін өмір Теміртасқа.
Жасымыз алпыс бірге келгенінде,
Құдайым берді науқас ғазиз басқа.

Алдымда шам-шырағым, Теміртасым,
Тілегім сенің ұзақ болсын жасың.
Хош болыңдар бауырым, балапаным,
Байқаймын ажал шіркін құтқармасын,—

деп өзі кеткелі жатса да балаларының тілегін тілеп, солардың адам болуын ойлап, оның ішінде Теміртасты бөліп айтады. Солай өлеңнен маржан тізген сал Біржан үш жылдай байлаулы жатады. Арқан кескен жердің жарасы ұлғайып, асқынып (гангрена болып) ақыры жасы 64 ке келгенде 1894 жылы қайтыс болады. Аспандағы аққуға үнін қосқан, Орта жүзді «әнмен қырған» асыл мәңгі көзін жұмады.

Біржанның өлеріндегі жоғарыда келтірілген өлеңдермен айтылатын әні кейін «Асыл-Ахық» атанып кетеді. Ал Теміртасқа қарап айтқан әні халық арасында «Теміртас» деген атпен айтылады. Бұлардан басқа: «Ғашық жар», «Көркөкіл», «Ақ серкеш», «Мәті-Дәулен», «Алтын балдақ», «Төл қоңыр» деген әндері де нотаға түскен.

Арғынмын өрдегі Алтай Қуандықты,
Әркімге көрсетіпті жуандықты.
Аққошқар-Сайдалының заманында,
Бір көлден қырық мың жылқы суарыпты.—

деп келетін ән «Аққошқар» атанып кетеді. Сөзіне қарағанда, бұл ән руын, елінің байлығын айтып мақтанып, Сарамен айтыста шыққан болуы да мүмкін. Әйтпесе Біржанның басқа әндерінде байлықты мадақтаған өлеңдер кездесе бермейді.

Қарағым айналайын, өй Бірлөнім,
Қыпша бөл, қанжар мойын бұрылғаның.
Тілің бал, тісің мөрүерт, көзің нәркес,
Қасыңнан айналайын қиылғаным,—

деп өлеңмен айтылатын ән ел арасында Біржанның «Бірлән қызы» болып кеткен. Бұл әнді біреулер Естайдың әні деп те айтады. Сөзі жағынан Естайдың сыпаттауының ұшқыны бар, бірақ музыкасы Біржанға келеді.

Шекеңе селдіретіп айдар тағып,
«Көк-көкі!» деп бос жүргенше секең қағып.
Қосайын өле-өлгенше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел ұшып барып,—

дейтін «Көкек» әні де халық аузында Біржан творчествосына жатады. Біздің бұлай тап басып айтпай, болжалдай беретініміз әлі күнгі Біржан әндерінің толық, тексерілген зерттеу елегінен өткен толық тізбесі жоқ. Соңғы жылдарда көрінген әнді «иесіз» жүрмесін деп неше «әменгер автор» тауып беру жолында жүр. Оның ғылым жолымен қараудан алыс екені көпшілікке мәлім болу керек. Екіншіден жеке адамға табынудың кезінде кейбір он тоғызыншы ғасырдың халық композиторларын зерттеудің өзін «кейінге қараған» деп кінәлап, соны пайдаланғысы келген біреулер тіпті қазақ халқының әндерінің бәрі де авторсыз болды деген әңгімелерден де құр болған жоқ. Осы екі көзқарас та музыка тану ғылымын игі жолға сілтемейтін долбарлар.

Біржан тек әнші емес, ақын екені мәлім. Ол талай адамдармен айтысқан. Бір жерде Біржан Шөжемен кездесіп қалады. Асқақ Шөже ол арада Біржанның жас екенін көріп:

Ей Біржан, маған берші біраз бұ дат,
Аятта жоқ нәрсенің бәрі де жат.
Сасық күзен сияқты шықылдама,
Сенен бұрын туыппын тіліңді тарт,—

деп жасының үлкендігін алдына сала береді. Сонда Біржан:

Жақының алыс болар көрмеген соң,
Тойдың сәні келмейді күлмеген соң.
Аталы сөзге арсыз таласады,
Шөжеке, шырқап едім білмеген соң,—

деп өзінің де Шөжемен айтысқысы келіп тұрмағанын білдіреді. Ежелден сыпайы әнші Шөженің «сасық күзенге» теңегеніне де жауап қайтара қоймайды.

Біржан бір жақтан сайрандап, қасында көп адам бар, келе жатса, Қарақайың деген өзенде үш бойжеткен қыз шомылып жатыр

екен. Су тайыз болса керек, еркектерді көргенсін олар жүгіріп шыға алмай суда отыра береді. Келе жатқандар Біржанды қолтыққа түртіп, ана қыздарға бір нәрсе айтуын сұрайды. Сонда Біржан ат үстінде тұрып:

Бауыры Көкшетаудың Қарақайың,
Қар кеткенсін болады малға жәйің.
Ішіңде адал да бар, арам да бар,
Ей қыздар, былғамандар судың лайын,—

дейді. Сонда ішіндегі Нұрғайша дегені басын көтеріп, судан шығыңқырап, әсем мүсінін Біржанның алдына көлденең тартып, екі алмасын қолымен басып тұрып, бұрымын басына орай салып:

Ұшады аққу көлден сабаланып,
Біз қалдық сіздің сөзге назаланып.
Келед деп игі жақсы аулымызға,
Шомылып жатыр едік тазаланып,—

дейді. Екеуі тағы бір-екі ауыз өлеңмен қағысады. Біржан Нұрғайшаның аяқ алысын байқағансын, «тіліңе тас түскір» қыз екенсін деп, аяғын қалжыңға шаптырып, қоштасып кете береді. Біржанның Орынбаймен, Бабақпен айтысқан өлеңдері де бар. Сарамен айтысы айдай өлемге белгілі десе болады.

Айтыспен қатар Біржанның неше түрлі күлкілі, мысқыл сөздері де бар. Ол Қарауыл ішінде бір үйге жазға салым кіріп келеді. Шаруаның қысылшаң кезі болса керек. Үй ішінде жалғыз қыз болады. Ол көзеден Біржанға сүт қатпаған қара көже құйып береді. Менсініңіремей отырған қонағына қарап, қыз:

Жүрсің бе аман-есен, ей Біржан сал,
Қыс аяғы ұзарып кетпеген қар.
Шаруаның ішкені бәрі көже,
Сал болсаң да көжеге өрніңді мал,—

дейді. Жоқ жерде мына қыздың суырылып қоя бергенін көрген Біржан:

Аралап таныс болдым әрбір елмен,
Көп көрдім сияфатты жүрген жерден.
Шаруаның ішкені көже болса,
Замандас, басып-басып өкел бермен,—

деп көжені қағып салады. Бұл Біржанның қыз қолынан көже ішкен өлеңі болып атанып кетеді.

Бір жылы Шорманның Мұсасы, Сағынай, Мәт-Дәулен, Нұрбек Омбыға барады. Сол бір тұста Біржан да Омбыда болып қалса керек. Отырғандар Мұсаның үстіне кіріп келген Біржанды «Мына ақын Біржан келді» деп, орын береді. Сонда Мұса тұрып: «Бұл ән де сала ма екен» дейді. Біржан домбырасын алып:

Мұсаеке, біздің әнге кенелерсің,
Даусымды есіткенде бұлбұл дерсін.
Көтеріп көкке қарай мен шырқасам,
Бұл үйдің сындырармын терезесін,—

дейді. Мұса ешнәрсе айта алмай, Біржанның әнінің шынында да асқақ екенін көріп, аузын жабады.

Біржан Байпақ деген сараң байға барып, оның бермесін білө тұра, керек болып тұрмаса да, ақша сұрайды. Байды келеке еткісі келеді.

Ей Байпақ, өлең айта келдім саған,
Қалтаңда бір сом болса берші маған.
Біржанды өліпті деп есіткенде,
Сабаң мен азақ болсын салған маған,—

дейді. Байпақ әнді, өлеңді қайтсын, бір теңгені де қимайды. Біржан оның осындай қәніпезерлігін халық алдында тағы бір көрсетеді.

Өткен ғасырдың орта кезінде Омбының орыс мектебінің біріне Көкшетау уезінен оқитын бай балаларына орын береді. Бірақ байлар балаларын жібермейді, қорқады. Бірақ орынды бос қалдырмай, қорғансыз кедей балаларынан таңдап жібереді. Олардың бірқатары қайтып келіп, біреулері оқып бітіріп, ауылда тілмаш болып, шаруалары түзеліп, байып тіпті бұрынғы қатарларына сәлемдеспейтін қалге де жетеді. Соның бірі Құдайбергеннің Балқожасы болады. Бір күні тілмаш Балқожаның үйіне Біржан келіп, қонақ болып, ән салады. Балқожа Біржанның шаруасының кем екенін біліп, оны кеміткісі келіп, өлеңінің ақысы деп үш сом ақша ұсынады. Біржан ақшасын өзіне лақтырып жіберіп:

Балқожа, сенің әкең Құдайберген,
Әр қашан жаман болмас жақсыға ерген.
Кешегі жаңа закон шыққан кезде,
Оязнай келіп елден бала терген.

Бит басып, іріп-шіріп жатқаныңда,
Азнабай өз қолымен сені берген.
Көтерем, аусыл болған өгіздерше,
Жаңа шығып келесің биік өрден.
«Көн тартылса қалпына барад» деген,
Өкеңді мен ұрайын аштан өлген,—

дейді. Асығыс киімін киіп, шығуға айналған әншіні Балқожа тоқтатып, кешірім сұрап, қайтадан қонақ етеді, қазан көтереді. Балқожа Біржанның мінезін біледі, ол осы бір оқиғаны елге жаяды, абройымды айрандай төгеді деп корқады.

Біржан жоғарыда, өлеңінде өзі айтқандай, үш жүзді тегіске жақын аралайды. Ол Орынборда да болады.

Жігітке жарамайды ызақорлық,
Дауысқа келмей тұрса етпе зорлық,
Бозбала, біле-білсең осы әнге сал,
Аңызы жаңа шыққан орынборлық—

деп, сол жақта жүргенде шығарған бір әнін айтады. Оның нотасы біздің қолымызға өлі түсе қойған жоқ, бірақ ол күн де алыс болмас дейміз.

Біржанның өмірі жәйлі қосымша деректер берген, көптеген жаңа өлеңдерін жинастырып, баспаға дайындап жүрген, Теміртаспен тікелей әңгімелескен адам Байболов Есім. Ол 1928 жылы жаз айында Бурабай қаласынан шығып, Торайғыр тауының бөктерінде отыратын Қожамқұл, Шағрай, Жанбота, Тоқсанбай ауылдарының қыстауын басып, Ақкөл деген жерді жайлап отырған Қожағұл аулына барады. Ол Біржанның баласы Теміртасты іздеп барады. Есім Теміртасты 1916 жылғы июнь жарлығы бойынша қара жұмысқа барып қайтқаннан кейін, 1918 жылы Бурабай қаласының қасындағы консерв заво- дында жұмыс істеп жүргенінде көреді.

Үйге кіргенсін Теміртас Есімді таниды (жамағайын). Қара мұртын бір сипап қойып:

— Үйезден бұдан бұрын да талай адам келіп, әкем туралы деректер алып кетіп еді, білгенімді сіздерге де айтып көрейін,— дейді. Сол арада Теміртас осы өңгіменің бас жағында тоқталған сонау Бертістен бастап, Біржанның аталарын, бұрынғы қоныстарын айтып береді. Қожағұлдың дәулетінің арқасында жас кезінде кемдік көрмей өскенмен Біржанның бәрі келе-кедей болғанын айтады. Жаяу Мұсаны Шорман тұқымдары «Мырза кәдей», «Сылқым жаяу» деп кеміткені сияқты Біржанды да «Сал кәдей» деп атандырғанын да Теміртас сол арада айтады. «Өкеміз өлген жылы біздің үйде екі сиыр, бір бие, бір ат, он шақты қой болып еді», дейді. «Біржаннан

қалған төрт баладан тірісі мен ғана, мына бір Мұхамбетқали деген жалғыз балам бар» деп қасындағы алты-жеті жасар баланың басын сыйпап қойды дейді. Теміртас әкесін көріп қалғанын, оның аузынан небір қызықты әңгімелер есіткенін, көп жәйларды шешесінен есіткенін айтады. «Әкем алпыс үштен алпыс төртке қарағанда өлді, онда сегіз-тоғыз жасар бала едім, 1916 жылы қара жұмысқа кеткенде жиырма жетіде едім, қазір отыздың тоғызындамын» дейді Теміртас (бұл 1928 жылы болған әңгіме). Сонда Теміртас 1889 жылы туған болады. Теміртас сол арада Біржанның қартайып өлмегенін, аурудан қайтыс болғанын өз аузымен айтады. «Енді ондай әнші қайда?» — деп арасында налып та қояды.

Теміртастың айтуынша Біржан 1894 жылдың көктемінде, жазғасалым қайтыс болған. Қойылған жері Степняктан екі-шақырым. Ертеректе басына тас шаптырып қойған екен, қазір ол сынып, тозып, жоқ болыпты. «Мүмкін, өлеңдерін жинаған үкімет, басына бірдеме қойдырар» деп, Теміртас өзінің дәмесін айтып, сөзін бітірсе керек. Теміртас әңгіменің аяғында әкесінің Сарамен айтысқаны жөнінде үй ішінде әңгіме қозғалғанда: «Мына біреуді сол заманнан сақтап жүретін едім» деп, қағазы сарғайып кеткен, әр жері жыртылған, бірақ жалпы бет саны түгел, 1898 жылы Қазанда басылып шыққан «Біржан—Сараның айтысын» көрсетіпті. Теміртастың жұбайы—Сатай қызы Гүлжәмила да әңгіме арасында Теміртастың кейбір есінен шығып кеткен жерлерін қосып, атасының өмірі жәйлі көп нәрсе білетінін көрсеткен.

1962 жылы Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының доценті Хабидолла Тастановпен аспирантка Алтын Кетегенова Көкшетау облысына барып, Біржанның жүрген жерінде болып, оның баласы Қалкеннің әйелімен сөйлескен. Қалкен отызыншы жылдардың басында қайтыс болып, оның әйелі басқа біреуге тұрмысқа шыққан екен. Атасы туралы ол да бірқатар мәліметтер берген көрінеді. Біржанның баласы Теміртастың суретін Қазақ ССР Ғылым Академиясының қызметкері тауып алып келіп берді. Онда жоғарыда аты аталған Теміртастың Мұхамбетқалиының да суреті бар. Біржанның аталары, олардан тарау шежіресін (генеалогиясын) Есім Байболов жасаған.

Біржанның әндерін бізге жеткізіп бергендер: Қали Байжанов, Ғаббас Айтпаев, Әміре Қашаубаев, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Жүсіппек Елебеков, Манарбек Ержанов, Мәжит Шалқаров, Естай Беркімбаев, Рамазан Елебаев және басқалар.

Біржан әндерінің құндылығы, оның идеялық-көркемдік мазмұны тереңдігі, форма жағынан мүсінділігі біздің заманның музыка құрылысындағы оның алып отырған орнынан да белгілі. 1941 жылы Алматыда болған композитор Зиновий Компанеев өзінің «Қазақ рап-

содиясы» атты халық оркестріне арнап жазған шығармасында Біржанның «Жамбас сыйпар» әнін негізгі арқау тақырып етіп алды. Е. Брусилковский өзінің операларында Біржан әндерін кеңінен пайдаланды. Басқа композиторлар да өздерінің ірілі-уақты шығармаларында Біржанның әндерін негізге алды. Біржан әндері а капеллалық (сүйемелсіз жүреді деген мәнде) хорларда, оркестрлік номерлерде де көп енді.

Ауыз толтырып айтарлықтай, Біржанға өлмес ескерткіш жасаған — қазақтың талантты композиторы Мұқан Төлебаев болды. Ол өзінің «Біржан—Сара» операсында әншінің шығармаларын толығынан пайдаланды. Либреттосын жазған жазушы, ақын, әрі ғалым Қажым Жұмалиев Біржанның өмірінің сахнаға қолайлы, қызықты жақтарын алып, оның қоғамдық мотивтерін тереңдетіп, тек Біржан емес, жалпы алып қарағанда кешегі заманның өнер қайраткерлерінің бәрінің басында болған трагедияны шебер сахналық жәйлар арқылы, әдемі тіл, жатық, түсінікті өлеңмен жақсы берді. Ал М. Төлебаевтің творчестволық лабораториясынан өткен Біржанның асыл әндері қайта туғандай, гүлденіп, түрленіп бұрынғыдан да әсерленіп, «семіріп», мазмұны бұрынғыдан да тереңдей түсті. Сахналық киім киіп, белгілі образға түсіп, ансамбль, хор, оркестрдің бай мүмкіншіліктері арқылы өзінің шын шыңына шығып, халық алдына жаңа заман лебізімен суарылып келді. Арманда кеткен әншінің атынан мәдени мұраның шынайы иелері совет тыңдаушыларының алдына иіліп сәлем беріп, жаңа есікке, жаңа үйге, жаңа елге келіп, енді авторы да, өздері де мәңгі өлмейтініне риза болғандықтарын білдіргендей болды. Операның музыкасы басылып шықты. Осы кезде Ташкентте, Қазанда «Біржан—Сара» қойылмақ болып, дайындалып жатыр. Біржанның асқақ әндері мен Мұқанның асқан таланты қосылып, советтік қазақ халқын көтеретін үлкен туынды жарыққа шықты. Бұл Біржанға да, Мұқанға да ескерткіш болуға жарайтын шығарма.

Соңғы кездерде «Біржанның өмірі мен творчестволық жолы» деген тақырыпта зерттеулер жазылып жатыр. Бұл сияқты шағын мақалалармен салыстырғанда, онда әншінің барлық жағы толық қамтылады. Біржан туралы жан-жақты зерттеу арқылы ардагер әншінің өлі де бізге бөлгісіз көптеген көлеңке болып келген жақтары ашылады.

Біржан — қазақтың халықтық музыка мәдениетінің алыбы. Оның өмірін, творчествосын терең зерттеу, үлкен, терең, жан-жақты еңбек жарыққа шығару біздің бүгін таңдағы ардақты борышымыздың бірі. Өмірін демократиялық өнер жолына сарп еткен, өктемдікпен, жүргенсіздікпен, көртартпалықпен өні, өлеңі арқылы күресін соңғы демі біткенге дейін жүргізіп келген өнер қайраткері, азамат Біржанның аты қазақ музыкасының тарихында алтынмен жазылады.

ТЕМІР ТАС

Біржан

Ау, Бір жан деп

а - тым шық-ты алт(ы)а лаш-қа

Құ дай ым бер-сін Ғұ мыр

Те-мір-тас қа жа-сы на

ал-пыс бес-тің кел-ге нім-ге

құ дай ым бер-гі нау-қас

ға -рып бас-қа а

ау Ха ла-ла-ла ла - лай

ла лай ла-лай ла-ла-ли ла лау

ха-ла-ли ла - а _____ ау

АҚАН СЕРІ



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяқ кезі. Жиырмадан аса жігіт, бәрінің астында таңасырып, қамшыдай қатқан жарау аттар, тобын жазбай суыт жүріп келеді. Біресе аяңдап, біресе желіп, бір мезгіл аттың басын жіберіп, жарысып алады. Бірақ ұзақ шаппайды. Өйткені бұлардың алдында әлі аттың күшін сынайтын уақыт бар. Барлық қасиетін сонда көрерміз дегендей, өзін тек ащы терін алып, аттарды еріктіріп, тың ұстап келеді.

Бұл топ осылай бір жылғаға келіп, аттарын қаңтарып қойып отырды. Қырға жаяу шығып, баспалап қарап тұрған жігіт қайта жүгіріп, аттаныңдар дегендей белгі берді. Өзі де келіп, тез атына қонды. Салтатты жолаушы жол іздей ме, төтелеп, маңдайы Сырымбеттің тауында, суыт келе жатқан бір-екі атты адамдар бұларға жақындап қалды. Жақындағанда бұлардың біреуі еркек, екіншісі әйел болып шықты. Әлгі жігіттер тобы іздегені алдынан шыққандай қуанып, жолаушылар өкпетұстарына таяна бергенде, топырлай шауып, олардың алдын бөгеді. Ө дегенше бір жігіт барып қыздың мінген атының шылбырын қолына орап алды да, тарта жөнелді. Қасындағы еркектің анау-мынау әңгімесіне ешкім құлақ та салмады. Есілге қарай бет алып, қыз орталарында, жігіттер дабырласып келеді.

Дауыс естімдей жер жүргенсін басқа жігіттер оқшауырақ шықты да, қыздың қасына басында қамшат бөркі бар, бұтында барқыт шалбар, үстінде бешбет, сыртынан киген шұға желбегей, ортадан жоғарырақ бойы бар, қызылшырайлы, маңдайы кең, қыр мұрынды, ширатылған әсем мұртты, көзі өткір, кішіректеу, ұзын кірпікті, сұлу денелі жігіт астындағы қара атының басын тежеп, жақын келді. Жігіт көңілді, ойындағы мұратына жеткендей, қызға қараған сайын

күлкісі келе береді. Бірақ қыз онша жайдары емес. Әйелдің жолы тар болғанға ма, жоқ басқа себебі бар ма, жігіттің айтқан қалжыңына жүре жауап беріп, бір нәрсеге риза болмағандай кейіп білдіреді.

«Жаңағы тарсыл-тұрсыл, у-шуда қорқып кетіп, әлі өзіне өзі келе алмай тұрған шығар» деген оймен жігіт қыздың бұл мінезін аса мән бермеді. Бұлар осылай әңгіме арнасын белгілі бағытқа түсіре алмай келе жатқанда, топ ауылға келіп қалғанын да сезбеді. Ойлағандары орнына келіп, көңілдері тынған жігіттер мәз-майрам болып, гуілдесіп, бірінің сөзін бірі іліп алып, қызды қалай тартып алып кеткенін айтып мақтанумен болды. Шәй, қымыз ішіп, демалып, кеу-кеулесіп отырғанда бұлардың баяғы өкше ізі жақтан бір топ аттының құйғытып келе жатқаны көрінді. Жалма-жан бұлар да аттарына мініп, қуғыншыны тосып алуға дайындалды. Жігіттер тобын жазбай келе жатқандарды кес-кестеп алдынан шаба бергенде, үйлердің тасасымен қыз бен жігіт бір атқа миңгесіп қаша жөнелді. Екі жақ біраз кідірісіп, бір-біріне қару сілтеп, шаң-шұң болып жатқанда қыз бен жігіт ұзап та кетті. Ауыл жігіттерінің арасында қыздың жоқ екенін білген қуғыншылар, бұларды тастай бере, алыстан көрінген шаңды бетке алып, қуып берді. Қыз бен жігіт Есілдің бір өткел бермейтін Сарыми деген түбегінің тұсына келгенде, қуғыншылар да, бұларды қорғамақ болған жігіттердің аттарының аяғы жеткендері де тақалып қалды. Енді не де болса бір шешімге келмесе бұлардың екеуі де қолға түседі. Сондықтан бұлар соңғы рет біріне бірі қарап, қия алмай тұрды да, қуғыншы таянып қалған кезде: «Сен елдің ардагерісің, мен болсам, көп қыздың бірімін. Қуғыншылар жетсе сені аямайды, сен аман болуың керек. Дәм жазса тағы көрерміз, жау қолында қалсам мен қалайын, азар болса кинар, сен мына судан жүзіп өт, екі адамды ат көтере алмайды» дейді қыз. Жігіт Есілден жүзіп өтіп, құтылып кетеді. Қыз қуғыншылардың қолында қалады.

Қыз — белгілі сұлу Ақтоқты да, жігіт — арқаның ардагер ақын, өншісі Ақан сері еді. Ауыл өдетінің көптеген статьяларын аяққа басып, сүйгенін аламын деп, Еркімбаи деген жездесінің аулынан қайтып келе жатқан Ақтоқтының жолын тосып, тартып алып, бірақ қара күшке төтеп бере алмай, сүйгенінен тірі айрылған Ақан сері:

Ақтоқты, қалғаның ба шыныңменен,
Бал бердің талай жерде т.л.ңменен.
Басыңды Сарымида кесіп алып,
Өлгенше даулассамшы құныңменен,—

деп басқаға бұйыртқанша өлтіріп-ақ кетпеген екенмін деп өкінеді. Ақтоқты атышулы Сүтөмгеннің баласы Шамұқанның атастырып қой-

ған қалыңдығы болатын. Әрине, Шамұқаннан қалыңдық тартып алуға Ақанның да, оның жақтаушы жігіттерінің де шамалары келмейді. Соған көзі жеткенсін бе, жоқ шынында да басқаға бұйыртқысы келмегеннен бе, Ақанның Ақтоқтының «басын кесіп алмадым» деп өкінуі анық болса керек. Біреулердің айтуынша Ақан Ақтоқтыға пышақ салған, бірақ жанды жеріне жетпей қыз аман қалған, жаралы күйінде оны Сарымида жатқан жерінен тауып алған дейді. (Біз бұрынғы кітабымыз да сол вариантын жазғанбыз. А. Ж) Ақтоқтыны, әрине, біраз зәбірлеп, ақыры, «өз қолын өзі кесе алмай», әкесі Боқтабай «ақбатамен» атастырған жеріне ұзатады. Ақтоқты үш-төрт баланың анасы болып барып, жетпістен аса қайтыс болады. Тоқсанға келгенде Құралай сұлуды айтып, сақалын көзінің жасы жуған Келден сияқты, Ақанның есінен Ақтоқты өмірбойы шықпайды. Ақтоқты әңгімесі Ақан тарихында үлкен орын алады. Тек Ақтоқтының арманы емес, қадірлі әнші Ақанның өмірі «қарлы-боранды», «жауын-шашынды» болып өтеді.

Ақан сері 1843 жылдар шамасында (бұған шейінгі деректе де 1834 жылы туған деген әңгіме болатын) осы күнгі Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Қоскөл деген жерде туған. Қоскөлдің қасындағы Қаратал осы кезге шейін «Ақан туған» атанады. Әкесі Қорамса — Арғын ішінде Қарауыл. Қорамсадан: Айша, Ақан, Мұхамбет, Рамазан, Айберген туады, Ақанның шын аты Ақжігіт, кейін Ақан атанып кеткен. Қорамсаның басқа балаларының айта қалғандай елтең-селтеңі болмай, бұрынғы ата дәстүрін қуып, көптің бірі болып жүре береді. Ал Ақан кішкентайынан өзінің зиректігімен, әрнәрсеге әуестігімен көзге түседі. Ауыл молдасы Күнтеу дегеннен жас кезінен бастап оқиды. Аздап болса да хат таниды, көзі ашылады. Бірақ молданың оқытуында көп кездесетін әптиек, құран, суфалдияр, бақырған Ақанның жүйрік хиялына бір түрлі тұсау салғандай болып көрінеді. Жаста болса ол шын мәнісіндегі оқуды арман етеді. Жасы он үшке келгенде Ақан Күнтеу молданың шыбығынан құтылып, Қызылжарға тартып кетеді. Онда Уәлиахұн дегеннің медресесінде екі-үш жыл оқиды. Қалада жүргенсін аздап болса да орысша біле бастайды. Аққараны таныған сайын медресенің үнемі дінге сенетін оқуы болашақсыз болып көрінеді. Қалайда екі-үш жыл да болса Ақанның қалада болуы, оның дүние тануына әсерін, сөзсіз, тигізеді. Орыс мәдениетімен тайыз түрде болса да танысуы, Ақанның тек өміріне емес, творчестволық жолына да белгілі әсерін тигізеді.

Ақан Қызылжардан еліне қайтады. Қорамсаның азды-көпті дәулетінің арқасында ол аса кемдік көрмейді. Балаларының ішіндегі жасынан көзге ерте түскені болғаннан ба, жоқ, басқа себептен бе, Қорамса Ақанның айтқанын қайырмайды. Ақан сол кездің өзінде «шаруаға кем», басқа «дүние қызығын қуу» жолына түседі. Он ал-

ты-он жеті жасынан әнге, өлеңге, домбыраға әуес болады. Шілде-қана, алтыбақан, ойын-той болса Ақан сонда жүреді. Ақанның әдемі бойы, келбеті, жақсы даусы, оны өте ерте халыққа танытады. Оның үстіне көп адамдардың күйтейтін, дала өмірінің қызығы: жүйрек, қыранқұс, алғыр тазы Ақанның да арманы болады. Ол Көбей еліндегі Шөкетай деген кісіден Құлагерді бір ат, бір сиыр, жиырма бес сом ақшаға сатып алады. Ақанның жас та болса талабына риза болған, оның жәй, көптің бірі емес екенін сезген Әлібек деген өзінің жанына балаған бүркіті Қараторғайды сыйлайды. Сайрат төреден күшік күнінде Базарала атты тазының күшігін сатып алады. Тағы біреуден Көкжендет деген қаршығаны қалап алады. Енді Ақан тек әнші, ақын емес, даланың жігіт басына керекті барлық қызығын жинайды. Өзі ақын, өзі әнші, өзі аңшы, сұлу жігіт, халық арасында атағы тез жайылады. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, Ақанның айналасында қыз-бозбала топтала береді. Көкшенің көркем табиғатында туған не бір әсем әндерді бабына келтіріп орындауға өнері жеткен Ақан енді қайда барса да қадірі арта түседі.

Баласының осындай даңқына сай деп әкесі Қорамса Ақанға сегіз ұлдың ортасында жалғыз өскен Бекбастың қызы Фатимаға құда түседі. Бірақ Фатима ауырып, әкесінің оңжағында, Ақанның босағасын аттап үлгермей, қайтыс болады. Ақан бұрынғысынша ел аралап, өн салып, өлең шығарып, құс салып ит жүгіртіп жүре береді. Жетпісінші жылдардың ортасында Кіші жүзді аралап, өзінің өнерін көрсетеді. Міне сол сапардан қайтқанда, әңгіменің басында баяндалған Ақтоқтыға ғашық болып, бірақ қосыла алмайды. Жастықтың күші, албырттық кез, бұрын-соңды өмірдің ащы таяғы етіне тимеген Ақан, мойн қоймай, еңсесін жоғары ұстайды. Белгілі творчестволық план бойынша өн шығарамын демесе де, мұндай жан қылын қозғаған оқиға Ақанды қобалжытпай қоймайды, қозғайды, толғантады. Жанбай сөнген ғашықтығын өлеңдетіп, жанға жәйлі келетін «Желдірме» стилінде, өзімен өзі сөйлескендей, дауысқа аса күш келтірмей, айналасындағылар есітетіндей етіп қана, қоңырлатып:

Ғашықтық бір ыстық күн, желі тынық,
Басына түскен жанның көңлі сынық.
Торығып сағым құған шіркін көңіл,
Қара су енді хасрет жатқан тұнып.
Бөһуда құр жүрістен түк өнбейді,
Егерде іздемесең жөнін біліп.
Аспанда ұшып жүрген тұйғын жемін,
Құладін жөй алмайды көктен іліп.
Өркімнің дәреже орны басқа-басқа,
Ер жүрмес қырыны жоқ есек мініп.

Жарлы, бай, жаман, жақсы дегізбейді,
Уа шіркін, желіктірсе жігітшілік! —

деп, домбыраға қосып әндетеді. Басында біраз мұң ноталары болса да, өлеңнің аяқ жағында жігіттіктің қызуын айтып, өзін жұбатады. Ақанның «Желдірмесі» көпшілік білетін Исаның «Желдірмесіне» ұқсамайды. Мұнда өлеңнің әрбір буынына бір-бір дыбыстан келеді де, сөзді көп айтуға жағдай туады. Қысқа ғана созымды кіріспесі және аяғында, тыңдаушылардан қол соғып, қошемет көрсетуді күткендей ақырғы ноталарды әдейі созып барып ән бітеді. Әрине, басқа халық композиторлары сияқты Ақан шығармаларының да бәрінің бірдей жарыққа шыққан мезгілі, айы, күні жоқ. Көбіне біздің сүйенетініміз — ауызша деректер. Бірақ «Желдірменің» музыкалық құрылысына, көлемдік жағына, мелодиялық құбылысына қарағанда, Ақанның талаптанып, жаңа-жаңа творчестволық қадамын апыл-тапыл баса бастаған кезінде шыққанға ұсайды. «Желдірме» — қайғының көлеңкесі емес, бір бастан өткен жәйларды баяндаған толғау сияқты музыка.

«Бекбастың қызын мен аламын» деп көкірегін көтерген Мұса төремен таласып, айттырған қалыңдығы әкесінің үйінде қайтыс болған соң, Ақан біраз уақыт ешкімге сөз салмай жүреді. Бірақ қазақ әдеті бойынша он бестен асқансын-ақ шамасы келген жігіттің бойдақ жүруі сәкет көрінетінін есептеп, Шомайт қожаның (Қазан ноғайы) қызы Фатимаға үйленеді. Фатима ақылды, байсалды, көркі де ешкімнен кем емес, Ақанға жақсы жолдас болады. Жар қызығымен Ақан недәуір уақыт үйішінде, ауылда болып, үйреніп қалған әдет бойынша тағы ел аралайды. Фатимадан бір ұл, екі қыз туып, енді Ақанның қайырылып соғар ошақ басы, искеп сүйер балалары болады. Он шақты жыл тұрғаннан кейін Фатима ауырып қайтыс болады. Ақан Қарауыл ішінде Балташы дегенге атастырылып қойылған Тіналының қызы Ұрқияны алып қашады. Жолда Қожым елінің батыр атанып жүрген жігіті Тулақ Ақаннан Ұрқияны тартып алып, әншіні атпақ болады. Бірақ арашаға ел түсіп, Ақан аман-есен Ұрқияны ауылына алып келеді. Бұл сапарда Ақанның басына түскен өмір салмағы тағы езіп, Ұрқия үш айдан кейін ауырып өледі. Енді Ақанды ауыр қайғыдан арылтатын тек аты болады. Бұл кездерде баяғы Құлагердің аты Ақанның өзімен бірге шығады. Кешегі бір-бірімен хабар алысу қиын, мешеу заманның өзінде, сонау Кіші жүзге Құлагердің аты «Құла шолақ» болып жайылады. Атығай, Қарауылды «Құлашолоқтың елі» деп айтып жүреді. Міне, осы Құлагердің даңқын шығаратын тағы бір оқиға болады.

Алтай Аққошқар — Сайдалының бес болысқа сауын айтқан асы болатын болып, Орта жүзден небір сәйгүліктер дайындалды. Ақан да Құлагерді дайындайды. Үш жүз ат шапқан сол астағы бәйгіде

Құлагер жалғыз келеді. Бұл Ақанды көтеріп, Фатиманың, Ұрқияның қайғысын ұмыттырады. Өншінің «арқасы» қозып, бұл сияқты жеңісті ізсіз қалдырғысы келмейді. Айтушылар Құлагер жаратуы түскенде ілбіп қана жүреді екен де, тек айқай шыққанда ғана қызып шаба жөнеледі екен, ал бәйгі алдында қыдыртып жүргенде, оны шабатын ат деп ойлау қиын екен деседі. Міне, сүйікті жануарының осы бір қарапайым мінезіне риза болған Ақан, Сайдалының асында озып келгеннен кейін, жетелеп, ілбітіп жүріп (Ақан Құлагерді көрінген кісіге жетектеспесе керек), маңдайын сыйпап, оның маң-маң басқан жүрісінің ырғағымен ән шығарады. Оған өзі «Маңмаңкер» деп ат береді. «Маңмаңкер» халыққа белгілі ән. Ол жәй, сазды, нәзік, жұмсақ мелодиялы, кербез ән. Екпіні жәй болғанмен ол қайғылы әндерге қосылмайды. Музыкасында бір сыр, хиял бар сияқты. Мүмкін, қаншама аты бәйгіден келіп, көңлі тасып тұрса да, ол қызыққа Фатима мен Ұрқияның ортақ бола алмағанын арман етіп, бір сәт ойға шомып кетуі. Шыншыл суреткер, жүйрігінің тек өзіне емес, бүкіл Атығай-Қарауылға атақ алып беріп тұрған қуанышын басындағы ауыр моральдық жүгінен бөліп алып жырлай ала ма. Міне, «Маңмаңкерді» тыңдағанда басыңа осындай ойлар келеді. Өлеңнің алдыңғы екі жолы бойына ғана жүріп, әннің кеудесінен алған қайырмамен бітетін, бірінші қараған кісіге тұжырымды, қысқа шығарма болғанымен, «Маңмаңкерде» үлкен адам жүрегінің соққан такт қимылы бар. Бізде бір әдетке енген, бірақ музыкалық жағынан ешбір дәлелі жоқ — жәй екпінде жүретін ән болса бәрін де жылайман деп атайды. Сондықтан бір кездерде кейбір композиторлар «Маңмаңкерді» қайғыны суреттейтін жерде пайдаланып жүрді. Бұл тек түсінбегеннің нәтижесі. Үнсіз қалған ашудың ең ызғарлы ашу екенінен хабары болмағандық.

Қанша қайғы басса да, аты бәйгіден келіп, көңлі көтерілген Ақан, біраз уақыт тағы да творчестволық шабытына енеді. Көптеген өлеңдерімен қатар (ол жағы әдебиет зерттеушінің қолдарында толығырақ) өндер шығарады. Концерттерде, радиода айтылмағанмен көпшілікке өйгі болған Ақанның «Нұрила» деген әні тап сол кезде деп айту қиын, бірақ жас кезінде шыққанға ұсайды. Айтушылар осы бір кезеңде Ақан Нұрила деген жеңгесіне өрі қалжың, өрі بازیна, өкпе есебінде айтқан өлең-әні екен дейді. «Нұрила мен қайтейін бөстегіңді» деп басталуының өзі әннің қалжың мазмұнда екенін белгілейді. Осы бір тұста Ақанның көңлін Құлагер шынында да көтеріп тастайды. Соның арқасында Ақан өзінің ел аралауын бастайды. Құсын салып, итін жүгіртіп, атын бәйгіге қосып, ойын-той, жиында ән салып жүреді. Бір сапарында Ақан Жүсіп төренің үйіне түсіп, оның сұлу қызы Жамалға ғашық болып қалады. Жамалды ешбір қызға теңемейтінін өлеңдерінде көлтіреді.

Етегін ақкөйлектің алтындаған,
Ажарың ақжамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шықса-дағы,
Ішінде сіз қоңырқаз қаңқылдаған.

Сармойын аққуымсың көлге тартқан,
Жүйрік ат көлденеңдеп жемге тартқан.
Мінезін перуай қыздың мен айтайын,
Күмістей ширатылар сымға тартқан,—

деп «Желдірме» өнімен айтады. Бірақ бұл «Желдірме» аты бір болғанмен біздің жоғарыда баяндаған «Желдірмемізден» мүлде басқа. Мұның музыкасы байырақ. Ырғақтық жағы аздап «Сармойынға» ұсайды. Кім біледі, «Сармойынның» бір түрі шығар. Ән лекілдеп, тез екпінде, үлкен жігермен жүреді. Өлшеуі анық, мелодиясы өткір, көбіне сөздің бір буынына екі нотадан келіп отырады. «Желдірме» формасында болғанмен мұнда музыкалық мазмұн алдыңғыдан тереңірек. Өте ойнақылық, көңілділік беріп тұрған мелодияның үнемі қозғалып отыруы және ырғақтық күш. Басында әнші біраз дауысын созып, екі-үш нота айналасында кідіріп тұрады. Аяғында дыбыстан неше алуан ирек, «қошқармүйіз» жасап, шырқай тартып барып бітіреді. «Желдірменің» сөздері көп. Біз бұл арада бір-екі куплетімен қанағаттандық. Өйткені, бірінші мақсат Ақанның ән творчествосын өңгіме ету болғансын, әдеби жағынан көп тоқтамадық.

Халқына қадірлі болғансын, Ақан да Біржан сияқты, өзінің орнын шамалайды, байқайды. Мақтанып, асып кетпегенімен бұл да өзінің кім екенін өлеңіне қосып айтып қояды. «Кісіге өзім деген бас ұрмаймын, Өзім әнші, өзім сал кімге зармын» деп Біржан шырқаса, Ақан да:

Кепсер ал, кепсер алсаң қызылжар бар,
Өзім сал,
өзім сері мен кімге зар,—

деп, ел ішінде «Кепсер» атанып кеткен әнімен айта жүреді. «Кепсер» — екпіні байсалды, мелодиясы жаныңа тиетін сезімді, тілі жарқын, мазмұны лирикамен толы, паңдық емес, өз бағасын өзі білген өнерпаздар «айуанға таяқ» дегендей, кейбір адам мен адамның айырмасын білмейтіндерге таяқтап түсіндіргендей, өнердің де белгілі қару екенін білдіретін ән. Мұнда «таяқтағанда» тарсыл, айқай жоқ, «ақылдының сөзіндегі ойлы күй» бар. Сөз жоқ, әнде өршіл хиял, қабілет күшіне сенген жігер бар. Бұлар кульминацияда көрінеді де, кейін тағы ақын жанындай биязы дыбыстар бірі мен бірі кезек-

тесіп, қайырмада құбыла, өшекейлене барып ән аяқталады. Әннің жалпы көлемі үлкен емес, бірақ эмоциялық әсері айта қалғандай күшті.

Ақан Жамал қызды ойынан шығара алмайды. Қайда жүрсе де көзалдында Жамалдың образы тұрады. Жақсы көрген адамына адам не бағыштамайды. Ақан Жамалдың атын жұмбақтап, басындағы «Ж», ортасындағы «м», аяғындағы «л» әріптерін олардың арабша айтылуымен өлеңге қосады.

Қыздарды мен не қылам кіләм-сіләм,
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам.
Жаңартқан өмірімді қалқам менің:
Басы «жүм», ортасы «миім», аяғы «ләм»,—

деп, сүйгенінің атын қырық құбылтады. Жамалдың тойы болып, берулі жеріне аттандыруға дайындап, енді ертең кетеді деген түні Ақан сері Сырымбеттің бауырында, Жамал аулының сыртында түні бойы зарланып отырады.

Аулым қонған Сырымбет саласына,
Болдым ғашық ақсұңқар баласына.
Бидайыққа лайық қарағым-ай,
Бөктергіге қор болып барасың ба?

Аулым қонған Сырымбет жел жағына,
Асып туған бала едің ел бағына.
Бидайыққа лайқ деген қалқам,
Бөктергінің кез болдың қармағына.

Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.
Қоскөл жаққа таныса киіп барған,
Бешбетіңді беріп кет түймесімен,—

деп, Жамалдың күйеуінің жаман, жасық екенін, амалы жоқ малға сатылып кете барғанын, өзінің бұдан басқа жасайтын қайраны жоқ болғанын, өлеңнің, музыканың тілімен ішіндегі шерін сыртына шығарады. «Сырымбет» өнін білмейтін кісі аз. Сондықтан оның қасиеттерін баяндап жатуымыздың орны жоқ сияқты. Бірақ осы сияқты лирикаға толы, Жамалдай жарқын жүзді адамның образын суреттейтін шығарманы кейде таппай қолданатынымызды айтпай кетуге болмайды. Халық композиторларының шығармалары бұл күнде халық мүлкі болды. Әрбір творчествосына пайдаланамын деген адамға ешкім де

шек қоя алмайды. Тіпті операда орнын тауып пайдаланған әндер бұрынғысынан «семіріп» шығатын да уақыттары болады. «Айман- Шолпанның» 1937 жылғы вариантында «Сырымбетті» Көтібардың әйелі Теңгенің аузына салу келіспей-ақ тұрды. Теңге бұл сахнада батыр киімін киіп, айтқан әнінде де өктемдік ноталары болды. Батырлық кейіп беру үшін композитор «Сырымбетті» тез айтқызып, ырғағын бірқатар өзгертіп жіберген. Солай бола тұрса да, «Сырымбет» батырлық әннен аулақ шығарма. Халық қазнасына қол тигізбеу керек, музей экспонаттары сияқты етіп алыстан ғана қарап қою керек десе, ол қате болар еді. Бірақ орынсыз пайдалану — аңшылықтағы браконьерліктен кем түспейді. «Сырымбет» адамның жүрегін қозғайтын, жан ашуының, үлкен адамшылық, азаматтық сырларды қозғайтын шығарма. Онда о жарлықтың, өктемдіктің, қара күштің ешбір дыбысы жоқ. Қайырмасындағы «Қарындасым, енді есен бол!» деген сөздің өзі әннің адресін анық көрсетіп қана қоймай, мазмұнын, бағытын белгілеп тұр. «Сырымбет» Ақанның шығармалары ішінде шоқтығы биігінің, жылысының бірі.

Ақан қайтадан әнге, сейілге оралып, енді-енді еңсесін көтеріп, қанатын жаза бергенде тағы аяқ астынан кесел тап болады. Көкжендет атты қаршығасы ауылдан желге қарай ұшып кеткенінен қайтып келмейді. Ақан сияқты нәзік жанды адамға қолында баласындай мәпелеп отырған құсының жоқ болып кеткені қатты батады. Әрі-бері іздестіреді, сұрау салады. Бірақ Көкжендет ұштықүйді жоқ болады, табылмайды. Ақан қаршығасына арнап ән шығарады. Ол ән «Көкжендет» атымен халық аузында қалады.

Көкжендет, тұғрың еді маржандаулы,
Ағаш үйде тұрушы ең асыраулы.
Шалшықтан алақанат шабыр ілген
Болсаңшы Көкжендеттей мұндар шәулі.

Көкжендет, сені салдым дабыл қағып,
Мойныңа әшекейлеп тұмар тағып.
Қолда өскен кішкентайдан, Көкжендетім,
Көз жаздым қарап жүріп сенен не ғып?

Көкжендет, салдым сені өзенді өрлеп,
Кербесті қойды сонда көзі терлеп.
Намазшам, намаздігер арасында,
Ілуші ең қаз бен үйрек кезек-кезек.

Сусылдап сұқсыр үйрек ұшса кешке,
Түседі Көкжендетім сонда еске.

Қарасам оң қолымда қаршығам жоқ,
Жүгірем сонда келіп Қозыкөшке.

Көкжендет, аққу да алдың, тырна да алдың,
Қайырып Көкжендетті қазға салдым.
Қыранын қаршығамның мен айтайын,
Бір күнде үш жүз алпыс үйрек алдым.

Көкжендет, мойның ұзын, қанат қысқа,
Құс бар ма Көкжендеттей осы тұста.
Қаршығам кетіп еді желмен бірге,
Бір жармес бауыр басып жүр ғой құсқа,—

деп Көкжендеттің қасиеттерін санап әндетеді. «Көкжендет» жоғарғы регистрден, ащы дауыспен басталады. Бұл қатты өкініштің кейпін береді. Кенет ән төмен түсіп, өте бір жылы, баяу үнмен қаршығаның сынын айтқан жерде жүректі қозғарлық үн келеді. Енді қайта көтерілгенде дауыс алдыңғы сатыға жете алмағандай, сүйікті құсын таба алмай, мойығандай тағы төмендейді. Бірақ дарынды композитор тағы шығандап аспанға көтеріліп, енді төмен түскенде бірден сылқ ете қалмай, біраз кідіріп, тоқтап, әннің аяғын кестелеп, мәнерлеп, сөз куплеті біткеннің соңында да жәй «ха-лә-лә»мен жоғарылы-төменді толқытып барып бітіреді. «Көкжендет» әннің еркесі. Не пайда, біздің көптеген әншілеріміз осындай музыкалық мазмұн жағынан бай, орындаушылық техниканы көрсетуге жарайтын кербез де, күшті де әнді айтпайды. «Жалбыр» операсына енген ондаған әндердің ішінде «Көкжендет» те бар. Бірақ ол біздің өңгіме етіп отырғанымыздың басқа варианты (Құрманбек Жандарбеков орындап берген). Бұл шығарма қаршыға сияқты кішкентай құстың қасиеттерін ғана суреттеген деп түсінсек қате болар еді. Композитор бұл арада «Көкжендет» деп ат қоюға лайықтап, сөзінде басынан аяғына шейін құсты өңгімелегенімен, біздіңше әннің музыкасында құс қарамынан көрі үлкенірек «өңгіме» бар сияқты. Ақан қаршығасының кетіп қалуымен байланысты өзінің бір кездегі қызығының бірінен, өзінің жанына азық беретін жәйлардың бірінен айрылып қалғандай, бір кездейсоқ жағдайдың Ақан басына тағы бір таяқ тигізгендей, адам жанының жырын жырлайды. Себеп — құс болғанымен, ән тынысы кең дария, оның ішінде көп ойлар, армандар бар сияқты. Орындаушысы көліссө «Көкжендет» алтын қордың төрінен орын алатын шығарма.

Біздің бұл айтқанымыздың екінші дәлелі — Ақанның «Қараторғай» өнінің музыкалық мазмұны. Ақанның Өлібек батырдан алған Қараторғай атты бүркіті берегірек келгенсін қартайып, қанаты бүтін

болғанмен құйрығының қауырсыны түсіп, азайып, жерге жақындап келгенде қона алмай, біраз уақыт шырылдап жүретін болады. Өйткені халық аузындағы «Құс канатымен ұшып, құйрығымен қонады» деудің белгілі мәні бар мәтел болса керек. Қараторғай шырылдап, айналғанда қонуға қорқады екен. Шаршап барып жерге жақындап, құйрығымен ешнәрсе істей алмағанын құлайды екен. Міне осы суретті көріп тұрған Ақан, бір кезде қасқырды да алатын қыранның қартайып бір уыс болып, торғайдай болып қалғанын, қона алмай шырылдап, иесінен жәрдем сұрағандай болғанын көріп, әнге қосады. «Қараторғай! Ұштың зорға-ай! Бишара, шырылдайсын жерге қонбай» деп, қайрмасында үнемі қайталап отырады. Әннің кеудесінде: «Келеді Қараторғай қанат қағып, астына қанатының маржан тағып» деп бастайды да, аяғында өлеңнің екі жолында тіпті басқа нәрсені айтып кетеді. «Бірге өскен кішкентайдан беу қарағым. Айрылдым қапияда сенен нағып» деп, адам басына қарай ауып кетеді. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Ақын әнші, композитор, сері жігіттің көз шеңбері, айта қалғандай кең. Сондықтан ол, жоғарыда айтылғандай, тағы да құсты — Қараторғайды әңгіме ете, әндете отыра, сол арқылы ой түбінде жатқан басқа хиялы, арманы қозғалады. Сүйген адамының ауыр тағдыры көз алдына елестейді. Сөйтіп, әннің шығуына бір жағдай себеп болады да, музыканың туу процесінде екінші жағдай, екіншісі көрнектірек, дәлірек «Қараторғай» әні адам таңқаларлық терең, жібектей созылған ән тілі бар, сөзсіз махаббатпен байланысты. Сондықтан «Екі жиренді» «Пара рыжих» деп жауапсыз орысшаға аударма салған сияқты «Қараторғайды» «Черный скворец» деп қана қойса, музыкасының мазмұнына қарай ол түсініксіз нәрсе болып шығады. «Екі жирен» де, «Қараторғай» да басынан аяғына шейін махаббат лирикасымен толы әндер. Онда жирен аттың да, қарақұстың да образы «музыкалық әңгіме» болмайды. Қазақтың халық әндерінің аттарының өлеңінің не бас сөзімен, не қайырмасындағы бір сөзбен аталып кете беруінен көптеген музыка зерттеушілер түсінбей қалады. Бұл мәселе өз алдына бір зерттеу, дәлелдеуді күтіп тұр десек артық болмайды.

Қаншама қартайып, пайдадан қала бастаса да, Ақанның қолында көп жылдар болып, талай-талай қуанышқа бөлеген құсының бір түнде өліп шығуы Ақанға тағы батады. Ол аз деп, көп күн өтпей-ақ, қасқырға деп салған ұды жеп Базарала тазы өледі. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, Құлагерге өзбетімен мініп шабамын деп жүріп, аттан құлап інісі Әйберген қаза болады. Осылай Ақанның басына ауыр хал үйіліп-төгіліп әншінің өмір салмағын ауырлатады. Ақанның қолында қызығы да, өмірі де болып Құлагер ғана қалады. Құлагердің буы Ақанды бұл ауыр жағдайдан тағы шығарып алады. Қалай дегенмен де Құлагердей өрен жүйрік Ақаннан басқа бір адамда да болмайды.

Мына бір салмақты жеңілдету мақсатында Ақан ел аралап кетеді. Өн, өлең арқылы аз да болса көңілін көтергісі келеді. Осы сапарында Ақан Қарауыл Шәкейдің Ыбрайының қызы Балқадишамен кездеседі. Балқадиша өзінің атына сәйкес көрікті болады. Ақан онымен ойында танысып, сырласады. Қыздың мінезінің, түрінің тартымдылығы сонша, Ақан оны жібергісі келмейді. Бірақ қыздың жеңгесі болмай қайталық дегесін Балқадиша тынышсыздана береді. Оны сөзген Ақан:

Дегенде Балқадиша, Балқадиша,
Есілді өрлей біткен тал Қадиша.
Жеңгеңіз қайталық деп асығып тұр,
Рұхсат бізден сізге бар Қадиша,—

деп өлеңмен өзінің амалсыздан, қимаса да, рұхсат беретінін айтады. «Балқадиша» да халыққа кең тараған ән. Оны да түсіндіріп жатудың керегі аз. Бұл Ақан өндерінің ішінде көңілді, ойнақы, қысқа қайрылатын: «бір айтар» ғана ән. Музыкалық жағынан пәлендей терең болмаса да, белгілі жағдайды суреттеуде өзіне тән формасы, «тілі» бар шығарма. Әннің шығу жағдайы ол арада шырқатып, созып, баптап жататын болмай, асығып тұрған қызға бір ауыз да болса өзінің ықласын білдіріп қалу мақсатында, әр нотаны созып жатпай, жәй ғана әндетіп айтқан көңіл күйі сияқты. «Балқадиша» осындай, шағын бола тұра, тілінің өткір болғаны себепті композиторлардың творчествосынан кең орын алды, көптеген шығармаларда тақырып болып жүр. Мұның қайғы-хасреттен, өкініштен аулақ, басынан аяғына шейін көңілді, жарқын болуы біздің заманның кейпін суреттеуде үлкен роль ойнайды.

Ақанның көпке белгілі шұрайлы шығармасының бірі «Мақбал» әні де осы бір кезеңде туғанға ұсайды. Бірақ «Мақбалдың» қандай жағдайда шығуы жәйлі анық дерек жоқ.

Үйірі қысрақтың мақбал-қара,
Шашыңды күндіз өріп, түнде тара.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Ей Мақбал, мойның бұрып бермең қара.

Біз қайтып өлге қарай бастық қадам,
Сипатың хатқа симас айтсам тамам.
Мақбал қыз, мұнша неге зарланасың,
Елге алып кетпес бө өдім көлсе шамам,—

деген сөздеріне қарағанда Ақан елінен біраз жер шығып барып, Мақбалды көрген болу керек. Мұнда да баяғы өңгіме: жақсы көрген

қыз бен жігіт, заман заңы бойынша қосыла алмау. Мұның бәрі де Ақанның өз басынан өтті деуге тағы болмайды. Осындай бір өмір суретін көріп, ақын-әнші соған арнауы да мүмкін. «Мақбал» терең сырлы, ішінде мұң да, үрей де, арман да, өкініш те бар ән. Бірақ бұл айтқандарға қарап әнді зарлы деп түсінбеу керек. Мұң мен зардың, қайғы мен үрейдің творчествода үлкен айырмалары бар. «Мақбал» мелодиялық дамуы аса заңды, тыңдаған адамға әсері күшті, лирикамен қатар, драмалық элементтері де бар ән. Әсіресе дарынды халық композиторларда кездесетін кейбір альтерациялық дыбыстар «Мақбалды» да көркемдеп тұр. Ақанда ол жиі кездеспейді. Бірақ керек жерінде таңқаларлықтай тауып қолданады. Біреулер «Мақбалды» Ыбырайдікі (Сандыбаев) дейді. Бірақ музыкалық кейпіне қарағанда, Ақанның творчивосы екендігі сезіледі.

Осы сапардан Ақан еліне келгенінде оны тағы бір кесел қарсы алғалы тұрады. Ереймен еліндегі Керей Сағынайдың асы болады. Ақан бір нәрсені сезгендей ол асқа барғысы келмейді. Өзінің де, Құлагердің де жауы бар екенін біледі. Ақыры ағайынның кеу-кеулегенімен баратын болады. Бірақ Құлагерді жасырып алып барады, бәйгіге қосылып кеткенше ешкім білмесін дейді. Шабатын аттарды қарап жүрген Күреңбай деген атсейіс Құлагерді таниды. Осы Күреңбай арқылы Құлагердің бәйгіге қосылғанын қуандық ішіндегі Батыраш-Қотыраш деген байлардың балалары есітеді. Олардың бәйгіде алдын бермей жүрген аттары Аққошқар Сайдалының асында Құлагердің шаңына да ере алмай, күпілдеген көкіректері бір басылып қалған-ды. Міне осылар құзғындай жиналып, Құлагерге қастық жасамақ болады. Ат арқылы халыққа беделі артып, бай балаларынан қадірлі болып бара жатқан Ақан серінің де белін сындырғысы келеді. Топ аттың алдында жалғыз қара үзіп келе жатқан Құлагердің жолын тосып тұрып, Батыраш-Қотыраштың адамдары Құлагерді шоқпармен ұрып өлтіреді. Төбенің басына шығып Құлагерді қарап тұрған Ақан сері алдыңғы аттың түсінің өзге екенін көріп, бірден тынышсызданады. Бір жамандықты көңлі сезгендей, қасындағыларға:

Жел болса қамыс басы майда деймін,
Ат қостым ат айдаушы айда деймін,
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,
Жығылмаса Құлагер қайда деймін,—

деп зарлай бастайды. Ақан ойлағандай аттардың ішінде Құлагер жоқ болып шығады. Аласұрып шауып іздеген Ақан сүйікті жүйрігінің беломыртқасы үзіліп, өліп жатқанын көреді. Басында сарнап отырып қалады.

Құлагер кішкентайдан керім едің,
Нағашы сұрағанда беріп едің.
Асына Арғын, Қыпшақ қосқанымда,
Алдында алпыс аттың келіп едің

Құлагер әкең тұлпар, шешең сұңқар
Соғып ем құнаныңда он бес арқар.
Өлді деп Құлагерді есіткенде,
Басыңа сауысқан да құран оқыр.

Ақша қар бүгін жауса, ертең кетер,
Қайғысы Құлагердің маған өтер.
Ат тауып енді сендей мінгенімше,
Құйрығы ақтүйенің жерге жетер.

Құлагер жаз жайладым, күз жайладым,
Тұсына қызды ауылдың көп байладым.
Өлгенін Құлагердің көргенімде,
Жұлдым да сақалымды ойбайладым.

Ор болып қалушы еді шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыз сағақ сандалкерім,—

деп Құлагерді жоқтап өлең айтады. Құлагерді тек мал еді деп жоқтамайды, оның өлімі Ақанның жанына жара салады. Сондықтан Ақанның жүйрігін айтып шығарған әні «Құлагер» атанғанмен ол әнді серінің жан ашуының туындысы деп қарау керек. Құлагерді өлтірушілер бір жағынан жүйріктеріне бой бермейтін өреннен құтылғысы келсе, екіншіден Ақанның жығасын жыққысы келді. Олар ол мақсаттарына жетті деуге болады. Өйткені, шынында да Құлагердің өлімі Ақанның өмірінде үлкен соққы болды, өншіні рухани жағынан біраз өлсіретіп тастады. Жігіт кезінде ел аралап, өн салып, думанқызық арасында жүргенінде Ақан қоғам өмірінде зұлымдық түбі қайда екенін іздеп өуре болмайтын. Байдың да, кедейдің де жаманы-жақсысы болады деп жүре беретін. Енді Құлагердің оқиғасынан көйін зұлымдық түбінің қайда екенін қараңғыда сипалағандай болса да, іздей бастады. Олай дейтініміз — қоғам өмірінің сан алуан құбылыстарының ішкі қозғаушы себептері жәйлі Ақанның мәліметі болмайтын. Бірақ негізгі зорлықтың, адамшылық деген үлкен сөзді аяққа басатын соқыр күштің байлардан шығатынын практикалық өмір жүзінде өз көзімен көреді. Осыдан келіп «бұл өмірде өділдік жоқ

екен» деген сияқты ойлар басына келіп, біраз уақыт рухани дағдарыста болады. Үнемі терең ойға батып, айналадағылармен көп сөйлеспей, оқшаулана береді. Алайда оның бұл кезін өмірден безгендік деп қарасақ, ол дұрыс болмаған болар еді (Біздің бұрынғы жазғандарымызда сол сияқты қате бағалар болды). Біреулердің «Ақанды жас ортасына келгенде жын ұрыпты» деулері де серінің аз уақыт болса да моральдық дағдарысқа кездескен кезі болатын.

«Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» деп Абай айтқандай, арада уақыт өткен соң Ақан творчестволық формасына қайта түседі. Бұл кездерде жасы елуге келіп, әрнәрсені болжайтын, өмірден тәжірибесі бар, ащы-тұщыны татқан адам болады. Өзінің хат білетіні арқасында түрлі кітаптарды, біріндеген газет, журналдарды оқиды. Өткен өмірінің ойы мен қырын, жолы мен соқпағын, асуы мен өткелін шолиды. Айналаға көз салады. Ел аралап, қалаларда болып, жақсы-жаманды көзімен көрген Ақан, елінің білім-өнерден кенже қалғанына қынжылады. Ел «жақсыларына» қосылатын болыс, билердің пара жеп, халық ішінде лайсаңдық тудырып, шен-шекпен үшін қандай сұмдық қылмысқа да бара алатынын көреді. Өнер іздеуден аулақ, жәй қолы бостыққа мәз болып жүрген жастарға да ренжиді.

Болғанда мұндай күйде заманамыз,
Жәй жатып сахрада қамаламыз.
Болыс, би ет пен шайға мәз болуда,
Қайткенде тура жолды таба аламыз.

Жігіттер өнер үйрен заманыңда,
Денсаулық әлің келген аманыңда
Жәйіліп сахрада жатамыз деп,
Қалдық қой надандықтың табанында,—

деп, туралықтың жоқтығын, заманның жайсыздығын, сахрада қамалудың болашаққа ешнәрсе бермейтінін жырлайды. Әрине, Ақан халықтың ішінен шыққан, қаны-жаны араласып кеткен шығармаларында демократиялық элементтер анық көрініп отыратын. Сондықтан да ол айналасына қандай өсек ерсе де, қызықты бұл дүниеден іздеуінен танбайды. Әлі де өзінің көңлінің көтеріңкі екендігін жырлайды:

Ой қалқа, біздің көңіл қайда жатыр,
Толқыған он төртінші айда жатыр.
Ат тұрса, атан тұрса көз салмаймын,
Арғымақ мың теңгелік тайда жатыр.

Гүл шашақ, жасыл бояу жайлауында,
Көңілім ел конбаған сайда жатыр,—

дейді. Өлеңнің «ой қалқа» болып басталуы да жәй емес. Жоғарыда айтылғандай, Құлагер трагедиясынан біраз уақыт өткеннен кейін творчестволық шабытқа тағы оралған Ақан, «кәрі жыны» қайтадан ұстап, мазмұны өзге болса да, махаббат мәселесін музыкада тағы көтереді. Жасы елуден асқанда, сол өмірдегі үш сұлу қызды көріп, оларды мадақтайды. Ақанның бұл әні халық аузында «Үш тоты құс» атанып кетеді.

Бүгін мен ұйқтап жатып көрдім бір түс,
Көргенім Иран-бақта үш тоты құс.
Бірің маржан, меруерт, сапы бірің,
Көргенде үшеуіңді көңілім қош,—

деген сөздермен ән басталады. Бұл басы речитавив¹ сияқты сөзінің мәні басым болып, кейін кантиленаға² көшетін ән. Музыкалық жағы Ақанның туындысы екеніне күмән келтірмейді. Ақан жәйлі музыкалық шығарма жазатын композиторға дайын тұрған аса қымбатты материал. Сөзсіз, мұнда «Құлагердегі» құлаш, мелодиялық түйін, айдындай шалқыған тыныс, терең мазмұн жоқ. Қысқаша айтқанда бұ да «бір айтар» ән деуге болады. Кім біледі, әркім бір орындап жүрген нотасыздық қалыпты заманда, әннің бастағы оригиналы өзгеріп, бізге шөжіп барып жетуі де мүмкін. Сондықтан, «Үш тоты құсты» ғана емес, Ақанның басқа әндерін талдағанда да бас-көзіне қарамай, батыл пікір айта салудың шындыққа біраз дақ келтіруі де мүмкін нәрсе.

Жасы алпысқа келгенде де Ақан ән салуын қоймайды. Бұл кездерде жас шағындағы өлең-әндерінен басқа тақырыпқа көшеді. Бұрынғыдай шырқап салатын дауыс күші де әлсірейді. Сондықтан ба, Ақан ақыл, насихат, толғау сияқты сөздерді термелеп айтады. Бірақ Ақанның термесі біз білетін жыраулардың төкпе жыр музыкасына ұқсамайды. Оның термесінің өзі құрылыс, ырғақ жағынан бір төбе болып тұрады.

Белде, белде бел асар,
Белгілі жерден ел асар.
Әлдилеген ақ бөсік,
Көліншекке жарасар.

¹ Әуендік толқуы сараң, сөзін тақпақтап айтатын ән.

² Шырқатып айтылатын ән.

Қозы жаурын, қу садақ,
Тартушы ерге жарасар.
Алты қырлы ақ мылтық,
Атушы ерге жарасар,—

деп басталатын сөздермен, мелодиялық толқуы аса кең емес, шамалы көлемде болып, орындаушыға жәйлі терме кетеді. Ел арасында Ақанның бұл әні-термесі «Белде, белде, бел асар» деген атпен тарайды. Терменің басқа да сөздері бар, бірақ біз оның бәрін келтіріп жатуды орынсыз көрдік.

Ақанды біздің ғасырдың сегізінші—тоғызыншы жылдарында көрген адам, оның сол жетпіске таянып қалған күнінің өзінде, айналадағылардың сұраулары бойынша ән салғанын айтады. Ол кезде Ақанның үстінде түйе жүн шекпен, түймелі қара камзол, саптама етігі болады. Кездесу Дәулеткерейдің (Бөкейдің Дәулеткереймен шатыстырмау керек... А. Ж.) үйінде болады. Ақан «Құлагерді» айтады. Дауысы жіңішкеріп, күші азайған кезі болса да, музыкалық жағынан өнде кіршік болмайды. Аяғында Ақан жылап жібереді, жатып қалады. Халқына «дарқан» атанған әнші егде тартқан кезінің өзінде «Құлагер» сияқты әннің ардақтысын айтқанда, оның барлық трагедиясы көзінің алдына елестеп хиялы сонау бір Сағынайдың асындағы бәйгеге тіреледі.

Дарынды суреткер, осы әңгіменің ортасында айтылғандай, халқына сенеді, жуандардан көрген зәбірі естен кетпейтіндей болғанымен, өзінің атының да халық есінен кетпейтініне сенеді. Бұл заманның заңын өзгерту үшін оқу-білім керек екенін, сонда көп күш жатқанын қосып, өзінің арманын жырлайды.

Басылған талай жаннан біздің қарқын,
Шығарар оқығандар сөздің дәрпін.

Санамен салмақтайтын ер табылса,
Айтылмай неге қалсын менің атым,—

дейді. Өмірде жақсылық үшін, адам жанын жоғары көтеру үшін күрескен сері, бостан босқа бойындағы күшін, қолындағы қаруын сілтемегенін сезеді.

1913 жыл. Ел жайлаудан келіп, күзекке отырған. Ералының (Ақанның жездесі) үйі. Төр алдында қалың етіп жайған төсекте ауру Ақан. Ардагер әнші, бірнеше күннен бері тамақ ішпейді. Ұзын кірпігін шаңыраққа тігіп үнсіз жатыр. Жүзінің нұры таймаған. Өлі де сұлу, қараған көз тоймайды. Ақан ауру дегенді есіткен адамның келмегені, көңлін сұрмағаны аз. Басында қызыл пәсі бар, үкілі Ыбрай Ақанның

қасынан кетпейді. Күндіз-түні бәйек болып, серінің өмірін «құдайдан тілегеннен» басқа қайраны жоқ, отырады. Ауру күннен күнге меңдетеді. Ноябрь айының аяқ кезінде ардагер әнші, халқын қызыққа бәлеген сері, дарынды ақын, үлкен жүректі адам соңғы рет бір демалып, сұлу қара көзін жұмады. Фатимадан туған жалғыз ұлы Ыбан (шын аты Ыбрайым) мейрімді әкесіне тіс жарып ешнәрсе айта алмай, тек ыңырсыған бірнеше дыбыстар арқылы өзінің жан қайғысын сыртқа шығарып, Ақанның бетін жәйлап жабады (Ыбан мылқау болған).

Ақанның соңында өлеңі, әні, өмірінің шежіресі қалды. Айтушылар Ақанның көптеген әнін арқаға жаюшы болғанның бірі жоғарыда аты аталған «Үкілі Ыбрай» (Сандыбаев) деседі. Ақанның әндерін біздің тұсымызда жақсы орындап жүргендерден: Жүсіпбектің, Қуанның, Мәжиттің, Мұсаның, Темірболаттың, Манарбектің, Қосымжанның аттарын атауға болады. Ақанның ән творчествосы соңғы жылдарда бөлек кітапша болып басылып шықты. Бірақ әлі де Ақанның әндері, сөзсіз, елде болу керек. Ақан творчествосы совет композиторларының шығармаларында үлкен орын алуда. Оның «Құлагері», «Жалбыр» операсындағы «Көкжендеті», «Бал Хадишасы», «Сырымбеті» («Айман—Шолпанның» екінші вариантында) «Қараторғайы» бірнеше композитордың гармонияландыруында аспапты музыка шығармаларында пайдаланылған. Сол сияқты «Мақбал» әні «Ақан сері — Ақтоқты» пьесасына енді. Осының бәрі де дарынды композитордың музыкалық тілінің заман алдын ораған қырағы екендігін, шығармаларында демократиялық түйіннің терең тамыр жайғандығын ыспаттайды.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде Ақанның ақын достары көп болғанын дәлелдейтін деректер бар. Сердалы, Тілеубай, Мәмбеталы, Жәмшит деген кісілердің біреулері Ақанға туралай шәкірт болса, екіншілері ақынның талантына бас иіп, қолдарынан келгенше Ақанға жәрдемдесіп отырған. Әрине, ақындардың бәрі бірдей прогресстік көзқараста болды десек, ол тарихқа қиянат болған болар еді. Мысалы, Ақанның орыс тілін білуі арқасында және оның өнерімен қатар келбетінің де аса келген, сүйкімділігі арқасында қазақ қыздарының алдында емес, орыс қыздарының ішінде де әншіні қатты құрметтеген, оның қабілеті алдында жүгінгендері болған. Ақанның мәдениеті жоғары, түрлі білім, өнер тақырыптарынан өңгімелескенде үлкен жаңалық, соңғы мәлімет бере алатын кейбір орыстың оқыған қыздарымен жақын жүріп, өңгімелескенін сорақы көрген ақындар да болған. Сүйіндік Нұрқожа ақын қаншама поэзиялық жағынан аты шығып, кейде бұл дүниенің қызығының артықшылығын баса айтатын уақыттары бола отырса да, Ақанның жоғарыда баяндалған істеріне түгелдей наразы болып, оны «сен матушкаға да ға-

шық болдың, олармен де байланыстың, мұсылман дініне кір келтірдің, шоқынуың ғана қалды» деп кіналаған. Бірақ «Өзім сал, өзім сері, мен кімге зар» деп әндеткен Ақан оңдай сөздерге ылықпаған. Ақанды сүрінтеміз деп, оның атын өлтіріп, итін улап, сүйген қызын тартып алуға адамдардың әлі келсе де «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегендей, серінің әнін, өлеңін, сөйлесетін, мұңдасатын адамдарымен, жақсы көрген қазақ-орыс қыздарымен кездесуіне тыйым сала алмаған. Өзінің орыс тіліне зер салуы арқасында ауызша болса да толық түсінісе алатын жағдайға жетуі — Ақан үшін үлкен табыс болған.

Көптен көп паклон айттым скажия,
Сырымды жасырмадым сізден зия.
Именной, искренной түсініңіз,
Хорошенко сестра сватия,—

деген өлеңді Ақан бір орыс қызына шығарса керек. Өзі орыстың бір ауыз сөзін білмейтін Нұрқожа сияқтыларға Ақанның өлеңіне орыс сөзін сүйіп қосқанының өзі де біраз әңгіме болады. Бірақ Ақан оны да ескермейді. Он тоғызыншы ғасырдан бастап қазақтың ақын-әншілерінде болған-білген орыс сөздерін өлеңдеріне қосу үлкен ілгері басқан қадам болды. Ал, Ақан болса, ол тек Қызылжардан әрі озбаған, өмірбойы Көкшенің, Қоскөлдің айналасынан шықпаған адам емес, біраз сол кездің мәдениет, әкімшілік ортасы болған жерлерді көрген. Омбыға патшаның мұрагері келгенде Шыңғыс төре Ақанды алып барады. Ақан мәжілісте ән салады. Ақанның әні тыңдаушыларға, оның ішінде Петербургтан келген үлкен қонақтарға ұнайды. Әншінің талантына, орындаушылық шеберлігіне, әсем дауысына, көркем талғаммен киінген киімінің сәнділігіне риза болған патша мұрагері Ақанды алтын медальмен наградтайды. Біздің болжалымызша Омбының бай архивын ақтарса Ақан жәйлі деректер табылып қалуы сөзсіз. Мүмкін Ақанның сонда түскен суреті де сақталған болар.

Жас кезінде дін оқуын көп оқығанмен Ақан дінге беріліп, соның жолын қуып кетуден бастартады. Әрине, оған қарап Ақан атеист болды десек, артық айтылған сөз болар еді. «Ораза деген қазаққа, құлшылық емес қой» дегендей, Ақанның құдайға, пайғамбарға сенуі өдет айналасындағы ғана нәрсе сияқты. Құдайды айтуға аузы бармағанмен, «пайғамбарды ешкім осы күнге шейін көрген жоқ» деуі, оның болуына күмән келтіруі деп қарау керек. Өйткені Ақан Ғалия-нұр деген ноғайдың өзін «пайғамбар жүздімін» деп мақтанғаны үшін өлеңмен қатты кекейді:

Мұхаммед — алла досы, пайғамбары,
Пайғамбарды көрген жоқ жұрттың бәрі.
Пайғамбардың сыпаты сендей ме екен,
Орақ мұрын, шегір көз, ақжал сары,—

дейді. Бірінші қараған кісіге бұл сөздер пайғамбарды жақтап, қорғап тұрған кісінің аузынан шыққан сияқты болғанымен, терең үңілсе, пайғамбардың болғанының өзіне күмән келтіріп тұрған жәй бар. Ақанның ссыған ұқсас өлеңдерін өздерінше жорудың нәтижесінде елуінші жылдардың басында кейбіреулердің «Ақан сері қазақты Россиядан бөлініп, Туркияға қосылуға шақырған өлең жазыпты» деп жүргендері — Ақанның астарлы сөздерінің мәнісіне жете алмағандық. Соңғы кездегі зерттеулерде Ақанның өмір жолынан ондай шалыс қадам көрінбегенге ұқсайды. Қайсыбір өлеңдерінде құдайды, құранды, пайғамбарды, исламды айту болса, оның бәрі де исламдық шығысқа қосылудың уағыздауы деу дұрыс емес. Ақан сияқты өнер қуып, барлық дүниелік қызықты көргісі келген адам о дүниенің жырынан аулақ болады. Бұл жөнде осы жылда басылып шыққан Ақан сері туралы үлкен кіріспе мақаламен ашылатын, ақынның шығармалары (өлеңдер жинағы) қомақты деректер береді.

Ақанның Құлагерінің оқиғасы тек Атығай-Қарауыл айналасында әңгіме болып қалмай, үш жүзге тегіс тараса, біздің заманымызда ол әңгіме жер жүзіне жайылды деуге болады. Отызыншы жылдардың ортасында қазақтың атышулы ақыны Ілияс Жансүгіров «Құлагер» атты үлкен дастан жазды. Дастанда тек Ақан серінің, Құлагердің айналасында емес, ол оқиғаның сол заман трагедиясы екендігі жақсы көрсетілді. Ақан өмірінің бір ғана оқиғасын, бір ғана бөлігін осындай үлкен дастанға тақырып ету — Ақанның өз уақытына қарай үлкен жүректен шыққан көкейкесті сөздер, үндер қалдырып, кеткенін дәлелдейді. Ілиястың поэмасы қазақ поэзиясының ірі туындысының бірі болып, қазақ совет әдебиетінің алтын қорында қалды.

Қырқыншы жылдардың басында жазушы Ғабит Мүсірепов «Ақан Сері — Ақтоқты» атты трагедиялық пьеса жазды. Ол пьеса осы күнге шөйін көрушілердің назарын үнемі аударумен келеді. Ғ. Мүсірепов Ақан өмірінің тек бір ғана кесегін алып, үлкен шеберлікпен, шындықпен өншінің көпсырлы образын жасады. Мұнда өсіресе Ақанның дін сырын жақсы түсініп, оның халықтың көзін ашуда үлкен көсел екенін, қанаушы таптың қолындағы қару екенін, әрбір өнер, адамгершіліктің негізіне қарсы екенін, Ақан болса, басында дін оқуымен ауызданса, оның жөйін аша келе жиіркенгенін өдемі берген. Пьеса Ақан тұлғасын шебер мүсіндеген, тек Ақан емес, кешегі заманда халықтан шыққан өнер иелерінің жалпы тағдырын көрсетеді.

Соңғы жылдарда қазақтың халық композиторларының өміріне, творчествосына көп көңіл бөлінуде. Олардың әрқайсылары туралы бұған шейін шағын мақалалар, көрген адамдардың естеліктері ғана жазылып келсе, осы кезде халық композиторларының өмірі мен творчествосына арналған үлкен, қомақты зерттеулер, диссертациялар жазылып жатыр. Соның ішінде, алдыңғы қатарда Ақан сері бар. Алдағы бір-екі жылда Ақан туралы үлкен зерттеу жарыққа шықпақ. Бұл арада тағы бір айта кететін нәрсе — Ақан және басқа да халық композиторлары жөнінде ел арасында деректер әлі күнге бар. Олар толығынан жиналып алынды деуге ерте. Біздің советтік музыка тану ғылымында жүрген кәрі-жас қайраткерлер халық ішінен шыққан, халқының ең жақсы деген рухани қасиеттерін мадақтауда айта қалғандай еңбек сіңірген адамдарын жарыққа шығарулары керек



ҮШ ТОТЫҚҰС

Ақан сері

Қоңырлата.

А бү-гін мен ұйқ-тап жа-тып
көр-дім бір түс көр-ге-нім И-ран-бақ-та
үш то-ты құс, Бі-рін,са,бі-рің мар-жан,
бі-рің мер-уерт, Көр-ген-де ү-ше-уің-ді
кө-ңі-лім қош. А Құ-ла-гер,көк-жен-де-тім
ес-ке тү-сіп, Ай-ры-лып а-қы-лым.
нан бо-лам би қош.

МҰХИТ



Қаңтардың қылшылдаған аязды бір кешінде, Жақсыбайдың бойын қуалай, үстінде томар бояуға салған, сарғылт түсті сеңсең тон, қырықпа шалбардың

балағы байпақты етіктің ішіне салынған, басында шошақ төбелі тымақ, ұзын бойлы бір адам қолшанасын сүйретіп, мезгіл-мезгіл демалып, қараңғылық қоюланған сайын жүрісті жеделдетіп келеді. Қарсы алдынан соққан үскірік жел бет бақтырмай жаяу адам үнемі ыққа қарап, ағарып бара жатқан бетін, мұрнын уқалай береді. Алғашқыдағы жаяу борасын енді үлкеюге айналып, жаяуға нешетүрлі қауыпты ойлар салды. «Қазақтың иегінің астында үш күн жүресін» дегендей, бұдан бір сағат шамасы бұрын алыстан қараңдаған ауылдың қарасы қапелімде жоқ болып кеткендей болды. Бір жақсысы — шана көп жүріп тапалып, қар бетінің деңгейінен біраз жоғары шыққан жол адастыратын емес. Қалай да ауыл шетіне жету үшін жаяу адам бар күшін жинап, боранмен алысып, ілгері басып келеді.

Әлден уақыт өткенде жаяудың құлағына бір дыбыс естілгендей болды. Құлағын түріп, тез жүргеннен дүрсіл қаққан жүрегін тоқтатып тыңдап көріп еді, ит екенін, қасқыр екенін айыра алмады. Осы бір сәтте жаяудың көзалдына осыдан бірнеше күн бұрын ауылдас адамның бірін түнде қасқыр қамағаны, астындағы атының қынулылығымен ғана оның аман қалғаны есіне түсті. Бұл болса жаяу, басқа қаруы жоқ, қасқыр келсе жейді. Бірақ ондай ойды тез үзіп тастап, тағы құлағын тосып тыңдап еді, әлгі ұлыған да, үрген де ит болып шықты. Жаяу енді жолдан шығып, сол иттің даусы естіліп тұрған жаққа кілт бұрылып тартып береді. Көп ұзамай төбесіне шейін қар басқан, тек шошайып моржасы ғана қалған бір зілмәккеге келді.

Сығырайған кішкене терезенің басқа көздерін қар басып, тек үстіңгі қарын керіп қойған бір көзсымағы ғана ашық тұр екен, содан келіп жайлап қарады. Жас келіншек қазаннан бір нәрсенің буын бұрқыратып тостағанға құйып жатыр екен. Шабалаңдап үріп, тонының етегін тістелеген итке артынан ұстаған таяғын кеміртіп, сыртқы есік жабылмай тұрып албарға кіріп кетті. Біресе жылқыға, біресе сиырға соғып, «кішт-кішт» деп дауыстап, сыйпалап жүріп үйдің есігін тапты. Ол «Кеш жарық» деп кіріп келгенде келіншек баяғы қазан-аяқтың бетін бірдемемен жаба салып, күтпеген жерден келген қонаққа қарап біраз кідірді. Қонақ ешкім «төрге шық» демей-ақ аяғын шешіп, сәкінің астына етіктерін қойып, жоғары қарай тырмыса берді.

Аздан кейін мал байлап, қора-қопсысын бекіткен байдың малайлары, бәйбіше келді. Бәйбіше де көзінің аласымен қарап, қонақты жақтырмағандай кейіп білдірді. Бұл үйдің қонақ қондырмайтынын бастан білетін жолаушының «құдайы қонақпын» деп сырттан мүлгіп, ұлықсат сұрамай, баса-көктеп кіріп келу себебі де осы еді. Енді мына қара боранда қуып шығуға батылдары бармайтынын біліп, осы үйдің бір көптен бері келмеген жекжатындай, киімдерін баптап, қойнында келген үкілі сары домбырасын киіз қабынан шығарып, біраз кепсін дегендей жарға сүйеп қойды. Домбыраға бәйбішенің де, келіншектің де көздері бірдей түсті. Келіншек аз ғана миығын тартып күлімсірегендей болды. Сыр бермеуге тырысқан бәйбіше түсін қанша суытқанымен, оның бетіндегі ызғар да көктемгі өкпек жел соққан қардай ери бастады.

Кішкене жылынып, өзіне-өзі келген кезде, қонақ домбырасын алып бұрап, бірнеше рет қатты-қатты қағып жіберіп, сағадағы перненің бірін басып шырқап жіберді. Әлден уақыт бір дыбысты созып тұрды да, дауысын не домбырасын байқағандай, өзіне-өзі ризалық пішінмен домбырасын қайта жарға сүйей салды. Бәйбіше де, келіншек те, малайлар да ауыздары ашылып, екі көздері бейуақыт келген қонақтың бетіне қарап шығып барады.

Келіншек баяғы беті жабылған ыдыстарды енді біріндеп ашып, қайта-қайта қонаққа қараумен болды. Бірақ қонақ сыр бермеді. Бір нәрсе ойына түскендей, өзімен өзі болып, бір сөт айналадағыларды елемеді. Қонақтың бұл мінезі үйдегілердің ынтызарын оған бұрынғыдан да қаттырақ аударды. Буы бұрқыраған сары самауырдан келіншектің тал шыбықтай майысқан қолдарымен құйылған шайды ішкенде қонақтың жолшыбай көрген бейнеті, бастан кешірген хауып-қатері ұмытылып, бейілі кеңіп, біразға созылған шайдың аяқталуын күтпей, домбырасын алып, үлкен көздерімен айналаны бір шолып, тамақты көнеп, бір қозғалып қойып, көнет түсін суытып, іштегі шөрін сыртқа шығарардай:

«Халыққа салмақ түсті Мешін-Тауық,
Жігітке атқа мінген болды қауып.
Оралдан ән оздырған Мұхит ағаң,
Үйінен іше алмай жүр көже тауып»,—

деп, әннің аяғын өлеңнің соңғы «көже тауып» деген сөздерін қайталап, біраз созып барып бітірді. Әнші дауысын көтерген жерде аласа зілмеңкенің төбесін көтеріп тастағандай әсер етті. Есік жақта отырған малайлар жоқтықтың ауыр салмағын бір сәт ұмытқандай, бастарын изеп, әннің ырғағына балқып отырды. Келіншек болса, ол әншінің даусына қорғасындай балқып, кейде шыныаяқтарды шатыстырып, енесінің ала көзімен қарағанын сезгенде ғана өзінің жаңылып отырғандарын байқады. Әнші «Үлкен Ораз» әнімен тағы бір ауыз айтты да, терін сүртіп, домбырасын бұрынғы орнына қойды.

— Қапелімде Сіздің кім екеніңізді біле алмай, жақсы қарсы ала алмадық, онымызды кешіреңіз! — деді, келіншек екі беті гүл-гүл жанып.

— Осындай бейуақытта әнші қайным келіп қалады деп кім ойлаған, «Тоғай аралаған үйші болады, ел аралаған сыншы болады» деген ғой, жүрген жеріңде бізді сынап жүрсең де, міней бермесің! — деді, бәйбіше.

— Оқасы жоқ. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген ғой! — деп өлеңі арқылы өзін таныстырып та қойғанын байқамаған әнші дағдылы кең пейілдігін көрсетті.

Өздеріне деп асқан көжені былай қойып, бәйбіше қонаққа сүр асуға айналды. Тоңып, қарны ашып қажыған Мұхитқа бұл бөтен көрінген жоқ. Бірінің артынан бірін бірнеше ән шырқап, тыңдаушылардың айызын қандырғандай болды. Үй ішіндегілер Мұхиттың бұл келуін үлкен бір бақыттай көрді. Ен далада, жалғыз үй, малдан басқа «қызығы» жоқ болып отырған адамдарға Мұхиттың әні жан азығын молайтқандай, кейбіреулері үшін сонау бір жас кездегі ойын-сауық, думанды кештерді көз алдына келтіргендей болды. Баста тыңдаушылар бір әнші келді, біраз көңіл көтеретін болдық-ау деген сияқты ойда болғанмен, Мұхиттың қажырлы әндерінің сөздерін түйгенде, жай қыдырма өнерпаздың бірі емес, кесек тұлғалы адамды көрді. Оның әні отырғандардың әрқайсысының да іштегі жатқан шерлерін жібітті. Байдың бәйбішесі болғанмен, оның да еріксіздің бірі екені, келіншек болса оның малға сатылып сонау алыстан келгені, малайлардың боран мен малдан, бейнеттен басқа ешнәрсе көрмей жүргенінде адам жанын қозғаған асқақ үннің әсері — осылардың бәрі қосылып, кейде айнала отырған адамдардың шаршағаннан қалғып кеткен халдері әншінің көз қиығына түсіп қалды.

Әннің арасында Мұхит күлдіргі әңгімелер айтып, отырғандарды

біраз серпіп тастап отырды. Өйткені бұл кісі тек әнші ғана емес, өңгімеші де болатын. Мұхит біраз уақыттан бері өзінің тыңдаушыларының психологиясын байқап отыратын да болған. Міне, осылай, өнінің әсері әбден жеткен кезде, ол демалыс есебінде өзінің жүрген жерлері, көрген адамдары, қалалары жайлы әңгіме қозғап, өмірде осы зілмеңкенің айналасынан шықпаған, жаз айларында көшсе белгілі жайлаулардан басқа жаққа бұрылып көрмеген бәйбішенің, келіншектің ауыздарын сылп еткізіп, таң-тамаша қалдырды. Ол кездің жағдайында Мұхиттың Орынбор, Тройск, Ақтөбе, Гурьевке баруы үлкен жиһанкездік болып қаралатын.

Тамақ ішкеннен кейін де Мұхит біраз әңгіме айтып, шетте жатқан мал жағдайын ғана көздеп, жалғыз үй отырған адамдардың ұйқыларын шайдай ашты. Әдетте мал байлап болып, көжесін ішіп, қызыл іңірден жата қалатын үйдің шамы бүгін түн ортасы ауғанша жылтырап тұрды. Қонақ әдетін жасап, далаға шығуға Мұхит беттемегенде, үй іші әлі де отыра беретін шамасы бар екен, бірақ бәйбіше қонағының қажығанын сезіп, келіншекке төсек салуға ым қақты. Кеш бойы аузының суы құрып, жаңа бір дүниенің есігін ашқандай болып отырған келіншек, есінің кеткені сондай, тіпті бәйбішенің бір рет айтқанын естімей қалып, қайта бұйрық бергізуге мәжбүр етті. Барлық тәуір, жұмсақ деген құс жастық, көрпелер ол түні Мұхиттың басы астында болды. Тоңып, шаршаған әнші төсекке басы тиер-тиместе ұйықтап кетті. Әлі де әннің әсерінен бойын құтқарып ала алмаған келіншек, көпке шейін әлде қайдағы өтіп кеткен күндерінің өлестері көз алдына келіп, ұйықтай алмай ұзақ аунақшып жатты...

Ертемен құрт-ірімшік төгілген дастарқаннан шайға қанған Мұхит, енді еліне қайтуы керегін, бала-шағасының күтіп отырғанын айтты да, жан серігі домбырасын қабына салуға ыңғайланды. Осы кезде бәйбіше қасын бір керіп қойып, «жолаяқ» есебінде қайнысының тағы бір ән салуын өтінді. Мұхит домбырасын қайтадан қабынан алып, аз ғана бұрап, «Ақсойқанға» басты. Далада жүрген малайлар терезенің алдына келіп, ал асүйге кеткен келіншек зілмеңкенің есігінің сыртында тұрып тыңдасты. Кешеден бері аз да болса тыныққаннан ба, Мұхиттың дауысы ширығып күшіне өнді. Бәйбіше ешнәрсе айта алмай, біраз уақыт басын төмен салып отырды да, келіншектің артынан тез басып өзі де ас үйге кіріп кетті.

Мұхит «олжалы» қайтты. Өзі тіс жарып ешнәрсе сұрамаса да, өрнінің өмеурінінен таныған тәжірибелі бәйбіше, «балаларыңа азық болсын» деп бір қапқа дән, екіншісіне сүр толтырып, ат-шана жектіріп, Мұхитты ауылына алып барып салдырды. Бұл «Жалпақ қоян» атанған бір қысы қатты, өрі ұзаққа созылған жыл болса керек. Мұхиттың үйінде бір-өкі күндіз қана азығы қалып, жалғыз сиырды қыс

сойып жесе, жаз аштан өлетін болғансын, қолшанасын сүйреп, балаларға бір нәр тауып келсем деп шыққан сапары екен. Әншінің өзінің айтуынша, осы сапар «Мұхиттың Мұхит болғалы ең көп табысқа ие болған сапары» екен. Мұхиттың басында болған, өмір бойы соңынан қалмаған кедейшіліктің бұл, әрине, тек бір көрінісі ғана.

Мұхит туралы баспасөз бетінде бірінші рет біздің заманымызда А. Затаевич өзінің «1000» және «500» әндер жинағының түсінік сөздерінде жазды. Ол Мұхитты «Қазақтың баяны» деп көтерді. Мұхиттың бірнеше әндерінің ноталарын келтірді. Мұхиттың әншілік шеберлігі жайлы ол өте әділ баға беріп, Қазақстанның Батысында Мұхиттың творчествосын белгілі ән «школасы» деп қарау керек деді. Оның бержағында Мұхиттың әндерін нотаға түсірген композиторлар, зерттеушілер Б. Ерзакович, Е. Брусилковский тағы басқалар болды. Соңғы жылдарда Мұхиттың әндері бөлек жинақ болып басылып шықты. Әнші жөнінде мақалалар, қысқа зерттеулер жарыққа шықты. Мұхиттың творчестволық өмірбаянына біраз нәрсе қосылды.

Мұхит 1841 жылы осы күнгі Батыс Қазақстан өлкесі, Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Жақсыбай өзенінің бойындағы Ақ бақай деген жерде туды. Мұхиттың әкесі Мералы недәуір дәулетті адам болған. Жақсыбай бойындағы әдемі шалғын көлді алған кезінде Мералы бір ақбақай ат сойып той қылады. Содан кейін ол көл Ақбақай атанып кетеді.

Мералыдан: Паңгерей, Шаңгерей, Мұхамбеткерей (Мұхит атанып кетеді) Сахыпкерей, Жәнша (ұзын бойлы, түсі ақ болғансын кейін Ақжан атанып кетеді), Жүсіп және Саржан, Дәржан деген екі қыз туған. Шаңгерей, Сахыпкерей, Жәнша, Жүсіп күшті домбырашы, әнші, скрипкашы болған. Бірақ олар өнерпаздық жолды негізгі кәсіп етпей, өнерді қосымша табиғат сыйы деп қана қараған. Бұлардың ішінде өнер қуу жолына түскен Мұхит болады. Ол бала жасынан музыкаға, суретке (ою-өрнек) икем болады. Жоғарыда аттары аталып өткен ағаларының домбыраға, әнге, скрипкаға әуестігінің дәсері болмай қалмайды. Мұхит кішкентайынан домбыра ұстайды. Бір есіткен әнін дауысымен үйреніп те, домбыраға салып та үлгереді. Оның емін-еркін домбыра, әнмен әуестенуіне тағы бір себеп — Мұхиттың балалық шағы кемтіксіз өтеді. Ойын-сауық, ән-өлең қуған тумаларының қасында бұ да бірге болып, жас басынан өнердің дәмін татады. Ауылға келген жыршы, әнші, домбырашы болса, олар қашан аттанып кеткенше Мұхит қастарынан қалмайды. Қолына қайшы түссе қағаз біткенді қиып, ою ояды, хат білмесе де қарындашпен өрнектер жасайды. Мұхиттың өнерпаз ағалары жас талапкердің бұл істеріне үлкен қуанышпен қарайды. Олар да білгенін үйретіп, еңменін өнерге деп созып жастың бетін қақпай, қайта алған бағытының жолында табысқа жетуіне тілектес болады. Мералының өз басы

өнерден аулақ, ата дәстүрін көп сақтағысы келетін адам болғанмен балаларының бәрі бірдей өнерге қабілетті болып кеткенін баста жек көрмейді. Жай, жастықтың желі болар, бара-бара қалар деген үміттен арылмайды. Өзінің аз уақыт болса да старшын болғаны бар, енді балаларының бәрі болмаса да бірқатарын әкімшілік жолына меңзейтін ойы болады. Әсіресе оның жақсы көрген баласының бірі Мұхамбеткерей (Мұхит) ата жолын қуар деп сенеді. Ата жолы деп отырғанымыз — Мұхиттың арғы атасы «ақсүйек» Қаратайдан тарайды. Қаратайдан Еркін, Еркіннен Мералы туады. Енді Мералыдан туған Мұхит домбыра арқалап, ән салып, қыздардың орамалына кестенің бөшпет, шапандарына зердің оюын ойып беріп, басқа дүниеге тіпті бұрылмай бара жатқаны, ескіліктің әдәті қалмаған әкені недәуір ойландырады. Әсіресе жігіт жасына келе бере Мұхиттың өнерге әуестігі үдей түседі. Ол енді ауылға келген домбырашы, әнші, жыршыны былай қойып, өзбетімен ел аралап, іздеп кететін болады. Жыршылардың ұзын дастан, қисса айтып отырып, арасында әндетіп:

«Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер,
Қас жүйрік өрге шапса өршеленер.
Барында қызылыңның құдай шайқал,
Шам-шырақ мың күн жанған бір күн сөнер»,—

деген әңгімелері жас талапкердің көкейіне қона кетеді. «Барлық жақсылық о дүниеде» деген молдалардың үгітінен көрі мына бір сөздердің жаны бар сияқты болып көрінеді. Дүниедегі істердің ішінде Мұхитты тартпағанның бірі әкімшілік болады. Сондықтан Мералының бірнеше рет баласына айтқан ақылы жас өнерпаздың жүрегінен орын алмайды. Бірақ ежелден көңілі таза, мейірімді Мұхит әкесінің айтқанын қимай ауылнай (старшын) болуға келісімін беруге мәжбүр болады. Айтқаны болған Мералы баласының бұл ісіне риза болып, құдайы беріп, әулекі ұлды дұрыс жолға салдым деп қуанады. Ол қуаныш та ұзаққа бармайды. Бір-екі айдан кейін, жасанды әкімшілік Мұхиттың санасынан орын төбе алмай, әке-көке деп бір ауылдасына «дело» толған киіз қоржын мен мөрін беріп құтылады. Еңсесін басқан бір ауыр салмақты лақтырып тастағандай жаны жай тауып, Мұхит өзінше айтқанда, «басына бостандық алады». Бұл кездерде жасы да өгде тартып келе жатқан Мералы «жетектеген төбет қораға үрмейді» дегендей, зорлап баласын әкім ете алмайтынына көзі жетіп, бұрынғыдай ата жолы жайлы уағыз айтуын азайтады.

Мұхит өнер жолына біржолата түседі. Ауыл аралап, қайда ойынтой болса сонда жүреді. Мұхит жиынның сәні болады. Мұхиттың айналасына атағы шыға бастайды. Баласының мұндай «жөргегінен қа-

ғынған» мінезін көрген Мералы аталық борышты сарқа ақтағысы келіп, Мұхиттың «аяғын шырмамақ» ниетке көшеді. Мүмкін үйлі-баранды болса орнығар, отырар, қаңғып кете бермес, әруақты «төре» тұқымына дақ салмас деп ойлайды. Сол мақсатпен Мұхитқа келіншек алып беріп, енші бөледі. Көзінің тірісінде ең болмаса тағы бір отау қондырып, айналасына әруағын көтергісі келеді. Мұхит әкесінің бұл үмітін де ақтамайды. Басы-көзіне қарамай жұмсап, дос-жаран келсе сойып, әдемі киім кию үшін базарға сатып, аз уақыт ішінде баяғы бөліп берген еншіні азайтады. Сайып келгенде күндердің күнінде Мұхиттың қорасында жалғыз сиыр қалады. Басқа тумаларына қарағанда бұл ең кедейі болады. Бірақ оған ренжитін Мұхит жоқ, жүрген жерінде:

Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,
Болады баспағымен төртеу биыл.
Мұхиттың шаруамен жұмысы жоқ,
Елдегі ойын менен жиынға үйір»,—

деп халыққа жариялай жүреді. Әрине, үйдің ішіндегі бас көтерген бір адам тоғышар болғансын мал жинала ма, жылдап ешнәрсе қосылмағанын, жоғарыдағы өлеңнің соңғы екі жолын өзгертіп, кейде:

Алтауға енді жарын толар десең,
Болады жыл айналмай қиыр-шиыр»,

деп те қуақыланып қояды екен. Қалай дегенмен де Мұхиттың қадірі басқа байдың, бардың балаларынан халық алдында артық болмаса кем болмайды. Мұны көрген айналадағы ауыл «жақсылары» Мералының құлақ етін жеп, жалғыз Мұхит емес, басқа балаларының да домбыра, ән, өлең қуып кеткенін бетіне баса береді. Өмірде басы қылтиып көрінген жаңалық, басында әлсіз болғанмен бара-бара өсіп әл бермей кетеді емес пе, міне сол сияқты Мералының қарашаңырағынан шыққан «әулекі Мұхит» енді халық алдында «сал Мұхит» атанады. Жүрген жері айт пен той болады. Ауылда анда-санда болып тұратын той-томалақ болмаса, басқа рухани азық алатын жағдай жоқ заманда Мұхит сияқты өнерпаздардың барған жерлері маз-майрам болып қалады. Өнерді бағалаушы, сақтаушы халық өнер иелерін де қадірлей білді.

Мұхит біраз уақыт орындаушы болып жүрді. Сол өредегі өзі есіткен әндерді айтып, «арықтарын» семіртіп, «семіз» әндерді бұрынғысынан да көтеріп, сәндеп, қайта туғандай етті. Осы кездегі Батыс Қазақстан өлкесін тегіс аралап, бір шеті Орынбор, Қостанай, Жаманқала (Орск), мына жағы Аралды басып Қазалыға шейін бар-

ды. Баста Жақсыбай бойының Мұхиты болса, енді оның даңқы көп жерге жайылды. «Төре» тұқымының «қарамен» араласпайтын салтын бұзып, өнерін байытуда қалың бұқараның ішінде жүрді. Сондықтан «әнші Мұхит», «сал Мұхит» болып аты көпке тарап, оның ата-бабасының кім болғанын ойлау ешкімнің де басына келген жоқ. Мұхиттың өзі болса ол жағына бастан-ақ мән бермеді.

Жасы отызға қарай кеткенде Мұхиттың әншілік тәжірибесі молайып, ел аралау арқылы өмір тәжірибесі де кеңейіп, айналаға басқа көзбен қарайтын болады. Тап тартысының теориясынан жүрдай болғанмен, зейінді, алғыр өнерпаз, іштей жарлы-жақыбайлар жағында болады. Ежелден мал, дүние жиуды мақсат етпеген адам, өнердің қадырын, салмағын — мал, байлықпен салыстырғанда, артық бағалайды.

«Сұрасаң менің атым Таңжарбаймын,
Болсам да малға жарлы әнге баймын»,—

деген сияқты өзінің бай репертуарын байлардың үйірлеген алалы жылқысынан артық көреді. Ал, шынында да Мұхиттың орындап жүрген әндері бүкіл халық мүлкі, ортақ байлық. Мұхит болса сол байлықты еліне жаюшы, мадақтаушы, өзі айтқандай «қызыл өңешінің арқасында» халқымен сол байлықты бөлісуші болды. Сондықтан Мұхит біраз орындаушылық тәжірибе алғаннан кейін өз жанынан ән шығару талабына көшеді. Ол кезде творчестволық қабілеті бар адамды әдейі баулитын, тәрбиелейтін белгілі оқу орны жоқ, кім де болса өзінің басына келгенін ғана, өзінің шамасы жеткенінше ғана талпынады. Кейбіреулерінің алдында ұстазы болып, бірқатар жеңілдік келтіреді. Ал Мұхитта ол жағдай болған жоқ. Сондықтан оның ұстазы да, мектебі де өзінің орындаушылық қабілеті, ел аралап көптеген әндерден хабары болуы болды. Екінші айта кететін нәрсе, басқа сол замандағы халық композиторлары сияқты Мұхиттың да қай әнін қай уақытта шығарғанын «тап басып» ешкім де айта алмайды. Қандай жағдайда шыққаны жайлы бірен-саран деректер кездеседі. Оның бәрі де жазылып қалған тарихтың жоғы, жай сауаттан да, музыка сауатынан да халық композиторларының көбінің құралақан болуынан. Солай болғансын өндердің шығуы жағынан хронологиялық тәртібі де біз үшін қараңғы болып қалады.

Мұхиттың алғашқы кезде шығарған әндерінің бірқатары арнау сияқты болып келеді. Айтушылар Мұхит Қобда бойын аралап жүргенде біреудің үйіне түсіп, өн салып, ауыл адамдары жиналып, кеш бойы сауықтайды. Ертеңінде сол үйдің бойжеткен қызы Құралайдың шай құйып отырғандағы сыпайылығы, мінезі, ажары Мұхитқа қатты ұнап, сол арада бір өн шығарады. Әншіге қыздың көзі ұнайды. Сон-

дықтан ол: «Шырағым, мына бір әнді саған арнадым, нағыз айнамкөз екенсің, әннің аты да «Айнамкөз» болсын» дейді.

Бұл ән халық арасына көп тараған, «Айнамкөзді» айтпайтын адам аз. Әсіресе жай үйде болған мәжілістерде көпшіліктің қосылып айтатын әнінің бірі — «Айнамкөз». Бұл Мұхитқа тән диапазонды, үлкен дауыс шеңберін тілейтін ән. Басынан аяғына шейін лирика, ешбір қайғының ұшқыны жоқ, сүйгенін, жақсы көргенін сағынған әуен бар. Әннің тынысы шалқыған кең, А. Затаевич айтқандай жазық далада, сахрада туған. Қазақстанның Батысының ән құрылыстарына тән, әннің екінші «сөйлемі», «Айнамкөз» деп әннің атын қосу арқылы «ұзаяды». Әннің «кеудесі» мен қайырмасы бірімен бірі жалғасып кетеді. Ән байсалды, орнықты екпінде жүреді. Әрбір дыбысы қатталып, орындаушыдан дауыс регистрінің тегістігін тілейді. «Айнамкөз» үлкен, жылы жүректен шыққан ән.

Мұхиттың «Алуаш» деген әнінің шығу тарихында айтушылар арнауға жатқызады. Ақбұлақ тұсында ол кезде Қоңырбайдың Сейіті деген бір шонжар болған. Өзінің бір сапарында Мұхит қоналқаға Сейіттің үйіне келеді. Шонжарларды жағалауды қанша жек көрсе де, сол үйде бір көркем қыз барын есітіп, соның қолынан бір рет те болса шай құйдырып ішкісі келеді. Сейіт өзінше аздап болса да оқығансымақ, үй тұрмысында ханның үрдісінің элементтерін енгізеді. Қонақ жайы, ас пісіретін үйі, ұйқы жайы — бәрі де бөлек-бөлек болады. Атағы ол кезде аспанға шыққан Мұхитты қондырмауға, елге жаман атым тарап кетер деп қорқады. Әншіні жақсы күтеді. Құрметті қонаққа көрсеткен сыйдың ең үлкені — Алуашты шақырып шай құйдырады. Шайдан кейін әңгіменің жайы әнге қарай ауысып, Мұхит небір көркем әндерді орындайды. Жасынан әнге құмар да, талапты да Алуаш Мұхиттың орындаушылық қабілетіне қатты риза болады. Қыздың ондай жағдайда отырғаны Мұхиттың қырағы көзіне шалынбай қоймайды. Біраз толғанып, сол арада тағы бір жаңа ән дүниеге келеді. Мұхит бұл әнді Алуаш сұлуға арнағанын айтады. Әннің аты сонымен «Алуаш» болып кетеді. Сылап-сипап бағып отырған жақсы көретін қызы Алуашқа Мұхит сияқты әншінің шығармасын бағыштауы Сейіт мырзаның жібін босатады. Ертеңінде Мұхитты үлкен сыйлықпен аттандырады. Сейіттің қолынан қаншама сыйлық алғысы келмесе де, Алуаштың бір қараған мөлдір көзі әншінің қолын қалай созғанын сездірмей де қалады.

Мұхиттың «Қилым» деген әні де осындай жағдайда шыққан деседі. Онда да ел аралап жүріп, бір кедейдің үйіне түседі. Мұхит екенін сезген үй иесі біраз қынжылып, дұрыстап қонақасы бере алмайтынына мойиды. Мұхит болса, ол бұл үйге қонақасы емес, әнші қызды естиін деп келеді. Кедейдің үйінде не барын, не жоғын білетін Мұхит, әуелден жал-жая, қазы-қарта болмайтынын біліп келеді.

Қыздың әкесі мән бермегенмен, әннің қадырын білетін Мұхит, Қилымның дауысын бір есіткені бай қонақасыдан артық болмаса кем болмайтынын біледі. Үстінде тамағы үйіліп жатпаса да, кедейдің кең пейілді дастарқаны жиылғаннан кейін Мұхит Қилымның әнін есіткісі келеді. Қыз да Мұхиттың алдында ән салуға жүрексінесе де, ондай адамның қолпасына пәлденуге болмайтын сияқты көріп, соған қолдан үкілі сары домбыраны алып қағып, өзінің дауыс мөлшеріне бұрай бастайды. Тек әнші емес, домбыраның табиғатын жақсы білетін, Боғда, Тазбаланың күйлерін де бабына келтіріп орындайтын Мұхит, қыздың домбыраны құлақ күйіне түсіруінің өзінде үлкен сыр бар екенін аңғарып қалады. Қыз көп ұзамай, бір әнді бастайды. Сол бір сәттегі өзінің ойында отырғаннан ба, жоқ, ақылды қыз бүкіл қазақ әйелінің басындағы трагедияны көрсеткісі келгендігінен бе, «Соқыр қыз» әнінен бастайды.

«Ішінде Байұлының Алаша едім,
Әкемнің қоңыр қаздай баласы едім,
Шам-шырақ екі көздің бар шағында,
Қызына үш болыстың таласы едім»,—

деген сөздер тек бір қыздың басына келген жаратылыс кеселін ғана емес, бүкіл қазақ қызының ауыртпалығындай болып шығады. Бұл өнде де «Айнамкөз» сияқты, қайырма есебінде, өлеңнің екінші жолының соңғы сөзінің алдында: «Ой алла-ау» деген қосымша еніп, екінші музыкалық сөйлемді кеңейтеді.

Қилымның орындауынан ба, жоқ әннің шын мәнісінде трагедиялық кейпінен бе, Мұхит недәуір уақыт басын төмен салып, ойланып қалады. Қонағын жоқ жерде ренжітіп алдым ба деген кісіше, қыз да кенет домбырасын қаттырақ бұрап алып, көңілді ән «Ақ Айшаны» айтады. Сол кезде ғана Мұхит өзіне өзі келгендей, өңі өзгеріп сала береді. Қыз қонағының көңілін енді тапқандай, әннің қайырмасын құйқылжыта, көтере, екпіндете айтып, өзі де күлімсірегендей болып, жаңа шығып келе жатқан күндей бүкіл үйдің ішіне жарқыраған сәуле енгендей болады. Қыздың өншілігіне қатты риза болған Мұхит, қайтадан қолын домбыраға созғанын сезбей де қалады.

Кезек Мұхитқа тигенде домбыраның бұрауы сол қалпында өзгермейді. Дауысы өте көлемді, жоғары-төмені бірдей шығатын әнші, ойына келіп қалған дыбыс лебізін кідірмей сыртқа шығарады. Бірақ басқа кейбір өндеріндей айқайға баспай, басынан аяғына шейін бір қоңыр дыбыста болады. Әннің арналған адресіне қарады ма, жоқ өзінің жобалауы солай болды ма, ән бір сазды, өте нәзік, үлкен бір ойдың суреті сияқты болып шықты. Мұнда «Айнамкөз», «Алуаштан» үлкен айырма бар. Өйткені ән өлеңнің төрт жолы бойы

мелодиялық жағынан қайталамайды. Тек қайырмасында «Алуаштың» қайырмасына ұсайтын жері ғана бір кісінің қолынан шыққан шығарма екендіктерін көрсетеді. Дыбыс көлемі жағынан да бұл ән «Алуаштың» айналасында. Бірақ оған қарағанда жалпы тынысы таырақ, демалысы жиі, жүректің тезірек соғуындай ырғағы бар. Кім біледі, шығында да Қилым қыздың өзі де, әні де жан қылы нәзік әншінің жүрегін лүпілдетіп жіберген де шығар. Тек қайырмасында ғана ән бұрынғы екпінінен жайлап, саздылық қалыпқа түсіп, майда қоңырлап барып бітеді.

Мұхит әнді бітіріп, терін сүртіп, домбырасын тізесіне қойып, қызға қарап «Қарағым, мына әнімді саған арнадым, көңіліңе қонса айтып жүргейсің!» дейді. Қыз «мақұл» дегендей, сызылып қана, әдеппен басын изейді. Содан бұл ән «Қилым» атанып кетеді. Қилымның дауысына, орындаушылық шеберлігіне, сұлулығына Мұхиттың риза болғаны сондай, бұл әнді орындаған сайын автор болып өзін бірінші планға қоймай, бұл әнді қыздың өз аузынан үйрену керек деген ақыл айтады:

«Түйгенім орамалға қара мейіз,
Арманы әркімнің де бір сұлу қыз.
Әуре етпей бозбалалар сендерге айтам,
Бұл әнді Қилым қыздан үйреніңіз»,—

дейді. Қилымның бұл әнді өзінен асырып салмаса, жасытпайтынына сенеді. Үлкен бір қоғамды қобалжытқан оқиғаға арналмаса да, Мұхиттың бұл әні адамның асыл жанын, арманын суреттейді. Тыңдаған адамның тұлабойын билеп, өзінің нәзік майда әуені арқылы жүректі қозғайды.

Жоғарыда баяндалған «Жалпақ қоян» жылы Мұхит Жымпитының ашасында отырған Мұхтардың аулында қысты өткізеді. Мұхтар — Сырымның баласы Қазыдан туған. Дәулетіне мәз болып, өзін басқа бұқарадан жоғары ұстаған, атасының дәстүрінен ешнәрсе ұстамаған, өзінің шала түсінігінде «ел жақсысының» бірі болу үшін әуелі «мырза» атану керек дегенді өмірінің бағыты етіп ұстаған адам. Күздің басында азын-аулақ азығын тауысып алған Мұхит Мұхтардың қасына келгенде тапқан үлкен олжасы — жалғыз сиырын мырзаның көп малымен бірге қыстай бақтыруы болады. Басында Мұхиттың бала-шағасына азықтан ептеп қарасқанымен жазға салым, «жуан созылып, жіңішке үзілуге» айналғанда, Мұхтар жәрдемін мүлде тоқтатады. Бір күні Мұхитты балалары әйелімен қуып жібереді. Міне осы сапарда, әңгіменің басындағы Мұхиттың қолшанасын сүйретіп барып, «олжалы» қайттым дегені, қыстан аман-есен бала-шағасын алып шығатын нәр тапқанын айтқаны еді.

Мұхтардың сараңдығымен қатар бұл арада тағы бір жәйтті айтып кетуге тура келеді. Мұхиттың жаз шықпай тұрып қуылуына оның да әсері болмай қалған жоқ. Мұхтардың Қырмызы деген бәйбішесі болады. Елден таңдап алған сұлу, ауыл-аймаққа қадірлі болады. Көрген адамның бәрі де Қырмызының келбетіне, адамшылығына риза болады. Бірақ Мұхтардың «бақытына, байлығына басы айналған бәйбіше бері келе өзінің бұрынғы кеңпейілдігінен айрылып, ашулы, өктемдікке көшеді. Оның себебі де жоқ емес-ті. Мұхтар Қырмызының үстіне екінші әйел алады. Әрине, күннен-күнге Мұхтардың назары жас әйеліне қарай ауа береді. Бұл бәйбішенің мазасын алады. Міне, осы кезде, жоқтықтан қоңсы қонып отырған Мұхиттың үй-ішіне бәйбіше теріс көзімен қарап, аздаған азық жәрдемін тыйып тастайды. Қайта жас та болса, екінші әйелі Иіс шамасы келгенінше әншінің қадірін біліп, қол ұшын беріп тұрады. Ежелден қуақылық сөзсіз отырмайтын Мұхит осы арада тағы да бір «жағымсыз» сөз айтады. Ол сөз жай қарапайым әңгіме емес, әнмен байланысты болады. Байдың да, әсіресе бәйбішенің де қытығына тию үшін Иісті көтеріп, Бәйбішені төмендетіп ән шығарады. Ән Мұхиттың шалқыған кең демалысты шығармаларына ұқсамай, көбіне сөзін есіттіріп, тақпақтап айтылуға арналған, екпіні жүрдек, мелодиясында қалжыңның мысқылдың үні бар.

«Жылқыда ерте тұрсам күрең тай жоқ,
Ноғайда бұрынғыдай енді шай жоқ.
Ақ Иіс келгеннен соң арта берді,
Ойласам Қырмызыға енді бай жоқ!» —

деген сөздердің мәнісін музыка айнытпай береді. Дарынды суреткер, адамның жақсы қасиеттерін баяндағанда да, біреуді кемітейін дегенде де тиісті дыбыс бояуын тауып «жазады». Бұл ән халық арасында «Ақ Иіс» атанып кетті. Сөз жоқ, Мұхиттың бұл қалжыңы өзіне таяқ болып тиеді. Бәйбіше мен мырзаны бір жағынан, бәйбіше мен тоқалды екінші жағынан араздастырып, енді ол арада отыра алмайтынын біле тұра Мұхит осы қадамды ұрады. Өткір әңгіме, әнге құмар халық, бірден-ақ «Ақ Иіс» әнін қағып алып кетеді. Ән ауыл-ауылды, жайлау-қыстауды, малшы-жалшыны жағалап аз уақыттың ішінде көпшіліктің аузына түседі. Кетсе де Мұхит Мұхтар мырза мен бәйбішесінің «даңқын» көтеріп кетеді. Жоғарыда айтқандай, аброй болып, «қызыл өңештің арқасында» қыруар адамды «Жалпақ қояннан» аман-өсен алып шығады.

Өзі ақын, өнші Мұхит жасынан көркем сөзге үйір болды. Оның қызығып тыңдайтын жыры, толғауының бірі ақын Бала Ораздың шығармалары болса керек. Бір күні Мұхит Бала Ораздың аузынан шық-

қан «Жылқышы хикаясын» жадына түйіп алады. Өзі керікті, өзі әлді жылқышы көп жылдар бойы есігінде жүрген байдың сұлу қызына ғашық болады. Қыз да өзінің берулі күйеуіне барғысы келмей, жылқышыны сүйеді. Қыздың жеңгесі бұларды мезгіл-мезгіл жолықтырып, бірақ бұл істің артының қиын болып кету қауыпын айтады. Сүйіскен жүректер оның бәрін де сезе тұрса да, қауыптен қорқып айрылуға бара алмайды. Жаздың ортасында ауылдың азаматтарының көбі Көкжардың (Ойылды солай атайды) жәрмеңкесіне кеткенде, бір түнде, екеуі екі жүйрікпен қашып береді. Екеуінің арасында бір мылтық, бір соққы болады. Байдың ауылынан ұзап шығып, арада бір-екі күн өткесін, бұлар енді құтылған шығармыз деп, жайбарақат бір иесіз қорада дем алып жатқан кезінде қуғыншылар қапыда жетіп қамайды. Ойда жоқта қыздың астындағы ат аяғын жалғыз қазыққа тығып, құлағанда қуғыншылар жақындайды. Жылқышы қосарындағы арғымаққа қызды мінгізіп, мылтықты қолына беріп, өзі қаша ұрыс қылуға қалып қояды. Қыздың астындағы ат тың, жауға жеткізбей, бірден қара үзіп кетеді. Бірақ қыз қамауда қалған жылқышыға қарайлап, алысқа ұзамай, оқ жетпейтін жерде жүреді. Қарулы жылқышы біраз адамды аттан түсіріп, енді құтыламын деп жүргенінде біреу артынан келіп абайсызда жігіттің мойнына бұғалық салып тартып қалады. Жылқышының аттан құлағанын көрген қыз қайтып келіп, бұғалық салған жігітті табанда қосауызбен атып өлтіреді. Басқалары қапелімде мылтық аузына жолай алмайды. Сол кезде қыз аттан секіріп түсіп, буынып өлген жылқышының қасына барып, қойнындағы пышағын алып, өзіне салады да, жылқышының қасына барып, құшақтап құлайды.

Бұл аңыз Мұхиттың тұлабойын тегіс меңгеріп, төбе құйқасын шымырлатып, қатты толқытады. Қыршынынан қиылған екі жас, жанбай сөнген таза махаббат, екінші жағынан соққы мен сойылға сүйенген қара күш — әншінің асқақ қиялын аралап, тыныштығын кетіреді. Дарынды композитор сол арада домбырасын алып, қой шегінің шегіне жеткенше қатты бұрап, жан ашуының айқайындай, дауыстың ең жоғарғы регистрінен¹ бастап, ащы да, айбарлы да дыбыс шығарады. Бала Ораздан есіткен аңыздың суретін көз алдына келтіре отыра сол оқиғаны дыбыс өнерімен өрнектейді. Ән салған жерден кульминациялық дыбыстардан басталып, сол дыбысқа қайталап үш-төрт рет төнеді. Ондай творчестволық күш шығарушының бәрінде бірдей бола бермейді. Аспапты музыкада айта қаларлықтай кульминация шыңы және оған бірнеше рет шығу тек Құрманғазыда кездесетін. Енді міне, Мұхит жан тербеуімен ойламаған дыбыс биігіне қалай шыққанын өзі де сезбей, әлден уақыттан кейін, баспалдақтап

¹ Дауыс кезендері.

«төмен түсе» бастады. Бірақ бірден құлдилап, таудың етегінен бір-ақ шықпай, қайта-қайта артына қараған адамдай, жылқышы мен қыздың денелерін көріп, бұрылғандай, орта регистрге оралып, біраз кідіріп барып, қолы домбырасының бас пернесіне келгенін өнді білгендей. Әннің аяғын түйеді. Қазақ халқының ән байлығына емін-еркін еніп, көп зерттеген композитор Е. Брусиловский Мұхиттың бұл әнін Пуччинидің музыкасындағы шыңға көтерілуімен теңейді. Әділ теңеу! Бейкүнә өлген екі жастың азасы ма, жоқ әділетсіз феодалдық заманның қара күшіне деген қаһарына мықтап мінді ме, тап осы бір өнде Мұхиттың творчестволық құлашы тіпті кең жайылғаны сондай, анау-мынау әнші айта алмауы осы күнге шейін келеді. Бұл ән халық арасында «Жылқышы» болып та, «Бала Ораз» болып та, «Кіші айдай» болып та жайылып жүр. «Айдай» болатын себебі өлеңінен де болу керек. Дауысқа ыңғайлы ашық дыбысты «ай», «дай» дегендерді Мұхит көп пайдаланады. Дыбыстың, сөздің техникасын консерватория ішінде өтетін жағдайы болмаған әнші, өзінің өткір сезімі арқасында созатын дауысқа икемді келетін дауысты дыбыстарды таңдауда шындықтың үстінен түсіп отырған.

«Саламын сал Ораздың «Айдайна»,
Бақ бергей ер жігіттің маңдайына.
Талабың тай жегендей бір бала едің,
Заманның тап болып ең қандайна» —

деп, сұм заманға кездескен жастардың тағдырын баяндайды. Жылқышының, қойшының бұл сияқты хикаялары қазақта бұрыннан келе жатқан жай. Бұл тақырыпта жазылған поэмалар да аз емес. Біз бұл аңызды тек көркемөнер бетіне Мұхит салған демейміз. Бірақ, музыка дүниесінде бұл бірінші көрініс екендігінде сөз болмауға тиіс. «Жылқышы» Мұхиттың ән қорындағы алдыңғы қатарлысының бірі, тіпті шыңының бірі десек те болады.

«Жылқышыға» диапазон,¹ құрылыс, жігері жағынан жақын келетін Мұхиттың өгіз шығармасы — «Үлкен Ораз». Бұл ән кейде «Үлкен Айдай» болып та айтылады. Әннің шығуы жайлы біздің қолымызда ауызша да болса ешбір дерек жоқ. Бұл да жоғарғы дауыс регистрінде басталады. Бірақ «Жылқышыдан» айырмасы — бұл ән бірден емес, орта регистрден жағалаңқырап барып, жоғары шығады. Мұнда бірінші және музыкалық «сөйлем» (бірінші, екінші өлең жолдарына келетін) бірін бірі қайталайды. Тек екінші сөйлемнің аяғында мелодия қайтадан жоғары көтеріліп, өлі де өңгіменің бітпегенінен тыңдаушыны хабарлайды. Содан кейін барып куплеттің ая-

¹ Дауыс көлемі.

ғына көшіп, мелодия жолы бірнеше рет «иретіліп», «оралып» бітеді. «Үлкен Ораз» да орындау дарынын, кең дауыс шеңберін, үлкен жігер-күшті керек етеді.

Мұхит есейіп келгенде ел арасында Медет деген кісі жөнінде аңыз тарайды. Ол аңызда Медеттің үш әйелінен отыз ұл, бір қыз болады. Елге келген ауру-апаттың нәтижесінде Медеттің отыз ұлы бірдей өліп, жалғыз Зәуре деген қызы қалады. Медет Орынборға жолаушылап кетіп, қайтып келгенінде Зәуре де өліп, тек шошайып моласы ғана қалады. Медет моланы құшақтап күңіренеді. Міне, осы трагедия Мұхитты қобалжытады. Ол домбырасын алып, Медет айтыпты деген сөздерге ән шығарады. Әннің аты халық арасында «Зәуреш» болып тарайды. Әннің сөзін түгел келтіруге тырысалық.

«Қарағым, сенің үшін елден келдім,
Баяғы өзің көрген жерден келдім.
Сен неге мен келгенде тебіренбейсін,
Искеп, бір сүйейін деген едім.

Құланның түзде көрдім шоқырағын,
Қайыңның жаста көрдім жапырағын.
Сен қалған отыз ұлдан жалғыз Зәуреш,
Бір уыс бұйырмады топырағың.

Жақын дос бір-біріне сыр айтады,
Атасы баласына шын айтады.
Айрылып жалғызымнан қалғаннан соң,
«Көке» деп енді мені кім айтады?

Ойлап ем мен келгенде шығар ма деп,
Атаңның хал-ахуалын сұрар ма деп.
Қозғалмай өзгелерге жатсаң-дағы,
Орныңнан менің үшін тұрар ма деп.

Рухың білген шығар келгенімді,
Оқыдым мүнәжаттан білгенімді.
Басыңды мен келгенде көтермедің,
Жалғызым, жаңа білдім өлгеніңді.

Қайғының жаңа жеттім қиынына,
Сел болды көзім жасы қойыныма.
Құшақтап қабырыңды біраз жаттым,
Еркелеп асылар деп мойыныма.

Сақталмас болат пышақ қын болмаса,
Өтірік неге керек шын болмаса.
Зарланып саулы інгендей мен келгенде,
Басыңды бір көтерші тым болмаса.

Сен едің таудан аққан бұлағым-ай,
Тағдырдан өміріңді сұрадым-ай.
Отыздан жалғыз қалған балам едің,
Шыныңмен кеткенің бе, шырағым-ай.

Көңілімді тұра алмадым елде тыйып,
Бір құлаш қалқам жатыр жерге сыйып.
Көзің бар жанарындай құралайдың,
Кім кемді бұл орынға көзі қиып.

Отырмын әйет оқып аттан түсіп,
Шыдамай мезгіл-мезгіл қабыр құшып.
Көрмесем бір сағат та төзбеуші едім,
Ғайып боп кеткенің бе қолдан ұшып.

Еліме Медет атым болды дәріп,
Кезінде айттым билік бұзып-жарып.
Таяншым ұзақ болмай сен де кеттің,
Сияды жалғыз басым қайда барып.

Дүние мына жалған кеттің қырын,
Бәндеге кім де болса перзент шырын.
Ажал оқ саған деген маған жетіп,
Алдыңда мен өлсемші үш күн бұрын.

Жайнаған жай тасындай көзің қайда,
Сыймадың қыз да болсаң қу маңдайға.
Көкеңнің өңіреп қалған халін білсең,
Күнінде қияметтің орын сайла.

Ақ бөтің айдын көлдің алабындай,
Қасың бар молдалардың қаламындай
Алдыңнан тағдыр құдірет жарылқасын,
Кешікпей мен де артыңнан барамын-ай»,—

деген халық аузында Медет айтыпты болып келген өлең Мұхитты толқытып, оның шығарған ені осы күнге шөйін тыңдаған адамның сай сүйегін сырқыратады. Қазақстанның кейбір композиторлары

«Зәурешті» шығармаларының арқауы етіп өнгізіп, оның үстіне осы «Зәуреш» тақырыбында жазылған бөлек «Қаралы марш» есебінде орындалып жүр. «Зәуреш» дауыстың жоғарғы регистрінен басталады. Асықпай-саспай жай жүреді. Өлеңнің бір куплеті бойы мелодия қайталамай, үнемі жаңа бір үн қосылып, зар үстіне зар, қайғыға қайғы қосылып, жамала береді. Әннің негізгі контекстінде артық бір дыбыс жоқ, бірі мен бірі жалғасқан, бірін бірі толықтырып тұрған, бірінші нотадан бастап үздіксіз даму, шынығу, өрбу жолындағы мелодия толқыны аяғына шейін тыңдаушыны билеп, ұстап отырады. «Зәуреш» жоғарыда жай салыстыру үшін айтылғандай марш емес, бас-аяғы бар, тұтас, кіші-гірім «Реквием»¹ сатысына көтеруге жарайтын шығарма. Қазақ музыкасының ой-қырын жақсы білетін, халық композиторларының творчестволық құлаштарын да тексерген. А. Затаевичтің «Зәуреш» әнін Мұхит шығарған деген қортындысы өте дәлелді. Өйткені «Зәурештің» құрылысы, мелодиялық кескіні, потенциялық жігері анау-мынау «бойдай-тайлай» әншінің маңдайына сиятын нәрсе емес.

Мұхит әндерінің ішінде эмоцияға толы, музыкалық мазмұны тереңінің бірі — «Дүния». Бұл әннің де бірнеше варианты нотаға түскен. Бірақ сол варианттардың негізі бір. Ән орта регистрден басталып, жоғары баспалдақтап өрлейді де, шынында көп тұрмай кейін қайтады. «Айнамкөз» сияқты әннің негізгі «кеудесі» өлеңнің екі жолымен бітеді. Бірақ екінші «сөйлемде» өлең жолының соңғы сөзінің алдында «Дүния» деген сөздің қосылуы арқылы сөйлем ұзаяды. Сөйтіп, мұнда да Мұхиттың басқа әндерінде кездесетін — қайырма әннің кеудесінің ішіне кіреді. «Дүния» ақырын, жай екпінде, шырқала, созыла басталады. Жоғарғы регистрге барғанда да айқайламай, бір сазда дыбыс күші қалады. Профессинал композиторлар әдейі ойлап енгізетін альтерациялық² дыбыстар әннің орта шенінде әшекейлеп, жаңа бір әуен естіртеді. Әрине, альтерацияның теориялық жағын Мұхит түсінде де көрген жоқ, бұл арада композиторлық, творчестволық үлкен дарын ғана мұндай әдістің үстінен шығарған. Сондықтан, бірінші қараған кісіге созылған, бір кейіпті, жұбау шығарма сияқты болып көрінгенмен, жаңағы айтқандай бір дыбыстың жоғары-төмен құбылуы (альтерация) арқылы ән үлкен мелодиялық-интонациялық өзгеріске ұшырайды да, тыңдаушыға қатты әсер етеді. Әсіресе «Қыз Жібек» операсының аяғында айналасындағы құрбы-құрдастарымен, елімен, жерімен қоштасқанда Жібектің аузына осы «Дүния» салынған. Сахналық көрініс, артистканың орындауында да бар шығар, соның өзінде де

¹ Көлемді қаралы шығарма.

² Дыбыстың жарты жоғары не төмен қозғалуы.

«Дүния» әні көрушілерді біраз тербетеді. «Дүния» әнінің шығу жағдайы жайлы біздің қолымызда белгілі дерек жоқ.

Халық арасында композитордың көп тараған әнінің бірі «Иіс» (мұны «Ақ Иіс» деп шатастырмау керек). Қазақта кісісі өлген үйге көңіл айта келгенде жанына қара (мал) жетелеп келеді немесе басқа бұйым алып келеді. Ондай сыйлықты «иіс» деп атайды. Міне, Мұхит Тайсойған жағында жүргенінде бір ауылда белгілі бір адамның асына кездеседі. Асқа келгендер малын (соятын), қымызын ала келеді. Мұхит болса оны не мал, не бұйым алып келетін қауқары жоқ, не қыларын білмей сасады. Ас ішіліп, бәйге болып, балуан түсіп, халық тарағаннан кейін Мұхит әлгі үйдің бәйбішесіне келіп, өзінің жағдайын айтады. «Менің малым, дүнием — мына қызыл өңешім, осының бір демін сіздің жамағатыңыздың аруағына арнап, айтып берсем деймін» дейді. Бәйбішенің ризашылығымен Мұхит сол арада менің ұсынатын иісім деп ән салады. Бәйбіше де, балалары да, айналадағы қаумалаған ағайын да әншінің бұл сый-құрметін үлкен бағалайды. Бұл әнді кейбіреулер «Мұхиттың азаға салған әні» деп те айтады. Осы жолдардың авторы «Мұхиттың азаға салған әнін» 1922 жылы Мұхит әндерінің жақсы орындаушысының бірі Есқара деген жігіттен есітті. Ал «Иіс» деген атпен екі-үш жыл өткеннен кейін, бұл әнді Тасқараның Сарысы деген кісі орындады. Музыкалық жағынан екеуі бір ән. Ән дауыстың төменгі регистрінен қоңырлата басталып, сол мөлшерде біраз кідіріп, өлеңнің үшінші жолында көтеріледі. Мұхитқа тән жоғарғы регистрде тоқтап тұрып, жайлап төмен түсе бастайды. Ән де мұңмен қатар «болған іске болат бол» деген сияқты күшті, өмірге шақыратын дыбыстар бар. Мүмкін, аста екі қыздың қосылып, ұзақ уақыт жоқтау айтуы әншіге әсер етті ме, әннің орта бөлімінде зардың да көлеңкесі кездеседі. Қалай дегенде де «Иіс» азаға салған анау-мынау ат-түйеден бағасы кем түспейтін сыйлық. Менің музыкамен өуестеніп, есіткен жаңа ән-күй болса қағып алуға тырысып, ойын-той болса тауып алған «жаңалықтарымды» ұялмай жұртқа айтып беріп жүрген кезімде, «Иісті» тыңдағанда еркек болса басын изеп, әйел болса өрнім бір сылп еткізбей қалмайтын. Бұл ән Мұхиттың әндер жинағына енген.

Мұхиттың үлкен дауыс тілейтін әндерінің ішінде тағы бір көрнектісі «Қыпшақ». Орындаушылар бұл әнді жай бастап келіп, аяғында бірден жоғары шығып кетеді. Ж. Қосыбаевтың кітабында «Қыпшақты» Мағаметжан өншіден үйрөніпті-міс. Бірақ қазақ өншілерінің көбінде бар әдет — өзім шығардым дей бермей, пөлен қыздан, не басқадан үйрөндім дей береді. Оған қарап әнді басқа біреуге таңуға болмайды. Тоқсаныншы жылдардың басында Батырша, Мұқамбетжан деген сұлтандардың кездесуінде болып, Мұхит сонда

орындағаны айтылады. «Қыпшақтың» бірінші нотасынан бастап Мұхиттың әні екендігі тайға таңба басқандай анық көрініп тұрады. Мұхит әндерін білетін адам ол жөнінде жаңылу мүмкін емес. Қандай жағдайда туғанда да «Қыпшақ» әншінің көңілі бір аспанға шарықтап, үлкен творчестволық құлашын кең жайып, табыс үстінде орындағанда дүниеге келіп қалған кесек шығарма. Әннің бір ерекшелігі — белгілі стильде орындамаса көркемдік сыры ашылмайды. Бізге қатты әсер еткен — дауысы аса мәз болмаса да — Лұқбан Мұхитовтың орындауы болды. Ал Мұхит әндерінің «қоймасы» сияқты адамның бірі Шынтас Қаратаев «Қыпшақты» Лұқбаннан көрі кербез айтатын. Өлеңнің алдыңғы үш жолы бойы қысқа дыбысты, речитативке жақындатып, сөзіне көп мән бергендей болып келіп, қайырмасында екпінін жайлата, мелодиясын сағыздай созып (Шынтастың демі ұзақ болатын), еркелетіп барып бітіретін.

Мұхиттың «Паңкөйлек», «Дөң асқан», «Күлә», «Көрбез» деген әндері халыққа көп тарай қойған жоқ. Бұл әндердің дыбыс көлемі, құрылыстарына қарағанда, әр кезде шыққаны байқалады. Жоғарыда айтылғандай, жазба тарихы болмаған соң, қайсысы қай жылы шыққаны жайлы баса айту қиын.

«Алуашты» кей жерлерде «Жайма қоңыр» деп, «Қилымды» «Майда қоңыр» деп те орындайды. Ж. Қосыбаевтың кітабында «Жайма қоңыр» өз алдына бөлек ән дейді. Ол кісінің айтуынша «Жайма қоңыр» Дәулеткерейдің «Ысқырма» күйі сияқты үлкен ой үстінде шыққан ән деуге, творчестволық адамдарда кездесетін кей кездердегі «өзі мен өзінің» бір сырласатын, белгілі жарияланған программасы жоқ шығармаға ұқсайды.

Мұхит, осы әңгіменің басында ескертілгендей, тек әнші болып қойған жоқ, жақсы домбырашы да болды. Ол Боғданың, Тазбаланың, Абыл — Қошқардың, Сәулебайдың күйлерін нақысына келтіріп орындаушының бірі болды. Тек орындаушылықта қалып қоймай, Мұхит күй де шығарды. Оның бірі А. Затаевичтің кітабында бар. Күйдің көлеміне, формасына, даму кезеңдеріне қарағанда, ол профессионал домбырашының қолынан шыққан, тұтас шығарма, тіпті бидің элементтері бар, тұрақты ырғақпен толы. Соған қарағанда Мұхиттың бұдан басқа да күйлері болуы сөзсіз, тек бізге әлі жетіп үлгіре алмай жатқан болу керек. (Әдетте, Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің, Тоқаның күйлері бізге жыл сайын «келіп» тұрады).

Мұхит мектепте оқып білім ала алмағанымен, өмір мектебінен көп нәрсені үйренеді. Елді көп аралап, жақсылы-жаманды дүние көргеннен бе, ол өзінің көзқарасында үлкен прогрестің адамы болады. Бай мен кедейдің арасындағы таптық қайшылықты тап басып айтып бере алмаса да, пәленің неде екенін сезімі арқылы болса да

байқайды. Оның үстіне Мұхиттың досы, ол кездің тілімен айтқанда «тамыр орысы» Степан деген болады, Мұхит оны Штапан деп кетеді. Штапанмен Көкжарда (Ойыл) танысады, кейін екеуінің арасы өле-өлгенше үзілмейді. Штапан жас кезінде Тула қаласындағы қару заводында жұмысшы болған. Еңбекақыны көтеру жайындағы бір көтеріліске қатысқаны үшін оны Сібір айдайды. Күні біткенсін Ойылға келіп, судың жағасынан бір мәлдік жер салып, дән, бақша егіп, шығырмен қолдан суарып, біржағынан ептеп балық аулап күн көреді. Мұхит Штапанның дән арқалаған құмырысқадай адал еңбегін көріп, ықыласы құлап, достасып кетеді. Қазақ тіліне судай болып алған Штапан Мұхиттың әнін тыңдап отырып, оған өзінің Сібірде көрген-білгенін айтып, дала адамының бірқатар «көзін ашады». Штапанның осындай басынан кешкен ауыр күндерін, оның көп нәрсені білетінін айтып отырғанда бір молда ренжіп, «кәпірді мақтайсың, олардың бәрінің көзін жою керек, сауап болады» дегенінде, досын жамандағанға шыдай алмай, әлгі молданы таяқтың астына бір алғанын айтып Мұхит күлдіреді екен.

Штапанның өзінің қара басы ғана емес, Мұхиттың оның үй ішімен жақын болып кетуіне тағы бір себеп, Мұхит қазақ әндерімен қатар орыстың әндерін де айтып, би музыкасын домбыраға тартатын болған. Әсіресе жоғарыда аттары аталған інілері: Жүсіп, Ақжан, Сақып, Шайхы — бесеуі қосылып орыстың «Невозвратное время» деген вальсін тартқанда орыс поселкесінің тыңдаушылары ұйып қалады екен деседі. Бір күні Оралдағы «Тентек крестьянға» (Крестьянский начальник, өзі елге жағымсыз болып, тентек атанса керек) «Невозвратное время» деп Тазбаланың «Өтті-кеттісін» тартқанда, тентек крестьянның: «Қандай жақсы вальс, орыс халқы музыкаға қандай қабілетті» деп, өзінің музыканы «қатты түсіметіндігін» айтқанын айтып, Мұхит айналасындағыларды күлдіреді екен. Штапанның әңгімесінің арқасында, Мұхит, сөйтіп, крестьянский начальник дегеннің халықтың, оның ішінде қазақтың да, орыстың да досы емес екендігін біліп, мазақ етеді.

Мұхит Көкжардың жәрмеңкесін аралап жүргенде бір қария татар шалының «Мұхаммадияны» (дінді дәріптеген түрік-шағатай тілі аралас поэма) әндетіп айтып отырғанын көреді. Қасында біраз тұрып, өлден уақытта сыртқа жүгініп отыра қалып өлгінің өзінен асыра, сол өуенімен айнытпай салып, «Мұхаммадияны» судыратып қоя береді. Татар шалы Мұхиттың зиректігіне таң қалып, ауызы ашылып қалады. Сол сәтте Мұхит бөркін алып, «мына шалдың әніне де жұрт ақша беріп жатыр, менің айтқанымды Сіз қалай бағалайсыз» деп, қасында тұрған Соңалының болысы Ақшолаққа ұсынады. Мақтануды сүйетін болыс, айналасына қарап, қалтасынан шиланын алып, он сом алтынды бөрікке лақтырып жібереді. Мұхит

тағы бірнеше рет, өзінің базарды басына көтеретін ащы дауысымен «Мұхаммадияны» қақсатып жібергенде, діншілдер бөрікті әпсәтте ақшаға толтырады. Мұхит бөрік ішіндегі табысты мүсәпір шалдың алдына аудара салып жүріп кетеді. Ел аралап жүргенде осы бір әңгімесін айтып, жұрттың қаумалауы бойынша «Мұхаммадияны» айтып береді екен. Сондықтан Мұхит бері келе молдаға қол беріп, әнді айтпайтын болыпты, сопылық жолға түсіпті деген әңгіменің бәрі де Ж. Қосыбаевтың жазуы бойынша жай лақап сияқты. Өйткені, әні өмірінің сәні, мазмұны, қызығы болған Мұхит, қапелімде сәлде киіп мүлгіп қалуы мүмкін емес.

Көптеген халық композиторларының ішінде, өзінің ән мұрасын түгелдей кейінгіге қалдырып кетуде Мұхит бақытты адам болды. Оның себебі — Мұхиттың балалары, немерелері музыкаға аса қабілетті болды. Мұхиттың әндерін балалары: Шоң (шын аты Мұхамбетжан, мұрны үлкен болған соң Шоң атанып кеткен), Нәу, немерелері: Шайхы, Лұқбан, Ғұбайдұлла болды. Бұлардың бәрі де әнші, домбырашы болды. Әсіресе Шайхы (Нәуден туған) домбыра, скрипка, гитарада ойнайтын, әншілік жағынан Мұхиттың әндерін өзінен асырып салмаса, төмен орындамаған. Шайхы алғаш Жымпитыда, кейін Күйік қаласында (Илек) оқып, екі кластық орыс мектебін бітіріп, недәуір сауатты болды. Қаратайдың Тілеуінен тараған Шынтас Қаратаев Мұхиттың қасында көп жыл жүріп, оның әндерінің негізін алып қалды және сол өренің әндерінің көбінің шығу тарихын біледі. Мұхит әндерінің негізі Лұқбаннан жазылып алынды. 1933—34 жылдары Лұқбан радио арқылы, концерттерде ән салатын. Оның репертуарының негізі Мұхит әндері болатын. Мұхит әндерін Қазақстанда радио арқылы таратушылардың ішіндегі ең көп еңбек сіңірген әнші Тәмти Ибрагимова. Тәмтиден Мұхиттың көптеген әндері нотаға түсті. Мұхит әндерін ала келіп, осы күнге шейін бабына келтіріп орындап, үгіттеп жүрген кісінің бірі — Қазақстанның халық артисі Ғарифолла Құрманғалиев. Ол жөнінде бұл еңбекте әдейі тоқтайтын болған себепті бұл арада кідіріп жатпадық. Отызыншы жылдардың басында Алматыға келіп, көп жылдар Құрманғазы оркестрінде домбырашы болып, концерттерде үнемі жеке ән орындап жүрген Нағима Абилева да Мұхит әндерін жаюда айта қалғандай қызмет істеді. Орал, Гурьев облыстарында Мұхит әндерін орындаушылар осы күнде де аз емес.

Мұхиттың әулеттері мінекей жүз жылдан аса уақыт бойы бәрі де музыка өнерін қуып келеді. Осы күннің өзінде Алматының консерваториясының мұғалімдері қатарында, музыка мектептерінде, филармонияда бірнеше Мұхитовтарды көздестіруге болады. Еуропаның Бах әулеті сияқты Мұхиттың жұрағаттары да атасының мұрасын алтындай сақтап келеді.

Мұхит шығармаларының құндылығы — олардың терең демократиялық музыкалық мазмұны, адам бақыты үшін аңсаған үні. Қазақстанның совет композиторлары Мұхиттың шығармаларын, өздерінің творчествосында кеңінен пайдалануда. Е. Брусиловский, «Жалбыр» операсында Хадишаның аузына «Алуашты», «Қыз Жібектегі» Төлегеннің аузына «Үлкен Оразды», Жібектің аузына «Дүнианы» салды. «Ер Тарғында» акт арасындағы музыкалық антракт есебінде «Үлкен Оразды» оркестрде пайдаланды. Б. Ерзакович өзінің шекті аспаптарға арналып жазылған квартетінде «Айнамкөз» өнін тақырып етіп пайдаланды. «Зәурешті» Л. Шаргородский мен С. Шабельский «Симфониясында» екінші бөлімнің негізгі тақырыбы етті. Бұдан басқа да ірілі-уақты шығармаларында совет композиторлары Мұхит өндерін шығармаларына арқау етіп алды. Мұхит әндері өздерінің түсінікті тіл, терең идеялық-көркемдік мазмұны арқасында қазақ совет музыка құрылысының кірпіштері болып қалануда.

Мұхит Октябрь революциясына жасы ұлғайып келгенде кездеседі. Соның өзінде де ол жарық күннің қазақ даласына жаңа ғана сәуле бөре бастағанына қуанады, Егде тартса да, творчестволық «арқасы» ұстап, Жаңа заманға арнап ән шығару мақсатында болады. Бірақ ол арманына жете алмай, 1918 жылдың март айында Мұхит қайтыс болады. Мұхиттың әндері оның балалары, немерелері, шәкірттері арқылы бізге жетті, нотаға түсті, шығармаларға өнді. Өлмейтін, өшпейтін жағдайға өнді жетті.



МҰХИТТЫҢ АЗАҒА САЛҒАН ӘНІ

Ынтықтықпен, сазды.

f А! — Мұ - хит та
Са лың ның,


мал де ген - ге, ей, жал - ғыз си ыр,
а - лып кел - ген, ей, и - і с(i)о - сы,

ей, Бо ла ды бас
ей, Же тек - ке жыл

па ғы мен А — — —
қы сы жоқ О, дүн - ие,

тәр - теу би - ыл - ей!
ү йір ү - йір - ей!

АБАЙ



„Абай Құнанбаев Тобықты руынан, — қазақ ақындарының ірісі, қазақтың жазба әдебиетінің ірге тасын қалаушы, 1845 жы-

лы туып, 1904 жылы 59 жасында қайтыс болған. Білімі, шынында, өз бетімен ғана алынған, қазақ мектебінде төрт-ақ ай оқыған (орысша оқытатын мектеп. А. Ж.), ал орысша түсінуді, сөйлеуді ол Семей губерниясына ауып келіп, қазақтың аса дарынды далада жатқан сом алтындай, адамды өзіне еріксіз тартатын адамын біліп, сүйіп кеткен өзінің народовольцтері — достары арқылы үйренді. Құнанбаевтің өзі олардың ішінде әсіресе геолог Михаэлисті (Чернышевскийдің досы) жақсы көріп, оны өзінің бас ұстазым деп түсінді. Осы орыс достарының жәрдемімен Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың творчествосымен танысты, олардың шығармаларынан тілі аса көркем қазақ өлеңдерімен көптеген үзінділерін аударды. Ол соларға музыкалық әуен шығаруды да жақсы көрді, бірақ ондай істе керекті дарын мен талғамы жетпеді. Шынын айтсақ оның шығарған мелодияларының көпшілігі қазақ музыкасының стилімен, характерімен жанаспайды, оның үстіне, топас маршпен жылайман романстан бастап, төмен сапалы орыстың диллетанттық¹ музыкасымен таныстығы (кейде тура ұсап та кететін уақыттарын есептемегенде) сезіледі. Алайда, осында келтірілген «Татьянаның хаты» («Евгений Онегиннен») музыкасы жағынан қазақ авторының сәтті шығармаларының біріне жатады» — дейді «1000 әнге» жазған түсінік сөзінде А. Затаевич.

А. Затаевичтің бұл жазғанын өңгіменің басына келтіріп отырғанымыз, бұл баспасөз жүзінде бірінші рет Абайдың музыкалық қи-

¹Профессионалдық музыкаға әлі жетпеген.

мылы туралы маманның аузынан шыққан баға. А. Затаевич Абайдың әдебиеттегі үлкен орнын дұрыс бағалай келе, оның музыкадағы орнына тиісті әділ сын айта алмайды. Әрине, оның да түрлі себептері бар. Оған кейінірек тоқтаймыз.

Біз Абайды бұл «замана бұлбұлдары» болып аталатын кітабімызға енгізіп отырғанымыз — Абай да басқа әншілердей қолына домбыра ұстап, ел аралап, ән салып жүрді деп емес, Абайдың қазақтың ән қазынасына қосып кеткен үлкен үлесі жәйлі айта кету.

Абай қазақ музыкасынан ерекше орын алады. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағын алғанның өзінде белгілі қортынды шығаруға жететін маңызы бар. Оны айтып отырғанымыз — ауыздәстүрлікке байланысты (нота жазуы жоқ кез деген мәнде) басқа қазақ әншілерінің шығармалары сияқты Абай әндері де көптеген варианттармен, өзгерулермен бізге жетті. Сол варианттардың бәрін салыстырып, ғылым тұрғысынан аудара қарап, ақтара тексерсе, көптеген көркем сырлары ашылады. Бұл жөнде істелген, істеліп жатқан істер бар.

Өз заманындағы ән, күй шығарған халық композиторлары сияқты, Абай да нота сауатын аша алмады. Сондықтан музыка шығару жөніндегі қолында болған құралы Біржан, Ақан, Жаяу Мұсадан артық болған жоқ. Бұ да тек өзінің музыкалық қабілетіне, бар даусына, домбыраға сүйенді. Бірақ Абайдың музыка шығаруға келу жолы ерекше болды. Ұлы орыс халқының мәдениетімен таныс, оның демократ ақын-жазушыларының шығармаларын оқығандығы арқасында ол қазақтың әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңалықтар тудырды, өлеңдеріне жаңа өлшеу, ырғақ енгізді. Оның бәрі де қырағы адамның жаңа заман желін, оның баяғы ырғақ, жүріске қанағаттанбайтынын түсінуден шықты. Жаңа өлшеулі, жаңа формалы өлеңдері Абайдың музыкалық творчествосына тікелей әсер етті. Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамады. Бірінші жағдай — Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. Қазақтың халықтық дәстүріндегі он бір буынды өлеңге келетін болса, әннің сөзін білмейтін не ұмытқан адамның: «Қарағым айналайын келдің қайдан» деп айта беретініндей «еркіндік» мұнда жоқ. «Сегіз аяқты» «Көзімнің қарасының» сөзімен айта алмайсын. Міне, бұл жәй — музыка мен сөздің профессионалдық дәрежеде қосылуы болды. Осының өзі айта қалғандай жаңалық болды. Сөйтіп, Абай музыка шығаруға сөз (текст) арқылы келді.

Абай бүкіл шығыстың, орыстың, қазақтың халықтық, профессионалдық әдебиетін терең зерттегеніндей, музыкада да алдымен қазақтың халық әндерін, күйлерін жақсы білді. Ол Біржанның, Ақан-

ның, Жаяудың әндерін жоғары бағалады. Сонымен қатар қазақтың аспапты музыкасын жете білді. Осылардың нәтижесінде Абай қазақтың халықтық музыкалық интонациясы шеңберінде үлкен, терең тамырланған ортада болды. Поэзиясы халықтық демде суарылған болса, музыка дүниесінде де Абай қазақтың халық музыкасының мұхитында тәрбиеленді. Абайдың ән шығарудағы қадамдарының кейбіреулері осы бағытта, алғашқыда форма жағынан да халықтық негізде басталды. Мысалы «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген әнінде, сөзсіз, арқаның ән дәстүрі көрінеді. Ол әннің формасында да, интервалдық секірулерінен де, сөздің буындарына сай келетін белгілі созатын, көтеретін жерлерінен де көрінеді. Сол сияқты «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінде де халықтық ән формасы басым. Әрине, бұл әннің мелодиялық дамуында бірқатар жаңалықтар бар. Әсіресе Абай музыка сөйлемінің ортасында бір дыбысты созып, шырқатып тұрмайды. Ол сөзге көбірек мән беруден, бірінші планға кейбір әндерінде сөзін қоюдан болуы да мүмкін. Соның өзінде де ол қазақ интонациясынан кетпейді. Ал сөзді бөлу — речитативті түйін қазақ музыкасында тағы бар қасиет. Ондай әндер де аз емес. Айтарымыз — Абай ән шығаруға қазақтың халықтық бай музыка интонациясын жақсы біліп, сол бір ән мұхитын аралап, жүзіп келді.

Үшінші, Абайдың басқа әншілерден айырмасы, ол қазақ әндерімен қатар, орыстың халық музыкасын, қаланың демократиялық әндерін және романстарды есітті. Ол Семейде бола жүре орыстың Глинка, Рубинштейн сияқты музыка шеберлерінің романстарын есітті. Абайдың жоғарыда айтылған орыс достары да оған музыка жағынан өсер етпей қойған жоқ. Демократиялық ән-романс лирикасы ол кезде Россияның прогрессивтік интеллигенциясының арасында көп жайылды. Ал сол интеллигенцияның бір тобымен үнемі кездесіп жүрген Абай олардан, сөзсіз музыкадағы демократиялық ағымды түсінуге де жәрдем алды. Оның үстіне Абай аулына келген орыс достары, орыс қонақтары көңіл көтеретін кездерде ыңылдап ән салмауы, музыканың төңірегінде Абаймен әңгіме-дүкен құрмауы мүмкін емес. Бұларға қосымша Абайдың Петербуртта оқып жүрген баласы Әбдірахман профессионалдық аспапты музыка үлгілерін, батыстың музыкалық шығармаларын жаз айларында каникулға келгенде алып келіп жүрген. Абай ауылында солдаттықтан қашқан татарлардың сол арада қалып, қоныстанып, үйленіп, сіңіп кеткендері аз болмаған. Олар да өздерінің «тальянкалары», скрипкалары, мандолиналары арқылы татар, орыс халық әндерін, орыстық қалалық әндерін орындаған. Абай ауылында домбыраға үш сым шек тағып тарту дәстүрі осылардан — мандолина үлгісінен болу керек. Біздіңше Абайдың әндерінде орыстың, украинның халық әндеріне өліктеу, ән, романс-

тық лирикалардың үлгісін алу, қаланың демократиялық музыка дәстүрінің ізінде болу — осылардың негізінде жаңа түрлі, жаңа ырғақты, жаңа мелодиялық құрылысты ән шығару Абайдың музыкаға келген жолының бір тарауы. Үлкен музыкалық арнаға құятын бүйірдегі сайлардың, жылғалардың ішіндегі әлпетті, әсерлі, Абай творчествосында жаңа жол ашқан ағыстың бір тарамы.

Абайдың тағы бір музыкалық ерекшелігі, оның музыкалық қамашауы болды. Абайдың асқан музыкалық қабілеті, қазақтың халық музыкасын терең білетіні, орындаушылықтың не бір түрінен хабары барлығының үстіне оның айналасында Мұқа сияқты скрипкашы, өзінің баласы Әбдірахман, Ақылбай, әнші Әлмағамбет, әйелі Әйгерім болды. Бұлардың алдыңғылары орыс, европа музыка үлгілерін орындаушы болса, кейінгілері қазақтың халықтық ән дәстүрінің белгілі адамдары болды. Бұлардың қолдарында тек домбыра емес, скрипка, мандолина, гармонь болды. Олар Абай шығарған әндердің тек тыңдаушысы, қошеметшісі емес, ол әндерді бабына келтіріп орындаушы және Абай тәрбиесі арқылы әдебиетте, музыкада әрбір жаңалықтың басы қылт ете қалса, соған өңмендерін созып, түсінуге, баурауға, айналаға үгіттеуге, соны өткізу жолында қолдарындағы бар рухани қаруларын жұмсауға даяр кісілер еді. Абай «құйымдастырған» поэзияда музыкада жаңа, өткір тіл, ұнамды үн, қолайлы ырғақ іздеу, тәжірибе жүргізу «лабораториясының» тілектес, мақсаттас, белсенді «мүшелері» еді. Бұлардың «программаларында» Абайдың күшті жақтарын алып, дамытып, әлсіз соққан жерлері болса оған шылбырдың ұшын беріп, көтермелеп, көтеріп кету бар еді. Міне, сол мақсатта бұлар Абайдың жаратылыс берген хасиеттерінің кейбір шек қойылған кезеңдерін кеңейтіп алып кетіп те жүрді. Ол айтып отырғанымыз — Абайдың дауыстық шегі. Сөз жоқ, Абай Біржандай, Мұхиттай, Жарылғаптай алты қырдан асатын дауысқа қожа болған жоқ. Асбап үстінде отырып осы кездегі композиторлар сияқты дауыс жетпеген жерін жалғастыратын фортепианода ойнаған жоқ. Сондықтан, шағын да болса Абай да өзінің бар дауысымен ән шығарды. Әдетте, ол заманда ақын, композитор, орындаушы — үшеуі бір кісі болатын. Әнді шығаратын да, бірінші рет орындайтын да сол үш маманның ролін атқаратын бір кісі болатын. Абай да сол рольден құтыла алған жоқ. Солай да болса, бұл арада да Абайдың басқа халық композиторларынан айырмасы болды. Жоғарыда аттары аталған Ақылбай, Әлмағамбет, Айгерім Абайдың «жәй даусы» мен айтып шығарып берген әндерін аузынан қағып алып, шырқата, үдете, құйқылжыта орындап кетті. Абайдың ролі — бірінші рет «автор даусы» мен орындап беру болды. Әрине, одан әрі Абай өз әндерін орындамады деген сөзден біз аулақпыз. Міне, осылай, Абай әндері аулынан шықпай жатып жоғарыда ескертілген «лабо-

раториядан» өтіп, шыңдалып, біздің тілімізбен айтқанда Абай айналасының «литосынан» өтіп барып, халық алдына тарады. Оның үстіне жаңағы Абайдың музыкалық, әдебиеттік, әлеуметтік «антураждары» бір жағынан асқан «сыншылар» да болды. Олар табанда өздерінің пікірлерін айтып, әннің қасиеттерін санап, ұнамай тұрған жері болса көрсетіп, біздіңше айтқанда музыкалық өзара сынды дамытып, Абайдың әндерінің анатомиялық, физиологиялық жақтарының бәрін тексеріп, жебіріп отырды. Мұндай жағдай қазақтың халық композиторларының көпшілігінде болған жоқ. (Мұхит, Дәулеткерейді былай қойғанда).

Осы бір қысқаша баяндалған бірнеше түйіндер, жағдайлар, жаңалықтар Абайдың музыкаға келуін, музыкадағы іздену жолдарының өзгешелігін көрсетеді. Өйткені, бұл жолдың өзі де уақыт тудырған, заман сазы болатын. Абай болса, әрине, заман сазына ере бермейтін, мыңмен болса да, өзінің жаңашыл мақсатын орындауда жалғыз да болса белсеніп күреске шығатын адамға, оның айнала-сындағы жас талапкерлердің білгенінше, өздері шәкірт бола жүре, бойындағы табиғи қасиеттерімен Абаймен бөлісуі, оның үстіне ән дегенде арқасы қозатын халықтың Абайдың музыкалық творчествосындағы ерекшелікті бірден көруі үшін, осындай Абай аулында болған ән шыңдаудағы алдын ала жүргізілген дайындық, аз мүшелі топтың еңбегі болғанмен көптің ісіндей нәтиже берді. Тарихта ондай аз топ болып басталып, кейін оның ісі прогрессивтік түйінде болса көбейіп кеткен жәй аз емес. Орыстың «Могучая кучкасындағы» 5—6 кісі тарих таңқаларлық істер істеп, музыканың халықтық негізде болуында осы күнге шейін үлгі аларлық жол тартып кетті. Біз бұл арада «Могучая кучка» мен Абай тобын салыстырғалы отырғанымыз жоқ. Оның бірі шын мәнісінде профессионалдық қалыпта болған топ, екіншісі поэзия мен музыкада жаңалық іздеген тек талапкерлік дәрежесінде ғана болған, бірақ құбыласы ілгері кеткен орыс мәдениеті болған себепті тарихта елеулі орын алған, баста бір ауылдың «даурықпалары» болып, кейін рухани үлкен із қалдырған топ. Бұл топтың Абай әндерін орындау дәрежесінің жоғарғы сатысына жеткізуде, «ауылдан шықпай тұрып» шынықтыруда үлкен қимылы болса, енді сол шығармаларды халық арасына жаюда да олар үлкен роль ойнады.

Абай әндерін халық бірден түсініп кетті, бірден ауыздан ауызға қағып алып кетті десек, ол үстірт пікір болар еді. Абай әндерін түсінбегендер де аз болған жоқ. Бірақ ондайлардың қарасы түсінбегендерден арығырақ болды. Әр кезде де жаңалыққа жаны жақын жастар жағы Абай әндерін бірден алып кетті. Одан кейін өншілер, өлеңшілер өздерінің репертуарларын байыту, жаңаландыру мақсатында Абай әндерін орындап кетті. Біреулері Абайдың асыл сөз-

дерін сүйіп, халыққа жаю үшін айтып бергенде, жеткізе алмай жатса да, Абайдың әндерін сол сөздермен қоса орындауға мәжбүр болды. Ал Абай айналасындағы әншілер Абай әндерін жақсы орындау қалпына келтіріп алып ауыздары, аяқтары жеткен жерге жалғастырып жүрді. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылады» дегендей, баста бірән-саран талапкердің аузынан шыққан Абай әндері көп ұзамай Арқаны аралап, Ертiс, Есiл, Нұраны бойлап кетті. Бұл жөнінде өткен ғасырдың өзінде қазақ ауылдарына келген орыстың жолаушылары, оқымыстылары, офицерлері Абай әндерін есіткендерін жазып кетті. Бұл осы кезде библиографиялық сирек кездесетін көрініс емес.

Абай әндерінің, өлеңдерінің заман алдын орағытқан «қырағы тілі» ғасырлар бойы он бір және жеті-сегіз буын өлшеуі, соған сәйкес әнмен тәрбиеленіп қалған адамдарға түсінікті болып жету үшін феодализмнің кертартпа дәстүрі, әрине, қолайлы жағдай бола алмады. Абайдың:

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннен баһра аларлық,—

дегені осы баяндалған жаймен байланысты. Екінші жағынан осы бір екі жол өлеңнің өзі, ән орындауда Абайдың қатты және жаңа талап қоятынын сездіреді: бұрынғы «бойдай-талаймен» күрес ашады. Өйткені Абай әндерін орындауда бұрынғы өлшеуіш-қалып енді тура келе бермейді. Бұл Абайға дейінгі қазақтың ән қорын кемітейін деп айтылған сөз емес, орындаудағы белгілі стильді меңгермей, әннің көркемдік-идеялық мазмұны ашылмайды дегіміз келеді. Қайта әрбір әнінде осы бір негізді үнемі үдетіп отырды. Түптің түбі «поэзия тілінің жетпеген жерін музыканың сиқырлы үнімен жалғастыруын» ұрпақ түсінер деп, алдыңғы жағына сенім көзімен қарады. Абайдың ол сенімі ақталды: өзінің көзі тірісінде-ақ оның әндері көпшіліктің аузына түсе бастады. Әрине ол кезде Абай өзінің әндерінің бір күндерде орыс пен қазақ халқының достық жыры болып кететінін болжай алған жоқ. Қоғам дамуының қозғалысы қырағы ойдан озып кетті.

Абайдың ән шығаруға келу жолы, әндерінің алғашқы «редакциясы», орындау түйіндері, халыққа жайылу тораптары осылай болды. Абай әндерінің осы кезде кең жайылуымен байланысты біз оның әрбір туындысына музыкалық баға беріп жатпаймыз. Ондай бағаны халық беріп келеді. Тіпті радио, концерт сахнасын, өнерпаздар үйірмелерін былай қойғанда, Абай әндері бұл күнде жай үйлердің бас қосқан кештерінің «көркемдік бөлімдерінде», көшеде келе жатқан жастар тобының аузында, жолаушыларын шығарып салуға тұрған поезд басындағы топта, студенттердің, оқушылардың

жатақканаларының терезе алдарынан өткенде орындауларын есітесін. Осының бәрі де Абай әндерінің басқа бір халықтың музыкасына соқыр сезім арқылы еліктеуден тұмай, шын мәнісінде қазақ халқының бай музыка дәстүрімен суарылып, халқымен қаны-жаны бір жайда дүниеге келуінің нәтижесі деп қарау керек.

Абай әндерінің нота үлгілері революциядан бұрынғы баспаларда біртіндеп қана, некен-саяқ кездеседі. Қомақты түрде тек біздің заманымызда ғана жиналып, қағазға түсіп отыр. Осы уақытта Абай әндерінің жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар варианттарын қосқанда алпыс-жетпіске барады. Жиырманшы жылдардың басындағы А. Затаевич, А. Бимбоэстің жазған әндерінен кейін Қазақстан композиторлары Б. Ерзакович, Л. Хамиди Абайдың көптеген әндерін нотаға түсірді. 1939 жылы ол кездегі Қазақстанды Зерттеу Қоғамы Абай әндерін сақтап қалу, дамыту мақсатында бұл мәселеге қайта оралды. Абайдың ұрпағының бірі, Абай әндерін орындаудағы беделді әншілердің бірі Мұхаметжанова Мәкенді Алматыға шақыртып, одан Абайдың 16 әнін нотаға жаздырды. Музыка білімпаздарынан бағалауына қарағанда Мәкеннің орындауындағы Абай әндерінің варианттары оригиналына ең жақыны дейді. (проф. В. М. Беляев т. б.) Абайдың: «Сегізаяқ», «Бойы былғаң», «Сен мені не етесін», «Қор болды жаным», «Біреуден біреу артылса», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем қалам қас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сүйсіне алмадым, сүйіндім», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сұрғылт тұман», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Татьянаның әні», «Онегиннің өлердегісі», «Көңіл құсы құйқылжыр», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қарашада өмір тұр», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлеңді қайтып қоярсың», «Онегиннің хаты» тағы басқа әндері бар. Бұл аталғандардың әрқайсысының бірнешедең варианттары бар.

Абай әндері фортепиано сүйемелімен концерттерде орындалады. Сонымен қатар Қазақстан композиторларының творчествосында кеңінен орын алды: хорда, оркестрде, шағын ансамбльдерде, операларда енгізіліп жүр. Пайдаланудың саналуан формалары бар. Оның бәрі де композитордың қабілетіне, халық әндерін түсінудегі қауқарына байланысты. Біреулер жанын көп қинамай, тек цитата түрінде түгелдей қолданып жүр, екіншілері творчестволық тұрғыдан келіп Абай әндерін дамытып, «өзгертіп» пайдаланып жүр. Қалай болғанда да Абай шығармалары осы кезде советтік қазақ музыкасының төрінен орын алды деуге болады.

Көргені, білгені көп, рухани жағынан аса бай Абай тек ән шығарып қойған жоқ. Ол сол мезгілге қарай үлкен сыншы, біліп баға беретін адал төреші болды. Ол тек өз әндері туралы емес, жалпы музыка жайлы, ән, күй айналасында орындаушылық мәселесінде төрөң, философиялық пікірлер айтып кетті. Ол өмір шымылдығының

музыкамен ашылып, музыкамен жабылатынын, дүниеде музыкасыз ешбір кезең жоғын айтып кетті:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең,—

(бұл арада «өлең» «музыка» деген мағнада болу керек) деп, бесіктен көрге шейін музыканың жолдас болып жүретінін дәл көрсетті.

Бала туса күзетер шілдеқана,
Олар да өлең айтар шулап және,—

деп, дүниеге шырылдай, әндете келген нәрестені түні бойы сол әнмен, сол музыкамен күзетіп отыратынын айтады.

Біреудің кісісі өлсе қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол,—

деп, музыканың өмірдің ең ақырғы кезеңіне шейін шығарып салатынын, әкесі өлген қыздың, күйеуі өлген әйелдің қара жамылып, бірнеше жыл қақсап жоқтау айтатынын, музыкада көздің жасы да, езу тартқан күлкі де аралас жүретінін,— соның бәрінің де ән екенін айтады.

Қынаменде, «жар-жар» мен «Беташар» бар
Өлеңсіз олар қызық бола ма гүл,—

деп, қайғыны суреттеген әннің қызықты бұрынғыдан көтере түсетін сиқырлы күші барын келтіреді. Өмірдің түрлі көріністеріндегі музыканың алатын орындарын тап басып айтып береді.

Абай мұнымен қатар музыка жайлы өткір, философиялық пікірлер қалдырды. Өзінің: «Алты өлеңмен білдірдім әннің жайлы» дегенінде:

Салған ән көлеңкесі сол көңілдің,—

деуі, музыканың объективтік өмірдің сәулесі екендігін, сол шындықты біздің көңіліміз (санамыз деген мәнде айтылып отыр. А. Ж.) арқылы сәулеленіп көрінетінін топшылайды. Философияның, эстетиканың кітап тілімен айтпаса да, жабайы тілмен-ақ шындықтың үстінен түседі. Ал:

Жүрек тербеп, оятар баста миді,—

деуі, музыка сезім, есіту арқылы барып басқа (миға) жетеді. Ол бірден басқа тетелей ене алмайды, сезім арқылы барып, санаға әсер етеді де, төреші — ми болып оның нәтижесін қорытады дейді. Сонымен қатар творчествоның, оның ішінде музыка — тек сана, ми арқылы емес, жүректі тербету, жүрек қылын шерту арқылы адамды қозғайтынын айтады. Шынында да тек бастан, ақылдан шыққан музыка тыңдаушыға жете бермейді. Музыка аса «ақылды» болса да көздеген мақсаттың қарасы алыстайды. Сондықтан жүректен шыққан музыка жүректі тербетеді, толғайды, содан кейін ғана басқа барады.

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тынық,—

деп, тағы әннің-музыканың көңілдің, сырт дүниенің сәулесі, образы екенін көрсетеді. Бірақ әнді жай тыңдамай «ой көз»бен тыңдау керегін айтады. Академик Б. Асафьевтің «Музыканы тыңдау бар да, есіту бар» дегені осы араға келеді. Жәй ғана көңіл көтеру үшін тыңдап (о да аз емес), музыканың парқына түсінбейтіндер де аз емес. «Тыңдаушы да аз бұл сөзден баһра аларлық» деп, жоғарыда Абайдың айтқанындай, әрине, түсінбейтіндер аз емес. Ал Абай, музыканы есіте білсең, онда тынық судың түбіндегідей өмір ап-анық көрініп тұрады дейді. Ал, музыка өмірдің сәулесін, шындығын суреттемеген жерде оның қоғамдық, эстетикалық, идеялық мәні қандай болады? Абай осы бір жерінде екі жол өлеңмен анықтайды. Оның:

Ойсыз құлақ ала-алмас ондай сыйды,—

деуі осы Б. Асафьев айтқан «тыңдау» мен «есітуді» айтады. Жоғарыда көрсетілгендей музыканың профессионалдық тілімен айтпанымен Абай музыка өнеріндегі төрге жиналған жүктөй «есітудің» шешуші мәнін, қадірін түсіндіреді. Бәрімізге бәлгілі:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы әнменен төтті күй,—

дегенінде музыка сол есіту арқылы біздің бойымызды алады дейді. Әннің құрылыс материалы — дыбыс, ол физикалық құбылыс, адамның есіту мүшесі арқылы сезімге, санаға жетеді. «Бойды алады» деуі осы.

Музыканың теориясын оқымаған Абай, өзінің өткір ойы арқылы бұл өнердің тағы бір жақтарын әңгіме етеді.

Ұйқтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар,—

дейді. Әнде кейде зауық, кейде мұң суреті келетін мажор, минор құрылыстарын айтқысы келеді. Ата-анасының қайғысын, ренішін былдырлаған тәтті тілімен, балдырған денесімен, кіршіксіз таза күлкісімен әпсәтте көтіретін жас баланың жұбанышындай музыканың өткір әсерін, ұйқтап жатқан жүректі оятатын күшін айтқанда сол күштердің музыканың түрлі кескінімен, түрлі жағымен келетінін айтады.

Абай әнмен қатар қазақтың күйлері жөнінде де бағалы пікірлер айтты. Күйдің «сөзі жоқ ән» екенін білген Абай, оның адамға деген әсерінің әнмен барабар екенін келтіреді.

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің әсері бар,—

дейді. Қазақтың бай аспапты музыка мұрасында көптеген программалы күйлер бар, тарихи, аңыздық күйлер. Осының бәрін де жақсы білген Абай, ішінде тіс жарып айтып тұрған тілі жоқ болғанымен күйді «ақылдының сөзіндей ойлы» деп, оның ішінде белгілі идеялық мазмұн бар екенін, Динаша айтқанда «әңгімесі бар» екенін айтады.

Мұңмен шыққан оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық,—

деп, өз тұсында кездескен «сөзсіз әнге» түсіне қоймаған адамдарға ренжиді. Ал күйдің музыкалық, көркемдік мәнін түсінбеу кездесіп тұрған жағдай. Біздіңше Абай тек ән емес, күй де тартқан, өз қолынан бұл бір музыкалық үлгілерді де өткізген, күйдің өгжей-тегжейін жете айыра білген адам.

Абай ән-күйдің өзіне ғана баға беріп қоймай, оның орындалуы жайлы да өткір пікір айтқан. Ол әннің басқа жағын қоя тұрып, басталу кезінің өзін суреттейді, неге олай екенін түсіндіреді:

Көбінесе ән басы келер ащы,
«Кел, тыңда!» деп, өзгеге болар басшы,—

дейді. Бұл кездегі концерт залы, клубы бар жердегі тыңдаушы көпшілікті қоңырау немесе шам сөндіріп-жағу арқылы тәртіпке шақы-

рып, тыныштандырып барып ән бастайтын жағдай жоқта, «тәртіпсіз», шулап отырған халықты, әнші алғашқы айқайы арқылы «Тынышталыңыздар! Тыңдаңыздар! Бастаймын!» — деген сияқты ескертіп алады. Екінші жағынан бұл «айқай» күні бұрын афиша жайып, радио арқылы хабарлайтын жағдай жоқта, дауыс жететін жердәгілерге «Кел мұңдалап» құлақтандыру ролін де атқарады. Ал күйшілердің бас пернелерде көп тұрып қалатыны да, тыңдаушыны өзіне қаратып, біраз тыныштандырып алып барып, бастауды күтуі болу керек. Оның үстіне домбыраның дауысы нашар, алқақотан отырған алтықанат киіз үй ішінен аспайды. Сондықтан олардың бастауы әншінің бастауынан да ерекше. Абайдың:

Қаққылдап біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап,
Төбінісіп, қамалар,
Тоқтатып болмас сырықтап,—

деп, осы бір жайды, халықтың музыканы аса жақсы көретінін, әлгі әншінің даусына жиналып қалатынын айтқан болу керек.

Әннің тек басталуы емес, оның орындау белестеріндегі неше алуан кездесетін нақыстарына да тоқтайды:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,—

деген төрт ауыз сөзінде көп нәрсе жатыр-ау! Шынында да кейбір әндерде әнші шырқап, көтеріп, жоғары дыбыстарға барып алып, шығарманың мазмұнына байланысты, төмен түспей, қалықтап тұрып алады. Міне, біртіндеп, сорғалап, баспалдақтай түсіп, алдыңғы кейпін өзгерте, тамылжыта келіп, «керім толғап» ақырын «қоңыр-күңгір» етіп барып бітіреді. Осымен қабат қай шығарманың болса да аяқбітісінің үлкен мәні барын білген Абай:

Сол жеріне ойыңмен араласшы,—

деп, әдеби шығарманың да, музыкалық шығарманың да аяққы қорытуы жазушы, ақын, композитордан шеберліктің биік дәрежесін тілейтінін өскөртөді. Бұл сияқты орындаудағы көзге бірінші түсетін басты кезеңдерді айта отыра, Абай ұсақ кезеңдерді де байқап, олардың да «үлкен іске» қатысы барын көрсетөді:

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп,—

деп, тақтай сабалап, көркем шығарманың көркін кетіретіндерді де көш жөнекей шалып өтеді.

Әнді, күйді шығару бар да, орындау бар. Жақсы шыққан ән жаман орындаушыға кездессе «арықтап» қалады. Көйде «ауыздан шыққанда өңі қашатын көңілдегі керікті «ой» сияқты болады. Абайдың заман қойған шегінің нәтижесінде болған шығарушы мен орындаушы арасындағы еңбек бөлісу жоқ кездің өзінде-ақ, сол екеуінің екі түрлі мамандық, шеберлік екенін түсінгенін көреміз. Ол өзінің «кішкене» даусымен ән шығарып беріп қана қоймай, жоғарыда айтылғандай, айналасындағы орындаушыларын да, сыны, ақылымен, езі тәрбиеледі, баулыды, олардың орындау әдісіне езі араласты, белгілі орындаушылық дәстүр құрды. Қысқасы Абайдың творчестволық — шығарғыштық жағымен қатар оның орындау жөніндегі айтқандарының әлі күнге үлкен мәні бар.

Осы әңгіменің басында айтылғандай, Абай поэзияда орыстың алдыңғы қатарлы әдебиеттік көріністерінен үйреніп, өзінің өлең түріне жаңа өң ендіріп, дүниеге көзқарасында прогрессивтік түйінде болып, өнердің қоғамдағы орнының жаңа адам тәрбиелеудің күші екенін сезіп, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» дегені сияқты, әнді де тек еріккеннен жазған жоқ. Әннің қазақ халқының рухани байлығының ішіндегі өткір қаруының бірі екенін білді. Ол ән шығару әдісінде жаңа интонациялық көріністермен танысты. Бұрынғы қазақтың әндерінің дәстүрін меңгерді. Сол дәстүрде де ән шығарды. Ол осы кездегі қайсы бір әдебиеттегі қазан бұзарлар сияқты «он бір буынды өлеңнің омыртқасын» сындыру арқылы жаңалық табамын деген жоқ. Керісінше жаңа өлең формаларына сол он бір буын арқылы келді. Ал музыкада да Абай Біржанның, Ақанның салып кеткен музыкалық ізін, дәстүрін қирату керек демеі, қайта Арқа әндерінің асқақ үндерін өзі есіткен орыс, украин халық әндерінің, қаланың демократиялық ән үлгілерінің, орыстың романстық лирикасының үлгілерімен қабыстырып, түрлі бояудан келіп, жаңа бір сапалы түр тапты. Әрине, ондай қосынды тек химиялық қосынды емес, үлкен творчестволық талантпен шеберліктен туған қосынды болды. Абайдың кейбір әндері орыстың белгілі композиторларының шығармаларымен тікелей таныстықтан туып жүрді. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» атты әні сол аттас Рубинштейннің романсын есітіп барып шығарылуы да мүмкін деген жайлар бар. Қалай болғанда да Абайдың орыс интеллигенциясының арасында болып, олар арқылы он тоғызыншы ғасырдың аяқ жағындағы орыс мәдениетінің тигізген үлкен әсерін орынды, сәтті пайдалануы музыка шығаруында да прогрессивтік роль ойнады. Он тоғызыншы ғасырдағы орыстың тұрмыс салтын сәулелейтін романстары сол кездің демократиялық идеясын үгіттейтін күштің бірі болды. Оның үстіне

сол ғасырдағы орыстың ән, романстағы лирикасы да түптің түбінде алдыңғы жылғаның бірі болып, халыққа жақын, бұқарашыл интонациялық үлкен саланың өзіне келіп құйған жылғаның бірі болды. Осы бір интонациялық үлкен сарын Абайдың өткір құлағынан орын алып, Шыңғыстың даласында Татьянаның әні туып, одан әрі жаңа демді, жаңа формалы, құлаққа жетімді мелодиялы, орындауға ыңғайлы әндер дүниеге келді. Жақсылығы бар жаңалық баста ұяла, бойын тежей, сыпайы келгенмен, тез-ақ халықтың санасын баурап алып кетті. Әрине, оның бәрі де өзінен өзі емес, ол үшін Абай және оның жаңашыл шәкірттері, жаңашыл мыңдаған адам көтеріп алып кетті. Сондықтан А. Затаевичтің Абай творчествосына берген бағасы үстірт, жирыманшы жылдардың басында қазақта әлі ескінің етек тартпасы қалмай тұрған кезінде, Абай айналасында болған кейбір шолақ пікірдің нәтижесі болды. Жиырманшы жылдардың басын былай қойғанда отызыншы жылдардың бас кезінде де біздің республикалық газеттеріміздің бетінде Абай туралы болған айтыстардың Абай творчествосын зерттеп, меңгеруге пайдасы болды деп айту қиын. Абай кедей болған жоқ, сондықтан оның өзіне де, творчествосына да сын көзімен қарау керек деген тұрпайы социология біздің социалистік мәдениетіміздің өсуіне біраз кеселін келтірді. Қысқасы Абай әндерін орыс музыкасының көлеңкесі деп қараушылардың қолында оны дәлелдейтін ешбір айғағы жоқ, Абай әндері басынан аяғына дейін қазақ музыкасының халықтық интонациясында құрылған, бірақ басқа интонациялық демдердің араласуы арқылы жаңа заман тілі, «сөздігі» бар шығарма болып қалыптасқан. Абай әндерінің өсіресе біздің тұсымызда, советтік жастар арасында үлкен құрметпен орындалуы, кез келген жерде айтылуы, совет композиторларының шығармаларынан кеңінен орын алуының өзі оның тілінің байлығын, оның достық жыры болып кетуін дәлелдейді.

Абай ауылына Біржанның келуі, Абайдың ардагер әншіні жоғары бағалауы оның қазақтың халықтық ән қорының, ән құрылысының байлығын сезінуі туралы, біздің қолымызда өзін тұжырымды дерек жоқ. Бірақ Абай қазақтың Біржаннан басқа да халық композиторларымен кездесу мүмкін нәрсе. Оны болашақ зерттеулер ашар. Өйткені бұл мәселенің Абайдың музыкалық творчествосы үшін де, басқа халық композиторларының шығармалары үшін де үлкен ғылымдық мәні бар.

Бір ауыз сөз Абайдың кейбір әндерінің диапазондары (дыбыс көлемі) жайында. Абайдың кейбір әндерінің дыбыс көлемі адам даусының табиғи дыбыс көлемі шеңберінде сыймайды. Қандай диапазонны кең өнші болса да бас-аяғындағы дыбыстарын бірдей сапада ала алмайды. Ал Абайдың өзі болса ондай дауысы болған адам емес. Сондықтан оның кейбір әндері асбап сүйемелімен шыққан

кезде, асбап жеңіп кетіп, жәй дауыспен алуға бәрі бір бола беретін болғансын, сол айтқандай дыбыс көлемінде шығарыла берген болу керек. Өйткені, осы кезде кейбір композиторлардың дауысқа арнаған шығармаларында диапазон жағынан тек асбаптар ғана ала алатын ноталар болады. Ал, өзінің әннен хабары бар, аз да болса «әншілік» дауысы бар композиторларда ондай жәй кездесе бермейді. Абайдың заманында домбыра ма, мандолина ма, скрипка ма, гармонь ба — әйтеуір сондай асбаптар болды. Әуелі соларда ойнап шығарылған болуы мүмкін. Кейде бізге орындап берушілер осындай халге жеткізіп алған шығар, баста олай емес шығар деп те ойлайсын. Бірақ ән құрылыстары алдыңғы пікір жағын қуаттайды.

Біреулер Абай ән шығарғанда өлеңдерін сол әндері арқылы халыққа тез жаю үшін шығарған деген пікір айтады. Біздіңше Абайдың өлеңдеріне ешбір үгіттің, шыбыртқының, айдаушының, қосымша жағдайдың қажеті жоқ сияқты. Ал Абай әндері ән шығару мақсатында туған, өлеңнен сырттай да ғылыми тұрғыдан зерттейтін музыкалық қаситтері жоғары. Тіпті қазақтың музыка мәдениетінің өсу, дамуында үлкен, күрделі орын алады дейміз.

Идеялық көзқарасында еңбекші шаруаның мұңын жоқтауға көшкен Абай ән, өлеңдерінде осы идеяны сәулеледі. Қазақ аулының болашағы еңбекші-шаруа қолында екенін сезді. Сондықтан, еңбек — ар, еңбек — салтанат болып отырған біздің советтік қоғамда Абай әндерінің қайта туып, еңбек жыры, коммунизмге бара жатқан керуеннің «көш жыры» болып кетуі — әндерінің халықтығы.



ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ

Абай


Асықпай, күңіренге.

Қа - раң - ғы түн -
де тау қал - ғып, Ұй - қы -
ға — ке - тер бал - бы -
рап Да - ла - ны жым -
жырт дел - сал - ғын , —
Түн ба - са - ды — сал - бы -
рап. — Да - ла - ны жым -
жырт дел сал - ғын , —

Түн да - са - ды сян - бы -

рап .

БАЛУАН ШОЛАҚ



1910 жыл шамасы. Бұрынғы Қотыркөл болысында сайлау жақындап, ел арасында әңгіме көбейіп, жақ-жақ болып бөлініп,

қазақ арасындағы әйгілі кезең келе жатты. Сайлау орны болып Шабак қала, Жаңа су белгіленді. Үй тігіліп, мал сойылып, сайланам деушілердің мойындарына мінген шығын аспанға асып жатыр.

Бір кедергі болмаса ел арасы қатты шайқалысқа кездескелі тұр. Таласушы жақтар ешнәрседен тайынатын емес, жауласуға, дауласуға да дайын. Еңбегімен күн көрген шаруа күнелту жолында жүргенде, азғана атқамінерлер осындай шала бүлінуде. Сайлау десе шөкесі қызатындардың бәрі де сол арада. Біреулері үшін кімнің сайланғанының тіпті мәні жоқ, кім болғанда да байдың, бардың сайланатыны өлмисақтан белгілі. Сондықтан бірді-екілі аяқ-лауы бар кедейлердің ішінде мына бір ақысыз-пұлсыз байлықтан ауыз тиіп қалуға келгендер де бар-ды. Күткен күн жақындап, екі жақ аңдысып, бәлені неден бастарын біле алмай отырғанда, «Шолақ тобы» келеді деген хабар жетті. Бай да емес, бағлан да емес, әкім де емес болғанымен халық Шолақты қатты сыйлайды, тіпті кейде жасқанатындары да бар. Өйткені Шолақ жуан тұқымның біреуі болса өршеленіп шатақты өзі бастап та кетеді. Ал, Шолақ тобының мына бір келуі кейбіреулерге жаға қойған жоқ. Бірақ, амалы жоқ, бәрі де шулап қарсы алуға шықты.

Астында ақбоз ат, басында үкілі пұшбақ бәркі бар, топтың ең алдында Шолақтың өзі келеді. Тобында домбырашы, өнші, жыршы, ойыншы, балуан бар. Сайлауға деп тігілген бір үйді бұларға түгел берді. Демалып, тамақ ішіп болғансын кешкі салқынмен топ сауық бастады. Арқаның не бір төтті күйлері орындалды, өн салым-



Балуан Шолақ (Қастеевтің салған суреті.)

ды. Одан кейін жігіттері ат ойынын көрсетті. «Программаның» соңында Шолақтың өзі шығып бірнеше әсем әндерді орындап берді. Бір кезде үстіндегі әдемі киімдерін шешіп тастап, жәй киім киіп Шолақ жерге жата қалғанда жігітінің бірнешесі жиналып үлкен біртасты оның жүрегінің басына қойды. Өздері ұстаның үлкен пұттық балғасымен әлгі тасты ұра бастады. Шолақ біраздан кейін әлгі тасты бір қолының басымен ысырып жіберіп тұрып, иығына үлкен бөренені салдырып, екі жағынан он-оннан жиырма кісіні асып қойды.

Оған өзі майысқан да жоқ. Тағы осы сияқты күш көрсететін біраз қимылдар көрсеткеннен кейін, Шолақ тобы қонақасыға отырып, сөз арасында Шолақ сайлауға таласып жатқанды есіткенін, екі елдің арасы шиеленісіп кетпес үшін, олардың көңілін азға болса да алаңдатуға келгенін, ал жағдай нашарласа тағы қайта айналып соғатынын айтты. Бұл Шолақтың соңғы кездерде біраз нәрсені сезіп, қыр елінің осындай пайдасыз іске тым шұғылдануының халық үшін ешбір мәні жоқ екендігін түсініп, біраз ондайдан тьюдың жолын таппай, өзінше араласқандағысы еді. Өйткені Шолақ тек қара күштің иесі ғана емес, ақын, әнші, азамат сезімтал адам болды. Жас кезінде «жалғанды жалпағынан басып артық-кемді қимылдар жасағанмен, осы бір шамада көп ойланған кезі болатын.

Жапалақ құс болғанмен кімге дәрі,
Жаманның кісілікке бар ма сәні.
Мисызға айтқан сөзің еш қонбайды,
Ағады құлағынан қалмай бәрі,—

деп, малы арқылы ауылнай, болыс болған талапсыз, қырсыз жамандарды сынап бастаған уақыты еді. Ал, Шолақтың өмір жолы болса, ол «кейде қар, кейде жаңбыр бұрқасынға» толы еді.

Қан тауын мекен еткен Ұлы жүздің Дулаттан тараған Сәмбет деген руы болды. Сол Сәмбет ішінде Баймырза деген кісіден 1864 жылы Шолақ туды. Оның азан айтып қойған аты Нұрмағамбет. Кейін қолының басы күйіп (біреулер үсіп дейді) саусақсыз қалады. Нұрмағамбет өзінің бір өлеңінде:

Баласы Баймырзаның Балуан Шолақ,
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ,—

дейді. Сүйтіп Шолақ атанып кетеді. Ал «Балуан» деген сөз Шолақтың күшіне байланысты халықтың өзінің қосқаны.

Баймырза Шолақтың бала кезінде Көкшетауға көшіп барады. Сонда ұсақ кәсіпшілік өтеді. Ағаштан түйін түйетін шөбер болады. Бай балаларына әшекейлеген ер, бөбектеріне бесік жасап тартады. Бірде тай, бірде қой алып жүреді. Осылай, қолының ұсынақтылығының арқасында кемшілік көрмей, біреуден ілгері, біреуден кейін деген сияқты өмір сүреді. Шолақ болса, ол жасынан күреске құмар, қайда төбелес болса іздеп жүреді. Күрессе өзі қатарлылардың бөріне де шаң қаптырады, төбелессе қан шығармай қоймайды. Оның үстіне өзі жасынан ат үстінде ойнайтын болады: тізгінді ұстап тұрып түрегеліп шабады, айыл-тартпаны қатты тартып алып, аттың бір жағында тұрып шабады, кейде жүріп келе жатқан аттың бауырынан

айналады. Осындай өнерімен қатар домбыра ән құмар болады. Дауысы жақсы, ән-күйді бір айтқаннан, бір тартқаннан қағып алады. Оның осындай зиректігі еңбегімен күн көріп отырған Баймырзаны қуантады. Баласының қабілетіне риза болып, оның бетін қақпайды. Тек төбелесі жөнінде жеңілген балалардың шешелері қарғар деп қорқып, Нұрмағамбетке ақыл айтады. Есті тентек орынсыз ұрынуын азайтады. Бірақ әнін, өлеңін өрбітумен қатар денесін шынықтыруын да дамыта береді. Он үш-он төртке келгенде-ақ Нұрмағамбеттің бетіне қарауға көрінгеннің шамасы келе бәрмейді. Өйткені кішкене Нұрмағамбет ойнап құрбыларын жауырыңға қойып жібергенде, олардың көбі біразға шейін қиқайып, жөнге әрең келеді. Оның үстіне қаңтардың қылшылдаған аясында бас киімсіз желбегей, жиырма-отыз шақырым жер жүргенде тоңбайды. Бірақ жоғарыда баяндалғандай, Шолақ тек бір беткей күшін ғана дамытып қоймай, әншілік жағына да көп көңіл аударды. Ол Біржанның, Ақанның әндерін бабына келтіріп орындайды. Денесіне үні сай, дауысы аса күшті болады. Ол әсіресе драмалық, күш керек ететін шығармаларды сүйеді.

Шолақтың өмірі осылай кемшілікке соқпай келе жатқанында әкесі Баймырза қайтыс болады. Көп ұзамай шешесі де өледі. Шолақ Ғайныкей деген қызға үйленеді. Әкеден қалған малмен біраз уақыт күнелтеді. Бірақ жәй адамдай көптің бірі емес, табиғаттың үйіп берген күш пен көркем сый Шолақты отырғызбайды. Жасы жиырмаға келе ол сапарға шағады. Ел аралайды. Әңгіменің басында айтылғандай, айналасына өнерлі жастарды жинайды. Сонымен Шолақ жалғыз емес, өз алдына бір «ансамбль» болып жүреді, Біреулердің айтуынша Шолақтың ансамблі қазақ даласында бірінші рет кейбір әндерді хор болып қосылып орындаған (Әрине, жалғыз дауысты-унисон).

Шолақ отыз бес жасында елу бір пұт тас көтереді. Өзінің бір өлеңінде:

Бұл күнде отыз бесте менің жасым,
Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын,—

дейді.

Бұл ән халық арасында «Сентябрь» деген атпен тарайды. Ән көңілді, өр, күш иесінің аузынан шыққаны салған жерден білінеді. Әсіресе қайырмасында «ой-ау» деп келетін, өрлеп қайтып, кейде бір нотада тұрып қалатын жерлерінде басқа халық композиторларының өндеріне ұсамайтын кесектер кездеседі. Оның ән аяғында ешбір

дайындықсыз шалғай интервалға «жоғары қарғығандай» немесе се-кіріп түскендей» барып бітуі де тек Шолақтың туындысында болады.

Шолақ Омбыға патшаның мұрагері келгендегі салтанатта бола-ды. Онда Севр деген балуанмен күресіп, жығып кетеді.

Омбыға патша келді Русия,
Әмірін айта келді халқын жия.
Севрден сонда күшім асып кетіп,
Мен болдым жан шықпайтын биік қия,—

деп өлеңдетеді. Ал жасы қырықтың тоғызына келгенде Қояндының базарында Карон деген балуанмен күресіп, оның қабырғасын сын-дырады. Бір өлеңінде:

Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,
Ардақты елі шінде менің басым.
Қалтамнан ежтпіс бес сом залог салып,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын,—

дейді. Біреулер Шолақ Қажымұқанмен де кездесіпті, екеуі қол алы-сып болғаннан кейін күресуден бастартыпты-мыс.

Бұл сияқты күштің тасуы, үнемі табысқа ие бола беру, қалай дегенмен де Шолақтың көкірегің көтереді. Оның үстіне дала заңы-ның айналасында өскен, қазақтың әдетінің шеңберінде қалып қой-ған адам, кейбір жаңалықты түсіне алмайды. Әсіресе оның көзқара-сынша қазақ жеріне орыс, украиндықтардың келіп орналасуы, поселкелердің түсуі — жамандықтың басы болып көрінеді. Мемле-кеті бір, жері бір елдердің ондай араласуының жақсылық басы өкендігіне көзі жете алмайды. Күш иесінің әр кезде де аңғалдау болатынын пайдаланып, кейбір кертартпа ауыл «жақсылары» Шо-лақты айдап салады. Міне, осындай жәйлар бірқатар уақыт Шолақ-ты дұрыс жолдан тайдырады.

Мен Шолақ жас басымнан болдым ояу,
Оң қолым отқа күйіп болды қаяу.
Тал түсте Қояндының базарында,
Қырық сан өгіз сатқан мені қой-ау.

Атандым мен жасымнан Балуан-Шолақ,
Оң қолым отқа күйіп болдым олақ.
Бір өзім қырық өгізді айдап кетіп,
Соңымнан қуа алмады жалғыз дорақ,—

деп, қырық өгізді қуып алып, базарға сатқанын айтып, мақтанады. Шолақтың ойынша поселке тұрғындары малдарын қуып, мазаларын ала берсе көшіп кетеді деп түсінеді. Халықтар достығына үнемі кесел жасаушы ауылдың «пысықтары» Шолақты, сөйтіп қылмысқа айдап салып, ол бірнеше рет түрмеге де түседі. Басында аты бір жаман болып шыққанын, басқа бір ұрылар қуып кеткен поселкенің сексен өгізінің жаласы да Шолаққа жабылып, одан әрең деп құтылады.

Мен Шолақ жас басымнан болдым ояу,
Қаңғырып Қараөткелде жүрдім жаяу.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Алдында жалғыз оқтың тұрдым таяу,—

деп, өзінің ажал аузынан қалғанын өлеңіне қосады. Біреулердің қотқоттауымен Шолақ жәрмеңке, базарларда болып тұратын төбелестерге де қатысады. Бірақ бері келе оның бәрін де қояды. Орыс пен қазақ халқының арасында сына болып тұратын ел билеушілер, әкімдер екенін түсініп, кейін әкімдермен ұтасады. Қалай дегенмен де, жанының бір жағы өнерде жатқан адам, ән мен сәнді құмай тұра алмайды. Өмірдің барлық мәселесі күшпен шешілмейтініне көзі жетеді.

Шолақтың күшін орынсыз жұмсап, ардақты атына кір келтіріп, біреулердің айтақтағанымен бейбіт еңбек жасап жатқан орыс шаруаларын мазалауын тоқтатуына тағы бір себеп оның Қараөткелде бір орыс чиновнигінің қызымен танысуы болады. Шолақтың әсем әні, көркем, күшті мүсіні, қайтпас ерлігі қызды сүйсіндіреді. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, әкесіне арыз айта барған Шолақпен әлгі қыздың көңлі жақындайды. Бір күні оңаша жерде жолығып тұрғанда Шолақты көп адамдар қамап, одан әрең құтылады. Шолақтың ойында мұның бәрі қыздың айласы, ұстап бермек болып, жәй танысқан деп түсініп, қызға қатер жасай жаздайды. Кейін оның бәрінің шындығына көзі жеткен кезде, қыз басқа қалаға ауысып, көзден ғайып болады. Бұл оқиға Шолақтың жігіт кезінде болса да, бері келе, ой түсе, басынан өткен тентектік «тасбиығын» санап отырғанда бұл сурет те алдына келіп көлденең тартылып, адам баласына сену керек екендігін мойындатады, қазақтың да, орыстың да адамымен қатар жаманы да бар екенін есіне түсіртеді.

Шолақтың өмірінде үлкен орын алған адамның бірі — Ғалия. Өйткені Шолақтың аты аталған жерде Ғалия еске түспей қоймайды. Тағдыр бұлардың арасын қалай шешсе де, тарихта Шолақ пен Ғалияның аты қоса аталады. Мәселенің олай болуына себеп те мол-ақ.

Ақмолада Тілеу атты дәулетті адам болды. Ол заманда жұрт-

тың көзіне түсетін сегіз бөлмелі көк төбелі үйі бар-ды. Олай Тілеудің күйленіп кетуі ол Сұлтанай Қамза деген ноғай байының доверенный адамы еді. Руы — Арғын ішінде Аралбай, туып-өскен жері Жаңа Арқа. Үлкен әйелінен Ғалия, Мәрия деген екі қыз туды. Ғалия — сұрлау, ат жақты, ұзын бойлы бетінде аздаған шешек дағы бар, өткір, сөзге шешен, оң қолынан өнері төгілген шебер болды. Қазақ әдеті бойынша Ғалияны жастай Біржан дегенге атастырып, бой жеткенсін Ғалия ұзатылып барды. Бірақ көңлі сүймеген Біржанмен ұзақ тұрмай, бір-екі жылдан кейін Ғалия Қараөткелге қайта келеді. Бір кездерде өзі әбден сынына келіп, әдемі денесі талшыбықтай бұралып, көп адамның діңкесін құртады.

Ақмолада Ғалия қымыз сататын әйелдің қасында жүреді. Өйткені халықтың көп болатын жері сол. Басқа ол кезде адам топтасатын орын болмайды. Біреулердің айтуынша өзі де қымызшы болған. Қалайда осы қымыз саудасы үстінде Ғалия күндердің күнінде Балуан Шолақпен кездеседі. Ғалия Балуан Шолаққа ұнайды. Ғалия да Балуан Шолаққа қызығады. Екеуі есебін тауып жолығып, өмірді бірге өткізуге уәде байласады. Екеуі жолығысып жүреді. Оны Ғалияның жаңада тиген күйеуі білмейді. Ғалияны табанда алып кете қоюға Балуан Шолақ та дайын болмайды. Солай күн артынан күн өте береді.

Іскер Ғалия сүйгеніне деп арнап, сегіз қалта салып жият тігеді. Оған Шолақтың атын кестемен жазады. Қаншама жасырғанымен абайсызда күйеуі келіп қалып, Ғалия оны тығып үлгере алмай көріп қояды. Бұрын да аздап сезігі бар күйеуі, енді әбден көзі жеткенсін Ғалияны көкала қойдай өтіп сабап, бар киімін шешіп алып, тек ішкі көйлегімен көшеге қуып тастайды. Енді сені желкемнің шұқыры көрсін дейді. Ымырт кезі өкен, аброй болғанда Ғалия екі өкпесін қолына алып жүгіріп отырып, әкесінің үйіне келіп, бір бөлмесіне кіріп көтеді. Шәй ішіп отырған бәйбіше Ғалияның кіріп кеткенін көріп қалады. Бір сұмдықтың болғанын әкесі де сезіп, қызын шақыртады. Әңгіменің мән-жайын есіткенсін олар Ғалияны қайтадан жібермей өзіне бір бөлмені босатып осында тұрасын, ешқайда да бармайсын дейді. Ғалия өке-шешесінен қымыз сатуға ұлықсағ алады. Енді Балуан Шолақпен жиі кездесіп тұрады. Жалғыз-ақ бұлардың қосылуына кесел — Біржаннан алып қойған Тілеубайдың қалыңмалы болады. Қалай дегенмен де мал төлеген адам күшті, Балуан Шолақ батыр болғанмен қалай болса солай Ғалияны алып кете бере алмайды. Сондықтан ол Көкшөтауға барып, қырық жетісін алып келуге көтіп қалады. Азар болса ағайыннан жиып алармын деген ойы болады. Ал Біржан болса малын дәулай, Ғалиядан күдер үзгенсін билердің сотына түседі. Сотта Ғалияға сөзін сөйлейтін би таңдауын салады. Бірақ шөшен Ғалия: «Маған ешбір адвокаттың да, бидің де

керегі жоқ, өзімді өзім қорғаймын, өз дауымды өзім ұстаймын» дейді. Осы сотта Ғалияның сөзі басым болып, әйелден бірінші рет дауға шыққан, әрі сұлу, әрі өткір Ғалия Біржанды ешуақытта сүймегенін айтып, оның сабап адамды қорлағанын бетіне басып, Балуан-Шолақты жақсы көретінін әшкерелеп, жеңіп шығып, басына бостандық алады. Біржан малдан да, әйелден де жұрдай болып, қайтады. Балуан Шолақ Көкшетауға келе жатқан сапарында бір үйге түсіп отырып, тыныштала алмай, домбырасын алып:

Ғалия айналайын қалып еді,
Көп жылап таңға жақын талып еді.
Білмеймін не болғанын өңгіменің,
Біржанмен биге түсіп қалып еді,—

деп әндетіп, алдындағы тамағын іше алмай, одан әрі жүріп кетеді. Көкшетау Балуан Шолақты жамандықпен қарсы алады. Жоғарыда айтылған сексен өгіздің жаласы жалғасып, Балуан Шолақтың «делосы» қалыңдап, Семейден ұрланған бір топ жылқыны да бұған тіркейді. Сонымен Шолақты түрмеге жабады. Шолақ кешігеді. Ғалия не қыларға білмейді, сасады. Оның үстіне Біржанның адамдары жең үшін жалғасып, ақшаға сатып алған кісілері арқылы қалай да Ғалияны Шолаққа қостырмау жағын қарайды. «Шолақ пәлен жылға жер аударылыпты, қайтпасқа кетіпті», «Балуанның елде тағы екі әйелі бар екен, Ғалияны жәй ермек етіп жүр екен, алайын деген ойы жоқ екен» деген өсектерді таратады. Өз үйімен қымыз дүкенінен басқа жерге шықпайтын Ғалия үшін бұл әңгімелердің бәрі де рас болып көрінеді. Ол әрі-бері толқып, ойланып, әкесінің меңзеуі бойынша Есенжолдың Қанапиясына шығады. Бірақ Балуан Шолақты өсектеген жұрт Ғалияны шатастырады. Қанапияның да әйелі болып шығады. Сөйтіп, Ғалия тоқалдыққа келген болады. Барып қалғансын амалы жоқ біраз жүреді. Бірақ Қанапияға тоқал болып тұру Ғалия үшін үлкен азап болады. Ғалия осы арада ғана «Сабырсыз қалар ұятқа» деген нақылды есіне алады.

Балуан Шолақ Ғалияны сағынады. Неше саққа жүгіртіп Ғалияның атын әнге қосады. Әншінің аузынан халық қағып алып кетеді.

Айдың көзін жалт еткен бұлт алсын,
Бүйте берсең діңкөмді құрытарсың.
Биюадан қосылған Ғалия жан,
Қай қылығын қалқаның ұмытарсын.

Айым да сен, Ғалия, күнім де сен,
Оң қабағым тартады күлімдесең.

Менің көңлім Ғалия дауалансын,
Ауған түйе секілді бейімдесең.

Ғалияның қолында бұйда-пышақ,
Ғалияны көрдім де жайдым құшақ.
Ғалия жатыр ма екен, отыр ма екен,
Шомылған айдын көлде аққуға ұсап?!

Қараөткелде Ғалия сен емес пе ең,
Бұл Арқаның шортаны мен емес пе ем.
Сүмбіл шаш, құралай көз Ғалия жан,
Ынтығымды құрытқан сен емес пе ең?! —

деп әндетіп, аяғындағы қайырмасын әлденеше құбылтып:

Ойпырмай, жан сәулем,
Ғалия, көзіңнен.
Қосылып ем өзіңмен.
Бір көрінсең көзіме,
Айрылмас ем өзіңнен!

Ойпырмай, жан сәулем,
Ғалия, басыңнан.
Кеткім келмес қасыңнан.
Жұпар исі шығады,
Қолаң қара шашыңнан!

Ойпырмай, жан сәулем,
Ғалия, қабағың.
Аппақ екен тамәғың.
Қайта айналып тағы да,
Көрер ме екем, қарағым?! —

деп, үші-қиыры жоқ созып, тағы бірнеше түрлендіріп кетеді. «Ғалия» өні — өннің төресі, үлкен жүректен, шын сезіммен шыққан өн. Бастаған жерден-ақ асқан ынтықтық бары сезіледі. Өннің шұбатылмай, динамикалық жағдайда жүріп отыруы да ғашықтық оттың іште лаулап жатқанын көрсетеді. Қайсыбір сөздер салмақ беру үшін бір мотивте қайталайды. Ол өннің өткірлігін асыра түседі. Ал қайырмасын тыңдағанда Балуан Шолақтың алдында өркелеп отырған сұлу Ғалия көз алдыға келеді. «Ғалия» өнін білмейтін кісі аз. Бірақ бабына келтіріп орындау көрінгеннің қолынан келе бермейді. Ал, Жүсіпбек Елебеков орындағанда «Шолақтың өзі тіріліп келсе де риза болар еді» деп отырасың.

Қалай дегенмен де Шолақтың ойына хауіп түсе бастайды. Оттай жанған Ғалияның шоқ басып қалуының мүмкіндігі барын да есептейді. Өткір сезімнің қожасы болған Ғалия бір нәрсеге ұрынып қала ма деп, түн ұйқысын төрт бөліп, түрменің ауыр жәйін де ұмытып кетеді.

Нұр сипатты Ғалия жамалыңыз,
Ешбір жанға тимесін залалымыз.
Аршын төс, алма мойын, Ғалия жан,
Әлде қандай болады заманымыз,—

деп, хауіпті көбірек айтатын болады. Оның үстіне Шолақты енді Қараөткелдің түрмесіне алып келеді. Бір жағынан Ғалияның тұрған қаласына келгенде қуанса, екіншіден Ғалияның жәйі не болды екен деп тынышсызданды. Ғалияның жамандығын көргісі келмейді. Бірнеше күнге шейін Ғалиядан хабар ала алмай налиды. Тағы да шері ішіне сыймай, не қыларын білмей ұрынуға қара таба алмай, еріксіздік өмірдің бұғауында қысылады.

Сәлем де Ғалияға жүрсін аман,
Артынан аяңдаған өсек жаман.
Шетіне шай орамал мейіз түйіп,
Кісіден қатынасқан берсін маған,—

деп, өзінше Ғалия мұнда екенімді білсе келер деп дәме етеді. Сүйіскен адамнан күдер үзбейді. Өзінің жақын арада босанып қалу үмітін айтып, тағы Ғалияны өлеңге қосып, арманын сыртқа шығарады.

Сәлем де Ғалияға ұмытпасын,
Қасына ешбір жанды жуытпасын.
Жұлдыздың бес кезінде барып қалам,
Жүрекке жара салып суытпасын,—

дейді. Бірақ Ғалия келмейді, ешбір хабар да болмайды. Сөйтіп жүргенде түрменің бір қарауылшысы Ғалиядан суық хабар алып келеді. Ғалияның Қанапияға кетіп қалғанын, оны алдап-арбап қолға түсіргенін, барған жерінде жылап жүргенін айтады. Шолақ не айла табарын білмей, түрме әкімдерінен қора ішіндегі бір аласа үйдің төбесіне шығып, домбыра тартып, ән салуға ұлықсат алады. Ондағысы — Ғалия осы маңнан өтсе, дауысымды есітіп келер ме екен деп ойлайды.

Ноғайлар бал жалайды шыныменен,
Ешнәрсе бітірмедім мұныменен.
Ғалия, сен туралы естігенде,
Дөңбекшіп жата алмадым түніменен.

Ғалия, ұзын бойлы ырғақтым-ай,
Үстінде дүрия көйлек сырғақтым-ай.
Қазақтың сендей қызы үйінде отыр,
Шыдамай бір-екі айға жын қақтым-ай,—

деп Ғалияның істің ақырын күтпей кеткенін кұстаналайды. Мұның сүйген адамдарға лайық емес екенін айтады. Ақыры баяғы қарауылшының Ғалия келмеске кеткенін егжей-тегжейлеп түсіндіргенінде, Шолақ та қатты ойланып, өзінің бұл жөнде басқан қадамының ағат болғанын сезеді. Қанша сүйгенмен Ғалиядан оны қайтару сезімі болмағанын ойланады.

Сен Тілеудің қызы едің, Ғалиям-ай,
Ісің болды халыққа жариядай.
Бұл қылығың қоймасаң, Ғалияжан,
Арты болып кетпесін дариядай,—

дейді, біртіндеп күдер үзе бастайды. Бұл кезде Шолақ түрмеден босайды. Баяғы жала жайына қалады. Тілеудің үйіне барып, Ғалияның жайына қанады. Ғалия деп көйінде қалған үй-ішінен безіп, бұл жақта қаңғып жүре беруді мақұл көрмейді. Ғалияның ажары мен ақылының сай болмағанына, жөңілдікке сайып кетуіне көзі жетеді. Өзінің ошағын, қатын-баласын сағынады, оларды тастап кеткеніне ренжиді.

Атандым Балуан Шолақ мен жасымнан,
Тартады денем ауыр қорғасыннан.
Бөтіңнің алақандай қызылы үшін
Айрылман қияметтік жолдасымнан.

Болса да біздің қатын бостың босы,
Жарасар жігіттікке жүрген қосы.
Жұбымыз өлі күнге айрылған жоқ,
«Қоса ағар алғаныңмен» деген осы,—

деп, Ғалиямен біржолата арасын үзіп, өзінің өліне қайтады. Ғалия Қанапиядан кетіп, Қояндыға барып қымыз сатады. Онда Семейден келген бір байдың баласы Ғалияға қызығып, қырық аттың пұлым қалтасына салып, Ғалиямен өріп, Қараөткелге келеді. Қырық сегіз

болыс Семей елі болып «еркекті әйел алып қашқанға» арланады. «Сырдың суы сирағынан келмейтін» Ғалия Қалимен Қараөткелде тұра береді. Арада бес-алты жыл өткенсін Қалиды ертіп Семейге келіп, оның бұрынғы әйелінен кешірім сұрап, өзінде бала болмағанын оның бір қызын сұрап алып, бойжеткенсін өз қолынан ұзатады. 1922 жылы Ғалия туберкулезден 35 жасында қайтыс болады. Балуан-Шолақ пен Ғалияның арасындағы драма осы мен аяқталады. Оқиғаның бітісі қалай болғанда да, екеуінің артында аңырап «Ғалия» әні қалады.

Балуан Шолақ халық алдында әнімен, күшімен қадірлі болады. Өнер адамына тән ол бастан-ақ құдайшыл, діншіл бола қоймайды. Қызықты осы дүниеден іздейді, соған халықты үгіттейді. Атасы-туысы Ұлы жүз болғанымен жасынан Көкшеде өскен Шолақ ән дәстүрінде Біржанның, Ақанның әсерінен ауызданады. Ол Жетісуға келіп, бір шеті қырғыз ағайынды аралап, осы жақтарға Арқаның әншілік өнерінің жаюшысы болады. Осы мақсатта үйде болуынан түзде болуы көп болады. Ол өзінің бір өлеңінде сол дінге шорқақ екенін, түзде көп жүретінін анықтап айтып береді.

Атанған мен жасымнан Шолақ едім,
Намаз бен оразаға олақ едім.
Айында қатын-бала бір көрмейтін,
Мен жүрген ел шетінде қонақ едім,—

дейді. Жас кезінде қыз-келіншектің пірі болғанын да Шолақ өлеңінде айтып жүреді.

Баласы Баймырзаның Балуан Шолақ,
Бойымда толып жатыр күш пенен бақ,
Сұлу қыз, келіншекке тынышсызбын,
Жалғыз-ақ тал бойымда мінім сол-ақ,—

дейді. Ел еркесі болған Шолақтың жақсы қадамы болса мадақтап, жаза басқан істеріне ренжіп отыратын халқы оның өнер иесі екенін сезіп, қатты құрметке бөледі. Ал жоғарыда айтылғандай орыс крестьяндарымен болған жайсіз істерін, Шолақ бері келе түсініп, ондай қадамдардан бас тартты. Әсіресе Октябрь төңкерісінен кейін Шолақ мүлде өзгереді. Баяғы «тентектік» мінезді тастайды. Көкшетаудың совдепінде қызмет істейді, жәрдемдеседі. 1918 жылы елге қашып келген большевиктерді ақтардан жасырады, оларға ат беріп, айтқан жерлеріне шығарып салады. Сөйтіп халықтар достығы арқылы ғана жақсы заманға жетуге болатынын іс жүзінде көрсеткен большевиктік платформаны түгелдей мақұлдап, өндігі жасын сол жолда

қызмет істеуге арнайды. Бірақ ол арманына жете алмай 1919 жылы төрт-бес күн ғана ауырып, 55 жасында қайтыс болады.

Жоғарыда айтылған әндерден басқа Шолақтан: «Талды көл», «Ашылы Айырық», «Қос перне», «Кенже қоңыр», «Құлан кісінес» «Дікілдек», «Ыңғайтөк», «Желдірме», «Қосалқа», «Қос барабан», «Көкшетау» және бірнеше түрлі «Сарын» әндері қалды. Шолақтың жұбайы Ғайнікейден 8 ұл, бір қыз болды. Бәти қыз да жасында күшті болған. Ол жөнінде мынандай әңгіме бар.

Бәтидің күшін сынайын деп, күйеуінің құрдасы бір күні алып келіп азғырады. «Бәти, сенің көзіңе шөп салып жүр, сен оны неге тәлкектетіп қоясын, неге сабап, жөндеп қоймайсың» деп, өтірікті шындай, шынды жындай қып сөйлейді. Бәтидің күйеуі аңқаулау адам болса керек, әлгі құрдасының айтқанына нанып, бір кезде Бәтиді жазықсыз сабай беретін болады. Бірақ ешбір жазығы жоқ Бәти «Қояр, қайда барар дейсін» деп, мән бермейді. Бір күні ауылда ешкім жоқта күйеуі Бәтиді тағы сабайды. Бәти олай-былай қой десе де, ол қоймайды. Бәти ашуланып кетіп, күйеуін бүріп алып, екі қолын, екі аяғын артына байлап, белдеуге қыстырулы тұрған адалбақанға асып қояды. Күйеуі тырп ете алмай, кешке дейін ілулі местей болып тұрады. Құрдасы өз үйінің жабығынан сығалап, миығынан күліп отырады. Осы кезде анадайдан ауылға мал қайырып келе жатқан Бәтидің атасы баласының адалбақанға асылып тұрғанын көріп қарқ-қарқ күледі. Бәти атасынан ұялып жалма-жан шешейін деп келгенде, атасы шештірмейді: «Тұрсын, бәлем! Кім көрінгеннің сөзіне еретін неме ғой! Мұның аяғының осылай болатынын біліп едім! Рахмет, Бәтижан! Сазайын әбден тәртқан екен» дейді. Бәти не дегенмен атасынан ұялып, күйеуін шешеді. Сол кезде құрдасы да келіп, Бәтидің адал жар екенін айтып, тек оның күшін көргісі келгенін, құрдасының аңқаулығын пайдаланғанын әңгіме өтіп, күлісіп тарқайды.

Шолақтың бейіті Қайрақты қаласына жақын. Мола тұрған жерде ел жоқ болса керек. Шолақтың әндері, оның өмірбаяндық деректері әлі толық жиналып болған жоқ. Ел арасында көп болу керек. Сол сияқты Шолақтың суретін де таба алмай келеміз. Солай да болса, осы бір аз ғана жарияланған деректерді оқыған адамдар өздерінің қолдарында барларын Шолақтың қорына қосар деп сенеміз.

Шолақтың әндері осы кезде радиодан, концерт сахналарынан, совет композиторларының туындылары ішінен үнемі естіліп отырады. Әнші, балуан жайлы белгілі жазушымыз Сәбит Мұқанов повесть жазды. Әлі де Шолақ туралы көркем туындылар жарыққа шығады. Өйткені оның өмірі мен творчестволық істері өнегелі.



СЕНТЯБРЬ

Балуан Шолақ

Қатал

Бұл күн-ге қырық то - ғыз да
ме нің жа-сым, Қа-мал-дың бұ зып
жүр-мін тау мен та-сын. Ке-ше-гі
Сен-тя-бр-дің да - за рын да,
кө-тер-гім е-лу бір бұт, А - хау,
Кір-дің та - сын, кір-дің та-сын, ха-ли-лә ләй,
лә-ли-ләй ләй, ха-ла-ла лау,
лә-лә-лә ————— ләй.

ЖАЯУ МҰСА



„**Ж**аяу Мұса — қазақтың белгілі әншісі, өлең шығаратын ақын, руы Айдабол, Баянауыл ауданы, Павлодар уезі, Семипалат гу-

берниясынықы. Осы кезде тірі болу керек, бірақ қартайған. «Жаяу» атанған себебі — өзінің өнерін жаюда ауыл арасында жаяу жүрген, ал оның өзі аттан түспейтін, ат қадірлейтін қазақ үшін үлкен кемшілік. Солай бола тұрса да оның аты халыққа тез жайылып, бай қазақтар да оны құрметті қонағындай қарсы алды. Жамболовтың сөзіне қарағанда, Мұса — көңілді қарт, қазақ ақындарының әдетін құмай, көбіне домбырада емес, татар әншілері сияқты, скрипкада ойнаған. Шынында да кейбір татар әсері — әрқилы публикаға ұнаймын деген, профессионалдың, жағыну нәтижесінен туған болуы мүмкін. (Мұса орысша да ән салған.) Ал, Мұсаның творчествосындағы қазақтарға тән емес күлкі, жеңілдік кезеңдер де орын алады. Оның жеңіл, ойсыз, басқаша айтқанда көңіл көтеретін мелодиялары бірыңғай екі ширектік өлшеуге сыйып отырады (бұ да татарға тән), солай аяғына дейің өзгермей, «гитарға лайықты» сүйемел кереккендей және биге шақырып тұрғандай болады (ал ол қазақта тіпті жоқ). Біразды көрген Мұсаға мазурканың ырғағы да белгілі болса керек», — дейді. А. Затаевич, өзінің «1000 әнге» жазған соңындағы түсінік сөзінде.

А. Затаевич осы аз сөзінде көп нәрсе айтқан. Кейбір үстірт соққан жерлері болмаса, ол Жаяу Мұсаның өмірлік, творчестволық бетін негізінде дұрыс ашады. Әрине, өмірі де, творчестволық жолы да басқа халық композиторларынан өзгеше жайда болған Жаяу Мұса туралы о бір жылдарда толық баяндау қиын да болды. Сондықтан, шындық жолында туған шежіредей, оқиға мен толы Жаяудың өміріне тоқтап, творчестволық белестерін шарлайық.

Мұса 1835 жылы (кейбір деректер бойынша 1838 жылы) осы кездегі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Жасыбай көлінің жағасында туды. Руы — Сүйіндік, оның ішінде — Айдабол. Әкесі Байжан деген кісі жай шаруа, оның арасында ұсақ кәсіппен шұғылданған. Өзіне жетерлік күнкөргіштігінің арқасында ешкімнен кем болмай, мінер ат, сауар сауынға тарықпаған. Өзі пысық, әкім болып ел билеп, би болып сөз қумағанмен, кісіге өзінің сөзін де, ұпайын да алдырмаған. Сол пысықтығының арқасында Мұсаны кішкентайынан молдаға беріп, ескіше болса да хат танытады. Мұса бес-алты жыл оқып, көзі ашылып, білімнің негізі бұл оқуда емес екенін сезеді. Шын мәнісіндегі оқуға түскісі келеді. Бір айтқанды қайта айттыра беретін «ежік», «сүре» қабілетті туған Мұсаның басынан орын ала алмайды. Оның үстіне сол молданың өзі оқытып отырған араб сөздерінің қазақша мәнісін айтып бере алмайды. Зерек Мұса басқа балалардан бұрын ондайды сезіп жүреді. Бірақ жас талапкердің ондай созған қолын қолдайтын әке болмайды. Бұл кездерде Байжан Мұсаның шешесінің үстіне тоқал алады. Жас тоқалдың қызығымен бәйбішесіне де, одан туған балаға да қарамайды. Мұса шешесі Нақышпен екеуі болып, өз беттерімен күн көруге көшеді. Бір-екі жыл солай жүріп, жасы он беске келгенде оқусыз қалу хаупы туғансын, шешесімен ақылдасып, Қызылжарға бара жатқан бір қалашымен ілесіп, сонда барады. Саудагер ноғайдың бірінде самауыршы болып жалданып, бос уақытында оқиды. Сөйтіп үш жылдай жүреді. Қаланың жағдайы Мұсаға жақсы әсер етеді. Ол практика жүзінде орысша жақсы сөйлейтін болады. Ол сөйлеуі хат таныуына, орысша жазуды дұрыс үйренуге себеп болады. Мұса енді басқаларға қарағанда қазақша (арабша), орысша сауатты кісі болады. Сауық кештеріне барып, қаланың музыкалық дәстүрімен танысады. Бірен-саран орыс жазушыларының, ақындарының кітаптарын оқиды, газеттер, журналдармен танысады.



Жазу Мұса.

Көз ашылған сайын Мұса өзінің білімінің тіпті аз екенін сезеді.

Қазеқ халқының су қара надан екенін енді анық түсіне бастайды. Білімсіз ешбір өмірдің мәні жоқ деп шешеді. Көп ұзамай есебін тауып, жиған азды-көпті қаржысымен Омбыға барады. Омбы, Қызылжармен салыстырғанда едәуір үлкен қала, ондағы оқу орындары да басқаша, генерал-губернатор тұрғанға ма, халықтарының жүріс-тұрысы да өзге болып көрінеді. Мұса онда да бірнеше жыл оқиды. Біреулердің дерегінше Мұса Омбыда тұрған Сұлтанғазы Аблайхановтың үйінде жатты дейді. Қолымызда ол жөнінде басқа дерек болмағанын оны тап басып айта алмаймыз. Мұса Омбыда бұрынғы біліміне көп нәрсе қосады. Онда шығып тұратын газеттерді жібермей оқып, айналада не болып жатқанынан хабардар болады. Орыстың классик жазушы, ақындарының, сыншыларының шығармаларын оқиды. Кештерде концерт, постановкалар көріп, профессионалдық музыканың шетімен болса да танысады. Қызылжарда басталған гармонь мен скрипкада ойнау, мұнда келгенсін үдей түседі. Әрине, жағдай болып, нота сауатынан хабары болса, Мұса көп істер қалдырған болар еді. Ол бақыт ол кезде Омбы сияқты Россияның орталығынан алыс жатқан қсрған-қалаларды аралай қойған жоқ-ты. Солай бола тұрса да үрлеп ойнайтын аспаптардың оркестрін тыңдау (Омбыда тұрған әскері бөлімдердің оркестрі болса да), орыстың халық музыка аспаптарында ойнайтын өнерпаз оркестрді көру — Мұса үшін үлкен музыкалық школа болады. «Ән», «күй» деген екі түсініктен басқа музыкалық жанрды есітпеген Мұсаға «марш», «вальс», «мазурка» дегендермен тек атымен емес, орындалуы арқылы түрімен, өлшеуімен характерлерімен таныс болады. Әсіресе Мұса үшін бір жаңалық би музыкасы болған. Әдетте биде ырғақ-өлшеу басынан аяғына дейін өзгермейді, әйтпесе билеушілер шатасып қалады. Ал емін-еркін, ешбір есептеулі қозғалыспен байланысы болмаған қазақтың ән-күйлерінде ырғақ-өлшеу үнемі өзгеріп отырады. А. Затаевичтің жоғарыда айтқан әңгімелері осының айналасында.

Бұл кездерде Мұсаның нөдәуір интеллектуалдық төбесі биіктеп, ақ-қараны тани бастаған, оқу арқылы тек Россияда емес, басқа өлдерде де не болып жатқанынан мәліметі бар көз еді. Қоғамдық тұрмыстың қозғаушы себебін, ішіндегі қайшылықтардың шешуші күшін айыра алмаса да, зорлықтың, күштің, қанаудың қай жақтан келетінін, өділсіздік негізінің қайда екенін, өкімдердің өз басының пайдасын бірінші ойлап өрекет жасайтынын сөзе бастаған еді. Оның үстіне өкі Россияның барын білмесе де, өзі оқыған кітаптардан, прогрессивті көзқарасты оқыған адамдардан естігені нәтижесінде бай мен кедейдің, өкімдер мен бұқараның, патша мен халықтың тілек-мүдделерінің бір сайға құймайтынын сезетін. Жас талапкердің басына осындай ойлар келіп, ол осы жайларды өуелі-ақ ауыл тұрмысының суретімен

анық көретін. Бірақ күштілермен, әділсіз әкімдермен, парақорлармен қалай күресудің жолын біле қоймайтын.

Омбыда оқып жүріп Мұса жазда еліне келгенде өзінің оқып білгенін, көргенін, естігенін айналадағыларға баяндап отырады. Қанша айтқанмен оқығанның аты оқыған, «көп жасаған білмейді, көп көрген біледі» дегендей, Мұса қағаздан көп нәрсе көрді, білімі кеңіді, көзі ашылды, айналаға да қадірі күннен күнге арта бастады. Басқаны қойғанда қазақтың халық әндерін, күйлерін орындай отырып, Мұсаның орыс музыкасының үлгілерін тыңдаушыларға естіртуі үлкен оқиға болады. Мұсаның үстіндегі ықшамдалған киімі, тек домбыра емес, сырнайда, скрипкада ойнауы, тек қазақ ақындарының өлеңі емес, орыс жазушылары мен ақындарының шығармаларынан өзінің аударуы арқылы үзінділер де айтып беруі, кейбір кертартпа ауыл адамдарына ұнамайды. «Мына жаман Байжанның баласы тар шалбар кигенге шіреніп, артықсынып барады. Өзі орыстың дәстүрін үгіттейді, жасындағы оқыған «иман-исламнан» ешнәрсе қалмаған, кедей қанша киінгенмен байға жете ме» деген сияқты әңгімелер тарай бастайды. Бұл әңгімелер баста жәй бықсыған шала болғанымен кейін тұтасып, от болып, Мұсаның соңынан еретін бәленің басы болады.

Әңгіменің басы — Мұсаның аты болады. Қандай қиыншылық көрсе де, ауылға келгенде «аяқ-лау» болсын деп, анасы Нақыш Мұсаның жалғыз атын сақтап, бағып, ешкімге тигізбей отырады. Мұса сол атпен ауыл аралап, Омбының әңгімесін айтып, не бір күлкілі жайларды газет, журнал, кітаптардан оқып беріп, ара-арасында домбырасын, сырнайын, скрипкасын кезек тартып, айналасына үлкенді де, кішіні де жинайды. Мұсаның жазғы ауылда болған айы — өнердің, әңгіменің, жаңалықтың жәрмеңкесіне айнағады. Мұның бәрі де жақсылықты өз бастарынан асырғысы келмейтін Шорман тұқымдарына ұнамайды. Олар тұрғанда Ұсақ кәсіпші Байжанның Мұсасының елге қадірі артуы «заңсыз» болып көрінеді. Жоқтан-барды сылтау қылып, Шорманның Мұстафасы бір күні Мұсаның жалғыз атын тартып алып, ерін арқалатып, жүгенін қолына беріп жібереді. Шормандарға қарсы келетін күші жоқ Мұса, амалы жоқ, бұрынғы аралаған ауылдарын жаяу кезеді. Осыдан келіп халық арасында ол «Жаяу Мұса» атанады. Мұстафаның ойынша ол Мұсаны қатты кеміттім, «Жаяу» атандырдым дейді. Бірақ, ежелден қажуды білмейтін Мұса, оған саса қоймайды, әңгімесін, өлеңін, әнін айта, жаяу-ақ жүріп, жұмысын бітіреді.

Бұл оқиға Жаяу Мұсаның жан қылын қозғайды. Қара күшпен теңдесе алмаса да өнерге келгенде Мұстафадан бойы биік екенін біледі де, еңсесін төмен түсірмейді. Қайта творчестволық шұйдесі бұрынғыдан көтеріліп, шабыт қанаты қомдалып, толқын атқан жүрек-

тен бір кесек туынды жарыққа шығарамын деп талпынады. Бұған дейін үлкен аға әншілердің репертуарынан, орыс, қазақ, татар әндерінен домбырасына, сырнайына, скрипкасына қосып орындап, өзі ән шығаруға әлі де ерте деп ойлап келген Мұса, тап осы арада жаңа бір жігерге мінеді. Өзінің халық аузында күрестің гимны болып кеткен атақты «Ақ ситса» әнін шығарады.

Ақ ситса, қызыл ситса, ситса, ситса,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себепті «Жаяу Мұса».

Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяумын деп басыламын.
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,
Қылығын Мұстафаның паш қыламын,—

деп, жоғарыда айтылғандай, Шорманның қара күшіне өнердің жеңілмес, тотықпас күшін қарсы қояды. Жаяудың бұл өлеңі мен әні тек Шорман сияқты феодалды емес, бүкіл қазақ даласындағы феодалдықтың қатты сыны болады. Өйткені Шорман тұқымы өз тұсында ғана нашарға көрсеткен зорлығымен шыққан аты өздерімен бірге өшті. Ал Жаяу Мұсаның бұл өлеңі Шормандарды, феодалдықты мәңгілік бетіне күйе жағып, масқаралап кетті және орындаған сайын зорлықшыларға бір үкім құрылып тұрады.

«Ақ ситсаның» өлеңі осындай болғанда әні оған сай. Ол бұрынсоңды қазақтың халықтық музыкасында болмаған үлгі. Басталғаннан Мұстафаны «жағадан алғандай» күшті, серпінді, дауыстың жоғарғы регистрінен алып кеткен дыбыс, сол сатыдан түспей, өршеленіп, екіленіп, автордың рухани күшінің анау-мынау «белдеу күштен» басым екендігін сездіреді. Сол екпінмен, сол жігермен ән аяғына дейін барады. Қайырмасының өзі де, «гәгәги, гәүк-ки» деп, сөзсіз келсе де, ашу, кейіс дыбысындай, қышырланып, үдей түсіп, тек аяғында, «айтарымды айттым!» деп, көңлі тыңғандай жайдары кейіпке көшіп, құйқылжып барып бітеді.

Жаяу Мұсаның бұл әні радио толқынындай халық арасына лезде тарайды. Оны үлкен де, кіші де, әйел де, мал шы да айтып кетеді. Нота жоқ, «осындай ән шықты, жақсы шығарма, айтыңдар!» — деп жария қылатын газет жоқ кезде «Ақ ситса» ауыздан ауызға қағып алу арқылы халықтың ең жақсы көрген шығармасының бірі болып кетеді. Бір жағынан Мұстафаның арам қылығын өшкерелеп, зорлықшылдың атын елге паш етсе, екінші жағынан Жаяу Мұсаның атын да көң жаяды. Шорман тұқымының атын тартып алып, «жаяу» атандырғанының үстіне, тағдырға мойнын ұсынып, қарап отырмайтын

Мұсаға тағы да неше алуан «аттар» қосылады. Оның бәріне де Мұса қынжылмайды, қайта тиісті жауабын беріп, кемітем деп қойылған атты өзін халық көзінде жоғары көтеретін қасиетті атқа айналдырып, табалаймын дегендердің сағын сындырады.

Жаяу Мұса өзі ел аралап, көптеген адамдар мен танысқаны арқасында оның үйіне де үнемі құрбы-құрдастары, әнін үйренемін деп іздеп келгендер болады екен. Жаяу Мұса оларға барын беріп, артында қалған-қалмағанын есептемейді екен. Осыдан келіп оны айналадағы байдың балалары «Мырза-кедей» деп, өздерінше қатты кеміттік деп атаса керек. Оған қысыла қоймайтын Мұса, сол өнерсіз, тек малының санымен кеудесін жоғары көтерген мырзаларға, рухани артықшылықтың малдылықтан артып түспесе кем болмайтынын өлеңмен:

Байжанның мен баласы «Мырза-кедей»,
Мойнымда тұмарым бар дөдегедей.
Жаяу жүріп аттыдай шіренемін,
Мың қойым, бес жүз жылқым бар немедей,—

деп, әңгіменің артын мазаққа, мысқылға айналдырып кетеді екен. Бірақ баста жәй сөзбен бірін бірі кемітуден басталған әңгіме ұлғайып, Мұса мен Шорманның Мұстафасы үлкен айтысқа кетеді. Жоғарыда айтылғандай, ауылдағы тап жігінің ашылып, келіспес дәрежеге жетуінің ішкі себебін анық түсіне қоймаған Мұса әлі де «аталастық», «ауылдастық», «түбі бірге түтпейді» деген ұғымдардан арылып болмайды. Оның Мұстафа мен тартысы, кейбіреулердің оп-оңай шеше қойғанындай, кедей мен байдың тартысы болып басталмайды. Шормандар болса, олар феодалдықтың күні кететінін, хан тұқымдарының «жоғарғы дәрежелерінің» төмендейтінін сезбейді. Мұса болса, ол оқыған, көзі ашық, білімнің малдан артық екенін біледі, жөн білетін, көзі ашық азамат ауылда жүгенсіздік, артта қалушылық, феодалдардың зорлығы жөнінде ұлықтарға түсіндіріп айтса, олар шындықты айырады деп ойлайды. Міне, осындай түйінмен Мұса баста оязға, бара-бара Омбының генерал-губернаторына арыз жазады. Патшашылдықтың өкілдерінің ауылдағы «ақсүйектердің» қалдықтары, феодалдармен ауызы бір екеніне оның көзі жетпейді. Мұса өзінше «әлі арызым жетпей жатқан шығар» деген оймен бірінің үстіне бірін жаза береді. Ол қағаздар Мұсаның қарсы жағының қолына келіп түсіп отырады. Законның тармақтарын оқып, әділдік іздеген Мұса тыным таппай, Омбы мен екі ортаны жол қылады.

Қарағым, айналайын асыл туған,
Сорлы әкең жаяу жүріп зәкүн қуған.

Мұса мен қағаздасып жүргенімде,
Садықжан айналайын сонда туған.

Ішуге Омбы барып шай таппадым,
Кайтейін көңлі құрғыр жай таппадың.
Жұлдызға аспандағы қолым сермеп,
Жыландай қарашұбар қайқақтадым,—

деп келетін өлеңі, сол бір айтысып жүрген кезінде жарыққа шыққан болу керек. Бұл өлеңді «Гәуһар қыз» әнімен айтады. «Гәуһар қыз» Мұсаның әндерінің ішіндегі ірісінің бірі. Бұл әнде сөзсіз, Біржан, Ақанның әсері бар. Осы әңгіменің басында Мұса туралы жазған А. Затаевичтің сөздерін келтірдік. Онда А. Затаевич Мұсаның әндері орыс, татар музыкасына көп ұсайды дейді. Шынында Мұса өзінің творчествосында өз тұсындағы халық композиторларынан ерекше, жан-жақтырақ болды. Ол қалаларда оқып, кейін тағы жақын-алыс ел аралап, музыкалық сөздігіне басқа елдердің интонациясын қосқаны рас. Әсіресе, оның гармонда, скрипкада тартуы бұл жағынан әсер етпей қойған жоқ. Екіншіден Мұсаның өсіп-өнген жері Баян — әннің ордасы болды. Ол арадағы әннің үлкен дәстүрі Мұсаны қобалжытты, жаны нәзік суреткер Біржанның, Ақанның және оның айналғасындағы Жарылғапберлі, Құлтуманың әндерін есітіп, өзі орындау арқылы олардың қасиеттерін зерттеді. Соның нәтижесінде келіп Мұса дүниеге «Гәуһар қыз» сияқты ән шедеврін берді. «Гәуһар қыз» — азаматтық лирикамен толы, аса жұмсақ, басталуының өзі тыңдаған адамды ұйытып алып кетеді. Өлеңнің екінші жолынан бастап ән шырқап жоғары көтерілгенде, Абай айтқандай «бақырған құр айқай» болмай, өте жұмсақ, сызыла көтеріледі (әсіресе Жүсіпбек Елебековтің орындауында бұл ән композитордың мақсатына жақындайтын сияқты. А. Ж.). Өлеңнің үшінші жолында да ән сол «төбеден» түспей біраз тоқтап, соңғы жолда ғана жәйлап кейін қайтады. Әннің қайырмасындағы сөздердің шығарманың негізгі арқауына көркемдік-идеялық мазмұнына қатысы жоқ сияқты. Мүмкін бері келе біреулер солай айтып кетті ме, өлеңнің кеудесінде композитор басынан өткен айтыс күндерін есіне түсіріп, жалғыз ұлына деген мейірбандығын әсерлі әніне қосып отырғанда, оның есіне түскен басқа бір жеке бастың өткінші оқиғаларының көлеңкесі, содан туған сөз шумақтары болуы.

Тағы бір жағдай, осы бір өлең сол уақытта шыққанмен, «Гәуһар қыз» әнін сол кезде шығарды деу қиын. Өйткені, «Гәуһар қыз» тіліне, зергер қолынан өткендей формасына қарағанда, творчестволық тәжірибесі жамалып, шыңдалып келгенде жарық көрген туынды сияқты. Осы жағынан қарағанда өлеңнің де осы кезде шыққанына күмәнданасың. Себебі — Мұса сақайып келіп үйленген болу керек.

Оның қазіргі кезде тірі, үлкен қызы Анна 1880 жылдар шамасында туған. Садық — кенжесі. Ал ол кезде қай бір туғанды тіркеу бар, сондықтан бір он жылға үлкен қызы шатасқан болар дегеннің өзінде де 1870 жылдар шамасы болады. Архив деректеріне қарағанда бұл кезең Мұсаның, Шормановтар емес, тіпті басқа адамдармен ұстасып, қағаздасып жүрген кезі.

Ел аузындағы аңыз бойынша Мұса жасы отызға жетпей, жоғарыда айтылған айтыс-тартыстар нәтижесінде 12 жылға Тобылға (Тобольск) жер аударылады. Соңғы жылдарда Тобольскінің архивтеріне жазған хаттардың жауабында, онда жер аударылғандардың тізімінде Мұса Байжанов жоқ болып шықты. Ал, Қазаннан табылған Мұсаның өзінің қолжазбасында Тобылға айдалғаны айтылады. Сондықтан Мұсаның өзінің жазып кеткеніне сенбеуге біздің хақымыз жоқ сияқты. Тек Н. Оразбековтің кітабындағы Мұсаны ұстағанда үй иесі Сұлтанғазы Абылайхановты қоса ұстап кетіпті деген пікірге қосылғымыз келмейді. Өйткені хан тұқымын ұстау үшін үй иесілік қылмыс заңына жата қоймайды және көрінген солдат Абылайхановтарды «Сен де жүр» деп жетелеп кете алмайды.

Мұсаның сол «дәптерінде» жазылған әңгіме бойынша ол Петерборда, Литвада, Украинаның бірқатар қалаларында болады. Шынында да Мұса осы сапарда көп қаға, ел, жер көреді. Оның өмірден алған мәліметтері толыға түседі. Орысшасы бұрынғыдан да байиды, жазуы да шеберленеді. Өзінің жазуы бойынша Черняев отрядында болуы рас. Бірақ онда Шоқан, Сұлтанғазы жайлы ешнәрсе айтылмайды. Ал Мұса Черняев отряды қазақ даласына келгенде өзінің еліне қашып кетеді. Бұл уақытта көп дүние өзгеріп, Мұсаның артынан ерген дау иелері бірі өліп, бірі қажып дегендей, бұрынғыдай құдалау болмайды. Оның үстіне көп елді, жерді көріп келген Мұса да біраз тыныққысы келеді. Мұсаның ауылын бірнеше үйден бөліп, әр жерге қоныс аударып жібереді. Мұса оларды жиып алады. Черняев отрядында болды дегеннің өзі ауылдағы шаға оқығандарға, надан әкімдерге үлкен күш болып көрінеді. Ояздық басшылар да Мұсаның көтеріліс басқан, Орта Азияға келген отрядта болды дегенсін Мұсадан сескенеді. Оны патшашылдықтың белсенді сойылсоғары болды деп есептейді. Мұса осы бір кезеңді пайдаланып, әділдік жасау әкімнің қолында, әділ басқару арқылы халқыма пайдамды тигізем деп айналасының қаумалауы бойынша ауылнайлыққа сайланады. Мұсаны бұл сапар тек ауыл емес, жоғарғы басшылар да сүйейді. Сөйтіп, бір кезде жер ауып, айдалып жүрген Мұса енді ел басқаруды өз қолына алады. Аз уақыттың ішінде шаруасын жөндейді. Жалғыз басты болып жүрудің есебін таппай, Мұса үйлену қамына кіріседі.

Мұса сол өредегі Қыпшақ Құлбайдың қызы Сапарға үйленеді.

(біреулердің айтуынша Құлбай дегеннің аулында Сүйкім хажының қызы, екіншілер Құлбайдың баласы Сүйімбайдың қызы дейді. А. Ж.) Сапар Мұсадан біраз жас кіші болады. Өйткені, жоғарыда ескертілгендей Мұса сақайып келіп үйленеді. Шаруасы шағын адамдар үшін ондай жағдай ол бір заманда бола беретін. Міне, осы бір кезеңде Мұса аз да болса тыныштық өмір сүреді. Әкімшілік, шаруашылық, үй-іші жұмыстарымен қатар Мұса өнерін де өрбіте береді. Бір жағынан жасынан жақсы көретін ісінің бірі — құс салады. Ойынтойда ән салады. Басқалардай мұның да ошағы, ұясы болып, Мұса көңілденеді. Бұрынғы Шорман тұқымдары әлі де күшінде болғанымен, ел билеудің түрі өзгеріп, қазақ ауылындағы патшашылдықтың тірегі Шорманов сияқтылар ғана болмай, ел басқаратын жаңа мекемелер жарыққа шығады. Олармен араласу үшін білім, оқу керек болады. Мұсаның көтерілу себебінің бірі осы екенін жоғарыда айттық. Бірақ Мұсаның бұл бір дәуірі көпке созылмай, оның басына тағы пәле төнеді. Ол өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының орта шені болады.

1874 жылы Мұса Павлодар үйезінің Айдабол болысында ауылдық старшина болып тұрады. Уезд начальнигі Ферафонтов деген кісі Жаяу Мұсаны жұмыстан қашқан екі кісіні іздеуге жұмсайды. Мұса оларды қояр да қоймай іздеп, астындағы аты жүрмей, жолдан ат жалдап мініп қуып, қалай да екеуін де тауып келеді. Лауға төлеген жүз сом ақшаны уезден қайтаруын сұрап, Мұса Ферафонтовқа арыз жолдайды. Міне, осы бір арыз Жаяу Мұсаның басына төнген қара бұлттың басы болады. Өйткені, арыз Ферафонтовқа ұнамайды. Жемсауы кең ояз, ауыл қазағының шағын ақшасын сұрағанын өзінің әкімшілігін кеміткендей көреді. Оның үстіне Айдаболдың болысы Көбеев Мұса мен ояздың арасындағы осы бір әңгімені пайдаланып, екі ортаға сына болып кіреді. Болыс болғанымен Мұсадан білімі төмен, көрген-білгені аз және Мұса ел арасында Көбеевтен көрі қадірлірек болуы оған ұйқы бермей жүрген. «Сәті түсіп, оязбен Мұсаның арасының ашылуы Көбеевке «құланның қасынуына, мергеннің басуындай» болады. Ояздың енді Мұсаны бұрынғыдай жақтамайтынын білген Көбеев Мұсаның соңына әбден түсіп алады.

1875 жылдың 21 августта Мұса Батыс-Сібірдің соғыс генерал-губернаторына арыз жазады. Онда қашқандарды қуамын деп ұшыраған шығынымды сұрап берген арызымды ояз басқа жаққа бұрды, билер сотының шешімі бойынша менің ата-бабамнан бері қарай келе жатқан қонысымды даулады дейді. Ояздан шығынымды сұраймын деп қатынасымды бұзып алғанымды пайдаланып, болыс «Көбеев ешбір соттың шешімісіз маған тиісті жердің жартысын бөліп елді және одан бір ай өткеннен кейін біздің болыстың және ауылдың қазақтарымен көліп, мен туыстарымды аралап жүргенімде, ешбір заңсыз

он ат, он қой, ішінде екі жүз он сом ақшасы бар сандық, әр қайсысы жиырма сом тұратын екі бұхар кілем, жеті жүз сом тұратын бөрік пен текемет тартып алып кетті, неге алғанын, қандай заңға сүйенгенін маған жариялаған жоқ» дейді.

Генерал-губернатор Семейдің соғыс губернаторына бұл іс жөнінде тиісті мәлімет бер деп жазады. Бірақ Мұса ешбір жауап ала алмайды. 1875 жылдың 5 октябрінде Мұса жаңадан арыз жазып, онда бұрынғы айтқандарын қайталай келе: «Қай күн екені есімде жоқ, сентябрь айында, қасында Әбсем Малдыбаев деген би, Бегалы деген кісі және мен танымайтын Арыстанбаев деген кісілер, ішінде екі қазақ-орысы бар, не бары отыз кісі болып менің аулыма келді. Келгендердің көпшілігі бұрын мен үстерінен арыз берген қас адамдар болатын. Келгендер маған: «Сіздің мархаматшілігіңізге берген арызым үшін, уездный начальник, байлап, ұстап алып кел, гауптвахтаға жабамыз деп жіберді деп түсіндірді. Өзімнің жазықсыздығымды сезіп, жазықсыз жаза шеккім келмей және күні бұрын, тергеусіз, сотсыз еркімнен айрылғым келмей, мен олардан қашып, жасырынып, көрші уездегі Ақмола қаласына кетіп, осы арызды содан жазып отырмын» дейді. Келгендердің менің жылқымнан 15 ат, союға деп 8 қой айдап кетті деп қосып жазады.

Генерал-губернатор бұл екінші арызды алып, тағы да Семейдің соғыс губернаторына істі тексеріп, нәтижесін білдір деп жолдама жазады. Бұл істің артын өздерінің ұрлығы шығатынын сезген Көбеев пен Ферафонов, Мұсаны қаралап, жоғары орындар алдында оның беделін түсіру үшін «ат ұрлады» деп іс қозғап, Мұсаны сыртынан билер соты бойынша бір айға түрмеде отыруға үкім құрдырады. 1876 жылдың 29 январында № 716 қағазында Семейдің соғыс губернаторы Генерал-губернаторға Мұсаны қаралай түседі. Көбеев болыс Мұсаны ұстай алмай, Ояздан жәрдем сұрағанын, ояздың Поспелов деген қазақ орысты жібергенін, бірақ Поспеловтың іздеген Мұсаны таба алмай және Мұсаның ағасы Уәлиден таяқ жеп қайтқанын, ал соның ізінше ояздан жіберілген екі қазақ-орыс, бір урядниктің таяқ жемесе де, не Мұсаны, не Уәлиді таба алмай бос қайтқанын жазады. Мұса мен Уәли хабарлар бойынша Семей уезі жағында болса керек дейді. Одан әрі соғыс губернаторының жолдамасында: «Мұса ұсталып, бірақ Баянауылға келе жатқан жолда оның ауылдастары тартып алған, қазақ-орыстардың бірінің жағына таяқ тиген, 8 қазақ-орыспен тағы іздегенде, Мұса Ақмола облысына кетіп таба алмай келген. Байжановтар мен оның ауылдастары туралы тексерілу тоқтады, жазықты Байжанов болған себепті оны іздеу жайында бопылық шашылды. Ол көп көрген адам, полицей қызметкерлеріне қарсы келу — тексеріске, сотқа келтіретінін біледі, бұған қазақ-орыстармен еріп келген қазақтар куә бола алады» деп жазады.

Бастықтардың түрін көргенсін жергілікті әкімдер Мұсаның ауылын, өзін бұрынғыдан да күшті талан-таражға сала бастайды.

1876 жылдың 12 мартында Мұса Еатыс-Сібір Бас Басқармасы Советінің председателіне тағы арыз жазады. Онда Көбеевтің заңсыз қылықтарын айта келе «тергеу және ол сияқты зорлықтан қорғауын күткенін, сол жылдың октябрінде, қай күні екені есімде жоқ, біздің ауылға би Әбу Молдабаев, ауыл старшинасы Ыбырай Қаралианов, Баянауыл станциясының 11 қазақ-орысы, барлығы 30 адам болып, менің және 8 ауылдасым: Шекей Шымыровтың, Саттыбай Шекеевтің, Бүке Доғалақовтың, Көкі Шымыровтың, Елеусіз Бекеевтің, Тайжан Төбетовтің, Байман Төбетовтің және Қали Байжановтың 246 қойын, 25 атын, 9 сиырын, 6 кілемін, 4 киізін тартып алып, 8 үй ауылды Қаржас болысының Құлеке деген жеріне қыстаудан қуып салды. Керек болса куәләрім де бар. Бұл істегендері мені де, ауылдастарымды да қатты күйзеліске ұшыратты, бұрынғы жазғандарыма жауап ала алмай, не істерімді білмей, тағы әділдік іздеуге мәжбүр етті» деп жазады. Неге екені белгісіз, бұл арыздың аяғында Байжанов хат білмеген үшін деп Жұман Жабықов деген кісі қол қояды. Осыны пайдаланып, екіншіден, бұл істен мүлде бас тарту үшін, Семейдің соғыс губернаторы, генерал-губернаторға қайтарған жауабында: «Мұса сауатты адам, бұл арыз оныкі емес, подлог, сондықтан мен арызды иесіне қайтарып жібердім» дейді.

Жауап ала алмаған Мұса қарап отырмайды. 1876 жылдың сентябрінде Омбының генерал-губернаторына тағы арыз жазады. Айдабол болысы билер сотының менің қыстауымды тартып алып, өзімді 30 күнге тұтқынға алуы жайлы үкімін тез тексеруді, істі қысқартуды және төртінші осы арызымның жауабын Павлодар ояздық судьясы арқылы өзіне хабарлауын сұрайды. Бұл арыз да аяқсыз қалады.

1876 жылдың 25 сентябрінде тағы арыз жазады. Онда: «Осы жылдың 10 августында менің аулыма Алтыбасар Жылқыбаев би, старшындар Тәтібай Шоқаев, Ыбырай Қараманов, сол болыстың 30 кісісі қастарында, болыстың әмірі бойынша менің қыстауымды тартып алуға келді. Олар бұйрық Сізден келді деді. Мен копиясын сұрап дім, бермеді. Менің 300 сом тұратын жүйрік атымды, 425 сом тұратын 1 700 шемеле шөбімді алып кетті. Ол жөнінде Павлодардың ояздық басқармасына білдірдім. Сіздің әміріңіз бойынша деп, Көбеев болыстың маған істеген зиянын санағанда 3 667 сом болды. Биік мәртебелі Сіздің рахымыңыздан өтінетінім — Сіздің өлкеңіздегі бастықтардың әділсіздігіне көңіл бөліңіз, формально да болса тексеру жүргізіп, әділдікті Сізден көретінін көрсетіңіз. Сентябрьдің 25, 1876 жыл, Омск» — деген.

Бес арыздың бәрі де аяқсыз қалады. Тек 1877 жылдың 6 дека-

брінде № 2 670 қағазда, генерал-губернатор Семей губернаторына: «Писарь Тыгинскийдің тексеруі бойынша Балшықов деген қазақтың Мұсаның 1 700 шөмеле шөбін алғаны және Көбеевтің заңсыз істері дегендер ыспатталмады, ал Мұса 1877 жылдың 30 январындағы өзінің Тыгинскийге берген жауабында өзінің бұрынғы шағымын қайтып алды, оның ауылдастарының арызы Көбеевтің үстінен берген өтірік жала еді деп мойындады» дейді. Одан кейін Мұсаның және Уәлидің қарсылық білдірді деген істері табылмағаны үшін ол істің қысқартылғаны жайлы Мұсаға білдір дейді. Шынында істе Тыгинскийдің тексеруі жөнінде ешбір дерек жоқ. Ол Тыгинскийдің әкімдер алдында ықласпен атқарған көптеген «адал» рольдерінің бірі болу керек. Үнемі қашып жүруі нәтижесінде ол Мұсамен кездескен де емес.

«Формально болса да» деп Мұсаның өзі айтқандай, 1877 жылдың 15 декабріне Семей Облыстық Басқарманың Жалпы Присутствие-сінде Мұсаның ісі қаралады. Бұл іс бойынша: үш ат ұрлағаны үшін Мұса сырттан кескен үкім бойынша түрмеде бір ай отырған. Одан әрі Мұсаның қылмыстары саналады: Уәли Поспелов деген қазақ-орыстың бетіне ұрған, туысқандары, ауылдастары Мұсаны құтқарғанда Дроздов деген қазақ-орыстың жағына таяқпен ұрған, Арыстанбаев деген қазақты ұрған. Осының бәрі әкімдерге қарсылық көрсетудің статьяларына кіргізілген. Мәжілісте Мұсаның арыздары жайлы ешбір сөз болмайды. Сонымен бұл істі қысқартылды деп Павлодардың ояздық судьясына жіберуге ұйғарады. Іс әбден бітпей, үкім орындалмай тұрып облыстық прокурордың қарап шығуына беру керек деп қосады. Әрине, бұл іс прокуратураға түспеген болу керек. Павлодардың ояздық сотының архивында да бұл іс көрінбейді. аяғы сиырқұймышақтап, дұрыстап тексерілмей, белгілі заңды қортынды шығарылмай біткен болу керек.

Мұның бәрі де Мұсаның армай-талмай, өмірбойы әділдік үшін алысқанын көрсетеді. Бұрынғы ауызша деректердегі Мұсаның қоғамдық бейнесі архив деректері арқылы бірден бір расқа шығады.

Үш жүзге мағлұм болған атым Мұса.
Жігіттер шешен болсаң маған ұса.
Сыртымнан мені қазақ қашқын дейді,
Көрер ем қашқындықты күнім туса.—

деген өлеңдері, бір жағынан оның шынында да үнемі қашқындық жайда жүруін, екіншіден, сол жүргенінің өзінде де, жасымай, моймай, жақсылық күнді алдынан күтіп, сол күннің өзінен өзі «аспаннан түсе қалмайтынын» біліп, күресін үзбегенін көрсетеді. Біреулер

«Сыртымнан мені қазақ қашқын дейді» деген жолды «өңдеп», «Байлары орыс, қазақ қашқын дейді» деп, бұл жолға өзінің тап тартысынан хабары барын білдіргісі келеді. Бірақ Мұсаның «қазақ» дегені жалпылай түсінік. «Осы қазақ не дейді», «бұ қазақ қарап жүре ме» деген сөздерде мұның бәрі «осы жұрт» деген мағынада болып кетеді. Бұл жөнде кейінірек тағы тоқтаймыз.

Мұсаның Қазанға барып қайтуы да осы бір шамада, жетпісінші жылдардың аяғында болу керек. «Қазан дәптеріндегі» 1880 жыл деуі, басын ауылда бастаса да, сонда барып аяқтаған сияқты. Мұсаның «Қазан қыздары» атты әні, әрине, Қазанға барған сапарының нәтижесі болу керек. Ол әнді сонда шығарды ма, жоқ ауылға келіп шығарды ма, Мұсаның творчестволық тарихы үшін оның үлкен мәні жоқ. Чайковскийдің Италияға бару нәтижесінде шыққан «Итальяндық каприччиосы», Глинканың Испанияға барғандағы «Арагонская хотасы» сияқты, Қазанға барғанда композиторға жаңа бір тақырып пайда болуы анық.

Қасы қара, ақ маңдайлы,
Зейнетті ол, орта бойлы.
Қысқа да емес, ұзын да емес,
Бой ортасы ұнар жайлы,—

деген өлеңді халық арасында жоғарыда айтылған «Қазан қыздары» әнімен айтады. Өнде Мұса татардың ән құрылысына еліктемеген. Олардың пентатоникалық құрылысымен шығармаған (пентатоникада жарты тондар болмайды, тек бүтін, біржарым тон кезектеседі). Әрине, тақырып — қазандық болғанымен, музыка қазақша. Чайковскийдің, Глинканың аттары аталған шығармалары да орыс музыкасы болып есептеледі. «Жаяу Мұсаның әндер жинағында» бұл әннің өлеңі: «Қыздары Қазан сипатын, қызықтым көріп сымбатын» деген сөздермен келеді.

Мұсаның Қазан сапары біз үшін үлкен ғылыми мәні бар сапар болып отыр. Өйткені Мұса ол сапарда «Қазан қыздары» әнімен емес, ондаған беттік өз қолымен жазылған өмірбаянын жоғалмас жерге тапсырып кеткен. Ол, сөзсіз Мұсаның көзі ашықтығының нәтижесі. Ол қолжазба Мұсаның өмірінің көп жақтарын ашып отыр. Әсіресе, кейбіреулердің «Мұса Тобылға айдалмаған, Петерборда және басқа қалаларда болғаны күмән» деген болжалдарының тірексіз екенін дәлелдеп кетті. Олай дейтініміз — Мұса қолжазбасында өзінің Петерборға Кострома, Ярославль арқылы барғанын, одан Польшада, Литвада, тіпті Владимир қаласында болғанын, Черняев отрядында Әулие-Атаға (Жамбылға) келе жатқан сапарда кетіп қалғанын жазады.

Мұса Қазаннан келгенсін де жайбарақат өмір сүрді дөуге болмайды. Сонда да, бұрынғыға қарағанда едәуір бейбіт өмірге енгендей болады. Өткен ғасырдың сөксенінше жылдарындағы ауыр кезеңдерден кейін біздің ғасыр басындағы революция рухы қазақ даласына да өзінің демін таратады. Мұса ауылда болып, ауызша деректерде айтылғандай өнермен, аңшылықпен жүреді. Мұсаның тұрымтай, жағалтай, ителгі, қаршыға, лашын, қырғи, бүркіт сияқты құстарды тобымен ұстап отыратынын көрген адамдар әлі тірі. Соған қарағанда шынында да Мұса құс салуды аса жақсы көрген болу керек. Оның бүркіт және басқа құстарға арнаған әсем өлеңдерін былай қойғанда «Тұрымтай», «Қаршыға» сияқты әндерінің өзі композитордың творчестволық тізімінде құстың белгілі орын алғанын дәлелдейді. Әрине, ол шығармаларда реалист композитор тек құс туралы емес, сол арқылы адам жанының жағдайларын береді.

Айтушылар Мұса сол құс салып, өлең шығарып, ән айтып жүргеннің өзінде, үйіне барсаң айналасы толған газет, журнал, кітап болатын еді, жер жүзінде не болып жатқанын біліп отыратын еді, онымен қоймай сол оқығандарын ауылдастарына еркек-әйел демей, белмей, бәрін айналасына жиып алып айтып отыратын еді деседі. Бұл сөздің де жаны бары сол, Мұса сонау дәптерінде де, бөлек жазбаларында да белгілі жағдайларға, тарихи адамдарға, әдебиет, өнер қайраткерлеріне арнап поэмалар, өлеңдер жазып кеткен адам. Сондықтан, осы әңгіменің басында айтылғандай, Мұсаның жалпы көзшеңбері басқа халық композиторларынан анағұрлым кең жатыр. Мұсаның басқа өзі сияқты халық композиторлары шығармаларындай, әндерінің қайсысының қай кезде, қай жылда жарық көргенін тап басып айту қиын. Бұл жөнде Н. Оразбековтың «бұл ән пәлен жылы шыққан» деген сөздері аса дәлелді болып тұрмаған сияқты. Сондықтан әндерінің сөздеріне, шырайларына қарап тек жобалап айтпаса, қағазға жазылған хронологиялық тәртіп жоқ жерде ондай тарихи «батырлықтың» қажеті аз.

Халық арасында көп тараған әнінің бірі — «Құлбай». Оны өзінің атасына арнаған болса керек. Құлбайдың келіні, ірі, семіз Тәңке деген кісі Мұсадан «қолұстатар», «шаш сипатар», «көрпе қимылдатар» деген сияқты неше түрлі кәдені, аттарын атап ала беретін болса керек. Қу кедей болмағанымен, дәулеті асып бара жатпаған Мұса Тәңкенің қылығын:

Құлбай байдың өгізі,
Ит Тәңкенің семізі,
Берген сайын жоймайды,
Тоймаған екен негізі,—

деген өлең арқылы суреттейді. Ол заманның байларының әдетінше тек малдың басын санап, соған мәз болып, жатар орын, үй дегендерді дұрыстап ұстай білмей, неше түрлі бит, бүрге дегендері төл өсіп жататынның бірі Құлбайға, атам екен деп иба қылып тұрмай, өзі оқып, көзі ашылып, қалаларды көріп, дүние танып, мына сияқты настықтан жиіркеніп, дұрыстап асын да іше алмаған Мұса:

Құлбай байдың іргесі,
Бұзауының сіргесі.
Битіне төзіп жатсам да,
Тыным бермейд бүргесі,—

деп мәселенің шынын айтады. Бірақ сол сасық-бықсықтың ішінен өзінің алатын жары Сапарды бөліп алғысы келіп, оны Құлбайдың қоқысынан оқшаулап:

Құлбай байдың тұсағы,
Өткір екен пышзғы.
Өзі оңбаған болса да,
Қызының жақсы құшағы,—

деп, Сапарды көтеріп қояды. «Құлбай» әнінде, Мұсаның кейбір шығармаларындағыдай қалжың, мысқыл бар. Әсіресе қайырмасында Мұсаға тән құйқылжытып, өршелендіріп келіп: «Әй, Құлбай бай, Құлбай бай! Әнім менің красивай! Қыпшағыский жәрмеңке-ай!» деп кеткен жерінде Құлбайдың руын айтып, өзінің бұл жүрісінің сол қалың Қыпшақ ішінде жәрмеңкедей екенін суреттейді.

Мұсаның «Құлбай» дәстүрінде шығарылған әнінің бірі — «Шолпан». Қазақ арасында Шолпан жұлдызы ертеден өзгеше орын алды. Біріншіден ол таңның қарлығашы сияқты. Екіншіден ала-бөле жарық. Шаншардың бір қуы, таң алдында бір мәжілісте отырып далаға шығып келіп, Шолпанға қарап: «Мынау жарықтығынан біздің Шаншарға ай болуға жарайтын екен» деген әңгіме бар. Қазақта қыздарының атын Шолпан қою да өте жиі кездеседі. Мұсаның бұл әнінің шығуы жайлы қолымызда дерек жоқ. Ал, әннің өлеңіне қарағанда:

Таң алдында Шолпан тұса.
Тартқан сымдай белін бұса.
Неше алуан ән шыюкайды.
Сол сипатты Жаяу Мұса.

Қайдан көлдің былқ-сылқ өтіп,
Гауһар тастай жарқ-жүрқ өтіп.
Шыққан күндеі жарқырайсың,
Сөйлесуге көңіл өтіп,—

деген сөздер осы бір жарық жұлдыздың әсемдігін суреттегендей. Ал, ішінде өзін қосып қоюы — ақын, әншілердің ежелден келе жатқан ізі болу керек. Ән көңілді, кейбіреулер айтатынындай жеңілдіктен аулақ, жаратылыс сұлуына қызыққан адамның көңіл ырғағын бергендей кесек туынды.

Сырт жағынан осы «Құлбай», «Шолпан» әндеріне ұқсайтын Мұсаның әнінің бірі — «Тұрымтай». Бірақ ол бұлардан көрі байырақ. Соған қарағанда автордың музыка шығаруда, орындаушылықта бір-қатар тәжірибесі молайып, қорланып қалған кезінде шығарғанға ұсайды. «Тұрымтайдың» асбапқа арналып марш болып кете баруы да, оның музыкалық тынысының кеңірек болуынан да шығар дейміз. Басталуы осы әндерге жақын болғанымен «Тұрымтайда» аз да болса даму, құрылыс жағынан толыға, өсе түсу бар.

Мұса осындай елде болып, аз уақыт болса да көңілі көтеріңкі, отының басында, қатын-баласының қасында, бір жағынан құсын салып, екіншіден өнерін өрбітіп, айналасына жайып жүреді. Бірақ бұл дәуір көпке созылмай, Мұсаның басына тағы бір қара бұлт түнейді. 37 жасында сүйген жары, төрт баланың анасы болған сүйікті Сапар қайтыс болады. Бұл қаза Мұсаға қатты батады. Ол бұл шамада жоғарыдағы өзінің атасына деген көзқарасы арқылы Құлбай мен қатынасты азайтып жүрген. Қалай дегенмен де ақ-қараны таныған Мұса мен Құлбайдың малдан басқаны білмейтін топас ой көлемінің өлшемдері әр қилы болып, екеуі үйлесе алмаған. Сондықтан ба, басқа себептерден бе, халық аузындағы әңгіме бойынша, Мұса Сапардың моласынан атасының үйіне соқпастан кетеді. Жұбайының моласын құшақтап, күңреніп, балалары қасында, сол оқиғаға арнап ән шығарады. Ол ән «Сапар» атанып кетеді.

Келдім Сапар басыңа,
Жалғыз Садық қасымда.
Кеттің Сапар дүниеден,
Отыз жеті жасыңда,—

деген сөздермен басталады. Соған қарағанда Сапар бір жақта жолаушылап жүргенде қайтыс болғанға ұсайды. Әлде ол кезде үнемі ауылда болмай, ит жүгіртіп, құс салып, әндетіп, шалғайырақ кетіп қалғанда бұл күйге ұшырады ма, әйтеуір бір нәрсе бар. «Сапар» әні А. Затаевичтің жинағында «Қатын өлгенде» деген атпен берілген. Орындаушылардың беруінен бе, ол әнде ешбір қайғының, ренжудің кейпі жоқ сияқты. Ал Елебеков Жүсіпбектің орындауында ән аса қайғылы, сай-сүйегінді сырқыратады. Бабақов Қосымжанның орындауында да шындыққа жақын келеді. Біреулер әннің мажор ладында болуы — оның қайғы суретін бере алмауының себебі дегісі келе-

ді. Олай болғанда екі ғасырды бірдей шулатқан, не бір ақын, жазушы, композитордың жан қылын қозғаған Ақан сері басының ең ауыр трагедиясының біріне арналып шыққан ән — «Құлагер» де мажор ладында шыққан. Сондықтан ол дәлел жәй «мектеп теориясының» ерінде қалып қойған сүт ізі болуы керек.

Мұсаның осы сазда шыққан әндеріне жататын туындысының бірі — «Шорманға» деген атпен әндері жинағына енді. О да 7-8 буынды жолдарға лайықталған. Әннің құрылысы «Құлбай», «Шолпан», «Тұрымтайларға» жақын. Ал Мұсаның басқа әндерінің бәрі де Біржан, Ақан және басқа арқа әншілерінің дәстүрінде шығарылған. Олар жайлы кейінірек тоқтаймыз.

Мұса осы айтылған жайлармен, өмірден бірде таяқ жей, бірде жеңіп, бірде жеңіліп, айтысу, тартысу арқылы ұлы Октябрь күндеріне жетеді. Ал Мұса 1916 жылы көтеріліс ұйымдастырыпты деген деректер біздің қолымызда жоқ. Сондықтан ол сияқты жазба тарихқа белгілі оқиғаларда Мұса қатысыпты, басшысы болыпты дегенді айту аса қиын. Мұсаның өмір жолы, әділдік іздеп арпалысуы, ол заман үшін үлкен прогрессивтік көрініс. Сондықтан Мұсаның үстіне жақсылықтың бәрін үйіп-төгу мақсатында дұдамал жайларды көзбен көргендей айту кейіпкерге де, авторға да ұтымды болып шықпайды.

Мұса, сөзсіз Октябрь революциясын құшақ жайып қарсы алады. Совет үкіметінің алғашқы жылдарында совет, партия мекемелеріне кіріп кеткен тегі жат адамдар болды. Солардың бірқатар әлі де Мұсаға деген кіжіңін түрлі формаларда ана арада, мына арада көрсете жүреді. Бірақ Мұса олардың күндерінің санаулы екенін енді біледі. Қорқа қоймайды. Бұл кезде жасы болса келіп, енді бұрынғыдай көп айналаға шықпай, өнерін, білгенін советтік жас буынға беріп кету талабында болады. Кейбіреулер айтуындай Мұса қарулы күш жинап, Колчак әскерлерімен соғысыпты деуге, біздің қолымызда документтер болмағанын айта алмаймыз. Ал Мұса Сұлтан-Махмут Торайғыровпен, Иса Байзақовпен кездесіпті деген әңгімеге құлақ қоюға болады. Бірақ олардың арасында қандай әңгіме болғаны бізге мәлім емес.

Жаяу Мұса 1928 жылы Шорман тұқымдарын конфискациялау кезінде өзі қатыса алмаса да, баяғыдан келе жатқан кезегін бір алғандай болады (біреулердің айтуынша өз қолымен конфискациялайды). Қалай болғанда да Жаяу Мұса осы бір үлкен таптық шара жүріп жатқан кезде тірі, зорлықшыл, байлардың басына ақырзаман туғанын өз көзімен көрді.

1929 жылдың жазында, өзінің ата қонысында, 94 жасында (бұрынғы кітабімызда 91 де, Жаяу Мұса қайтыс болады. Бейіттің басында Тыныштығұл атты ақын өлеңмен сөз сөйлейді:

Сен едің асқар тауы Сүйіндіктің,
Өлеңмен бай, болыстың үйін жықтың,
Жасыңнан зәбірлінің қамын ойлап,
Өткіздің өміріңді қиындықпен.

Ұлы едің Орта жүздің даңқың шыққан,
Әніңмен дұшпаныңды жерге тыққан.
Адамды бұл жиһанда құтқармайтын,
Саған да жетті міне ажал бұққан,—

дейді. Осылай өмірі де, өнері де айта қалғандай мазмұнды, шымшытырық көріністермен толы, халық арасында «батыр» атанған, әнші, ақын, қоғам қайраткері, шын мәнісінде тапжылмас күрескер — Мұса, өзінің жоғарыда біз келтірген өлеңіндегі сөзіндей: «Көрер ем қашқындықты күнім туса» деп, сол күнді көріп, бірақ оның жемісін ауыз толтырып жеуге жастың егде тартқаны өлшеп-тамап, соның өзінде халқының жарық дүниеге жеткеніне қуанып, көңлі бір жайлы болып барып дүние салды.

Жаяу Мұсаның мәдени мұрасы өте бай. Өйткені ол ерте оянып, ерте көзі ашылып, ерте ұлы орыс халқының мәдениетінен сусындап, көп нәрсені байқады. Оның «Олжабай батыр» деген үлкен дастанын былай қойғанда басқа да көптеген өлеңдері бар. Олар Пушкинге, Гогольге, Глинкаға, Кутузовқа арналған. Сонымен қатар: «Жақсы мылтық», «Жан серігі», «Күз», «Күлзимаға», «Секретарьға», «Баян-ауыл дуанында», «Данышпан қыз» (поэма), «Қазақ сыйлары», «Жұлдыз» атты өлеңдері бар. Аңға байланысты, жоғарыда көрсетілген «Жақсы мылтықтан» басқа: «Қаршыға», «Бүркіт», «Қақпан» деген өлеңдері бар.

Жаяу Мұса Крыловтың мысалдарын көп оқыған. Соның нәтижесінде өзі де «Бөдене мен қаншыр», «Шал мен торғай» деген мысал өлеңдер жазған. Бірінші мысалда біреуге ор қазған өзі түседі деген де, екіншісінде адал жүріп қана мал табу керек деген ақыл айтылады.

Жаяу Мұсаның ел арасында жайылып кеткен қанатты сөздері де бар. Әрине, оның бәрі де бұрынғы заман суретін береді.

Биді «би» десең күледі,
Құлды «би» десең өледі.
Айласыз кей надандар,
Тасқа егін себеді.
Жүгенсіз кеткен басасау,
Айтқанға қайтып көнеді.
Ақымаққа айтқан насихат,
Дәл сонымен тең еді.

Жақсы болса туысқан,
Алыста болса жуық-ты.
Жаман болса туысқан,
Дұшпаннан бұрын салады
Мойыныңа құрықты.

Бұлбұлдай шешен бір құс жоқ,
Бармақтай-ақ қарасы.
Мылтықтан тез ажал жоқ,
Тырнақтай-ақ жарасы.
Туыстан қалса көңілің,
Алыстығын айтайын,
Жер мен көктің арасы.

Кешегі замандағы билердің, байлардың, әкімдердің бір күні дос болып, ертеңіне кезеңі келсе қас болып қалатынын, достық дегеннің тұрақсыз екенін Жаяу Мұса өлеңіне қосады:

Болғанда билер хаяр, байлар мекер,
«Жақсылар» ел ториды жаудан бетер.
Қосылған шын көңілмен ықлас жоқ,
Өтірікпен қосылған достар бекер.

Бесікте алдаймын деп бала жатыр,
Қор болып ін түбінде дана жатыр.
Осы заман не болар деп ойлаймын,
Адам түрі бұзылып бара жатыр,—

дейді. Жаяу Мұса кей кездерде болыстықтың мал шашу, бекер даңдайсу екенін сынайды.

Жолдасбек ұлы Айсабек,
Жай жүрмейді о да тек.
Өз мүлкіне қастан боп,
Лағнат айтар жер мен көк,—

дейді. Кейде Жаяу Мұса үлкен сатиралық, улы мысқылға жетеді. Ұры аттандырып, солардың күшімен теңдік бермей, ал олардан айрылған күні жұртта қалған иттей болып қалған байларды кекетіп:

Ақынбет ұлы Тоқайды,
Тынышы кетіп қоқайды.

Бәшәрдені кеткен соң,
Ақсақ иттей шоқайды,—

дейді. Бәшәрден ұрының аты. Жаяу Мұса ақыл айтып, бір кезде оның ұрлығын қойдырған да күндері болса керек. Бірақ «Көн қатса қалыбына» деп, кейін қайтадан бұрынғы сарына түсіпті-міс. Халық композиторы Қапаштың ««Бәшәрден» атты әнінің сөзі Жаяу Мұсаныкі болса керек.

Жаяу Мұса кешегі қаратүнек заманның өзінде әйел мәселесіне дұрыс қараған. Ол қолынан келгенінше әйел теңдігі үшін күрескен. Әрине, әйел теңдігі мәселесі негізінде саяси мәселе екеніне көзі анық жетті деу дұрыс болмайды. Бірақ шыншыл суреткер, жаны таза адам, талтүсте зорлап шалға, малдыға беріп жатқан қызды қорғайды. Ол кездің заңына сүйеніп ешнәрсе шықпайтынын біледі, күшіне сенетін қауқары тағы жоқ, сондықтан бұл жерде Жаяу Мұса айғаға көшеді. «Айман—Шолпандағы» Жарастың ролін ойнамағанмен А. Затаевич жазғандай, ежелден қалжыңды, қулықты жақсы көретін Мұса осы жағы арқылы күреседі. Ауылдасы Исабек деген кедейдің Күлән-да атты сұлу қызын Жексеке деген бай шал айттырады. Күлән-да екі көзіне ғана әлі келіп жылаудан басқа шара таппайды. Осы кезде Жаяу Мұса өлең шығарып, оны Күлән-даға жаттатады. Жастардың кешкі ойыны болса, той-топыр, шілдеқана, қынаменде болса Күлән-да айта жүреді. Оның дауысы да түріне сай, әсем, әрі зарлы болады. Өлеңді ауыл жастары қағып алып, тез елге таратады, тіпті Жексекенің бәйбішесінің құлағына, шалдың өзіне, ауылына жеткізеді.

Атаеке мені саттың жастай зорлап,
Бір шалға жетпістегі күштеп-қолдап.
Қазақтың қыздарының күні құрсын,
Бермесе заман бақыт өзі оңдап.

Сәлем айт ағаларға ойласын-ау,
Бұл шалға мені беріп қоймасын-ау.
Бұл шалға кім сатса да мен сорлыны,
Төбеңде төрт аяғым ойнасын-ау.

Кетем бе жылай-жылай сатылып-ай,
Қайғымен қапаланам, қысты ғой бай.
Әкемнің әкесімен жасы құрдас,
Бір қу бас дейді-ау мені «Қатыным-ай!».

Ей тоба, ризамын көргізбей ал,
Қойнына судыр шалдың кіргізбей ал.

Бір сұрау біз сорлыға кез боп қалса,
Алдында қатын етіп жүргізбей ал! —

деген жолдар шынында да ол кездегі қазақ қыздарының жалпы тағдырын суреттейді. Жексекенің бәйбішесі тулап, үйлі-баранды болып қалған балалары да қостамай ақыры Күләнданың басы босайды.

Жаяу Мұсаның қоғамдық қимылына келсек, жоғарыда айтылғандай, оның ол заман үшін үлкен қоғамдық істер істеп кеткені анықталады. Біздіңше Мұсаның Тобылға айдалуы жайлы «Тобольскінің архивында дерек жоқ, сондықтан ол мәселе дұрыс емес» деген пікірлердің тиянақсыз екендігін Мұсаның дәптері ашса, екіншіден сол әңгіме авторының бірі Б. Ерзаковичтің келтірген архив деректерінде: «Павлодар облысы, Айдабол болысының кедей қазақтарының жергілікті болыстардың, уездік начальниктің парақорлығы жайлы арызында» бай-феодалдармен әкімдердің ауыз жаласқандарын жақсы келтіреді:

«Жоғары Мәртебелі Батыс-Сібірдің генерал-губернаторы, генерал-адъютант кавалерге, орыс мемлекетіне бас июші — Павлодар уезі қазақтарынан арыз. Жоғары мәртебелі, әділ бастық, біздің уезд начальнигіміздің бес жыл бойғы құлдығынан бізді қорғаңыз. Бұл начальник емес, талаушы, айнала бізді тонауда. Ұрығарды болыс етті. Егер біз дұрыс адамды сайлайық десек, сған жол бермейді. Ал ұрыдан 1 000 сом алады да, болыс қояды... Оның бұхаралық Нұрым Темиров деген ұры досы бар, ол ойына келгенін істейді... Бес жүз сомдап, мыңдап ақша алады... Біз Жоғары мәртебелі генерал-майорға да жаздық, ояздың бізді талап болғанын айттық, шақырдық, ол келмеді. Сізден сұрайтынымыз — бізге адал бастық беріп, Нұрымовты басқа оязға жіберіңіз, Ферафонтов мырзамен де біз тұра алмаймыз. Қорғаңыз, Жоғары мәртебеліміз!» дейді. Болыс Саудегеров пен Ферафонтовтың зұлымдықтарын әшкерелеп, Мұса тағы бірнеше рет арыз жазады. Бірақ оның бәрі де жауапсыз қағады.

Бұл айтқанның бәрі де Мұсаның арыз жазуының рас екендігін, соның нәтижесінде Мұсаның әкімдермен араз болғанын, Мұсаның Петерборға патшаға қонаққа бармағанын, өзі тілеп әскер қатарына бару арқылы өзінің басындағы істерін аз уақытқа болса да жеңілдетіп алғанын, сол бір барысының нәтижесінде едәуір ысылып, заңзақонды да жақсы біліп қалғанын анықтайды. Оның үстіне, архив деректеріне сене отырып, Мұсаның өзінің жазғанына сенбегуге біздің ешбір дәлеліміз жоқ. Мұсаның ауылнай болуы оны қудалаудан құтқаратын әкімшілік емес. Ал, бұл сияқты саяси мәні бар іс ол кезде полициялық басқарманың қарауында болатын. Сондықтан жәй қылмыспен айдалушылардың тізімінде Мұсаның болмауы да мүмкін

нәрсе. Бұл әлі де тексеріңкіреп, іздестіріп, тінтініп барып қортынды шығаратын жағдай. Тобольскінің архивымен хат арқылы байланысып, соның нәтижесінде Жаяу Мұса өмірінің үлкен, шым-шытырық бір кесегін «сызып тастау» асығыс шара сияқты.

Жаяу Мұса өмір бойы үнемі кедей де, дәулетті де болып көрген жоқ. Сондықтан кейбіреулердің оны бірыңғай кедей деп қарауы шындыққа тура келе қоймас. Өзінің арызында Жаяу Мұса болыстардың, билердің малдарын тартып алып кеткенін, жүздеген шөмеле шөбін алғанын айтады. Қарасирақ кедейде ат та, ондай көп шөп те болмайды. Оның үстіне 7-8 алғыр құс ұстау үшін де жағдай керек. Ол құстарға жем беру керек және көпшілігі қызыл көрмесе тұра алмайтын құстар. Құс салып, ит жүгіртіп жүру үшін де үйдегі шаруа орнында болу керек. Әрине, Жаяу Мұсаның кедейленіп қалған кездері де болғандай. Ұлыққа берген арызы үшін оның малын, дүниесін тартып алған кез, Сапарға үйленгенде барын сыпырып Құлбайға берген кездер Жаяу Мұсаның ауыр халдегі бір уақыты болу керек. Бірақ қандай қиыншылық басынан кешкенде де Мұса торыққан, сасқан емес. Ол өзінің негізгі ұстаған бағытынан бұрылмаған адам. Сал, серілер сияқты Мұса да ауыл арасының түсінігі бойынша «қызылды-жасылды» киім киіп жүрген. Онысы айналадағы Шорман тұқымдарының мырзаларына ұнамайды. Байжанның кедей баласының ондай жұрттың көзіне өнерімен ғана емес, сырт түрімен де түсуі оларды ұйықтатпайды.

Тон киген қызыл саңнан Жаяу тоңбас,
Оған ерген Қали мен Мұстапа оңбас.

(Қали, Мұстапа Жаяудың аға-інілері. А. Ж.) деп оның қызыл кигенін кемітеді. Мұса болса ол ондай масаның шаққанындай іске қысылмай:

Кигенім үстімдегі бәрі қызыл,
Шорманов сөйлер сөзге тілім ұзын.
Жылансың екі басты ел жалмаған,
Қоймаймын өлтірсең де айтар сөзім,—

деп шағып алады да, оның соңынан іле-шала өзінің көп көргені арқасында қоғам дамуының бара жатқан бағытынан түйді ме, жоқ өзінің жеке басының топшылауы ма, Шорман тұқымының нашарлайтын уақытын:

Болдыңдар елменен бай жер қожасы,
Жібермес зәбір көрген көздің жасы.
Түсімде талқанданып, қара кидің,
Төгілер тасығанның миманасы,—

деген өлеңмен айтып, әдеттегідей сөз есесін жібермейді. Әрине, кедейлік шағында бір аз қынжылып, қағай дегенмен де қолқысқалықтың жігітті тежеп отыратынын өлеңге қосады:

Кедейлік не боласын менен өтіп,
Барады тапшылықпен күнім өтіп.
Тасалап аттай зулап қашсам-дағы,
Соңымнан қалмай қойдың қуып жетіп,—

дейді. Бір өлеңінде Шорманның Мұсасына:

Ей Мұса, сен бидайық, мен бір торғай,
Жүрерміз тірі болсақ ойнай-ойнай...
Берерім жоқ, еңбекпен күнім көрген,
Адаммын мен бір жүрген бедняк, чернай,—

дейді. Осымен байланысты бір айта кететін нәрсе — Жаяу Мұсаның әндер жинағындағы «Кедей әні». Әннің музыкасы да, сөзі де «арықтау». Оның үстіне бір шумақ қана өлең не айта алады? Ал әні тіпті шолақ, бас-аяғы жоқ сияқты. Мүмкін орындаушылардың бірінен біріне көшіп жүріп, кей жерлері «түсіп қалған» болуы. Екінші әннің қай дәуірде шығуы да белгісіз.

Мұса Біржан, Ақан сияқты ән тақырыбына жеке адамның басын ала бермейді. Оның қыздарға арнаған әні де аса көп емес. Оның «Қыздар-ау» деген әні жас кезінде шыққан болу керек. Өлеңінде өзі аты шыққанын айтады. Бірақ Мұсаның атының ерте шыққаны кім-кімге де мәлім. Оның үстіне орыс тілін сол кезде бастап сөйлеген, жазған кезі болар дейміз. Өйткені әннің қайырмасында орыс сөздерін енгізген. Ондай нәрсе алғашқы үйреніп жүргенде, қызығы күннен күнге артып келе жатқанда болады. Адам реті келген жерге білген орыс сөздерін ендіргісі келіп-ақ тұрады.

Қазаққа дүбірім шыққан мен бір тұлпар,
Қыздарын орыс-қазақ қылдым іңқар.
Үйректі қарапайым суға жығып,
Қаз ілген айдын көлден мен бір сұңқар.

Киргизской красивой,
Қыздары оның сұлу-ай.
Я прошу поцелуй,
Не женатый, холостой.—

дөп келеді.

Жаяу Мұсаның халық арасына көп тараған, жоғарыда саналған дарынан басқа: «Көгаршын», «Хаулау», «Сұрша қыз» (граммафон пластинкасындағы Саға Есованың жаздырған вариантымен шатыстырмау керек), «Гауһар қыз», «Жуан аяқ» әндерінен басқа ән жинзғына енгендердің ішінде «Толқыма» (Қыз Жібектегі «Толқымамен» шатыстырмау керек), «Баянауыл» (бұ да белгілі «Баянауыл» әнінен басқа), «Ләйлім» (белгілі «Ләйлімнен» өзге), «Сарын», «Толғау», «Арап батыр» сияқты шығармаларды сөз етуге болады.

«Толқыма» — кантиленагы¹ ән, көңілді, қайырмасы Мұсаға тән тездеп, жүрдек бітеді. Екінші варианты (Қ. Лекеров берген), әрине, әндік жағынан, орындау жағынан тереңірек.

«Баянауыл» — жылы шығарма. туған жерге деген махаббат әр нотасынан көрініп тұр. Белгілі «Баянауылдың» төбесі де көрініп-көрініп кетеді. Бірақ, негізінде ән басқа. Кеуде шумақтың екі жолымен бітеді де, қайырмасы шалқиды. Сөзіне байланысты ма, жоқ композитордың өзі солай бағыттады ма, бұл әнде қайырма кеудеден көрі толығырақ келеді. Әннің өлеңін, түр жағынан да, мазмұн жағынан да нашар творчестволық електен өткеннен бе, «дәмсіз» болғанын, келтірмедік.

«Боз торғай» — музыкалық жағынан «Гәуһар қызға» ұқсайды. Соның не «нағашысы», не «жиені» болу керек. Мұның сөзі де (әсіресе қайырмасы) қатты бұрмаланған болу керек.

«Шорманға» — «Құлбайдың» бір варианты сияқты. Аздаған өзгерістер әнге оригиналдық қалып бере алмайды.

«Ләйлім» көңілді, мажорда шығарылған ән. Әсіресе қайырмасы Мұсаға тән ұсақ бөлшекті дыбыстар арқылы қозғалып, жүрдектеліп, дамып кетеді.

«Сарын» — Балуан Шолақтың «Сарындарына» қарағанда музыкалық жағынан төмен жатыр. Басынан аяғына дейін речитатив сияқты болып келеді, ешбір жерде даму, кантилена жоқ. Мұнда «Сарын» дегеннен көрі, композитордың бір өзі мен өзі отырып, көңіл күйін шерткені болу керек. Арасына Садығын қосуы да заңды-ақ.

«Толғау» — біздің түсінігіміздегі толғау емес, кәд'мгі белгілі басы, аяғы, формасы бар ән. Минорда шыққан. Бірақ үмітсіздік нотасы жоқ. Қайғыдан көрі «Ер азығы — уәйім» бар сияқты. Әсіресе кең интервалдарға секірулер «болған іске болат бол, болаттан да қатты бол» дегендей күш береді. Тағы бір айта кететін жәй — мұндай әннің қайырмасы болу керек, мүмкін уақыт өте орындаушылардың біреулері «түсіріп алуы».

«Арап батыр» — мажорлы ән. Сөзінде қынжылу болғанымен музыкасында ондай жәй жоқ. Тек орта жерінде жетінші басқыш ды-

¹ Шырқалып айтылатын ән.

бысты жарты тон төмен түсіруі арқылы бір мезет «қабақ түйіп» қалу бар. Әннің аяғы да ешбір мою кескінін бермейді.

«Бұзау зары» — Арқа әндерінің кейбіреулерінің интонациялары жүр. Әсіресе «Маңмаңкерге» ұсайтын жерлері көп. Әннің сөзі музыкасына қайшырақ келетін тәрізді. «Ақ ситса» сияқты ән мен өзінің жан ашуы өлеңін айтқан Мұса, Шорман тұқымына деген өзінің ыза-сын бұл сияқты ешкімнің шаңырағын ортасына салайын деп тұрған қажыры жоқ музыкамен береді деп ойлау қиын. Біздіңше берегірек келгенсін орындаушылар, белгілі әдет бойынша, бұл әнге басқа бір әннің сөзін «жегіп алып» жүре берген болу керек.

Мұсаның жинаққа енген үш күйінің ішінде құрылыс, форма жағынан толықтауы — «Құмжылан» күйі. Сөзсіз, бұл күйлер домбырада орындалған болу керек. Ұсынақты қолдан өтсе, күй оркестрдің, домбырашылардың репертуарына еніп кетеді. Қимылы жан-жақты адам — Мұса күйге әндей уақыт бөлмеген болу керек.

Жаяу Мұсаның музыкалық творчествосы жөнінде бір-екі ауыз сөз айтпауға болмайды. Өйткені оның әндеріне беріліп келген баға бір беткей, сыңаржақтылау болып келеді. «Мұсаның әндері татарға жақын, би мелодиясы басым жатады» деген сөздер кім айтса да дәлелсіз. Өйткені, Мұсаның әнінің көпшілігі өзіміз білетін арқаның ән дәстүрінде шығарылған. Еркелеген «Көгаршын», өр кеуделі «Хаулау», сағыздай созылған «Гауһар қыз», революциялық рухқа толы деп тапжылмай айтуға жарайтын «Ақ ситса», туған жер — ананы балалық мейірбанмен суреттеген «Баянауыл», алдағы үмітке созған қолдың бейнесіндей жарқын «Сұрша қыз» — қай жерінде татар әніне ұқсайды, қай буынында жұрттың аяғын жыбырлатып биге шақырып тұр? Жоқ, бұл әндер Біржанның, Ақанның, Құлтуманың, Ыбырайдың, Естайдың өзімізге белгілі шырқаған, керілген, шебер орындаушыны тілейтін шынайы туындыларымен қатар түседі. Мұнда Мұса қазақтың өзіне дейінгі ән шығару дәстүрін әбден меңгеріп барып творчестволық құлаш ұрған адам екені көрінеді. Екіншіден, Мұсаның әндерінің де көпшілігі осы қалыпта шығарылған. «Толқымасы», «Толғауы», «Арап батыры», «Бұзау зары», «Боз торғайы» — бәрі де осы стильге жатады. Сондықтан Мұсаның ән шығарудағы негізгі түйінін бұрып, ол тек татарға өліктөп, би музыкасын шығарды деу — Мұсаны түсінбеу болады.

Сөзсіз, Мұсаның бұдан басқа творчестволық өдісте шығарған әндері бар. «Құлбай», «Тұрымтай», «Шолпан», «Сапар» (кейбір вариантты) қала музыкасының дәстүріне өліктөу нәтижесінде шыққан. Бірақ оларды да татарға таңуға болмайды. Мұса даланың да, қаланың да музыкалық дәстүрін зерттеген адам. Ол көп жерлерде болып, басқа халықтардың да музыкалық тілдерін есіткен. Ал қала музыкасына өліктөгенде, Мұса алдымен орыстың қала әндеріне қарайды.

Соның әсерінен келіп ол марш ырғағын меңгереді. Марш — татар музыкасының біте қайнаған бөлегі емес, жаңа заман, жаңа қоғамдық құбылыс тудырған форма. Б. Асафьевтің айтуынша, марш — өзінің өктем ырғағы арқылы адамның еркін билеп, басын қосатын музыкалық форма. Өзі тілеп барған болса да біраз уақыт Мұсаның әскер қатарында болуы, әскердің жүріс-тұрысындағы ұйымдасқандық, ондағы ойналатын марштардың да әсері құлағында қалып, қазақ даласына ала келуі. Оның үстіне Мұсаның тек домбыра емес, сырнай, скрипкада ойнауы, оның репертуарында татар, орыс және басқа халықтардың музыка үлгілерінің, сөзсіз болуын қуаттайды. Нота сауаты жоқ заманда, халық әншілері Мұсаның аузынан қазақша шығарылған әндерін алып, өздеріне битаныс музыка шығармаларын ала алау нәтижесінде ғана бізге Мұсаның бай репертуары жетпей отырған сияқты.

Мұса бұл жағынан Абайдан да өзгеше жәйда. Абай қазақтың халық әндерінің стилінде ән шығармады (шәкірттерін, балаларын айтпаймыз), ол поэзиядағысындай, қазақтың ән формасынан шығып кетті, сол арқылы біздің ән қорымызды мықтап байытты. Бірақ кезінде Абайдың ол бір игі қадамын бәрі бірдей түсінді деуге болмайды. Қазақтың халық музыкасын бір кісідей-ақ терең зерттеп, сала-салаларын шарлаған А. Затаевичтің өзі Абайдың музыкалық творчествосына берген бағасында тайып басады, орыс музыкасына ұсайды деп өте шығады. Шынында Абай орыс музыкасына творчестволық тұрғыдан қарады, оның жақсы үлгілерін тінтті, сол арқылы әннің жаңа формаларын іздеді. Бірақ қазақтың музыкалық интонация шеңберінде қалып, жаңа түрдің үстінен шықты. Мұса болса ол қазақтың халық ән дәстүрінде көптеген туынды берді де, екіншіден «ән», «күй» деген екі ұғымнан басқа ешнәрсені білмейтін қазақ арасына «марш», «вальс», «мазурка» ырғақтарын алып келді. Мұса да өзінің шығармаларында (марш кескінді, «татарша») қазақ музыкасының интонациялық шеңберінен шыққан жоқ. Тек жаңа түр, жана ырғақ, сырнай, скрипкада ойнау арқылы жаңа, озат орындау техникасымен байыту арқылы, бірінші тыңдаған кісіге «татарша» не «орысша» болып көрінетін музыка үлгілерін берді.

Қорыта айтарымыз — Жаяу Мұса музыкалық творчество жағынан аса бай, жан-жақты адам болды. Ол бір жағынан Біржан, Ақан дәстүрінде шығарса, екінші жағынан қала музыкасының рухында әндер шығарды. Соның бәрінде де оның туындылары басынан аяғына шейін шынайы қазақ музыкасы болып қалды. Ұлы орыс халқының тілін біліп, оның музыкалық дәстүрлерімен танысқаннан Мұса өзінің музыкалық «сөздігін» байытбаса нашарлатқан жоқ. Оның кейбір әндерінің аяғында сырнайын безілдетіп, марш ырғағында құйқылжытып, дауыс қоспағанның өзінде, аспаптық жағдайында да әсерлі қайырма-

лар, аяқтаулар, музыкалық тоқетер қортындылар беруі, творчествосын әсерлемесе, қазақтың музыкалық тілін байыта түспесе, басқа ешбір жаққа бұрған емес. Жаяу Мұса шын мәнісінде хағық композиторы, үлкен, сауатты, жан-жақты музыкалық қайраткер.

Әдебиет дүниесінде анық көрінетін, кешегі замандағы саяси, мемлекеттік құрылысқа, заң-зәкүнге сын көзімен қарауды таңбалаған сын реализмі басқа халық композиторларының шығармаларынан көрі Жаяу Мұсаның шығармаларында шоқтығы биігірек болып көрінеді. Оның «Құлбайы», «Жуан аяғы», жай өлеңдері әсіресе келіссіз кейіпкерлерді суреттеуде қатты қиындық тудыратын музыка саласында бірінші бастамалар еді деуге болады. Тіл безеу мен үн безеудің айырмасы үлкен. Бұл жөнде Абайдың «Бойы былғаңы» сияқты шығармалар ғана (музыкасын алғанда) Жаяу Мұсаның жоғарыда аталған әндерімен қатар түсе алады. Музыка тілімен қалжыңдау мүмкін де, ал жамандау, тілдеу тағы сол сияқты өткір әңгімелер беру қиын.

Жаяу Мұсаның шығармалары совет композиторларының творчествосында кеңінен орын алды. Композитор Мұқан Төлебаев өзінің «Біржан — Сара» операсында Мұсаның «Гәуһар қыз», «Хаулау», «Шолпан» әндерін пайдаланды (Н. Оразбековтың «Біржан — Сарада» «Тұрымтай» бар деуі ағат сөз). Мұсаның әндері әншілердің репертуарында, көп дауысты хорларда бар. Композитор туралы З. Ақышев драмалық пьеса жазды. Жазушы — ақын С. Бегалин мен композитор Қ. Мусин бірігіп «Жаяу Мұса» атты опера жазу үстінде. Жоғарыда баяндалғандай Жаяу Мұсаның әндер жинағы басылып шықты. Тағы да көптеген әндері нотаға түсіп, жиналып, баспаға дайындалып жатыр. Жаяу Мұсаның өмірі мен творчествосы туралы Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінің аспиранты З. Қосбақов диссертация жазу үстінде. Қысқасы, өмірін халқының бақытына арнаған қайраткердің айналасында осы кезде көптеген игі істер жүріп жатыр.

Бір-екі ауыз сөз Мұсаның балалары жайлы. Осы күнге дейінгі деректерде Мұсаның Садықтан басқа балаларының болғаны жайында еш жерде сөз болған жоқ. Бұл әңгімеге сүйенетін, Мұсаның «Сапар» әніндегі: «Келдім Сапар қасыңа, жалғыз Садық қасымда» деген сөзі болатын. Соңғы кездерде Мұсаның аулына барып, балаларымен, ауылдастары, көрген кісілер мен сөйлесіп қайтқан адамдар біздің Мұсаның өулеті туралы мәліметімізді біраз толықтырды. Мұсаның балаларының үлкені — Анна деген қызы осы кезде тірі, 83 жаста көрінеді. Анна туар алдында Мұса Лев Толстойдың «Анна Каренина» романын оқып, өзінің «тұла бойы — тұңғышына» орыс әдебиетінің алыбы жазған романның бас кейіпкерінің атын беруді қалайды. Бірақ ауыл молдалары, діншілдер: «Біз көпірдің атын айтып, сөбидің

құлағына азан шақыра алмаймыз» деп бас тартады. Сонда Мұса тұрып: «Сендер білген әлхамды мен де білемін, аллаһу өкбарді сендерден көрі дұрыс айта аламын, бері бер сәбиді» деп, өзі азан айтып қойса керек. Әрине, ол кез үшін Мұсаның тұңғыш баласының, өзіресе сақайып келгенде Сапардан алғаш көрген перзентінің атын Анна қоюының өзі үлкен прогрессивтік көзқарас еді. Міне, осы Анна бұл кезде тірі, о да бірнеше әндер шығарған. Аннадан кіші Зекен деген қызы ерте қайтыс болған. Одан кіші Кәсіп деген қызы 1945 жылы өлген. Садық Мұсаның балаларының ішіндегі ең кішісі екен. «Сапар» әнінің бұрын біз есітпеген бір куплетінде:

Зекен, Анна, Кәсібім,
Үзілді менен нәсібің.
Садық отыр қасымда,
Өзіңнен туған асылың,—

дейді Мұса, жұбайының қабырының басына барып отырып. Осы шумақ та Мұсаның басқа балаларының болғанын дәлелдейді. Аннаның дауысы әлі де жақсы көрінеді. Жасында үлкен әнші болған. Садық Екібастұз қаласында тұрады. Оның қолында әкесінің әлі де жарияланбаған қолжазбалары бар көрінеді.

Жаяу Мұса тек өнер қайраткері емес, үлкен күрескер, жеке бунтарь, алған бетінен қайтпаған адам. Оның әдеби, музыкалық мұралары өте бай. Біздің мақсатымыз — оның әлі де болса көп жерлерде таралып жүрген өлеңдерін, әндерін жинап, үлкен бір еңбек шығару. Бұл әңгімеде біз Жаяу Мұсаның тек музыкалық қимылдары айналасында ғана сөз еттік. Оның себебі — кітап бағыты солай болды. Оқыған адамдар Жаяу Мұса туралы әлі де білгендерін ортаға салып, бұл әңгімедегі деректер байи түсуіне күмәнданбаймыз.



БАШАР ДЕН

Жау Мұса

Екпінді, ойнақы.



Еу! Наурыз-бай е - кін ш і а тың



сен Ба - шар-ден, Ту-ып-сың құ ды-рет пен,




ей, са - ғым жел-ден. Қы-лы-ғың бас-қа іс-те-ген



аз бол ған дай, Тып



ти пыл қос мол-да ны қыл



дық не ден Сен Ба



шар ден! Хай -



лай-лай, ха-лэ-лэ-лэ лэй лэй лэ-лэ -




лэй лы-лэ лэ-лэ-лэ-лэ хай-лэй ли-лэ-лэ-лэ-лэй-лэй,



хай лэй ли-лэ-лэ лэ - лэй

МӘДИ



1913 жыл. Атбасардың маңындағы бір ауылда, отыздан жасы жаңа ғана асқан сұлу жігіт, ақсұр беті аздап күнге тотыққан,

бойы сұңғақ, дене құрылысы аса көркем, аяғында көксауырлаған етік, үстінде жаңаша тіккен камзол, домбыраны сұқсаусақтың басымен ғана шертіп қағып, дыбысын қатты шығармай:

Атыңнан айналайын, Қарақаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Саяңнан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен бір жан зарлап өткен Арқадағы,—

деп, сызылған қоңыр үнмен дауысын қосып отыр. Өн домбыраның басындағы бірнеше пернелердің бойында басталады. Көлемі кішкене болғанымен, әсері айта қалғандай. Үнінде бір зар бар сияқты. Айналасындағы адамдардың тым мұңайып кеткен түрлеріне қарады да, жігіт олардың ба, жоқ өзінің бе, көңілін көтерейін дегендей:

Немесе, көрген қызық көрмегендей,
Жас дәурен жауар бұлт өрлегендей.
Жігіттік көк сөмсердің жүзі емес пе,
Қайрап ап қалың жауға сермегендей,—

деп, бұл өлеңді айтқанда домбыраны қаттырақ қағып, күш бергісі келді. Әсіресе қайырмасында дауысты жоғары көтеріп, қыздырыңқырап барып, кейін қайтқанда баяғы бір ауыр жөй тағы көлденеңдөді. Кішкене кідірді де:

Басында Үшқараның балғын едім,
Көкорай сазға біткен шалғын едім.
Екеудің бірі болсам арман емес,
Бәпиден жалғыз туған Мәди едім,—

деп, одан әрі домбыраны тартпай, сандыққа сүйеп қойды. Отырғандар да айт деп зорлауға ауыздары бармай, үндемей қалысты. Бұл кезде әркім де өзімен өзі сырласқандай, біреу біреуге қарамай, «адам басына бір алла» болып кетті.

Өзі өлеңінде танытқандай, бұл жігіт болыс ағасы Қәқабайдың приговорымен туған жерінен жер аударылған Арқаның атышулы әншісі, композиторы Мәди еді. Қарқаралы мен Атбасардың аралары айта қалғандай шалғай болмағанмен ол күнде аулынан басқа жаққа жіберу үлкен жаза сияқты еді. Халық аузында «Үшқара» атанып кеткен Мәдидің әні осы бір жәйда шықса керек. Бұл әнді осы кезде айтпайтын адам аз. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, ән шырқап басталмағанымен, тыңдаушыны бірден тартып алатын, әсерлі, үлкен терең мазмұнды шығарма. Біреулер бұл әнді басқа да куплеттермен айтады.

Мәди 1880 жыл (кейбіреулердің айтуынша 1888 жылы), бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы көзі, Едірей болысы, № 3 ауылда туған. Туып-өскен жері Үшқара деген тау. Руы — Қаракесек. Арғы аталары — қаздауысты Қазыбек, Бекболат би, одан бері Алшынбай. Алшынбайдан, Қақабай, Бәпау, Қосық, Жанығұл, Бәпи, Шәпи туады. Мәди Бәпидің баласы. Бәпи шаруасы кем адам болған себепті Мәди жасынан әкесімен бір туысқан Қақабайдың қолында болады. Қақабай Мәдиді баста сылап-сипап баққанымен кейін оны өзінің малайларының қолшоқпарларының бірі еткісі келеді. Мәди оған көнбейтін мінез білдіреді. Қақабайға Мәдидің бұл жәйі ұнамайды. «Осы бір кесірлі болады-ау шамасы» деп, Қақабай ішінен Мәдиге кіжіне қарайды. Мәдиді сынау үшін оған бірнеше рет сотқарлық тапсырма береді. Бірақ ежелден жүрегі адалдық деп соғатын Мәди көне қоймайды. Қақабайдың тілін ол өреде ешкім қайтармаған. Сондықтан ол Мәдиге енді қастық көзімен қарай бастайды. Қақабайдың болыстығы, оның әмірінің айналаға қатты жүруі, Мәдиге әсер өтпейді. «Ит ұяласынан қорықпайды» деп, Мәди қымсына қоймайды. Біржағынан ит те болса туысқан ғой деп, хауіптенбей жүре береді. Ал, Қақабай болса Мәдиге тор құра бастайды. Мәди де оны сезіп, өз қолы өз аузына жеткенсін Қақабайдан үзілді-кесілді бөлініп, өз бетімен күн көруге көшеді. «Атадан ала да, құла да туады» дегендей, сонау Қазыбектің тұқымынан Қақабай сияқты қарашоқпар, тек малы мен «бағына» сенген, өнерден жұрдай адаммен қатар, жасынан сөйлесе жорға, әндетсе тыңдағанның аузының суы

құритын, күрессе жығатын, әділдік десе жанын беретін Мәдидің қарайып жүруі айналаның көзіне бірден түседі. Болыс Қақабайдан көрі өнер иесі, жалынды жігіт Мәдидің қадірі жұртқа үстем болады. Жасынан әдемі әңгімеге, өлең-жырға домбыраға құмар Мәди аз уақыттың ішінде халықтың сүйіктісі болып кетеді. Міне бұл жағы да Қақабайдың «ішіне жақпайды». Сондықтан Қақабайдың бірінші озбырлық қадамы — Мәдиді Атбасар жағына жер аудартады (біреулер Атбасардың түрмесіне салған дейді).

1914 жылы Мәди Қарқаралыға қайтады. Жолда белгілі феодал Шорманның жылқысынан «байдың малы жаудың малы» деп екі жүйрік атын мініп кетеді. Еңбексіз жиған малдан «садақа» алу — Мәдидің түсінігінше шарифатқа да, заңға да томпақ келмейді. Мәди Үшқараға келеді. Туған жерінде бірнеше күн болса да аунап-қунау ойында болады. Бірақ өзінің қыстауын түк қалдырмай Қақабайдың өртеп жібергенін көргенде, оған деген өшпенділігі үдей түседі. Қасына өзіне тілектес болып, үнемі хабарласып жүрген жігіттерден біразын қосып алып, өзінің пәлен жыл жылқысын баққандағы ақысының есебі деп Қақабайдың жылқысынан ту бие, мінетін ат алып қайтады. Үшқараға әйелі Қазиды алдырып, сонда бірнеше күн болады. Жолдас-жораларымен, жұбайымен бірге болып, көңлі аз уақытқа болса да орнына түсіп, қызықтап жатқанында, оны Қақабай біліп қалып, оядан әскер жәрдем сұрайды. Өйткені Мәдиді жалаң қолмен ұстай алмайтынын біледі. Полицияның және «қызылбөріктердің» жәрдемімен Қақабай Мәдиді ұстап, сонау алыстағы Қазалының (біреулер Ақмоланың, біреулер Қарқаралының дейді) түрмесіне жабады. Мәди бұл түрмеде біраз жатып қалады. Көп уақыт тергеу-тексеру деген болмайды.

Барады бұл түрмеде күнім өтіп,
Бір күні ажал шіркін келер жетіп.
Жасымнан аяғымды тарта баспай,
Кетті ғой Қақабайға тізем өтіп.

Ағамыз Қақабайдың арқасында,
Алдық қой бұл түрмеден жақсы қоныс,—

деп, өңгіменің бәрі Қақабайдан өкөнін айтады. Күшін жұмсайтын жағдай жоқ, Мәди қатты налиды. Шері ішіне сыймай, жастықтың жігерін адам үшін, бақыт үшін пайдалана алмай, мына қонаққа жайсыз, лас қапаста күнінің өтіп бара жатқанына өкінеді. Толқып, қатуланып, өзінің басындағы драмасын сиқырлы үн арқылы сыртқа шығаруға бекінеді. Бұдан көліп ұлы сөзімнен туған өн шығады.

Сұрасаң руымды Қаракесек,
Досым аз, дұшпаным көп қылған өсек.
Үстінде құс мамықтың жататын ем,
Бұл күнде қу қарағай болды төсек.

Міндім де Қаракөкке жылыстадым,
Бардым да Қараөткелден пұл ұстадым,
Науқасым жанға батып жатқанымда,
Болмады жанашитын туысқаным,—

деп, өлеңнің соңғы жолын қайтара көтеріп, өзінің қапаста жатса қайрылмас, мойымас күшін көрсеткендей болады. Бұл ән еңкейген кәрі, еңбектеген жастың бәріне белгілі «Қаракесек» деген атпен осы кезде жер жүзіне тарады десек, артық болмайды. «Қаракесекті» оқушыға түсіндіріп, оған комментарий берудің керегі жоқ сияқты. Біз тек бұл әннің ерекше құрылысын, даму кезеңдерінің аса заңдылығын, форма жағынан айта қалғандай мүсінділігін, мазмұнында лирика мен қатар терең драма жатқанын айтып кетпекпіз. Дауыстың ең төменгі регистрінде төмен жылжып басталуының өзі бұрын-соңды қазақ әндерінде кездеспеген жүріс. Тек Имам-Жүсіптің «Сары Арқасында» ғана осыған ұсайтын бастау бар. Бірақ онда төмен бастап жоғары көтеріліп, кейін қайтады. Ал мынада алған дыбыс жоғарыламай бірден төмендейді. Ол, шығару кезеңіндегі автордың ауыр халде болуының әсері болу керек. Әсіресе өлеңнің үшінші басталарда екі рет төмен қарай жүретін фраза қапастың ауыр суретін келтіреді. Одан әрі шырқап көтеріліп, кульминацияға жетіп драмалық жәйді жеріне жеткізіп, кейін, баяғы бастаған дыбыстарға қайтып келеді, аса салмақты, қайғылы үндер арқылы, баспалдақтап төмендеп барып бітеді. Қайратты жігіт, қанша күшіне мінгенмен, қолды бұғау, аяқты кісен тырп еткізбейді, налытады, ойға шомдырады. Қазақтың ескі салтында тәрбиеленген Мәди, қысылған жерде аруақты, ата-бабасын айтып, өзінің трагедиясына тоқтайды.

Бабамыз кешегі өткен Алшынбай-ды,
Ақылы өткел бермес терең сай-ды.
Әруағың Алатаудай бабаларым,
Көрдің бе ғарып болған біздің жәйді,—

деп, оларға да жалбарынып қояды. Түрменің қатал тәртібін, күннің өтіп болмайтынын, іздеп келген ағайынмен де дұрыстап сөйлестірмейтінін өлеңге қосады.

Бұл күнде абақтыда біз жатамыз,
Көңілді құмалақпен жұбатамыз.
Алыстан іздеп келген ағайынмен,
Тесіктен алақандай тіл қатамыз,—

деп, біресе жоғарыда баяндалған «Үшқара» әнінің, біресе «Қаракесектің» әуенімен түрмені басына көтеріп шырқап жібереді. Қанша қатал болғанмен күзетшілер, өздерінен үлкен әкімдері келіп қалғанда болмаса, Мәдиді тыймайды. Ал басқа еріксіздер болса, олар айта түссе екен демесе, басқа тілек тілемейді. Мәди осылай біраз уақыт болып, мәселенің шеті көрінбей бара жатқасын қалай да қашудың жоспарын жасайды. Қарулы жігіт, түрменің іргесін қазып, күндіз жауып қойып, бір күні аман-есен қашып шығады. Бұл 1915 жылдар.

Мәдидің «Үшқарасы», «Қаракесегі» өзінің тұсында ауыздан ауызға көшіп, Қыр мен Сырға тегіс тарайды. Халық Мәдиді әнінен біледі, түсін көрмегендер оның образын өздерінше неше саққа жүгіртіп көз алдарына басқа адамнан өзгеше бір алып етіп суреттейді. Мәди халықтың хиялында ертегінің батырларындай эпикалық образда суреттеледі. Мәди әкімдерден, оның ішінде Қақабай болыстан хауыптеніп ұзақ уақыт еліне бармай, алыстан хабарласып жүреді. Сол жүргеннің өзінде де ол ән шығаруын тоқтатпайды. Қапастан босап, елінің еркін ауасын жұтып, кенеліп қалған Мәди бір сәт те болса көңілі көтеріліп, атақты «Шіркін-ай» әнін шығарады. «Шіркін-ай» салған жерден үлкен интервалға жоғары секіріп басталады. Ол автордың шалқыған ойын, мызғымас күшін береді. Тек өлеңнің соңғы жолында, қайырмаға келгенде әннің динамикасы азайып, бір сәт үлкен ойға кеткендей, өткен бір қызық күндері еске түскендей, әсем үн, қоңыр дыбыс арқылы, құйқылжып барып ән бітеді. Мұны біреулер:

Әуелі бұл «Шіркінді» бастау қиын,
Сонансоң көптің сөзін тастау қиын,—

деген сөздермен айтады. Мәдидің өзі айтатын сөздері біздіңше басқа болу керек. Өйткені әннің алапат күшпен басталуы, сол дәрежеде біраз орындаушының ұстап тұруы, тек аяғында ғана дыбыс баяулап, бірақ қайғы-хасіреттен аулақ, тек бір төтті хиял дүниесіне өніп кеткендей болып аяғының бітуі басқа бір текстер керек ететіндей.

Мәди алыста жүргенмен, жоғарыда айтылғандай, өзінің дос-жарандары арқылы елмен қабарласып жүреді. Қақабаймен болыстыққа Жүсіптің Ысламбегінің таласқа түсіп жатқанын, Ысламбектің Қақабайды басып бара жатқанын естиді. Ысламбекті қайрап, өлеңмен хат жазады.

Ысламбек, ортадағы Сіз байтерек,
Қорғалар бұтағыңа сан көбелек.
Майысып ол бұтағың сынып кетсе,
Болғанмен құр бәйтерек неге керек,—

деп бітіреді. «Сынып кетсе» дегені — болыстықты ала алмай жеңіліп қалма дегені болу керек. Қақабайдың Мәдимен дұрыс емес екенін Ысламбек те біліп, Мәдиге қатынап жүрген жігіттерден сәлем айтады. Мәдидің оған жазғаны қайтарған жауабы екен. Шынында да Қақабай әлсіреп, Ысламбек болыс болады. Мәди 1916 жылы елге қайтып келеді. Ысламбек Мәдиге тимейді. Бірақ Мәдидің тыныш жүруіне тағы да кесел тап келеді. Ол кесел де әкімдерден келеді.

1917 жылы оқыған жігіт Айқожа Теміржанов деген болыс болады. Теміржанов Мәдидің үстінен пирговор жасап, қашқын, ұрықары деп, сол жылы елге шыққан пристав Ахметқали Аяғановқа береді. Аяғанов алты кісімен келіп, қапылыста Мәдиді ұстайды. Бірақ елде ұстап тұруға қорқады. Өйткені Мәдидің достары бірнеше рет оны босатып алудың әрекетін жасайды. Тек әкімдерден, оның ішінде азуы алты қарыс приставтан сескеніп ойлаған мақсаттарын орындай алмайды. Аяғанов Мәдиді Қарқаралының түрмесіне жатқызады.

Октябрь революциясын Мәди түрмеде қарсы алады. Еріксіздікте болса да еркіндіктің енді туғанын сезеді. Оның себебі — Мәди құралақан адам емес, аздаған болса да сауаты бар еді. Кейін ол сауатын өзі кеңітеді. Қазақша да, біртіндеп орысша да біледі. Оның таза қазақтың ауыл киімін кимей, қала үрдісімен шағын, орысша киім киіп жүруі де содан. 1918 жылы Мәдиді түрмеден босатып, ол елге қайтып келеді. Бостандық таңының атуы Мәдиді қатты қуандырады, ол күнінің енді туғанын біліп, қолынан келгенінше совет үкіметіне жәрдемдесуге бел байлайды. Мәдидің өз атымен аталатын, халық арасында «Мәди» деген атпен жәйіліп көткен әні осы тұста шыққан деседі. Ол ән аса көңілді, үлкен бір қуаныштың, толқудың нәтижесі сияқты. Басынан аяғына шейін бір көтеріңкі қалыпта жүріп отырады. Ескі заманның таяғын көп жеген ардагер әнші, даусының да енді шалқитын күнінің жеткеніне қуанып, оны мына бір көркем шығарма арқылы сыртына шығарады.

Мәди жаңа үкіметтің жақсылығына іштей риза болып қана отыруды лайық көрмейді. Халықты қобалжытатын оқиғаға әр кезде де қызу араласатын ыстық қанды, адал жанды Мәди 1919 жылы Колчактың әскерлерімен соғысқанда, қызылдармен үзеңгілесіп отырады. Ол ақтардың бір тобының басшысы Черепанов дегеннің бірнеше адамын өз қолынан оққа ұшыратады. Қарқаралы ақтардан таза-

рып, «біз үкіметпіз» деп келетін неше түрлі оның топтарынан құтылғансын Мәди совдептің жұмысына жәрдемдесіп, қолынан келгенінше советтік саясатты қолдайды. Ол патша заманында, кейін ақтардың тұсында большевиктің тонын жамылып, неше түрлі лас жұмыстар істеген, жоғарыда аты аталған Айғожа Теміржановтың және оның досы Малаевтың Қарқаралыда үкімет орынында халық басқарып отырғанын көріп, Семейдің губерниялық мекемелеріне арыз береді. Онда Теміржановпен Малаевтың халықты зар қақсатқан, кедейлердің басына талай әңгір таяқ ойнатқан істерін қалдырмай жазады. Мәдидің ойынша губерниялық мекемелерде нағыз үкімет жоғын жоқтайтын, адал, совет ісіне берілген ғана кісілер отырады дейді. Бірақ онда отырған қой терісін жамылған қасқырлардың бірі Мәдидің арызын сол Малаевтар істейтін Қарқаралының мекемесіне астыртын жібереді. Олар енді қалай да Мәдидің көзін құрту талабына мінеді. Ол кезде Мәди басқа қалаларға кетіп, қолдарына түспейді. Бірақ Теміржановпен Мамаевтің және ақтардың бір бастығы Черепановтың тобынан Қарқаралыда бұғып қалған Шумаковтың Мәди өңінде есінен, ұйқтаса түсінен кетпейді. Мәдидің қайда барса да ізін аңдиды. Мәди болса, ол енді совет үкіметі біржолата нығайды, маған келетін хауып-қатер тиылды деп, қаннен қапері жоқ, еркін жүре береді. Кей кездерде ол біреулердің Қарқаралы түрмесінде жазықсыз, мына сұрқиялардың айласы бойынша жатқаным біліп, оларға келіп жолығып кеткісі, ақыл үйреткісі келеді. Сонда да бірнәрсені сөзгендей, Қарқаралыға беттесе Мәдидің мазасы кетеді.

1921 жылдың февраль айының басында Мәди Қарқаралыға келіп, өзінің баяғы жазған арызын үездік мекеменің бір қызметкері оқып отырғанын көріп шошып кетеді. Түрмеге барып, онда жатқан бір кісілерді көруге талаптанады. Бірақ түрме бастығы Мәдиді ұстап алып, Жасанов деген конвойға береді. Ол Мәдиді айдап түрмеге келе жатып, талтүсте атып өлтіреді. Бұл жөнінде Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылы 8 март күнгі 123 санында «Мәдидің өлімі» деген мынандай мақала шықты. Оқушыларымыз толық мәлімет алу үшін мақаланы түгел келтіреміз. Мақала соңында: «Жолдасы» деп қол қойлығын.

«Осы жылы 1-ші февральда Мәди Бәпи ұлын күндіз сағат 12 де, Қарқаралы қаласында 5-ші участкенің районный начальнигі Жасанов атып өлтірді.

Мәдидің жасы 41 де, екі қатыннан баласыз еді. Өлімі былайша болды. Декабрь басында Едірөй өліне 20 процентті разверстканы бөлгенде Теміржанов Малаев дәйтін волпрөдседательді қолына қондырып алып, малды ауылнайларға бөліп, кедейлерге аудара салады. Өткен замандарда стражник болып қан сорған, бұл күнде комму-

нистік тонын айналдырып киіп, түрлі хиянаттар істеп жүрген Малаевтің істерін қуа Қарқаралы барғанда, онда отырған үкімет адамдарының кейбіреулері қазақ өміріне қолайсыз, мына заманға ұнамсыз әртүрлі хиянаттарын әм алған параларын айтып, губисполком, губжиротделге арыз береді. Мәди Қарқаралыдан сескөніп, енді Семей кетемін деп жүргенде, Қарқаралының хакімшілік бөлімі Едірей елінің жерқұмар байлары Торанов, Теміржановтың доносымен Малдыбаевтардың малын конфисковать етеді. Осы малы туралы Қарқаралы барған Малдыбаевты жауып қояды. Осындай жұмыстар тақырыпты М. Бәпи ұлы Қарқаралыға барады. Өзінің ондағы хакімдердің үстінен жазған арызынан қорқып, біреуінің қатыны арқылы екі бастықпен танысады. Мойынға түлкі оралады. Бірақ шырайлары келмейді.

— Менің губисполкомға жазған арызымды сонда бір орыс оқып отыр, өзім хауыптеніп шықтым,— деп жолдастарына айтады Мәди.— Колчак заманында Едірейдің ескі болысы Теміржанов мені хүкіметке қарсы деп көрсетіп, неше айлар абақтыда жаттым. Енді мына хүкімет заманында Малаевті қырғи қып соңымнан салып мынадай қорқыныш халде жүрмін,— деп отырады. Ертеңінде, 1-ші февраль күні, 2-ші аудан халық сотынан абақтыдағылармен амандасуға қағаз алып, түрмеге барады. Қасында 4 жолдасы бар. Түрменің бастығы рұхсат бермейді. Аттанып жатқан Мәдилерді қолына винтовка алып, түрме начальнигі қуалай бастайды әм аттанып жатқан Мәдиді үш мәртәбә прикладпен ұрады. Біраздан соң қасындағы жолдастарымен қайтып бара жатқан Мәдиді көшеде ұстап, түрме начальнигі уисполкомға алып барады. Онда не сөйлеп, не істегені бізге мәлім емес. Бірақ начальник милиции Аклатигин өз кеңсесінде:

— Жасанов қайда? — деп, үш мәртәбә жүгіріп барған. Аздан соң уисполкомнан Мәдиді арестовать етіп бір солдат алып шықты. Ол исполкомнан жұмыстан қайтқан арестанттарды түрмеге қарай алып, бір қазақ милициясы жүре бастады әм бірнеше қазақтар да сол көшемен кетіп бара жатады. Исполком адамдары көшеге жүгіріп шығып, арестанттарды басқа көшемен жібереді. Қазақтарды шақырып кеңсеге қамап алады. Мәдиді конвой Жасановпен бірге бөлек көшемен жібереді. Түрмеге таяна бергенде, алдында келе жатқан Мәди Бәпи ұлын атып тастағанын бірнеше адамдар көріп тұрған. Оқ қарақұстан тиіп, маңдайынан шығып кеткен.

Мына бұ өлімді, ақылдасып, тон жамылған соққандардың істеп отырғаны анық. Арыстан жүректі ер Мәди екі жылдан бері бұрынғы тентек мінезден тиылып, сенімді халық азаматтарының қатарына кірген еді.

Топырағың жеңіл болсын, жолдас!

Туысқан, жамағаттарыңа тәңірім сабыр берсін!»

Бұл документ көп жылдан бергі біздің Мәдидің өлімі туралы неше алуан айтып жүрген әңгімелерімізге үлкен анықтама. Мәдидің халық жаулары қолынан қаза табуы айдан анық. Оның патша заманында ақтардың Колчактың тұсында қандай, кімнен қорлық көргенін білген жауыздар уездегілері мен губерниядағылары болып, бірігіп өлтірген. Талдықорғанның Қапал ауданын да тұратын Есмағамбетовтің айтуынша Мәдиді атқан баяғы Черепановтың бөлімінде істеген ақтың сарқыншағы Шумаков деген кісі. Бұл кісінің айтуынша кейін Мәдидің әйелі Қазі Қарқаралыға келіп Мәдиді атқан Шумаковты қинап өлтіреді. (Мәдиді білеміз деген адамдар бұл әңгімені растамайда). Шумаковтың ақтардың адамы екендігі анықтала бастағансын Қазиды жазаға тартпайды.

Мәди қайратты жігіт, халық бақыты үшін өмірін күреспен өткізген қайраткер, еңбекші халықтың жауының қолынан арманда өлген қыршын, артында үлкен көркем ескерткіш қалдырып кеткен композитор-әнші. Оның шығармалары үнемі халықтың аузында, советтік музыка майданына шаттық үніндей болып естіледі. Оның «Қаракесегі» «Ер Тарғын» операсында Тарғынның бас ариясы болып берілген. «Шіркін-ай» мен «Мәди» «Қыз Жібек» операсында жүр. Ал «Үшқараны» үйінде отырып айтпайтын адам аз. Ол әркімнің де жүрегін қозғайды. Мәдидің өмірі үлгілі оқиғамен толы өмір. Ол жөнінде архивтерде әлі де деректер көп екенінде дау жоқ. Оның бәрі де ашылып, Мәдидің бізге мәлімсіз көптеген жайлары жарыққа шығуында сөз жоқ.



ҚАРАКЕСЕК

Мәди

Байсалды. Драмаға толы.

Сұ ра-саң ұ - ру - ым - ды

Қа - ра - ке - сек, До - сым аз

дұш-па-ным көп-ай қыл - ған ө сек

Үс - тін - ге қос ма - мық тың

А — ! Жа та - тұ ғын а !

Бұл күн ге қу қа ра ғай

бол - ды тө - сек ай! А - ри - да - ғай - дым,



а - ри - га - дай - дым - ай! А - хау!



А - ри - га - дай дым ай!



А - ри - га - дай - дай ай! А - ри - га - дай - дым, ай!

ЫБЫРАЙ



Бткен ғасырдың сексенінші жылдары. Алқақотан отырған жұрт. Сырлы кереуеттің үстінде он жеті жасар қыз Кә-

кима. Оның қолында он екі баспалы сырнай. Құлаштап тартып, құй-қылжытып үн шығарып, отырғандарды тамсандырады. Бір кез Кәкима дауысын қосты. Қоңырқаздай сыңғырлаған дауыс, үнін баяулатқан сырнайға қосылғанда жаңа бір бояу пайда болып, адам мен асбаптың дауыс қосындысынан бұрын-соңды құлаққа естілмеген сиқырлы дыбыс шықты. Кәкима дауысқа жайлы деді ме, «Ахау-Семейден» бастады. Арасында сырнайды лекітіп, өршеленіп, алып қашқан аттай жер дүниеде тұрғызбай кетеді. Тыңдаушылар қыздың дауысы мен қайсы кездерде өздерінің қалай қозғалғандарын байқамай да қалады. Ал, қыз дауысын созған кезде отырғандар аңырып, аспанда қалықтаған құс көргендей, еріксіз шаңыраққа да қарап қалып отырды. Кәкима одан кейін Жаяу Мұсаның сағыздай созылған «Гауһар-қызын» айтты. Екі куплеттің арасында әннің тарихынан екі ауыз сөз қосқанында отырғандардың ішінде бастарын шайқап: «О, сабазым-ай!» демеген кісі аз болды.

Кенеттен «Үкілі Ыбырай келеді» деген сөз даладан естіліп, отырғандар жоғарыдан орын дайындады. Ыбырайдың жасы бұл отырғандардың көбінен кіші болса да, қазақтың өнер иесін сыйлайтын дәстүрі бойынша оны төрдің төбесіне шығару керегін бәрі де сөзіп, қозғалақтап жатты.

Сәнді киінген жігіт, сыпайы ғана сәлем беріп кіріп келгенде-ақ ол үйдегілерге ұнай берді. Төр алдына отырып, қолындағы домбырасын қасына қойды да, тез-тез аман-сау сұрасып, сәл үндемей қалды. Қазақтың «аман-сауы» ұзын келеді: «мал-жан, бала-шаға,

ауыл-аймақ, қара-құраның бүтіндігі, иттен-құстан ауылдың амандығы» әрқайсысы бірнеше қайталанып сұралады. Әңгімені көп сүймейтін жігіт осындай «ұзын сүреге түсіп кетермін» деп үндемей қалғаны екен. Кенет оның көзі кереует үстіндегі Кәкима мен оның сырнайына түсті. Әлгіде алыстан талып естілген музыканың үні осы сырнай болып шықты. Кәкима да көзінің астымен қарап, жігіттің барлық бойын шолып отыр. Әдеттегі шәй келіп, қыздың өзі құюға айналды. Шынаяқтарды шатыстырмай әдемілеп шәй құюының өзі Ыбырайды сүйсіндірді. Ол әлдеқашан ішіп қанса да, Кәкиманың қолынан іше бергісі келіп, дастарқанның тұра беруін жақсы көргендей болды. Тек қызбен екі ортада бірнеше кісі отырды да, шынаяқты Ыбырайдың қолына берген жердегі Кәкиманың аузынан шыққан демі жетпей отыр. Ыбырай үшін о да болса жұмақ лебіндей болар еді.

Дастарқан жиналғаннан кейін Ыбырай домбырасын алып қағып, құлақкүйін түсіріп, дауысын байқайын деді ме, жоқ Кәкиманың назарын аударып, бір қаратайын деді ме, айқайлап жіберді. Ол кезде жалғыз Кәкима емес, отырғандардың бәрі де бір бұрылды. Тіпті далада жүргендер де топырлап, есікке бір лықып келіп, дауыс тез үзілген себепті қайта шалқайды. Ыбырай көп кідірмей Арқаның бірнеше әсем әндерін айтты. Дауысы кең, шалқып жатыр, әннің ажарын келтіре салады, өған қоса өзінің көркі, мимикаға бай беті түрленіп, үйдің ішіне күн сәулесі түскендей тыңдаушылардың өңі кіріп кетті. Бұл отырғандар, өсіресе ол заманның дәстүрі бойынша үйден шығып, ел кезе алмайтын Кәкима, Ыбырайдың дыбысын есіткенмен, өзін көрген жоқ-ты. Сондықтан «Құлақ есіткенді көз көреді» дегендей бұлар алғашқы кезде оның өн шеберлігіне, әндердің мазмұнына ұйымас бұрын, Ыбырай сән-салтанатына шыңға өрлеген дауыс күшіне қарап қалды. Кәкима болса, ол құлақтан көрі көзімен көп тыңдайтын жыныстың өкілі болса да, бірінші дыбыстардан-ақ өнге ұюмен болды. Өйткені, Кәкиманың есітпеген өндері де Ыбырай орындауында болды. Әннің өзі ел аралап кететін нота сауаты өдетке өнген көз емес, өн тек орындаушы арқылы біреуден біреуге ауысатын заманда, жоғарыда айтылғандай, еркектей елді өмін-өркін аралай бермейтін әйелдерге жақсы өндерді осындай алып келушілер ғана жеткізіп беретін. Ыбырайдың келуі Кәкима үшін қыдырдың қыдыруындай болды. Кәкима басқа қыздардай ұялшақ, ата-ананың айтқан «дала кодекстерінің» тармақтарынан жаза баспайтын қыз емес, өркіндеу, сырнай тартқанда орамалды сыпырып тастап, қос бұрымын артына лақтырып жіберіп, сақиналы саусақтарын тілдерді қуып жүгірткенде, оның отырысына, сымбатты мүсініне, сазды дауысына риза болған ауыл айналасы шарифаттың өйелді жалаңбас-тандырмайтын жерлерін ұмытып та кететін.



Ыбырай Сандыбай ұлы

Ыбырай Кәжиманы аса ұнатып, оның гармон тартқанын, сұлу үнін, ұялшақ болмағанымен сыпайы мінезін, сөйлесе сөзге шешендігін көріп, тіпті осы ауылда қыстап қалу керек болса да, бастартпайтынын іштей шешіп отырды.

Кешкілік әлгі үйге халық бұрынғыдан да көп жиналып, түлкінің мұрны бататын жер қалмады. Ыбырай да бабына келіп, бірінен соң бірін не бір шұрайлы әндерді айтып отырды. Бір мезгіл қолына гармонын алып Кәжима әндетті. Ол біраздан соң қолына домбыра алып, оған қосылып өн салды. Ол гармонға да, домбыраға да бір-

дей шебер болып шықты. Кәкіманың жүрген жері ойын-той, қызық-думан екенін Ыбырай да көрді. Халық тарап, екеуі аз уақыт оңаша қалғанда сырларының тоқетерін түйіп, бір-біріне қатты ұнайтындықтарын айтысты. Өйткені, бұл күндегідей көшені он айналып, емін-еркін әңгіме айтысатын заман онда жоқ, көңілдің бұйрығын қас қаққанша білдіріп жеткізбеген жігіт әке-шешесі айттырып келіншек өпергенше түк бітіре алмай жүре береді. Түні бойы төңбекшіп ұйықтай алмай шыққан Ыбырай, ертемен тағы қобалжып, толқып, ішіне симай бара жатқан қуанышты далаға қалай шығарарын білмей, мұндайда түнгі сырын айтып, біраз тынығып қалатын жолдас-тары да жоқ, бар тапқаны — ең жақын жолдасының, сырласының, мұндасының бірі домбырасына жармасты. Ертеңгі астан кейін, жүрер алдында, қаумалаған халықтың сұрауы бойынша, қоштасу ретінде тағы бірнеше ән орындады да, аяғында: «Кәкіма жан, мынау саған деген менің жолаяғым» деп жаңа бір әнге басты.

Шомылған айдын көлде сіз бір аққу,
Мұндай сөз естідің бе бек ләззәтлу.
Сырнай мен домбыраның арасында,
Балқыған қорғасындай қайран Гәкку,—

деп, бастап, одан әрі Гәккуді түрлі жайда суреттеп кетті. Жұрт өннің жаңа екенін сезбеді де, «Гәкку» дегеннің кім екенін біле алмай отырысты. Жалғыз-ақ кереует үстінде отырған Кәкіма, Ыбырай өннің аяғында «Гәкку, Гәкку, гә-гәгә» деп безілдетіп, шұбыртып жонелгенде миығын тартып бір күліп қойды. Өнші одан әрі күшейте:

Таранған айдын көлде сіз қоңыр қаз,
Қалқаға көңіл сүйген айтамын наз.
«Гәккуді» қоңырлатып мен салғанда,
Үйренбес талабы бар қандай маңғаз.

Шерәгөй көлден ұшқан сен бір тарғақ,
Мұхиттың дариясына салдым қармақ.
Өндетіп, «Гәккуімді» алдарыңа,
Басайын аяғымды шалқақ-шалқақ.

Бұл сөзді сөйлеп жүрмін көптен бері,
Өндетіп, өлін кезген мен бір сері.
Қаңқылдап боқыраудан қайтқан қаздай,
Салайын «Гәккуіме» өрлі-бөрлі.

Қыздан да қылықтымын жүрген жерде,
Ханнан да қадірлімін туған елде.
Аққуым көлденеңдеп алда жүзбей,
Сала алмас «Гәккуіме» ешбір пенде,—

деп, тағы аяғын «гәккулеп» қайырып, бір жоғары, бір төмен түсіп, отырғандардың айызын қандырды. Әннің адресін Кәкіма болмаса басқа ешкім сезген жоқ. Оны тек Ыбырай екеуі ғана біледі. Осылай дүниеге Ыбырай творчествосының шыңы «Гәкку» әні шықты. Айтушылар Ыбырай бұл кездерде жиырма жас шамасында екен дейді. Ал «Гәкку» дегені Кәкіманың атын өзгертіп, еркелетіп айтқаны екен. Осыдан бұл ән халық арасына «Гәкку» болып жайылып кеткен.

Ыбырай 1860 жылы бұрынғы Көкшетау уезі, № 5 ауылда туған. Руы — Қарауыл, оның ішінде Қалдаман. Жас кезінде молдадан оқып хат таныған, одан әрі көп оқи алмаған. 8—9 жасынан ән сала бастаған. Шаруаға жас кезінен ыңғайлы болмаған. Әкесі Сандыбай кедей, аздап ұсталық құрған, ағаш шебері болған. Ал, Ыбырай, айналасындағы ағайын-тумаларының айтқандарына көнбей, ерте атқа мініп, жігіт болып, серілік жолға беттеген.

Жігіт болдым он жетімде,
Тыңда айтқан кебімді.
Шаруадан бастартып,
Салдыққа бұрдым бетімді,—

дейді бір өлеңінде. Өзі «түс көрдім, маған әнші боласын деп, біреулер маңдайымнан сипады» деген. Ал, әкесінің жолын қууды да мақұл көрмей:

Ағаштан арба-шана ие алмадым,
Басыма тері бөрік кие алмадым.
Әкеміз «қара мұрын ұста» атаңған,
Көмірге өзімді өзім қия алмадым,—

дейді. Қысқасы, ұсталық өткісі келмей, әкесі барында, соның еңбегімен семьясының күнкөріп тұрғанын пайдаланып, ән, өлең қуып кетеді. Аты ерте шығады.

«Сал» атандым он сегізде,
Қайғысыз ендім бір теңізге.
Он тоғызда оттай лаулап,
Ойнақ салдым кемеңізде.

Жігіт боп жетіп қалдық жиырмаға,
Кезегенге дәм үйден бұйыра ма?
Өнерге еңмен салып ұмтылмасаң,
Жастықта нәпсі шіркін тыйыла ма,—

дейді, өзінің жасын қуып айтқан өлеңдерінің бірінде. Осы жолға түсіп кеткенін:

Ән салып, сері болып талаптандым,
Тыңдамай ақылын да барлық жанның.
Беркіме үкі тағып, сәндеп киіп,
Жолына түспей кеттім дүние-малдың,—

деп қорытады.

Ыбырай сол жігіт кезінде Атбасар жағында жүріп, бір ауылға қоналқаға келеді. Түскен үйінде Алтынай атты қыз болса керек. Өзі сұлу, өзі мінезді Алтынай бірден Ыбырайдың көңлін аударады. Бірақ Кәкиманы ала алмай қалып, «тұмсығы тасқа тиген мекіре балықтай» тауы шағылған әнші, еңгімені алыстан қозғап, бірден өзінің ойын айтпайды. Алтынай да Ыбырайды ұнатып, бірақ берулі жері бар екенін, олардың күшті екенін айтады. Ыбырай басқа амалы жоқ болғансын, анда-санда болса да Алтынайды көріп кету үшін келіп жүреді. Алтынай да одан әріге бара алмайтынын біліп, ең болмаса, Ыбырайдың дауысын есітіп, әнін тыңдап жүргеніне мәз болады. Бірақ, әкесінің оң жағында отырған қыздың жаманаты елге жайылмас үшін Ыбырай өзінің Алтынайдың ескерткішіне деп шығарған әнін қыздың атымен атамайды. Оның аулының тұрған жері Алтыбасар деген атпен шығарады. Әрине, бұл «Алтыбасар» өзіміз білетін осы аттас ән деп тастай өтіп айту қиын. Өйткені ол «Алтыбасар» Ыбырайдың творчестволық «почеркіне» келіңкіремейді. Алайда, қазақтың күйлерінде көздесетін бір атты көп варианттар сияқты Ыбырайдың өз «Алтыбасары» болуы мүмкін. Қалай болғанда да, Ыбырайдың Алтынай қызға ән шығаруы рас болса керек. Оның бұл «Алтыбасардың сөзінде өкініш көп, біз білетін әннің кейпі олай емес, онда үлкен оптимизм, жігер, қайрат, көркем лирикамен қатар үлкен драмалық кезеңдер кездеседі және ол жағдайдың бәрі де күшті, серпінді музыкалық тілмен шешіледі.

Айрылдым сенен, сөулем, жылай-жылай,
Боламын не қып адам бұдан былай.
Қайғыға арылмастай салып кеттің,
Алты жыл ғашық болған қарағым-ай.

Келуші ем кеш болғанда көңлім түсіп,
Ежелден болдық таныс бірге өсіп.
Астынан Ақсандықтың аттандырып,
Қалушы ең қош айтысып, қолды қысып.

Қалқаға табынушы ем бала құстай,
Аулыңа келуші едім ала қыстай.
Бір жаман малын берген алып кетер,
Тұйғыннан жем айырған қарақұстай,—

деген сөздері әннің қандай кейіпте болатынынан хабар береді. Біз, әрине, «Алтыбасарды» Ыбырайға қимаудан аулақпыз. Бірақ авторы белгісіз әндерді, әбден шындығына жетпей біреуге тели салуға қарсымыз.

Ыбырайдың осы бір кезеңдер шамасына жататын әні — «Қарақат көз». Ол әнді біздің тұсымызда да көп айтады. Халыққа кең жайылып кеткен. Ән аса көңілді, жастық дәуірдің суретін береді. Сөзінде сұлу қыздың сымбатын неше саққа жүгіртіп мақтайды. Ән сол сөзіне лайықты, көркемдік мазмұны тура келіп жатыр (сөзімен) десе болады. Сөзі көп болған себепті бәрін келтірмедік.

Қарақат көзді ақ білек,
Айтайын бір сөз үлгілеп.
Ішіме салдың қайғы-дерт,
Жүректің басын тілгілеп.
Бұраңдамай ей, қалқа,
Айтсаңшы бір сөз үлгілеп.

Қарақат көзді ақ саусақ,
Лебізің сенің балқаймақ.
Жолыңа сенің сарп етпей,
меге керек малды айдап.
Шамасын білмес надандар,
Атын бір қалсын борбайлап.

Қарақат көзді ақ тамақ,
Қараған жан таңқалмақ.
Қармағыма ілінсең,
Суда жүзген ақ шабақ.

Қарақат көзді ернің бал,
Тастап кетсең бітер хал.

Жолдасың тең болмаса,
Неге керек жиған мал.

Қарақат көзді сүмбіл шаш,
Оймақ ауыз, қиғаш қас.
Алыстан аңсап келгенде,
Еркелеп, сәулем, қойныңды аш,—

деген сияқты келе береді. Ыбырай әр кезде де, түрлі тақырыптарға өлеңдер, әндер айтқан ақын, әнші. Сондықтан оның сөздерінде ұй-қас үшін, айтайын деген ойына қатысы жоқ сөздер сирек кездеседі. Бірқатар өлеңдерінде араласқан ол сияқты «бөтен сөздер» біздіңше ауыздәстүрлік жағдайда қосылған жамау болу керек. «Қарақат көздің» сөздері де, әні де бір-біріне сай келіп жатыр. Соның нәтижесінде бұл ән, жоғарыда баяндалғандай, кең жайылуда музыкалық қасиеттері жайлы әдейі сөз етуді керек етпес деп ойлаймыз.

Айтушылар «Арарай» өнін Ыбырай шығарған деседі. Ал сөзіне қарағанда бірқатар анахронизмдер бар. Өйткені, Ыбырай: «Арғы затым сұрасың, Тобықтыда Құнанбай» деп айтуы мүмкін емес. Мүмкін бұл сөзді кейінгі орындаушылардың біреулері қосып жіберуі. Ән, сөзсіз, Ыбырайдың қолынан шыққан сияқты. Алдыңғы әңгіме болған «Қарақат көз» өнінің ырғағына, ойнақылығына, көңілділігіне, өткірлігіне жақындығы сезіледі. Бұл ән де көпке белгілі болған себепті, оның музыкалық жағын әңгіме етіп жатудың қажеті жоқ. Тек бір айта кететін нәрсе — осы «Арарайға» қатты ұқсайтын ән өткен ғасырдың басында басылған бір журналда шықты. Ыбырай, мүмкін оны өңдеп дамытып алуы.

Жиырманның ортасына келгенде Ыбырай Жамал қызды алып қашады. Оның себебі — қалыңға беретін малы болмайды. Бір өлеңінде:

Қалтам тақыр қыз алар қалың беріп,
Жаным қалса жарайды елге келіп,
Күйеу келіп, сайрандап жатқан түні,
Сүйгенім көте берді қасыма өріп,—

дейді. Бұл ән халық арасында «Сүйгенім» болып тараған. Жамалмен Атығай ішіндегі Ырсай аулына келіп, Аю, Жақып, Төшігүл, Мөшке дегендерде екі жыл паналайды. Жамалмен тұрып қалады. Ал, бұл өннің біз жазып алған өлеңінде қыздың атын Мақбал дейді. Ол қазақта «Мақбал» дегеннің жалпылай қызға тағылатын ат-тұмарының мәніндей сияқты.

Бір іске белді байлап мінген кезім,
Сымбатты бір сұлуды көрді көзім.
Уәде, айтқан сөзге белді байлап,
Жөнелдім Мақбалды алып жалғыз өзім.

Ертерек қамданбадым артымды ойлап,
Наркескен болат едім қойған қайрап.
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,
Баласын төрт Момынның жүрдім жайлап.

Мен келдім жауға бермес елім бар деп,
Кір жуып, кіндік кескен жерім бар деп.
Келгенде оң тізесін көтеретін,
Жерге қазық, елге би, шерім бар деп,—

деген сөздері бір жағынан оның малы жоқтығын, екіншіден қорғайтын панасының көптігін көрсетеді. Ал, Ыбырайдың «Мақбал» деген өніндегі сөзіне қарасақ, онда әнші Мақбалмен қосыла алмайды.

Біраз күн Дәнежінде салдым салық,
Артымда зарланамын Мақбал қалып.
Қосылған ғашық болып, қайран құрбым,
Қасретің өзегімді өтті жарып,—

деп келеді. Бұл сөзден Ыбырайдың Мақбалды алғаны көрінбейді. Сондықтан «Сүйгенімде» өлең ішіндегі қыз аты «Мақбал» емес «Жамал» болуы да ықтимал. Кейінгі кезде орындаушылардың алмастырып қоюы.

«Сүйгенім» аса ірі ән емес, шырқап, созып тұрмайды, дауыстың жоғары регистрінен басталып, аяғында төмен түсіп, баяулап, речитативке жақын болып бітеді. Бұған қарағанда ән сөзіне бағынышты, негізгі мақсат сөзін жеткізу болған себепті, музыкалық жағынан тепе-тең мән бермегендей болып көрінеді.

Ыбырайдың «Жиырма бес», «Желдірме» атты шығармалары да осы бір творчестволық белесінде дүниеге келген болу керек. «Жиырма бестің» сөзі ел арасында көп тараған, Қазақстанның қай бұрышы болса да, білетін, айтып жүретін сөздер. Әрине, Ыбырай оған біраз нәрсе қосқан болар. Бірақ біздің қолға түскен ән сөзінде айта қалғандай, поэзиялық жағынан жаңалық болып көрінетіндей ешнәрсе болмады. Сондықтан бұл арада «Жиырма бестің» сөздерін келтірмедік. Ал, «Желдірме» қызық басталады:

Сөйлеп қал тілім мүдірмей,
Аққан судай кідірмей.
Еркін жүйрік белгісі,
Баурын жазбас жүгірмей,—

1,36

деп, одан әрі төкпелеп кетеді. Музыкасы речитативті, сөзді көп айтып ұту үшін мелодиялық құбылуы сараң, бірақ ырғақтық жағынан өткір, екпінді келеді. «Желдірменің», «Жиырма бестің» музыкасы Ақан серінің «Желдірмелерінің» үлгісімен шығарылғаны сезіледі. Ыбырайдың Ақан серіні көруі, оның қасында болуы әсері тигізген сияқты.

Ыбырай отызға келген кезде әкесі өліп, жоғарыда айтылғандай, үйленіп, шаруашылықпен айналысуға мәжбүр болады. Бірақ ауылда қарап отырмайды. Әнін, өлеңін шығарып, құс салып, тазы жүгіртіп, ат баптайды. Айтушылар Ыбырайдың әкесі аз да болса артына біраз мал қалдырып кеткен дейді. Оның үстіне халыққа қадірі күн санап арта бастаған Ыбырай, өзі сұрамаса да, айналадағылар оны мінер ат, сауатын сауыннан тарықтырмайды. Сойыс та алып келіп тастайды. Ыбырай Біржаннан, Ақаннан, басқа ұлы әншілерден үлгі алады. Орындаушылығымен творчествосы қатар дамиды. Өзіне ұқсас ауылдағы өнер қайраткерлеріндей Ыбырай шығармаларына күнбе-күнгі құлағы естіген, өзі көрген жәйттерді алады. Осы бір аулында кідіріп қалып, ит жүгіртіп, құс салған кезінде «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» деген өлеңін шығарады. Оның әнінің қандай болғаны бізге мәлім емес. Берегіректе Қали Байжановтан үйренген әнші Қуан Лекеров бұл өлеңді «Шама» әнімен айтатын. «Шама» біздіңше Ыбырай творчествосына жатпайды. Біреулер ол әнді Жарылғапберлінікі дейді. Екіншілер Жарылғапберлі ән шығармаған, тек жақсы орындаушы болған кісі дейді. Ал, «Шаманың» Ыбырайдыкі дегенім өшкім айтпайды.

Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа.
Болғанда түсі қызыл орман түлкі,
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа.

Болғанда биен жарғау, атың қату,
Жігітке лайық па қарап жату.
Серілік, жастықта ерлік бойға қонып,
Жігітке бір қызық іс дауылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,
Тұрмайды тағатыңды бұрдырмалап.

Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Үшеуі ер жігітке үлкен қанат.

Сол күнде соқса көңлің қайтуға елге,
Мінген ат қарауытып батса терге.
Өлеңші, домбырашы қасыңда боп,
Кез болсаң қоналқаға бұраң белге.

Самауыр, ақ шәйнекпен тұрса қайнап,
Отырса сол бұраңбел көзі жайнап.
Сол күні қыз әкесі үйде жоқ боп,
Отырсаң әзілдесіп, күліп-ойнап,—

деп, әрі қарай жалғасып кете береді. Өңгіме дала қызығы жайында. Ән екпіндеп, лекіп, қыздырып келеді де, бірнеше шумақтан кейін қайырмасы басталады. Қайырманың өзі анау-мынау әндей бар, ұзаққа созылады, аққан судай иретіліп, сан толқып, біресе тез айтылатын одағай сөздер тізбектеліп, біресе сөзсіз тек «е» дыбысы арқылы құбылып, жоғары-төмен лықсып барып, сол екпінде жайламай, осы кездегі кейбір әншілердей қол соғып, қөшемет етуді дәметіп, әннің аяғын жасанды түрде — өзінің көркем талғамына бағындырмай, кілт тоқтап қалады.

Ыбырай әндерінің тізімінде «Қараторғай» деген ат бар. Оның сөзі:

Шаш алмас жасық темір қайрағанда,
Томар су суат бермес жайлағанға.
Көңілің тас та болса бір жібиді
Таңертең қараторғай сайрағанда,—

деп келеді. Ал ән көпке белгілі «Харарау». Шынында Ыбырайда шығарған «Қараторғай» аттас ән болуы. Бірақ бері келе орындаушылар басқа әнге шатастырған болу керек. Әннің сөзіне қарағанда біз білетін «Қара торғайдан» басқа музыкасы бар сияқты. Мүмкін о да табылып қалар деп ойлаймыз.

Ыбырайдың «Шөренге» деген әні бар. Оны бір құрдасына бағыштаған дейді. Әннің құрылысы, ырғағы (нақпа-нақ болмаса да) Жаяу Мұсаның «Ақ ситсасына» ұқсайды. Бұл жерде көрмесе де (бізде Ыбырайдың Жаяу Мұса мен кездесуі жайлы дерек жоқ) әнін естіп еліктеу бар немесе тағы да орындаушылар шатастырып жүрген болу керек.

Шыққан уақыты белгісіз Ыбырай әнінің бірі — «Жалғызтау». Ол өзінің туып-өскен жерінің аты болса керек.

Жалғызтау, басың биік бұлттан асқан,
Сырласып сұлу күнмен құшақтасқан.
Оқалап қызыл пүліс шапан киіп,
Құлпырып май айында жұпар шашқан.

Сылдырап қойнауыңнан бұлақ ағып,
Қарағай, қайың, терек үкі тағып.
Сырласып қыз-келіншек көлеңкеңде,
Назданған ғашықтықтың отын жағып,—

деп келетін сөздерін біреулер Сәкендікі дейді. Ал, музыкасы аса бай, Біржанның үлгісінде шығарылған. Басталғанның өзінде-ақ біртіндеп көтеріліп, шырқап, жүрегіңді қозғайды. Әннің бітісі де басқа әндерден ерекше, күтпеген бір дыбыста барып аяқталады. Ән аса әсерлі, шырқалған үнді, қай әншінің болса да репертуарына енсе, үлкен көркемдік байлық болуға тұр.

Осымен кескіндес әннің бірі «Шалқыма», Ол «Жалғыз таудан» өзгеше, қоңырлата бастайды, тек бара-бара көтеріледі. Дауыстың шыңына шығып, әннің атындағыдай «шалқып», тасып, өлеңнің шумағының үшінші жолынан бастап төмен түседі де, баяғы қоңыр үнмен жүріп отырып, аз уақытқа жоғары өрлей түсіп, бірақ тез кейін қайтады. Сөзсіз тек үілдеп келетін қайырмасы құбылып, біркелкі дыбыс белесінде кідіріп тұрып барып бітеді.

Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,
Қорғасындай денеңді балқытайын.
Біржаннан алып қалған әнім еді,
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын,—

дейтін өлеңінің өзі «Шалқыманың» тарихын, біз қоспай-ақ айтып тұр. Біржанның әсері Ыбырайдың басқа әндерінен де көрініп тұрады. Халық аузындағы «көпке шейін Біржан, Ақандар барында Ыбырайдың аты шыға алмай жүріпті» деген сөз — Ыбырайдың үлкен аға әншілерінен орындаушылық, творчестволық үлгі ала жүргенін, олардың көлеңкесінде аз уақыт қалып қойса да кейін жарыққа шығатынын білгені сезіледі. Оның бір айғағы — Ыбырайдың «Дүниесі».

«Дүние» — А. Затаевичтің айтқанындай «виртуоздық-шалқыған», тынысы кең өн. Әсіресе А. Затаевичтің жазуындағы «Дүние» айта қалғандай. Онда өн шын мәнісінде сазды, шалқи басталады. Одан кейін Ыбырайға төн екпінін тездетіп, құйқылжытып алып кетеді. Бұл аралары Біржанның кей әндеріндегі приемдарына ұқсайды. Ал соңғы жылдардағы біздің қолымызға түскен «Дүниенің» варианты тіпті арық, «жілігі өрең татиды». Оның себебі, қанша айтқанымен

Ыбырайды көрген немесе сол тұста болып, етегінен ұстаған адамдардың орындауымен музыкалық немере-шөберенің құлағына талып жеткен ән суретінің бояулары әр басқа болуы керек. Қысқасы, «Дүниенің» А. Затаевичтің «1000 әніндегі» варианты Ыбырай «қаламына» келеді. Оның үстіне жақсылықты о дүниеден іздейтін адамның мінезі жоқ Ыбырайдың бұл дүниені молдалардың айтқанындай «жамаң кемпір екен, опасыз екен» деп халыққа үгіттеуі де біз үшін дүдәмалдау. Одан біз Ыбырайды атеист етіп шығарғалы отырғанымыз жоқ. Бірақ: «Баласы Баймырзаның Шолақ едім, Намазбен оразаға олақ едім» дегені сияқты ол өнер иесі, халықтан шыққан қайраткер адамдар дін жағына аса жүйрік болмағанын ғана айтқымыз келеді. Ыбырайдың «Дүниесінің» төл сөзінде әңгіме өмір туралы болу керек. Дүние сол түсінікте сияқты. А. Затаевичке айтып берген Әлікей Өтекин де «Өмір» деп аударыпты.

Айтушылар «Маңмаңкер» әнін Ыбырайдыкі дейді. Бұл жөнде біздің пікіріміз өзгеше. «Маңмаңкер» әнінің музыкасына қарағанда, сөзіне қарағанда Ақан сері творчествосының туындысы. Ауыздәстүрлікте табан тіреп айтысу да қиын. Солай да болса біз «Маңмаңкердің» Ыбырай әні екендігіне үлкен күмән келтіреміз. Бір жағынан халық әндерін жақсы білген, Ыбырай жайлы өлең жазған, кездескен Сәкен Сөйфуллин «Маңмаңкерді» Ыбырай әндерінің тізіміне қосады.

«Әні бар «Гакку» деген аңқылдаған,
Аққудай айдын көлде қаңқылдаған.
«Кідігай», «Қалдырған» мен «Маңмаңкерін»,
Ырғалтса керней даусы саңқылдаған,—

деп жырлайды. Әрине, Сәкеннің айтуы да дұрыс болуы мүмкін. Бірақ Ақаннан бірінші болып Ыбырай алып, бірінші рет ел арасында Ыбырай жаюдан, халық оған таңып жіберуі де ғажап емес. Ал «Маңмаңкердің» сөзі біз білетін:

Маңмаңкер кекілің келте, жалың майда,
Бал татыр шекер қосса қағаз шайға.
Жүрісің желмаядай, жануарым,
Көрейін қызығыңды осындайда

Маңмаңкер, ән қосайын жүрісіңе,
Дер екен қалқа қалай келісіме.
Сыдыртып Маңмаңкермен келе жатып,
Осы әнім құйқылжыған түсті есіме,—

деп келеді.

Біздің бұлай дейтініміз, кейбіреулер қазақтың ежелгі қанына сіңген, әлі күнгі арыла алмай келе жатқан жерлестігіне тартып, жақсы өн, жақсы күй болса өзінің аталасына, ауылдасына жапсырады. Мысалы, «Сырғақты» өнін Ыбырайға жапсырудың ешбір орны жоқ. Ол өннің Әсеттікі өкені әлдеқашаннан белгілі. Сондықтан «Сырғақты» жайлы біз музыкалық түсінік беріп жатпадық.

Ыбырайдың халыққа көп тарап кеткен өнінің бірі «Былқылдақ». Ол аса шалқыған, үлкен көлемді шығарма емес, бірақ «аз айтып, көп айтқан» әңгіме сияқты жүректен шыққан шығарма. Мұнда да Ыбырайға тән көңілділік, оптимистік кейіптер бар.

Жүйріктің бола бермес күнде бабы,
Сынбаған алты алашқа оның сағы.
Үкідей буыны жоқ былқ-сылқ еткен,
Бұл бір өн Ыбырайдың «Былқылдағы»,—

деп басталып, ар жағында жалғасып кете береді. Ыбырайдың:

Жігіттің бір қызығы сауықты өмір,
Шырқатып өн салғанда қайғың кемір.
Кешегі бес болыстың съезінде,
Өн еді Ыбырай салған «Майда қоңыр»,—

дейтін өні болса керек. «Майда қоңыр» қазақ халық композиторларының көбінде бар (Мұхит, Естай т.т.). Бірақ әрқайсысының «Майда қоңыры» біріне бірі музыкалық жағынан ұсамайды. Сондай-ақ:

Домбырам екі шекті мойны ырғай,
Тартқанда бес саусағым кетер зырлай.
Құрбылар жастық шақта ойна да күл,
Бұл дәурен өлі-ақ өтер бір күн тұрмай.
Домбырам басы балқурай,—

деп қайырмасы келетін өн Ыбырайдың «Балқурайы» атанып кеткен. Бұл да біз білетін «Айман — Шолпанға» өнген «Балқурай» емес, тек аттас. Мұндай жай, жоғарыда айтылғандай қазақ өн, күйінде келе береді.

Ыбырайдың бұл айтылғандардан басқа жас кезінде шығарған өндерінен «Қаралдым», «Кідіғай» сияқтыларын айтуға болады. Ол өндердің «Кідіғайы» белгілі де, «Қаралдым» көп жайыла қоймаған. Ол, жоғарыда баяндалған, «Қарақат көз» (кейде «Алғак» деген атпен айтылады) «Арарай» өндеріне жақын. Сөзі де жеті-сегіз буынға

құрылған. Сондай-ақ Ыбырайдың «Қаракөз» деген әні де өзі өсіп-өнген өреден басқа жерге әлі тарап болмаған.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғынан біздің ғасырдың оныншы жылдарының ортасына дейінгі кезеңдегі Ыбырай творчествосының туындылары жайлы біздің қолымызда нақты дерек жоқ. Әрине, кейін ол олқылық жойылады. Бізге белгілі болған жағдай Ыбырай Октябрь революциясын аса қуанышпен қарсы алған. Ол өзінің «Октябрь төңкерісі» атты өлеңін:

Зор қуаныш күн болды,
Ескі дүние күл болды.
Николайшыл байларға,
Жарық дүние түн болды,—

деп бастайды. Қазақ халқының оған дейінгі халын:

Мал бағып шаруа қуған қазақ еді,
Қоршылық көрген күні азап еді.
Ел қоры, жұрттың соңы, есепте жоқ,
Қазақ байғұс әркімге мазақ еді,—

деп суреттейді. Ол «Ленин» деген өлеңінде:

Күн күркіреп, жел шықты,
Тарлық кетіп кең шықты.
Суалып қалған көңілден,
Қуарып қалған өмірден,
Тасыған дария сел шықты.
Тәнін, қанын піде қып,
Большевик деген ел шықты.
Большевикті бастаған,
Ленин деген ер шықты,—

дейді. Ал «Ленин ізіне» деген өлеңінде:

Қараңғы түнде жол таппай,
Тұман басып, ел таппай.
Қанаты сынған қоңырқаз,
Жүзейін десе көл таппай.
Жаралы жүрек зарланып,
Ауруына ем таппай.
Қамалған сорлы халық өдік,
Тарлықтан шығып, кең таппай.

Сөйлейтұғын сөз таппай,
Қарайтұғын көз таппай.
Жарқырап шыққан алтын деп,
Патшаға мұңды шаққанда,
Алтын тұрсын жез таппай.
Қорлықта жүрген халық едік.
Ленин шығып бақытқа,
Жетім-жесір қуанған.
Сол Лениннің жолы деп,
Еңбекші тап ту алған,—

дейді. Совет тұсында Ыбырай жасы біразға келіп қалса да, ән мен өлеңін бұрынғыдан үдете түспесе, әлсіретпейді. Ол жиырманшы жылдарда, жасы алпысқа келгенде «Қалдырған» әнін шығарады. Сұраған деген шәкіртіне қарап:

Алпысқа келдім азамат,
Шықпады ешбір жаманат.
«Қалдырғанды» тапсырдым,
Сұраған саған аманат.
Жасымда болдым балдырған,
Талайды әнге қандырған.
Мәжілісімді көркейт деп,
Мырзалар қалап алдырған.
Сол балдырған кезімде,
Талайды сөзім талдырған.
Сүмбіленің бұлтындай,
Сөзім жиын жаңбырдай.
Алпысқа келген мендей шал,
Есін білмей қаңғырған.
Алпысқа келіп ән салып,
Атын қойдым «Қалдырған»,—

деп, сүйікті әнін табыс етеді. 1925 жылы Сәкен Сейфуллин Бұрабайға келеді. Сонда Ыбыраймен кездеседі. Екеуі Оқжетпестің бауырында отырып, әңгіме шертіп, сол арада Ыбырай өзінің атақты «Көкше» әнін шығарады.

Арқаның асау туған ардагері,
Кім сүйіп, кім жырламас,
Көкше, сені.
Суың бал, шөбің шүйгін,
қойның ырыс,
Жаһанда бағаң артық сөн бір сері,—

деп басталатын өлеңге сай, ән аса көрбөз. Әсіресе қайырмасы бай, жоғары, төмен толқып, құйқылжып, еріксіз тыңдаушыны ертіп алып кетеді. Сәкеннің поэзиясы Ыбырайға қатты әсер етеді. Сәкенге де Ыбырайдың әні, әлі де болса кең жатқан демі, үлкен артистігі қатты ұнайды. Өзі әнді сүйетін, жақсы орындайтын адам, әншінің қасиеттерін жоғары бағалайды. Ыбырайды өзінің өлеңіне қосады (оны кейінірек береміз). Тек «әттең!» — деп қалатын жер, екеуінің сол отырғандағы суреті болса!

Ыбырай бері үлкейіп келгеннің өзінде ән шығаруын қойған жоқ. Ол «Құрама» деген әнінде, дауысы бұрынғысындай болмаса да:

Әнім бұл салған «Құрама»,
Дауысым тозған шағында.
Салмасқа әнді бола ма,
Әлі де қуат барында.
Ән сал десең әлеумет,
Шашымның мына ағында.
Тарлан көк енді жорғалар,
Думан көрсе ағылып.
Домбырасын қолға алар,
Қалған екен сағынып.
Біраз шырқап көрейін,
Қалмаса үнім тарылып,—

деп, алдында отырған тыңдаушыларына кешірім сұрағандай, бір жағынан әлі де оған халықтың айттырғысы келгеніне қуанғандай көңіл білдіреді. «Құраманың» музыкасы баяғы «Алғак», «Арарайларға» ұсайды. Әрине, ол кездегідей от қайдан болсын, сонда да мезгіл-мезгіл қызып кеткенде ән өршеленіп сала береді.

Ыбырай үлкейіп, жасы келіп, құлақтың естуі кеміп, жүрек нашарлауға айналғанын сезіп, оның бәрінің сол кәріліктің келіп қалғанынан екенін біліп, өлеңіне қосады. Оның әні «Көкейкесті» атанады.

Кәрілік қатты соққан жынменен тең,
Көзім көрмес болғанда, құлағым кем.
Әулиесі бақсының қараса да,
Жүрегімді жазуға табылмас ем.
Бірді алдап көргенім жоқ,
Бірді қорғап,
Жігіттікті өткіздім ән-күй толғап.
Күрмеуіме қысқа жіп кейде келмей,
Ұшығына жібердім өлең жалғап,—

деп, өзінің жастық шағын қызықпен өткізгенін, кейде қол қысқалықтан ойдағысының бәрі бірдей болмай, ауқаты жетпеген жерде өлеңі, әнімен алдынан жол ашқанын айтады. Өзінің бұрынғыдай ел кезе алмай, үйде отырып қалғанын азалап:

Қызығың дүние өткен күн,
Кәрілік қуып жеткен күн.
Ұсталмаған асаудай,
Сырт айналып тепкен күн.
Қара бура қартайып,
Жар басына шөккен күн,—

деп, өмірбойы халықтың арасында жүрген әнші, от басында отырудың қиындығын суреттейді.

Ыбырай тек әнші ғана емес, суырып салма ақын. Ол өз өмірінде талайлармен айтысқан. Доскей, Есімбет ақындармен салысқан. Есімбетке Ыбырай өзін таныстырғанда кім екенін айтып өлеңдетеді:

Есеке, Арғын болсаң жақыныңмын,
Олжа алған осындайда батырыңмын.
Атығай, Қарауылдан шығып жүрген,
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын,—

дей келіп,

Өлеңге өлең сата келгенім жоқ,
Өзімде өлең десең он екі арба,—

деп бұл жағынан байлығын да айтып қояды. Атығай Қожақмет деген отыз кісімен Көкшөтауға құдалыққа кетіп бара жатып, жолда жас та болса Қыпшақ Құдайберген ақынды ала кетеді. Жолда бұлар бір ауылға түсіп отырғанында Ыбырай келіп қалады. Ол кезде Ыбырай елу шамасында екен. Ол осы үйде ақын отыр дегенді есітіп, сырттан өлеңдете келеді:

Есіктен кіріп келдім басып қадам,
Он үште сөз сөйлетті хақ тағалам.
Қызығың құтты болсын жиылған көп,
Ассалаумағаликүм бәрдім сөлөм.
Асқар тау, қиядағы бел деп келдім,
Тасыған дария, бұлақ көл деп келдім.
Көкшөтау дуанында атым Ыбырай,
Татуға зәмзәм суын шөлдеп келдім,—

дейді. Сонда бала жігіт Құдайберген тұрып:

Біз-дағы сәлем бердік, Ыбырай аға,
Мейірбан дидарыңыз көрдім жаңа.
Адамға бірқанибет дидарласбақ,
Қол беріп көріселік ақын дана,—

дегенде, Ыбырай оған қарап, бас-аяғын тегіс шолып:

Көкшетау дуанында атым Ыбырай,
Патшаға сөз сөйлеуші ем бір жиылмай.
Алдыма ешбір адам келмеп еді,
Шықты ма жер астынан мына сұмрай,—

дейді.

Құдайберген оған ашулана қоймай, сыпайы түрде:

Ыбеке, сұрасаңыз затым — Қыпшақ,
Арғы атам жұртқа мәлім Сейіт-Бұлғақ.
Бұлының тоқсан екі бұлбұлымын,
Сайрайды өлең десем тіл менен жақ,—

дейді. Бірақ екеуі одан әрі салғыласпай, айтыспай, жәй әңгімемен мәжіліс бітеді. Біреулердің айтуынша Ыбырай Құдайбергенмен айтысыпты, жеңісе алмапты дейді. Екіншілер Құдайберген жеңіп кетіпті дейді. Бізге бұл арада Ыбырайдың ақындығынан көрі әншілігі керек болды да, ол жағын әдебиетшілерге тастап, айтыстарының бәрін түптеп жатпадық.

Ыбырай қу тілді, мысқылшыл болған. Ол Маймақ деген ауылдасы жасында кедей болып, кейін орыс мектебінде оқып, тілмаш, бара-бара болыс болып, өзінің бұрынғы достарын танымай кетсе керек. Бір күні Ыбырайды да танымаған болып өтіп бара жатқанында, ол Маймақты тоқтатып, шаршы топтың алдына отырғызып қойып:

Бұқшантайдың баласы Маймақ едің,
Өлі жүнің түспеген тайлақ едің.
Әкеңді көрмесем де, естуім бар,
Арбақа жалғыз сиыр байлап едің.
Қызылжар қойың жаяу айдап едің,
Күйген нан қатырлатып шайнап едің.
Бұл күнде Маймақпын деп күпілдейсің,
Сол кезде Маймақ болсаң қайда едің?
Ақ майды осы кезде жей алмайсың,
Ұмытпа, жылында бір тоймап едің.

Бір қатынға беруге малың жетпей,
Отыз беске келгенше бойдақ едің.
Мен сені жамандайын дегенім жоқ,
Сен қаспәк, мен халқымның қаймағы едім,—

деп бастап, өзін әбден ажуалап, бұдан былай танытатын етеді. Сондықтан ол өреде Ыбырайдың сырын білетін адам оған тимейді. Болыс па, би ме, бай ма — оған қарамайды, қарсысына келсе улы тілін сұғып алады. Ол өле-өлгенше өнерін бір күнде тоқтатпаған адам.

Ыбырай 1932 жылы 72 жасында қайтыс болды. Оның артында көптеген әндері мен өлеңдері қалды. Ол 1921 жылы «Мың бір түн», «Тотының тарауы» сияқты өңгімелерді дастан етіп айтып жүрген. Оның «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа» деген өлеңін 1924 жылы Сәбит Мұқанов Ыбырайдың өз аузынан жазып алып, «Қызыл Қазақстан» журналының сол жылы шыққан 7—8 сандарында «Қазақ әдебиеті әм Ыбырай» атты көлемді мақаласының ішіне енгізді. 1925 жылы Ыбырай Үстемір деген баласын оқуға түсіремін деп Қызылжарға барып, онда өзінің «Қараңғы түн», «Өскең ел», «Партия саясаты», «Қазақ автономиясы», «Ленин бабам» деген өлеңдерін «Бостандық туы» газетіне берді. Ол өлеңдер келесі 1926 жылғы сол газеттің 26 санында жарияланды. Жоғарыда айтылған мақаласынан кейін Сәбит Мұқанов 1925 жылы сол «Бостандық туы» газетінің 25 июльде шыққан 28 санында «Қарауыл Ыбырай ақын» деген тағы бір мақала шығарды. Онда ол Ыбырайдың ақындығына үлкен баға берді. Ал Сәкен Сейфуллин өзінің «Көкшетау» поэмасында Ыбырайға кесек өлеңдерін бағыстады, әншілігін, ақындығын көтерді.

Әнші бар Көкшетауда талай ірі,
Ыбырай топ жарғанның о да бірі.
Қаңбақша қыз-бозбала қағып алып,
Жайылған талай әсем өн мен жыры.
Өзі ақын, өн шырқағыш, домбырашы,
Сауықтың жандуманы болған пірі.
Ақырып арыстандай өн салады.
Ыбырай жүйрік тәрлан өлі тірі.
Кең алқым, кең көмейлі, даусы керней,
Ақырмай өн салмайды, көкірек керней.
Астынан алты қырдың өстіледі,
Шырқаса екіленіп құлаш сермей.
Ән салса алқымы ісіп, құйқылжиды,
Бөйгі атша алып қашып, ырық бермей.
Айнала айдын көлге өстіледі.
Жаңғырып керней даусы, аспанға өрлей.

Әні бар «Гәкку» деген аңқылдаған,
Аққудай айдын көлде қаңқылдаған.
«Кідігай», «Қалдырған» мен «Маңмаңкерін»,
Ырғалтса көрней даусы саңқылдаған.
Туса егер өнерлі елдің бақтарына,
Білім ап жүрсе бәрі баптарына.

дейді. Ыбырайдың дауысын, оның орындаушылық дарынын, әндерінің бірегейлігін жақсы келтіреді. Ыбырайдың басқа әнші ағаларындай оқи алмай қалғанына күйінеді. Айтушылар біздің ғасырдың басында Петербургта оқып жүрген Шүбеков Мәмбеталы деген кісі Ыбырайдың әнін естігенде есі шығып, оны Петербургтың консерваториясына түсірмек ойы болады. Бірақ Ыбырайдың орысша білмеуі кесел болып, ойы орындалмай қалады. Шынында Ыбырайдың оқу талабы болған сияқты. Ол жөнінде А. Затаевич те «1000 әннің комментарийінде Ыбырайды «әлді кісілер Петербургға да алып, барыпты, музыкалық білім бергісі келіпті, бірақ ол болмай қалыпты» дейді. Бегишевтің айтуына сүйеніп. Әрине, Ыбырай оқығанда оның болашағы басқа болар еді. Ал, Ыбырайдың сол күйінде де оның музыкалық, ақындық беделі үлкен болды. Одан қазақ әдеті бойынша «бата алуға» да келеді екен. Белгілі ақын Тайжан бір өлеңінде:

Халқым сүйіп атымды қойған Тайжан,
Тайжанға риза болған Арғын-Найман.
Бұл жерде бір тиын да жұмысым жоқ,
Бата алғалы келіп ем Ыбырайдан,—

дейді. Бұған қарағанда Ыбырайдың шәкірттері көп болған болу керек. Ол әлі де зерттеуді тілейді.

Ыбырайдың әндері біздің заманда үлкен беделге ие болды. Оның «Гәккуі» «Қыз Жібек» операсында Жібектің негізгі ариясы. Тіпті Жібектің образын былай қойғанда халық «Гәккуді» есітсе, сол Жібектің образын бірінші рет сахнада жасаған біздің заманның ұлы актрисасы, әншісі Күләшті көз алдына келтіреді. Ал Күләштің аты аталған жерде «Гәкку» ауызға алынбай қоймайды. Тек, бір айта кететін нәрсе — «Қыз Жібекке» енген «Гәкку» қазақтың жалынды ақын, әншісі Иса Байзақовтан жазылған. Халық арасында айтылып жүрген «Гәккудің» вариантынан біраз өзгешелігі бар. Бірақ бәрінің де түбі бір екені байқалады. Исаның вариантында «Гәкку» бұрынғысынан жетіліп, толысып, байып, формалық жағы шыңдалып, үлкен творчестволық лабораториядан өткен сияқты. Біз бұл арада Иса


Ыбырайдан күшті болды, «Гәккүді» өңдеп, жақсартты дегіміз келмейді. Бірақ Исаның енгізген жаңалықтарын айтпауға тағы болмайды. Сондай-ақ Ыбырайдың «Арарайы» «Ер Тарғын» операсында Ақжүністің әні болып енді. Мұның бәрі де дарынды композитор, асқан әнші Ыбырайдың творчествосында заманның алдын ораған прогрессивтік тілі, демократиялық негізі болғандығын дәлелдейді. Ыбырайдың ән мирасы әлі тегіс жиналған жоқ. Сол сияқты өмірбаянында да картадағы ақтай қалған жерлері бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс. Ыбырай зерттелуде. Оның творчествосының не бір күңгірт болып келген жақтары әлі-ақ ашылады, көпшілікке жетеді.




ҚАЛДЫРҒАН

Ыбырай

Жігерлі .



ҚҰЛТУМА



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы. Сырдың бойы Ақмешітке (осы күнгі Қызылорда қаласы) жақын жерде Тайшық деген байға ас беріп жатыр. Ол маңайдағы Кішкене Шекті, Қыпшақ қалмастан жиналған десе де болады. Бір жыл бұрын айтқан сауын, сойыс мал келіп жатыр. Топталған шабатын аттар. Бір-қатар атсейістер көз тиеді деп, бәйгіге қосатын жүйріктерін көрсетпей, түйе жабуын жауып, ауылдан аулақ жерде қыдыртып жүр. Әлі де қызуы бар жас ат иесілер мақтану үшін ауылдың сыртында көлбеңдетіп жүр. Балуанның шеті сонау Хиуадан келіпті деген лақап өпсәтте тарады. Қызыл топырағы желмен аспанға шыққан Сырдың сырын білетіндер ас өткізілетін үйді ол айналаның көптеген көк шалғынының біріне қаз-қатар өтіп тіккен.

Сәрсембінің сәтіне тұс-тұстан халық шұбап келе бастады. 40—50 киіз үйдің іші қапелімде толып, жастар жағы ашық аспан астында отырып қалды. Әдеттегідей қазақ жұмыстың бәрін тамақтан бастайтыны — жігіттер табақ тасуға айналды. Түтіні бұдақтаған ошақтардың бастарында жарлы-жақыбайдың әйелдері тұзын қараған болып, сорпаны ұрттап ішіп жатыр. Асбазшы ұзын таяқты бақырауық шал «байдың асын байғұс қызғанады» деп, әлгі қатындардың мұрнынан боғы аққан, үстерінде лыпасы жоқ, көпшілігі жалаңаш балаларына бүйрек-сирақ, шек-қарыннан лақтырайын десе айқайлап тұрып алады. Оның таяғының асты-үстінен сырғып өткен балалар топырақпен араластырып, шешелері лақтырған өт кесектерін, толарсақ, ондай-мұндайларды ауыздарына салып, «құдай қазғаннан» құлатып жатыр. Өйткені, кедәйлер айында бір қызыл көрмейді, өздерінде соятын мал болмайды. Байлар себепсіз мал соймайды. Ал, мынадай аста олар не де болса бір тойып қалады.

Ет жеп, бірінен бірі кезек алып, қолдарының атамзаманнан бері жуылмаған кірлерімен бірге тұздықты жағалатып ішкен үлкендер, күн тәртібінің негізгі мәселесі біткендей, көңілденіп, молдаекендер болса қарны тойғансын әуәлай-сәллазиді қойып, тура тәбәріктен жіберіп жатыр. Аят аяқталғанда «Атшабар!» деген айқайлар одан-бұдан шыға бастады. Баяғы әр жерде топталып жүрген аттар енді бір жерге жиналып, ат айдаушы да өзінің орнын алып, ал деп белгілеген жерге қарай шаңдатып жүздеген ат көтті. Балуан түсті. Жұрт бірнеше тайпаға бөлініп, әрқайсысы өздерінің ата-бабаларының аттарын айтып айқайлап, қазақтың ежелгі ру жігі де анықталып жатты. Күрестің қызығы аяқтала бергенде аттар да келді. Жанды-жақты адамдар аттарының жолдарын тосып, біреуі шылбырынан, біреуі құйрығынан тартып, көтермелеп, оздыру талабында, оның ішінде шаршап-талған аттардың өліп кетіп жатқандары да бар. Аты озғандар атағына мәз, «атымды атап, сыбағамды итке сал» дегендей бәйгені ауылдың ақсақалдары бөлісіп алып жатыр.

Күн кештете жұрт үйге кірді. Ендігі қызық ән, өлең, жыр. Жан-жақтан келген сөздің жүйріктері енді шабады. Осы жүйріктердің ішінде сонау арқадан келген ақын Құлтума бар. Ол өзінің бір өлеңінде:

Жаратқан бәрімізді жалғыз жаббар,
Өлімнен бұғалыққа бірсіз кәббар.
Доңыз өтіп кеткен соң келер жылы,
Дәм айдап Ақмешітке шектім сапар.

Атым кеткен ұзын ел иығына,
Даңқым шықты қысқа елдің қиырына.
Қоңыр салқын күземде барып өдім,
Кез келіппін Тайшықтың жиынына.

Алхам, сүре құранның басы болды,
Иманды құл алланың досы болды.
Жеті дуан жиналған үлкен жиылыс,
Ат шаптырған Тайшықтың асы болды,—

дейді. Құлтума Сейілдің Байқадамының үйінде домбырасын баптап, құлақ күйін түсіріп, арқа әншілерінің әдетінше шырқатып бір айқайлап, даусының күйін біліп, әзірге шешіле қоймай, өзінің халық арасында «Соқпай-соқпа» атанып кеткен әнінің кіріспесін домбырада сызылтып қана тартып отырды. Аздан соң шекті қағып-қағып жіберіп әсем әнді бастап кетті. Дауыстың орта регистрінде басталатын бұл ән аса бір сазды, жүрегі салған жерден шық ете қалады. Әнші орта

дауыста бірқатар уақыт сызылтып отырды да, өрмелеп жоғары шыға бастады. Онда да айқайламай, сағыздай созып, баптап, дыбыстан не бір қошқар мүйіздер жасап, айналып кейін қайтты.

Мінезі жүйрік аттың соқпай-соқпа,
Айтамын мен өлеңді осынау топқа.
Сөйлеп қал қызыл тілім өлмей тұрып,
Өмірің бір азырақ бар ма, жоқ па,—

деп әнші-жыршылардың әр кезде де өмірді мадақтайтынына, молдалар қаншама барлық қызық о дүниеде десе де, «мың күн жұмақтан бір күн тіршілік» деген философияны қуаттайтынына басты. Отырған жұрт Арғынның әншісін үлкен ынтамен тыңдады. Үйдегілер былай тұрсын, Құлтуманың дауысын есіткен басқа үйлерде отырғандар жабырлап далаға шығып, сырттан тыңдап тұрды.

Осы кезде Найманның ақыны Ырыспай келе жатыр деген шу шықты. Әсем киінген ақын, қолындағы домбырасын қағып, үйге:

Ырыспай ілкі сөзге болдым шешен,
Бастаған бозбаланы мен бір көсем,—

деп, өлеңдете кірді. Әдеттегідей екі ақын бірін бірі сөзбен түйреп, байқасып, кейін өлеңмен жөн сұрасып, Арғын — Найманның жақсы-жаман жақтарын айтып кетті. Әңгіменің бірқатар белесіне жеткенде Байқадам оларды тоқтатып, Құлтуманың тек төкпе ақын емес, қатарынан озған әнші екенін біліп, оған біраз Арқаның әндерін айтқызды. Ас тарағансын Құлтуманы Доспол би үйіне шақырып, балашағаның у-шуынан аулақ жерде оның өнер есіткісі кәліп, бөлек үй тіктірді. Бір өлеңінде Құлтума:

Мен барып қонақ болдым Доспол биге,
Сый қылып құрметтеді күнде-күнде.
Арғыннан бұл бір келген жүйрік қой деп,
Оқаша отырғызды ақбоз үйге,—

дейді. Құлтума Сыр бойында біраз жүріп қалады. Оны бәрі де үйлеріне шақырады. Өлеңін, өнін жырын тыңдайды. Ақын да шалқиды.

Сөйлеп жүрген біздерде тіл мен таңдай,
Қайтпай жүрген өшкімнен шіркін маңдай.
Іздегенім алдымнан табылған соң,
Артымда жұмысым жоқ асыққандай,—

деп, ән сапарына шыққанда асықпайтынын білдіреді. Осы жүрісінде Сырдың талай дастандарын, жаңа әндерін Арқаға арқалап қайтады.

~~Құлтума~~ бұрынғы Атбасар уезі, Қорғалжын көліне жақын Жартөбе деген жерде 1860-жылдар шамасында туады. Әкесі Сармұрат кедей адам болады. Құлтуманың руы Алтай, оның ішінде Саратты, Жайлауы — Айыртау, Шұбаркөл. Сармұрат Аққошқар Сайдалының малын бағып, отын жаққан адам. Сармұраттан: Құлтума, Қатпа, Тоқа деген үш ұл болады (кейбір деректерде Тоқаны Құлтуманың немере інісі дейді). Қатпа жәй шаруа, басқа өнер құмайды. Тоқа балуан және атсейіс болады. Осы екі жағынан кейін аты шығады. Құлтума жасынан өлең-жырға, домбыраға, әнге икем болады. Өзінің еңсесін байдың жұмысы басса да, Сармұрат кішкене Құлтуманың талабын қайтармайды. Театры, киносы, радиосы, кітабы жоқ сардалада, малдан басқа қызығы жоқ болып отырған байдың оқшау жүрген ауылында Құлтуманың өнері басында кедей ұлының әулекілігі болып көрінгенмен, кейін айналаның назарын аударады. «Сармұраттың осы бір жаман немесінің талағында бір нәрсе бар-ау» деген әңгімелер көбейді. Кешкі тұрым алтыбақан тепкен, ақсүйек ойнаған жастар Құлтуманың безілдеген дауысын есіткенде ойынның бәрі жайына қалады. Той-топыр, шілдеқана болса, ол арада Құлтума болады. Жасынан ұқыпты бір айтқан әнді, өлеңді қағып алатын зирек жас, бері келе үлкен-үлкен дастандарды, қиссаларды көзді ашып-жұмғанша жаттап алады. Оның үстіне Біржанның, Ақанның әншілік, салдық, серілік дәстүрі жайылған жерде, өнер адамының салмағы малдыдан кем түспей, жәй халық көзінде аузы қисық байдың ұлының сөзінен әсерлі ақынның сөзі мен әсем әннің орындаушысының бағасы жоғары болады. Құлтуманың аты баста ауыл айналасына жайылып, кейін сол өренің белгілі ақын-әншісі деген атқа ие болады. Әкесінің ұлықсатымен Құлтума жасы 15—16 ға келгенде ел аралап кетеді.

Басында Құлтума өзінің есіткен әндерін орындайды. Келе-келе өз жанынан ән шығару талабында болады. Тәжірибесі аз жас әнші ел аралап жүріп бір үйге келеді. Ол үйдің иесі сараң болса керек. Жөнді қонақасы бермейді. Құлтума ертеңінде сол үйдің жанында желкек қазып, ермек етіп отырғанда үй иесі келіп, «не қып отырсың?» деп сұрайды. Құлтума: «Үйге барғансын айтамын» деп жүрер алдында домбырасын алып:

Түбінен тобылғының алдым желкек,
Жамандарды жақсылар қылар тәлкек.
Қолына ұстағаннан айрылмайды,
Япырмау, бұл не деген сараң еркек,—

деп, өлең шығарады. Басында ән дауыстың қоңырлататын жерінде бір-екі дыбыстың айналасында ғана жүреді де, кейін біріндеп көтеріліп. «Япырмау...» дегеннен бастап құйқылжып, өрнектеліп, ойнақы түрде бітеді. Көлем жағынан ән аса үлкен емес, бірақ эмоционалдық нәтижесі бай. Басы Жаяудың кейбір әндеріне аздап меңзейді де, кейін Құлтуманың өзіне тән ойнақты, өрнекті аяқ буынға көшіп кетеді. Үй иелері қонағының Құлтума екенін енді сезіп, ұялады. Әнші болса өзінің бағыт алған жағына қарай, атына мініп тартып береді. Ел ішінде бұл «Жәлкек» деген атпен тарайды.

Құлтума бері келе өзі сияқты ақын, әншілермен танысады. Сол арадағы белгілі әнші-ақындар Шөжемен, Орынбаймен танысады. Олар Құлтуманы сынайын деп айтысқа шақырады. Бірақ Құлтума ешкімнен кем түспейді. Суырыпсалма ақын, дарынды әнші, екібірдей қабілет бір басына сиғансын, қадірі күн санап елге аса береді. Бір сапарында мырза болып аты шыққан бір үйге келіп, әдетше жәйбарақаттанып шешіне бастайды. Үй иелері қазақ салты бойынша ешнәрсе дей алмай, мақұлдаған болады. Құлтума домбырасын алып төрдің қақ алдына сүйеп жатқанда үйдің иесі тұрып: «Мына қарадөңбек басымызға шыға ма?» десе керек. Сонда Құлтума домбырасын алып, сүртіп, тиегін орнына қойып, бір айқайлап алып:

Алдыма өңгергенім қара дөңбек,
Дәулетіңе Сіздердің болдық еңбек.
Жеті атаң Жетімберген мырза еді деп,
Алдыңа ән шырқауға біз де келдік,—

дей бергенде, арғы жағын айтқызбай, бәйбіше тұрып: «Е, бұл өзімнің немере қайным екен ғой, оның домбырасы шаңырағымға шықса да көтеремін, самаурынды қой» деп бағанадан бері аузының суы құрып, ән тыңдап тұрған қызына бұйырады. Үй иесі бәйбішенің сөзінен кейін қонақасының басқа жөнін қарастыруға шығып кетеді. Құлтума шәйдің дайындалуын күтпей, түсінетін кісісі кездескенсін, өлгі сияқты дөкір еркекке кездескен ақылды бәйбішеге риза болып кетіп, бастағы әннің әуенімен, шырқай, жалғастырып кетеді:

Дауысым ал дегенде бір саңқылдар,
Жел болса қатпа түйе үйге аңқылдар.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Алдыңнан аққу ұшып, қаз қаңқылдар,—

деп әннің аяғында төменгі дауыс регистріне түсіп, қоңырлатып, баяулатып, бір көтеріліп, бір басылып, тағы майдалап, өркелетіп, көзім бәйбішеге төңкеріп барып бітіреді. Мәні жағынан тура келмесе де,

өлеңнің бірінші жолының аяқ сөзі бойынша бұл ән «Дөңбек» атанып кетеді.

Құлтума Кереку жаққа барған бір сапарында түскен үйінде бір сұлу қыз болады. Түні бойы жырлаған ақынның дауысы қыздың жүрегінен үлкен орын алады. Ертеңінде Құлтума тағы қонады. Жырмен қатар әсем әндерін орындайды. Бір оңаша қалғанда Құлтума Дәме қызбен тілдеседі. Көңілдері жарасады. Бірақ Дәме берулі болады. Қыздың айтуынша күйеуі көңіл толарлық адам емес, өнерсіз, жәй малмен ғана аты шығып жүрген байдың ұлы. Бірақ басқа амалы жоқ, соған баруы керек. Бұлардың бұлай сөйлесіп қалғанын тыңдап тұрған біреу қыздың шешесіне жеткізеді. Ол енді қонақтың аттануын мақұлдағандай белгі бергенсін Құлтума жолға дайындалады. Бірақ кетерде домбырасын алып:

Бетінде ақ Дәменің бар-ды меңі,
Дарияның жарқырайды аққан сеңі.
Не болса соны айтады қазақ шіркін,
Әркімнің беп-белгілі ойнар теңі,—

деп ән бастап кетеді. Ән қажырлы, екпінді, жүрдек, бір нәрсені қатуланып айтқандай, өлеңнің алдыңғы үш жолында тынымсыз жүреді. Тек аяқ жолдың ортасында, «Айтарымды айттым» дегендей, тынышталып, баяғы кербездікке басып, неше алуан тәтті үндерден тоқыған кесте арқылы аяқталады. Бұл ән ел арасында «Пау-ой!» деген атпен тараған. Ақ Дәмемен бұдан кейін Құлтума кездесе алмайды. Өзінің айналасынан әкесінің меңзеген бір қызды алады. Үйленіп біраз уақыт елде болып, одан кейін тағы да ел аралауға шығып кетеді.

Құлтума Қызылжар жақта жүргенінде үлкен бір таластың үстінен шығады. Ол болыстыққа таласқан мәжіліс екен. Сонда біраз болып, жырын төгіп, әнін салып, жиылған халықтың көңлін көтереді. Мәжілістің аяғында арқа сүйер, жанашыр жақыны жоқ, тек малына семірген бір жігіт белшесінен бата шығынданып, ақыры көп атаның ұлынан шыққан біреу жеңіп кетеді. Сонда Құлтума:

Қарабұлт күн жауады торлаған соң,
Ағайының жан тимес қорлаған соң.
Қалың дауға белсеніп түсіп кетпе,
Жанашырың қасыңда болмаған соң,—

деп, ақыл өлең айтады. Ән құлаш, құрылыс жағынан Біржанға еліктейді. Біржанның «Жанботасындай» деп түсінбеу керек. Бірақ әннің өсуі, дамуы қайырмасының әсерлілігі, еркінді билеп алатын күші

сол үлкен ағаларының үлгісінде. Болыстыққа таласқан жігіт біздіңше тек себеп болу керек те, сол сәтте Құлтуманың ойындағы бір кезең қозғалып кетіп, өнер қуған адам көзіне, Абай айтқандай: «Орынсыз бекер мал шашу» ағайын-араздық тұрпайы көрінген болу керек. Ән жеке бастың үні емес, үлкен әлеуметтік протест сияқты болып шығады. Неге екені белгісіз, бұл ән ел арасында «Демальк» деген атпен жайылған. Бірқатар жер, ел көрген ақын дала өмірінде уақытты босқа өткізу, өнер қуудың орнына өңгіме дау, қууды бос өткен күндер деп есептеді.

Көлге айдаған жылқының тозаңындай,
Өтіп дәурен барады басымыздан,—

дейді осы әннің бір сөзінде. Жасынан әкесінің ауыр еңбегін көрген Құлтума, қыруар, малдың босқа жұмсалыуына, сан адамның сарылып бос даумен жүруіне риза болмайды. Бірақ ондай істер мен күресудің жолын да білмейді. Шындыққа тек сезімі арқылы, суреткерге тән, жүрегі арқылы келеді.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Құлтума Орынбор, Тройск, Ақтөбе жақтарына барады. Сол жақта жүргенде «Жамар, Шамшид» деген әннің шығарады. Әннің қандай жағдайда шыққаны белгісіз. Музыкалық жағынан бұл піскен, жетіскен шығарма.

Орынбор, Тройск үлкен базар,
Көңілім қапаланған қайтып тынар.
Қырық жылқы, он бес түйе қалыңмалың,
Есебін ержігіттің өзі-ақ табар,—

деген өлеңмен бастап айтылады. Біреулердің айтуынша Жамар-Шамшид бірге туған екі қыздың аты. Біреулер қыз бейбіт жігіт аттары дейді. Қалай болғанда да әннің шығу тарихы біз үшін күңгірт жатыр.

Айтушылар Құлтума Аққошқар Сайдалының асында тоғыз ақынмен айтысып, бәрін де жеңіп шығыпты дейді. Сонда Найман Есембақты Керейдің бірі алып барған он сегіз жасар Намаз ақын Құлтуманы айтысып жеңіп бөремін дейді. Намаз отырған үйге Құлтуманы шақырады. Ол келгенде бәрі де тұрып амандасып, жас Намаз қолын бәрмейді. Бірдемені сөзген Құлтума Намазды: «Мынау қай нәме?» — деп шынтағымен қағып жіберіп:

Мұрнымнан лебіз бұрқыра,
Қаламдай біткен он саусақ,
Дөңгеленген он тырнақ,
Сом алтындай жылтылда.

Қиылып біткен екі қас,
Көз алдында бұлтылда.
Өр Алтайдан мен шыққан,
Атақты жүйрік Құлтума.
Өзге ақындай сен көрме.
Аяғың, ақсап қалмасын,
Балам, маған ұмтылма! —

дейді. Намаз тұрып қолын беріп, кешірім сұрап, Құлтумамен айтыспайтынын айтады. Намазды дайындағандар да ұялысып қалады. Құлтума ақындық жағынан да алдына қара салмаған жүйрік болыпты деседі. Құлтуманың айта қаларлықтай әнінің бірі халық арасында «Тау қиялап» деген атпен тараған ән. Ол әнді құлтума бір қызға арнаса керек. Біреулердің айтуынша баяғы Дәме қыз. Дәмені есінен кетіре алмай жүріп, бір күні оның еліне баратын бір жолдасынан хат жібереді. Дәмедей сұлуға хат жібергеніне көтеріліп, оны өлеңге қосады. Көңлі шалқып, шырқаған әнге қосады.

Саладан құсым салдым тау қиялап,
Жас кезде әрбір істен еттім талап.
Бергенім сәлемдеме ала қағаз,
Ішіңнен оқы қалқам құпиялап,—

деп бастайды. Ән аса көңілді, екпінді, тіпті Құлтума Дәменің қасында тұрып, оның тал-бойын құшып мәз болып тұрғандай. Әлде әннің аруақтысы Дәмені көз алдына келтіріп, сүйгенімен қосылатын бір күнгей кезеңдерді көз алдына елестетті ме екен дейсің. Осы кездегі адамның қиялын, арманын киноның не театрдың сахна суретімен беретіндей техника жоқ кезде Құлтумадай суреткер дыбыс дүниесімен көз алдына Дәменің образын келтіріп, көңілін бір серпіп тастаған сияқты.

Құлтуманың әндерінің ішіндегі бір кульминациялық биігі, шыңы, «Үш көтерме». Салған жерден кереқар интервалға шапшып басталуына қарағанда онда Мәдидің құлашы бардай. Өнде үлкен рухани күш бар. Онда лирикамен қатар бір драмалық элемент те бар сияқты. Өрлеп басталған күш көпке дейін әлсіремейді. Қайта үдей түседі. Сөзі әннің кейпің бермейді, қазақтың ауызша дәстүрлік жағдайында кездесе беретін кірме сөз болу керек. Ән Құлтуманың творчестволық пісіп жеткен кезінде, бір өзін қатты қобалжитқан жайда шыққан болу керек. Бұған ел аузында бұл әнге тіркел айтып жүрген: «Тұсынан терезенің тырс-тырс қаққан» деп басталатын сөзінен көрі:

Сұрасаң менің атым Құлтума-ды,
Момыннан Құлтумадай ұл тумады.

Қолға алып дөмбыраны шырқағанда,
Қосжақтап шіркін көмей бұлтылдады,—

дейтін, әншінің өзі салған автопортретіндей, оның асқақ ойын, асқан талантын, асқардай дауысын, асқақ үнін, өмірде анау-мынауға имейтін алтын басын бір шумақ өлеңмен беріп тұрған сезі лайық келеді. Құрманғазы, Біржан сияқты өмірде қанша қорлық көрсе де өз орындарын сезіп кеткен жандардың бірі осы Құлтума. Оның «Үш көтермесі» — өзінің асқақ суреті, әнінің музыкасы осы бір сөздерімен қабысып-ақ жатыр. Өйткені мына ән басқа сөзге «сыймайды» да, ал мына сөз басқа әнмен үйлесіп «өмір сүре алмайды». «Үш көтерме» — Құлтуманың творчестволық квинтэссенциясы¹ десек қате болмайды. Ол үшін қолға ұстата салатын архивтік не кітаптан алған деректеріміз жоқ болғанмен, мұндайда ең әділ қазы музыка бар. «Үш көтерменің» музыкасы ғасырдың куәсі болуға, Құлтуманың өзі жоқ болса да, көзі болып, жоғын жоқтауға жарайды. Әрине, өмірінің қай кезеңінде қай әнінің шығарылғанын білмесек те әндердің дамуына қарай шығу кезектерін әңгіме етуге болады.

Құлтуманың бұл айтқандардан басқа да әндері көп. «Шайқалма», «Құла атым» деген әндерінің ноталары бар. Құлтуманың әндерінің кең жайылуына біздің заманның музыка қайраткерлері үлкен еңбек етті.

Құлтума 1915 жылғы заңонысында қайтыс болады. Өзінен бала қалмаса керек. Құлтуманың әндерінің негізгі көпшілігін бізге орындап беріп, нотаға түсірткен белгілі әнші Қосымжан Бабақов, Құлтуманың әндері біздің заманның музыкалық құрылысынан өзінің ардақты орнын алып жатыр. «Абай» операсында осы жолдардың авторы мен Л. Хамиди Құлтуманың «Үш көтерме» әнін Абайдың бірінші актыдағы «Қай талқы құл алдына құрылмаған» деп басталатын ариясының тақырыбы етіп және «Тау қиялап» әнін үшінші актыда хордың тақырыбы етіп алды. Ол қырағы суреткердің творчествосында халық үнін үндеген, демократиялық түйінде шығарған туындыларының көп болғанын, басым болғанын суреттейді.

Құлтума жайлы біздің қолымызда өмірбаяндық дерек тіпті аз. Алайда барын көпшіліктің алдына салуды мақұл көрдік.

¹ Түптілі.



СОҚБАЙ СОҚ

Құлтума

Сазды етіп.



Мі не-зі жүй-рік ат-тың,



соқ-бай-соқ ба, Ай-та-мын



мен ө-лең-ді ос нау топ қа



Сөй леп қал қы-зыл ті-лім



өл мей тұ рып, ө мі-рің



бір аз-ға на бар ма жоқ па.



А — — — — —



бар ма жоқ па

САРЫ



Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы, Жармоланың (Ырғыз) түрмесі. Ұзын бойлы, қапсағайлау келген, ірі мұрынды, атжақты, аяғында биік өкше былғары етігі бар жігіт белбеуін домбыра етіп қаққан болып камераны басына көтеріп, шырқатып отыр.

Баласы мен Батақтың атым Сары,
Құрысын мендей болса жұрттың бәрі.
Он екі ай абақтыда жатқанымда,
Қара шай бір қайнатым болды дәрі.

Баласы мен Батақтың атым батыр,
Шайнаймын қара нанды қатыр-қатыр,
Жарым ай Жармолада жатқанымда,
Тұсыма өкі келді гүбірнатыр.

Баласы мен Батақтың атым батыр,
Ішінде қараңғы үйдің бұ да жатыр.
«Баспақшы басқа түссе» деген сөз ғой,
Төсексіз қу тақтайға жаттық ақыр.

Сәлем айт барғандарың Жәмек биге,
Байлаулы жатыр Сары қараңғы үйде.
Біздің үй жалғыз ауыл қалды дейді,
Көшіріп ала көрсін Шеңгел шиге,—

деп, өннің аяғында мұңайып, біраз терең ойға кеткендей, үндемей отырып өзі айтқан қу тақтайға қисая кетті. Сарының дауысын есіткен

басқа тұтқындар: «Ой, сабаз-ай!» деп, төмен қарап, бастарын изесіп отырды. Ал, түрменің қарауылшылары болса, олар айқайлап, балағаттап, неше түрлі жан түршігерлік жаман сөздерді құсып, «Көрсетермін, саған, тағы да!» — деп ақырып жүр. Ондай «іріген ауыздан шыққан шіріген сөздердің» не сұмпайын есітіп, құлағы үйреніп қалған Сары: «Әттең, сендердің біреуіңді анау Есеншағыл, Шөлшағылдың құмында да құдай кездестірмейді-ау, даусыңның қалай шыққанын сонда көрер едім» деп ішінен ызаланып қойды.

Сары 1863 жылдар шамасында осы кездегі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Жетей-Ебестің тұсындағы Талдықұм деген жерде туды. Руы — Кіші жүз ішінде Тілеу, оның ішінде Алтон. Әкесі Батақ өз шаруасы өзіне жеткілікті адам болып, балаларының қандай бағытта болса да, талаптарына қарсы болмай, болғанынша жағдай жасады. Батақтың үлкен әкесі Достан Көтібар, Арыстанмен бірігіп, Кіші жүзден үш мың кісі қол ертіп, Исатайдың көтерілісіне жәрдем берген кісі.

Батақтан бес бала туады. Оның үлкені — Жолбарыс пысық, ел арасында еті тірілігімен аты шығады. Одан кішісі — Мұхаметияр асқан ақын, суырып салма ақын халыққа сол өнерімен қадірлі болады. Одан кейінгі Тілеулі дегені би, сөзді үнемі тақбақтап, мақалдап айтады. Қайда дау, талас болса, сол арада Тілеулі жүреді. Ал Жәңкен дегені қарапайым шаруа, малдан басқа ешбір өнермен шұғылданбайды, әкесі Батаққа тартқан, жуас-қоңыр дейді.

Ең кенжесі Сары жасынан ала-бөле көзге түседі. Өзі көркем денесі әлпетті, алғыр, зейінді әңгіме айтқан кісіден көзін алмай кейін соның айтқанының бәрін бұлжытпастан айтып береді. Дауысы аса күшті, біртүрлі зардың үні бардай ән салса безілдетіп жібереді. Біреулер, үлкен шешесі Сарының әнін тыңдағанда аздан соң құлағын басып: «Қарағым, қойшы, үнің қандай зарлы еді, нағашыңа тартпағай едің» дейді екен. Өйткені нағашылары өнерлі адамдар болып, өмірінде айналадан көп қорлық көрген адамдар болса керек. Сарының өскен ортасы басқа қазақтың мал баққан аулындай тек құйрық пен мүйіз санап өткендер емес, өнердің де базары болды. Аталары Мөңке би өз заманында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған. Кердері Әбәбәкір сияқты Мөңкенің жаңа заманның бірқатар көріністеріне «бәленің басы» деп қарауы да болған. Бірақ Мөңкеден басталған тапқыр сөз дәстүрі ол өреде үлкен орын алды. Алтон-Қызайда аты әйгілі әнші, жыршы, домбырашы, ақындар көп болды. Міне, соның әсерімен Сары да ерте сілкінді. Жоғарыда айтылғандай, Сары бала кезінде-ақ асқан музыкалық қабілетімен «әнші бала» атанды. Аталарының атын атай алмайтын келіншектер осылай ат қойса, ауылдың шалдары «Жас пері» деп атады. Сары жігіт бола бергенде, ол арада үлкен қоғам-

дық толқулар болды. Болыс, ауылнайлар елге қаталдықты күшейтіп, өділсіздік молайды. Бірен-саран шындықты айтамын деген адамдар ағаш оққа байланды. Сары сияқты жасынан өнерге өңменін созған талаптыны ел арасындағы итіс-тартыс ру дауына араластырғысы келді. Оған көнбеген Сары ол заманның түсініксіз адамы болды. Бара-бара оның би, болыстардың қылықтарын әшкерелеген өлеңдері ақ патшаның жауының ісі болып көрінді. Оқу оқып, көзі ашылмаса да, ақылымен ақ-қараны айыра бастаған ойлы жігіт Сарыға қазақтың қызды мал орнына сатуы да оғаш болып көрінді. Бұл сияқты атаның салған «ақжолына» қарсы шығу Сарыны қаралайтын статьяларды толықтыра берді. Әсіресе Сарының соңғы кездегі бір ісі оның өмір-бойына соңынан қалмайтын бәленің басы болды.

Күздің бір ұзақ түнінде, үстінде қақпа шекпені бар, ұзын бойлы бір жігіт ойпат-ойпат жерлермен құлан текірекке салып бара жатты... Сол жүрістен тынбай отырып, ел тегіс жатты-ау деген мезгілде Көкжидеге дөңгелей қонған бір ауылдың ту сыртына жақындап келіп, аттан түсе қалды. Бір апанға атын буып тастады да, тымағын ердің қасына іліп, бұзау тіс он алты өрме қамшысын екі бүктеп ұстап, ауылдың қақ ортасындағы сегіз қанат ақ-үйдің жанына жақындап келіп, біраз тың-тыңдап тұрды да, жата қалып, іргеден қолын салып жіберді.

Көзді ашып-жұмғанша болмай есік ашылып, жігіт үйге ептеп басып еніп кетті. Қораның ортасында әр жерде бұғып отырған он шақты адам, бөкшеңдесіп, біріне бірі жақындап келіп, күбірлесті. Бұлардың ішіндегі Көшкімбай дегені:

— Ал, сендер менің соңыма еріңдер, жайды білесіңдер ғой, осы сапар ұстатпай кетсе, қолға қайтып түспейді. Менімен бірге бассалыңдар да, бірден қолын ұстаңдар, бірдемесі болып, жазым қылып жүрмесін, оның мінезін білесіңдер,— деп бұйрық берген болды.

— Қап бәлем, неше қолға түспейтін болсаң да, тап бүгін еңсеңе бір мінермін-ау,— деп, Көшкімбайдың өзі мықтымсып, соққысын сүйреп, қанжарын бөліне қыстырып- бір түйенің жазысынын тасасында жата берді. Бұл кезде үркер төбеден ауып, ай да туып, күздікүнгі көшпелі бұлт кейде айды тасалап, кейде жыртылған жерінен ай жарығын жіберіп тұрды.

Шәй ішімдей уақыт өткенде ақүйдің есігі сықырлап ашылуға айналғандай болды. Көшкімбайдың жүрегі дүрсілдей, біресе қуанып дөнөсіне қорқу кіріп, тұлабойы дірілдеп аяз қысқандай тістері бір-біріне тиіп сақылдап, қалай тап берудің ретін өлі де тастай өтіп жасай алмай жатты. Соның арасында есік ашылды да, ақбозүйден асыға басып бір жігіт далаға шықты. Жігіт алға қарай екі-үш қадам басқан кезде баяғыдан аңдып жатқан Көшкімбай, қолындағы сойылыммен «тастөбе осы ғой» деп салып жіберді. Сойыл басқа тимей- сәл ең-

кейіп бара жатқан жігіттің солжақ жауырнына тиді. Көшкімбай сияқтының қолын бит шаққандай кермейтін жігіт, оң жағына қарай кілт бұрылып қаша берді. Осы кезде Көшкімбайдың жігіттері оның алдынан өре түрекеліп, алдын кес-кестеді. Жігіт артына қарай шегініп еді, Көшкімбай түб етектен алып тоқтатпақшы болды. Басқалары жақындап келіп үлгірмей, жігіт бөліндегі тапаншасын алды да, Көшкімбайдың басынан асыра атып жіберді. Көшкімбай мылтық даусымен құлай кетті. Басқалары да мылтық даусынан шошынып, быт-шыт болып- әр қайсысы әр жаққа қаша жөнелді. Ауыл оянып, «аттандап» айқай-қиқу болып жатқанда, жігіт жүгіре басып атына барып мініп алды да, тар жерде иесіне жол ашқан тапаншасының аузына бір үрлеп беліне қыстыра салып, үйреншікті жыра-жықпылмен, айдың астын ала жүріп кетті. Ежелден қорқу, сасу дегенді білмейтін ер жігіт, астындағы атына сенді ме, өзіне сенді ме, дауыс естім жер ұзап болмай көңлі жаңа тынғандай, жаны бір рахатқа батқандай, тамақты бір кенеп қойып:

Баласы мен Батақтың атам Достан,
Достанға бата алмаған ешбір дұшпан.
Тапсырдым жолыққанша бір құдайға,
Хош, сау бол, жолыққанша жаным Қосан,—

деп әңдетті. Сарының дауысы түнгі даланы жаңғыртып, айналадағы елдің, қой күзеткен қойшының, ақсүйек ойнап, алтыбақан тепкен қыз-бозбаланың құлақтарына жетті. Өлгі ауылдың адамдары Сарының даусына құлақтарын тосып:

— О сабаз-ай! — десті. Бірқатары сүйретіліп тұрып жатқан Көшкімбайды көріп:

— Өзің де осы керек, еріккен болыс, билердің айтақтағанына еріп тапқан олжаң ғой, өліп кетсең олар сенің құныңды да жоқтамайды, сорлы, өлмегенің аброй болған, шынында да еңіреген ер екенсің, оқ дарымай, таңқ еткен дауысқа жалп ете қалған,— деп, ажулап, өткен оқиғаға аса таңдана қоймай, қайта ұзап бара жатқан әнге әлі де құлақтарын тосып, бастарын шайқаумен болды.

Аттандағанмен атқа мініп, жігіт қууға шыққан ешкім жоқ. Бірен-саран Сарының сырын білмейтін желөкпе жастардың қызып қал-шылдағанын көріп, ақсақалды бір адам:

— Шырақтарым, әуре болмаңдар, енді ол сендерге қарасын да көрсетпейді, жете қойған күнде де таяқ жейсіңдер, істің артың тосалық, таң атсын— деп жиналып қалған топты таратты.

Ауылды улыған-шулығын қып, іргесінен келіп Сарының қол салған үйі Қарабас Сидақтың үйі еді. Жолығып шыққаны Сидақтың үлкен қызы Қосан. Ол Төртқара руының бір белдісіне жасынан айтты-

рулы болатын. Көшкімбай болса, ол Сарының ағайындары Мырзағұл, Шыманның қайрап салғанына көтеріліп, «Сарыны не тірі ұстап беремін не өлтіремін» деп, екі білегін сыбанып, соңына өзі сияқты әпер бақандарды ертіп, Сарының келетін күнін аңдып жүрген қолшоқпар еді. Басына өлім таяғы ойнаған кезде «қақауызбен» алдынан жол ашқан Сарының ешкімге зиян қылмай кетсе де, өмірбойы үзілмей пәленің жабылу алды осы еді. Ал, Сары болса ол қашқын да емес, бұзақы да емес, өзінің сүйгені Қосанға алыс сапарға кетер алдында жолығып кететін әдеті бойынша келген еді. Қараңғы түнді қақ жарып оның салып бара жатқан әні халық аузында әншінің өз атымен «Сары» атанып кеткен ән еді. Біреулер оны «Қыз Қосан» деп те айтады.

Сидақ Қабақ ішінде Қарабасы өзі ешкімге теңдік бермейтін өр кеуделі адам. Қосан, Досан деген екі қызы болған. Қосан Еңліктің образындай «биік қабақ сұрлау қыз» деуге жақын келеді екен. Өзі бойлы да, ойлы да болыпты. Айналаның бәрі, оның ішінде азуы алты қарыс әкесі де біліп қалып, бірақ ерке өскен бірбет Қосанға батып ешнәрсе айта алмайды. Қосан болса Темір бойында болған Қарылақ апаларының:

Қызы едім Сиялының Қарылақ-ай-
Қаладан алдым мақпал қарылап-ай.
Кей жаман қылған ісін жасырады,
Мен жүрмін айт пен тойды жарылап-ай,—

деп өзінің сүйген жігіті Бәйсеумен ашына болғанын аңыратып, ойынтой болса әніне қосып отыратын өжеттік мінезіне ауып, қатынқалаштың өсегіне құлақ та қоймай, «ит үреді, керуен жүреді» деп ыңғайы келген жерде Сарымен кездесіп жүре береді. Әкесі Сидақтың бұғауынан құтылып сүйген Сарысына бара алмайтынын білсе де, алған бетінен қайтпайды.

Міне жаңағы өңгіме болған ән осы Қосанға арналған. Ән дауысты орта мөлшерінде баяу үлкен ойда отырған адамның кейпіндей, ұстамды өкпінде басталады. Сол регистрдегі бір неше дыбыс айналанында төңіректен біраз жүреді. Тек өлеңнің екінші жолы басталғанда ән жоғары қарай өрлеп, ащылана бастайды. Сол бойы кульминацияға көтеріліп, одан қайтқанда бірден сылқ өтіп түсіп кетпей, артына қарап, сүйгенін қимай алысқа кетіп бара жатқан жандай, кідірістеп, «демалып», алаңдап кейін қайтады. Қайырма бөлек тұрған жоқ, өннің кеудесімен біте қайнағандай жалғаса береді. Бірақ онда сөз жоқ, өз көңліне өзі бойлағандай, тек «а» деген дыбыс арқылы орта регистрде бірнеше рет жыландай иретіліп, не бір қызықты өрнектер жасап, тағы да асықпай артына қарайлай, кейін қайтып өннің

бітер жерінде тағы кідіріп, дыбыстан тағы бір-екі түйін түйіп барып, баяулай, қонырлай, көкіректі қарыс айырғандай арман үнімен барып бітеді.

Сарыға жабылған жаланың басы сол бір түн еді дейтініміз аңдыған жігіттер, бастағы Көшкімбай болып, өздерінің ұстай алмаған өшін басқадан алғысы келіп, Қосанды қаралайды, оны бұзылғандардың қатарына қосқысы келеді. Оның үстіне Сары көздеп-ақ атты, өлтірейін деді, тек тигізе алмай қалды деп, Сарыны да оқ ұшына байлай даурықты. Алтон, Қызай сияқты екі атаның ұлы болып біраздан жауласып келе жатқан екі ауылға бұл оқиға да азық болды. Қызайдан шыққан Мырзақұл он сегіз жасында болыс болып тастаған тасы өрге домалап тұрған. Оған Шолан болыс бірігіп, Алтоннан шыққан асқақ жігіт Сарыны сүріндіруге бас қосады. Қосанның берулі жері Тартқараға кісі салып, Қосанның қылықтарын айтып, оларды да Сарыға өшіктіреді. Бірақ Төртқара Сидаққа бата алмай, бұлармен бірікпейді. Тек Сарыға іштей жау болып жүре береді. Мырзақұлдың мұндай істерін есіткен Сары оған ерегісіп, тапа талтүсте Мырзақұл аулының бар түйесін қуып кетеді. Оны көріп тұрған жігіттер, қызынып, соққыларын сүйретіп аттарына міне бергенде Мырзақұл өзі бас болып жігіттерді тоқтатады. «Біреулерің жазым боларсың, Сары тектен тек қолынан мал бере қоймайды» дейді. Бұл оқиғадан кейін еңгіме тіпті шиеленіседі.

Осылай Алтон — Қызайдың басында қарабұлт үйріліп тұрғанда тағы бір оқиға кездесіп, ол көк күркірегендей әлемнің әлегін кетіреді. Біріне бірі қаны қатып жүрген екі ауыл сәл нәрседен таласып, Бақсы көл деген көлдің басында төбелес болып қалады. Сол төбелесте Шоланның ағасы Есенаман таяққа жығылып өледі. Міне осы Есенаманның өлімін Сарыға жауып Мырзақұл, Шолан приговор жасайды. Сары өзінің жазықсыздығына сөніп, ауылда жүре береді. Бір күні абайсызда бірнеше солдат келіп, Сарыны ұстап алады. Оны жоғарыда аты аталған, Ырғыздың (Жармола дейді қазақтар) түрмесіне жабады. Сары түрмеде отырып, өзінің қапастағы жайын өлеңге әнге қосады.

Емес қой дәреже, ақыл бәрі бірдей,
Мырзақұл іс қылады әлін білмей.
Ағайын бір-бірімен қастасқан соң
Қан төгіс болып қалды кәдімгідей.

Басында Бақсыкөлдің Есенаман,
Таяқтан өліп кетті сәліңгірдей:
Ағаның кегін қуып,
жоқтаймын деп,
Жаланың жаптың Шолан бәрін бірдей—

деп, Шоланның арызымен жатқандығын баяндайды. Бірақ қайратты жігіт, мойн бермей өзін өзі жұбатып, бұл түрмеде көп бола бермей-тініне сенеді.

Қонысым ұлыққұмда Жетей-Ебес,
Іркілмей Аққұламен жаумен тегес.
Біз шыққан садақаға бір жұмыртқа,
Екі ру арасында болып егес.

Болмаса тап оншама күнәм жоқ-ты,
Халқыма қарап тұрсаң олай демес.
Басым жас әлі-ақ бәрі ұмыт болар,
Ер жігіт еткен іске қайғы жемес.

Жаладан іс істедің Шолан болыс,
Ісімнің жай-жағдайын шешпей тегіс.
Атам бір, анам басқа сеніменен,
Қашаннан Алтон, Қызай жолың теріс,—

деп, тағы да «Баласы мен Батақтың атым Сары» деп келетін бірнеше куплетті өлеңдерін айтады. Бұл арада тағы бір ән дүниеге келеді. Бұл ән алдыңғыға жақын. Бірақ басталуы одан да қоңыр созылып, шырқалмай, речитативке жақын, мелодиясы сөз не бағынышты, төкпелеу болып келеді. Бірнеше куплетті айтып болғаннан кейін ғана қайырма есебінде өлеңнің тоқтайтын жеріндегі соңғы екі жолында көтеріп кетеді. Дауыстың жоғарғы регистрінде көп уақыт алып, шырқап, бір көтеріліп, бір басылып тұрып, ақыры алдыңғы өңдей, асықпай, қарайлай жүре бастаған дыбысқа қайтып келеді. Бұ да аса қайғылы, ішінде жастықтың алапат күші де бар, шаққан мұңның да үмі бар, терең мазмұнды үлкен эмоциялық әсері бар ән. Бұл ән де ел арасында «Сарының өні» деген атпен тарайды. Мұны да халық арасында орындамайтын кісі аз.

Сары Жармоланың түрмесінде бір жылдай жатып, бір күні есебін тауып қашып шығады. Қосанына жолығып, бұл арада енді тұра алмайтынын білгенсін Бесқалаға (Қоңырат, Шымбай, Төрткөл, Үргеніш, Хорезімді — бесқала дейді) кетпекші болады. Қосан Сарыға еуропалық түсініктегі талисман сияқты, ескерткіш деп мақпал қолғап тігіп береді. Қайда жүрсөң де мәні есте ұстап жүр деп. Белгілі жүйрігі Тарланмен Сары Бесқала қайдасын деп жол тартады.

Беріпті Қосан бізге мақпал қолғап,
Ауызын таспен зерлеп қойған торлап,
Қыз Қосан, мен келгенше үйден шықпа,
Төртқара алып кетпейд сені зорлап.

дейді. Қазақ өдетіндегі қарғыстың күші болады деген ұғыммен, өсі-ресе оны күн батып бара жатқанда айтса қабыл болады деген әңгіме бойынша баса айтады (Мырзақұлдың өзі де, баласы Әтеғұл да түр-меде өлді. А. Ж.).

Бұл ән халық арасында «Туған ел» деген атпен тарады. Ән Сарының өз айналасының дәстүрінен көрі Мұхитқа жақын. Салған жерден шырқап, жоғары дауыс мөлшерінде басталады да, сол арада тұрып алады. Басталуы да, кульминациясы да сол арада. Шыңда біраз кідіріп, қайта-қайта оралып тұрып, кейін қайтады. Бірақ бұдан бірден біте қоймай, тағы бір кезек жоғары өрлеп, әлденеше иректер жасап барып, баспалдақтап, төмендеп, аяғын соза келіп бітіреді.

Сары Хорезім жағында екі-үш жылдай жүріп, осы кездегі Қарақалпақ елінде өзінің өнері арқасында аса қадірлі қонақ болып, ешбір кемістік көрмейді. Жүрген жері әннің, өлеңнің жәрмеңкесі, Сары десе бәрі келеді. Бірақ Сары елін, Қосанын сағынады, қалай да кейін қайтқысы келеді. Бір жағынан Мырзақұл мен Шолан тұрғанда оған күн жоқ екенін біледі. Олардан жақсылық болмайтынына көзі жетеді. Сөйтіп жүргенінде Алтон, Қызай татуласыпты деген хабар келеді. Сары бәленің басы ағайынның араздығынан басталғанын ойлап, енді тынышталар деп еліне қайтуға беттейді. Тарланды баптап, бірнеше таң асырып, жолға дайындайды. Жабағының шыңымен Қасарма асып, Ұлықұм, Кішіқұм көрінгенде әншінің аузынан қалай шырқаған үн шыққанын өзі де сезбей қалады. Туған жердің ауасы да, шөбі де, желі де, суы да, тауы да Сарының бетінен сүйіп, аймалап тұрғандай болады. Ақылды Тарлан да екі құлақты қайшылай, басым сүзіп, екілене түседі. Сары өндетеді:

Мен шықтым Хорезім жұрт, Қоңыраттан,
Болар ма жылқы мықты Тарлан аттан.
Сөскеде Ши бұлақтан міне салып,
Бесінде өте шықтым Құмсуаттан.

Аяқты басар Тарлан екіленіп,
Қонаға жем сұрайды мекіреніп.
Жүрістен қажымайтын жануарым,
Арбаның белағашы секілденіп.

Шідерім күдеріден күміс тиек,
Бір малсың шөп жөмейтін төресүйек.
Көктер қып, жүріп келіп байлай салсаң,
Тұрушы ең иегіңді үйге сүйеп.

Тарлан ат бас аяғың ұрымбай-ақ,
Салбырар төбе шашың тұлымдай-ақ.

Жем беріп, сауырынды тұрсам сипап,
Азбарда ойнуашы едің, құлындай-ақ.

Мінуге сен Тарланды өркім құмар,
Байлардың әлпештеген ұлындай-ақ.
Әрі атым, әрі досым менің Тарлан,
Қайтейін өлең қылмай сыныңды аяп.

Шөлшағыл, Есеншағыл құмның аты,
Қасқа жол, Қаратамақ шыңның аты.
Тарланмен шыға келсем Бозбелеске,
Көк ирім шалқып жатыр Құмсуаты.

Көрдім бе сені бүгін қайран жерім,
Үш жылдан жаңа көрдім елдің шегін.
Көз салып тұра қалып төңірекке,
Тарланның бір сипадым көзден терін.

Үш жылым үш сағаттай енді міне-
Көргенде Сары серің туған жерін.
Жат қылып туып-өскен ел мен жерден,
Бітті ме болыс, билер менен кегің! —

деп біресе шырқатып, біресе көзден жасын төгіп-төгіп алады. Бұл ән ел арасында «Дариға», «Әридау», «Дүния» деген аттармен жайылды. Ән басқа шығармаларына қарағанда көңілді, сағынған жанның лүпілдеген жүрегінің соғуы бар. Ырғағы аттың желісіне келеді. Өлеңнің бірнеше шумағынан кейін қайырып-қайырып қойған жерлерінде ән құйқылжып, аспандап, шарықтап, сонау көрінген шыңдардан, шағылдардан асып кеткендей болады. Өнде туған жерге деген сүйіспеншілік, нәзік лирикамен қатар сүйгенін біраз жыл көрмеген адамның сағынуы бар. Бірақ оның бәрінде де қайғының, жүдеудің үні жоқ. Болашақ Сары жайлы музыкалық шығарма жазатын композиторға дайын тұрған лейтмотив.

Сары еліне келіп, аунап-қунап дегендей, біраз демалып, бұрынғысынша әнін салып, өлеңін айтып жүре береді. Сырттай Алтон—Қызайдың арасы шынында да тату сияқты болып көрінеді. Бірақ жасы отызға толмай жатып жамандықты көп көріп қалған Сарыға кейбіреулердің пыш-пыштары ұнамайды. Сондықтан ол бұл бейбіт көріністің баянды емес екенін сезеді де, қалай да Қосанға жолығып, жайды білгісі келеді. Елеусіз деген адамды жіберіп, Қосанмен кездесетін жерді белгілейді. Бірақ ол адам ақшаға сатылып, Сарының жолығатын жерін баяғы шоланның кісілеріне білдіреді. Сары одан

хабары болмай, Қосанмен жолығып тұрғанда бес адам тұс-тұсынан қамап, Сарыға тап береді. Бірақ Сарының пысы басып, олар жақындап келгенде Сарының суырған қылышынан сескеніп, бесеуі бес жаққа қашады. Сары өзінің бір өлеңінде бұл жайды былай суреттейді:

Тұрғанда бір тар жерде жолығысып,
Бес жаяу жетіп келді ентігісіп.
Суырдым Көкбұйраны қынабынан,
Бәлемнің алайын деп басын кесіп.

Бес жаяу ізіменен қайта қашты,
«Келесін тағы бір» деп кіжінісіп.
Қосаннан мені айыру қиын болар,
Қанша жау шықса-дағы желігісіп—

дейді. Қосанмен көздескенсін Сары аяғын сақ басатын болады. Алтон—Қызай татуласыпты дегені жай сырттай ғана әңгіме екенін сезеді. Ашуға мініп, не де болса Мырзақұлдың аулын бір шапсам ба екен деген ойға да кетеді. Бірақ қазақтың ырымына әлі де сеніп қалған басы сол жағынан келіп өзін өзі тоқтатады.

Шу десе жылқы озбайды Сарылақтан,
Ырғытып қоян соқтым шаңылтақтан.
Салар ем ат көтіне болысыңды,
Қорқамын Қызай шыққан шаңырақтан,—

деп, үлкен үй Қызайда қалып, шаңырақ Мырзақұлда болуынан тоқтайды. Сары олай ойлағанмен Мырзақұл мен Шолан басқаша ойлайды. Сарыны енді алдап қолға түсірмек болады. Ана бес жаяуды Төртқараның жіберген кісілері еді, біз әлі саған туысқандық сезімнен аулақ кеткеніміз жоқ деп, Сарымен кездесіп, іші-бауырына кіреді. Онымен қоймай, Шолан: «Патшаның әйелі ұл тауыпты. Сонымен байланысты патша мінәпас (манифест) жриялап, көп адамның күнесін кешіріп жатқан көрінеді. Сен Орынборға өзің барып, генерал-губернатордан кешірім сұрасаң, ол жарым-патшаның (генерал-губернаторды правосының кеңдігіне қарай қазақтар солай атаған. А. Ж.) өзі-ақ сені кешіріп, емін-еркін жүруіңе мүмкіндік береді» деп алдайды. Ежелден көңілі ақ, адал жанды Сары олардың айтқандарына нанып, Орынборға барады. Барған бойда Сарыны ұстап, түрмеге қамайды. Баяғы кісі өлтірді, біреудің заңды қалыңдығын азғырды деген материалдар алдынан шығады.

Дариға торға түстім сенгенімнен-
Патшаға арыз айта келгенімнен.
Қор болды қайран басым, енді айла жоқ,
Сөзіне залымдардың, ергенімнен,—

деп зарлап жата береді. Қазақтың «Түбі бірге түтпейді» деген сөзіне еріп, Мырзақұл да, Шолан да бөтен кісі емес қой деп, қапыда қалғанын енді біледі. Генерал-губернатордың ел әкімдерімен аузы бір екендігін енді түсіне бастайды. Қалай да бұдан құтылып, елге барып, өзін мұндай кіріптар еткен адамдардан өшін алу жоспарын құрады. Көп ұзамай ол ойының орындалатын күні де келеді. Тұтқындарды далаға жұмысқа алып шығып, кейін қайтқанда Жайықтан өтетін паром тоқтап қалып кешігіп, түннің қараңғысына қалады. Қанша солдат қамалағанмен, Сары есебін тауып сытылып кетеді. Конвойлар саны шағын болған себепті көп адамды тастап, бір Сарының соңына түсіп ұзақ қуа алмайды. Бәрінен айрылып қалады екенбіз деп қорқады. Сары ел ішіне кіргенсін, оны ешкім ұстап бермейді, қайта жасырып, тамақ беріп, киіндіріп, көлікпен айтқан жерге жеткізіп отырады. Түрме басшылары Сарының ісінің аса қауіпті емес екендігін есептеп, және жаяу қайда барады дейсің, қолға түседі ғой деп тек Орынборға жақын жерлерге ғана хабар береді. Ол кезде Сары Шалқардан барып бір-ақ шығады. Аман-есен аулына келіп, тақымы Тарланына тигенсін Сары қайта қалыбына келеді. Бірақ ол ауылда көрініп жүре алмай, сырттай береді. Бірғыз өзенінің бойындағы Самырат деген кісіге барып мұңын шағады. Сонда біраз күн аялдайды. Самырат Сарыға енді тентектікті қойып, істің аңысын аңдап, ауылға көріне бермеуін сұрайды. Дау деген көнереді, оны қуушылар да шаршайды, ешнәрсе орнында тұрмайды дейді. Самыраттың ақылы қонып, оның ағалық қамқорлығына риза болып, асықпай әнін салып, домбырасын тартып, Орынбор барғанындағы неше түрлі халдерін баяндап отырғанда, ауылға бір топ солдаттың жақындап қалғанын далада жүрген әйелдер хабарлайды. Сары жалма-жан белдеудегі Тарлаңына мініп, «шу» деп үлгереді. Солдаттар қоқаңдап қуа түседі. Бірақ олардың астындағы нашар аттары көтеріліп шапқанша Тарлан қарасын көрсетпей кетеді. Алыстап кеткен Сарыны мылтықпен патырлатып атқанмен оқ жететін жерден шалғайда болады. Жерді жақсы білетін жігіт жыра-жықпылмен, еңкейіп шауып оқтан құтылып кетеді. Сары өзінің бір өлеңінде:

Бөбейлік қамшы бастым Тарлан атқа,
Басыма хауіп-қатер туған шақта.
Алыстан ат терлетіп іздеп келіп,
Жолықтым тауып алып Самыратқа.

Дүние өттең сенің жалғаның-ай,
Балтаның батыр едік жалманындай.
Атаға арқасүйер жолығысып,
Жеттім ғой енді міне арманыма-ай.

Самырат айтты маған ақылын-ай,
Кыз берген құдандалы жақыным-ай,
Сәскеде ауылды әскер басқан шақта,
Жылысып үйден шықтым ақырын-ай.

Белдеуде қаңтарулы Тарлан аттың,
Үстіне шыға келдім атылып-ай.
Талтүсте жауған қардай оқ астынан
Құтылып кете барды батырың-ай,—

деп, бұл жайды толық баяндайды. Қайткенде де елінде тыныштықпен жүре алмайтынын біліп, тағы біраз қарсы жаққа ұмыттырайын деп Табын асады. Ол жақта бір жылдай жүріп қалады. Елін сағынып, домбыра алып, шырқайды.

Басы еді Ұлықұмның Қарашолақ,
Аяғы көрінеді Қаратамақ.
Сабаттан мың жылқы ішкен айдын көлдей,
Ортада отырушы еді Тілеу-Қабақ.

Қасқажол, Қаратамақ, Қозыбылақ,
Алдымда Қожасайы жатыр сұлап.
Басында Есеншағыл шауып шықсаң,
Көрінер елес-елес Қоянқұлақ.

Жері еді Жанқылыштың Қыздар шыққан,
Әулие Қошқарата Тұздан шыққан.
Батақтың өрке өскен Сарысы едім,
Болдым ғой осы күнде «Елден шыққан».

Мен өзім елден шығып Табын астым,
Табында бір жыл жүріп ажырастым.
Сүрбедеу қосарлыққа ол жарамай,
Құбылға Қаңбақтыда саудаластым,—

деп туған-өскен жерлерін өсіне түсіреді, оның бәрі де көзіне оттай басылады. Бұл өлеңдермен айтылған өн халық арасында «Тілеу-Қабақ» болып аталып кетеді. Бірақ ол біз білетін, «Дудар-ай» опера-

сына енген «Тілеу-Қабақ» емес, аты бір болғанымен музыкасы мүлде басқа. Ән қоңырлап басталып, бір мезгіл желдірмелердің кейпіне түсіп, өлеңнің соңғы жолдарында үнемі кідіріп созылып, қайталанып, құбылып барып бітеді. Ол өренің әндерінің формаларына тән, қайырма кеуденің жалғасы болып кетеді, айырмасы мелодиялық, екпіндік, кейде өлшеулік жақтарында болады. Бұл әнде елін сағынумен қатар, қайнаған ыза бар. Ол дауыстың мезгіл-мезгіл шырқап жоғары шығып, серпіп отыруы арқылы берілген. Бұл әнді жақсы орындау үшін шалқыған кең дауыс, және түрлі кезеңдеріне көшкенде оны түсінетін қабілет керек.

Сары Табыннан (осы күнгі Байғанин ауданының жері) қайтып, елінде біраз уақыт болады. Бұрынғыдай Қосанға жолыға алмайды. Өйткені ол ұзатылып кеткен. Бірақ Сарының елге келгенін есітіп, төркіндеген болып, Көкжидеге қайтып келеді. Әкесінің үйінде болады. Әуелден мінезі тік, басқаға бағына бермейтін Қосан барған жерінде де бүкіл ауылды өз аузына қаратады. Күйеуі жай жуас адам болып, малының есебіне босаға аттап қалыңдық келгенге мәз, «өткенге салуат» деп, Қосанға бір ауыз сөз айтпайды. Міне, осының бәрін пайдаланып Қосан әкесінің үйіне келгенсін асықпай, ағайынтуманы аралап күнді кешіктіргісі келеді. Бір күні «Сары тағы ұсталыпты» деген суық хабар Қосанның құлағына шалынады. Жаман сыбыстың жалған болуы сирек емес пе, шынында да Сары ұсталып Жармоланың түрмесіне қамалады. Қашып кетеді деп енді оның қолына бұғау, аяғына кісен салады. Күндердің күнінде Сарыны Орынборға айдайды деген хабар бүкіл елге тарайды. Оның аттанатын күнін біліп Айт-Бұжыр (бірнеше болыс ел) болып шамасы үш мыңдай адам жиналып Сарымен қоштасуға Жармолаға келеді. Қосан да барғысы келіп, әкесіне айтады. Ол шырай бермегенсін өзінің бұрынғы өжеттігіне басып, жылқышыға белгілі жүйрік Салкүреңін ұстатып алады да, Жармола қайдасын деп тартып береді. Қамалаған адамнан өте алмай, әрең дегенде көкарбаға тіркеулі тұрған Сарыға жақындайды. О да Қосанды көріп қалып:

Ырғыздан бір өткенде үш-төрт өттік,
Міндік тек Тарлан атқа бөжеңдеттік.
Сарғайтқан сағынғаннан сорлы Қосан,
Тұсыңнан айтып өлең талай өттік.

Қанды көз, қасқа Қосан, бол риза,
Ақыры міне мұндай күйге жеттік.
Көрем бе, көрмеймін бе қайран елім,
Қош болың, алыс сапар Сібір кеттік,—

деп бар даусымен шырқайды. Өлеңнің аяғын да айтқызбай. Сарыны жүргізіп кетеді. Аттылы-жаяу, мыңдаған адам біраз жер шұбырып еріп, тек солдаттардың мылтық атуы арқылы ғана сескеніп, қала береді. Сарының қарасы көрінбей кеткенше бүкіл ел болып қарап тұрады. Сүйгенінен тірі айрылған ер қыз Қосан екі көзінен қанды жасын ағызып, Сарының зарлы әнінің бірін ыңылдап айтып, ешкімге қарамай, сөйлеспей, әкесінің үйіне келіп, жер бауырлап жатып алады. Жаны, жүрегі Сарыда кетіп, Төртқараға тек сүлдесі қайтады. Сарысын одан қайтып көрмейді. Сарының кетіп бара жатқан жолында ел аузында өлеңі мен әні қала береді. Сол сапарында бірінші күні жетіп қонған аулында Сарының мынандай өлеңін ауыл адамдары көздеріне жас алып айтып берген:

Ауылдан шығып қондық Бейтібайға,
Жас жігіт жаңа болған ауылнайға.
Антұрған бейілі тар, сараң екен,
Шекерсіз қамап салды қара шайға.

Түлігін түк көтере шабар едім,
Астымда Тарлан болса осындайда,
Бәрі де көрген түстей өтті-кетті,
Сарыға батыр деген енді ат қайда! —

шаршап, талып, жаяулықты көрмеген басы, теңселіп аяғын әрең басып келе жатқанын суреттеп:

Жігіттің амалы не аллаң салса,
Жігіттің арманы не үйінде алса.
Талтаңдап Орынборға біз барамыз,
Жүк тартқан Хиуадан қызыл нарша,—

дейді. Ол кезде жігіттер сөндікке қара өтіктің тақасын аса биік қылып салдырады екен. Өйткені, қазақ өдетінде жаяу жүрмейді де, аяқты ауыртатын жағдай болмайды. Сары сондай өтікпен жүргенсін аяғын ауыртып:

Басына шауып шықтым Көкнұраның,
Тілегін бергей алла бозбаланың.
Тіктірген бір тай беріп қара өтіктің,
Өкшесі бастырмайды адыраның,—

дейді. Кісенімен аяқтарының ауырғанына қарамай, ұрып-соғып айдаған солдаттарды айтып:

Көрмедім қатты адамды қу солдаттай,
Түсірді басқа қатты мұсалдатты-ай.
Кеші жоқ, ертесі жоқ, тыным бермей,
Қуады сылдырлатып кісенді аттай,—

дейді. Сарының туысқандары, әбден әкімдерден мазалары кеткеннен бе, артынан іздеп бармайды, істі қуынбайды.

Тілеулі, Жолбарыспен менің ағам,
Малға бай, тәуекелге өте сараң.
Әйтсе де пайдаға асар осы екеуі,
Не білсін бір туғанмен Жәңкен жаман.

Ажары жарқырайды туған айдың,
Ақырын бергей алла осындайдың.
Аға деп әншейінде жүруші едім,
Бір келмей қалғаныма Наурызбайдың.

Маман мен келді Бақсы амандаса,
Қайырлып соғар ма еді жаман болса.
Құдайым денсаулыққа жаза қойса,
Көрермін әлі-ақ тағы аман болса.

Күз болса ел қонады терең сайға,
Батыр ем, тұтқын болдым осындайда.
Көп жылдар дәмдес болған інісі едім,
Бар еді не жазығым Артықбайға,—

деп, тумаларын, ағайындарын, әншейінде «Сары, Сары» деп жүретін жақындарын санап, олардың «жаман дос — көлеңке» деп Абай айтқандай, басын бұлт шалған күні қараларының өшіп қалғанын айтып қынжылады.

Орынборда көп ұстамай, үкім шығарып, Сарыны ұры-қары деген статьямен Сібірге айдайды. Ол Ақтөбе мен Орынбор арасындағы қалық Жұғалбайлы арқылы жаяу өтеді. Қонған, түстенген жерлерінде өзінің қайғылы халын өлеңмен үнемі айтып отырады. Ауыл сайын десе боларлық, Сарының өлеңдерімен әндері қалып отырады. Жұғалбайлының Бескүрегінің бір үйінде қонып шыққанында Сарының мына бір екі шумақ өлеңімен тағы бір әні қалыпты.

Күз болса құс қайтады жайлауына,
Дұшпанның біздер түстік байлауына.

Артымнан іздейтұғын кісі жоқ боп,
Сібірдің кеттім қапы айдауына.

Ішінде көп тұтқынның Сары жүрер,
Талай жыл жаяулықпен дәурен сүрер.
Біз шықтық алды тұман алыс жолға,
Қайдан дәм бұйырарын құдай білер.

Бұл өлеңнің әні «Сарының Сібір айдалып бара жатқандағы әні» болып айтылады. Басталғанда жан ашуынан шыққан үндей қатты шырқалып, кем-кемнен төмендеп, баяулап, аяғында кішкене көтеріле түсіп, тағы басылып қалады. Бұл әнді естігенде кемпір-шалдардың иектері кемсеңдеп, ылғи жылап отырады.

Сары күндіз-түні айдаудан қалжырап, ауруға шалдығады. Жүруге жарамайды, жиі демала береді. Оны «тағы қашайын деп айла салып жүр» деп, сенбей мылтықтың дүмімен ұрып зорлап жүргізеді. Бір күндерде әбден халы бітіп, орнынан тұра алмайды. Аурумен қабат мына көрген соққы нашарлатады. Солдаттар «қашайын дегенде атып тастадық» деп акт жасап, шынында да ешбір заңсыз Сарыны атып өлтіреді. Қайран әнші, ақын, ер жігіт, өмірбойы азаптан басқа ешнәрсе көрмей, аңсаған арманына жете алмай, сүйген Қосағымен қосыла алмай, би, болыстан кегін де гла алмай, арманда кетеді.

Осылай, жасы отызға жаңа кіре бергенде 1894—95 жылдар шамасында, Жаманқаланың (Орскіны қазақтар солай атаған) солтүстік жағында ы Шиелісай деген жерде Сары қаза тауып, сол жерге оның денесін қазақтар ақ жуып, арулап қояды. Көп жылдарға дейін оның бейіті, басына қойған құлпытасы, айшығы тұрады. Бірақ заманнан заман өте оның ешбір ізі қалмайды.

Сарының әндерін сақтап, орындап берген Мөңке Төлеген деген кісі болды. Ол өзі де сері, әңгімеші, әнші еді. Өлеңдерінің көбін Самыратов Жақия берді. Олардың бәрін де осы жолдардың авторы көріп, ауыздарынан жазып алды. Ал, Сарының әнін біздің туған шешеміз (1962 жылы 93 жасында қайтыс болды) Бибішнар, Ұлы құмда, 13—14 жасар кезінде естіген. «Ертеңгі уақыт. Қыз-келіншек жиналып, жаңа көшіп келген Шолқияқ деген жерде үй тігіп жатқанымызда ауылдың үлкендері: «Шуламаңдар түге, жабыңдар ауыздарыңды! — деп айқайлағанына әңгімені тоқтата салғанымызда, алыстан сыңғыратып салған ән естілді.— Мынау кетіп бара жатқан Батақтың Сарысы. Ой, шіркіннің дауысы-ай!» — деп, ауыл адамдары барлық жұмыстарын қойып, біраз уақыт ақырып, ән тыңдады» дейтін.

Сарының әндері біздің заманда үлкен орын тапты. Оның бір әні «Аманкөлді» кинофильміне енді. 1940 жылы Әбділдә Төжібаев-

тың либреттосы бойынша осы жолдардың авторы «Сары» атты бір ақтылы музыкалы пьеса жазды. Ол филармонияның сахнасында, концерттің екінші бөлімі есебінде 100 ден аса рет көрсетілді. Осы кезде Бәкір Тәжібаевтың либреттосы бойынша 3 актылы музыкалық пьеса жазылып жатыр. Бұл пьесаның аты да «Сары».


Сарының өмір жолы әлі де толық зерттелген жоқ. Орынбордың архивында бұл жөнінде көптеген деректер бары даусыз. Кезінде оның бәрі де ашылады. Біз ол күнді күтпей, қолдағы барды халыққа жариялағымыз келді. Тағы бір айта кететін жай — 1942 жылы шыққан кітаптағы «Сары» деген бөлімнің негізі солай қалды да, бір-қатар адамдармен кездесу арқылы аздаған жаңа деректер қосылды.



ҚЫЗ ҚОСАН

Сары


Жылы, шырқай.



Бе-ріп-ті Қо-сан біз - ге мақ-пал қол-



ғап, Мен кет-тім бес-қа-ла - ға



ба-сым қор-ғап Қыз Қо-сан мен кел-ген



ше үй-ден шық па Төрт қа-ра




а -лып кет пейд — — — се - ні



зор лап, А — — — — —

МАЙРА



Омбыдан Семейге қарай, Ертісті жоғары өрлеп келе жатқан «Ленинград» атты пассажирлер таситын пароход Павлодардың

пристанынан шықпай жатып, төмендегі үшінші класс каютасының терезесіне әсем, қоңыр, жұмсақ тембрлы контральто (әйелдің ең жуан дауысы. А. Ж.) дауыс естілді. Оның сүйемелі де мен күтпеген — гармонмен қосылып қазақ әндерін орындады. Бір минут өтпей-ақ мен де төменге түстім. Айнала қамап тұрған халықтың ортасында, жасы отыздан аса түскен, арықша келген, көрікті, жағы сәл сопақтау, екі ұрты аз ғана ішіне кірген, беттерінің үші қызыл, қара торы әйел отырды. Құлағында шығыс әдетіндегідей ұзын сырға, омырзуында бірнеше қатар моншақтан тізген алқа. Үстіндегі жібек көйлегі, иығына бос салған шәлі аса жарасып тұр. Осының бәрінде де бажырайған, «айқайлап», ерсі көрініп тұрған ешнәрсе жоқ, қайта өншінің талғамының жақсы екендігі байқалады. Бұдан келіп мен оның профессионал әнші екендігін сездім.

Мен оның әнін тыңдадым. Ән орындауда оның бірінші планда қоятыны: бірқатар өктемдік, бұйыру, кең құлаш, от мінез. Қазақтың мен көріп жүрген бұйығыңқы қыздарынан мен мұндайды кездестірмеп едім. Оның сопақшалау болып келген беті де жалпы қазақ қыздарына ұсамайтынын көрсетіп тұрды.

Енді бұл жұмбақты шешу ғана қалды. Мен оның әні біткен кезін күтіп тұрып, атының кім екенін сұрадым. Ол салмақпен:— Мағира,— деді. Осы бір аттың өзі маған біраз нәрсені түсіндіргендей болды. Мен оны сырттан білетінімді, өзімнің кім екенімді айтқанымда, ол да мен туралы есіткенін және мені көргеніне аса қуанышты екенін білдіріп жауап берді (өзі тым тәуір ғана орысша сөйләйді екен)».

1926 жылдың жазында Майрамен бірінші рет кездесуін А. В. Затаевич осылай жазады. А. В. Затаевичтің осы бір азғантай әңгімесінде көп мән бар сияқты. Мұнда Майраның сырт пішіні, бетәлпі, киінуімен қатар ән орындаудағы кейбір түйіндері жайлы да терең баға беріліп кеткен. Қазақтың небір саңлақ әншілерін тыңдап, тәжірибесін әбден молайтқан зерттеуші аз сөзбен Майраның адамшылық та, творчестволық та суретін айта қаларлық дәрежеде бере білген.

Айта кететін нәрсе — Майра бұл жылдарда өмірде көрген көптеген зорлық-зомбылықтың нәтижесінде ауруға шалдығып, шаршаңқыраған да, екінші жағынан совет дәуірінің арқасында творчестволық құлашын кең сермеуге шын мәнісінде мүмкіншілік алып, жүрегі орныққан да кезі болатын. Майраның А. В. Затаевич сезген екі бетінің үшіндегі сәл күреңдік те жай көрініс емес, үлкен трагедияның леп беруі, ұшқыны болатын.

Майра 1896 жылы июнь айында Кереку қаласында туды. Әкесі — Уәли сол Керекудің тұрғыны, шала-қазақ, шешесі Қатира қазақ болған. Уәли жасынан кемтарлықты көп көрген, қала халқының ондайларына ортақ ұсақ кәсіпшілік етеді. Уәли ноғай-бөрік істеп сатады. Сондықтан оны кейбіреулер «бөрікші Уәли» деп те атап кеткен. Қатира болса жай үй иесі әйел болады, қолы тигенде Уәлиге қол үшін беріп қояды.

Бұлардың басқа балалары жасында өле беріп, қолдарында жалғыз Майра қалады. Әрі қызы, әрі ұлындай Майраны әке-шешесі еркелетіп, қолдарынан келгенше ешнәрседен кемшілік көрсетпей өсіреді. Әкесінің қолөнерінің арқасында біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп Майра еркін өседі.

Ол кездегі қала әдеті бойынша ата-анасы Майраны ноғай молдаға беріп, сауатын аштырады. Жазу-сызуы болмаса, молданың о дүние жайлы айтқан ертегілері жасынан ала-бөле ескерімді болған Майраның санасынан орын таппайды. Жалғызын жақсы көргеннен бө, жоқ «ораза, намаз тоқтықта» болғаннан ба — Майраның әке-шешесі жасөспірім өжет қыздың ондай қадамына қарсы шықпайды. Қайта Майраның көрші орыс балаларымен ойнап, аздап та болса орысша сөйлей бастағаны оларды қуандырады. Жоғарыда баяндалған А. Затаевичтің: «Майра орысшаны тым тәуір сөйлейді екен» дегенінің негізі осы бір жағдайда жатқан болатын. Бала шақтан бастап, кейін байыта түскен орыс тілі Майраның бері келе репертуарлық байлығына өсер етеді, онда-мұнда жүргенінде де «соқыр» емес, көзі ашық, қазақпен де, татармен де, орыспен де сөйлесе кететін болады. Бөрік пен аз ғана тын-тебен айналасынан орысша сөздігі аспайтын Уәлидің қызының тіл біле бастауына қуануы да жөн еді. Өйткені, өзі оқымағанмен, ол бір кезде де: «Ендігі байлық орыс тілінде» дейтін, ілгеріге көз жібере білген адамдар жоқ емес-ті. Бұл

аға халықтың өз бауырына тигізе бастаған жақсы өсерінің дәні болатын.

Майра жас кезінен әнді, өлеңді жақсы көреді. Қала тұрғыны болғаннан ба, жоқ өзінің жастай бүйрегі бұрғаннан ба, Майра гармонға құмар болады. Ол кездерде қазақ арасына, әсіресе қала халқында татардың «тальянка» аталатын шағын, қоңыраулы гармондары жайыла бастаған. Көлеміне қарай оның тілдерінің саны болатын. Міне, Майраның әкесі оған осы айтылғандай гармонның кішкене түрін сатып алып береді. Майра өз бетімен шатбақтап тартып, ақыры жеңіп, келе-келе жақсы гармоншы болады. Әрине, ол кездерде нота сауаты музыкалық минимумға кірмейді. Сондықтан жаттай тартудың өзі үлкен рухани қадам болып есептелетін. Оның үстіне Майраның қыз екенін еске алсақ, ол жағдай түсініктірек те болады. Кейбіреулердің қазақтың әйелдері езілудің себебімен өнер қуудан аулақ болды деуі жалпылай жағдайды баяндауда дұрыс болғанымен, кей уақыттарда халық арасында болған ерекше көріністерді түгел суреттемейді. Айжан қыз, Алтынай, Дина, Қарылақ, Қосан, Сары-айғыр сияқты қазақтың өжет қыздары қараңғылықтың тас қамалын бұзып, өнерді игерді. Ондайлар кейін келіншек болып түскенде де бір ауылды билеп, бастарынан сөз асырмады. «Қайнаға болсаңыз да сырттағы келі мен келсапты үйге ала кіріңізші» деді деген жұмсағыш келін туралы аңызды халық бекерден бекер шығармаған. Міне Майра да сол қараңғылық бұғауын үзуге жасынан-ақ талпынады. Қыз балаға «Қырық фарыздық» бес тармағын ғана білдіріп, сол бір діни минимуммен оның барлық ағарту жағын бітіретін әдеттен Майра асып кетеді. Ол тек сырнай тартып қоймай, өзінің сұлу дауысын қосады. Тақымы жастайынан тайдың бүйірінен қалып алмай, қаланың көшесін тік басып, көшкенде кебеже ішінде белі бүкшимей еркін жүріп өскен сұлу дене, әсем аяқ, күлдәрі көйлек пен борлат дамбалдан жоғары шүберек жоқ дейтін талғамнан аулақ қаланың сәнді киім киюінен үлгі алған Майра жасынан әні мен сәні бір гармониялық ұласуда болады. Оның үстіне аралас қанның нәтижесі де Майраны, А. Затаевич айтқандай, қазақтың басқа қыздарынан ала-бөле көрсетеді. Міне, талшыбықтай иілген сұлу Майра сызылған гармон дауысына өзінің әсем де, әсерлі де үнін қосқанында Уәлидің үйіне тек бөрік іздеушілер емес, рухани жаңа азық іздеушілердің де ауыздарының суы шұбырып келіп тұратын болады.

Жасы он үш-он төртке келгенде Майра Керекуге түгел белгілі енші-гармоншы атанады. Ойын-той, шілдекана, қынаменде болса Майрасыз өтпейді. Өзі сұлу, өзі өнерлі қыздың айналасында «Бұқа бұға» деген сияқты көрсеқызар жастар, тұлыпқа мөңірегендер аз болмайды. Бірақ Майра, кейбіреулердің айтқанындай «ақылсыз, даңқой» емес, ешкімге мойын бұрмайды. Оның үстіне әке-шешесі де нә

бір қалың көп беретінін айтып айттырғысы келген мырзаларға жүре жауап беріп жібереді.

Майраның бой жетіп келген кезінде әкесі Баянның жәрмеңкесіне барады. Өзі бөрік тігіп, Қатира да қолынан келген киімдер тігіп, бір-аз пайда тауып қайту талабында болады. Жәрмеңке кезінде саудадан басқа да қызықтаулар болып тұратыны сияқты, Ғарипан Томашев деген татардың бай саудагері үйінде ойын ұйымдастырады. Оған Керекудің, Баянның байлары, саудагерлері, оқығансымақтары жиналады. Ғарипан қайдан да болса Майраның осында екенін біліп, оны да осы кешке шақырып алып келеді. Майра бірінші рет Керекуден сыртқары жерде гармон тартып, ән салады. Бұл кездерде әнге бір-аз машықтанып қалған Майра шебер ойыны, сазды дауысы арқылы тыңдаушыны ұйытады. Ғарипанның кішкене үйіне сыймай, Майраның үні сонау Баянның шыңын, Сабынды көлдің толқынын қуып кеткендей болады. Сол күнгі түскен пайда, байлық, туысты айтқан мақтанулардың бәрі де қалып, ол үйдің ауасында тек ән ғана шарықтайды. Консуэланың әнін тыңдағанда шіркеуде тұрғандарын, сонымен қабат құдайын да қоса ұмытқан сопылар сияқты, Майраның әні өмірдің қызығы малға, баққа ғана келіп тіреле бермейтінін сездіреді. Жиынның барлық назары енді Майра болады. Бірақ, бұл мәжіліс бір жағынан — Майраның атын бұрынғыдан да кеңірек жаюдың басы болса, екіншіден Майраның басына төнген қара бұлттың да басы болады.

Осы кеште белгілі феодал Шорманның тұқымы жас болыс Зәржан болады. Ту дегенде түкірігі жерге түспей жүрген албырт жас, әрі кедей, әрі қорғансыз бөрікшінің сұлу қызы Майраны тоқалдыққа алу ойына бекиді. Оның айналасындағы атарман-шабармандары да болысты қот-қоттап, мақұлдасып, шуласады, бұрынғыдан жаман желігін көтереді. Зәржанның бұл ойын жеткізген адамдарына Майра жауап бермейді. Майраның әке-шешесі де: «Баланың өзі біледіге» салады. Өйткені Шорман тұқымының ұсақ кәсіпші шала қазақты тең жегжат тұтпайтынын біледі. Оның үстіне жас та болса Зәржанның халықты қанқақсатып үлгергенінен де бұлар хабардар болады. Майра болса, өзі жас, өзі сұлу, өзі өнер иесі, қатын үстіне, өрине, барғысы келмейді.

Енді байлықпен де, атақпен де ала-алмайтынын білгенсін Зәржан Баян қаласындағы досы Оске Артамонов деген атаманмен ақылдасып, Майраны күшпен тартып алмақ болады. Көп ұзамай Баян қаласының жатағы Көрімжанның үйінде, өдетше күндізгі кәсіптен кейін ұйқы алдында әңгімелесіп отырған Уәли, Қатира Майраның бейбіт өмірі күл-талқан болады. Стражнигі бар, шабармандары бар, бір топ адам келіп, Майраны тартып алып кетеді. Уәли мен Қатира жалғзынан айрылып, жылап-сықтап қала береді. Көзсіз қара күшке

қарсы тұрарлық дәрмен жсқ кез, қайран сұлу бір түнде солай ға-йып болып кете барады. Зәржан бір жетідей Майраны қалада жа-сырып ұстап, одан еліне алып кетеді.

Ойда жоқта мұндай бақытсыздыққа ұшыраған әке-шеше, жылай-зарлай, Керекуге қайтқан жәрмеңкешіге еріп, өздерінің қара қоны-сына қайтады. Крестьянский начальникке тілмәш болып жүрген, аз-кем оқығаны бар, сыпайы ғана жігіт Тоқжігітов Тақыш Майраға сөз салып, қыздың онда көңлінің жоқ емес екенін біліп, бірақ ауылдағы некелі әйелін қалай етуді біле алмай, неше алуан план жасап жүрге-нінде «Көп ойланған құл қаша алмайды» болып, бұ да Майрадан айрылып қала берді. Көңілі бар адаммен дәм-тұзы қосылмай, азған заманның аңызақ заң желіне ығып, Майра да Ақкелін өзенінен бір-ақ барып шықты.

Үнемі пәлендей жасаумен, ырғап-жырғап келетін келіннен Май-раның келісі басқа болады. Басы Садуақас болып келгеннен Майра-ны жек көреді. Бір жағынан жанды-жасақты, атақты, малды жердің қызы болмағаны болса, ендігі бір қара ойлары — Майра Зәржанды сиқырмен айналдырды деген болады. Бұл бір соңғы жағдай күннен күнге өсіп, жамалып, неше саққа жүгіртіліп, бүкіл ауыл-аймақтың аузында болады. Оның үстіне Зәржанның бәйбішесі де кірпідей жиырылып, Майраны жұтып-ақ қойғысы келеді. Тек зәрлі Зәржан-нан қорыққаннан ғана іштей қайнап жүре береді. Ауыл адамдарына тағы бір ерсі көрінген Майраның сырт түрі болады. Ауылдың олпы-солпы, екі көзімен ауыз-мұрнынан басқаның бәрін жауып көрсетпей-тін киімге үйренген сорлы көздері — қала үрдісімен киінген Майра-ның киімдері, оның еркін ұстаған бойы, жас әйелді еркекке тура қаратпайтын шарифат бұйрығымен ұштаспайтын, феодалдық заңның шырқын бұзатындай болып көрінеді. Бірақ, тұтқында отырғаны бол-маса, Майра басын имейді. Ауылдың ондай сасық заңына бағынбай-ды, өзінің ежелгі мінез айналасында қала береді.

Зәржан Қыпшақ Ыбырайдың қызы — көкдауыл бәйбішенің маза бермесін білгенсін, бойдақ малдарды бөлек карауылдау сылтауымен Майраның отауын ауылдан оқшау қондырады. Майраға бұл үлкен жеңілдік келтіреді. Ішіндегі қайғы-шерін гармонына қосылып күңі-ренген үні арқылы сыртқа шығарады. Қанша қаніпезер болғанымен Майраның әсем жаны мен сызылған әні Зәржанның буынын боса-тады. Ол Майраның істеріне қарсы шыға алмайтын халге жетеді. Әрі сұлу, әрі өжет, әрі әнші-гармоншы Майраға ол ауылда пар кел-лерлік қыз болмайды. Көкірегін көтерген не бір шөпжелкелер Май-рамен салыстырғанда тек «Ата даңқымен қыз өтедінің» дәрежесінен аспайды. Бұл Зәржанның мақтау сүйетін жанын бұдан әрі жайба-рақаттандырады. Сондықтан ауылдағы Майра айналасындағы топта-лып жүрген өсектері, жай сыбырдан әрі аспай, дауыстап айтылуға

Зәржанның пысы басады. Бұ да ауға шырмалған ақсұңқарға аз күнге болса да тыныс болады. Бірақ, Майра айналасындағы өсек, енді қатын-қалаш аузынан Шорманның бөрік киген «намысты» ұлдарына қарай ауысады. Мәселе насырға шабуға айналады.

«Майра адамзаттан жаралған емес, «жұһа» жылан екен. Тек күндіз адам суретінде жүреді де, түнде әдеттегідей жылан болады екен. Оны пәленшелер көріпті. Түнде шам сөндірмейді екен. Шам сөнсе тұншығып қалады екен және қараңғыда жылан болып кетуден қорқады екен. Әсіресе Зәржан келіп қонған күні шам сөндірмейді екен. Бір күні бәйбішенің көп ақы беріп әдейі жіберген бір қатыны, шамды сөндіріп көргенінде, үйдің ішінде қаптаған жылан көріпті. Зәржан оянып кетіп, қорқып, оятса Майра оянбапты. Содан Зәржан ауруға шалдығыпты. Майра болса ертеңінде әрең деп келеге келіпті. Жұрттың тілін алмай, Зәржанның Майрадан айрыла алмай жүргені де сол екен. Ол бір түнде өлтіріп тастайды деп Майрадан қорқады екен. Осының бәрін әлгі қатын біліпті» деген өсектер бірден бірге аңыз, ертегіге айнала береді. Бірақ оған Майра мән бермейді, бұрынғысындай сырнайын сызылтып, өнін қосып, Ақкеліннің бойын музыканың сиқырлы үніне бөлейді. Зәржан да осы бір кезеңде Майра жағында болады. Бара-бара Майра жалғыз болмай, оған ауылда қандай қара өсектердің барын жеткізіп тұратын достары да шығады. Бір жағынан баяғы феодалдық қара күш иелері өздерінің пасық істерін жүргізе береді.

Зәржанның Майрадан айрылмасын білгенсін ауыл «жақсылары» тағы бір амал іздейді. Зәржанның қарындасын алған күйеуі — Поштайдың Құсайынының баласы Әбу-Жүсіпті үгіттейді. Оған Зәржанға барып, қалай да Майраны тастауы керегін айтуды тапсырады. Бір алса, Зәржан осының тілін алар-ау деген үмітте болады. Әбу-Жүсіп кіріп келгенде, Майра кенет шошып кеткендей селк етіп, бірақ тез өзін өзі ұстап, оттай жанған көзін Әбу-Жүсіпке қадайды. Майраның оқша қадалған кірпілі, сымбаты, жай адам қарағанда түрінен шошитын Әбу-Жүсіптің келбетінен қаймықпауы, оның келген ниетінен қайтуына себеп болады. Әбу-Жүсіп Зәржанға оны-мұныны айтып, жай келген болып кете барады. Феодалдардың соңғы тірегі, соңғы сенімі болған Әбу-Жүсіптің миссиясы да құлайды, Майрадан айрыл деп айтуға аузы бара алмай, ол өзінің келген ізімен кейін қайтады.

Зәржанның қолында, сонымен Майра бірнеше жыл тұрып қалады. Ауылдың өсек-жыбыры Майраны жасыта алмайды. Қайта гармонның алып, ақыратып өнін салып, өзін жасытпау ниетінде жанына рухани азық алып отырады. Әрине, моральдық қапастағы Майра, көбіне өзі сияқты теңдіксіз, правосыз болған қазақ қыздарының халын суреттейтін өндерді өсіне түсіреді. Қазақ даласына көң жа-

йылған әннің бірі «Зұлхия» болатын. Еріксіз малға сатылып, алдына кішкене бөбегін алып, күндіз-түні зарлап, өзінің ауыр тағдырын ән арқылы халқына жайған бақытсыз қыздың әнін айтады:

«Қызы едім мен Зұлхия Оспанбайдың,
Қолында Абылқасым болыснайдың.
Тақсыр-ау мизамыңа мүмкін болса,
Алдыңнан кішілікпен жол сұраймын.

Оспанбайдың қызы едім мен Зұлхия,
Зұлхияның қолында гармония.
Он бес пен жиырманың тентегінде,
Ташкенттікпен мен болдым кампания.

Екі ауылдың арасы қамыс-пішен,
Қыз күніме, құдай-ау, қалай түсем,
Жер соқтырып жаманды кетер едім,
Аяғыма сен болдың алмас кісен.

Қой айдадым Ташкенттің базарына,
Кім көнеді жаманның азарына.
Отырғызып жаманды кетер едім,
Қарап жүрмін халқымның ажарына»,—

деп, өзінің жаман шалға әйел болып келгенін, болыстан әкім деп әділеттік іздегенін, жас кезіндегі өзінің сүйген ташкенттік жігітінен айрылғанын, жалғыз басы болса қашып та кетер еді, бірақ қолындағы кішкене бөбегінің аяғына кісен болғанын, сол заманның әдет-ғұрпы бойынша елінің бетіне дақ түсірермін деп, өзін өзі садақаға бергенін айтқан Зұлхияның әнін өзінің әніндей, өзінің зарындай етіп күңіренеді. Ән арқылы іште қайнап жатқан шер сыртқа шығып, біраз бойы жеңілденеді. Ауылдың бірен-саран ескілік шырмауына қатты оралған адамдары болмаса, көпшілігі Майраның әнін тыңдағанда өздерінің тағдырлары көздеріне елестегендей, еркектері бастарын үндемей изесіп, әйелдер ауыздарын сылп еткізіп, үнсіз қостап қоятын. Өйткені, ауыл көпшілігі, әсіресе қоңсы, кедей, қыз-келіншек жалпы жастар іштей Майра жағында болып, тек сырттай Зәржанның долы бәйбішесінен қорыққаннан ғана Майра соңындағы өсекті қостаған болатын.

Бұл кездерде «жұт жеті ағайынды» дегендей, өз соры арылмаған Майраның басына тағы қара бұлт төнеді. Аю бәйбішеден, өсекшілерден оңашарақ жерде ұстап, азғана күн болса да Майраның құлағына тыныштық берген ері Зәржан ойда жоқта ауырады. Қа-

зақтар ондай ауруды «кірне» дейтін. Ол кәдімгі «соқыр ішек». Бірақ ауылдың бейпілауыздары осы арадан тағы бір сөз шығарып, бұл аурудың өзін жаңа жалаға тақырып етеді: «Майра тырнағын қаймаққа орап Зәржанға беріп, ол өсіп қарнына қадалыпты» деген әңгімелер жаяды. Тап сол кезде Шорман ауылына күйеушілеп келіп жүрген, басқа бір қалада дәрігерлік мамандықта оқитын бір жігіт келіп Зәржанды көріп, оның кідірмей Омбыға баруы керегін, тезінен операция жасау керегін, бұл аурудың ешбір тырнақ-сырнақпен байланысы жоғын, кәдімгі аппендицит екендігін айтады.

Садуақас өзі бас болып Зәржанды Омбыға алып жүреді. Байлығы мен мансабы болмаса, Шорман тұқымында Майрадай орысша тілге жетігі жоқ болған себепті Майраны тілмаш есебінде ала кетеді. Зәржанның операциясы жақсы өтеді. Бірақ қазақтың әдеті бойына терең сіңген болыс, дәрігердің айтқандарын орындамай, жазылып кеттім деп, көрінген тамақты ішіп, өзінше артық қимылдар жасап, қайта дәрігерге бара қоймай, «енді не қылады дейсінге» салып жіберіп, қарнының тіккен жері ашылып, сол арадан неше түрлі инфекция кіріп, ауру ұлғайып, ақыры Зәржан қайтыс болады. Аурудың соңғы кезеңінде тағы Омбыға барады, бірақ кеш болады, дәрігерлер де уақыттың өтіп кеткенін айтып, өзіне кешіктіріп операция жасайды, бірақ ол сәтсіз болады.

Майра Зәржанның өлігін алып қайтқандармен Омбыдан кейін оралады. Шорман тұқымдарының жауыздық істерін көзімен көрген Майра Керекуге келгесін есебін тауып, өзінің туған қаласында қалып қояды.

Алғашқыда Майра Шорман тұқымының бұл қорлығына біраз ызаланса да, кейін оған қынжылуын тоқтатады. Өйткені Шорман ауылының өсек-жыбырынан құтылып, құлағы бір тыным алса, екіншіден, өзінің туып-өскен алтын бесігіне келіп, емін-еркін өнерін өрбітуге мүмкіншілік алып, жаны жай тапқандай болады. Уәли қайтыс болып, жалғыз қалып қойған шешесі Майраны көріп қуанады. Өмірдің ауыр соққыларын көп көріп көнбісті болып қалған адам, Майраның басынан өткен ауыр күндерінің шежіресін кешкі шамның жарығымен «Мың бір түннің» ертегісіндей тыңдап, жалғызының аман-есен қайта оралғанына құдайына шүкірлік етіп отыра береді.

Осы бір кезең Майраның творчестволық өмірбаянына тағы бір табыс қосады. Зулап аққан асау Ертіс, Майраның жан қылын қозғайды. Бала жасынан су жағалап, жалақ ойнап, өркін өскен өмірі көзіне өлестейді. Майра өсем Ертісіне арнап өн шығарады. Бұл әнде тек қайғы емес, үлкен ой, қиял жатады. Жас та болса өмірдің талай соқпағын көрген Майра бұл әнде Оспанбайдың Зұлхиясының: «Қоя ғой бөпем, қой бөпем! Жылама сөүлем, өлди-ау!» деп өнін қайғырып, бөбегіне айтып, өзін де жұбатқан ауыр жәйды суреттеп тынбайды.

Бұл әнде созылып аққан Ертістің әсем суреті, жақсылыққа, жарыққа аңсаған адамның арманы бар. Әсіресе қайырмасында Майраға тән шарықтау, шырқап аспанға шығу бар. Ән — өткен өмірдің музыкалық тарихы сияқты, бұрынғы қазақ қызының тағдыр үніндей. Сөйте тұра әнде басынан аяғына шейін қайғы, жылау-сықтау емес, үміттің елесі де бар, әділдіктің келуіне сенім бар сияқты. Жай адамнан сезімі мол жаралған Майра сол арада көріп тұрмаса да, өзіне лайық, өмір серігі, қорғаны болуға жарарлық идеалдық дос іздейді, арман етеді: «Ертістің аржағында көрдім сені, қамшыңды қайық қылып өткіз мені» деген халық аузындағы үйреншікті сөз бұл арада жаңа мағынаға ие болған сияқты. «Ертіс» әні халық арасына тез тарайды. Қалашы арқылы елге барады, кеменің матросы, жолаушылары арқылы Семейге, Керекудің сауықшыл жастарының арасына тарап кетеді. Патшашылдықтың ауыр салмағы халықтың еңсесін қаншама басқанымен, бұл кездерде революцияның сарыны далаға да үн бергендей, халықта бір жігер, күш, үміт болады. Октябрьдің таңы осы бір кезеңде құланиектеп ата бастағанмен таң алдындағы Шолпан жұлдызындай бір шырайды халық сезеді. Оның ішінде жан сезімі аса күшті Майра өткенді ойлап өкініп, оған күш-қайратын сарп етпей, елін үлкен аттанысқа шақырғандай албырт әнді тағы шырқайды. Бұл ән радионың толқынындай, қазақтың сол кезде қойған атымен айтқанда «шыбықсыз телеграммадай» Қазақстанның жер-жеріне тегіске жақын жайылады. Автордың өз атымен ән «Майра» атанып кетеді. Оны бір жерлерде «Увәйра» деп те атайды. Осы аттармен ол ән кейін нотаға түсті. Аты әнімен ілесіп жұртқа жайылып, енді көп жерлерде халық әннің авторын көруге таңсық болды. Өйткені, кешегі мешеулік заманда ауыздан ауызға түсіп кететін ән адамның жүрсінен бұрын қыдырып кетті. Бұл революцияның алдындағы жылдар болатын. Он алтыншы жылдың оқиғасы, Албан, Торғай көтерілісі, қаруы патша әскерімен тең болмаса да, халық күшінің түпсіз терең екенін көрсетті. Қалада өсіп, түрлі жаңалықтарды елдегі адамдардан бұрын білетін Майра бұл оқиғалардан да хабарсыз болмады. Оның үстіне: «Патша түсіп қалыпты», «Патша мінапас (манифест) болып қалыпты» деген сөздер ел арасында кең тараған болатын. Осының өзі патшашылдық тақтың халық күшінің лебімен қазығы босап қиралаңдай бастаған кезі болатын.

Октябрь революциясын Майра, барлық саясат негізіне түсініп жетпегенімен, қошеметпен қарсы алады.

«Кел қазақ кедейі,
Ұйымдас жалшымен.
Байларды, молданы
Қойдай қу қамшымен»,—

деген сол кездерде халыққа тарап кеткен қысқа үгіт-өлең еңбекші елге үлкен әсер етті. Майра бостандықтың, еркіндіктің енді туғанын көзімен көрді. Кешегі дәуірде Шорман қапасында жүргендегі көңілсіз өннің орнына енді шырқата, гармонын кере жаңа әуенді ән айту керегін білді. Өзінің «Майра» атанып кеткен әсерлі әнін бұрынғыдан да дауылдатып, бұрынғыдан да екпіндетіп, әсерлетіп айтты.

«Қызы едім Уәлидің атым Майра,
Қызыл тіл, көмекейім түгел сайра.
Қолға алып домбырамды шырқағанда,
Ілесер сонда бізге жігіт қайда?» —

деп, кеудені көтере, еркек-әйелдің теңдік заманы туғанын баса айта шырқайды. Енді «Майра» жай ән емес, еркіндік әні болып кетеді. Әннің серпінді мелодиясы, марш кейіпті өткір ырғағы, өктем-өктем сөздерді, оның үстіне Майраның бабына келтіріп орындауы — Керекудің базарын Уәлидің аласа үйіне алып келеді. Кереку былай тұрсын, бұл кездерде Майраның әндері де, өзінің даңқы да алысқа кетеді. Майраның өнері енді ғана шын мәнісінде өмірге жолдама алып, өзінің тыңдаушысын тапқандай болады. Майра Керекудің шеңберіне симай, толқын атқан өнерін басқа қалаларға да жайғысы келеді, ел аралауға бет алады. Бірақ Майра Керекуден шықпай жатып, оның «Ертістегі» «қамшыңды қайық қылып өткіз мені» деп аңсаған идеалды досы алдынан тосып алғандай болады.

1918 жылы Жаңа Семейде тұратын жатақ Әбілмажын Керекуге келеді. Ол орысша оқыған, өзі сері, палуан болады. Керекуде бір жиында Майраның әнін есітіп, қалай да жолықпақ болады. Көп ұзамай Майрамен танысып, бірі көркемдіктің, бірі күштің иесі көңіл қосуға бел байлайды. Майра жолаушылап шығуға талаптанып тұрғанда Әбілмажын Керекуге барып қалып, екеуі енді Семейге қол ұстасып келеді. Семей халқы ежелден сауықшыл, әнді, әншіні дәріптейтін. Көптен атын ғана есітетін Майраның өзі келіп, не бір сұлу әндерді шырқағанда эстетикалық сусынды зерең-зереңімен жұтқандай болады.

Майра Керекуден шешесін көшіріп алып келіп, біржолата Семейге орнығады. Әбілмажынмен сүрген өмірі бұлтсыз бір ашық күндей көңілді өтіп жатады. «Семейге Майра келіпті, әлгі көдей Әбілмажынға шығыпты» деген лақап тез тарайды. Қаланың байларының балалары бұрыннан Майраның сұлу, анау-мынау кісіге көз салмайтынын өстігені бар, мына жатақтың ондай аруды бауырына басып жатқанына қызғаныш білдіреді. Оның үстіне кемеді орыс матростары, кочегарларымен танысып, біраз саяси көзі ашылып қалған Әбілмажын, өрине, жұмысшы табына бүйрегі бұрады. Ол үйіне

«Екібастұздың» бір революциялық тапсырмамен келген жұмысшысын паналатады. Аңдып жүрген полицейскийлер ізіне түсіп Әбілмажынның үйіне келеді. Оларды терезеден көрген Майра Әбілмажынмен жұмысшыны іштен қатынайтын бір сарайға жасырып, өзі қолына гармонын алып әндетіп отырады. Әннің нақысын бұзабу үшін әдейі есікті ашып болмағандай, кешігіп барып ашады да, келгендердің сөздеріне мән бермегендей, әнін салып отыра береді. Сұлу келіншектің гармонмен бұралтып әдемі ән салып отырғанын көрген солдаттар есі шығып біраз кідіріп, тыңдап қалады. Әлден уақытта Майраны тоқтатып, келген жұмыстарын айтады. Майра ешнәрсе түсінбегендей басын шайқап, бұл үйге ондай адамның келмегенін айтады. Майраның әдемі орысша сөйлеуі әлгілердің назарын тағы біраз уақыт айналдырады. Бұл кезде Әбілмажын мен жұмыскер қашып та үлгіреді. Екі солдат қолдарын мұрнына тығып бос қайтады. Сөйтіп, Майраның тапқыштығымен екі адамның өмірі бейнеттен арашаланып қалады. Айтушылар Майра қазақ, татар әндерімен қатар орыс әндерін, әсіресе қала әндерін жақсы білетін болған дейді. Әлгі керексіз қонақтар келгенде, олардың көбіне жүйесін босатқан Майраның орыс халқының әндерін құйқылжытып орындағаны болса керек.

Майра мен Әбілмажынның жаулары мұнымен де тыныштық таппайды. Өзі сері, өзі шешен, өзі әлді Әбілмажынның кедейлігін айтып, кемітіп, Майраның құлағына масадай ызыңдағандарын қоймайды. Ондайларға Майра:

«Әр істің ақырында сабыр жақсы,
Пайдасыз жиған малдан қадыр жақсы.
Жігіт боп бір атыңды шығармасаң,
Жүргенше өйтіп тірі қабыр жақсы»,—

деп өлеңдетіп, әндетіп жауап береді. Майраның ондай жауабы бай балаларының зығырданын бұрынғыдан жаман қайнатады. Енді олар басқа амалға, қаражүректік жолға көшеді. Әр жайда да күш иесіне тән Әбілмажынның аздаған аңғалдығын, сенгіштігін пайдаланып, олар неше түрлі сұмдық, өтірік жаланы Майраға жабады. «Адамзатты сөз бұзады» дегендей, ақыры бір күні Әбілмажынның басын айналдырып, Майрадан айырып тынады. Сол кезде жалғыз шешесін жерлеп, мұңды болып отырған Майраға мына соққы ауыр тиеді. Сөйтіп Керекуден үшеу болып келген Майра Әбілмажыннен тірі айрылып, шешесінен өлі айрылып, Керекуге жалғыз қайтады. Кішкентайынан басына түскен өмірдің ауыр салмағы тағы қайта оралып, Майраның семьялық ошағы құлайды.

Майра — әйел үшін бұл сапары сәтсіз болып біткенмен, Майра — өнерпаз үшін оның Семейге бұл келуі олжасыз болмайды. Ол

мұнда белгілі әнші Әміремен танысады. Екеуі қосылып талай әндерді шырқап, Ертістің бойын жаңғыртады. Ол бір кезде Әміренің дері зауының қарауылынан енді-енді арқа-басы босап, еңсесін көтеріп, жаратылыс берген дарынын аша бастаған кезі еді. Өзі жас, өзі адамға бітпеген әрі күшті, әрі жоғары дауысты Әміре Майраға үлкен әсер етеді. Майраның қсю қоңыр меццо дауысы, Әміренің лирико-драмалық тенорымен ұштасқанда, көзіңді алмай қарайтын көркем суреттей ұйысың. Бұл кездегі біздің түсінігімізде бірер сағаттық қана әуе жолы болғанымен, ол кездің географиялық жайында Кереку мен Семейдің арасы едәуір қашық болатын да, ән дәстүрлерінде де айта қалғандай айырма бар-ды. Семей айналасында тараған «Әудемжер», «Үш дос», «Екі жирен», «Ағаш аяқ», «Қос барабан» сияқты әндерді Майра үйреніп, репертуарына үлкен жаңалық қосып қайтады. «Жамандықтың да жақсылығы болады» деген орыс халқының мәтеліндей, Майраның жел аударған қаңбақтай Шорман ауылына баруының өнер жағынан үлкен пайдасы болады. Тек қаланың музыкалық дәстүрінде қалып қоймай, ол арқаның ән дәстүрін бойына жиып қайтады.

Майра — әнші үшін бұл сапардың тағы бір олжасы — Семейде оның Абайдың әншісі Әлмағамбетпен кездесуі болады. Қазақтың бұрынғы ән дәстүріне қарағанда үлкен жаңалық болған Абай әндері Майраның жүрегінен айрықша орын алады. Ақын жанды, сұлу сезімді Майра данышпан Абайдың әндерінің музыкасына да, сөзіне де ұйып тыңдап, үлкен мән береді. Кейбір әндерінде өзінің суретін көргендей, көз алдынан небір өткен өмір суреттері тізбектеліп өтіп жатады. Өмір образының, мінезінің, әнінің жаңалықпен толы, ескіліктің азабын басынан кешірген Майраға, Абайдың әндері қатты ұнады. Халық әндерінде кейбір кездерде көрінген сөздерді «жегіп алып» жүре беретін болса, Абай әндерінің әрқайсысының сөзі мен музыкасы өз алдына, бір әнін екінші сөзбен айтуға келмейді. Оның үстіне «Ауылым көшіп барады», «Астымда бір атым бар», «Барсаң сәлем айта бар», «Ауылдың ақсақалы» деп келетін сөздер емес, өмірдің түрлі тарауын «бөтен сөзсіз» тура айтқан өлең ұнады. Оның үстіне Әлмағамбеттің өз аузынан Абайдың әндерін алу — Майра үшін үлкен жаңалық, ән сапарындағы соны қадам болады. Семей қаласында атаман Анненковтың, Колчактың әскерлерінің тұрғандығын пайдаланған байлар мен саудагерлер Майрадан Әбілмажынды айырып, жанына жара салғанмен, Әміре, Әлмағамбет арқылы Майра жан азығының қорын молайтып алады. Майра Керекуге келгенде бостандық алып, қуанышқа толған қала еңбекшілері, оны жақсы қарсы алады. Майраның репертуары бұрынғыдан байып, Кереку жұртшылығы естімеген Семейдің не бір әндерін алдарына тартады. Әніне әбден бөрілген Майра өмірдің қызығын енді өнерден іздеу

керек деген шешімге келеді. Гармонды құлаштай, әсем дауысын құйқылжыта, Керекудің қалалық клубында жиі шығып тұрады. Майраның қайтып келуімен байланысты Керекудің сәні кіргендей болады.

Қанша уайым жемеймін дегенмен, кей кездерде Майраның қиялы шарықтап, сонау Ертіс жағасындағы пристанды аралап кетеді. Осы халіне қала жазықтыдай Керекуді кінәлайды.

Кереку күйіп кетсін қала болып,
Көргем жоқ өмір мұндай бала болып.
Ішкенім алты ай жаздай қайғы щайы,
Байланды көкірекке нала болып,

деп өлеңдетеді. Одан қаланың кішкене бақшасын сүзе, жақсы бір күндерін есіне түсіреді. Ол Әбілмажынмен танысқан, жүрген жерлері болады. Міне бақтың ішінде келе жатып, Майра ыңылдап қана бір әннің тақырыбын бастайды. Әдемі түстей ойы бұзылып кетер дегендей, тез басып, айналадағы ешкімді көрмей, кездескен таныстарына қайрылмай үйіне жетеді. Шешінбестен гармонын алып, іште қайнаған шердей әнін аңыратып ала жөнеледі.

«Дос тұттым, болдым жақын тіліңе ердім,
Басқадан сені өзгеше артық көрдім.
Кіршіксіз махаббаттың қойынында,
Өзің біл, жүрегімді саған бердім»,—

деп шырқай бастап, арасында толқыған жүректің ырғағының көлеңкесіндей ән жоғары, төмен толқып, ақыры, қайырмасында күні бітіп аққан жұлдыздай төмен қарай баспалдақтап жылжыған мелодия жолы — сөніп бара жатқан махаббат отындай тұншыға, «қарауыта» түседі. «Бұл керемет, жаныңа тиетін, қайғыға толы мелодия» дейді бұл әнді А. Затаевич. Майра бұл әніне «Бақша» деп ат берді. «Бақша» жақсы күннің естелігіндей. «Мейлің суыққа үсір, суға түсір! Әйтеуір болдым жақын, соңына ердім» деген қайырмасындағы сөздері, бір жағынан нәзік жанды адамның лирикалық үні болса, екіншіден, трагедияның, айрылудың ауыр жайларынан да хабар береді. Әттең, біздің, бір әнді отыз жыл айтып, репертуарында жаңалық іздеуге тоғышар әншілеріміз осындай шығармаларды халық арасына жайса қандай жақсы болар еді! Кім біледі, «Бақша» Майраның Семейде жүргенде көкейіне келген ән де болар. Өркөкірек өнерпаз, ауыр оқиғаның болған жерінде совет халқының жауларының қамауында сыр бергісі келмей, қайғының, өкініштің үнін ішіне жинап, тұған қаласына алып келіп бір-ақ шығаруы да мүмкін. Қалай деген-

де де «Бақша» өннің асылы, А. Затаевичше айтқанда, Майраның өзі қалдырып кеткен «Аза өні» деуге де болады.

Майра Керекуде тұра бермейді. Совет үкіметі орнап, ақтардың әскерлері күйреп быт-шыт болып, Ертіс бойында енді жаңа өмір басталады. Қалибек Қуанышбаевтың бір естелігінде 1924 жылы Майраның Семейдің осы күнгі облыстық театрының үйінде болған үлкен концертте шыққанын оқимыз. Қалибектің айтуынша онда Майрадан басқа Әміре, Кали (Байжанов) тағы басқалар болған сияқты. Ол жиынды ұйымдастырушы сол кезде Семейдің губерниялық атқару комитетінің председателі болып тұрған Мұхтар Әуезов көрінеді. Мәжіліс олимпиада сияқты болып, онда бірнеше түрлі бәйгілер белгіленген. Бірінші бәйгені Әміре мен Қалиға бөліп берген. Майраның онда қандай әндер орындағаны жөнінде Қалибектің естелігінде ешнәрсе айтылмайды. Бірақ сол жылы Майраның Семейде болуы анық. Ол қымызшы Ажар деген қатынның үйінде жатады. Ажардың қымыз дүкенінің жанында жиналған жұртқа ән салып береді. Әрине, Майраның өнін тыңдаймын деп келгендер Ажардың қымызынан ауыз тимей кетпейді. Сондықтан Ажардың Майраны аса құрметтеп, Семейден сыртқа шығып қымыз сатқанында да, үйіне жатқызып құрметтеуі жай емес. Бірақ Майра мен Ажардың достығын тек саудамен байланысты деу де дұрыс болмайды. Еңбегімен күн көрген қарапайым әйел Ажар Майраның өнерін қатты бағалау арқылы жақын болса керек.

Майра Семейден тағы Керекуге қайта оралып, одан Баян жаққа кетеді. Жүрген жерін базар етіп, Семейдің әндерін ол араға жайып, Баянның сұлу әндерін репертуарына енгізеді. Жоғарыда айтылғандай, Майра шын мәнісінде сүйген өнеріне бүтіндей беріліп, өншілік тәжірибесін молайту үшін ел аралайды. Бірқатар адамдардың: «Майра бетімен кеткен адам болған» деулеріне де осындай ән сапарлары себеп болу керек. «Творчествоға берілген, қызу мінезді, артистік қабілеті бар әйелдің өркін, тәуелсіз характері, әсіресе даңқы шығып, жеңістен жеңіске ие болып тұрған кезінде, оның істеген ісінің бәрі де шығыс халқының өзіліп келген әйелдерінің салтына қарама-қарсы келетін. Сондықтан, ондай әйелдерді тым өркін, бетімен кеткен, жүгенсіз деп қана бағалайтын» дейді Майра туралы бір сөзінде А. Затаевич. Ал Майра болса ондай өңгімелерге құлақ аспай, өзінің алған бетінен қайтпайды. Бұрынғысындай аяғы жеткен жерге барып, азығы — өнін күйттеумен болады. Енді қандай жиынтоп болса, ол Майрасыз өтпейді. Ат аяғы жететін жер болса Майраны алдырады. Майра көпшіліктің сүйген адамы болады.

1925 жылдың жазы. Майра Қоянды жәрмеңкесіне барады. Онда көптеген халық өнерпаздарымен көздеседі. Қазақтың не бір саңлақ өншілері, тақпақшылары, ақындары, палуандары, өдеттегідей, жер-

меңкеде бас қосады. Ақын Иса, балуан Қажымұқан, Майра үшеуі жәрмеңкенің адамдарына өнерлерін көрсетеді. Жұп-жуан темірді қамырдай илеген күш алыбы Қажымұқан, өлеңі де, әні де жастықтың жалынымен толы Иса көркемдіктің, күштің базары болады. Осы сапарда Майра өзінің «Даланың әні» деген әнін шығарады. Бұл ән көпке белгілі «Майрадан» өзге, созымдылық, кантилена жағынан «Ертіске» (Кереку айналасында бұл ән «Хәллу-Бәллу» деп айтылады) жақындайды. Мұнда еркіндік алып, гүлденген даланың, еркін жұтқан ауаның хош иісі келеді. «Дала әні» үлкен дауысты тілейді. Майраның орындауындағы А. Затаевич нотаға түсірген әндердің көбі солай — орындаушылық шеберлікті, кең көлемді дауысты тілейді. Ал, бұл кездерде шын мәнісінде еркін заманға кез болған Майра дауысын бұрынғыдан да көтере, шырқай әндеткен болу керек.

1926 жыл. Июнь айы. Майра парходпен Керекуден Семейге қарай өрлеп келеді. Оның Ертісті жоғары өрлеуі — ән өнерінің де жоғары өрлеуі, жаңа белестердің асуынан асу сияқты. Ол осы сапарында белгілі этнограф А. Затаевичпен кемеде кездесті. А. Затаевичтің айтуынша Майра Семейге шейінгі екі суткалық жолда бірінші кластың салонына бірнеше рет көтеріліп, пиано арқылы оның әндерін жаздым дейді. Әңгіменің басында баяндалғандай А. Затаевич Майраның әншілігіне, адамшылығына жоғары баға берген. Ол дәлелді де. Шынында Майраның А. Затаевичпен кездесуі онші үшін үлкен оқиға болған. Бір кезде әні үшін жазғырылып, жаратылыстың бойға берген өнерін дамытуға жағдай таппай, үнемі қудалауда, дәлелсіз өсек ортасында болса, енді Майраның өнерін халық пайдасына керек деген адам келіп, қағазға түсіруі, оның үстіне үлкен қошемет көрсетуі әншіге жаңадан қанат бітіргендей болады. Осы бір Семейге келген сапарында Майра қалада ұйымдаса бастаған драма үйірмесімен, оның адамдарымен танысады. Бұл үйірме болашақ театрдың арқауы болады. Жеке ән орындау мен белгілі рольде ән орындаудың айырмасын көреді. Майра театрдың белгілі кадры болғысы келеді, сол кезде көріне бастаған қазақ драматургтарының пьесаларында ойнауды арман етеді. Майраның тек дауысы ғана емес, сахналық қабілетінің де бар екенін, оның үстіне жаратылыстың өзі Майраны сахнаға арнап «жаратқанын» әрқайсысы да көреді. Семейдің үйірме мүшелері Майраның бұл ойына қосылып, қатарларына әйел ролін ойнайтын адамның табыла кеткеніне қуанады. Өйткені, ол бір жылдарда көбіне сахнада әйел ролінде еркектер ойнайтын. Қандай оқыған, көзі ашық азаматтардың кейбіреулері әйелдерін сахна артына жібере қоймайтын. Сондықтан драмалық үйірмелерде әйел роліне әдеміше келген, беті қызыл шырайлы, кішкене, бойы орташа, жіңішке еркектерді таңдайтын. Ал оның кейбіреулері күні бұрын дағдыланып, үйреніп, сахнада ешбір күмән

келтірмейтіндей дәрежеге жететін. Мысалы, кесте тіккенде ондай «әйелдердің» қолдары қолдарына жұқпайтын. Ал, енді жасанды әйел емес, шын әйелдің өзі, екіншіден, Майра сияқты сұлу, дарынды адамның келуі салтанат болған-ды.

Бірақ мұнымен Майраның армандары орындалмайды. Өткен өмірдің соққылары қоя ма, денеде жинала жүре, ақыры сыртқа да білінеді. Майра туберкулез болып ауырады. Өзінің туған қаласы Керекуге қайтады. Ауру күннен күнге үдей түседі. Соның салдарынан келесі жылы Москвада өткен СССР халықтарының концертіне қатыса алмайды. Әдейі шақырту жіберген А. Затаевич Майраның ондай халге түскеніне қатты қынжылады. Майра осы аурудан бас көтермейді, 1929 жылы ардақты әнші, қазақ совет сахнасының болашақ көркінің бірі қайтыс болады.

Майра А. Затаевичке 13 ән жаздырған. Олар бірінен бірі өтеді. Сол әндердің өзі Майраның өнер құлашын көз алдыға келтіреді. А. Затаевич Майраның «слухы, дауысы жақсы, бір есіткенін қағып алатын, орындағанда әр кезде өзінше интерпретация беретін» деп келіп, оның осындай әншілік кең құлашының «көптеген әндердің авторы болуына себеп» болғанын айтады. Майраның адамшылығын баяндаған жерде А. Затаевич: «Қалай болғанда да мен Майраның көргенсіздік, шалпауыттығын көргенім жоқ, қайта ол айналғасындағыларға салмақты, ұстағанды көрінді», «... өмір карьерасын уақытсыз үзген бай қабілетті адамды көрдім» дейді. Оқушыларға түсіндіре кететін бір жағдай А. Затаевич Майрамен 1926 жылдың жазында кездесті де, ол туралы жазғандарын 1931 жылы «500 қазақ әні» деген кітабының комментарийларында жариялады. «Омбыға қайта келе жатқан сапарымда Мағираны Павлодардың пристанында кездестірдім, онымен достық лебізде қоштастым, оның көз тартатын көркем костюмында, эффектілі күйде соқғы рет кездестіремін ғой деген ой менде болмап еді» деп жоғарғы әңгімелерінің жалғасында тағы қынжылады.

Бұл мәселеге біраз тоқтаған себебіміз — Майра туралы ел арасында оны-мұны ұсақ әңгіме, аңыздар да жоқ емес. Олардың бірқатары Майраны: бетімен кеткен, бұзық болды деген де бар. Бірақ жоғарыдағы қазақ музыкасының нұсқаларын көп жинаған, көптеген адамдармен кездескен, өмірлік, музыкалық тәжірибесі бай, қазақ халқының шын досы — А. Затаевичтің берген бағасы ондай өсектерді өшкөрелейді. Әрине, ол заманда өз бетімен үйден шығып, үлкен қалаларға, жәрмеңкелерге, жиындарға барып жүретін өрт мінезді әйелді найзаның ұшына іле сөйлеу — үйрөншікті нәрсе. Майра болса, көз келген жерде ән айтып, немесе өнерін сатып жүрген адам болмаған. Ол музыка өнерін аса қымбат, музыка туын жоғары ұстаған адам. Бұл жөнінде Майраны көрген адамдардан жиған мәлі-

меттер біздің айтқанымызды растайды. Бойынан кісі сөзін асырмайтын, өр көкірек әйел, өз басының да, өнерінің де бостандығын іздеген қайраткер көпшіліктің бәріне бірдей қайдан жаға қойсын.

«Жігітке қиын сауда халыққа жақпақ,
Көңілін бай-жарлының бірдей таппақ.
Қақ жарған қара қылды болсаң да әділ,
Кетеді біреу мақтап, біреу боқтап»,—

деген өлең бекер шықпаған болу керек. Біздіңше Майра қазақ халқының қалаулы қызының бірі, кейінгіге өшпес мұра қалдырып кеткен творчество иесі. Басқа әндерін былай қойғанда оның жалғыз «Майрасының» өзі әншінің өз қолымен қалап кеткен ескерткіші болуға тұрады.

Майраның жоғарыда аты аталғандардан басқа «Қызыл гүл» аты әні бар. Әрине, әннің атының әзі қалада өскен адамның, оның ішінде нәзік жанды суреткердің көзіне бірінші түсетін гүл екенін айтып тұр. Қазақтың халық композиторлары, әншілері, күйшілері жөнінде соңғы кездерде ғана көлемді зерттеулер басталуда. Сөз жоқ, Майраның өмірі жайлы, оның бұрын естілмеген шығармалары жайлы жаңа деректер көрінуге тиіс.

Бұл жазылып отырған материалдың негізі қазақтың халықтық мәдениетін талмай зерттеп келе жатқан жазушы, ақын Сапарғали Бегалиннен алынды. Ол Майраның туған, жүрген жерлеріне әдейі барып, оның Кереку бойынша өмір бойы көрші тұрған адамдарымен сөйлесіп, тұрған үйін, бейітін суретке түсірген. Майраның қабырының нұсқасын көрсеткен — Павлодар қаласында, 25 октябрь көшесі, 73 үйде тұратын Садық Торсықбаев деген азамат. Ол өмір бойы, жоғарыда көрсетілгендей, Майраның үйімен көрші тұрған көрінеді. Садық Майра қайтыс болғанда қолынан қойысқан, Майраның балалық, жастық шақтарын біледі. Майраны қолымен қойғанның бірі — әншінің ең соңғы орыс жұбайы көрінеді (аты-жөні қолға түспеді). Өнерінде де интернационалшыл Майра өмір жолдасын таңдауда да ұлт арасындағы көне заман тудырған жасанды шекараны бұзып өткен. Бұл күйеуі кітап саудасында істеген, мәдениетті, Майраны аса қадірлесе керек. Майраның Шорман ауылындағы кездерін, одан кейінгі бірсыпыра өмір кесегін Баян қаласында тұратын Бисембай Байғазы баласы берген. Ал Зэржан алар алдында Майра Баян қаласында Совет көшесі, № 2, Кәрімжан Баймұратов деген кісінің үйінде тұрған. С. Бегалин бұл айтқандардан басқа көптеген адамдармен сөйлескен. Олардың бәрін бір жерге жиып, салыстырып келгенде, Майраның аянышты да, үлгілі де өмірі бір қатар көз алдыға келеді. Келешекте одан да толығыр дейміз.

Майраның творчествосы советтік Қазақстанның музыка мәдениетінде үлкен орын алады. Композитор А. Зильбер өзінің «Қайта туған Қазақстан» атты симфониясының бір бөлімін түгелдей «Майра» әнінің негізіне құрды. Бұл ән көп композиторлардың өңдеуінде әншілердің репертуарынан кең орын алды. Жазушы, ақын, ғалым Әбділда Тәжібаев «Майра» атты драмалық пьеса жазып, Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық драма театрында ол пьеса қойылып, халықтың махаббатына бөленді. Өмірі күрес, өнер өрбітумен өткен Майраның образы көркем шындық негізінде сахнадан жарқырап көрінді. Майра жөнінде әлі де көптеген көркем туындылар шығуына біздің барлық мүмкіншілігіміз бар.



БАҚША

Майра


Асықпай үлкен сезіммен.



Дос тұт-тым бол-дым жос-қын ті-лі-ң(е)ер-



гім, Бас-қа-дан сырт тү-рің-гі ар -



тық көр-гім. Кө рі - ніс шы-ра-йың-да еш кір-ші



жоқ, Ө-зің мен жү-ре-гім - гі хақ -



қа бер-гім. Мей лің су-ық-қ(а)у - сір! Мей



лің су-ға тү - сір! Әй _____




те - уір құ-дай ге гім _____




қа-сы-ңа ер гім, Ой хә-лә лім!

ЕСТАЙ



Біздің ғасырдың оныншы жылдарының ортасы. Жаздың бір самалды кешінде астында тобылғы торы аты бар, басында—

ішіне кестелі орамалды бастыра салған қара ноғай төбетей, кең маңдайлы, ірі мұрынды, шоқша қара сақалына жарасып тұрған әдемі мұрты бар, сәл сопақ бетті, ойлы көзді, қара бешбеттің ішінен қылқи жаға ақ көйлек киген, қараторы адам жай желіспен келеді. Сол жағында Жағалбайлы тауы, оң жағында Қара-Ертіс алдында кең босағадай болып бір жағында Жақсы-Арғанаты, екінші жағында Жаман-Арғанаты таулары көрінеді. Салтатты асығатын түрі жоқ, кеш жақындап қалса да біресе асау Ертістің жағасын көзімен шолып, біресе жақындап қалған Арғанатына қарап, бір нәрсе ойына түскендей басын изеп, қасында өшкім жоқ болса да бір мезгіл күлімсірегендей болып, қайтадан ойланып қалады. Бір сәтте ол ерінің қасындағы үш бұрышты, қысқа мойынды, сегіз пернелі, екі құлақтың арасынан бекіте сары үкі таққан домбырасын алды да, тізгінін ердің қасына іле салып, аттың жүрісін өз еркіне беріп, қамшысын тақымына қыстырып, тиөгін орнына тікейтіп қойып, тұратын жеріне бір-екі түкіріп жіберіп, құлақ-күйін түсіре бастады. Ұзақ бұрап жатпай перне басып, домбыраның мойнын аз бойлады да, оң қолдың басбармағын бет-тақтайдың үстінен басып тұрып, сұқсаусақпен жайлап, екі шөкке көзек көшіп қағып-қағып жіберді. Кешкітұрым салқынмен бабына түсіп қалған домбыра аңырай жөнелді. Осы кезде әдетше өншілердің алғашқы айқайына баспай, домбыраның бас регистрінде тұрып алып, майда қоңыр үнмен: егіғай-ай, егіғай-ай, егіғай, егіғай! — деп бір жаңа өн тақырыбының басын іздегендей болды. Одан кейін бірнеше рет осы бір көркем мелодияны бір-екі рет қайталап, үзбей



Эстай Беркімбаев

ақырын ғана даусын қосып, үн сандығының кілтін тапқандай бетінде қуаныш, рахат сезімі көрініп, үілдетіп, соза берді. Оның басындағы «Егигайы» бір жағынан әннің тақырыб-мелодиясын іздеу болса, екіншіден ішінен сөзін қалай бастауды да іздеген сияқты болды. Енді бір-екі рет тамағын кенеп, адам жоқ екенін біле тұрса да айналасына қарап алып, ілбіп қалған атын кішкене тебініп жай желіске түсірді де, соны әннің ырғағы (ритмі) еткендей:

Ертістің аржағында Арғанаты,
Әншінің домбырасы — қолқанаты.
Аралап Қара-Ертісті Естай ақын
Деп салған «Жай қоңырдай» әннің аты,—

деп, қайтадан қоңырлатып, «егигайлап» әннің кеудесін бітіргенсін домбырасын қаттырақ қағып, дауысын көтеріп: «Халә-лә-ку-ләй-ләй» деп қайырмасын бірнеше рет қиюлап, оюдай ирілтіп, біресе жоғары, біресе төмен лекітіп, кейін қайтты да, аяғын баяғы қоңыр дауыспен «Егигайлап», сызылтып барып бітірді. Бір үлкен жұмысты бітіргендей тағы бір жымыып күлді де, домбырасын ерінің қасына іліп, қас қарайып бара жатқанын көріп, алдындағы белден асып, иттің даусы естіліп жатқан ауылға бармақ болып, құлан-текірекке салып, кідірместен жүріп кетті.

Бұл келе жатқан белгілі әнші, ақын, композитор Естай еді. Оның халық арасына «Жәй қоңыр» деген атпен тараған әні осы сапарда шыққан болатын. Алдындағы әнші ағалары сияқты Естай да ел аралап, есіткен әнін ала жүре, өзінің творчествосын жайған кісі болатын. Қазақтың халықтық музыка творчествосының бұ да бір белді қайраткері болды. Оның өмірі жайлы айта қалғандай толық баяндай алмасақ та, енді сол жаққа оралалық.

Руын, туған жерін Естай өзінің өлеңінде анықтап айтып береді. Бір әннің сөзінде Естай:

Облысым Павлодар, Естай атым,
Жұртқа баян істері азаматтың.
Орта жүз, Сүйіндікпін бері келе,
Төлебай, Қанжығалы арғы затым,—

дейді. Міне сол Павлодар облысының, Куйбышев ауданы, «Ақкөл» деген жерде Естай 1874 жылы туған. Естайдың қыстауы осы Ақкөл де, жаз жайлауы Ит мұрын, Бес төбе, Қойайырған деген көлді жер, Руы — Алмашы. Әкесі Бөркімбай екі аяғы жоқ мүгедек болған. Дәулеті де айта қалғандай емес, егер тек әкесінің қолына қараса Естайға оңай соқпайды екен. Естайдың бақытына бір ағасы күйлі болып,

Естай жас басынан соның қолында болады. Мұндай мұқтаждық көрмей өсу — Естайдың болашағы үшін үлкен роль ойнайды. Басқа өнері болмаса да, ағасы Естайдың талабын кес-кестемей, оның ерте ояңған сезімінің баюына қолынан көлгенінше жәрдем береді. Қазақ өдетіндегі жастай мал бағуға бейімдеу де ағасының ойында болмайды. Оқып,біліп сезбесе де, Естайдың көп балалардың бірі емес екендігін байқайды.

Естайдың арғы аталарында айта қалғандай әнші-күйші, ақын болмағанмен, нағашы жағынан өнерден құр болмайды. Нағашысы қозған руынан кезінде белгілі әнші болған Байтұлым деген кісі. Естайдың шешесі Құлипа жақсы әнші, көркем дауысты, өткір адам болады. Өзінің «арқасы» болғаннан ба, Құлипа да кішкене Естайдың әуесқойлығын ерте байқайды. Шешесі ән салғанда аузына қарап, үнемі бақылап отырған жас талапкердің талағында бір нәрсе бар екендігі көп ұзамай білінеді. Ауыларасылық шағын ойында Естай өзінің бала дауысымен ән салғанда, айналадағы бала түгел, үлкендердің өзі құлақтарын түріп тыңдайтын болады. Он бес жасқа келгенде Естай өз айналасында әнші бала, кейін әнші жігіт атанады. Оның бағына ол кездегі Павлодар уезінің жерінде әншілер көп болады. Тек ән емес, өткір сөз, улы қалжың, сықақпен аттары әйгі болған өнер иесі адамдар көп болады. Әсіресе ол өреде аты шулы Біржан сал, Ақан сері сияқты әншілерді білмейтін, әнді құрметтемейтін кісі сирек кездеседі. Міне, осы бір дәстүр Естайдың тез шынығуына, өнер жағынан ерте ер жетуіне шешуші себептің бірі болады.

Жасы жиырмаға келмей жатып Естай, жоғарыда айтылған, әннің екі алыбын да көреді. Біржан салдың қасында бір жылдай өріп жүреді. 1889 жылы сондай-ақ Ақан серіге шәкірт болады. 1893 жылы екеуінен де тікелей ән үйренеді. Бұл жағдай Естай үшін үлкен бақыт болады. Айтушылар Естай Ақанның «Нұриласын» халық арасына бірінші жаюші болды дейді. Екіншіден, Естайдың Біржан мен Ақанды көруі, бірге болуы, олардың орындауын есітуі әндерін үйренуі үлкен мектеп болды. Ол мектеп Естайдың ән шығару әдісіне әсер етті. Байқаған кісіге Естай әндерінде Біржанның да, Ақанның да әуендері сезіледі: шалқыған кең тыныс, куплеттік өлеңнің схемасынан өнде «шыға жайылу», кеудеден кем соқпайтын, аса дамыған қайырма-малар, сөз мәні мен ән мазмұнының қабысып жатуы, азаматтық лирика, демократиялық арқау тағы тағылар «ағаларының» дәстүрінен көшкен деуге болады.

Естай қабырғасы қатып, өзінің өскен жерінде бірқатар уақыт болып, әнші деген атқа іліккенсін сапарға шығу талабында болады. Бірінші маңдай түзеп, беттегені Маралды жағы болады. Өзінің өлеңінде келетіндей, Естай ол елді біраз аралайды. Біржанның, Ақанның

өндерін айта жүре, өзінің де творчестволық қадамы сол елде басталады. Қайда барса да қадірлі, сыйлы қонақ Естай, асықпай, бір ауылға түстеніп, екінші ауылға қонып, жүре береді. Ал, оның өз жанынан ән шығару қадамын ұруда белгілі себеп болады.

Маралды болысында (солтүстік-сібір жақтағы аймақ), Ұрық ауылында, түбі Қыпшақ — Сұңқар, Сұлтан деген белгілі адамдар болады. Оның Сұңқары болыс та, Сұлтаны би болып, сол елде беделділердің қатарында болады. Сұлтанның Хұсни, Хорлан деген екі қызы болады. Естайдың жиырма жас шамасында шыққан «Хорлан» әні осы екі қызбен байланысты болады. Ал, Естайдың Хорлан аулына келіп, онымен кездесу оқиғасы былай:

Ақкөлден жүз елу шақырымдай Ертіс деген жерді (кейін Ертіс ауданы болды) жайлайтын Сүлеймен деген бай болған. Оның баласы Шошан мырзаның айттырып қойған қалыңдығы Маралды елінде екен. Шошан қайнына барарда, бұрыннан атын халық білетін, өзінің үйінде де бірнеше рет қонақ болып, ән салған Естайға қос атпен кісі жібереді. Ел аралауды жақсы көретін әнші, мүмкін Маралды жақтан жаңа ән олжалап қайтар, күйеу жолдасы болып емес, елдің ардақты әншісі болып, жайы келсе менімен барып қайтсын дейді.

Естай үшін бұл бір сапар қызықты болып көрінеді. Жаңа жер, көрмеген ел, әншіні қызықтырады. Әдетінше әсем киініп, Естай Шошанның аулына келеді. Біраз күн тынығып, Шошан мен Маралдыға бірнеше кісі болып жүріп кетеді. Ол кезде қазақ Сібір жақты «іш жақ» дейтін, сол себепті Естайдың «Хорланында»: «Іште бар жердің аты Маралды-Ұрық» деп келеді.

Шошанның қалыңдығының үйі жалпы «Сұлтан аулының» атына жатады екен. Күйеу келгенсін Сұлтан аулы және айналадағы жақын ауылдардан қыз-бозбала жиналып, күнде думан болып қалады. Сол думанның бел ортасында Сұлтанның қыздары Хұсни мен Хорлан болады. Өзі сері, өзі әнші, өзі ақын Естай бірден Хорланға ұнайды. Естайға да Хорланның бірінші көзқарасы ой салады. Екеуі ретін тауып әңгімелесіп, бір-бірін сүйетіндігін жария қылады. Қалай да болса қосылудың жолдарын әңгіме етеді. Ақыры Естай Хорланды алып қашпақ болады. Өйткені берулі қызды алудың басқа жолы болмайды. Уәдені қатты байласып, Естай Ақкөлге келіп, дос-жарандарымен ақылдасады. Бәрі де Естайдың суреттеуі бойынша Хорланды алуды қостайды. Келесі жылы Естай қасына Қауидың Қожақыметі деген досын өртіп Маралдыға жүреді. Сұлтан аулымен көршілес ауылда ән салып, қыдырып жүрген болып, Хорланға хабар жібереді. Хорланның шығуының сәті түспей арада жылға жақын уақыт өтеді. Ол екі ортада Естай мен Хорланның көңіл жақын екендіктері де ашылып қалады.

Қызының мұндай жағынан хабардар болған әкесі Сұлтан Ши

қаласы (Славгород маңындағы) Шұқыр деген жерді жайлайтын Хорланның күйеуі Мұхамеджанның әкесіне хабар беріп, ұйпа-жұйпа, тездетіп тойын өткізіп, «ай-күннің аманында құтты жеріне қондырайын» деп, Хорланды ұзатып жібереді.

Хорлан Естайдың өле-өлгенше ішінде қалған арманы, өмірінің драмасы. Міне, осы оқиғаға арнап Естай «Хорлан» әнін шығарады.

Іште бар жердің аты Маралды Ұрық,
Сол елді сейіл қылдым кезіп жүріп.
Әмізе қорлыға деп зар илеймін,
Сол елде хұсни көркем бір қыз көріп.

Сұрасаң қыздың аты Қорлығайын,
Мағрұб қолға берді туған айын.
Әуелде жазбағансын болмайды екен,
Мақсатқа жете алмадым, не қылайын.

Бірі апа, бірі сіңлі Хұсни-Хорлан,
Екеуі туған екен бір анадан.
Бұрынғы Гүлжазира қыздарындай,
Дүниеге келе бермес ондай бағлан.

Айрылдым Хорлан сенен құдай алмай,
Құр ішім тола берді жылай алмай.
Бар еді қимас күндер тату өскен,
Келер ме енді айналып о, дариға-ай!

Жұрт күлсе «ғашық адам» деп күледі,
Басына келмеген жан не біледі?
Айрылдым Хорлан сенен арманда боп,
Шіркін-ай, екі келмес бір күн еді.

Ахау жалған,
Хұсни-Хорлан!
Екі бағлан.
Екеуі туған екен бір анадан.

Жігіттер қалма қапы бұл жалғаннан,
Жігіттің арманы не сүйгенді алған.
Сірә сіздей жан тумас,
Тусе туар артылмас.

Бұл ғаламды шарықтап,
О, дариға ләуліктас,
Бағдат, Мысыр, Шынмашын,
Іздесем Хорлан табылмас,—

деп бітіретін, жәй куплеттік ән емес, өзі жатқан бір ірі романс келіп шығады. Әннің қайырмасының өзі жәй түсініктегі «қайырма» деген ұғымға симайды. Ол әннің біте қайнаған бір бөлімі, тек шығарманы қортындылап тұрған себепті ғана, сырттай «қайырма» деп айтылады. «Хорлан» Естайдың басқа кейбір әндері сияқты қоңыр дауыстан, домбыра тілімен айтсақ бас пернеден басталады. Жүрегіңді қозғайтын жылы әуен салған жерден тыңдаушы еркін билеп кетеді. Бірақ сол бір қоңыр үн сызылып, баяу басталған музыкалық «сөйлемдердің» өзі жәй көрінгенімен, дауыл алдындағы кенет басылған желдей, ішінде тынып тұрған күш, эмоция бар екендігі сезіледі. Ән осындай жайда «қашан дауыл бұрқ етер екен» дегендей тыңдаушыны күттіреді, созылған байыпты бастапқы шумақтың әуені саспай жүріп отырады. Осыдан кейін қайырма басталғанда әннің екпіні де өзгере бастап, үні де қатайып, дыбыс та баспалдақтап жоғары тырмысып, шығарманың шыңына жақындап келе жатқаны білінеді. Ал шыңға шыға сала кейін қайтпай, сол жерде әнші біраз тоқтап қалады. Тек: «Іздесем Хорлан...» деген сөздердің тұсында ғана дыбыс төмен жылжи бастайды. Біздің «Хорланның» қайырмасы жәй түсініктегі қайырма емес дейтініміз де осы.

Музыканың теориясынан құралақан болғанның өзінде Естай осы бір шығармасымен ән шығарудың классиктерінің қатарына бір-ақ секіріп шықты деуге болады. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, «Хорлан» байырғы түсініктегі: біз есітіп, біліп жүрген ән құрылысынан өзгеше. Музыкалық мазмұнының тереңдігін, тілінің аса өткірлігін былай қойғанда, «Хорлан» форма жағынан айта қалғандай мүсінді, сымға тартқандай әсем, ал басталғаннан кейін дамуы, өсуі де композиторлық қағиданы оқығандай заңды. «Хорлан» — Естай шығармаларының шыңы, жүрегі десе қателеспейміз. Әңгіме әннің қай кезде шыққанында емес, қалай шыққанында. Сондықтан композитордың жас, тәжірибесі әлі байымаған кезінде жарық көрсе де, «Хорлан» шынайы, үлкен жүректен шыққан рухани перзент.

Естай осылай сүйген Хорланына қосыла алмай, өмірбойы, өзі айтқандай, «зар илейді». Өзі жоқ болса да Хорланның туып өскен мекені Үшқамысқа үстінен өтсе соқпай кетпейді. Кейінгі кездерде де Хорланның жеңгесі Фатима келіншектің, Хорланның ағайындары — жас жігіттер Нұрғазы, Әбділдә дегендердің өзіне тілектес болып, Хорланды алып қашуына көп көмектескенін үнемі айтып жүреді.

Естайдың нағашы жұрты — Қозған елі Хорлан ұзатылып барған ауылдармен көршілес екен. Хорланын сағынған Естай ұзатылғаннан кейін алты жыл өткенде нағашысына барған болып Хорланның үйіне түседі. Екі күндей қонақ болып өткен-кеткеннен небір шер болып қалған сырларды айтысып, Хорланымен бірге болып, көңілін басады. Күйеуі момын адам екен, ал Хорлан болса ол сол үйдің биі, еш-нәрседен жасқанбайды. 1931 жылы Естай Шұқырда отырған Хорлан аулына тағы барып, сүйгенімен жүз көрісіп қайтады. Бұл Естайдың ақырғы рет Хорланды көруі болады, одан кейін жолыға алмайды.

Естай жасы алпыстың жетеуіне келгеннің өзінде, «Хорланды» айтарда, қолына домбырасын алып, біраз уақыт үн-түнсіз тұнжырап, терең ойға шомып, бір күрсініп қойып, көзіне іркілген жасты жібек орамалмен бір сипап қойып, әнді бастап кетеді екен. Баяу бұраған домбыраның шегіне дауысын қосқанда бір түрлі күңіренген, көп дүниені көз алдына елестетіп, Исаның «Құралай сұлуындағы» тоқсанға келген Келденбайдың арманындай үлкен, тозбайтын, көнермейтін, өлмейтін армандай үн шығады екен. Естайдың домбыра қаққан оң қолының атжоқ саусағындағы алтын жүзік: «Мен Хорланның көзімін» деп тұрғандай жарқ-жұрқ етіп, әннің ырғағымен қозғалғандай болады екен. Әншінің өзі де «Хорланның» соңында өмірдің «талисманындай» жүзігіне қарап: «Я шырақтарым, мынау сол бір күндердің куәсі, Хорланның көзі» деп, ұзақ уақыт жаңа көргендей тесіліп қарап біраз отырып қалады екен.

Естай сүйген сұлуына бір ән шығарып тынбайды. Ол аз сияқты көрінеді, Хорланның суреті онымен шықпайтындай болады. Күндіз-түні ойынан кетпеген Хорланына үздіксіз, сансыз жаңа ән-өлең шығара бергісі келеді. Хорлан үшін қанша болса да ән артық болмайтындай көрінеді. Хорланның трагедиясы Естай үшін жәй жастықтың желі емес, үлкен мазмұнды өмірлік мәселе болады. Естайдың алпыс жетіге келгеннің өзінде, жоғарыда айтылғандай, Хорлан дегенде егіліп кетуі сезімтал суреткердің адал, нәзік жанының үні деу керек.

Естай «Хорланның сипаты» деп тағы бір ән шығарады. Бұл ән де сөзі, музыкасы жағынан көркем. Әннің эмоционалдық құрылысы «Хорланнан» солғынырақ. Шығарманың кеудесі созылған мелодия емес, речитативке, жыр характеріне жақын, ырғақ-өлшеуі бірыңғай екпіні орташа мелодия баспалдақтап, аса адымдамай, аттамай жүріп отырады, сонымен қатар әуеннің құбылу жақтары да сараң. Мелодиялық байлық кіріспеде. Онда «Жайқоңырдағы» сияқты сөзсіз «халалау» мен әдемі, сазды, өте жылы, іштегі ойдың толқынындай бір жүріс бар. Кіріспенің музыкалық негізі айтарлықтай бай, дыбыс көлемі де шалқыған кең (ундецима), мелодия өрлеумен атып көтеріледі, екінші рет қана төмен қарай бөттегенде, Естайға тән саспай, жүгірмей, байыпты қадаммен бастағандағы негізгі дыбысқа келіп,

соны бірнеше орап, дыбыстан түйіндер түйіп барып бітеді. Әннің кеудесінің созылмалы мелодия болмай, речитативпен келуі: Хорланның сипатын баяндағанда, музыканы екінші планға қойып, әдемі поэзиялық сөздерді түгел жеткізгісі келгеннен болу керек.

Көзінің қаралығы қарақаттай,
Сөзі бар ақ қағазға жазған хаттай.
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,
Арман не соны құшқан адамзатта-ай.

Гүл жүзді, шырын сөзді, бал сілекей,
Аяғын келер басып шекей-шекей.
Алмадай беттерінен сүйгеніңде,
Сурылар тілмен қабат сол көмекей.

Болғанда тілі жақұт, тісі Мәржан,
Еті аппақ жазғытұрғы жауған қардан.
Қан шырын, пісте мұрын, лағыл иек,
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман.

Меруерт кірпіктері бейне тізген,
Ұқсамас адамзатқа көзін сүзген:
Мас болып, дидарына талып қалып,
Жанынан көрген адам күдер үзген.

Бриллиант шаш бауында таққан теңге,
Түк болмас шаш пен кірпік, қастан өзге.
Сағымда сәулеленіп көтеріліп,
Құйылар бір сағатта әртүрлі өңге.

Сүмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек,
Шынардай он саусағы, құлжа сүйек.
Осындай махбуб жардан жат болғансың,
Жалын боп лапылдаған жанды жүрек.

Ақ көйлек, қызыл камзол, лағыл өтік,
Отырмын ғашық жарды өлең етіп.
Шіркін-ай «Хұсни-Хорлан» деген кезде,
Алдымнан өтер ме өді көлең етіп.

Аспайды шам жарығы табағынан,
Қызыл гүл ұялады сабағынан.

Аққудың мамығындай үлбіреген,
Көрінер ішкен асы тамағынан.

Болғанда өзі мұндай, жүріс қандай,
Күлкісі көңілді ашар гүлістандай.
Көтеріп алақанда отырсаң да,
Білінбес ауырлығы бір мысқалдай,—

деп, ең шұрайлы поэзия тілімен Хорланды сипаттайды. Өлеңнің соңғы сөзімен байланысты ән халық арасында «Бір мысқал» атанып кетеді. Бұл әннің кіріспесінің сызылтып, үзілтіп, толқын атып басталуының екінші бір себебі — Хорлан жайлы әңгімені бастағанда оның сипатына сай келетін сөздерді бірден таба алмай, тек үнімен сөзсіз, музыканың сиқырлы әуені арқылы айналада отырғандарға мұңын шағып, арызын айтып алайын деген де сияқты. Оның үстіне Естай өзінің сол кездегі тағдырлас, замандастары сияқты өлеңді, әнді шығарғанда «карандасын жалап, терезеге қарап» ойланып отыратын жағдайы да, уақыты да жоқ, не де болса сол жерде суырып салу керектіктен де, жоғарыда айтқандай, уақыт ұтып отырғандай.

«Бір мысқалды» операның геройларына беремін деген, не басқа хор жеке дауысқа ыңғайлаймын деген композитор болса әннің бастағы «кіріспесін» кеудеден кейін екінші рет қайталаса екі есе ұтатын сияқты.

Естай әндерінің ішінде музыкалық жағынан аса бір ерекшесі — «Ашу пышақ» болып аталатын шығарма. Әннің тек сөздеріне қарап мазмұнын айыру қиын. Оның себебі — біздің қолға түскен нота жазуында бір-екі куплет өлең бар. Ал оларға сүйеніп, басы-көзіне қарамай, батыл түрде белгілі пікір айту ұшқарылық ететін сияқты. Олай деп отырғанымыз — «Ашу пышақ» жай өткінші сезімнен туған емес, бірқатар философиялық негізі бар шығарма. Басында әлгі жігерлі дыбыстармен басталып, белгілі бір жан жағдайында бекіп, кейін жадыраған күндей жайдарыланып, мелодия мың бұралып, жоғары-төмен толқып, кестеленіп, өрнектеліп барып бітеді. Әннің құрылысында, әсіресе басталуы мен аяқталуында, даму кезеңдерінде Біржан үлгісі анық көрінеді. Міне сол сияқты кең ойлы, үлкен өрелі шығарманың сөзі:

Аспанда ай нұрланар толған сайын,
Жігіттік қызықтырар болған сайын.
Болғанда ашу пышақ,
ақыл таяқ,
Кемиді сол таяғың жонған сайын,—

деп басталады. Әрине бұл сөздерде де мән жоқ емес. Бірақ ән тек ашуды пышаққа, ақылды таяққа теңеп қоюмен «әңгімесі» аяқталмайтындай. Естай бұл әнді де жасы келе айтып берсе де, орындаушының дарынын көркемдік талғамын керек ететіні көрініп-ақ тұр. Бұл әннің Біржан үлгісінде болуы да кездейсоқ көрініс емес. Естай, жоғарыда баяндағанымыздай, ағасының арқасында емін-еркін ел аралауға мүмкіншілігі болғанын пайдаланып, жастығына қарамай әннің дүлдүлі Біржанды тауып алады. Оның қасында еріп жүреді. Біржанның қасында болу ол кездің «дала академиясындай» болады. Ол Біржаннан «Ләйлімді» үйреніп, ел арасында айтып жүреді. Тек ән емес, Біржаннан өнердің туын биік көтерудің сабағын алады. «Ашу пышақ» әнінде азаматтық лирикамен қатар драмалық күштің де элементтері бар. Сөзі де бір адамның айналасында емес, кең құлашта алынған. Бұл кезде композитор өз айналасынан ұзап шығып, ел кезіп, жақсы-жаманды сезген тәжірибесі жамалған суреткер болды. Сондықтан да, өлеңнің екінші шумағында:

Алатау, Қаратауды көзім көрді,
Өнерім де өзімді үйден қуды.
Бір жерде сабыр қылып тұра алмастай,
Десеңдерші «Басыңа не күн туды?» —

деп келуі, өзінше өзі сұрақ беруі, композитордың сана-сезімінде жаңа жайлардың пайда болғанынан хабар береді. Біздің әннің музыкасында терең бір сыр жатқандай дейтініміз осы.

Естай негізінде лирик композитор. Оның көптеген әндерінде бұл айтылған жайлар анық көрінеді. Мысалға «Майда қоңырын» алалық. Бұл аттас ән халық композиторы Мұхитта да бар. Бірақ олардың ерқайсысының өз әдістері бар. Естейдың «Майда қоңыры» оның басқа кейбір әндерінде келетін кіріспемен басталады. Сөзсіз тек «харида» мен жүретін кіріспе майда қоңыр үнге тыңдаушыны дайындайды. Әдеттегідей кіріспенің дыбыстық көлемі кең, мелодиялық толқуы белгілі шамада болып келеді. Кеуде үш-төрт дыбыстың арасында жүрдек ырғақпен берілген. Онда созылып шырқалып жатқан жер жоқ. Бірақ қайырмасына келгенде композитор тағы өзімен өзі сырласқандай құбылған көркем дыбыс кестесіне өніп кетеді. Кейбір дыбыстық құрылыс жағынан қайырманың кіріспеге ұсайтын кезеңдері бар. Алайда мұнда ой толқуы тынышсыздау, тек аяғында саябырлап, өзін өзі тоқтатқандай, жұбатқандай көп дайындықсыз тұйып тастайды. «Әртүрлі сөз сөйлейді менің қалқам» деп басталатын өлеңнің сөзінде майда қоңырлаудан көрі басқа жайды суреттейтін кейіп бар сияқты. Ән кеудесінің жүрдек ырғақта жүруі де осыдан болу керек. Майда қоңырлық мұнда кіріспесі мен қайырмасында ғана көрінеді.

Естай Ақан серімен де кездеседі. Одан «Нұрилла» атты өнді үйреніп, жеңгелеріне айтылатын қалжың орнына айтып жүреді. Ақанның әсері де аз тимейді. Біржандай сал, Ақандай сері болып аты шықпағанымен, Естай ән дүниесінде атағы жайыла бастаған талантты жас болады. Оның әні де, поэзиясы да халықтық негізде дамиды. Қазақ поэзиясында болған сыншыл реализм музыкада Жаяу Мұса да көбірек көрінеді. Бірақ іздеген кісіге Біржаннан да, Ақаннан да, оның айналасы, шәкірттері жолын қуғандары араларынан да көрінеді. Сол айтқанның ұшқыңы жаңа ғана сөз болған «Майда қоңыр» әнінің сөздерінде бар.

Естай Қорланды ала алмайды. Жоғарыда айтылғандай Қорланға арнап бірнеше әндер шығарады. Қорлан мен Естайдың арасындағы махаббат, қосыла алмау тек жеке бастың трагедиясы емес, заман желі екендігін композитор кейін түсіне бастайды. Өзін аттан көтеріп алатын сүйген халқы өз алдына да, сол көпшілікті билептестеп отырған ат төбеліндей «ел жақсылары» дегендердің өз алдына екенін көреді. Өлеңі, әні арқылы бойындағы арманын айта жүреді. Сол арманның бірі — Гүлнар қыз болады. Онымен де көңіл қосып, бірақ әнінен басқа ешнәрсесі жоқ Естай ала алмайды. Естай қызға арнап ән шығарады.

Шіркін-ай, жақындығы жандай еді,
Құрбының өзі теңді маңдайы еді.
Кетпейді тәттілігі таңдайымнан,
Гүлнарымның ләззәті қандай еді.

Шіркіннің мінезі ауыр қорғасындай,
Күлкісі Шымкент, Сайрам жорғасындай
Білмедім айрыларын ғашық жардың,
Етпес пе ем жанды піде о басында-ай,—

деп, бар ықласын, жанын сала суреттейді. Әннің музыкасында Ақан серінің ықпалы бар сияқты. Әрине, творчестволық ықпал тактылап, не сөйлемдеп цитаттап алу емес, кейбір интонациялық, құрылыстық кейіптік еліктеу. Әнде жылылықпен қатар суреткерге тән жігер де бар. Естайдың басқа әндерінен айырмасы мұнда кіріспе не шалқыған қайырма жоқ. Тек қысқа ғана әннің кеудесімен жалғасып, ұштасып жатқан өлеңнің екі жолы аумағында қайырма бар. Қалай дегенмен де «Қорландағы» шалқу мұнда жоқ.

Естай «Шоқ қара ағаш», «Еркем», «Қара көз» деген әндер шығарды. Бұлардың музыкалық жақтары жоғарыда баяндалған әнге қарағанда басқалау: көлемдері тар, даму кезеңдері аса күшті емес, бір сыдырғы әндер. Кейбіреулері басқа әндерге ұсайды. Мысалы

«Еркем», «Еділбай» әнінше басталады. Бірақ одан көп дамымай, сол шеңберінен аулақ кетпей бітеді.

Естай Қараөткел (Целиноград), Семей, Кереку (Павлодар) қалаларында болады. Жоғарыда айтылғандай Ертісті өрлеп, Зайсан, Тарбағатайда болады. Қазақстанның оңтүстігінде, Жетісуда болады. Өз уақытына қарай бұл да біраз жиһан кезеді. Ұлы Октябрь революциясы Естайдың творчестволық құлашын сермеуіне жаңа жол ашады. «Жасаңғырап келемін күн-күн сайын, үкімет тәрбиесін көрген сайын» деп жырлайды ол өзінің «Өмір» деп атаған өлеңінде. Ол Қазақстанның шұғылалы астанасы Алматыға жасы алпыстың бесеуіне келгенде келеді.

Жастықпен араладым талай жерді,
Табиғат композитор өлең берді.
Алпыс бесте сайрайын енді біраз,
Мінекей шаттық-шарық күнім туды,—

деп жырлайды. Ал композитор өзінің «Туды күнім» деп шығарған өнінде:

Бесеуіне алпыстың келді жасым,
Күн өткізген қорлықпен менің басым.
Баға берер өнерге жан таба алмай,
Мен бір жан босқа өткізген есіл жасын.

Дауысым екпініндей соққан желдің,
Ән шығарып әр елге өрнек бердім.
Өнерге баға берер күн туған соң
Қазақстан ордасын іздеп келдім.

Үкімет баға берді бұл өнерге,
Шығатын заман туды өнерлі өрге.
Енді сайра бұлбұлдай кәрі тарлан,
Құлашты қарыштайтын келдің жерге.

Ахау шіркін,
Сайра тілім!
Туды күнім! —

деп жырлайды. Бұл өлеңнің өні де өзіне сәй. Әнде басынан аяғына шөйін шаттықтың шабыттың үні бар. Қайырмасында композитор дауыстың (секундалық) толқуы арқылы сөздеріне үлкен жігер күш бер-

ген. Өмірбойы творчествосын адам бақытына, халқының рухани азығы болуына арнаған дарынды композитор асқан әнші, ақын:

Мен еңбекші баласы, кедей ұлы,
Тәрбием — өсіп, өнген, қазақ елі.
Жасасын! Алға бассын! — деп ұранда,
Ұлы Ленин көрсеткен даңғыл жолы —

дейді. Баста айтылғандай, Естайдың әкесі дәулеті шағын, кедей болады. Гек ағасының арқасында творчестволық қанатын кең жаюға мүмкіншілік алған Естай, халқының өнерді сүюі, мадақтауы арқасында жарыққа шығады. Оның үстіне Біржан салдың, Ақан серінің қастарында бірнеше жылдап болып, ән үйреніп қана қоймай, творчестволық жолға шығу алдында әсем үлгі, тәжірибе алуы ол заман үшін музыканың мектебінде болуымен барабар болады. Өйткені әннің, күйдің творчестволық, орындаушылық дәстүрінің белгілі өңірде етек алуының үлкен маңызы бар. Естай үшін әннің, поэзияның халықтық негізде қалыптасқан байлығының өкілдері — Біржан, Ақанның кейінгі буын үшін рольдері айтарлықтай болды. Естайдың музыкадан ауыздануы, осылай дұрыс прогрессивтік, халықтық бағытта болды.

Естайдың «Хорланын» айтпайтын адам сирек. Біреулері тіпті музыкалық өрелері жетпей жатса да «шатпақтап», қалай дегенде де әннің жалпы кескінін келтіргендеріне мәз болады. «Хорлан» Темірболат Арғынбаевтың орындауында пластинкаға жазылды. «Хорлан» көпдауысты хорға түсті. «Хорланды» композитор Е. Брусилковский «Ер Тарғын» операсында Тарғынның бас ариясы етіп пайдаланды. Операда «Хорлан» оркестрде де, басқа кейіпкерлердің аузында да естіледі. С. Шабельский мен Л. Шаргородский оркестр сүйемелімен жүретін, қобызға арнап жазған концерттің екінші бөлімінде «Хорланның» бір вариантын тақырыб етіп алған. Естайдың «Жай қоңырын» семейлік әнші Хасен Байырманов аса бабына келтіріп орындайды. Композитордың басқа әндері де әншілердің аузында, хордың, оркестрдің репертуарында жүр. Естай творчествосы советтік музыка майданында қадірлі орын алады.

Естай 1939 жылдың апрель айында Алматыға келіп, көптеген әндерін нотаға берген. Одан кейін Қазақстан жазушыларының екінші съезіне қатысқан. Содан ол Семейге барып, онда біраз күн болып, Керекуге қайтады. Сол Семейде болған күндерінде Естай Қайым Мұхамбетхановтың үйінде болып, Хорлан қыздың және басқа әңгімелерін айтып жаздырып кетеді. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толған мерекеге Естай арнап шақырылады. Онда Нартай, Нұрлыбек, Төлеу, Сапарғали ақындар болады.

Келесі 1946 жылы Естай қатты ауырады. Күннен күнге меңдеп, науқасының барысы қауіп туғызады. Сезімтал ақын, әнші күндерінің санаулы қалғанын біледі. Адамшылық, азаматтық қимылды өлеңнен, әннен бастаған, еңбекші халықтың қамын жеуде әнімен алдында тұрған қиыншылықтармен күрескен Естай, соңғы рет соңғы демін де, соңғы лебізін де поэзияға, музыкаға арнайды.

Япырмау, қартайдым ба, өтіп дәуір,
Менде жоқ бір туысқан, жақын, бауыр.
Жұрдай боп замандастан, жалғыз қаппын,
Осыны ойлағанда болды-ау ауыр.

Сақал, шаш аппақ құдай басымдағы,
Жолдас жоқ мұң шағарлық қасымдағы.
Ән салар, домбыра алар кезім емес,
Әншейін әдетім ғой жасымдағы.

Арманның бір үлкені бала жоғы,
Өзекті өртеп жатыр қайғы шоғы.
«Қорланым», «Қоңырларым», сөзім қалар,
Өзім жоқ жеткен сәтте ажал оғы.

Сері боп, сайран салып, дүние көрдік,
Сал Біржан, Ақан сері қасына ердік.
Тағдыр сол, өткен өмір,
 қайта оралмас.
Шәу тартып, тұралайтын жасқа келдік.

Ауыр дерт, қарттық жеңіп, бітті-ау әлім.
Жанымда ұғар жан жоқ сөздің мәнін.
Баршын тартқан дауысым жетпейсің-ау,
Құлақта қалмадың-ау ақырғы әнім.

Домбыра өнді аман бол, қарт жолдасым,
Жасымнан жанымдағы сен мұңдасым.
Тапсырдым кейінгі жас ұрпақтарға,
Мендей ғып қадірлесін, қолына алсын!

Ақының, әншің болдым, еркеледім,
Кеше көр, хош аман бол
 ардақты өлім.
Естайдың болды өнді сөзі тамам,
Ақтық сөз, айтқан қошым осы менің,—

деп, бірнеше бүктелген, сарғайған қағазға жазған өлеңін, әндетіп айтуға дауысы болмай, жай тақпақтап оқып, отырғандардың біріне ұсынады да, көп ұзамай, өзі айтқандай, «Хорланын», «Жай қоңырын», «Бір мысқалын», елін-жұртын артында қалдырып, есіл әнші, ақын, композитор, азамат — Естай көзін жұмады.

Естай «балам жоқ» дегенімен, мәдениеттің мұрагері, советтік ұрпақ, сансыз көп Естайдың балалары оның әнін жаттап айтып жүр. Естайдың атын халық ардақтап атауда, оның әндерін шырқауда.



ҚОРЛАН

Естай

Сазды, күңірене.

Бір қыз бар Ма - рал - ғы да
- Қор - лан, ға йын, Ма - ғы - руп қол ға бер -
гі күн мен а - йын. Мұ - рат - қа із - де - ген жан
Әз рі - ау жет пес,
Да - ри - ға ар - ма нын көп
не ғы - ла йын
А ха хау жал ған,
Хүс ни Қор лан! Е

кі бағ-лан, Е ке-уі ту-ған-е-

кен бір-а на ған.

Боз-ба ла қал ма ға пыл


бұл жал _____ ған нан,

Жі-гіт-тің ар - ма ны жоқ

сүй-ген _____ д(і)ал-ған - ай

Ө з.ч-дей боп жан ту мас,

Ту-са ту ар ар - тыл - мас



Bar ға-лам-ды ша - рық - тап ,



о - ға - ри - ға ләу - лік - тас



Бағ-дат, Мы-сыр, Шын ма шын,



Із де сең Қор лан



та - был мас!

ӘСЕТ



1942 жылдың көктемі. Май айының орта кезі. 15—16 адаммен, кейінде, еңбек істеп жатқан елді аралап, өнер көрсетіп, көңілде-

рін көтеріп, екінші жағынан Отанның қаржы қорына қолдан келген үлес қосып, жеңіс күнін жақындатудың барлық шарасын қолданып, майдан мен тыл бір кісідей ұмтылып жатқан кез еді. Аягөз, Үржар аудандарын аралап, одан әрі Мақаншы (жергілікті халқы Мықаншы дейді) аудан орталығы арқылы совет-қытай шекарасына жақын отырған Бахты селосына бардық. Шекараның күзетшілері — жауынгерлерге, отрядтың басшылары мен семьяларына арнап концерттер бердік. Село тұрғындарына өнерімізді көрсеттік. Бізді қуантқан — совет халқына тән үлкен еңбектің қызуы, қарқыны болды. Жас демей, кәрі демей, әйел, еркек демей жұмыла жұмыс істеп біздің адал ісіміздің сөзсіз жеңіп шығатындығына табжылмас сенім үстінде болды. Қабағын шытып, ауыр күндерге еңсесі төмен түсіп жүрген ешкімді көрмейсің, барлық мақсат қанқұйлы жаудың жеңілуіне күрепкен де, машинамен де, қарумен де, ән-күймен де қызмет істеу болды.

Соңғы концерттің алдында бір село тұрғынының үйінде, әдетше шәйді тартып отырғанымызда, мен отырып: «Осы араларда баяғілі Әсет әнші болыпты дейді, тіпті осы маңайда қайтыс болса керек, оны білетін бұл арада кім бар және үйішінен, бала-шағасынан біреу-міреу табылмас па екен?» — дедім. Үй иесі әйел (ері майданда екен): Осы бізге қарсы үйде Әсеттің туған қызы тұрады, керек десеңіз шақыртайын, — деді. Біз қуанып кеттік. Көп ұзамай, бойы орташа, қара торы, әкесіне қатты ұсайтын, жаңылмасам отызға әлі кіре қоймаған әйел келді. Үйлі-баранды болған. Ән салмайды.



Әсет Найманбаев.

Әкесін аса анық біле алмайды. Жас қалған болу керек. Ол өзінің үлкендерден естіген-білгендерін бізге айтып берді. Бірақ көп жаңалық жайлар шықпады. Көбіне ол кісінің қатты риза болғаны — біздің әкесінің өмірбаянын, әншілік жолын, жүрген жерлерін, туған, өлген кездерін сұрағанымыз болды. Халық арасына тегіс тарап кеткен белгілі «Әсет» әнінің шығарған адамына қатысы бар бір кісі тауып сөйлескенімізге біз де мәз болып қалдық. Ол бізге тағы өзінің рахметін жаудырып, әкесінің аты жарыққа шығатынына қуанышы қойнына симай, тіпті «әкемді көргендей болдым» деп көтеріліп қалды. Кешке біздің концертте болғанында, әнші Қуан Лекеров «Әсет» әнін орындады. Ол арқа-

ның ән қайраткерлерінің бірі Әсеттің рухани ескерткішін тағы бір рет халық алдына тартқандай болды.

Әсет 1867 жылы Қарқаралы уезі, Темірші болысы, 8-ауылда (осы күнгі Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, «Қызыл арай» колхозының тұрған жері) туды. Алғашқы мекені Кертас тауы, Қаршығалы өзені болды. Руы — Қаракесек, оның ішінде — Майлық. Кейбір жазылған деректерде Әсеттің туған жылы 1856 немесе 1864 болып та келеді. Самегой деген қызының жоқтауындағы сөзіне қарағанда және баласы Қожекенің сөздеріне сүйенгенде Әсеттің туған жылы 1867 болып шығады. Әсеттің жас кезінде әкесі Найманбай осы кездегі Мақаншы ауданына қарасты (Семей облысы) Бахты, (Көктұма) маңына көшіп барады. Әсетті сол Көктұма қаласындағы Зейнұлла дегеннің мәдіресесіне оқытады. Әсет ескіше хат таниды, жаза білетін болады. Жасынан зорек, алғыр бала Әсет өз қатарынан ілгері болып, молданың да, айналаның да көзіне ерте түседі. Бір жағынан оқудағы ұқыптылығы болса, екіншіден оның жастай әр нәрсеге өуестенуі көргендердің көңілін аударарды.

Әсет хат тани бастағанда-ақ шатпақтап өзінің ойындағы балалық өңгімелерін қағазға түсіреді. Тіпті суфалдиярдың: «Сәнәләл халқил ғибра уә афлөк, яратты қатраиден гәухари пөк» деп басталатын сөздеріндегі өлеңдік үйлесімді пайдаланып, оның аржағына өзі қазақтың төл сөздерінен құралған екі жол қосып қояды. Бір айтқам-

ды жүз рет қайта-қайта айттырып, оқушыны әбден көк ми қып шаршатып жіберген кезде, молданың айқайымен бала біткен шулап қайта дауыс көтергенде: «Қу-лқуалла қуыпты, қаулаллати қашыпты» деп кейбір қу балалар қосылып бергенде молда көп дауыстың ішінен оны айыра алмайтын. Міне сондай кезеңдерде Әсет те суфалдияр, бақырған оқыған болып, арасына өз жанынан сөздер қосып отырған. Әрине, оның бәрі де сол кезден бастап дінге қарсы болып, сонымен күресудің жолы деп емес, дәмсіз оқудың, түсініксіз, бос сөздердің әбден қажытқанының нәтижесінде туған жай болатын. Бірақ басқа өзі сияқты әлгідей шыға жайылуды жасайтын балалардан Әсеттің айырмасы, ол өлең қосумен қатар қайдағы бір әуендер тауып, үнемі бір пәммен жүретін балалар «хорын» бастап отырады екен.

Жасы 13—14 ке келгенде Әсет қиссалар жаттап айтатын болады, жаттау қабілеті аса жоғары болады. Әсіресе әнқұмар болған жас талапкер, ауылға келген әншінің әнін, жыршының сазын, тіпті бақсының зікір музыкасын да бұлжытпай қағып алады. Сабажтан қолы бос кезде үнемі өлең айтып, ән салып, баста замандастарының арасында, бері келе ауылдың сәнінің бірі болады. Көзін сүзіп, жүзін бұзып молдалық жолға түсер деген ұстазының айтқанынан шықпайды. Көп уақыт өтпей-ақ «әнші Әсет» атанады.

Бұл кездерде Әсеттің басына бір ауыр жағдай тап бола кетеді. Әкесі қайтыс болып, бұрынғы еркін дәуір бітеді. Арабша болса да хат танып, басқа әдебиет оқуға, одан әрі білімін кеңейтуге жол ашып келе жатқан оқуы да үзіледі. Әсет Көктал болысына қарасты Байжігіт еліндегі нағашысына кетеді. Онда барғанда да Әсеттің ән, өлең қууына бірқатар жағдай кездеседі. Әлімғазы деген болыс Әсеттің әнші, ақын екенін біліп, оны өзіне жақын ұстайды. Бері келе Әсет ер жетіп, айналаға әбден атағы шығып, белгілі бөлді өнер иесі болған кезде бір жағынан мақтану, өзін қарамағындағылары көзінде көтермелеу ме, жоқ шын мәнісінде өнерді сүйетінінен бе, Әлімғазы Әсетті қасына алады. Қайда барса да бірге алып жүреді, қатты сыйлайды. Ақыры өзімен аталас Жылқышы деген кісінің қызын Әсетке алып береді. Енді ол арадан әйел алғансын Әсет бір-жолата қоныстанып, Арқаға қайтып оралмайды, сол Байжігіт елінде қалып қояды. Бірақ Арқаның әсем әндерін Тарбағатайдың деңіне Әсет көтеріп, Біржанның, Ақанның, Құлтуманың әндерін сол арадағы Байжігіт еліне таратушы болады. Әсет бүкіл Емілбарлық (Байжігіттер) елін қайын қылып, өлеңін айтып, әнін салып жүре береді. Халық әндерін бабына келтіріп орындайтын Әсет «Еркем-ай», «Қара-көз» сияқты әндер шығарады. Бұл әндер осы аттас ән қорымыздағы үлгілерден басқа болып келеді. Бірақ әннің құрылысы, жалпы

сырт кескіні, сөзсіз Арқаның ән дәстүрінен туған екендігін білдіріп тұрады.

Әсет Тарбағатайды қуып, Жетісуды аралайды. Ол жердің ән дәстүрімен танысады. Әсеттің дауысы, әншілігі халық ауызында үлкен аңыз болып қалады. Біреулердің айтуынша бері келе Әсет шақырған жер болмаса, өзі қыдырып ән салмаған. Алайда, қазақтың көшбелілік жағдайында ел аралап ән салып жүру — кемістік емес, осы кездің екі жақтап сөйлесіп келісіп, шарт жасасып, қағазға қол қойып баруымен тең сияқты.

Әсет Арқаның әнші біткенінің Мекесіндей болған Қояндыға да барыпты. Сексенінші жылдардың екінші жартысында сонда болып, ән салып, ақындармен айтысса керек. Өйткені Әсеттің ақындығы әншілігінен кем емес. Онда Абай айтқандай сөз арасы бөтен сөздер мен былғана бермейді, өлеңдері қорытқан металдай таза келеді. Біреулер Абайдың Әсетке деген бір шумақ өлеңіне сүйене отырып, Абай Әсетті жаратпаған, ақындығын, әншілігін бағаламаған дегісі келеді. Бірақ Абай сияқты данышпанның сыны Әсеттің кейінгі уақыттағы творчестволық қимылына жақсы әсер ғана тигізген болу керек. Әсет Қояндыда белгілі ақын қыз Рысжанмен айтысады. Әдеттегі ақындардың елін, жерін, байларын, мырзаларын, билерін айтып мақтанатынына бұл екеуі бармай, салған жерден өздерінің жеке бастарынан әңгіме қозғайды. Әрине, бір-бірінің қытығына қатты тию үшін өткір сөздер қолданады. Рысжан Әсетті көріп:

Осы ма атақтыңыз Әсет деген
Бере ме өнер пайда көрсетпеген.
Топастау, торшолақтың біреуі ғой,
Мұның кім сөзбілгішке есептеген,—

дейді. Әсет оған жауап бере қоймай, салмақ сақтайды. Әйел деп кемітіп, менсінбей, жауап беруді де артық көріп отыр ма деп ойлап қалған Рысжан:

Жіңішке бойым нәзік қылдырықтай,
Сүйтсе де сөзім ұшқыр бұлдырықтай.
Қызығып қыз өкен деп далаңдама,
Тұйғынның жемін қуған көзқұйрықтай,—

деп, өзін көтере таныстыра түседі. Айтушылар осы сапарда Рысжан мен Әсет жеңісе алмапты дейді. Шынында екеуі де жақсы ақын, сөзге шебер, айтыста талай түскен тәжірибелі адамдар. Әсет сол сапарда тағы да Арқаның өсем өндерін өңгеріп қайтады. Оған Жарылғаптың, Ыбырайдың өндері үлкен өсер өтеді. Жарылғапты есіту-

дің нәтижесінде ме, Әсет «Шама» деп ән айтады. Біреулер Әсеттің өз әні дейді. Ал біз білетін «Шаманың» Әсет өз сүрлеуіне салып алған түрі болғанның өзінде де Әсет ұтылмайды. Әсеттің «Майда қоңыр», «Мақбал» (Ақанның «Мақбалы» емес), «Қайшақпай» әндері осы бір творчестволық сапарының ықпалында жарыққа шығады. Бұл әндер де, жоғарыда айтылғандай, Арқаның ән дәстүрі үлгісінде болады. Әрине, әр әншінің өзіне тән музыкалық ерекшелігі барындай, Әсеттің өз «почерксы» болады.

Өткен ғасырдың аяғында қазақта өнер иелерінің басын қосатын жиынның бірі, көп ел жиналған ас болады. Ол Садыр Жақанбай деген кісінің Үш жүзге түгел хабарлаған салтанаты болады. Осы асқа Әсет те келеді (біреулер Қанағат, Байбатыр дегендермен еріп келген дейді). Осы жиында Әсет Бақтыбай ақынмен айтысады. Бірінші болып Әсетті айтыстың талайын өткізіп әккі болған, көбінде жеңе жүрген Бақтыбай шақырады:

Менің атым Бақтыбай,
Домбырамды қақтым-ай.
Талай шаршы жиында,
Сөз нақысын таптым-ай.
Үйсін, Найман бас қосты,
Тыңдатайын жақсыма-ай.
Тұралы тұмар дуда озар,
Өлеңмен оқты аттым-ай.
Өлең-жырды өргізіп,
Қайырып малдай бақтым-ай.
Арғыннан келген ақын кім?
Ел қыдырған бақсыдай? —

дейді. Әсет байсалды түрде, олай бірден текетіреске салмай, ақындық жаққа қарай сүйеніп, әңгімені алыстан қозғайды, өлең аяғында келіп бір түйеді:

Жігітке қиық қылық мінменен тең,
Бойыңа жарасбаса сынменен тең.
Қолы сараң надан бар, көңлі қарау,
Жүрегі оның қараңғы түнменен тең.
Күлдіргі, қалжыңға ұста, тәуір жігіт,
Көңілдің бақшасында гүлменен тең.
Сасқан жерде ойланып тапқан ақыл,
Заты жалған болғанмен шынменен тең
Ақылыңа жарасқан жақсы жолдас,
Кіндігіңнен тараған ұлменен тең.

Ойыншыл, қалжың, сықақ көтерген ер
Терісі жуан елі пілменен тең.
Жақсы атадан жарымес бала туса,
Қайырымсыз қайғысыз суменен тең.
Ойсыз, мисіз болады кейбір жігіт,
Жігерімді қылады құмменен тең.
Біреуден пайдаланған ақыл, білім,
Жанбырмен араласқан нұрменен тең.
Қатынша жырлап айтқан Жалайырға,
Дегенге шыдайын ба жынменен тең,—

деп, одан әрі де осы бағытта шұбатып жүре береді. Бас жарып, көз шығаратындай ағаш оқ атпай-ақ, осылай жайлап, мақтамен бауыздап, Бақтыбайды біраз қинайды. Жеңу-жеңілуді айтпағанның өзінде отырғандар Әсеттің поэзиядан шүйдесі жоғары екенін байқап қалады. Жоғарыда айтылғандай, қанша айтқанымен оқығаны бар, көзі ашық Әсет өлеңді басқа қоқыс сөздермен ластамай, маржандай тізіп, қалауын тауып шығарады.

Әсет өзінің қонысына қайта оралады. Өлеңімен қатар бұрынғыдай әндерін дамытып, бірінің соңынан бірін, жаңа ән туындыларын береді. «Үлкен Ардақ», «Кіші Ардақ», «Зұлқия әнінің» өзінше өзгертен варианты, «Мәлике қыз» сияқты әдемі әндерді береді. Бұл кездерде Әсеттің ақындық та, әншілік те атағы аспанға өрлеп, бүкіл Арқа, Жетісу, Тарбағатай, Сауыр, Алтайды аралап кетеді. Әсеттің аты тіпті бұл айтылған өрелерден тыс жайылып, бүкіл қазақ даласы оның өлеңдерін, әндерін білетін болады. Бірақ Әсеттің творчествосының бұдан әрі де өсе беруіне туған өз еліндегі жағдай кейбір себептермен сырт береді.

Жоғарыда айтылған Емілбарлық елі Қытай жеріне ығысқанда, солармен бірге Әсет те кете барады. Үйіші байланысы, қайын жұрты Әсетті туған елінің топырағынан тыс алып кетеді. Ол жақта да қазақтар көп болғанымен Әсет өзінің туған жерін сағынады. Баяғы Көктұма айналасындағы Байжігіт өлімен, Емілбарлық сияқты жерін сағынып, бір өлеңінде:

Жеріміз кейін қалды Емілбарлық,
Дутыңнан таңба қағаз алдық жарлық.
Бұтаққа қорғалаған торғайдай боп,
Дәм тартып елдеріңе көліп қалдық,—

дейді, сол араның біреулеріне айтқан сөзінде. «Дутың» — қытайдың әкімінің атауы болса керек. Бірден барған жері құшағын жайып қарсы алғ доймай, басқа біреулердің долбарымен барып қалып,

елін, жерін сағынып айтқаны тәрізді. Одан әрі асырып айтуға сол ортасынан сескенген болар. Россияда Октябрь революциясы болып, біздің халық жаңа, жарқын тұрмысқа ие болғанда Әсет бұрынғы жай «еліміз артымызда қалды» деп қоймай, әңгіменің анығын айтады:

Үкімет советский жақсы болды,
Көрсетіп бұхараға тура жолды.
Есітіп барып келген адамдардан
Көз тойып, хабарына көңіл толды.
Халықтың тұрмысына шаттық еніп,
Дұғаға біз жаямыз сырттан қолды,—

деп, аңсағанын өлеңіне қосады. Түрлі себептермен өзінің басқа елге кетіп қалғанына, не де болса Отанымен бір көрмегеніне өкініп:

Бір болмай, шалғай жатыр ақылымыз,
Хайырлы жұмыс болсын ақырыңыз.
Жылап жүр осы күнде ел сағынып,
Біз тұрғай бала-шаға, жақынымыз,—

деп шынын суреттейді. Бір сыртқа шығып кеткенсін қайтып орала алмауын үлкен өкініш, сағынышпен жырлайды.

Әсет өлеңмен өмірдің түрлі саласын да кезген. Кейбір өлеңдерінде дінді мадақтау да кездеседі. Бірақ ол заманда басқаша түрде өлеңдерін халыққа жәу қиын. Реалист ақын, қалай дегенмен де, негізінде еңбекші, бұхараның жырын жырлайды. Жаяу Мұса үлгісінде би-болыстарды шенеп, мысқылдап өлеңдер шығарған. Әкесі өлген қыздарға жоқтау жазып беру, біреулерді өлеңмен сықақтау сияқты немесе айтысып жатқан жігіт пен қыздың арасына түсіп, қызға өлең жазып беру Әсетте болған. Ол қазақ елінің надандығы жәйлі:

Қазағым қараңғыда өмір өткен,
Еңбексіз әрнәрседен көңіл өткен,—

деп өлең айтады. Ал сайлау таласына келгенде барын салып, малын ысрап ететінін:

Үш жылда бір келетін сайлау болса,
Бар малын ысрап қып төгіп өткен,—

деп сынайды. Сол сияқты малды мен малсыздың теңсіздігін:

«Малдының беті жарық» мақал болып,
Малсыздың тіршілігі кеміп өткен,—

деп суреттейді.

Тегіне қарап, қабілеті болмаса да, көрінгенді әкім қоюды да сынайды:

Төрені түк білмейтін сұлтан қойып,
Көргендер, білгендермен тең келе ме? —

дейді. Қазақ арасына сауда капиталы ене бастап, надан халықтың қанын сорған, ар-ұяттан безгендерді:

Ала аяқ сәудагер бар базардағы,
Олар да қараңғы елге тажал-дағы.
Ұялмай бір теңгеге бір қой алып,
Халықтың қанын сорды-ау бұлар-дағы,—

дейді. Жоғарыда айтылғандай, қалай дегенмен де өлеңдерінің негізінде бухараның сойылын соғады, демократиялық түйіндерге келеді.

Әсет қазақша оқу үстіне ел аралап, қалаларда болып, жазуды терең білмесе де, орыс тілін практика жүзінде тым тәуір білетін болады. Дулат дегеннің тойында ояз келіп, белгілі әнші бар деп есітіп, Әсетті шақырып алады. Әсет қазақтың халық әндерін, өзінің атақты «Қисмет», «Әсет» әндерін сырнаймен құйқылжытып айтып береді. Одан әрі қызып кетіп Ояз алдында орыстың бір әнін орындайды. Ояз қатты риза болып, Әсетке, алмаймын дегеніне болмай, ескерткіш деп сыйлық береді.

Белгілі Кемпірбай ақын хал үстінде жатқанында Әсет келіп, өлеңмен:

Ассалаумаликүм, мен, Кемпірбай,
Науқасқа шыпа берсін патша құдай.
Аспанда айнала ұшқан ақсұңқарым,
Көз көліп жайған торға бопсың мұндай.
Науқасың мәңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым жасым төгіп үш күн ұдай.
Даусымды танымсың, атым Әсет,
Мен келдім өдейі іздеп, көңіл сұрай.
Апырмау жауап қатпай кеткенің бе,
Қазаққа атың шыққан қыраным-ай,—

деп көңіл сұрайды.

Әсеттің келуі өлім аузында жатқан ақынды қозғайды, соңғы күшін жинап:

Көңлімді Әсет келді көтергелі,
Барады өкпем қысып жөтелгелі.
Өлсем де «Көккөптерге» бір салайын,
Қу тақтай, екі шекті әпер бері! —

деп, Кемпірбай әдетінше шұбыртып кете береді. Кемпірбайдың өлімі Әсетке үлкен әсер етеді. Творчестволық көзі жыты ақын-әнші бұл бір сапарынан да көркем із қалдырады. Жоғарыда аты аталған «Қаракөз» деген әнді осындай бір өлім үстіндегі адам халіне арнайды.

Ақша бет ауырғанда албырарсың,
Қаракөз жан берерде жаудырарсың.
Қаламға атша шапқан он саусағым,
Астында қара жердің саудырарсың,—

деген өлеңмен айтады екен. Әсеттің «Ырғақтысын» былай қойғанда, оның халық арасына көп тараған, балаға дейін білетін «Әсет» атанып кеткен әні Әсет творчествосының шыңы десе болады.

Әсеттей сал ән салсаң әсемдетіп,
Делебесін қоздырып, әсерлетіп.
Даусым дауыл, сөзім жел, әнім ескек,
Ойнақтап басылайын аз желдетіп,—

деген сөзіне музыкасы сай келеді. Орындауы келіссе «Әсет» әні сахнаның сәнінің бірі. Әсіресе қайырмасында ән құйқылжып, төгіліп, шын мәнісінде ойнақтап, делебеңді қоздырып кетеді. Қазақтың белгілі ақыны Ілияс Жансүгіров Әсеттің әншілігіне, әніне түгел бір өлеңін бағыстауы жәй көрініс емес.

Әсет адамның жасының қосылуымен ұшырайтын өзгерістер жәйлі өлеңінде:

Атаға бес жасында құлындайсың,
Қыздың буы, көңілдің нұрындайсың.
Он жаста ми қатпаған ақылсыз кез,
Жақсылық, жамандыққа ұрынбайсың.
Он бесте бір отауға ие болып,
Болдым деп мен де жігіт қырындайсың.
Қанжардай қайрат алған жиырма бес,

Айт пен той асыл болсаң туындайсың,
Отызда ойлы болар кемел жасың,
Қырықта күнде қылыш суырмайсың,
Елу жас екі жастың тап ортасы,
Бар болса ескі күштен сығымдайсың,
Алпыста самай, сақал бәрі ағарып,
Жас күнің еске түссе жымыңдайсың,—

дейді. Одан басқа өзінің «Кәрілік» деген өнінде:

Ет қатар қартайғанда сүйегіңе,
Қартайып тамыр тоқтар білегіңе.
Сөйлесең аузы-басың кемсең қағып,
Тиеді мұрның барып иегіңе,—

деп келеді.

Әсет «Салиха-Сәмен» деген поэма жазған. «Мың бір түннің» ізімен «Үш жетім қыз» атты ұзақ өлең шығарған. Ол «Евгений Онегинді» аударған. Қазақтың үрдісіне бағындырып, Әсет Татьянаны «Тәтіш» дейді. Татьянаның хатын:

Басында Сізге піскен егін едім,
Иесіз, орып алсаң, тегін едім.
Әлемде жаным сүйіп, жар болмаққа,
Жақтырып сәлем жазған бегім едің.
Нұр Тәтіш, мен қырық алты, сен он сегіз,
Арамыз екеуіміздің ұшан теңіз.
Жадырап өзің теңді жас байға бар,
Жолың болсын, өлмеудің қамын жеңіз,—

деп, Онегиннің жауабын да аударады. Абайға мүмкін оның осындай тым еркіндігі, Пушкиннің өз стилін сақтамай, қазақ топырағына икемдеуі жақпаған болар. Солай бола тұрса да, қолында поэзиялық қаруы Абайдыкінен өлсіз соқса да, Әсеттің Пушкинге жармасуы, ол кез үшін үлкен прогрессивтік көрініс екенінде дау болмау керек. Орыстың ұлы адамы Пушкинді аудару, гармонмен орысша өлең айтуға талаптану — Әсеттің игі басқан қадамы деуге болады.

1923 жылы Құлжа қаласында Әсет Афаридеген кісінің үйінде отырып өн салады. «Інжу-маржан» сияқты өнін айтарда дауыстың нәше түрлі құбылуы еркін болу үшін Әсет өн алдында нысатыр ішеді екен (біреулер шайнайды екен дейді). Сол күні өзінің нысатыры таусылып қалып, кімде бар дегенде, бір бақсы орамалға түйген түйіншектері арасынан нысатыр береді. Әсет оны шайнап жұтады.

Бірақ бақсы түйіншектерін шатыстырып, Әсетке нысатыр деп бергені алмас болып шығып, ертеңінде Әсет ұланып өледі. Жаны қысылып жатқанда:

Жолықтым дәм таусылар уақтысына,
Ажалдың мейірімсіз қаттысына.
Жүргенде елден ауып, есік қағып,
Тұрмыстың тура келіп тапшысына.
Ажалды ақша беріп,
сатып алып,
Кездестім надан елдің бақсысына.
Әу деген үнімді ел көп тыңдаған,
Жиналып жаяуы да,
аттысы да.
Сөйлесем жүректегі шерін төккен,
Арызды, армандысы, аттысы да.
Сезімді, сергек туған көзі ашықтың,
Талантты, талабы зор оттысы да.
Ажал ма, арманда ма, қалайша өлем,
Білетін дәрігердің жоқ жақсысы да,—

деп, бір жағынан өзінің елінен ауып жат жерде «есік қағып» тұрмыстың тапшылығына кездескенін, надан бақсының дәрісінен өліп бара жатқанын, ол елде дұрыс дәрігер де жоғын, екінші жағынан арманда кетіп бара жатқанын айтып зарлайды. Өлім сағаты жақындағанын сезіп:

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айқайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау әттегенай өлу деген.
Ертең жазып, бүрсікүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен.
Қатын-бала асырау амалында,
Кеттім ғой соған көңіл бөлуменен.
Менен сорлы ақын кеп кетті ме екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген.
Осымен өмір бітігі, сөз таусылды,
Ішімде кетті-ау көп сөз терілмеген.
Тіршілікте әрекет ете алмадым,
Сүйектен не шығады кебіндеген,—

деп, көзі жұмылар алдында да Абайды ардақтап, шет жерде қатын-бала асыраудың амалымен өмірінің өткенін айтып, ол кездегі Қытай сияқты надан елде дұрыс баспа орнының да болмағанын көрсетеді. Осылай:

Арғынмын, атым Әсет арындаған
Арындап ән сала ма дарымаған.
Аспанның аясында ән шалқытып,
Бұлбұлмын даусым көкте дабылдаған,—

деп, Сарыарқа, Жетісу, бір шеті Қытай жерін жаңғыртқан әнші, жоғарыда баяндалғандай, баста бір қақбыртпен туған елінен, жерінен кетіп, советтік Қазақстанның өскелең музыка мәдениетіне белсене араласа алмай, кездейсоқ жайда қайтыс болды. Бірақ мәдениеттің мирасқоры — совет елі Әсеттің әсем әндері мен өлеңдерін ардақтайды, үлкен музыка қорының жарнасы етеді.

Әсеттің белгілі «Әсет» әні совет композиторларының шығармаларында тақырып болып жүр. Ол әннің әуен негізін осы жолдардың авторы композитор Л. Хамидимен жазған «Абай» операсында Абай ариясының орта бөліміне енгізді (цитата түрінде емес, негізі ғана бар, музыка дүниесіне жете білмеген адам жай құлақ арқылы табуы да қиын).

1933 жылы композитор Д. Мацуин, М. Әуезовтің «Еңлік — Кебек» пьесасына музыка жазғанда «Әсет» әнін Кебектің аузына салды. Онда, ұмытпасам, әннің кеудесі бар да, қайырмасы жоқ. Ол пьеса ішіндегі өлеңнің өлшеуінен, сахналық жағдайдан туған болу керек.

Қысқасы Әсет творчествосы біздің заманымыздың музыкалық кәдесіне толық асуда. Ол Әсет творчествосының халықпен байланысты болып, халықтың жоғын жоқтау жолында болуынан.



ІНЖУ - МАРЖАН

Әсет

Жүрдек, еркелете.



Ә - сет - тей сал
Дау - сым да - уыл ,



ән сал - саң , ә - сем -
сө - зім жел , ә - нім



де - тіп ай _____
ес - кек ай _____



Дә - ле - бе - сін
Ба - сы - ла - йын



қоз - ды - рып , ә - сер -
ой - нақ - тап ау , жел -



ле - тіп , Сол се -
де - тіп , Саи - лем



бея - тен са - ғын - дым.
се - ні са - ғын - дым.



Үн - жу - Мар - жан



се - кіл - ді, Ал кө -



рін - се ер - кем - ай.



Гүл ма - ы - сын



гүл жай - нап, Сы - лаң



қа - ғып кел - сең, ай,



Қо - зы Көр - пеш, Ба - ян - дай



Бір мо-ла-да



өл сем ай!




Са-ғын-дыр-ған



сәу лем ай!

НАРТАЙ



Қазақтың халық әншілерінің ішінде тек әнді ғана кәсіп етпей, бірқатар көркемөнердің басын қосып, өз тұсында «сегіз қырлы» болған қайраткерлер аз болған жоқ. Оларды осы кезде «әнші-ақын», «жыршы-ақын» деген аттармен айтып жүрміз. Өйткені бұл адамдар әдебиетке де, көркемөнерге де ортақ екеуінің бірінен айырып алуға болмайды. Бұлар жөнінде әдебиет зерттеушілер де, көркемөнер зерттеушілері де жазып жүр. О да заңды жағдай. Шығарушы мен орындаушы арасында еңбек бөлісу өлі туа қоймаған, кешегі заманда бір кісінің өзі ақын, өзі композитор, өзі орындаушы болуы табиғи да көрініс болды. Бірақ осы баяндап отырғандай халық өнерінің өкілдері тек революциядан бұрынғы дәуірде ғана болып, біздің тұсымызда өшіп кеткен жоқ. Қазақстан жағдайындағы біздің бір мақтанышымыз — осы дәстүрдің біздің заманда да болып, дами түсуі. Өйткені бұл дәстүр формасы жағынан сақталғанымен, оның мазмұны мүлде өзгерді. Ендігі ақын, әнші-жыршы коммунизмді жырлаушы болды. Олардың өткір тілдері, халыққа сіңімді, түсінікті өндері, орындаудағы үлкен өнер — біздің социалистік идеямызды уағыздауда үлкен орын алды.

Міне осы бір әнші-ақындардың қатарына қосылатын адамның бірі — Нартай. Оның аты халыққа ерте жайылды. Әсіресе оның әншілік аты ерте шықты. Кешегі жалпылай сауатсыздық кезде, өрне, ақынның ауызша айтқан, не қолжазбада жүрген өлеңдері кең тарай қоймады. Ұзақ өлеңді жаттап алу қиынырақ екені өркімге де мәлім. Ал ән болса, оны бір айтқаннан қағып алатын қазақ аз болған жоқ. Өлеңге қарағанда әннің «қанаты» ұзынырақ, алысқа қағады. Соның нәтижесінде «Нартай әні» деген ән жиырманшы жыл-



Нартай Бекжанов

дардың бас кезінде-ақ Қызылордадан бастап осы күнгі Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан өлкелеріне тарап кетті. Отызыншы жылдардан бастап, біздің мәдениетіміз өсіп, республиканың жер-жерлерінің қатынастары күшейе бастағанда Нартайдың әні де, өлеңі де кең өріс алды. Бұрынғы тек «Сыр бойының Нартайы» енді «бүкілқазақстандық» ақын болып кетті. Социализм дәуірінің қазақ сияқты халықтың рухани мәдениетін дамытудағы ықпалы, жағдайы, Нартайдың творчестволық табысын халық мүлкіне айналдырды. Біз осы бір шағын бөліміміз де Нартайдың өмірі мен творчестволық жолына тоқтамақпыз.

Нартай осы күнгі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бестам деген жерде 1890 жылы туды. Әкесі Бекежан кедей адам болып, шаруашылықтан басқа кәсіп істеп, өнер құмаған. Басқа өзі сияқты кедейлердей күнкөргеніне шүкіршілік етіп жүре берген. Оның үстіне Нартай екі жасқа толар-толмаста әкесі қайтыс болып, бұрынғы тұрмыс енді қиыңдала түседі. Нартай он үш жасына шейін шешесінің тәрбиесінде өседі. Мейрімді ана, тапқан-таянғанын кішкене Нартайдың аузына ұстап, ешнәрседен кемдік келтірмей өсіруге бар күшін салады. Бірақ қолқысқалық мезгіл-мезгіл қиын жағдайларға соқтыра береді. Қажырлы ана, өмірдің не бір қиын-қыстау белестерінің бәрінен де жас Нартайды аман-есен өткізіп отырады.

Нартай он үш жасқа келіп, қабырғасы қатып, бұғанасы өсуге айналады. Шешесін аяп, Нартай енді сол арадағы Кәшкімбай, Толғанбай деген байларға жалшы болып жұмыс істейді. Аз да болса күнкөруге о да себеп болады. Бір мезгіл сол жалшылық кәсіпті қуып Қарақұм жаққа кетіп қалып, онда біраз уақыт болып келеді. Міне осылай, Нартай табаны күректей тоғыз жыл кісінің есігінде болады. Ерте басқан өмір салмағы Нартайды қадірлі анасының қасында отырғыза бермейді. Бірақ, жасынан қажырлы, ойлы жұмбақ сырлы бала, соққан сайын шыңдала түсетін болаттай, жасымзай шиырыпа түседі. Қаншама ауыр жұмыста жүрсе де қажымайды. Жаратылыстың өзіне берген хасиетін көп ұзамай сыртқа шығарады. Кедейліктің қамыты ерте киіліп, қанша салмақ еңсесін басқанмен, талант жөтел сияқты, бәрі бір сыртқа шықпай қоя ма, ақыры Нартай кішкентайынан «Әнші бала» атанады. Далада жүрген адамның қолына түсетін музыкалық аспабы — құрайдан кесіп сыбызғы жасап, сарнатып не бір өндерді, күйлерді тартады. Балалық шақты бақташылық астында өткізіп дүние қызығын қызықтай алмаған Нартай, жасы жиырмаға келе өнерге деген өңменін соза бастайды. Жоғарыда айтылғандай, біресе сыбызғыда созылтып, біресе аузына бас киімін қағып өндетеді. Әрине, Нартайдың бұл бір жаңа басталған «кәсібі» жоқ жерде пайда бола қалған нәрсе емес, белгілі «дайындығы» болады.

Нартайдың әкесі жәй шаруа ғана адам болғанмен шешесі Бақтығұл белгілі ақын, әнші болады. Міне, к'шкентайынан зирек Нартай шешесінің айтып отырған өлеңдерін үйрене береді. Жәй ғана құлақ аспай отырған бала сияқтанып, өзінің сол өлеңге құштар болып отырғанын алғашқы кездерде білдірмеуге тырысады. Бірақ көпті көрген ана, баласының жәй көптің бірі емес, «арқасы» бар екендігін ерте сезеді. О да жәй, «ешкім үшін емес» уақыт өткізуге айтып отырған болып, енді үнемі Нартай үйге келгенде өлеңдете береді. Оның үстіне Нартайдың ағасы Мансұр да ақын адам болады. Мансұрдың ақындық атағы ерте шығады. Ол өреде Мансұрдың атын білмейтін, оның өлеңдерін айтпайтын адам аз болады. Міне, осы екі жағдай Нартайдың әншілік, ақындық қасиетін ерте оятады. Еуропа дәстүрінде ерте деп 4-6 жасынан рояльда ойнап, жанынан музыка шығарған жас талапкерлерді айтады. Бірақ ондайлардың не әкесі, не шешесі профессионал музыка маманы болып келеді. Нартай сияқты «қонарын сай, көшерін жел білетін» жағдайда өскен өнер иесі баланың жиырмаға жақындағанда әншілік-ақындықты бастауы, әрине, сахна жағдайында кеш те емес.

Бұл айтқандарға тағы бір оқиға кездесіп, Нартайдың бетін түгелдей өнер қууға бұрады. Арғын, Найманға атағы кең жайылған атақты ақын Тайжан «жел аударған қаңбақтай» революцияның алдында Ақмешітке келеді. Арқаның арқалы ақыны, әншісі Тайжан өзімен бірге «қап-қап» ән мен өлең ала келеді. Ақмешітке болған бірнеше күн ішінде Тайжанның аты аспанға шығады. Жас талапкер Нартай көптің ішінде Тайжанның тамылжыған әдемі әні мен жүрегіне қонақтай қалатын поэзиясын аузының суы құрып тыңдайды. Мен де осындай ақын, әнші болар ма екенмін деп арман етеді. Ел аралап, сыншы болып қалған Тайжан да жас Нартайдың ынтасын байқап, оған өзінің әндерін үйретеді, ақылын айтады, осы жолды қуса ақын да, әнші де болатынын, жаратылыстың берген сыйын бағалау керек екенін білдіреді. Осы себептерден бе, Нартай Тайжанды өзінің ұстазы деп есептейді.

Тайжан Нартайға үлкен дем береді. Енді Нартай жалшылық өмірдің азабынан құтылып, өзінің өнерін қалай өрбітудің жолын іздейді. Жоғарыда аты аталған ағасы Мансұрдың, шешесі Бақтығұлдың жәрдемімен басына бостандық алғандай болып, ел аралауға бел байлайды. Өнердің жаңа үлгілерін көріп, күнде талабын жаңғыртып отыратын сахна жоқ кезде әншілердің, ақындардың жалғыз жолы — ел аралау болатын. Міне Нартай да домбырасын, гармонын арқалап, Сырдың бойын жағалап кетеді. Қазақ арасынада сол кезде тарай бастаған он екі тілді гармон Нартайға ұнайды. Ойынтой, басқа қызық-думан енді Нартайсыз өтпейді. Нартайды аяқ жететін жер болса, қосаттап болса да үнемі алдырады. Нартай халық-

тың сүйген ұлы — кешегі сұр өмірде, елдің еңсесін анда-санда болса да көтеретін сиқырлы күштің бірі Нартайдың өнері болады. Иығында гармоны мен домбырасы, Нартай қонып, түстеніп жүрген жерінің бәрін сән-салтанатқа, ән мен жырға бөлейді.

Бұл кездерде Нартай халық арасында кең тараған «Құлыншақтың әні», «Қалжанның әні», «Қараторғайдың әні», Тайжанның алып қалған арқаның не бір сұлу әндерінің нұсқасын репертуарына ендіріп, сұлу дауысымен безендіріп орындап, естіген жанның бойын балқытып жүрді. Бірақ түпкі арманы өзі де ән шығару, өзінің өнершілік үлесін қосу болатын. Міне осы арманды орындауының алды, ол өз жанынан әндер шығара бастайды. Музыканы қағазға түсіріп отыратын нота сауаты жоқ кезде, қай әнді қай уақытта шығарды, оның бәрін тарихи сатыда бақылап отыру қиын. Әндерінің ішінде халыққа көп тарап, біздің қолымызға отызыншы жылдардың басында жеткені «Нартай әні» аталатын ән. 1934 жылы июнь айында Алматыда өткізілген бірінші бүкілқазақстандық слетте «Нартай әнін» қобызға қосылып Жаппас Қаламбаев орындады. «Нартай әні» кең құлашты, кербез, күнгеі лирикалы, терең сырлы шырқалған жылы шырайлы шығарма. Куплетті өлеңге құрылғанмен форма жағынан өзіндік ерекшелігі бар, куплеттік схемадан шығып кетеді. Нартайға тән демі кең, көлемі мол дауысты керек ететін, орындау стилін таппаса, көптеген музыкалық қасиеттерін жоғалтып алатын ән. Әннің құрылысына, дыбыс көлеміне қарағанда, Нартайдың жас кезінде, дауысы мол шағында қандай ойлы-қырлы жерлерінде сүрінбей орындап шығатын қаухары мол кезінде дүниеге келген шығарма екені байқалады. Әннің музыкалық тереңдік, шыныққандық сатысын тексерсек, оның тырнақалды шығарма емес, артына біраз ән үлгісін тастап барып шыққаны анықталады. Сондықтан Нартайдың аты қойылып, айдар тағылмаған «ұсақ» әндерінің бірқатары «Нартай өнінің» алдында шыққан дей аламыз.

Біздің бұл жұмысымызда Нартайдың өншілік жағы қаралғанмен оның ақындық өнері жәйлі да бір-өкі ауыз сөз айтып кетуге тура келеді. Нартай жасынан қалаға жақын жерде болып, өсіресе темір жол бойында өсіп, мектепте сарылып білім алатын жағдайы болмағанымен, көбіне өз талабымен, өз бетімен хат таныған. Талапты, қабілеттілігі арқасында басында иненің жасуындай ғана болған кішкене жарық сөулені үлкейтіп, кеңейтіп алған. Шапшақтап көп жазып, түрлі қолына түскен кітаптарды аударып қарап, ақтара тексергенінің арқасында бері келе недәуір сауатты адам болады. Өсіресе Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде сауатын біраз көтеруге жағдай болады. Осының бері де Нартайдың ақындық жағын да дамыта түсті. Ол сол өнмен қабат поэзиямен де шұғылданды. Басқа қазақтың ауызша айтатын ақындарынан Нартайдың айырмасы, ол

өлеңдерін қағазға түсіретін мүмкіншілігі болды. Музыканы түсіретін нота сауаты болмағанымен, әдеби жағынан тек суырып салма, ауызша ақын емес, жазба ақын қатарында болды. Айта кететін нәрсе Нартайдың сол айтып отырған жазба өлеңдерінің көбі әнмен орындалды. Уақытына қарай олардың бірқатары таза ән күйінде, енді біреулері термеге жақын, сөзді көбірек айтып үлгеру жағына қараған, ал кейбіреулерінде ән мен терменің қосындысы сияқты әуендері де бар. Ал осының бәрінде де Нартайдың музыкалық «почерксы» айқын көрініп тұрады. Оны басқа біреумен шатыстыруға келмейді.

Отызыншы жылдардың басындағы қазақ совет көркемөнерінің профессионалдық сатыға көтеріле бастауының лебі Нартайға да тимей қалған жоқ. Бұл кездерде ол өзінің әншілік, ақындық жұмыстарын қызу жүргізді. Осы бір-екі қасиет Нартайдың бағасын халық алдында аса жоғары көтерді. Өйткені Совет шындығын халық арасына уағыздау, жеткізуде халық ақындарының, әншілердің, күйшілердің, жыршылардың рольдері үлкен болды. 1937 жылы Нартай Шиелінің аудандық мәдениет бригадасының мүшесі болып, көп жұмыстар істеді. Көп ұзамай ол бригада өсіп, ұлғайып, Нартай бастаған облыстық ансамбльге айналды. Нартай ансамбльдің арқауы болды. Ансамбльдің составында домбырашылар, әншілер, бишілер, тақпақшылар болды. Ансамбль күн санап өсіп, халық алдында беделі арта берді. Әрине, оның бірінші себебі басқарушысы Нартай болғаннан еді. Бұл коллектив репертуар жағынан да бай болды. Қазақтың халық әндері, совет композиторларының шығармалары, біздің заманымызды үгіттейтін кіші-гірім драмалық пьесалар болды. Мұны «Нартай ансамблі» деп атап кетті халық.

Ұлы Отан соғысы кезінде «Нартайдың ансамблі» творчестволық құлашын кең жәйді. Ол Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарын аралап, үлкен творчестволық табыстар мен концерттер беріп жүрді. Ансамбль Қазақстан облыстарын ғана аралап қоймай, Қырғызстанның Ош, Жалал Абад облыстарын аралап, тылда ерлік еңбек жасап жатқан адамдардың рухтарын үнемі көтеріп жүрді. Ансамбльдің творчестволық табысының үлкен болуының тағы бір себебі — Нартайдың сегізқырлы өнерпаз, жан-жақты орындаушылығы болды. Ол патриоттық өлең-жырларды айтып берумен қатар өзінің сол кезде әсем-күшті даусының арқасында не бір жанға тиетін әндерді орындап берді. Тіпті көбіне өзінің орындағаны былай тұрсын, ол ансамбльдің әншілеріне гармонымен де, сырнайымен де сүйемел жүргізді. Ансамбльдің әншілерінің репертуарының бірқатарын өзі жасап берді, өзі сол әндерді үйретуші болды, өзі керек жерінде, көңілді болу үшін концерт жүргізіп, конференсье ролін де атқарды. Шынында, бұл бір кезеңде, әсіресе Нартайдың әншілігі үлкен құ-

рал болып, оның басына біткен басқа өнерлерінен жоғары тұрды. Біздің бұл пікіріміз бен әдебиет дүниесіндегілер келіспеуі де мүмкін. Бірақ Нартайдың ақындығына, сөз тапқыштығына үлкен мән, баға бере отыра, біздіңше тап осы бір кезеңде ансамбльге басшы болу үшін әншілік, композиторлықтың және артистіктің жәрдемі шешуші болды. Нартай тек ақын, әнші, ән шығарушы ғана емес, шын мәнісінде артист болды. Міне осы қасиеттердің бәрінің бір өзінің басына жиналуының арқасында Нартайдың аты көп, өзі қатарлы ақындардан кеңірек жайылды. Нартайдың бұл кездерде шығарған әндері сан жағынан аз емес. Бірақ оның көпшілігі өлеңімен байланысты болған себепті «қысқа демді» речитатив пен кантиленаның қосындысы болды. Соның өзінде де Нартайға тән жұмсақ, икемді мелодия, жылылық әуендері көрінеді.

1943 жылдың қысында Алматыда ақындардың айтысы болды. Онда Шашубай, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек тағы көптеген кәрі-жас ақындар қатысты. Сол айтыста Нартай да болды. Ол Нұрлыбекпен айтысып, кейбір ақындар жазып алған қағазбен айтқанда, Нұрлыбек, Шашубай, Нартай одан шығып кетіп мезгіл-мезгіл сол арада суырып шығарып айтып жіберіп отырды. Нартай гармонына қосылып, басқа ақындардай сөзді тез айту үшін термеге сала бермей, өдеттегісіндей даусын соза, шырқай әндете орындады. Сол жылдардың өзінде де Нартайдың даусының әлі де күшті, көркемдік бояуы оңбаған екендігін байқатты. Ақындардың ол айтысы біздің тылдағы еңбеккерлердің Отан қорғауға қосып жатқан үлкен табыс-үлестерін халыққа уағыздауда үлкен роль атқарды. Сол айтыстың қортынды кешінде Нартай өзінің ансамблінің орындаушыларымен шықты. Ақын, әнші, артист, жақсы ұйымдастырушы, бұл арада көптеген өзінің әріптестерінің алдында жан-жақты қайраткер екендігін бәйқатты. Нартайдың тағы бір қарапайымдығы — ол өзі ансамбльде басшы, ұйымдастырушы бола отыра мүшелеріне өзінің шығармаларын көп айттыра бермеді. Әрине, бұл тәрбие жағынан аса үлкен мәнді мәселе.

Отан соғысы аяқталғаннан кейін де Нартай өзінің жоғарыда баяндалғандай жан-жақты қайраткерлік істерін жүргізе берді. Бейбіт өмірге арналған өлеңдер, әндер шығарды. Бұрынғы ансамблімен ел аралап, бейбітшілік үшін күрес ұранын уағыздады. Ол бейбітшілік жағдайына қарай ансамбльдің репертуарын қайта құрды. Ақындық, әншілік тәжірибесі молайған қайраткер, халық алдында беделі өбден бекіп, үлкейіп алды. Өзінің бойына біткен өнері арқылы Нартай бейбітшілік туын жоғары көтерді. Қай жерде жүрсе де, біздің Ұлы Коммунист Партиясының бейбітшілікті орнатудағы күресінде өзінің қолынан келгенінің бәрін істеді. Ол бір күн де қарап отырған жоқ, үнемі ізденумен, күнбе-күнгі саясаттың дамуын зерттеумен

болды. Осының бәрі де Нартайдың өзінің және оның басқарған ансамблінің жаңалықтың жыршысы болуына бірінші жағдай болды. Ал, ансамбльдің репертуарындағы колхоз құрылысына, оның өміріне арналған пьесалар көрушілердің алғыстарымен толы болды.

Нартайдың әншілік, артистік, ұйымдастырушылық жағын айта отыра, оның негізгі өнері ақындық екенін ұмытуға болмайтынын айттық. Өйткені Нартай ақын болғанда тек өзінің ойына келгенің, өзінің тек құлағы есітіп, көзі көргенін ғана өлең еткен кісі емес. Оның хат білгенінің арқасында бірқатар көру шеңберін кеңейтіп алған адам. Оның Науаиды, Тоқтоғұлды оқуы үлкен рухани азық берген. Қазақ әдебиетінің бұрынғысы мен соңғысын, оның үстіне туысқан елдердің әдебиетімен танысып отыруы, басқа бірқатар ақындардан ерекшелік берген. 1950 жылғы Нартайдың «Домбыра сазы» деген атпен жарияланған жинағы қазақ әдебиетіне қосылған айта қалғандай үлес болды. Нартайдың бір орындауын естікенде, оның өлеңіне де, әніне де, орындаушылық шеберлігіне де риза болып кеткен Сәбит Мұқанов, сол арада:

«Жүлделі жүйрік Нарекең,
Сүйсінгендей бар екен»,—

деп бекер айтпаған. Біздің осы әңгіменің басында айтқан Нартайдың сегізқырлы өнерпаз дегенімізді Сәбеңнің осы бір-екі жол ғана өлеңі қолдап кетеді. Ақындығының 75 жылдығында (1938) совет поэзиясының алыбы, халық ақындарының ағасы Жамбыл тойына келген ақындардың ішінде Нартайды көріп оған өзінің қатты риза болғандығын білдіреді. Поэзияны да, музыканы да жаны жете түсінетін қарт, табанда Нартайға қарап тұрып:

«О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,
Сөзің тәтті, дәмді екен шекер-балдай.
Жүректі сілкіндіріп бір ояттың,
Сарғайып күншығыстан атқан таңдай»,—

деп, бір жағынан Нартайдың шашсыз төбесін қалжың ете, бір жағынан оның өнеріне тамаша баға береді. Басқа бір жылы ақындардың бас қосқан жерінде Жамбыл:

«Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Өлең-жырды дүрілдет»,—

деп халық поэзиясы саңлақтарының таланттарына деген өзінің талабы мен бағасын беріп кеткен. Жамбылдың бұл бағалары Нартайдың өнерпаздық қасиетін анық суреттейді.

Нартай 1942 жылы өзінің ақындық, жазушылық өнерінің халықтан жоғары баға алып, белгілі сатыға көтерілуінің арқасында Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып алынды. Ол 1934 жылы өткен Қазақстан Жазушыларының I-ші съезіне және 1954 жылы өткен екінші съезіне қатысты. Жоғарыда аталған өлеңдерінің жинағынан басқа да Нартайдың газет, журнал беттерінде жарияланған әдеби шығармалары көп. Оның бәрі де осы кезде М. Әуезов атындағы Қазақ ССР Академиясының әдебиет және өнер институтында жиналып жатыр. Әрине, Нартайдың әдеби мұрасы туралы толық сөзді әдебиет зерттеушілерден оқу керек.

Нартай өзінің орындаушылық жұмысында тек Қазақстан және көршілес туысқан республикаларды ғана аралап қойған жоқ. Ол біздің сүйікті астанамыз Москваның сахналарында бірнеше рет өзінің өнерін көрсетті. Алматыда отызыншы, қырқыншы жылдарда өткізілген слеттерге, олимпиадаларға, фестивальдарға қатысқанын былай қойғанда, ол 1939 жылы Москвада болған Ауылшаруашылық Көрмесінің концертіне қатысты. Онда өзінің «Ленин мавзолейіне» деген өлеңін әнмен орындап берді. Москва тыңдаушылары Нартайдың ақындығымен қатар орындаушылық дарынын қатты бағалады.

Нартай 1949 жылы Москвада өткізілген қазақ совет әдебиетінің онкүндігінің концерттеріне де қатысты. Онда да өзінің жоғары сатылы орындау шеберлігі нәтижесінде жоғары бағаға ие болды. Оның алдында біраз жыл бұрын Нартай Москва да болған қазақ көркемөнерінің онкүндігінде (1936) делегация қатарында барған. Кейбір өткен әдебиеттік кездесулерде Нартайдың гармонымен қосылып айтып берген өлеңдері астана тыңдаушыларын таңқалдырған Нартайдың жақсы көріп айта беретін әндері, жоғарыда көрсетілген «Нартай әні» атанып кеткен шығармасымен қатар «Толқын» атты өн болатын. (кәдімгі біз білетін «Толқын» мен шатыстырмау керек. А. Ж.)

«Сырнайын ақын Нартай қолына алсым,
Жаңғыртып аспан астын әнге салсым.
Құбылтып, құйқылжытып толғағанда,
Қалықтап Москваға даусым барсым»,—

деп, «Толқын» өнін радио толқындарымен теңеп, әр кезде өзінің көкейінде жүретін ұлы астана Москваны мадақтайтын. «Толқын» біз баяндап кеткен, өлеңге бағынышты «қысқа демді» ырғаққа құрылған шығармаларына жатпайды. «Нартайдың өні» сияқты гармонды құлаштай созып, даусын шырқай, «аспан астын жаңғырта» айтатын өн. Мұнда Нартайға тән кең құлаш жүрегіңді жылытатын лирика, үлкен гуманистік кейіп бар.

Нартайдың халық алдында еңбегі арқылы көтерілген беделін, көркемөнерге сіңірген айта қалғандай еңбегін бағалап Қазақстан үкіметі оған 1939 жылы көркемөнерге еңбегі сіңген қайраткер деген құрметті атақ берді. Соғыс кезіндегі Нартайдың тыл еңбеккерлерінің рухын көтеруде, Совет Армиясының жеңіс жолын уағыздауда, біздің социалистік құрылысымыздың ең алдыңғы қатарлы қоғамдық құрылыс екенін үгіттеуде атқарған үлкен ролін еске алып, оны бірнеше сәуіс медалдарымен наградтады. Республиканың 25 жылдығында Нартайға «Құрмет белгісі» ордені берілді.

Нартай 1955 жылы 65 жасында қайтыс болды. Өмірінің соңғы кезеңіне шейін ол қолында өткір идеялық құралы — өнері мен социализм мәдениетін дамыту жолында күресті. Нартайдың ақындық, әншілік, композиторлық, артистік өнері әлі де болса зерттей түсуді керек етеді. Қайраткердің қағазға түспеген шығармалары, өмір кесектері әлі де болуында күмән жоқ.



НАР ТАЙДЫҢ ӘНІ

Нартай

Кербез



Сыр-на-йын а - қын Нар-тай



қо - лы - н(а)ал-сын ай, —



Жаң-ғыр-тып ай, ас - пан ас-тын



ән - ге сал-сын Ха - лә - лә - лә



лә-лә-лә-ләй, ха-лә-лә-лә лә-ли-ләй, лә-лә-ли-ләй



лә - лә - лә - лә ли - ләй Қу - был - тып, құй -



қыл - жы тып тол - ға - ған - да ай,




Қа - лық-тап ай, А - ха - хау —



ха - ла - лә - лә лә - лә - лә - ләу



ха - ла - лә - ләу лә - лә - ләу лә - лә - лә - ләу



ха - лә - лә - лә лә - лә - лә - ләй



Мос - ква - га — ай дау - сым бар - сын ай,



ха - лә - лә - лә лә - лә - ли - лә - ли - лә



лә ————— ләй. —————

БЕЙБІТШІЛІК

Әні мен сөзін жазған
Нартай Бегежанов

Асықпай

Әй, ри-ре-ри рей рей ре ри-рей

ре ри-рей ре ри рей ре-ри рей

рей Әй, ре-ри ре-и рай рей рай

ри-ра-рай ри-ра-рай-рай ри-ра рай-рай

ре-ри-рай а ри-рай ри-ра рай-ай.

ей.рей-рей ри-ра-рай ри ри рай

ри ри-рай-ри ри-ри-рай а ри рай

ри-ри-рай, ай

А! Бас қос қан

ас та-на-да бол-ды жи-ын су-ры-лып

сөз та-бы-лу е мес қи-ын. Қарс(ы)а-лып

бұл жи-нал-ған мә-жі-ліс-ті сай-рай-ын,

шат-ты-ғым-ның тар-тып күй-ін

Сай-ра тіл-ықт(и)-яр-лы ө-зің(е)е-рік

Ор-да-да бі-лік-ті-лер о тыр ке ліп.

Құт-тық-тап ақ-қан Сыр-дың, а та ғы-нан



қарс(ы)ал-дым жи-на-лыс-ты сә-лем бе-ріп

После третьего куплета



Жы-рын жыр-лап нә-ди - ай




0 ой , хоу, га-ри - га,



Ал, жыр(ы)н жыр-ла, а - ау

КЕНЕН



«**Е** кейде елу бақсы, сексен ақын» дегендей, Жетісуда Сүйімбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көп-

теген таланттар берді. Олардың бәрі бірдей тек сөз қуып қана кеткен жоқ, ішінде жыршылары, әншілері болды. Ақындық, айтыс дәстүрі әлі күнге дейін бұл өреде сол қалпымен келеді. Тіпті жаттап алған өлеңдері болса да еркек демей, әйел демей, той-топырда айтысып жүре береді. Ол дәстүр тек егде тартқан адамдарда емес, жастарға да ауысқан. Сондықтан да, Жетісу өресінде сөз қуу, айтысу дегендер кең жайылған дәстүр.

Міне осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні — Кенен. Ол бір жағынан суырыпсалма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп. Ол творчествосында адам бақыты үшін күрестің жырын жырлады, бері келе, совет таңы атқанда жеңістің, туысқандықтың, шын мәнісіндегі бақыттың жырын жырлады.

Кенен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, осы күнгі Киров атындағы колхоз тұрған жерде 1884 жылы туды. (Бұдан ширек ғасыр бұрынғы деректе туған жылы 1888 болатын да, жерінің аттары Қоңыр адыр, Мәтібұлақ еді. Жыл жағынан болмаса, жер шамасының бәрі біріне бірі жақын сияқты. Әкесі Әзірбай айтарлықтай өнері болмаса да о да ауыл арасында ән салып, домбыра тартып жүрген. Бірақ аты шығып не ақын, не әнші болып жайылған емес. Ал, шешесі Ұлдар үлкен әнші, ақын адам болады. Ұлдардың ол өреде атағы кең жайылады. К.шкене күнінде Кенен шешесінің өлеңін, әнін есітеді. Бірақ мейірбанды ана, өліп-талып көрген (Ұлдар ұл

көрмей көп зарығып жүреді) Кененді баулып, тәрбиелеп, мәпелеп өсіруге тағдыр құрығы оған ерте түсіп, Кененнің жасы жетіге келе бергенде Ұлдар қайтыс болады.

Ұлдардың өлімі Кененге де, ол кезде жетпісті алқындырып қалған Әзірбайға да оңай тимейді. Үй ішінде үлкен қайғы-қасірет жас бала мен кәрі әкенің басына төнеді. Оның үстіне Әзірбайдың адал дегенде екі-үш ешкіден басқа малы болмайды. Кенен қабырғасы қатпай жатып байдың қойын бағады. Аз ғана да болса аужал болсын дейді. Күндіз қой бағып, кешкілік ауыл шетінде кішкене итарқаның астында әкелі-балалы екеуі жоқшылықтың мұң-зарын тартып, айран-шалабын ішіп отыра береді. Айлар, жылдар тізбектеліп, көңілсіз өте береді. Күндіз далада жүріп шаршап-талған Кенен, көбіне ауыл жастарының түнгі ойындарына да қатыса алмай, ұйқтап қалады. Кейде оның күнұзаққа күнге күйіп талып келгеніне қарамай бай оны түні бойы қой күзеттіріп қояды. Бірақ жас, қажырлы дене оның бәріне де төтеп беріп, тіпті оннан асқансын сол бір ауыр бейнеттің ортасында жүріп, Кенен соның арасында домбыра тартуға, ән салуға да уақыт табады. Баяғы бала кезінде шешесі Ұлдардан алып қалған аздаған ән жобалары, жыр нұсқалары енді жас талапкердің көңлінде қайта қозғалып, біріндеп оларды есіне түсіреді. Кешкітұрым ауыл жастары қыр басына шығып, Ақсүйек ойнап, Алтыбақан тепкенде, Кененнің әндеткен әсем дауысы көп жастардың буынын босатады. Байдың топас, ерке-шәлжіңдері болмаса, ауылдың құбатөбел дәулеті бар адамдарының балалары Кененнің осындай ауыр жайда жүргенін сезеді, аяйды, бірақ оған қол ұшын беретін жағдай өздерінде де бола қоймайды.

Жоғарыда айтылғандай, Жетісу дәстүріндегі ақындықтың жайылуы Кененге жақсы әсер етеді. Бай аулына келген, қона-түстене жатып жыр жырлаған, өлең айтқан әнші, ақындар Кененнің санасында үлкен із қалдырады. Қабілетті бала есік алдында, кейде үй сыртында жүріп-ақ олардың маржандай сөздерімен, аңыраған әндерін көкірегіне түйіп алады. Көбіне Кененнің оларды тыңдайтын жәйі де болмайды. Өйткені, Кенен күндіз далада қойда болады. Тек қона жатқан, түні бойы өлең айтқан, айтысқан ақын, әншілерді тыңдауға ғана мүмкіншілігі болады. Оның өзінде де түнгі ұйқыны соларға беріп, ертеңінде күнұзаққа қалғып-шұлғып жүреді. Әрине, ұйқтап қалса, қойына қасқыр шапса, Кененнің басына байдың өңгір таяғы ойнайды.

Кенен осылай жүріп өзінің әндерінің санын көбейтеді. Қойшылармен кездесіп олардан ертегі, нақыл сөздер есітеді, кейде сыбызғының үніне қосылып бала даусымен Қордайдың даласын жаңғырықтырып ән салады. Кейде белбеуіне қыстырып жүрген домбырасын алып, оған өзінің сазды, қоңыр дауысын қосып, ән шығару тала-

бында болады. Ал өлеңді Кенен ерте шығара бастайды. Ол сол бір далада жүрген кезінде-ақ жаратылыстың не бір өсем көріністерін өлеңіне қосады. Өзімен қатар жүрген қойшыларға айтып береді. Олар Кененнің мұндай қабілеті барлығын сөзіп, осындай таланттың қой соңында, ен далада күні өтіп бара жатқанына қынжылады. Бұлардың да одан басқа қолдарынан келері жоқ, тек мына бір теңсіздік заманға қосылып лағнат айтумен бітеді.

Кенен болса ол тағдырдың жазғанынан басқа амал жоқ, соған бас иіп жүре беру керек деген ойдан аулақ болады. Ол күші болмаса да, табиғат берген мына бір сыйлықты қалай да даланың шаңына бастырмай, желіне ұшырмай, жаңбырына шайдырмай таза қалпында сақтап, реті келген жер болса іштегі шерді өлеңмен, әнмен сыртқа шығарғысы келеді. Өлең-әннің күресте өткір құрал екенін анық біліп болмаса да, оның сезімді жүрегі бір нәрсені аңдайды. Кенен далада жүргенде есітетін дыбысы: судың сылдыры, торғайдың шырылы, желдің гуілі тағы сол сияқтылар болады. Ол сол бір даланың дыбыс симфониясын құлағына іле жүре, солардың ішінен де өзіне рухани серік, мұңдасатын дос тауып алады. Ол аспанда шырылдап жүрген бозторғайдың емін-еркін парлап жүргенін көріп, жаратылыстың оған берген сыйына қызығады. Боз торғайдың қайда барам десе де жететінін, аспан әлемінде кезіп жүруге мүмкіндігі бар еркіндігін, басқа күш-қуаты шамалы болғанымен қанаты болғанын күн көруге оның да жәрдемін ойлап, біраз кідіреді. Өзінің қойшылық өмірі, мына бір бай қойына байланып, ешқайда қозғала алмайтын еріксіздігін, аспанға ұшпақ түгіл, жер бетінің өзінде барамын деген жеріне бара алмайтынын ойлап, налиды. Бірақ торғайда бар қанаттың өзінде де барын, оны да жаратылыс сый етіп бергенін есіне алады. Ол қанаты — өлең, ән шығару, өнер қанаты, ол құстан да алыс ұшпай ма, Ол Қордай түгіл анау Алатаудан асып та кетпей ме, сөзді, әнді кім тоқтатады, кім оның «етегінен» тарта алады. Міне өнердің осындай қасиетін толық жетіп білмесе де, жас Кенен өзінің қабілет қылын қозғап, дүниеге бірінші рет жаңа бір туынды береді, жанынан жаңа ән шығарады. Әнді аспандағы бозторғайға қарап айтады, өнінің атын да «Бозторғай» қояды.

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке шейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолға ұстап,
Сандалып қой артында азар кешкөй.
Келемін қойды жайып Қоғалыға,
Шығады бүркіт салған Обалыға.
Қой соңында жүрсең де кешке дейін,
Қарамайд бай, манаптар обалыңа.

Қойшылар қой жайғанда кеш батпайды,
Отырсаң мал күзетіп таң атпайды.
Қарайтын обалыңа иесі жоқ,
Төсекке белін шешіп бір жатпайды.

О, Бозторғай!
Шырылдайсын шіркін-ай.
Құтылар күн болар ма,
Қой бағудан бір күні-ай?! —

дей келеді әннің сөзі. Бұл ән радио толқынындай, баста қойшылар, малшылар арасында, кейін халық арасына тез тарап кетті. Әннің әсем сөзі де, қорпық көргеннің, зорлық көргеннің, бейнет тартқанның бәрінің де жүрегінен орын алады. Әрине, байларға, онын сойыл соғарларына бұл ән ұнай қоймайды. Бірақ халық дуылдап көтеріп алып кеткенсін топыраққа от қоя ма, ән қанатын самғап сол өречі шарлап кетеді. Енді Кенен қойшы Кенен ғана емес, «Ақын Кенен» деген атақтар алады. Ол атақты да өнерді баулып, қамқорлық етіп отыратын үкімет жоқта тағы да сол халқынан алады. Кененнің өлеңдері аузынан шықса болды, ілезде елге тарап кетеді. Оның мұқтаждық өмірді суреттеген бірнеше шумақ өлеңі ауыздан ауызға көшіп, ауыл жастары айтып кетеді.

Қозы жайған жерім бар Мәтібұлақ,
Шешемді ойлап зарланам күнде жылап.
Күн шықпастан дірдектеп мен жүргенде,
Шешесі бар балалар жатыр сұлап.
Шешемді ойлап далада айқай салсам,
Талқан шекер татиды шайнай қалсам.
«Қу жетім» — деп қуады қозы иесі,
Тілін алмай кей күні бармай қалсам.
Қарт боп қалған әкем бар жетпіс жаста,
Байғұстың баласы жоқ менен басқа.
Жалғыз ұлын баға алмай жасы жетіп,
Жыласа көзі толған қанды жасқа.
Бірге отырсақ сыймадық туысқанға,
«Қу жетім» — деп қуады ұрысқанда.
Үш ешкі мән бір қойдың басын ұстап,
Әкеме сауғызамын мыс құманға.
Алты уық бас-пана етіп тігіп алдық,
Баяғы үш ешкі мән жалғыз саулық,
Бір жағына қамалып кіріп алдық.
Әкем байғұс артымнан көп тұрады,

«Шаршадың ба, шырағым»,— деп тұрады.
Қой, серкешке жүргізіп, жылдығына
Аяқ-лау алсам деп еп қылады,—

деген өлеңі Кененнің басындағы ауыр халін жеткізе суреттейді. Басқа кірме сөзсіз, таза тілмен айтылған өлең Кененнің ақындық жағынан да жоғары екенін көрсетеді. Кененнің өлеңдері түсінікті, қарапайым болып келеді. Оның мәнісі терең бола тұра оқуға жеңіл, ешбір түсініксіз, жұмбақты жері жоқ болады. Екіншіден бұл өлеңі көшегі заманның тек Кенен емес, жарлы-жақыбайларының бәрінің де басына салған трагедиясы суреттелген.

Өзірбай шынында да ептеп, тырнақтап жинап жүріп, бір-екі жылдан кейін бір ыңғыршағы айналған арық, өзі сәуірік көкшолақ ат сатып алады. Бұрынғыға қарағанда енді недәуір жақсы болып қалады. Өзірбай да аты бар адам болып, оны бағып-қағып оңалтып алады. Ауыл арасында қандай жақын да болса жаяу жүруді ар көретін қазаққа, мына көкшолақ аттың тақымына түсуі үлкен бір байлықтай болып көрінеді. Кенен көкшолақтың басқа аттармен салыстырғанда мүсіннен жүрдай түрін де өлеңге қосады.

Сатып алдық Тоқпақтан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі сәуірік көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты.
Айғырлармен таласып жауыр болды,
Бағып міну әкеме ауыр болды.
Күндіз қойға мен мініп, бағып-қағып,
Өйтсе де аяқ-лау тәуір болды,—

деп, қалай дегенмен де қылқұйрықтың үлкен көлік екендігін айтады. Кенен атына тек өлең арнап қоймай оған өн шығарады. Өн Жетісудың дәстүрінде, халықтық интонация негізінде шыққан. Аздаған қалжыңның элементі бар. Ол әсіресе қайырмасында көбірек көзге түседі. «Көкшолақ» әні де тез жайылып кетеді. Орындауға да жеңіл, музыкалық жағынан аса мазмұнды, қоңыр ән, өлеңнің сөзіне сай келеді. Кенен бұл әнде де тақырыбы, аты жануарға арналғанмен, шыншыл суреткер сол бір сыртқы атаулар арқылы езілген таптың өкілдерінің жан дүниесін, үй-ішілік «қуанышын», аяқ-лау бола тұра, көп мініліп, ығыр болған Көкшолақтың жал-құйрықтан айрылып, шабан болғанын поэзия мен музыканың сиқырлы тілдерін қолданып, кедейдің «күрмеуге келмейтін қысқа жібіне», «шолақ тонына» теңейді. Өсіресе:

Мінгенім астымдағы Көкшолақ-ты,
Жалы жоқ, құйрығы жоқ шоп-шолақ-ты.
Әй қыздар, қойшысынбай өлеңіңді айт,
Тұсыңа мендей құрбың келіп қапты,—

деп, қойшы да болса, байдың қыздарына мырзалардан қадірсіз болмаған Кенен айтып жүреді екен. Бірақ малға кедей болғанымен, жаны бай, әні көп Кененнің қадірі күн санап халық арасында арта береді.

Сол өредегі Бибол дейтін бай екі болыс елді шақырып қызына той қылады. Ол тойға, қойын біреуге уақытша бақтырып кетіп, Кенен де барады. Байдың балалары жолда Кененді келекелеп:

Әй байғұс, тойға барар сәнің бар ма,
Қызбенен айтысатын әлің бар ма.
Кеудеңді өрге айдағысын сорлы кедей,
Сарапқа салысатын малың бар ма?
Үстіңде тіккен сенің үйің бар ма,
Айт пенен той қуатын күйің бар ма?
Атты мен тондыныкі емес бе олар,
Басыңда аз да болса миың бар ма? —

деп өлең айтады. Кенен: адамның қасиеті малмен өлшенбейтіңдігін өлеңмен ағызып айтып береді. Оларға ерегісіп, Биболдың қызының тұсына келіп, жоғарыдағы: «Әй қыздар, қойшысынбай өлеңіңді айт, Тұсыңа біздей құрбың келіп қапты» деп жетіп барады. Өзі ақын, өзі өнші — кімнен қорықсын, Көкшолағын тебініп, бай балалары өзін де, атын да кеміткен сайын екіленіп, Көкшолағымен сөйлескендей:

Жылдам жүрші, Көкшолақ,
Шапшаң жүрші, Көкшолақ.
Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ.
Жамандатқыр, Көкшолақ,
Діңке құртқан, Көкшолақ,—

деп, атының дүлдүл емес екенін паш ете, өлеңіне қоса жүре, қыздың үйін кимеләй береді. Бірақ Кенен қыздардың өзінің өндерін, өлеңдерін айтып жүретінін, жақсы көретінін біледі, мырзалардың құтын қашыру үшін осындай улы қалжыңға барады. Кенен қыздың тойында өлең айтып, өн салады. Оның өдемі дауысы, өткір сөздері тойдың басқа қызығын ұмыттырып, оған жиналған халықтың көбін өзіне қаратады. Осы күннен бастап Кененнің ақындығы, өншілігі Қордайдан

басқа жерлерге де жетіп, Кененнің қойшылық өмірбасын біржолата босатып алуына себептің басы болады.

1910 жылдарда Еркебай дейтін болыс Кененнің дабылын есітіп, оны ат жібертіп шақыртып алады. Байдың қойы жайына қалып, Көкшолақты әкесіне міңгізіп, Кенен Еркебай аулына кетеді. Енді қырық төбінгенде бір елең етпейтін Көкшолақтан басқа атқа да тақымы тиеді (әкесі Әзірбай осы шамада дүниеден қайтып, Кененнің қайда барса да қарайлай қоятын ешнәрсесі болмайды). Біреулер Кенен жасынан қой бағып, таптық сезімі ерте оянып, байларға, болыстарға қарсы болып, туғалы олардың қасына жолаған жоқ деген сияқты аңыздарды айтады. Ол шындықпен жанаса қоймайтын әңгіме. Өйткені ешкімде туғаннан бай мен болысқа қарсы болып тумайды. Одан кейін байлардың, болыстардың ішінде кедей табына бойтамыры елжіремегенімен, қадірлі адамдарды, ақын, әншілерді көтеріп, мадақтап, кейде қасына ертіп, екінші бір елдің немесе болыстың ақындарымен айтыстырып, өз жағының ақыны жеңіп кетсе көтеріліп жүретіндері сөзсіз болды. Кенен де ол бір жәйдан сырт қалды деу тарихқа қиянат болады. Екіншіден, Еркебайдың қасына ергеннен Кененнің адамшылық қасиетіне де, ақындығына да, әншілігіне де, таптық сезіміне де ешбір нұқсан келмейді. Қайта Еркебайдың шақырту себебімен Кенен мойнындағы қойшылықтың лағнет қамытынан босайды.

Осы кездерде Кенен өзінің «Қос қалқа» деген әнін шығарады (кейін өзі «Қызыл қайнар» деп те атап жүр). Ән Кененнің Еркебай аулында болғанда Естайдың Хұсни-Хорланы сияқты апалы-сіңлілі екі көркем қызды көріп, солармен әңгімеге келеді. Көркем сөздің, әнші жігіттің қадірін білетін қыздар Кененді қадірлейді. Бірақ кедейліктің салдарынан Кененнің тек жолығысып, орамал, сақина алысып, ескерткіш қана қалдырғаны болмаса, одан әріге бара алмайды. Міне сол қыздарға арнап шығарған «Қос қалқада»:

Ұзын су мен йірсу, Қызылқайнар,
Қыз-бозбала жиналып күліп-ойнар, қос қалқа!
Алма,әрігі албырап, гүлі жайнап,
Саясында сандуғаш-бұлбұл сайрар, қос қалқа!
Сұлу қыздай керілген Сұлутөрім,
Ән шырқатып, айтысып жүрген жерім, қос қалқа!
Керегенің көзінен қол жалғасып,
Шай орамал ұсынған кербездерім, қос қалқа!
Басынан Алатаудың ұлар ұшқан,
Ой жүйрік, қалыспайды ұшқан құстан, қос қалқа!
Көзінен керегенің жүзік беріп,
Едіңдер әріптестер қолды қысқан, қос қалқа!

Қызылқайнар, шөл қайың,
Су ағады сай-сайын,
Сен сағынсаң ай сайын,
Мен сағынам күн сайын,—

деп, әрбір екі өлең жолынан кейін «Қос қалқа» деген сөз қайталап отырады. Ән шағын көлемді, халық әндерінің қысқа демді әндерінің әуенінде шығарылған. Қайырмасында да шырқап, аспандап кетпейді, сол бір шамада қалады. Жалпы Жетісу әндерінің жан ауыртпайтын, шағын диапазонды қалпында.

Осы шамада Кененнің «Мөртай сұлу» атты әні шығады. Мөртай қыздың аты. Кенен мен Мөртай бірін бірі ұнатады. Бірақ қалың беретін Кененнің малы жоқ болып, Мөртайды басқа біреу айттырады. Мөртай ұзатылады. Кенен оған да қарамай, біреу арқылы қызбен уәделесіп, оны бір түнде алып қашады. Бірақ қолға түсіп, зәбір көріп, ақыры жуандардың айтқаны болып Кенен өліп-талып жеткен жалғыз сиырын сатып, айып төлеп әңгімеден әрең құтылады. Кейін сүйген Мөртайын сағынып, оны өлеңіне қосып:

Сенің аулың Қордайдың қырқасында,
Менің аулым жартастың жырасында, Мөртай-ай!
Тал бойыңда тарыдай бір мінің жоқ,
Тоты құстай бұралып тұрасын ба, Мөртай-ай!
Сенің аулың Қордайдың кезеңінде,
Біздің ауыл Қопаның өзенінде.
Аулың алыс кеткенде сұлу Мөртай,
Өшбейтін от жанады жүрегіме.
Сен де арманда, Мөртай жан, мен де арманда,
Екі ғашық қосылар заман бар ма?
Қалың малға сатылып сен кеткенде,
Зар еңіреп мен қалдым амал бар ма.
Туған жерің Қызылқұр,
Сұлу Мөртай қайда жүр.
Анда-санда көрсем де,
Сүйген қалқам аман тұр,—

деп, домбыраға қосылып, өзінің «Мөртай» атты әнімен осы өлеңді үнемі айтып жүреді. «Мөртай» да басы-аяғы жинақы, тиянадай ән. Басынан аяғына шейін бір ырғақтан ауыспайды. Дауыстың орта регистрі мен төменгі регистр айналасында басталып, сонда бітеді. Ән жұмсақ, жүрекке жылы тиеді.

1916 жылы 25 июнь жарлығы бойынша қара жұмысқа патша қазақ сияқты халықтардан жігіт жиғанда көп жерлерде көтерілістер болғаны оқушыға мәлім. Міне сол көтерілістің үлкен өрті Жетісуде

болды. Ол жөнінде Мұхтар Әуезовтің «Албан көтерілісі» атты үлкен прозалық шығармасында оқиғаның суреті толық берілген болатын. Кенен Әли Нұрғожаевтың отрядында болып, осы көтеріліске қару алып қатысады. Ол көтерілісшілер ішінде не бір ерлікке шақыратын, «ақ патшаның» жауыздық қимылдарын әшкерелейтін өткір өлеңдермен рухтарын көтеріп, ауызбіршілік, күш сақтауға шақырады. Патшашылдықтың ауыр салмағының елге батқан үлгілерін келтіріп, өзінің өткір сөздері арқылы отрядтың дауылпазы болады. Бірақ патшаның қарулы күші отрядты жеңіп, көтерілісті басады. Оған қатысқандарға қара күн туғызып, неше алуан жазалар ойлап тауып, берекетін қашырады. Сол кездерде көтеріліске қатысқандардың бір қатары Қытайға, екіншілері басқа губернияларға өтіп кетеді. Кенен ежелден өзінің творчестволық қатынасы үзілмеген қырғыз ақындары-достарына қашып кетіп, сол жақта біраз уақыт жүріп қалады.

Бауырлас қырғыз елінде жүргенде де Кенен жәй қыдырып, бас сауғалап, уақытты бос өткізбейді. Ол творчестволық күшінде, шабытында болып, белгілі көтерілістің басшысына арналған «Әли батыр» деген поэмасын жазады. Кененнің жас кезінде өзінің зиректігінен, молданың алдында көп бола алмаса да, хат танып қалғаны, келешегі үшін үлкен роль ойнады. Ол өлеңді үнемі тек құлақты қағып қойып айтпай, қағазға жазып та шығаратын. Ал, поэма сияқты үлкен өлең, дастан әрине жазуды талап етеді.

Кенен қалай дегенмен де туған жерін қатты сағынады. Жерін де, суын да, тауын да, адамын да, аңын да деген сияқты күнде айтып аузынан тастамайды. Жас кезіндегідей, тағы да жалғыз отырғанда мұңдасар дос іздейді. Аспанда жырлап тұрған бұлбұлды көріп, сонымен мұңдасады, тілдескендей болады:

Ей бұлбұл, сен де бұлбұл мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.
Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар,
Елден соң туып-өскен жер сағынар.
Туған жер, өскен халқым, орның бөлек,
Сыйласар қырғыздан да ер табылар.
Ер жігіт тірі шақта нені көрмес,
Ер болса қасіретке бойын бермес.
«Ел кегі — жауға кетпес» — деген бар ғой,
Дегенге кек қайтпайды көңіл сенбес.

Алатау, аңсадым-ау самал-лебін,
Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін,—

деп, сырласар жанында жан болмағаннан емес, Махамбет, Өтемісовтің:

Ей қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Сені көлден айырған,
Лашын құстың екпіні.
Мені елден айырған,
Хан Жәңгірдің тепкіні,—

дегені сияқты, қазақтың от-жалынды ақындарының табиғат дүниесімен бір мезет сөйлесіп, мұңдасып кететіні сияқты, Кененнің «Бұлбұлы» да бір үлгі. Алдыңғы әндеріндегі аяқ алыстан «Бұлбұлда» басқа бір қадам бар сияқты. Басында Кенен бірнеше ұстамды, сабырлы, созымды ноталар арқылы іштегі шерін шығарып алғандай, тек содан кейін ғана сөзге бағынған қысқа әуенді музыкалық сөйлемдер арқылы ойын «айтады». Сондай-ақ: «Алатау аңсамдым-ау!..» — деп басталатын қайырмасында да үлкен дем бар. Ән шын мәнісінде туған, өскен өлкесін, адамдарын сағынудан шыққан екендігін танытады. Кененнің ол бір кездегі творчестволық туындыларының ішінде «Бұлбұлы» музыкалық тілінің анықтығынан, байсалдылығынан, ырғақтық жан-жақтылығынан ерекше орын алады десе болады.

Кенен 1916 жылдың көтерілісіне арнап «Егіз ән» дегенін шығарады. Сол әнмен көтерілісті күшпен басқаннан кейін:

Есіттік Алматыда Сәтті алды деп,
Қожамбет, Асқар, Дәулет қартты алды деп.
Баланы әлдилеген бермейміз деп,
Қалың ел ұрысуға саптанды деп.
Бекеттің ішіндегі Алпыс солдат,
Халықты оқ жаудырып атқаны кеп.
Үш жүз қол мен Маисов келеді деп,
Біздің ел Қолқамысқа ат қойды тек,—

деп, көтерілістің барысынан, оның нашарлауынан, көтерілісшілердің қамысқа кіріп жасырынуынан, Маисов бастаған қарулы қолдың көлуінен зәресі ұшқан өлдің бас сауғалауынан хабар береді. Бұл өлең көтерілістің аяқ жағында Кенен өлі қырғызға кетпей тұрғанда шығарылған болу керек.

Октябрь революциясынан кейін Кенен өліне қайтады. Басына күн туып, өлінен ауып кеткенімен Кенен ол жақтан «олжалы» қайтады. Қырғыздың алып ақындары Тоқтоғұл, Қалмырзамен жақын болып, олардың жалынды өлеңдерін, әндерін ала келеді. Кенен өзінің жақ-

сы дауысының арқасында қырғыз халқының көптеген әндерін ала келеді. Қырғыз арасында да Кененнің өлеңдері, әндері кеңінен жайылады. Октябрь революциясы алдымен Кенен сияқты бұрынғы заманда қорлық көрген адамды қатты қуантады. Кенен шалқып, өлеңді де, әнді де бұрынғыдан көбейтеді. Күнінің енді туғанын көрген ақын-әнші совет үкіметінің сан жетпес қасиеттерін айтып әнге қосады.

1919 жылы Алматыда болған ақындар кездесуінде Жамбыл, Үмбеталы ақындар болады. Сол жиында Кенен де қатысып, өзінің жаңадан шығарған «Октябрь» атты әнін айтады. Бұл әнде Кенен:

Құл мен күнді құтқарып,
Ерік берген Октябрь.
Жержүзіне нұр төгіп,
Керік берген Октябрь,—

деп, термелеп, екпінді, жарқын мелодия арқылы жаңа күннің нұрын жыр қылады. Кененнің бұл әні сол кездің өзінде-ақ көп жерге белгілі болады.

Кенен енді тек әнші ақын болып, совет үкіметінің жақсылығын жырлап жүруді місе тұтпайды. Ол совет құрылысына қолынан келгенінше тікелей, іс жүзінде жәрдем еткісі келеді. Сонымен 1921 жылы Кенен Қордай ревкомының председателі болады, советтендіру жұмысына қызу араласады. Ол кезде республиканың шығыс-түстік жағында ерте ұйымдасқан «Қосшы одағының» жұмысына да Кенен араласады. Одақтың еңбекші шаруа, дихандардың басын қосудағы жетістіктерін Кенен басқалармен бірге тойлайды. Оған да арнап ән-өлең шығарады. Ол әні халық арасында «Шаңқ етпе» атанып кетеді.

1924 жылы совет халқының басына үлкен қаза кездеседі. Ұлы Ленин қайтыс болады. Кенен осы оқиғаға арнап «Ленин бабам» атты ән шығарады. Бұл әнде қазақтың байырғы жоқтауының әуенінде Лениннің өлімінің ауыр қаза екендігін суреттейтін кезеңдер беріледі.

Ленин жержүзінің тірегі еді,
Өмірдің қуаты мол жүрегі еді.
Бабамның дана сөзі, жолы өлмейді,
Тірлігі еңбекші елге керек еді.

Ой, бабам-ай!
Ержүректі данам-ай!
Туған елді тапсырып,
Компартия-балаңа-ай! —

деген сөздерге лайықты ауыр дыбыстар әнде үнемі кезектесіп отырады. Онда Лениннің ерте кетуін айтып қайғырумен қатар, көсемге деген махаббат, шексіз сүю, құрмет әуендерімен ән толы.

1925 жылы Кененнің басына үлкен бір қайғының қара бұлты төнеді. Кенен әдетше ел аралап, өлең айтып жүріп, қайтып келгенде, оның Базар, Назар деген екі ұлы бірден қайтыс болыпты. Мейрімді әкені бұл жағдай қатты күйіндіреді. Кененнің бұл трагедиясын естіп, көршілес қырғыздың бір топ адамдары, ақындары келіп, оған өлеңмен көңіл айтады. Мұндай екі бауырлас халықтың бірдей азаматтарының қайғыға ортақ болуы Кененнің болған іске болаттан да берік болуы керек екенін ескертеді. Кенен сүйікті бағландарына арнап, кейін «Базар-Назар» атанып кеткен, қайғы-шермен толы, шын жүректі тербеп, түкпірінен шыққан үлкен туындысын жарыққа шығарады.

Зарланайын ақ ешкі лағыңа,
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып зарланайық,
Жетер ме екен құдайдың құлағына.

Жалған дүние,
Салдың күйге
Жүрегімнен үзіліп түсті
Екі түйме.
Базарым-ай, Назарым-ай!

деп ақын ұзақ күндер жылап жатып алады. Тек, жоғарыда айтқандай, екі елдің адамдары келіп, жұбатып, Кененнің басын көтертеді. «Базар-Назардың» сөзі қандай болса, өні одан да өткір тыңдағаныңда сай-сүйегіңді сырқыратады, ақынның сол мезгілдегі ауыр қайғысына ортақтастырады.

Кенен сүйікті балаларының қазасынан кейін бірқатар уақыт ауыр уайымда жүреді. Қалай дегенмен де екі ұлдың бірдей қаза табуы оңай болмайды. Бірақ халқы сүйген Кенен, тағы да ел аралап, жаңа өлеңдер, әндер шығарып, өзінің рухани қаруын үшкірлей береді. 1933 жылы Алматыда республиканың колхоз екіпінділерінің бірінші съезінде болып онда өзінің осы топқа арнаған «Колхоз өні» деген шығармасын естіртеді. Бұл жылдарда да Кенен, бұрынғысындай қайда жүрсе де өлеңі, өні арқылы партияның кезекті қаулыларын үгіттейді, халықты социалистік құрылыстың қызу еңбегіне, ауылшаруашылығы ерлерін мол дән, мал өнімін алу жұмысына шақырады.

Кенен республиканың қандай тарихи оқиғалары, жиындары болса, соның ортасында жүрді. 1936 жылы Москва қаласында болған

өнер өнкүндігіне қатысты. Онда Кенен өзінің «Ленин мавзолейі» деген әнін шығарды. Жамбыл бастаған ақындар тобымен Москваға барғанда үлкен аброймен қайтты.

Кенен Ұлы Отан соғысы кезінде өзінің өлеңі, әні арқылы Отанның жеңуіне үлкен күш қосты. Ол «Біздің Отан жеңеді», «Елімнің ерке жастары» сияқты үлкен патриоттық әндер шығарды. Кененнің бұл әндері майданда да, тылда да орындалып жүрді. Кененнің өзі де ел аралап, біздің қарулы күшіміздің неміс басқыншыларын жеңіп шығатынын уағыздап, халықтың партияның айналасында топталып, қарулы күштерімізге қолдан келген жәрдемдерін үзбей беріп отыруына шақырды.

Соғыс бітіп, біз жауды жеңгеннен кейін Кенен «Ел қуанышы» деп аталатын біздің ұлы жеңісімізге арналған жарқын, қуаныш әнін шығарды. Онда шексіз шаттық, үлкен елдің жүрегінің соғуы бар.

Кененнің негізгі тақырыбы — біздің заман. Ол осы майданда үзбестен шығармалар беріп келеді. Қандай жаңа оқиға болса да Кенен оны әнде, өлеңде халық арасына үгіттеуде республиканың композиторларының ішінде бірінші орынның бірін алады. Кененнің: «Жайнады тыным», «Жас малшылар әні», «Қазақстан», «Бейбітшілік жыры», «Партияға алғыс», «Күләшқа», «Батыр Москва» (астананың 800 жылдық тойына барғанда шығарған) деген әндері тек тақырыбы жағынан алғанның өзінде де совет топырағында болып жатқан үлкен оқиғаларды қамтиды.

Кенен совет әдебиетінің 1949 жылы Москвада болған өнкүндігінде, 1958 жылы болған Москвадағы әдебиет пен өнердің өнкүндігінде, ауылшаруашылығы көрмелерінде үнемі болып жүрді. Ол 1960 жылы Москва қаласында өткен бүкілжержүзілік шығыс зерттеу конгресінде болып, онда өлеңмен өзінің сөзін айтты. Қазақ халқының совет тұсында бұрынғыдан да қомақты, жаңа сапада өркендеп келе жатқан ақындық-әншілік өнерінің озат үлгісін көрсетті.

Кенен тек өзінің туып-өскен жерінде бола бермей, өлеңмен, әнмен Қарағандының көміршілерінің, Балқаштың мыс-мырышшыларының, Шымкенттің қорғасыншыларының, мақташыларының, Каспидің балықшыларының, Гурьевтің мұнайшыларының, Қызылорданың егіншілерінің араларында болып, совет халқының шаруашылықта, мәдениеттегі жетістіктерін уағыздады. Ол туысқан қырғыз елін үнемі аралап тұрады.

Кененнің репертуары кең. Онда әндерден, өлеңдерден басқа қазақтың «Қобландысы», Қырғыздың «Манасы», түрікпеннің «Көрұғлы» сияқты үлкен эпикалық дастандар бар. Оның үстіне революциядан бұрын Кененнің Балуан Шолақ Жетісуға келгенде, онымен бірге көп жылдар жүруі, одан көптеген арқаның әндерін үйренуі, Кененнің ән қорын байытты. Ал Жамбылдан тараған ақындық дәстүр

Кененнің жанынан жастайынан-ақ орын алған. Кенен халық ақыны, әнші Шашубаймен де жақын дос болды. Онымен де өнер жағынаң кең түрде «алыс-берісі» болды. Бұл жағдай да Кененнің репертуар шеңберінің кең болуына себептің бірі болды.

Кенен 1961 жылы Алматыда М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұйымдастырған ақындар айтисына қатысып, онда ақын Өтеғалиева Халимамен қағысты. Кенен өзінің Халимаға айтар сөзін:

Батырым Компартия жол бастаған,
Бұлжытпай нұсқауларын ел қостаған.
Ақ отау Отан тіккен орда мынау,
Отанның ақынымын ойқастаған,—

деп, әлі де өзінің творчестволық күшінің қайнап жатқанын айтты. Халиманың:

Сен бе едің Қордайдағы ақын Кенен,
Құлағым «Кенен» десе елеңдеген.
Түсімде үш ұйқтасам бар ма менің,
Кенеке, қатарыңа келем деген,—

өлеңмен келіп, аяғында Кененге сөз тастап:

Ішінен осынша жұрт мені қалап,
Отырмын мен де сізді ерге балап.
Әр кімнің өз қатары өзіне алтың,
Мен үшін жас жігітсін жаңа талап,—

дегеніне Кенен өзінің ежелгі қалжыңқойлығына басып және отырған жұрттың көңлін бір көтеріп қояйын деп:

Өлеңің, Халимажан, қандай тәтті,
Қартайған жүрегімнің шамын жақты.
Төңбөкшіп төсек жайын айта кеттің,
Болсын сол уәдеміз енді нақты.

Сөз табылса айтайын,
Қуатыңды байқайын.
Жұмыртқа бол Халима,
Бауырымда шайқайын,—

деп, айтысқа қатысқандардың бәрін бір күлдіріп қойды. Бұл әлі күні Кененнің өлең-өнінің сарқылмас қоры барың, әлі де совет даққым арттыруда күшінің көп екендігін ыспаттайды.

Кененнің өндерінің ерте уақыттан бері белгілі болуының айғағы — А. Затаевичтің жинақтарында Кененнің өндерінің жүруі. Ол өзі көрмесе де, Кененнің ақын-әнші екенін кітабының түсінік сөзінде жазып кеткен. Кенен өндерін композиторлар Л. Хамиди, С. Шабельский 1934 жылы нотаға түсірді. А. Затаевич жазуындағы өнді композитор Е. Брусиловский өзінің «Қыз Жібек» операсында пайдаланды. Ол өн сөзсіз Балуан Шолақтың ықпалымен шыққан сияқты. Арқауында Арқа өндерінің «тіні» көрініп-ақ тұр. Салған жерден әннің шалқуы осы жәйді көрсетеді. Кененнің өндерін көп жиган адам Б. Ерзакович. Ол Кененнен 150 ден астам өн жазып алса керек. Кенен творчествосы осы әңгіменің контекстінде айтылғандай, халық тұрмысы, еңбекшілер арманымен байланысты. Ал совет тұсындағы шығармаларының бәрі де — Ұлы Партияның саясатын өнер тілімен үгіттейді. Кенен шын мәнісінде прогрессивті, озық ойлы өнер иесі. Ол елуінші жылдарда ұзақ уақыт төсек тартып ауырып тұрды. Соның өзінде де Кенен ешуақытта творчестволық шабытын, өзінің жақсы көретін, ардақтайтын — совет шындығын жырлауын тоқтатқан емес.

1959 жылы Кененнің 75 жасқа толу салтанаты өтті. «Той десе қу бас домалайды» дегендей, Алматыдан, Жамбылдан, басқа қалалардан, көршілес қырғыздан көптеген адамдар жиналды. Ол күні Кенен бұрынғысынан да жасарып үнемі жаңа бір әуендерге құрылған шығармалар айтумен болды. Сонымен қатар жаңалықты көркем ізсіз қалдырмайтын ақын, өзінің осы бір кезеңіне, асуына арнап «Жетпіс бес» деген жаңа әнін айтып берді. Кененнің тойы ұлтаралық достықтың, сарқылмас өнердің салтанаты болды. Бір кезде байдың қойын бағып, анадан ерте айрылып, аспандағы бозторғаймен мұңдасып, тағдырға налып жүрген Кенен, енді міне, совет халқының ардақты адамының, суреткерінің бірі. Ол әлі де творчестволық қажырында, әлі де бір емес, бірнеше «шабары» бар тарлан. Ол әлі де совет адамдарының ұлы коммунизм құру жолындағы талай-талай ерлік істерін жырлайды, талай өнер бәйгесіне де түсіп, талай жүлдені алатын қарт.



ХАЛЫҚТАН САНСЫЗ АЛҒЫС ПАРТИЯҒА

Кенен

Еркін, жігермен.

Пар-тия ка - рі - жас -
тың жү - ре - гін - де, ха - лық -
тың күн - діз тү - ні ті - ле - гін -
де. Ор - та - лық ко - ми -
те - ті Ле - нин құр - ған, Ха - лық -
ты бас - тап о - тыр - ей, Кре - мил - де
Ха - лық - тан




сан-сыз ал-ғыс Пар-ти-я -

1.
ға!

2.
ға!

ӘМІРЕ



«Әміре сахнада. Ол халық сыймай отырған залды бір шолып өтіп, домбырасына қарады. Әміре залдағылардың құлағын

жарып кететіндей бір-екі айқай дыбыстар алды, бірақ ол тек бастауы екен. Онысы залдың дыбыс ерекшелігін байқайын дегені болу керек, енді өзінің дауысының да, домбырасының да қандай күш дәрежесінде шығуы керек екенін түсініп алғандай болды. Енді аз ғана уақыт өткенде әнші залды да, онда құлаққа ұрған танадай болып тыңдап отырған публиканы да ұмытып кеткендей болды. Оның ойында осы бір ән тыңдап отырғандар бұл арадағы жағдайды ұмытып, онда осы сияқты адам жүрегі қуанышпен де, ренішпен де соғатын сонау отарланған малмен, алқақотан отырған ауылдары бар сахраға қарай ойлары ауысса деген пікір болу керек. Әміренің дауысы күннің күркірегеніндей кейде аспанды жерге түсіріп дүрілдеп, кейде баяу соққан самал желмен қозғалған бидайықтың шашағындай сусылдап, сыбырлап кетеді»,— дейді, 1927 жылы апрель айында Москвада болған бүкілодақтық советтер съезінде шыққан концертке жазылған бір мақалада. Әміренің аты тек Қазақстан емес, бүкіл Одаққа, бүкіл Еуропаға әйгі болды. Әміре арқылы қазақтың әншілік өнері мемлекеттік шекараны сонау жиырманшы жылдардың ортасында-ақ аттап өтті, орыстың, батыстың ұлы мәдениет қайраткерлерінің ауыздарына түсті. Әміре— қазақтың қалай мақтаса да, қалай мақтанса да бола беретін, сия беретін асқан өнерпазы.

Әміре 1888 жылы (кейбір деректерде 1886 жылы) Семей облысы, Абралы ауданына қарасты Дөгелең тауының өтегінде туды. Өке-



Әміре Қашаубаев

сі Қашаубай кедей адам болып, тек күнелту айналасында ғана, күн-бе-күнгі өмірді қуып жүрді. Ауылды жерде тиянақты кәсіп болмаған соң, Қашаубай көп ұзамай Семейге көшіп барды. Қалада да кәсіп істеу оңай болған жоқ. Дала байы мен қала байының кедейдің, жалшының еңбегін жеуде қандай айырмасы болсын, Әміре әрең дегенде үй ішін асырап тұрды. Бірақ жасынан бейнет шегіп, иықасты болып қалған Қашаубайдың денесі нашарлап, қажып, бара-бара қара жұмысқа жарамайтындай халге келді. Ал Әміренің шешесі Тойған да үй-ішінің ұсақ-түйегі болмаса білекпен келетін ауыр жұмысқа о да жарамай қалды. Мұның бәрі келіп, ақыры жас Әміренің мойнына үлкен ауыр бейнет қамытын кигізудің басы болды. Басқа амал болмаған соң жас Әміре Жаңа Семей жағында тұратын Исабек деген байдың (кейбір деректерде Қаражан деген бай) көлік айдаушысы болады. Әміреге бұл бөтен болған жоқ. Өйткені, ашық ауада, аузы бос, жол қысқарту үшін болса да, іштен лықсып шыққан үн болса да Әміре ыңылдап әндетіп жүретін болды. Бара-бара Әміре дауыстап, өзінің үн қабілетінің барлығын сезіп, кей кездерде ат айдаушы екенін ұмытып кетіп, әннің қызығына түсіп, қожасынан, біздің тілімізбен айтқанда, сөгістер, қатаң сөгістер ағып қалып жүрді. Бірақ оның бәрі де Әміре үшін мәнді нәрсе емес, әйтеуір аузының бос-тығы да әбиер болып, осы алған маңдайынан қайтпады.

Әкесінде айта қалғандай өнер жоқ болса да «жаман» Қашаубайдың баласының музыкаға деген қабілеті оның атшылығынан бұрын «әнші бала», бері келе «әнші жігіт» деген атағын шығарды. Көшенің екі жағында тұрған, ашық қақпаның ішінде самауыр қойып жүрген қыз-келіншек, кешкі тұрым аңгіме-дүкен құрып отыратын үлкендер тобы, ойында жүрген бозбала фазтонның «ешкісінде» отырып, арбаның доңғалағының айналған ырғағымен қосылып, кешкі Ертісті жақғыртып салып бара жатқан Әміренің әнін сілтідей тынып тыңдап тұрысты. Бүкіл Жаңа Семей болып енді Әмірені жақсы білетін болды. Ол арада болған ойын-сауық Әміресіз өтпейтін болды. Әншілігінің үстіне әсем мінезді, ақ көңіл жігіт халықтың назарын үнемі өзіне тез аударып алатын. Осындай екі бірдей қасиетінің арқасында Әміренің атағы көп ұзамай Ертісті кесіп өтіп Семейдің қаласына жетуге айналды. Бұрынғы бұрынғы ма, енді Қашаубайдың «жаман баласы» бүкіл қаланы аузына қаратуға айналды.

Мұның бәрі де Исабек байға ұнамай, ол қалай да Әміренің мына бір кедейге «келіспейтін» қылығын тоқтатқысы келді. Бірінші шара есебінде ол Әмірені жәмшік айдағанда қаланы аралап, көзге түседі, қалаға танысады, құлағын түріп оның әнін тыңдайтындар көбейеді, сондықтан бір жерге қадап қою мақсатымен, Әмірені тері күзеттіріп қойды. Ондағысы Әміренің жолын кесіп тастау, әншіні сүйген халықтан айыру еді. Бірақ ол мақсатына Исабек жете

алмады. Әміренің дауысы түнгі Семейді тегіс аралап, көше бойы қыдырып, сайрандаған жастар, терезесін ашып қойған әнқұмар үлкендер құлақтарын тосып тыңдап ләззат алды. Жаратылыстан күшті дауыс кешкітұрым салқынмен бұрынғыдан да дүрілдеп, «мына байлаудан құтқар, еркіндікке жібер, қанатымды бір қарыштайын, аспанға бір шырқайын» деген сияқты болып, Әміренің дауысы өзінен бұрын Исабектің сасық иісті тері складынан іргені аулақ салуды сұрап тұрғандай, Арқаның жазығына, Ертістің еркін ағысына шыққысы келгендей кейіп білдіретін.

Бұл кездерде Әміре аз да болса бірқатар ақылай табысқа ие болып, оларын үйіне беріп, өзі Семейден сыртқа шыққысы келді. Қаншама қиын болғанымен, мейірімді әке-шеше өнерлі баланың алған маңдайын қақпады. Әміре енді әніне бостандық алатын болды. Бірнеше күн тынығып, Исабекпен есеп айырысып, Арқа әншілерінің Мекесі болған Қояндыға жол тартты. Бұл Әміре үшін үлкен, игі сапар болды. Жалпы кең дүниеге шығумен қатар, Әміренің бұл ән сапарына, музыка жәрмеңкесіне тартқан сапары болды. Өйткені осы күнге дейін өзінің ғана білгенін айтып келген Әміре, не бір саңлақ, топтан озған ән иелеріне кездесті. Жасы келіп қалса да, әлі қунақ, күлдіргі қалпынан таймаған, қарт дауысымен әлі де әннің нақысын бұзбай айтатын аға әнші Жаяу Мұсаны көрді. Семейде жүргенде оның «Ақ сисасын», «Гаулһар қызын», «Хаулауын» айтып, Жаяу Мұсаның өз жүзін көрмесе де творчестволық жүзіне қанық болатын. Енді міне, «құлақ естігенді көз көреді» болып, қарт әншінің өзін де көрді. Жас талапкер үшін бұл үлкен рухани олжа болды. Ал тап осы кезде нағыз бабында тұрған Бапидің Мәдиі, Ғаббастың Айтпайы, Байжанның Қалиын есіткенде Әміренің бұл күнге дейінгі орындап жүрген әндерінде көптеген «күнәлар» болып шықты. Ол бір дүниені сындырып алған жазықты баладай, үндемей, томпыып, құлағымен де, көзімен де бірдей тыңдады. Мынау әннің базары Әмірені еліттіріп, енді қайтып Исабектің терісінің иісіне оралмастай іштей уәде айтты. Қандай жолмен болса да Әміре бұдан былай өзін бүтіндей ән өнеріне бағыстауға бел байлады. Жоғарыда айтылған әншілерден жаңа ән үйреніп, репертуарын біраз байытты да, оның үстіне Семей әндерімен Баян, Көкшенің, Ақмоланың ән дәстүрлерінде аса алшақ жатпаса да ептеген айырма бар екендігін сезді. Әр әнді өзінің стилінде орындауға бар күшін салды. Қабілетті әнші ол мақсатына да жетіп қалды. Жеке дара жүргендегі ән түсінігі бұрынғыдан көп байып қалды. Тек қана сан жағынан емес, сапа жағынан да Әміре бұл Қоянды жәрмеңкесінен түрлі айна, тарақ, иіс су, шүберек — пұл, кәмпит, шекер алып қайтқан қалашылардан өзінше олжалы қайтамын деп қуанды. Он үш жасынан ән салып, Жаңа Семейдің шала қазақ, татарлар арасында «әнші бала» атанып, жасы он сегізге жаңа таян-

ғанда мына Қояндыға келуі, Әміре үшін ән дүниесін ашуын былай қойғанда басқа да дүниелік, өмірлік үлкен жаңалықтар көрген жүрiсi болды.

Әміре қойын-қолтығын әнге толтырып қайтып Семейге келеді. Енді бұрынғы жәмшік, күзетші Әміре емес, ысылған, өмір көрген, жақсылардың қасында болған тәжірибелі Әміре болып келді. Семей оны бұрынғыдан да қызу қарсы алды. Әміре енді жиы шақырылатын болды. Оның үстіне бұл кезде Семейге келіп жатқан атақты Майрамен кездесіп, екі ән алыбы біресе домбырамен, біресе гармонға қосылып Семейдің ән базарын қыздыра түсті.

Октябрь революциясының қазақ даласына келуі саяси-экономикалық өзгерістермен қатар, мәдениетте де үлкен революция жасады. Қазақтың кешегі заманда еңсесін бейнет басып, кеудесін көтере алмаған Әміре сияқты әншісі, қараңғылықты жарып шыққан Майра сынды өнершісі шүйделерін көтеріп, дауыстары бұрынғыдан да сыңғырады. Майра Кереку мен Семей арасында ән базарын көтеріп, Әміре Семейде жиынның, кештің сәні болып кетті. Әміренің күшті үні революцияның дүбіріне қосылғандай аңқылдап аспанға шығып, бір күні ұлы астана Москваға да жетіпті...

«Қазақ әншісі Әміре Қашаубаев Парижде болатын жержүзілік көрмеде қойылатын этнографиялық концертке қатысуға келісім бере ме екен? Соның хабарын тез білдіруіңізді сұраймын. Жол қаражаты, гонорары төленеді. Мерзімі — июнь, июль айлары. РСФСР Халық Ағарту Комиссары — Луначарский» деген Семейдің губерниялық халық ағарту бөліміне телеграмма келеді. Халық ағарту бөлімі де, Әміре де сасып қалады. Күні кеше Исабектің терісін бағып, жәмшік айдаған Қашаубайдың баласын қапелімде Парижге шақырғанына түсіне алмай, оны-мұнымен біраз күн өткізіп алды. Бұлар осылай тамсанып-таңырқап жүргендерінде Москвадан тағы: «Әнші қазақ Әміре Қашаубаев туралы менің берген телеграммама жауапты тездетулеріңізді сұраймын. Парижде болатын біздің концерт мәселесінің мемлекеттік маңызы бар» деген Луначарскийдің қолымен телеграмма келді. Енді ойланатын, кеңесетін уақыт жоқ, телеграммадағыны тек орындау қалды.

Әміре Москваға жол тартты. Қоянды барғанын Мекеге барғандай ұзақ сапар көрген Әміреге енді мына бір жол тіпті қызық сияқты көрінді. Кедей Қашаубайдың баласы анау-мынау ауыл арасын қойып, міне, совет үкіметінің арқасында ата-бабасының түсіне де әнбөген шетелге шықпақ. Бұл не деген бақыт! Теміржолдың әрбір рельсінің қосқан жеріне соққан поезд доңғалағының ырғағымен бірге Әміренің жүрегі де соғады. Мезгіл-мезгіл вагонды басына көтеріп өндөтіп, кейде үлкен ой теңізі билегенде жәй сызылтып, ықырысып қана отырады. Бұрын Лениннің тек атын есітіп, пайғамбардай-ақ

шығар деп ойлайтын Әміре, енді мына бір жағдайға ие болған кезде құдайдың да, пайғамбардың да, оларды уағыздаған молдалардың да жақсылықты әрі ысырып, о дүниеде болады деп уақыт несие-сіне қаратқанында бір шикілік бар шығар дегендей де бір тұжырымға келе түсіп, бірақ алысқа бармай, поездың тербетуімен нәрестенің ұйқысындай таза ойын аяқтауға түсінік қауқары жетпей, көзін жұмып, қорылдай кетті.

Парижде болатын концертке қатысу үшін Москваға Қазақстаннан басқа ұлт республикаларынан белгілі өнерпаздар келді. Бұл шеберлердің, оның ішінде Әміренің Париж концертіне дайындық есебінде өткен Үлкен Театрдағы концертте шығуы үлкен табыс болды. Бұл жөнінде «Правданың» 1925 жылғы 26 июнь күнгі номерінде:

«Керемет концерт! Маусымның «шын шыңы». Керек болса — башқұрттың құрайшысы Исенбаев, қазақтың әншісі Әміре Қашаубаев, өзбектің бишісі және әншісі Тамаға Ханум, армянның асбап триосы Сукиясов, Харибекишвили және Кахуров — шын мәніндегі Одақтық республикалардың халық артистері (үкімет берген құрметті атақпен емес). Олардың «жабайы өнерлері» творчествосының көркемдік сатысы жағынан, орындаушылықтан европалық шеберлердің тәуір деген номерлерінен кем түспейді, ал, қолдарындағы асбаптарын салыстырсақ, олар тағы бірінші орын алады: тыңдаушыларға эмоционалды, эстетикалық әсер етуде олардың қолдарындағы қандай жұпыны құрал десеңізші!» — деп жазды. Айтушылар Әміре «Ағаш аяқтың» басындағы жоғарғы нотасын шырқап алғанда, партердің алдыңғы қатарында отырған бір әйел: «Мынау не деген күшті дауыс!» деп, шошып кетіп барып айтыпты деседі.

Әміре этнографиялық ансамбльмен Парижге барады. Париж халқы неше түрлі өсек есітетін совет елі туралы мәліметтерінің үстіне өнер өкілдерін көретініне қуанады. Көздерімен көріп, есіткеннің жақсақ жерлерін түзетіп алғысы келеді. Сонымен қатар олар бұл келе жатқан совет елін жайлайтын халықтың бірқатарының ғана өкілдері екенін жиылған жарнамалардан есітеді. Совет өнершілері Париждің залдарында 11 концерт береді. Сол концерттерде Әміре өзінің сүйікті әндері: «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Екі жирен», «Дудар», «Қос барабан», «Қызыл бидай» тағы басқаларын айтады.

Ансамбльдің концерті бұрын-соңды ондай музыканы тыңдамаған Париж халқына қатты ұнайды. Неше түрлі ұлттардың әндері, олардың сан алуан түрлі асбаптары, неше түрлі түсті киімдері, орындау шеберліктері совет өкілдерін үлкен табысқа бөлейді. Әсіресе бұрын аттары шықпаған Россияны жайлайтын аз ұлттардың совет үкіметі орнаған аз мерзім ішінде мұндай табысқа жетуіне дос сүйініп, дұшпан күйінеді. Бір кезде Ертістің асау толқынының аккомпанементімен өн шырқаған Әміренің енді Сена өзенінің сылдырап аққан дыбысына



Әміре Парижде (Ортада тұрған).

сиқырлы үнін қосуы, тек ән өнеріндегі емес, халықтар достығын нығайтудағы совет саясатының өнерді үлкен рухани құралға айналдырғаны көрінді. Совет өнер өкілдерінің үндері «Идеяның шекараны танымайтыны» сияқты бір жағынан советтердің әділ ұлт саясатын дәуігітеп кетті.

Париждің газеттері совет өнершілерінің концерттері жәйлі үзбей жазып отырды. «Париж апталығы» атты газет өзінің 1925 жылғы 31 июльдегі номерінде:

«Комедия» залында өтіп жатқан орыстың этнографиялық өнері өдеттегі біз болып жүретін концерттерден ерекше. Біз аса жоғары, қызықты сахна көрдік, біз Түркістанның, Украинаның, Оралдың, Кавказдың таза шынайы қалпында тұрған, жүрек қылықды қозғайтын музыкасын есіттік. Оларда гармониялық, мелодиялық бұрмалау, дыбыс құрылыстарын өзгерту сияқты өзінің ерекшелік характерін бұзатын нәрселерді таба алмайсың. Қазақтардың, башқұрттардың, орыстардың өндері олардың төл интонациялары арқылы, ал асбаптық пьесалар өздерінің қолдан жасаған асбаптарында орындалды... Қа-

зақтың әншісі Әміре Қашаубаев өзінің халықтық манерада айтылатын емін-еркін даусына ұлт асбабы домбырасының сүйемелін қосып өз елінің жаныңды толқытатын әндерін орындады. Солардың бәрінде де, өздерінің өнерлерін Парижге көрсетуге келген адал көңілді артистердің өз Отанына деген жалынды сүйініші сөзіледі» — деп жазды.

Француздың белгілі музыка зерттеуші ғалымы «Ле мюзикаль» журналында Әміренің сирек кездесетін музыкалық көрініс екенін жазды. Сорбонн университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында қазақтың бірнеше әндерін жазып алды. Бір айта кететін жай, біз осы күнге шейін Әміренің сол фонографқа түскен әндерін шетелмен байланысты мекемелер арқылы қанша талпаптансақ та, ала алмай жүрміз.

Әміре Париждан елге келеді. Москвада болып, одан туған қаласы Семейге келеді. Бірақ онда көп бола алмай, күзге қарай Қызылорда келіп, ол кездегі Қазақстанның астанасында ашылғалы жатқан театр труппасына кіріп, солармен бірге дайындық жұмысқа кіріседі. Келесі 1926 жылда январьдың 13 күні Мұхтар Әуезовтың «Еңлік — Кебек» пьесасымен қазақ тарихында бірінші рет профессионалдық театрдың шымылдығы ашылғанда Әміре қойшы Жапалдың ролін ойнайды. Оны сол кезде көрген адамдар әлі-күнге аузынан тастамайды. Өйткені Әміре тек әнші емес, жақсы артист болды. Ол сахнада жасанды қимыл-қозғалыссыз, қандай образда болса да, шын жүректен, нанымды, қарапайым етіп келетін. Солай бола тұрса да Әміренің шын шүйдесі көтеріліп, шоқтығы аспанға шығатын кезеңі концерттерде болатын. Афишада Әміре шығады деген концерттер ол кезде үнемі лық толы болады екен. Күлкілі сөз шебері Қалибек, поэзияның жас перісі, әнші Иса, характерлі номерлерді жандырып шығаратын Елубай, от боп жанған Құрманбек — бәрі бірінің артынан бірі шыққанда концерт жөнсіз көп уақытқа созылып, публика уақыттың қалай өткенін сезбей де қалады екен.

1927 жылдың апрель айында Әміре тағы Москваға шақырылады. Онда, осы әңгіменің басында баяндалғандай, советтер съезінде концертке шығып, үлкен табысқа ие болды. Сол жылдың жазында Әміре Германияның Майдағы Франкфурт қаласында болатын Жержүзілік музыкалық көрмеге жіберілді. Бүкілодақтың шетелмен байланыс жасаушы қоғам онда көрменің советтік бөлімін ашты. Бөлімнің концерттерінде біздің әр ұлтымыздың өкілдері шықты. Июльдің 22 мен 31 арасында көрмеде орыс музыкалық апталығы болып, онда қатысуға РСФСР-ға еңбегі сіңген артист, профессор Г. Любимов бастаған советтік этнографиялық ансамбль құрылды. Сол ансамбльдің ішінде Әміре де болды. Ансамбль Франкфурттың Үлкен театрында 9 концерт берді. Концерттер аса қызғынмен қабылданды. «Франкфуртер

Gesellschaft für Kulturelle Verbindung der Sowjetunion mit dem Auslande

Москва, СССР

Москва, СССР

Телефон: 311-11-11

Москва, д. _____ 19__

ПРОСТОПРАВЛЕНИЕ


RESCHENUNG

Дано сие артист.....
..... в том, что
он.. командирован всесоюзным Об-
ществом Культурной Связи с Заграницей для выступления на Междуна-
родной Музыкальной выставке во
Франкфурте на Майне.

ДЕЙСТВИТЕЛЬНО на № Д-177.


Hiermit bestätigt die Gesellschaf
für kulturelle Verbindung der Sowjet-
union mit dem Auslande, dass der Künst-
ler
von der Gesellschaft zur Teilnahme an
den musikalischen Aufführungen der In-
ternationalen Musikalischen Ausstel-
lung in Frankfurt a/M. entsandt ist.


Gültig bis zum 5/III - 19__.


Секретарь. Дир. Управления



Генеральный Секретарь
Ирина Владимировна Молчанова


I. KOKHINTE
Vertraul. Sekr.-Mitgl. d. V.S.



Генеральный Секретарь
Geschäftsleiter

Әміренің Франкфуртқа бара жатқандағы құелігі



С.С.С.Р.

ТОРГОВОЕ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО
ВО ФРАНЦИИ.

Телеграфный адрес: Uniborg Paris

№: 100000

№ документа	_____
Дата выдачи	_____


Париж, 4 августа 1952 г.

М. П. UNIBORG PARIS
 TELEGRAMME
 DISTANCE 02 82
 " " 02 42
 NOYON 07 51
 " " 07 51

У Д О С Т О В Е Р Е Н И Е .

Изготовили удостоверение, что **КАДЕЛЬБАВЬ АМЕР**
 Артур Гюбеля, возвращается из командировки из Франции
 к месту постоянной службы в Союз ССР, а по месту на осно-
 вании ст.ст. 240 и 244 Тамбовского Устава ему разрешается
 ввоз в СССР безвозмездно вещей, принадлежащих лично ему и
 его семье, согласно прилагаемого и заверенного списка.

ПРИЛОЖЕНИЕ: два списка вещей.



Әміренің Парижден қайтқандағы куәлігі.

цейтунг» газеті «Аса қабілетті жеке орындаушылардың қатынасуымен профессор Г. Любимовтың көрсеткені біздің күткенімізден асып шықты... СССР-дың ұлттық музыкасының бай жақтарынан нағыз шыншыл, айта қалғандай етіп көрсету арқылы ВОКС өзінің уәдесін орындады» — деп жазды. Советтер Одағы халықтарының өнерлерін екінші рет шетелде көрсетуде, осылай, Әміре, екінші рет көзге түсті. Қазақ халқының ән байлығын шетке көрсетуде өнер қайраткерлерінің ішінде Әміре пионері болды.

Әміре қайтып Қызылордадағы қазақ театрына келді. 1928 жылы театр Алматыға көшкенде Әміре де бірге келді. Әміре драма театрында бірнеше рольдер атқарды. Әсіресе концерттерінде басты артист болып жүрді. 1933 жылы драма театрының бір бөлек адамынан құралған «Музыкалық студияның» ішінде бірінші болып Әміре кетті. Ол студия келесі 1934 жылдың январының 13 күні «Музыкалық театр» болып, Мұхтар Әуезовтің «Айман — Шолпан» атты музыкалы пьесасымен ашылды. Әміре «Айман — Шолпанда» басты рольдің бірін атқарды. Бірақ өмірі ұзақ болмай сол жылдың күзінде қайтыс болды.

Әміренің негізгі ресми қызметі театрда болғанымен, ол үнемі концерт беруде болатын. 1926 жылы Қ. Жандарбековпен бірге Шымкент, Ташкент қалаларында концерт берді. Қала халқы, оқушылар үлкен ынтамен қарсы алды. «Әміренің залды күңреңтіп жіберген ащы айқайы мен сыңғыраған көмейінен бұралып шыққан үнге таңырқамаған жұрт болмады. Бір кешті Әміренің бір өзі алды» дейді, өзінің «Әміре — топтан озған әнші» деген мақаласында Қ. Жандарбеков.

«Әміренің дауысы — тенордың жоғарысы» деген мақаласында жалынды ақын, әнші Иса Байзақов: «Әлі есімде, 1926 жылы Қазақстан мемлекет театры ең бірінші рет ел аралауға шықты. Бастығы Әез Байсейіт ұлы болып, барлығы жиырма-жиырма бір адам едік. Қызылордадан шығып, Түркстан, Шымкент, Әулие-ата (Жамбыл), Пішбөк (Фрунзе), одан Алматы келдік. Концерт әншілерінің ағасы Әміре Қашаубай ұлы болатын. Әсіресе Әміреге бір риза болған жеріміз Қарқара жәрмөңкесінде болды. 1916 жылдың «Албан көтерілісіне 1926 жылы он жыл толуымен байланысты Алматыдан Жандос ұлы Ораз бен Көшкін ұлы Ыдрыс келді. Бір күні ертемен екі-үш мыңдай кісі жиналды. Ыдрыс пен Ораз жолдастар патшаға қарсы он алтыншы жылдың көтерілісі туралы баяндамағар жасады. Соңынан қазақ труппасының артистері, бастығы Әміре болып концерт берді. Күндікке демонстрацияда жүріп, ән салып, өлең айтып, шаң жұтып, шаршағанына қарамай, артистер концертті жақсы өткізді. Әсіресе жұрттың ынтамен тыңдағаны Әміре өндері болды. Әміре шығады дегенде жиылған жұрт қол соғып, сахнаға шығуын қошемет-

теді. Әміре жәйтаңдаған бойы көпке басын иді де, орындыққа отыра салып, шалқып, даусын бір көтеріп алды да қоңыраулатты. Біраз әнді айтып кетпек болып еді, жұрт үсті-үстіне қол шапалақтап жібермеді. Әміре «Жалғыз арша», «Сырғақты», «Ісмет», «Қанапия» әндерін айтты. Қасында бір-екі жігіті бар, қалыпты «Қыз Жібектің» қиссасын жазған Шайқы-Ыслам Жүсіпбек ұлы келіп, сахнаның сыртында Әміреге танысып, рахмет айтты. Әміренің бұдан басқа да талай үздік шыққан жерлерін көрген едік. Бір есте қалғаны осы» — дейді.

Өзінің «Екі естелік» дегенінде Қалибек Қуанышбаев 1924 жылы Семейде өнерпаздардың февраль айында болған жиналысында болғанын айтады. Ол Қарқаралы, Өскемен, Павлодар, Баян — бәрі бір облыс екен. Павлодардан Майра, Семейден Әміре, Қарқаралыдан Қали Байжанов болады. Басқа әншілер жарысқа түсіп, кезектесіп әндер орындағаннан кейін, топталып келе жатып, қарақшыға жақындағанда шұбалып, біріндеп шыға бастайтын бәйгі аттарындай, аяғында Қали мен Әміре қалады. Бұлар баста әрқайсысы әртүрлі ән айтып, кейін бір әнді екеуі бірінің аузынан бірі жұлып алып айтып, біресе домбыра, біресе гармонмен сүйемелдеп, қыза-қыза екеуі сахнадан шықпай қояды. Қазақтың ескі әдеті қала ма, Қали айтқанда Қарқаралы, Павлодар, Баяндықтар хошеметтеп, Әміре айтқанда Семейдің көпшілігі шулап, айқайлап қостайды. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» дегендей, екі әншінің бірінен бірін бөлмей, екеуінің де пірлі екенін көрген төреші топ, бірінші, екінші бәйгені қосып жіберіп Қали мен Әміреге бөліп береді.

«Әміренің адамшылығы аса зор еді. Барынша әділ, жүректі еді. Қаннен-қаперсіз, қалай болса-солай жүретін. Дүние үшін қабақ шытып, бір тарықпайтын. Қоң етін кесіп беретін жомарт еді... Біздің Әміре қасым жомарт қой деп күлуші едік. Кейде бір нәрсеге үлкен ерні томпайып, балаша өкпелейтін. «Ой, сорлы Қашаубайдың баласы-ай!» — деп, бір саусағыңды шошайтып, қытықтасаң, күліп, ол өкпесін әп-сәтте ұмытып кететін... Әміре ән салғанда әнді көркемдеп, ыйықтандырып, аспандата айтар еді. Қандай әнді болса да түзеп, кесек бейнелі ән қып айтып жүрсе де, «мынаны мен түзедім» демес еді. «Ағашаяқ», «Шіркін-ай», «Баянауыл», «Қарға», «Екі жиірен», «Толқын», «Қос барабан» тағы толып жатқан әндерде Әміренің аса көп еңбектері бар. Әміре ән салғанда қандай күшпен, айқаймен бірнеше әндер айтқанда, түсі бұзылмас еді. Күшпен айтатын әндердің алдында демін бір-ақ жиып алатын. Оң жақ алқымында мойнының қалтасы бар еді. Соған бар демді толтырып алып, үнемдеп шығарып, көпке дейін дем алмайтын. Әміре әнді ылғи сүйіп, ұнатып, өзі әнге ғашық болғандай айтатын. Халық көп болса делебесі қозып кететін... Халықтың ішінде өзінің жақсы көретін жолдастары

отырса немесе сырттан біреулер болса тіпті құйындай ұйтқып, құландай ойнақтап, жүйткіп, дабылдай саңқылдап, кішірек театр, клубтарға сыймай кетер еді... Аса көтеріліп ән салғанда, біресе қуанғандай күлімсіреп, біресе жеке келе жатқан бәйге атындай жарқылдап, ойнақтап кетер еді. Кейде өршеленіп, даусынан әртүрлі құбылыстар, бұрма-бұрма иіндер, біресе сұңқылдаған, біресе толқынданып, әсерлі үндер үсті-үстіне боздап шыға берер еді. Әміре қала мен даланы кезген, ел дәстүрін анық білетін сері әнші еді. Қыз ұзату, жар-жар, шілдехана, дүбірлі тойда Әміре талай сайраған болатын... Әміре халық қазнасын советтік Қазақстанға өз қолымен алып келіп, тапсырып кеткенін атап айтуға тиіспіз»,— дейді сол естелігінде Қ. Қуанышбаев.

Әміремен бірінші кездескенін Қалибек былай деп жазады:

«1925 жылдың октябрь айының ішінде «Еңбекші қазақ» газетіне бірсыпыра адамдардың аттары жарияланды. Солардың басын қосып, құрастырып, театр құру керек деп, Оқу Комиссариаты шақырған болатын. Семейден Әмірені, Исаны, Павлодардан Майраны, Қостанайдан Серкені, Орынбордан Елубайды, Ташкенттен Құрманбекті, Қарқаралыдан мені атаған екен. Осылардың соңын ала декабрь ішінде мен де келіп жеттім. Қызылордаға келісімен Әміренің үйін іздедім. Біреуден біреу нұсқап, көрсетіп, әйтеуір таптым-ау.

«Келген бетімде есігін қағып едім, қасқа маңдай, үлкен ауыз, шашын тап-таза қып қырған, кіршіксіз таза киінген, тығынын алған шақшадай таңқиған, жап-жас түрі сарылау, бір инабатты жігіт есік ашты. Маған жақсылап тұрып сәлем берді. Оның маған сәлем беретін жөні де бар: менің сақалым жоқ болғанмен, қыяқтай қалың қара мұртым бар еді. Түлкі тымақты шалқайта киіп, қара шапанды желбегей салып, ойда-жоқта есігінің алдында тұрған мені өзінен бесалты жас кіші деп ойламаған сияқты. Оның үстіне өзі туып-өскен Қарқаралының киімімен тұрған соң сәлем беру Әміреге міндет болды.

Амандасқаннан кейін:

— Әміренің үйі осы ма? — деп сұрадым. Осы дегенсін үйге кіріп шешініп, жуынып жатқанымда, Әміренің өзі орамалды ұстап, күтіп тұрды. Жайланып болып, шайға отырғанда, әйелімен амандасып, аз кідіріп:

— Әміре ағай қайда? — дедім. Ерлі-зайыпты екеуі біріне-бірі қарап күлді. Сол сәтте Иса кіріп келді. Ол екеуміз бұрыннан таныс болатынбыз. Аржағын Иса «жөндеп өкетті» — дейді.

Қалибек өзінің қысқа естелігінде Әміренің сырт түрін, адамшылығын, әншілігін әдемі-ақ суреттейді. Әміремен көп жылдар жолдас болған, советтік қазақ өнерінің алыбының, іргетасын қалаушысының

талантты артисінің бірі Қалибектің айтқанын біз оқушыларымыздың алдына әдейі тарттық. Өйткені оның ішінде көп жайлар кездеседі.

Әміренің қазақ әндерін көп ажарлағанын, байытқанын қазақтың тұңғыш режиссері, халық артисі, үлкен өнер қайраткері Жұмат Шанин де, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те айтып кетті. Сонымен қатар қазақ музыкасын жинауда, қағазға түсіруде үздік еңбек сіңірген А. Затаевич те Әміреден әндер жазып алған кезде, оның әншілігі жайында пікір айтып кетті. Оны да келтіргіміз келеді.

«Әміре Қашаубаев,— дейді, А. Затаевич, өзінің «Қазақтың 500 ән-күйі» деген кітабінің соңындағы түсінік сөзінде,— Қарқаралының атақты әншісі, 1925 жылдың көктемінен қазақтың мемлекеттік театрының труппасында. Қ. — әзірге қазақ әншілерінің ішінен шетелге шыққанының біріншісі, ол: 1925 жылдың жазында Парижде, бір жылдан кейін (А. З. бұл жерде қателескен, екі жыл кейін деу керек. А. Ж.) Майн өзені бойындағы Франкфуртте болды, екеуінде де Росфил (Париж), ВОКС (Германия) ұйымдастырған, белгілі музыка этнографиясының қайраткері, еңбегі сіңген артист Гр. П. Любимовтың басқаруындағы этнографиялық группамен барды.

«Қ. тың көркем, күшті, нық даусы (тенор) бар, демі кең, қорлы, үлкен. Оның әншілігіне, музыканттығына баға беру үшін, «ақын» Ғаббас Айтпаевпен, «қарадүрсін» Қали Байжанов сияқты қарқаралылық екі дарынды әншімен салыстыру керек. Ондай жағдайда Қ. екеуінің арасынан орын алған болар еді. Өйткені, сахрада көбірек жүрген ана екі әншіге тән ашық, күшті әсерге жетпесе де, ол екеуінің жанрында да айта қалғандай орындау дарынын көрсеткен, репертуар жағынан ол екеуінің де әндері бар. (Қ. қалада көп тұрды, әлі тұрады). Таза дауыс жағын алғанда Қ. ол екеуінен де асып түседі. Сахрадан қол үзіп, қаланың алданышына түсу, бұл сияқты жақсы әншіні табиғи сезімді, таза, адамды бірден тартып кететін шынайы, қарапайым творчествосын, қаланың жасанды, суық, белгілі бір қалыппен орындауына түсіріп кете ме деген қауып бар.

«Бірақ, шетелге де шығып, көріп келген әнші бұл байқаудан, өзінің қазақтың ән өнерінің көрнекті өкілі екенін түсініп, үлкен аброй, ұтыспен өтеді деп сенеміз де, соған тілектестеміз» — дейді.

Әрине, А. Затаевичтің Әміре қалада жүріп, қазақтың халықтық ән орындау дәстүрінен айрылып қала ма деп қорқуы дұрыс та шығар. Бірақ жас басынан халықтық әншілік дәстүрін бойына әбден сіңірген Әміре, ол жолға түспестен кетті. Екінші, Әміренің демалысының аса үлкен, созымды екендігін «алқымында қалтасы бар еді, соған демді толтырып алып, біріндеп шығарып отыратын еді» деп Қалибекше суреттемесе де, А. Затаевич те оның демінің шамадан ұзақ екенін анықтап айтып кетеді. Демалу әншінің шеберлік сатысына

көтерілуіндегі бірінші шарт. Демалысы тәртіпке түспеген профессионал әнші де көздеген мақсатына жете бермейді. Әнді көркемдеп айтуда, белгілі идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда демалудың үлкен мәні бар. Міне, ешбір консерваторияда «дауыс қою, демалысты тәртіптеу» сабақтарын өтпеген Әміренің табиғи түрде ерекше ұзын демалысының әншілік үшін үлкен мәні болумен байланысты А. Затаевич те ол жәйді бөліп айтып отыр.

1934 жылдың сентябрь айында Қазақстан Халық ағарту Комиссариатының үйінде көптеген өнерпаздар бас қосқан үлкен мәжіліс болды. Оған әншілерден: Әміре Қашаубаев, Темірболат Арғынбаев, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифулла Құрманғалиев, Биби Сәрсенбаева тағы басқалары келді. Мәжіліс алдағы 1935 жылда Алматыға келетін граммафон пластинкаларына әңкүй түсіретін бригаданың жұмысына дайындық, музыкалық номерлерді, орындаушыларды саралап алудың басына арналған болатын.

Әнді сазбен, асықпай, қоңырлатып айтатын, баритон дауысты Темірболат, салған жерден қырандай аспандап, шырқап кететін Қуан, әр нотасынан сахраның кең тынысы сахнаға ере келіп тұрған Манарбек, әнді еркелетіп, уілдетіп, лебізімен жыланды іннен шығаратын Жүсіпбек, дауысының жоғарысы әйелдің сопраносының «бақшасына кіріп кететін» Ғарифолла, жүрекке жылы тиетін, жұмсақ меццо-сопрано Биби — бәрі де, бәйгеге түсетін болғансым, бірінен бірі оздырамын деп, бар шеберліктерін салып, не бір сүбелі әндерді комиссияның алдына табақтай тартып жатыр. Октябрьдің арқасында еркіндік алған елдің ән шеберлерінің дауыстары да еркіндеп, сонау Алатаудың басынан асып кеткендей болып жатыр.

Ең артынан бір бұрышта бүкшиіп қана, жұпыны киімде отырған Әміре басын көтерді. Аздап сырқаттанып жүрген кезі болатын. Сондықтан біреулер оны келмес деп, енді біреулер келгенімен жәй басқаларды тыңдар, ән айта қоймас деп отырған. Бірінші қараған кісіге сырт түрі қораш көрінетін шын жүйріктей, айқай шыққаннан кейін Әміре лезде басын көтеріп, бет-аузына жаңа бір оң еніп, қысқа мойынды, өзінен басқа кісі құлақ күйін түсіріп тарта алмайтын қара домбырасын дыбысын қатты шығармай бір-екі тықылдатып бұрады да, Қалибек суреттөгендей әншөйіндегіден мойны жуандап, алқымы кебіңкіреп, екі ұрты бір томпайып, бір қусырылып, алдыңғы отырысынан тікейіңкіреп алды да айқайға басты. «Ағашаяқ», «Үш дос», «Екі жирен», алдында Манарбек айтқан «Смет» тағы басқа әндер кетті. 7—8 әнді бірінің артынан бірін тастап жібергенде, отырғандар біріне бірі қарап, бір сәт пауза болды: Алдыңғы әншілер де бастарын шұлғып: «О, сорлы-ай, сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген екен ғой» дөсіп, рахаттанғандықтарын білдірді. Әміренің

әні Наркомпростың аласа төбелі кабинетін көтеріп тастай жаздады. «Әміренің дауысы қалды, өнді бізбен таласа алмайды» деп, әншілердің кейбіріне тән әңгүдіктеніп, барын ортаға салып, «қырдым!» деп отырғандар, бүгінгі Әміренің әніне тең келе алмағандарын сезсе де, сыр бермегенсіп, жасанды күлкіге салып, басқалармен бірге мақтау хорына қосылып жатты. Өзінің адресіне деген осындай өсектің барын білетін Әміре, соңғы әнінің аяғында маңдайдан аққан терімен бірге, жұртқа білдірмей ғана көзінен шыққан ызалы жастың моншақ тамшыларын да сүртті де, ар жағындағы оқиғаның не болатынында жұмысы болмай, кабинеттен жылдам басып шығып кетті. Отырғандардың ішіндегі орындаушылар асықпай, аспаптарын қабына салып, енді қашан, қайда жиналатындарын сұрап, тарасты да, комиссия мүшелері әдетше, мәжілістің белгілі сарынымен жұмыстарын соза берді. Әміренің бұдан кейін сахнада ән салмағанын көрген біздер үшін осы бір күн халқы сүйген, қазақтың ән абройын Сена мен Майн өзендерінің ағысымен жалғастырып дүниеге әйгі еткен, өзіне тиісті құрметті өнер атақтарын ұсақ өтірік-өсек үшін ала алмай кеткен ардақты әншісінің «бой жасағаны» сияқты болып көрінді.

Әміре, оқуы көп болмағанымен, тоқығаны, ескергені көп адам еді. Осы жолдардың авторы Алматының музыка техникумында істеп тұрған кезінде ол бір күні техникумға келіп, екі сағаттай сөйлесті. Әңгіменің мазмұны — өзінің бұрынғы заман өктемдігімен оқи алмай қалғаны, енді мына бір кішкене қыздарын музыкаға оқытқысы келетіні болды. Оның үстіне Әміре: «Сіз, шырағым, жасыңыз кіші де болса мамансыз ғой, осы жұрт менің даусымды түрлі-түрлі бағалайды, бір тыңдап көрсеңіз деп едім» деді. Екеуміз, келісіп, белгілі күн белгіледік. Бұл 1933 жылдың күзі болатын. Мен онда да Әміренің дауысынан тоқырауды таппадым. Әміренің ән формасын жақсы түсінуі, орындау кезінде дыбыс топтарының өршу мен бәсеңдеу кездерінің кезектесулерін өте заңды түрде беруі, драмалық және лирикалық әндердің әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін тауып айтуы, неше түрлі өрнектер, әшекейлер, Кәлләкише (драма театры коллективінің Қалибекке жақсы көріп қойған аты) айтқанда «бұрмалары», «иректері», біресе самғап көкке шығып, біресе құлдилап төмен түскендегі ән делбесін (бозжысын) қатты ұстап, өрікті үнге біржолата беріп жібермей отыруы, мың бұралған әсем дыбыстардың бірінен бірі асып түсіп еркінді билеп кетуі, әсіресе басқада жоқ (кейін Жүсіпбекте қалған) өзалдына бір музыкалық «әңгіме» болып жататын домбырадағы сүйемелі,— оқудан жаңа келіп, кеңбайтақ Қазақстанның жер-жерінің әншілік дәстүрлерімен танысып болмаған біз сияқты нота сауаты бар да, халықтық музыка дәстүрінің не бір жарқыраған асыл тастарының түстерін танып, аттарын біліп болмаған кісіге

ұмытылмастай әсер қалдырды. Бірақ, жоғарыда баяндалған, Әміре «бастаған» әншілер тобының Наркомпрос үйіндегі әсерінің бойы бұдан әлдеқайда биік еді. Сондықтан, осы жазда «Қазақстан правдасы» бетінде республиканың бір облысында Әміренің қызы Күләш әншілердің тобын басқарады, ән орындағанда халық жақсы қарсы алады дегенде, бір жағынан, осыдан отыз жыл бұрынғы Әміремен кездескеніміз еске түсіп, екінші — оның ізін қуған жұрағаты болғанына қатты қуанып қалдық.

Әміре — ұлы әнші, азамат. Оның өмірі мен қимылы әлі де зерттеле түседі. Ол жөнінде талай кітаптар, дастандар жазылмақ. Оның аты би мектебінде мәңгі қалды.



ҚАЛИ



«Егер өзімен жүзбе-жүз көріскенше Ғаббас Айтбаев жөнінде мен ешнәрсе есітпеген болсам, қарқаралы уезінің басқа да-

рынды әншісі Қали Байжанов туралы, мен алыстағы далаға шығамын деген ойымда жоқ кезде, ертерек есіттім. Онымен кездесуді де, сондықтан асығыспен іздедім. Бірақ оның кәсібі (ол — әнді кәсіп етеді) оны бір ауылдан бір ауылға қуып, ұзақ уақыт маған құйрығын ұстатпады. Тек Қарқаралының қаласында мен оны іздеп жүр дегенді есітіп, бір жағынан о да мені іздеп жүрсе керек, Қали, астында әдемі аты бар, ән жаздыруға маған келді.

Сырттай қырықтан жаңа асып жүрген тығыншықтай адам, орта бойлы, келбетті, дөңгелек жүзді, салбырағандау жирен мұрты бар, көпке белгілі Репиннің картинасындағы запрождықтарға да кейбір жақтарынан ұсайды десе болады.

Оның дауысы күшті, алысқа кететін (жоғарғы баритон), ал оның әндегі ерекшелігі: қою, бояуы әдемі дыбысты, дүрілдеген, созылған мелодия, ерлік немесе кейде айқайлау, тіпті күлдіргі әндер, шағын әндер — демалыс минуттарында қымыз ішіп отырған сахралықтардың жүрегіне жылы тиетін көңіл аулағыш әншілердің белгілі репертуары.

Жалпы алғанда — бұл, ақын және хиялшыл Ғаббастай емес, қарадүрсіндеу. Ал, ол кейде әндерінің лирикалық кезеңдерінде, дауысын баяулатып, сыбырға жақын, мұрнын кіржиге, нәзіктік акцент жасаймын дегенінде, — оның шын мәнісінде іштей елжіреп отырғанын, немесе тіпті жәй күлдіргілі ойын жасап отырғанын айыра алмайсын!

Өмірде көңілді, сүйкімді Қали, сөзсіз музыкалық қабілеті күшті. Олай дейтінім — Москвада (Қали қазақ группасымен концертке келгенде...) мен оның әндеріне фортепианода сүйемел жүргізіп көрдім. Дала әншісінің күлкілі-көңілді шағының қайда кетіп қалғанын білмейсің! Ол бұрын үйренбеген, тосын дауысты сүйемелге ешбір қысылмай, әнді әдемі, ойлы айтты, өте нақ және күшті үнмен дыбыстарды хатесіз тауып отырды.

Алғашқыда Москва оны таңқалдырды, аузының суын құртты, бірақ үш жетідей уақыт өткеннен кейін, оның шуына, сендей соғылған көпшілігіне, иін тірескен тарлығына әбден тойып, сахралық адам өзінің даласының ұлан-байтақ тыныштығын сағынды» — дейді А. Затаевич, өзінің «Қазақтың 500 ән-күйі» деген жинағының соңындағы түсінік сөзінде.

А. Затаевич қазақтың асқан өнерпазы, советтік қазақ музыкасының дамуында үлкен роль атқарған адам — Қали жөнінде жақсы баға берген. Қалидың творчестволық жолы аса бай. Ол екі ғасырды бірдей көрді, әншілік дәстүрді біздің советтік дәуірге ала келіп, өзінің бай репертуарын, орындаушылық тәжірибесін жаңа бастап қаланып жатқан үлкен музыка құрылысының ортасына салды. Жасым келді деп қарап отырмай, өзі де оқып, нота сауатын ашып, жеке ән өнерін өрбітумен қатар хор, ансамбль мәдениетін өсіруде де, өзі қатыса отырып, үлкен қолқабыс тигізді.

Қали Байжанов 1877 жылы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, «Қайың көл» деген жерде туды. Руы — Сүйіндік ішінде Ақбура. Ол кезде Қарқаралы, Баян, Павлодар, Өскемен, Зайсан, Бұхтарма Семей губернасына кіретін.

Қали Баянауылда тұрғанымен, өскен жері — Қарағанды облысының Қу ауданы. Қудың Үлкентау, Балқантау дегендеріне жас кезінен қызыққан Қали, үнемі өлеңдерінің арасында:

Қу биік, өзге таудан мұнарланған,
Басқа тау «Қу болам!» — деп құмарланған.
Қуда көп құрақты көл, емен ағаш,
Қу шұнақ Қу болуға кім арланған,—

деген шумақты айтып отыруды жақсы көреді екен. Кіндік кескен жері болмағанымен, өсіп, үлкейіп, өнерге жеткізген жерінің сондайдан үнемі көрініп тұратын биігіне өзінің өмірбойы көзі түсіп жүретінін айтқан болу керек.

Қалидың әкесі Байжан кедей адам болады да, Қали жас күнінен ауыр бейнет ортасында болады. Ол жасы он сегізге жетер-жетпесте Екібастұзда шахтада жұмыс істейді. Жер бетіндегі, ашық аспан астында жүретін байлардың малшылық-жалшылығынан не де болса

табысы қалтасына айлап түсіп отыратын еңбекті қалайды. А. Затаевич айтқандай, оның сом денесі қара жұмысқа қайрыла қоймайды. Екібастұзда бір-екі жыл істегеннен кейін Желтауда тас қалаушы болады. Ол жұмыс қолынан келгенімен өнерші Қалидың қиялданған бағытына ауырырақ тиетін беті көрінеді. Оны айтып отырғанымыз—тас қалау қалай дегенмен де, сол көздің өзінде домбыра тарта бастаған, әнші атағына ие болуға жақын жүрген Қалидың қажырын алатын болады. Сондықтан Қали Желтауда да көп болмай, өзінің жаратылыс берген сыйы—дауысын өрбіту жолына кетеді. Әрине, тас қалап жүріп, бір күні ұйқтап тұрып, кенет әнші бола салмайды. Ол кәсіп ерте басталады.



Қали Байжанов.

Қали жасы он екі — он үшке келгенде-ақ өзінің бала дауысымен бір есіткен әні болса қағып алып, айналасын таңқалдырады. Жасынан есіту қабілеті аса зор, музыкаға бейімділігі ауыл-аймаққа көріне береді. Оның үстіне ол бір өреде ертеден келе жатқан ән дәстүрі жас талапкердің қаққан қанатын қолдайды. Жоғарыда айтылған шахтыға бармас бұрын-ақ Қали әншілік өнерін өркендету жолында өмір бөгеттерінің ешқайсына тоқтамайды, есіткен әні баста шатпақтап отырған болып көрінсе де, аз уақыттан кейін зергердің қалыбынан өткендей жарқыратып, әшекейлеп алып келіп, көп алдына тартады.

Өзінің айтуынша Қали он сегіз жасынан бастап Арқаның белгілі әншісі Жарылғаптан (біреулер Жарылғапберді дейді) ән үйрене бастайды. Оның қасына еріп, шәкірті болып көп жылдар жүреді. Жарылғапберді өзі ән шығармаған, бірақ қатарынан озған әнші-орындаушы болса керек. Міне оның репертуарынан Қали: «Шама», «Алтыбасар», «Топай көк», «Ардақ», «Келіншек» және басқа әндер алады. Қали Жарылғаптың сүйікті шәкірттерінің бірі болады. Ол алған әндерін бабына келтіріп орындайды және әрбір творчестволық адамға тән өзінің «менін» қосады. Жарылғап сияқты оқымаса да, көргені көп ұстазға Қалидың бұл қадамы игіліктің басы болып көрінеді. Қалидың орындауында, А. Затаевич айтқандай, өзіндік ерекшелік бар. Ол әнді салған жерден аспандатып көтеріп алып кететін жерінде бой жеткізбей, ал оюлайтын, қиыстыратын, құйқылжитатын

жерлерінде қазақ әншілерінде аз келетін өзінің қою, төмен (жуан деген мағынада) дауысымен дүрілдетіп, дыбысы жәй кездің өзінде аржағында бір алапат күш жатқаны сезіледі.

Қали Біржанды көреді, Ақанды көреді. Олардың берегірек келген, жастары ұлғайған кездері болғанымен өз көзімен ән алыптарын көру, олардың дауыстарын, ән орындаудағы әдістерін байқау, тікелей тілдеспесе де, басқа біреулер арқылы әңгімелерінің ішінде болу, Қалиға, қазақтың ән өнерінің үлкен өмірлік, күрестік мәні барын танытады. Біржанның «Жанботасын», Ақанның «Көкжендетін» ардагер әншілер аталарының өздерінен есіткен Қали, өмірбойы өзінің орындаушылық түйінінен шықпай, сол дәстүрді сақтауға, ұстаздардың қолдарынан беріп кеткен өмір жолдамасындай болады.

Қали көп әншілерден «олжалы» болды. Ол әрі әнші, әрі әділдік жолындағы күрескер, ақын, азамат Жаяу Мұсамен де кездеседі. Жаяудың алдында Қали ән салады. Арқаның ән дәстүрін жақсы меңгерген, сонымен қатар басқа елдердің музыкасымен де танысқан, музыкалық көзшеңбері кең Жаяу Қалиды тыңдап, оның үлкен талантына қатты қуанады. Ән дәстүрінің жақсы-жақсы қолдарда қалатынына іштей риза болады. Қалидың репертуарында сөйтіп Жаяу Мұсаның, Біржанның, Ақанның әндері енеді.

Ақындығы мен әншілігі қатар, жарыса түсетін бұлбыл Құлтуманың әндері де Қалидың репертуарынан кең орын алған. Өйткені Құлтума әншілік жағынан соңғы жылдарға дейін қағазға түспей келгенімен, өз қатарынан асып түспесе кезінде кейін болмаған адам. Міне, сол Құлтуманың әсем бір әні Қалидың орындауында А. Затаевич қолымен жазылып, оның жинағында жүр.

Ғасырдың аяғында Қали, ауызша мәліметтер бойынша, Абайды көреді. Поэзия мен әннің жәйін жете білетін данышпан, Қалиға көптеген ақыл айтып, оның творчестволық жолының жемісті болуын тілейді. Үлкен драмалық кейіптегі әндермен қатар, А. Затаевич жазғанындай, сырлы лирикалық әндер (этнографтың Қали лирикалы әндерді көлтіре алмайды деуі үстірттеу пікір сияқты) және көңілді-күлкілі әндер орындайтын шалқар репертуарлы Қали, түрлі жанрды меңгеруі арқылы Абайдың алдында үлкен абройға ие болған болу керек. Әрине, Қали үшін Абайды көру, оның алдында өнерін жария ету, оның ақылды сөздерін есіту — үлкен табыс, «көктем тілегенді жерден берген» тағдырдың үлкен қайырымы, мархабаты.

Қали өнді өнді кесіп өтіп, тамақ асырауының негізгі материалдық іргетасы да сол болады. Осындай өзінің бір «гәстролінде» 1916 жылы Едірей, Қу, Дастар, Сартау болыстарын төгіс шақырған Тәубайдың асында өн айтады. Онда Қалидан басқа Нағайбыл, Исайым, Ғаббас, жас Қуан болады. Бұл жиында да Қали ерекше көзге түседі. Осы топ және Қарқаралының жынды Алатайы, Омар тағы басқала-



*Солдан оңға қарай: Жәнбике Шанина, Ғаббас Айтпаев,
Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов.*

ры Кіптан, Потап жәрмеңкелерінде кездеседі. Бұлар Нюрнбергтің мейстерзингерлері сияқты ән базарын қыздырып, жүрген жерлерінде аңыз қалдырып отырады.

Әрине, бұл айтылғанның бәрі де қазақтың кешегі күндегі ән иелерінің бәріне ортақ тағдыр, өнерді қолдап, күнбе күн бұл күнгідей әкелік қамқорлық жасап отыратын партия мен үкімет жоқта, әркім қолда барымен базарлап, көбіне өздерінің таланттарының, халықтың қолдауының нәтижесінде ғана атағы жайылған, бізге өнерлері жеткен некен-саяқ қайраткерлер. Сол топтың бір мүшесі — Қали. Ол осындай халде Октябрь революциясына жетті. Еңсесі көтеріліп, өнердің өркендейтін кезінің енді келгенін көріп қуанды. 1924 жылы Семейде болған өнерпаздардың мәжілісінде әнге шығып, кейін Әміремен ән жарыстыруы — Қалидың сол күткен қуанышты күнінің бірінші жемістері еді.

Қалидың аты кең жайылады. Қазақстандағысы өз алдына, ұлы астанамыз Москваға жетеді. Қали басқа сол кездің көзге түскен үлкен өнершілерімен бірге Қызылорда да ұйымдасқалы жатқан бірінші қазақ драма театрына шақырылады. Келесі 1927 жылдың апрель айында Қали Москвада болатын бүкілодақтық советтер съезіне беретін концерт группасымен сахнаға шығады. Қали орындаған жеке әндері тыңдаушыларға қатты ұнайды. Қарқаралының қазақ даласына кең жайылған, мақтауға сиярлық ән дәстүрінің үлгілерін тілектес астана тыңдаушыларына естіртеді. Бұл Қалидың үлкен сахнаға шығуының басы болады.

Театрда көп болмай, Қали Қарағандыға келеді. Еңбек көзін ашқанда шахтада болған өнерпаз сол шахтер қаласын өзіне негізгі мекен өткісі келеді. Қолындағы өнерін алдымен ауыр да, абройлы да еңбек үстінде жатқан шахтерлардың рухани азығы болуына жұмсағысы келеді. Ол Қарағандының радио комитетінде істейді. Сонда Б. А. Орловпен, В. С. Пирогова бастаған бірінші көп дауысты қазақ хорында негізгі бас — дауыстың бірі болып орнығады. Хорда айтуымен қатар, жоғарыда баяндалғандай, Қали жеке әнге үнемі шығып тұрады, өзінің нота сауатын ашып, хордағы партияларын емін-еркін оқитын болады. Сонымен қабат жас әншілерді тәрбиелейді, бай репертуарын олардың алдына салып, бөліседі. Ыбыраев, Қартабаева, Жұбатова сияқтылардың өншілік майданында өсуінде Қалидың еңбегі зор болады.

Қали 1936 жылы сол хордың құрамында Москваға барып, онда хорда және жеке өнде концерттерде шығады. Қалидың орындаған: «Жалғыз арша», «Алтыбасар», «Шама» сияқты әндері қайта-қайта биске шақырылып, өнші үлкен жеңіске ие болады. Қали елде жүргенінде және Москваға 1927 жылы барғанында А. Затаевичпен кездеседі, оған өндер береді.

Міне, Қали сол кезден бастап қазақ совет өнерінің өркендеу жолында үзбестен еңбек етіп келеді. Сол кезден бастап ол Қарағандыдан ешқайда шыққан жоқ. Өзінің сүйікті өнерін өрбітіп, айналадағы жастарға үлгі, ұстаз болып, тапжылмастан музыка майданында қызмет істеп келеді. Ол өзінің практика жүзіндегі үлкен еңбектерімен қатар қолындағы бар рухани байлығы — әндерін кейінгі ұрпақ игілігіне айналдыру үшін өткен жылдарда Алматыға Академияға келіп, ондаған не бір әсем, әсерлі әндерін жаздырып кетті. Бұл уақытта ол әндер нотаға түсіріліп, топталып, сараланып, зерттеу үстінде.

Қазақстан үкіметі Қалидың советтік өнер алдындағы сіңірген еңбектерін ескеріп 1938 жылы оған республиканың еңбегі сіңген артисі, 1945 жылы республиканың халық артисі деген атақтар берді.

Қали қазірде сексеннің ортасында. Әлі де қуатты. Еңбегі сіңген демалыста. Қалидың орындаушылығында басқа өзі сияқты аға буынның әншілерінен үлкен айырма бар. Оның пленкаға жазылған әндері арқылы сол ерекшелікті, сол бір орындаушылық әдісті зерттеу біздің міндетіміз. Қазақтың классикалық ән орындау дәстүрінде біздің заманның орындаушылық мәдениетінен орын алатын көптеген кезеңдері, жақсы үлгілері бар. Қалидың дауысы, оның үстіне, ешбір консерватория көре алмаса да, табиғи түрде қойылған дауысқа меңзейді. Оның қандай себептері барын, тек әндерін жазып алғанға місе тұтпай, терең зерттесе ғана әңгіменің сыры ашылады. Қалидың орындаушылық өнері біз үшін үлкен мәдени, рухани қазна. Ардақты әнші, қазақ совет өнерінің іргетасын қалаушының бірі, көптеген жас әншілердің ұстазы, барлық білген өнерін советтік музыка құрылыс жолында аямай салған қайраткер — Қали әлі де жасай берсін!



ҚОСЫМЖАН



1915 жыл. Ақмоланың жәрмеңкесі. Белгілі Файзолланың Ғазезінің түскен үйі. Ғазездің өзінен басқа онда: гармоншы Қара-

қас, әншілер Ахмет, Исабай сияқты жас өнерпаздар, ал аға өнерпаздардан: Қапаш, Тұрсынбай, Сәлкен, Кәрімжан тағы басқалары болады. Бұлардың бір үйге, оның ішінде Ғазездің пәтеріне бастарын қосып отырған себептері — Қосшығұл деген байдың балаларының шақыруымен Ақмолаға граммафон пластинкасына ән жазып жүрген адамдар келеді екен. Бұлар соның алдында ән бәйгесін ұйымдастырып, қазақтың ең жақсы деген әндерімен, ең жүйрік деген әншілерін таңдап алмақ екен. Жиынның, біздің тілімізбен айтқанда ұйымдастырушысы Ғазез болса керек, жатқан жеріне шақырып жүрген де сол, кім біледі Қосшығұлдың әулеттерін көтермелейін деп емес, өннің саңлақтары бірін-бірі көріп, дидактасып дегендей, жаңа шыққан әндерді, жаңадан дүниеде көріне бастаған жас әншілерді тыңдап, байқайын деген де болуы мүмкін.

Бірер әнші «әңгіме бастау» ретінде әндетіп, шығарып салғаннан кейін, домбыраны өнді кім алады деп тұрғанда сырттан:

— Сәтмағамбет келеді! — деген айқайлар шығып, отырғандар бір сәт тынып қалады. Дарынды әншіні үйде отырғандар қошеметтеп қарсы алып, үйірлеріне тағы бір саңлақтың қосылғанына қуанысып қалады. Бұлар өздерінің бір-бірімен әңгімелері жарасып, мәселе өннің, әншінің, өнердің айналасында болады. Әрі-беріден кейін тіпті жиналған жұмыстарының тақырыбынан көтіп, өздері емін-еркін өнер базарының қызу ортасына түсіп кетеді.

Қапаш орнынан қозғалып, ырғалып, айналадағыларды көзі көрмесе де (Қапаш қари болған) дауыстарынан танып, өрқайсысының



Қосымжан Бабақов

өзіне лайықты аттар тауып қойып, ұшатын қырандай қомданып, домбырасын қатты бұрап алып, өзінің сүйіп айтатын төл репертуарының бірі «Қарғаға» басты. Қапаштың дауысы көтеріп айтқан кісіге түндікті бүлкілдетіп жібереді десе болатындай. Бірақ бұлар қаланың кірпіш үйінде болып, ашып қойған терезеден Қапаштың дауысы екі-үш көше бойы саңғырап, талайдың құлағына барып жетті. Желсіз, жазғы түнде дыбыс қандай құйғытады, ілезде көшені қаптаған халық Ғазездің жатқан пәтеріне ағылып келе бастайды. Бәрі бірдей үйге қалай сыйсын, көпшілігі далада тұрып тыңдап: «Ой сабазым-ай!» деп, ара-арасында өздерінің бағаларын беріп, пікір алысып та қояды. Қапаш та әбден арқасы қозып, жынданып, бірінің соңынан бірін не бір кесек әндерді тастап жатыр. «Шалқақ кер», «Гауһар», «Арман сол» сияқты әндер тыңдаушылардың көбінің басын шұлғытып жатыр. Ал Қапаш «Шамсы-Қамарды» айтқанда дауысы тіпті аспандап, шәй құйып отырған әйел жаулығының шетімен құлағын басып та қойды.

Үй қожасы болғаннан ба, жоқ сол кеште төраға болып отырғанға ма, Ғазез, терін сүртіп, аз кідірген Қапашқа:

— Домбыраны енді Бабақтың баласына берсек қайтеді,— деді. Біраз желпініп алған Қапаш оны бөтен көрген жоқ, домбыраны Қосымжанға берді. Қосымжан Біржанның «Айтпайы» мен Жаяу Мұсаның «Көгаршынын» айтты. Екінші әнді аяқтағалы жатқанда Ғазез: «Менің «Шалқымамды» айтып көрші» дегенсін, Қосымжан домбыраны сәл басқаша бұрап «Шалқыманы» орындады. Сәтмағамбет те қызып кетіп, Қосымжанның қолындағы домбыраны әннің аяғына аз жеткізбей алып, бұ да «Шамсі-Қамар» әніне басты. Сәтмағамбеттің дауысы тіпті зор екен, аласа пәтерге сыймай, ашық тұрған терезеден, будақтап шыққан түтін сияқты лықсып далаға тартып, түнгі Ақмоланың астан-кестенін шығарды. Осы кезде қару асынған бірнеше стражник келіп «Тәртіп бұзуға болмайды» деп, олардың әндерін тоқтатты. Жиырмаға жаңа келген жас жігіт Қосымжан қорқып кетіп, қаша жөнеліп, өзінің жатқан жерін тауып алады. Мәжілісті ертең де созатын болып, сонымен ырылдасып жатамыз ба деп, тәртіп орнатушыларға бағынған болып, өнераздар жәй әңгімеге, мысқыл-сықаққа, өткен-көткенге көшіп, түннің біразын өткізді. Бұлар Бабақтың Қосымжанының алды жақсы екен деп, жас талапкердің өзін қапелімде таба алмай қалса да, сыртынан мақтады. Шынында да Қосымжан жоғарыда аталған екі әнді бабына келтіріп-ақ орындаған. Салған жерден жоғарғы ноталардан басталып, біраз уақыт төмен түспей, үнемі қалықтап жүретін «Айтпай», басында жәй, қоңыр өн сияқты болып, бірақ аяғында кенет аспанға шапшып бір-ақ шығатын «Көгаршын» жақсы орындаушыны тілейтін. Ол әндерге көрінген талапкердің тісі бата бермейтін.

Қосымжан 1895 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы 4-і ауылда туды. Әкесі Бабақ шаруасымен қатар өнер қуған адам болды. Домбыра тартып, ән салды. Қосымжанның шешесі де елге белгілі әнші, ақын болды. Бірақ қадірлі шешесінің тәрбиесін көп көре алмай, ол кісі Қосымжанның бес жасында дүние салды. Әке-шешенің екі бірдей өнерпаз болғаны балаларына әсерін тигізді. Бабақтан туған 14 баланың жарыдан көбі әнші болды. Ұлдан: Сөйтжан, Есімжан, Қосымжан, Досымжан, қыздан: Күлжәмилә, Бижан, Биқара, Қанша — бәрі де шетінен өнер иелері болып, Бабақтың ордасын көркем дыбысқа бөледі. Бұлардың ішінде, өнерге қабілеттері болғанмен, Қосымжаннан басқалары үнемі ән соңына түспей, тек «өздерінің көңілдерін көтеру үшін» ғана айтатын дәрежеде қалды. Ал, олардың, солай бола тұрса да музыкаға деген қабілеттері бірінен бірі асып жатты.

Қосымжан тоғыз жасқа келгенінде Ақмоладан Атбасарға бара жатып, Бабақтың үйіне әнші Ғазез келеді. Ол үш күн жатып, «Бабақ балаларының әнін естимін» деп жоғарыда аттары аталғандардың бәріне, ұл, қыз демей, ән салдырып, үш күн жатады. Белгілі әншілерден, осылай, Қосымжан, Ғазезді тыңдап, соны үлгі етеді. Ғазез, әрине, Бабақ балаларын тек тыңдап қана қоймай, өзі де ән салады. «Қиғаш қас», «Қарындаш» деген әндерінің сөзіне Қосымжанды қосып, Бабақтың басқа балаларының көзінше оны біраз қоқайтып кетеді.

Қарындаш, қағаз алып жазған хатым,
Балалар, айналайын, асыл-затым.
Беріңдер домбыраны Қосымжанға,
Шығарар тірі болса әннің атын,—

деп, жас талапкердің көңілін көтеріп, біраз демегендей болады.

Әнге маған арнап сөз қосқанға шелиіп кеттім бе, осы күнге дейін «Қарындашты» айтқым келеді де тұрады. Соны орындағанда Ғазездің сонау алыс күндердегі біздің үйде жатқан, өзі әндетіп, өзгелердің әнін тыңдап небір жақсы ақылдар айтқан суреті көзалдыма келеді, оның бергі жағында, 1925 жылға шейін Ғазезбен сан рет кездесіп, көптеген басқа да әндерін үйренсем де, «Қарындаштың» орыны бір бөлек болады да тұрады,— дейтін әңгімелескенде Қосымжан.

Басқа кейбір замандастары сияқты Қосымжан да бірден домбырасын арқалап тек әнді кәсіп етіп кететін шамасы болмайды. Ауыр тұрмыс, жоқшылықтың керінен Қосымжан 11 жасында Темеш еліндегі Күшіген деген байға жалданады. Сол малайлық дәуірі жасы жиырманың екеуіне келгенше иығынан түспейді. Бірақ Қосымжан

сондай ауыр жайларда да әнін, домбырасын тастамайды, бір сәт қолы босап кетсе-ақ әндетеді. Өйткені, ән Қосымжанның аз уақытқа болса да қиын халын «жеңілдетеді», шаршаған, талған дене, ән сәмалы жанды тербете, о да бағынып, елеңдеп, пысып, шиырыла бастайды.

Қосымжан қаншама өзін-өзі қайрап, қажымасқа бекінгенмен, байдың күндіз-түні демей тынымсыз жұмсауы оны қалжыратады. Бүйтіп жүргенде оның өнері байдың малдарының шаңы астында қалатын түрі көрінеді. Сондықтан не де болса бір қимылдайын деп, Қосымжан жылқыдан байдың бір жүйрігін мініп, тайып береді. Елге жуи алмай Ақмола, Атбасар жақта жүріп қалады. Онда өзінің сүйікті өнері — әнді баптап, жаңа әндер болса қосып, бұрынғыларын шынықтырып, басына да, өнеріне де еркіндік алғандай аз күндері болады.

Күшіген Бабақтың басқа балаларына ауыз сала бастағанын, Бабақты зәбірлеуге айналғанын есітіп, Қосымжанның өнеріне риза болып жүретін аға әншілер Қапаш, Исабай, Тұрсынбайлар жас әншіні іздеп тауып алып, байдың атын өзіне қайтарып бергізеді. Ауыл арасында дау-жанжал болмасын дейді. Сөйтіп Қосымжанды өздері қастарына алып, оның әнінің өрбуіне үлкен қолқабыс береді. Қосымжан үшін халыққа аттары танылып қалған өнерпаздардың қамқорлығы үлкен сүйеніш болады. Олар қолдарынан алып барып бергенсін Күшіген де, қанша одырайғанмен мыналардың тілінен қорқып аузын аша алмайды. Бірдеме деп мінез көрсетсем, мына ел ақтап жүретін «қызыл кеңірдегімен қызықтың ортасына батып» жүрген құлар елге жаман атымды жаяр деп сескенеді.

Совет үкіметі келгенсін Қосымжанның қорқатын байлары өз бастарымен қайғы болып, әнші жігіт бұрынғы алған бағытында талабын асыра береді. 1928 жылы әкесі Бабақ қайтыс болады. Қосымжан әкесінен көптеген репертуар алады. Оның үйретіп кеткен Біржанның, Ақанның, Жаяу Мұсаның, Құлтуманың, Бәлтекейдің әндерін және сол әншілердің шығармаларының тарихтарын Қосымжан алтындай сақтайды. Қағазға жазып қоймаса да, өзінің ұмытпайтындығы арқылы көп жайларды бергі жылдарға жеткізеді.

Қосымжан 1929 жылға шейін елде болып, келесі 1930 жылы Қарағандыға көледі. Кейін радиода жұмыс істейді. Бір жағынан жеке өнде шығып, екіншіден хорға қатысады. Бұл да Қали Байжановтың үлгісімен, жасым келді демей бірінші күннен бастап нота сауатын ашу жолында болады. Аз уақыттың ішінде Қосымжан нотадан хат танытын кісі болады. Ол білім хорда көп дауыстылықты айыруда, басына келген жаңа музыкалық ойлар болса, оны «айрылып қалмай» тұрып қағазға түсіруге мүмкіндік алады. Қарағанды радио комитетінің хоры, осы кітаптың басқа бөлімдерінде айтылғандай, Москваға

барғанда, оның ішінде Қосымжан да болады. Радиода қызмет істеу Қосымжанның ән мәдениетін бұрынғыдан да көтереді. Олай болу себебі — эфирден тек халық әндерін айта бәрмей, көптеген совет композиторларының шығармалары да беріліп жатады. Әні ескі болғанымен, соған жаңа, біз — социалистік құрылыстың істерін, оның адамдарын суреттеген өлеңдер болса, халық үлкен ықласпен тыңдап, өзінің замандастарының әнші аузында жыр болуын қатты қуаттайды. Жан-жақтан радиоға хаттар келіп, Дунаевскийдің, Покрасстың әндерін, және «Миллион толқын», «Біздің күш», «Екпін» сияқты жаңа әндерді көп сұрайды.

Қосымжан осының бәрін де байқап жүреді. Бір күні өзі жанынан біздің заманды суреттейтін әндер шығару талабына кіріседі. Ол алғашқы адымы есебінде өзінің «Темірші» деген металшыларға арналған әнін шығарады. Ән қазақтың басқа оған дейінгі ән құрылысына ұсамайды. Онда жаңа лебіз бар. Жеті-сегіз буындық өлеңге құрылған ән басынан бастап бір жігері бары, бірақ оның бірден тасымай екпінді, алға ұмтылған пішінде басталып, шығарманың ортасынан әуездің көтерілетінін көреміз. Ән металшылардың үлкен еңбегін суреттейді. Қосымжанның бұл шығармасы тез жайылады. Радиода басқа әншілер де айтып кетеді. Басқа радио комитеттер де тонфильм арқылы алып, совет жұмысшыларының өмірі тақырыбында беретін концерттерінің программаларына үнемі енгізіп жүрді. Қосымжан «Теміршіден» кейін тағы бірнеше жаңа тақырыпта әндер шығарды. Халықтық интонацияны меңгеруде тәжірибесі үлкен әнші, осы әндерінде сол байлықты пайдаланып, оның әні идеялық-мазмұн жағынан жұмысшының ардақты еңбегін, социализм құрылысының күн санап өсіп, ілгерілеп келе жатқан жүріс кескінін бәрсе, форма жағынан да жаңа, ал интонациялық негізі қазақ музыкасына құрылған. Осы жағынан Қосымжанның әндері жасанды түрде жаңартам деп «Абайдан абайлап, Тоқайдан тоқайламай-ақ», творчестволық тұрғыдан түр, мазмұн жағынан жаңа сапалы туынды болып шықты. Сүйте тұра тілі өте демократиялық түйінде болу арқылы халыққа тез жетті.

Жеке адамға табынушылықтың салқыны қайда болмады, сонау Қарағандының радио комитетінің ішінде ол өсіп келе жатқан өнер адамдарының да игі жұмыстарына кеселін тигізеді. Он бір жыл Күшігеннің малайлығында болған Қосымжанды табы жат адам деп 1937 жылы Қарағанды радиосында әңгіме етеді. Өзінің барлық саналы өмірін халық игілігіне, советтік өнердің дамуына беріп келе жатқан әнші ондай қазан бұзарлыққа қатты ызаланады. Сөйтіп тұрғанда Алматының Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясы Қосымжанды жеке әншілікке шақырып, ол республиканың астанасына келді. Қосымжан филармонияда 1943 жылға дейін жұмыс істеді. Ол өзінің

шексіз бай репертуары, асқан әншілігі, жақсы адамгершілігі арқасында филармония коллективінің ішінде үлкен құрметке бөленді. Бір жағынан әнін айта жүре ол көптеген Арқаның атақты халық композиторларының әндерін нотаға түсіртті. Осы жолдардың авторы Қосымжаннан алпысқа жақын ылғи бірегей әндер жазып алды. Оның кейбіреулері творчестволық жұмыстарда пайдаланылды. Қосымжан бір бөлек әндерін композитор Мұқан Төлебаевқа берді. Оның дені Біржан мен Жаяу Мұсаның әндері болатын. М. Төлебаев оларды өзінің «Біржан — Сара» операсында кеңінен пайдаланды. Сөйтіп, Қосымжан Қазақстанда тұңғыш қазақ авторларының қолдарынан үлкен форманың бірі опера шыға бастағанда, оларға музыкалық материалдан бірінші болып қолқабысын тигізген кісі болды. Олай дейтініміз — нотаға тускен «өлі» сұр мелодияны пайдалану өз алдына да, орындауын өзің құлағыңмен есітіп, көзіңмен көріп таңдап алған әнді творчествода пайдаланудың мәні тіпті басқа. Қосымжан берген Құлтуманың, Біржанның, Ғазездің, Қапаштың, Ақансерінің әндерінен осы жолдардың авторы да Латиф Хамидимен бірігіп жазған «Абай» атты операсында пайдаланды. Оны бұл арада айтпай кету ардақты әншінің рухына істеген қиянат болып шығар еді. Өйткені «Семіздің аяғы сегіз» дегендей, «семіз» әндер пайдаланылған шығарманы «семіртп», көтеріп жібереді.

Үйшілік мәселелермен байланысты Қосымжан 1943 жылы қайтып Қарағандыға келіп, сонда қызмет істеп тұрды. Елуінші жылдардың ортасында Ақмолаға келіп, сонда біраз ауруға шалдығып, 1956 жылдың июнь айында қайтыс болды.

Қосымжан ақын, әнші анасы — Орекенің інісі, өзінің туған нағашысы, белгілі «Әуілдек» әнінің авторы Шитеннің Мақажаныман да көптеген ән үйренген. Кейін оның әндерін де жаздырды. Сондай-ақ осы әңгіменің басында аты аталған атақты ән шебері Балтекейдің де бірнеше әндерін А. Затаевичке берген. Қосымжан шын мәнісінде әннің, оның тарихының шежіресі, архивы болатын. Қайта біз өзіміздің әліде арылып болмаған надандығымыздан оның көптеген асыл әндерін, өдемі ән айналасындағы әңгімелерін жаза алмай қалдық. Соның өзінде де ол осы жолдардың авторына Құлтуманың, Қапаштың, Балуан Шолақтың, Жаяу Мұсаның, Ғазездің, Ыбырайдың, Біржанның, Ақанның біз естімеген көптеген әндерімен қатар, олардың өмірбаяндарына, өлеңдеріне қатысты талай деректер беріп кетті. Советтік музыка зерттеу ғылымы үшін ол үлкен қолқабыс деп қарау керек.


Қосымжанмен бірге туған Сөйтжан, Досымжан осы кезде шабан болып істейтін көрінеді, екеуі де «Баршын» совхозында. Сол совхозда Бижан да тұрады. Ал Қосымжанның ағасы Есімжаннан туған белгілі әнші Рабиға Есімжанова қазір республиканың еңбегі сіңген ар-

тисткасы, қазақ совет ән мәдениеті майданында қызметін істеп келеді.

Жоғарыда айтылғандай, Қосымжан әншілік өнерінің үстіне адамшылығы аса зор, совет өнерінің туын үнемі жоғары ұстайтын, моральдық жағынан кіршіксіз таза, шын мәнісінде еңбеккер адам болатын. Сондықтан да ол өзінің жүрген жерлерінде өте қадірлі болды. Ал концерттерде оның неше сырлы, неше түрлі, бай жанрлы әндеріне тыңдаушы тоймайтын. Өзінің жүздеген ән репертуары ішінде Қосымжан бір әннің не әуенін, не орындау манерасын екіншісіне сүйреп алып келіп салу сияқты жаман әншінің әдетінен аулақ болатын. Осы бір аз ғана беттік әңгімеміз Қосымжанмен бірге болған жақсы күндеріміздің жұпыны да болса ескерткіші бола алса, біз өте ризамыз.



ТЕМІРБОЛАТ



1936

жыл. Ноябрь айының аяқ кезі. Филармонияның кезекті бір концертінде біздің Абай атындағы опера және балет театрынан сол жылдың басында келген «жаңа әншіміз» Темірболат шығады дегенсін тыңдауға біз де келдік. 1934 жылы Темірболатты бір естігенде аса түсіне қоймаған болатынбыз. Оның үстіне Арқаның әндерінің түрлері көп, әншілерінің орындаушылық дәстүрлері де сан алуан. Біздер сияқты бір облыстың ғана музыкалық дәстүрінің шеңберінде тәрбие алған адамға қапелімде мұндай әннің де, әншілердің түрлерін түсіне қою қиын. Темірболат шығатын концертке келудің мақсаты — асықпай, оның әншілік беталысын әбден көріп, тыңдап алу еді.

Темірболат белгілі «Юран» әнін айтты. Ол ән Алматыда тарап бола қоймаған кез еді. Бірінші рет 1934 жылы осы кездегі республиканың еңбегі сіңген артисі, домбырашы Үрістембек Омаровтан есіткенбіз. Ол сол жылы ғана Семейден келіп, Казатком атындағы оркестрде домбыра тартатын. Концерттерде өзінің жасының он төртке жаңа ғана келгеніне қарамай әндермен шығатын. Міне, сол Үрістембек айтқан «Юраннан» бастаған Темірболат «Тоғыз жар» атты әнге көшті. Ән қоңыр ғана, еш жерінде айқай, жыртар дыбыс жоқ, басынан аяғынан сазды жүреді екен. Тыңдаушыларға қатты ұнады. Темірболат соңғы номерінде Естайдың атышулы «Қорланын» айтты. Оның сағыздай созылған әдемі баритон дауысына арнап шығарғандай, «Қорлан» әні де көріктөне қалды. Темірболаттың бір ерекшелігі, ол әннің баста алған екпінін қатты ұстайтын да, керегі болмаса, қуып кету сияқты әдеттен аулақ болатын. Басында майда-қоңыр үнмен келіп, «Сірә Сіздей жан тумас» дейтін жеріне келгенде,

шыңғырмай, ісіп-кеппей, мойнтамырлары білеудей болып шықпай, дауыстың табиғи көркемдігін, қалпын сақтай шырқап, ырғап, көтеріп алып кетті. Кульминациясы осы ғой деп отырсаң, жоқ дарынды композитордың ой шыңы әлі таусылмаған екен, тағы бір-екі басқыш жоғары өрлеп, «О дариға ләуліктас, Бағдад, Мысыр, Шынмашын» деген сөздерде ақ бұлтың аржағына самғап шыққан қырандай аспандады. Бірақ сол бір аспан әлемінде жүргеннің өзінде де әннің терең лирикалы, жұмсақ үнді, жүректің түбінен шыққан Қорланға деген махаббаттың кескінін бұзбай, елжіретіп, барлық ынтық, қабілетін салып, автордың ойын



Темірболат Арғынбаев.

нысана еткендей, бір мезетте құрғақ бажылдақ дыбыс ұшқынын көрсеткен жоқ. Ал әннің аяғына беттегенде, композитордың өлеңнің бір буынына бірнеше дыбысты топтап, сол арқылы әннің тәттілігін тағы арттырып, Қорланның сынына сөз жетпегенсін дыбыстан оның мүсінін сүгіреттегендей етіп берген бітісін баппен, салмақпен, іште жатқан үлкен шердің, арманның үнімен, кімде болса: «Осылай болу керек еді!» дейтіндей-ақ жеткізді. «Қорланды» есіте жүре, біз ондай орындауды есіткен де, көрген де жоқпыз. Тап сол арада Естайдың өзі отырса да риза болар еді. Әннің стилі Темірболаттың оң жамбасына келіп кетті ме, жоқ Темірболаттың орындаушылық түйініне әннің көркемдік құрылысы үйлесіп кетті ме, бұл бір сирек кездесетін орындау болды. Публика әдетше, көбіне елпілдеген жүрдек немесе ішінде күлкі араласқан әндерді көп сұрап, дулап кететін. Бұл сапар «Қорлан» сияқты бір өзі 6-7 минут жүретін, баяу екпіндегі әннің өзін қайта сұрап, әнші енді соза бермейін деді ме, биске «Қорланның» бір куплетін ғана айтып берді. Қазақ әншілерінің арасында жиі бола бермейтін баритон дауыстың болғанына ма, жоқ Темірболаттың «Қорланның» бір нотасын жартышекелемей, бәрін де орны-орнында, толық, өсу-баяулау, шырқау-құлдилау сияқты әннің көркемдік кезеңдерін әдемі бергенге ме, тыңдаушылар ол күні біраз тамсанып қалды. Біз болсақ, Темірболатты жаңа көргендей, сахна артында қамалап, қолын қысып, хошеметтеп жаттық. Толық мағнасында твор-

чествоның төл адамы, халық алдында абройым жоғары болды деп тасқан жоқ, өзінің ежелгі қарапайымдылығына салып, біздің әңгі-меміздің арасында, әлі жібі үзілмеген ойдың жалғасындай, «Қорланың» қайырмасын домбырасында жайлап, саусақтың басымен қағып, тартып отырды.

Темірболат Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Шарбақты селосында 1889 жылы туды. Шарбақтыда қазір Ұйымдас атты колхоз бар. Әкесі Арғынбай жәй шаруасымен ғана айналысқан, басқа елтең-селтеңі жоқ адам болған. Бірақ Арғынбай кішкене Темірболаттың музыкаға әуестігімен қатар қабілетінің барын сезіп, «ата балаға сыншы» дегендей, жас талапкердің созған қолын қақпай, қайта оған қолынан келгенін істейді. Темірболат 12 жасқа келгенде кәдімгідей өзінің бала даусымен әнді дүп-дұрыс салатын болады. Осыны көрген әкесі сол өредегі Ақбай деген белгілі әнші, домбырашыны шақырып, баласы Темірболатқа ән үйреттіреді. Темірболат аз уақыттың ішінде үлкен көркемдік табыстарға жетеді. Ежелден салмақты, орнықты жас, ине мен құдық қазғандай болса да өнер жолындағы беталған мақсатына жетуге бар күшін салып тырысады. Ондай еңбектен белгілі нәтиже шығады. Темірболат ол бір өреде әншілік атаққа ие бола бастайды. Біздің ғасырдың басында Темірболат Бесқарағайда болған Бұлақай дегеннің үлкен асында бірінші рет көп алдында ән салады. Сол күннен бастап Темірболаттың аты бүкіл аймаққа жайылады.

Темірболат өзінің ортаға жақын шаруасының арқасында көп аса кем-кетік көрмейді. Шаруасын да істей, әнін де сала жүреді. Совет үкіметі құрылғанда Темірболат жігіт болып қалған, ақ-қараны танытын кісі болады. Өйткені жасында қазақша оқып, тым тәуір дерлік сауаты болады. Соның арқасында ол ауылды советтендіру жұмысына қызу араласады. 1919—20 жылдарда ауыл советтің мүшесі қызметін атқарады. Ал 1920 жылдан 1921 жылға қарағанда Семей уездік төргеушісінің іс жүргізушісі болады. Ол жұмыста бір-екі жыл болғансын ауылшаруашылық бірлестігі кооперативінің мүшелік қызметін, ал 1923—25 жылдар арасында Бесқарағай болыстық атқару комитетінің мүшелік міндетін атқарады. 1925 жылдың ортасынан ауданда мал дайындау агенті болып, ол қызметте үш-төрт жыл, ал жиырма-сыншы жылдардың аяғынан бастап Семейдің уездік мекемелерінде, Сибкрайда қызмет істейді.

Осы жұмыстардың қайсысында жүргенде де Темірболат бір уақыт та өнін тастамайды. Қайда болса да қолында домбырасы, аузында өні жүреді. Павлодар, Семей, Сибкрай жақтарының бәрі де Темірболатты қызмет бабынан көрі өншілік жағынан көбірек біледі. Өйткені Темірболаттың өні тыңдағандарды екінші рет іздеуге, көруге мәжбүр етеді. Өзі де қанша қызметті жанын салып істеп, адал мін-

дет орындау жөнінде көзге түсіп жүрсе де, үнемі бір нәрсесі жетпегендей, бір шаруасы келіспей жатқандай, енжар болады да жүреді. Әншілік жағы «маған қарай ауыс» деп күндіз-түні құлағының құрш етін жегендей болып, бірақ бала-шаға асырау амалында белгілі бір қызмет істемеске болмайтын болғансын, мекемелерді, жоғарыда айтқандай, «аралайды». Профессионалдық өнер коллективтері ол кезде некен-саяқ, сондықтан ат құйрығын түйіп, бірден «өнер қайдасын!» деп етек-жеңін сыбанып шыға қоюға өмірдің ұсақ-ұлан бөгеттері алдынан тосқауыл бола береді. Темірболат болса қайткенде сүйген өнер жолына түсудің амалдарын ойлап, бірақ бір қортындыға келе алмай жүреді.

Бір күні Темірболат өзін Алматыға шақыртқан қағаз алады. Бұл 1933 жыл еді. Алматыда ашылғалы жатқан музыкалы театрдың бастамасы музыка студиясына әншілікке шақырыпты. Мұндай қызметтің ән салудан басқа белгілі еңбек ақысы болғансын, соның арқасында үй-ішін де асырап, сүйген өнерінің ортасына барып кіретін жол ашылғансын Темірболат көп ойланбай Алматыға тартып береді. Келесі 1934 жылы музыкалы театр «Айман — Шолпан»мен шымылдығын ашқанда Темірболат ақынның ролінде шығады. Бұрын сахнада ән салғанмен мынандай музыкалы пьесаларда ойнап көрмеген Темірболат үшін «Айман — Шолпан» жаңа қадам болады. Бірақ музыкалық қабілеті күшті Темірболат оркестрмен жақсы қосылып, дирижердың сілтеген таяқ жобасын да тез түсініп кетеді. Оның белгілі образда шығуы өзі үшін де, тыңдаушы-көрушілер үшін де үлкен творчестволық жеңіс болады. Осылай, Қазақстанда бірінші рет музыкалы театр дүниеге келгенде кешегі тергеушінің іс жүргізушісі болып, азаматтық және қылмыс заңдарының тармақтарын тиеген папканы көтеріп, зыр жүгіріп жүретін Темірболат, жаңа профессионалдық музыка мекемесінің шымылдығын ашысады. Қазақ совет музыкасының даму жолында бұл үлкен, көрнекті еңбек болады. Темірболат одан кейін «Шұғада» хазреттің жолдасы, «Қыз Жібекте» Бекежан тобындағы әнші жігіт ролін ойнайды. Бұлардың қайсысында шыққанда да Темірболат алдымен музыкалық образ жағын үнемі көңілдегідей келтіретін. Сол 1934 жылы Темірболат музыка театрымен Семейге барды. Онда спектакльдерде ойнаумен қатар концерттерде ән салды. Сол сапарында Семейде жүрген жерінен болашақ үлкен музыка шебері, Қазақстанның барлық жерлерінің күй орындау дәстүрін толық меңгерген Үрістембек Омаровты алып Алматыға келді.

Өзінің халық әндерін орындаудағы белгілі орнын сезіп, Темірболат 1936 жылы қазақтың Жамбыл атындағы филармониясына келді. Сол филармонияның концертінде біз көргенімізді жоғарыда баяндадық. Темірболат өмірінің соңғы күндеріне дейін филармонияның жеке әншісі болды.


Қазақтың басқа әншілерінің «міндетті түрде» баратын, болатын қаласы, жәрмеңкесі Қояндыда Темірболат та Алматыға келмей тұрғанда болды. Ол тек Қоянды емес, Қарқаралы, Кереку, Семейде болып, оның бәрінде де ән салып, жаңа ән болса үйреніп, біраз аралады. Темірболаттың ол сапарлары оның әншілігінде үлкен із қалдырды. Не бір тәжірибелі орындаушыларды есіту арқылы ол өзінің де орындаушылық бойын биіктетті, өсті.

Темірболаттың репертуарында: «Юран», «Тел қаратай», «Үш дос», «Бурылтай» «Хорлан», «Қара айдар», «Берік тал» және сол сияқты ондаған әндер болатын. Белгілі әнші, қу тілді, қазақтың халықтық эстрада өнерінің жарқын өкілінің бірі Тоқпай мен Темірболаттың бір кездерде бірге болуы, оның репертуарын байыта түсті. Сол бай репертуарды келешек ұрпаққа қалсын деп 1939 жылы Темірболат елуден астам әндерін нотаға түсіртті. Темірболаттың бірнеше әндерін А. Затаевич те жазып алған.

Темірболат 1940 жылы майдың 25 күні ұзақ аурудан кейін қайтыс болды. Оның жұбайы Қазден, қызы Камал қазір Алматыда тұрады. Ертіс жағасынан тай-шаптырым жердегі, 19 ауылға қарасты, қазақтар «Қисық» деп атайтын Лебяхъеден ертеңгі шаң ішіп шыққан салтатты желе жортып отырып «қатын бесінде» баратын ну ағашты, көк тоғайлы, көлді Шарбақтыда туып, қазақтың ән өнерінің дамуына көзге түсерліктей үлес қосқан, музыка майданының ыссысына шыдап, суығына тоңып, бар өнерін ортаға салып, білгенін ұрпаққа қалдырып кеткен қайраткер Темірболаттың аты үлкен құрметпен аталады.



ЖҮСІПБЕК



1931 жылдың жазы. Қазақтың мемлекеттік драма театрында концерт жүріп жатыр. Екінші бөлімде сахнаға отызға жетпеген

жас жігіт шықты. Аяғында саптама етік, үстінде мақпал шапан, басында құндыз бөрік. Бойы ортадан жоғары, келбеті келген, сахнаға аз ғана жымыып шықты. Жүрісінде салдықтың ізі бар сияқты. Бірақ ол бірінші қараған кісіге.

Конферансье: «Әнші Жүсіпбек «Сұржекейді» орындап береді» деді. Мен сияқты бұрын-соңды Арқаның әндерін жақын естімеген кісіге, ол кеш үлкен жаңалықтың басы болды. Әнші домбырасының бұрауын тексерді, әннің кірісбесін ойнады. Үлкен бармақ пен сұқсаусағын кезек пайдаланып, іліп қағып бір көркем музыка кесегін тартты. Енді Жүсіпбек «Сұржекейді» бастап кетті. Дауыстың төменгі регистрінде жәй ғана бастап, әннің мелодиясын сағыздай созып, тіпті қай жерінде демін алып отырғанын да сездірмеді. Шумақтың үшінші жолына көшкенде кульминацияға қарай бара жатқаны сезілді. Онда да мелодияның арқауы үзілмей, тек дауыс басқышының жоғарғы сатысына шығуға өрмелегенін көресің. Басында жәй, қоңыр үнде бастағанмен, енді әнші музыканың екпінін қозғай тездете, қыздыра соқты. Ол кезде бет әлпі де өзгеріп, Сұржекей аттың үстіне желіп келе жатып арнаған әнінің объектісі — сүйгені көз алдына елестегендей, күлімсірегендей болады. Қайтадан бояғы қоңыр үнге көшкенде, соғуы әлгіде жиілеген жүрегі басылғандай, әдемі түстен кейінгі үзілмей жатқан ойдай өзін ұмытқандай кейіпте болды. Әннің бір нотаны созыңқырап тұрып қалған жерінде домбырадағы сүйемел «басын көтеріп» көркем, жаңа бір әуен ойнайды. Бұл сияқты сүйемел тек Жүсіпбекте ғана кездеседі десек асырып айтқан болмайды.

Әннің соңғы нотасын аларда Жүсіпбек домбыра қойған он аяғын жәйлап көтеріп, дауысын үзбестен орнынан тұра келді (ол әдет өмірбойына қалды). Өте сыпайы түрде басын иіп, дүрілдеген шәпалақтың аккомпанементі астында сахнадан әдемі басып, шығып кетті. Көрүшілердің психологиясын жақсы зерттеген конференсье бұрынғыдан бетер қыздырып, әншіні басын изей шақырып тұр. Қанігі артистердей қайта-қайта шығып кетіп қалып сарылтпай, Жүсіпбек бірден сахнаға қайта келіп, үстелінің жанында конференсьемен сыбырласты. «Бұл қысқа ғана өндіріс мәжілісі» деп конференсье халықты тағы бір күлдіріп алды. Жүсіпбек отырар-отырмастан жан-жақтан «Қанатталды-Қанатталды» деген дауыстар шықты. «Айтқандарың болсын!» — дегендей әнші басын изеді де, домбырасын басқа тонға түсіруге бұрай бастады. Біз сияқты «есіту әділдігін» камертонға тапсырған адамдарға Жүсіпбектің оп-оңай өзіне керекті тонды тауып алуы таңқалдырды. Әншінің есіту дәрежесінің аса жоғары сатыда тұрғанын дәлелдеді. «Қанатталды» алдында әннің контекстінде бар ма, жоқ кейін орындаушылар қосты ма, жоғары нотаны айқайлап алу бар екен. Содан кейін ғана әннің өзі басталады екен. Ән «Сұржекейден» өзге, бірден жоғарғы регистрден басталды. Мұнда салған жерден үлкен толқу — тынышсыздық, серпіңді ішкі қозғалыс бар. Өлең шумағының алдыңғы екі жолы бойы тынбастан толқын атқандыбыс дауылы, үшінші жолдың басында басылғандай болып, бірақ тағы жоғары тырмысады. Алдыңғы аласұрудан шаршаған ән қанаты, енді бұрынғыдай самғап жоғары ұшатын әлі болмағандай, тек тауықтың ұшатын биігіндей көтеріліп, қайта «жерге» түседі. Әннің аяғындағы дауыстың төменгі регистрінде «қорытылатын» бөлегінің әсері айта қалғандай «Қанатталды» дейтін сөз алдындағы әннің үілдеп, сахнадан тек әншінің әлі де дыбысты үзбегенін өрнінің қимылы мен домбыраның сүйемелінен ғана білесін. Әлден уақытта бұлттан шыққан күндей әншінің дауысы есітіле бастап, үзілместен «Қанатталды!» деген сөзге келіп жалғасады. Әрине, Жүсіпбектің бұл арадағы шеберлігі тыңдаушыларды еріксіз ұйтты. Біз болсақ сотто воче (жарты дауыспен айту) дегенді кітапта оқып, бірақ оның қазақтың халық әншісінің орындауынан есітеміз деген ойымыз болмайтын. Сол себепті ме, Жүсіпбектің әншілігі басқадан ала-бөле өртық көрінді. Дыбыс өрнегінің нәзіктігін, «жұқалығын» тек сурет өнері саласындағы акварельмен теңеуге болар еді. Жоғарыда айтылғандай, Жүсіпбектің есіту дәрежесінің биіктігі, орындау қабілетінің күштілігі, жаратылыстан өзінің музыкаға бейімділігі, оның ән айтқанда бүкіл жан дүниесімен беріліп кететіні — оның орындаған өндерінің бәрін де «анасынан қайта туғызды». «Қанатталдыны» нотасына қарап үйреніп айтқан адам, әрине, Жүсіпбектің орындау мөнерінен аулақ болады.

Концерт программасының сыртында Жүсіпбек тағы бірнеше ән



Жүсіпбек Елебеков.

орындады. Бірінен бірі асып түсіп, бірінен бірі артық сияқты болып көрінді. Жүсіпбекпен бірінші танысу осылай болды.

Жүсіпбек бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Сартау болысы, № 16 ауыл (осы күнгі Қарағанды облысы, Қу ауданы) «Қойтас» деген жерде 1904 жылы туды. Әкесі Елебек жәй шаруа болған. Тұрмысы кедей, басқа өнер жолын құмаған. Елебек жас кезінде ән салып, күй тартқан. «Ауру жігіт», «Жекеннің желпіуі», «Бозайғыр» тағы басқа репертуарында күйлер болған. Бері келе Елебек әнді де, күйді де қойған. Оның себебінің бірі — тұрмыс халы бұрынғыдан да ауырлап, «ораза-намаз тоқтықта» деп, ән-күйді жиіп қойған. Бірақ болашақ әнші Жүсіпбектің айналасында ән дыбысы үзілмеген. Ол ауылда әншілік дәстүр жоғары бағаланған. Елебектің әкесі Балғабаймен бір туысқан Қарабатыр деген кісі дарынды әнші болған. Ал Қарабатырдың баласы Әділден туған Балабек те белгілі әнші болады. Балабектің баласы Ысламбек те аталарының музыкалық дарынын алып қалады, о да әнші болады. Балабекті (отызыншы жылдарда Алматыда болған қарт әнші Балабекпен шатыстырмау керек. А. Ж.) Жүсіпбек жиырма жас шамасында көрген. Сөйтіп Балғабай-Қарабатырдан бері келе жатқан ән дәстүрі, жалғаса отырып, біздің заманға жетті.

Ауыз толтырып айтарлықтай әннің алыбы — Елебекпен бір туысқан Жақыпбек болған. Міне, осы Жақыпбек Жүсіпбектің тікелей ұстазы. Айтушылар Жақыпбектің алдында басқа әншілер «аузын аша алмайды екен» дейді. Осының өзі Жақыпбектің халық алдында аса жоғары бағаланғанын суреттейді. Арқа әншілерінің «Меккесі» — Қояндыда Жақыпбек те ән салады. Талай рет жәрмеңкені басыма көтеріп, тыңдаушылардың айызын қандырады. Ол Семей, Қарқаралыда болады. Жақыпбек өзінің басқа замандастарындай қайда жиын, той, жәрмеңке болса, сонда жүрді. Кей кездерде Күдерінің Нұрланы, Малкелдінің Ғұбайы, Ақайдың Хасені сияқты малды да, бір жағынан дала қызығының, ақын, әншінің анда-санда басын қосатын, меломан-мықтылардың мәжілістерінде ән салып жүрді. Аққұба, көзі тостағандай қара, имектеу ірі мұрынды көрікті Жақыпбек, жоғарыда саналған мырзалардың «араздық алмасы» да болып жүрді. Ол өнін сатып мал жимаса да, әрбір «ел адамымын» дегендер, басқа өзіндейлермен кездескенде, өнер жарысында аброй алып беретін, рудың, өлдің атын шығаратын шын мәнісіндегі «ер жігітті» іздеді. Таптық сезімі мұқап, кедей әншіге тамыры иіп емес, бәрі де сол «ата даққын» көтеру мақсатында болды.

Жақыпбек жасынан өнерге деп өңменін созып, дүние қуу ісіне шорқақ болып, көптеген домбырашы-әншінің «тарихи үлесі» болған кедейліктің етегінен бұ да мықтап ұстайды. Ағасы Өмірбек екеуінің малын қосқанда бір үйдің дәулетіндей болмағанын, бөлуге келмегенін екеуі өле-өлгенше өнші алыспай кетеді. Әрине, мұның шешуші

себебінің бірі — олардың арасынан қыл өтпейтін татулығы болады. Өмірбойы арман еткен еркін дәуірге жаңа жете бергенде, 1918 жылдың 16 март күні, 23 жасқа жаңа толғанда Жақыпбек қыршынынан қиылады. Бір жетіден кейін ағасы Өмірбек те өледі. Сирек біткен талант, дарынды әнші Жақыпбек, өнерін өрістете алмай, ерте өліп кетеді. Өзінің осындай қайғылы тағдырын сезгендей, Жақыпбек 10 жасқа жетер-жетпесте Жүсіпбекті қасына ертіп алады. Жүсіпбектің гармонға қосылып айтқан нәзік, бала даусы Жақыпбекке қатты ұнайды. «Менің ән орындау өнерімді алса осы Жүсіпбек алып қалады» дейді екен Жақыпбек, жәй отырғанда. Жақыпбектің тек сырт түрі ғана Жүсіпбекке келіп қоймай, оның ішкі музыкалық дүниесі де Жүсіпбекке қатты ұқсаса керек. Жақыпбектің дауысы да тенордың жұмсағы, диапазоны (көлемі) кең, ән салғанда о да сай-сүйегінді сырқырататындай, құлақтан кіріп, бойды алатын болған. Айтушылар Жүсіпбек Жақыпбектің мәнерімен айтады, ұстаз-ағасының барлық орындаушылық қасиетін, нәзіктігін, шеберлігін алып қалған дейді. Ойын-той, шілдеқана, қынаменделерде Жақыпбек он жасар Жүсіпбекке ән айтқызып, өзі қызықтап мәз болып, екіншіден өзіне демалыс алады екен. «Келіншек», «Қалия», «Сұржекей» әндерін Жүсіпбек табанда қағып алып, Жақыпбектің сынынан өткізіп отырады екен. Осы күнге шейін Жүсіпбекпен әңгімелескенде, кішкентай да болса оны Жақыпбекпен қатар қояйын десең, басын шайқап, жолатпайды, аға-ұстазына шаң тигізбейді, «ол қайда, біз қайда» деп Жақыпбекті жоғары қарасаң бөркің түсетіндей шыңдай биіктетеді. Ал, Жүсіпбектің өзі ше...

Жақыпбек қайтыс болғансын екі-үш жылдай елде жүріп, Жүсіпбек ән салады. Атадан қалған әрбірі бір асылдай әндерді қайта-қайта айтып, ұстазының орындау мәнерін ұмытып қаламын ба дегендей, күндіз-түн әнмен шұғылданады. Ол айналаға Жүсіпбек Жақыпбектің көзіндей, жақын сыйлас, бауыр үшін Жақыпбекті «тірілкендей» болады. Талантты орындаушы әрине, тек Жақыпбекке еліктеп қана қоймай, дағдылана келе өзінің орындау әдісі көріне бастайды. Ұстазға ұсай тұра, оның барлық жақсы творчестволық қасиетін сақтай тұра, өзінің «почерксі» болу деген өнердің қай саласында да керекті нәрсе. Жүсіпбектің бойында барын өмірдің өзі анықтай түседі. Жүсіпбек енді ауылда жүріп, белгілі бір шеңбердің айналасынан шықпай қалу қаупін сезеді. Азамат соғысы аяқталып, бейбіт өмір құруда барлық жігермен кірісіп жатқан совет халқының тыныс желі сонау Қарқаралының даласында да сезіле бастайды. Аздап болса да оқып, өзінің хат тануының арқасында Жүсіпбек баспасөз бетіндегі жәйлармен танысып, мәдениеттің негізгі ошағы — қалаға баруды арман етеді. Атышулы ақын, әншілердің сондай жерлерде жиналатынын біледі. Жас та болса бұл да өзінің өнерін шаршы топқа салғысы

келеді. Екіншіден — қадірлі ағасы — ұстазы Жақыпбектің орнын жоғалтбай, бұрынғы ол барып жүрген қалада ән орындап өнер жарысына түсіп, өзін байқағысы келеді.

1921 жылы Жүсіпбек Семейге келеді. Елден келген адам, қаланың ой-шұқырын қапелімде біле алмайды. Сондықтан алғаш Бәкіш деген туысқанының үйіне түсіп, жағдаймен танысады. Әнін көптің алдына салуға қорғалақтап, Бәкіштің бір таныстарының үйінде шілдеқана болғанда байқау есебінде, сол үйде аздап ән салады. Қала халқының алдында жүрексінген Жүсіпбектің бірқатар күмәні ашыла бастайды. Шілдеқанадағы тыңдаушылар Жүсіпбектің әдемі үніне, оның музыкалық қабілетіне, орындаудағы Семей тыңдаушыларына бұрынсоңды кездеспеген жаңа өрнекпен безеуіне қатты риза болады. Бір әннен кейін екіншісін сұрап, одан әрі құлақ құрыштары қанғанша жас талапкерге тыным бермейді. Жақыпбек кеткелі екі-үш жыл өтіп, оның орындау мәнерін жоғалтып алдым ба деп қауіптеніп жүрген жас әншінің бір түрлі жоғалғаны табылғандай, сөнгені жанғандай, еңсесі көтеріліп, рухтанып қалады.

«Ел құлағы елу» дегендей, біреуден біреу есітіп, Бәкіштің кішкентай үйі Жүсіпбекті көреміз, тыңдаймыз деген кісілерден арылмайды. «Қойтастан» Жақыпбектің інісі, өзіндей әнші жігіт келіпті, шілдеқанада ән салыпты» деген хабар жаңа ғана ұйымдасып жатқан Семейдің театр үйірмесінің мүшелеріне жетеді. Үйірменің басқарушылары Құлғарин Кенжебек пен Әуезов Ахмет Бәкіштің үйінен Жүсіпбекті тауып алады. Енді Жүсіпбек жалғыз жүрген саяқ-әнші емес, белгілі талапкер сахналық ұйымның мүшесі болып, қызметке кіріседі.

Жүсіпбектің үйірмеде болуы, оның жалпы дүние тану жолын кеңейтеді. Әсіресе сол жылдары оның асқан әнші Әміре мен жалынды ақын Исаны көруі үлкен бір тарихи кезең сияқты болады. Әміренің асқақтаған даусы, Исаның суырыпсалма ақындығы Жүсіпбекті жаңа бір өнер тауының басына шыққандай көп нәрседен көзін ашады. Жүсіпбек осы сапарда Әміреден белгілі «Ағашаяқ» әнін үйренеді. Әміренің репертуарының байлығына таңқалады. Бірақ Әміре Семейде ұзақ болмай 1923 жылы Иса екеуі басқа қалаларға кетеді. Жүсіпбек қалада қалып, біржағынан ән салып, екіншіден аздап көсіп істеп, тұра береді. Қалай дегенмен, Семейдің сауықшыл халқы Жүсіпбекті магниттөй тартып, басқа жаққа жібермей қояды. Бір жағынан концерттерде ән салып, екіншіден үйірменің спектакльдеріне қатысып, біздің заманның тақырыбына жазылған шығармаларды үгіттеушінің бірі болады.

1927 жылы Жүсіпбек Түрксибте жұмыс істейді. Арасында әнін салып, өзі сияқты жұмысшыларды көңілдендіріп, жаңадан репертуарына өндер қосып, рухани байлығын арттыра түседі. Түрксибте

1928 жылдың сентябрь айының аяғына шейін істеп, қайтып өзінің ауылына келеді. Бұл кездерде ірі байларды конфискациялау науқаны жүріп жатқан. Жүсіпбек бірден бұл науқанға араласып кетеді. Атадан атаға кедейлікпен көшіп келе жатқан Жүсіпбектің енді күні туып, бұрынғы өзі сияқтыларды қанаған байлардың күндерінің таусылғанын көреді. Жүсіпбек конфискациядан мал алады. Бірақ, кейбір конфискациядан мал алып, енді байыдым деп тоқтап қалған адамдардай болмай, Жүсіпбек өзінің бұрынғы еңбеккерлік қызметін жүргізе береді. Ауылда бір жылдай тұрғансын ол Қояндыдан Қызылжарға (Петропавловск) қой айдайды. Екі арада көп жүріп, қойды аман-есен тиісті жеріне жеткізіп, 1931 жылдың 15 февралінде қайтып аулына келеді. Аздап демалып, бұрынғысынша әңдетіп, ауыл адамдарының көзіне оның біраз әншілік өнерден ілгері кеткені байқалады. Сөмейде болу, Қоянды, Қызылжарда болу — жаратылыстан құлағы сергек әншіге «көшпелі мектеп» сияқты болады. Бұрын-соңды ол көздің мешеулігіне байланысты өзінің аяғы жетпеген жерлерінде болып, бірқатар ән дәстүрінің жаңа түрлерімен танысып алады. Міне, осының бәрі Жүсіпбектің жаңа әндерін тыңдаған ауыл-аймағының көзіне бірден түседі.

Сол жылдың май айында Алматыдан қазақ мемлекеттік драма театрының директоры, жазушы Орынбек Беков келіп Жүсіпбекті алып кетеді. Жүсіпбек театрдың концерттерінде үзбей қатысып, біріндеп көзге түсе бастайды. Өзі дара да және белгілі әнші Есімжанова Рабиғаға қосылып та айтып жүреді. Көп уақыт өтпей-ақ Жүсіпбек драмалық пьесаларға қатыса бастайды. Ол «Сұңғуір қайық», «Еңлік—Кебек» пьесаларында ойнайды. Әсіресе Мұхтар Әуезовтің «Еңлік—Кебек» пьесасында Жүсіпбек өзінің ойынымен қатар әншілігімен көзге түседі. Оған спектакльдің музыкалық жағының жаңа бір белеске шығуы себеп те болады. Алматыда туып-өскен қазақтың тілін білетін, музыкасын көп зерттеген композитор Дмитрий Мацуцин соның алдында ғана Москваның консерваториясын бітіріп келіп творчестволық жұмысқа кіріседі. Ол бірінші жұмыстарының есебінде «Еңлік — Кебек» пьесасының музыкасын жазады. Қазақтың не бір шұрайлы әндерін, күйлерін алып, гармониялап, өңдеп, симфониялық оркестрдің сүйемелімен орындауға икемдейді. Ол жылдарда қазақ артистерінің ішінде нота білетіндері болмағанмен (режиссер Жұмат Шаниннен басқа) өздерінің қабілеттері, Д. Мацуцинның, сол жылы театрдың музыкалық басшысы болып қызмет істей бастаған белгілі композитор Латиф Хамидидің жәрдемімен қазақ артистері біраз табысқа жетеді: олар бірінші рет, ықшам да болса симфониялық оркестр сүйемелімен сахнада әндер орындайды. Міне, солардың бірі болып Жүсіпбек те шықты. Ол «Еңлік — Кебекте» қойшы Жапалдың ролін орындап бұрын өзінің репертуарында бар, әрі композитор «ау-

зына салған» «Көк көбелек» әнін айтты. Жүсіпбектің асқан музыкалық қабілеті орындаушылық дарыны, темірдей қатты ырғағы (ритм мәнісінде) оның нота білмейтіндігін тыңдаушыларға сездірген де жоқ. Қақпажартастың залдан қарағандағы қызықты көркінің фонында Жапал қойшының «ай мен күндей, әмбеге бірдей» сұлу қыз іздеген арманына «Көк көбелек» сайма-сай келіп, терең лирикалық, нәзік орындау арқылы үлкен адам жанының сиқыры ашылды. «Еңлік—Кебек» музыкасының байлығы жағынан бірінші спектакль болды да, шын мәнісінде қазақтың музыкалы театрының туу дәуірінің басы болды. Осы бір көрінуінің өзі, тыңдаушылар алдында Жүсіпбектің үлкен әншілік талант иесі екенін, ол тек домбыраға қосылып қана айтушы емес, сахнада белгілі музыкалық образдар жасауға творчестволық дәрмені бар адам екенін көрсетті. Ал, Жүсіпбектің театр жиі ұйымдастыратын концерттеріндегі ролі, осы әңгіменің басында баяндалғандай, айта қаларлық болды. Халық әндерін бабына келтіріп орындауда Жүсіпбек бірден-ақ үлкен абройға ие бола берді.

Жүсіпбектің тағы бір «жұлдызы оңынан туған» себебі — осы әңгіме болып отырған 1933 жылы драма театрында белгілі әнші Әміре болатын. Көптен арман етіп жүрген «ән ағасы» енді Жүсіпбекпен бір коллективте болды. Әміренің орындауында не бір шырқалған сұлу әндерді Жүсіпбек енді жиі есітетін болды. Бұл жылдарда, революцияның алдындағы ауыр өмір жылдарынан қалған сырқаттың Әмірені аздап шаршатып жүрген кезі болса да, «арқалы» әнші, кейбір қызып кеткен мезгілінде алдына қара салмайтын. Міне, бұл жағдайда әнші, артист Жүсіпбек үшін үлкен роль ойнады. Екіншіден, «Бүкіл қазақ даласы маған әндетіп тұрғандай болып көрінеді» деп Г. Потанин айтқандай, ежелден музыкалық қабілеті асқан қазақ халқы, драмалық пьесаларды үлкен ықласпен тыңдай, көре жүре музыкалық спектакльдерге қатты аңсайтыны сезілді. Қазақтың өсіп келе жатқан советтік профессионалдық өнері мен талғамы артқан көруші-тыңдаушылар өнер майданының алдына үлкен эстетикалық мұқтаж қойды — жалғыз драма театрының аздық ететінін аңғартты.

Сол 1933 жылы Халық Ағарту Комиссариатының жанынан «Музыка студиясы» ұйымдастырылып, оған драма театрының музыкаға қабілетті адамдарын енгізді. Соның ішінде бірінші сапта болып Жүсіпбек те кетті. Студия бір жыл шамасындай Мұхтар Әуезовтың «Айман—Шолпан» пьесасын дайындап, келесі 1934 жылдың январының 13 күні музыкалық театрдың сахнасын ашты. Ол күн қазақ совет профессионалдық өнерінің дамуында үлкен тарихи күн болып жазылып қалды. Сол күні «Айман—Шолпан» музыкалы пьесасында Жүсіпбек Өлібек ролінде шықты. Жүсіпбек сахналық тәжірибесінің аздығына қарамай Өлібек ролін өте жақсы шығарды, көңілде, көзде, құлақта қаларлық музыкалық образ жасады. Оның басқа өндерін

былай қойғанда, соңғы актыдағы Алматының көрушілеріне бірінші тартқан музыкалық сыйлығы — «Балқурай» әні сол күндерде өсіткен кісілердің әлі де құлағында десек артық болмайды. Әннің еркесі «Балқурай» Жүсіпбектің орындауында, сөзсіз алғашқы қалпынан семіріп, гүлденіп, байып, түрленіп әшекейленіп шықты. Өйткені Жүсіпбек әнді жабайы күйінде орындай салмайды, өзінің орындаушылық творчестволық елегінен өткізіп, саралап, кейбір нашар орындаушылардың әлсіреткен жерлерін өңдеп, жақсысы болса бұрынғыдан да асырып алып кетеді. «Тыңдаушылардың құлағына «Балқурай» осындай «сахна киімін киіп сәнденген, түрлі алтын-күміспен оқаланған» белгілі, жаңа идеялық мазмұнмен арқауланған, сүйгенін іздеп келген жігіттің аузында біресе сағыныш үні, біресе неде болса көріп алатын тәуекел ноталары (әсіресе қайырмасында) кезектеседі. Бірақ осының бәрі де тек Жүсіпбек орындағанда ғана көзалдыңа елестейтін. Оның тағы бір себебі — Жүсіпбек, шын асыл музыканттарға тән, тек «ноталардың ғана дыбысын шығарып» қоймайды. Ол сол бір тышқанның ізіндей оңдаған ноталардың «жол арасынан» неше алуан сырлар табатын. «Балқурайдың» бір жерінде өжет, бір жерінде еркелетіп кететіні осы бір «жол арасын» оқи білуінен еді. Қысқасы, өзі жас, өзі сахнаға икем, бойлы, келбетті, ойынында шындықпен толы, дауысы сыңғыраған өнер саңлағы — бұл пьесада өзінің үлкен музыкалық болашағын халқына көрсетті.

Арада біраз жыл өткеннен кейін Жүсіпбек сахнаға тағы бір оралып, Абай атындағы опера және балет театрында «Қыз Жібек» операсындағы Төлеген ролін ойнады. Опералық спектакльде Жүсіпбектің бас рольді ойнауының бұл басы еді. Тыңдаушы халық Жүсіпбек жасаған Төлегеннің ролін өте жылы жүрекпен қарсы алды. Бұл ойынында Жүсіпбек тек концерт әншісі емес, музыкалық сахнаның да шебері екенін көрсетті. Ол оннан аса спектакльде шығып, ұдайы тыңдаушылардың алғысын алумен болды. Бірақ халық әнінің шебері, нәзік орындаушы, жеке әнге қарай бүйрегі бұра береді, өзінің ежелгі өнер стихиясына кету ойынан арылмайды.

Отызыншы жылдардың ортасынан ауған кезде Жүсіпбек біржолата концерттік жұмысқа көшеді. Қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясының составында белгілі әнші болады. Өзінің жеке домбыра сүйемелімен, оркестрмен ән салады. Бірақ филармонияда жүргенде де сахналық өнерін тастамайды. 1940 жылы филармонияда қойылған «Сары» атты музыкалық бір акты пьесада бас роль Сарыны ойнайды. Жүсіпбек «Сары» пьесасына жүзден аса рет қатысады. Патша заманында, Октябрь революциясына жете алмай, әділдік жолындағы күресте жастай қаза болған халық сүйген әнші Сарының образын айта қалғандай мүсіндейді. Өнер иесі, ер жігіт — Сарының музыкалық тұлғасы көруші-тыңдаушылар алдында кесек бо-

лып шығады. Жүсіпбектің өсем, қоңыр дауысына домбыра, қобыздардан құралған халық аспаптары оркестрінің қосылуы, бұрын-соңды қазақ тарихында болмаған бір «дыбыс гармониясын» береді. Әуелден лирикалық шығармаларға икем әншіге Сарының музыкалық та, сахналық та образы «онжамбасына келіп» кетеді.

Жүсіпбек бері келе өзінің жас кезінде оқи алмаған музыка сауатын ашуға қатты кіріседі. Зейінді, алғыр музыкант аз уақыттың ішінде нота сауатын меңгеріп кетеді. Соның арқасында ол республиканың халық артисткасы Жамал Омаровамен екідауысты дуэт айтып жүрді. Қырқыншы жылдардың басында Отан соғысы майданында қаза тапқан бас дауысты өсем әнші Асқар Жексембаев және басқалармен қосылып квартеттер айтты. Мұндай вокалдық ансамбльдерде Жүсіпбектің шығуы, оның музыкалық тәжірибесін, ансамбльдік сезімін байыта түсті. Екіншіден, Жүсіпбек қазақтың жалғыздауыстылық шеңберінде қалмай, совет композиторлары жазған көпдауысты музыканы меңгеру жолында үлкен табысқа жетті. Оның бірінші себепшісі — осы ансамбль болды.

Жүсіпбек қазақтың халық әндерін асқан шеберлікпен орындай отыра, репертуарына үзбестен совет композиторларының шығармаларын өндіріп отырады. Ол Е. Брусиловскийдің, Мұқан Төлебаевтың көптеген шығармаларын сәтіне келтіріп орындайды. Көптеген әндерді Жүсіпбек симфониялық оркестрдің сүйемелімен орындап жүрді. Ол салада да үлкен творчестволық жеңістерге ие болды.

Соңғы жылдарда Жүсіпбектің басшылығында өзінің дербес концерттік бригадасы бар. Ол бригада Қазақстанның барлық бұрыш-бұрышын тегіс аралады. Бальқшылар, кеншілер, малшылар егіншілер, мақташылар — олардың бәрі де Жүсіпбектің өнін есітті. Ол 1950-55 жылдары Қытай Халық Республикасының Синьцзян өлкесінде, 1959 жылы Монгол Халық Республикасының Баянүлгі аймағында болды. Қайта туған қазақ халқының өскелең музыка мәдениетімен біздің социализм құрып жатқан дос көршілеріміздің тыңдаушыларын таныстырды. Осы айтылған екі елде де Жүсіпбектің абройы үлкен болып, құшақ-құшақ алғыс алып қайтты.

Жүсіпбек 1936 жылы Москвада өткізілген қазақ өнерінің он күндігіне қатысты. Онда «Қыз Жібек» операсында Бекежанның өншісі ролінде болды. 1949 жылы қазақ совет әдебиеті онкүндігінің концерттерінде Жүсіпбек Құрманғазы атындағы оркестрдің сүйемелімен өн салды. 1958 жылы Москвада болған қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігінде де белсене қатысып, көптеген концертте шықты.

1942-43 жылдарда Жүсіпбек Ұлы Отан соғысы майданына барып, біздің даңқты И. В. Панфилов атындағы № 8 Гвардиялық атқыштар дивизиясының тұрған жерінде көптеген концерт беріп келді. Сол сепарда ол қазақтың белгілі композиторы Рамазан Елебаевпен кезде-

сіп; одан әйгілі «Жас қазақ» әнін алып келіп, халыққа бірінші рет таратты. Жүсіпбектің орындауында «Жас қазақ» түрленіп, құбылып, өңделіп кетті.


Жүсіпбектің аса жақсы көріп және үлкен шеберлікпен орындайтындарының бірі — Абай әндері. Ол Абайдың «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Бойы былғаң», «Айттым сәлем қалам қас» сияқты әндерін басқа ешбір әншінің әуеніне келмейтіндей етіп орындайды. Жүсіпбектің орындауында Абай әндері лирикалық биіктікке көтеріліп, сөздерінің мәнімен қосылады. Қазақтың поэзиясын жаны жақсы түсінетін Жүсіпбек, Абай әндерін орындауда олардың сөзі мен музыкасының қабысуына бар күшін салады.

Жүсіпбектің репертуарында: «Қарға», «Көгаршын», «Қанатталды», «Сұржекей», «Аржақ», «Құлагер», «Айтпай», «Жамбас сипар», «Ағашаяқ», «Жиырма бес» және осылар сияқты халық әндері мен қатар көптеген совет композиторларының шығармалары бар.

Жүсіпбек үлкен өнер иесі шебер әнші. Ол әлі де қажырлы. Әлі де халқының мәдени шөлін қандыру жолында армай-талмай қызмет істеуде.



ҚУАН




1942 жылдың жазы. Қазақтың мемлекеттік Жамбыл атындағы филармониясының бір топ артистері

тылдағы еңбек ерлеріне өнер көрсету, көңілдерін көтеру үшін Семей, Шығыс Қазақстан облыстарын аралап келеді. Семейдің шекарадағы «Комсомол» атты ірі колхозында концерт беріп, Тарбағатай ауданына астық. Ол кезде Тарбағатайдың орталығы Ақжар селосы бірнеше үйден құралады десе де болады. Тіпті кішкентай. Орталықтан артистер келеді дегенсін Ақжардың кішкентай электр жарығын беретін движогының ол түнгі барлық күшін кішкене клубты жарық қылуға жұмсау нұсқауы берілсе керек. Шынында да клубтың іші аса жарық, көңілді, концерт жүргізуге де ыңғайлы болды. 16 адамнан құрылған концерт группасы аудан орталықтарында бабымызды қосып, түгел тұрып концерт беріп енді ауданның колхоздарын аралағанда сегіз кісіден екі бөлініп кететінбіз. Оның мәнісі—соғыс кезі, машина біткеннің бәрі де майдан мұхтажына алынған, елде тек не салт атпен, не арбамен жүру керек. Оналты кісіге паржеккен екі арба немесе бір-бір ат жеккен екі арба керек. Ол өздері жұмыстан босай алмай, көлікті де босата алмай жатқан ауыл еңбекшілеріне өте ауыр. Ал, сол еңбекшілерге өнер көрсетіп, олардың көңілдерін аулаудың орнына, өлгідей үлкен топпен жүрсек, колхозшылардың мазасын кетіріп, жолдан қалдыратын болдық.

Міне Ақжарда екі жақтан келген тобымыз бас қосып, күндіз өдетше репетиция жасап, кешкі концертке келдік. Тоғыз кісіден құралған домбыра, қобыз ансамблі қазақтың бірнеше күйлерін ойнап, бір өншіге сүйемел жүргізді. Халық аса жақсы қабыл алып жатыр. Бұл араға оркестр оған дейін келмесе керек. Кезек-кезек би, жеке

домбыра, қобыз номерлері кетіп, концерттің аяғына жақындағанда, біздің программамыздың діңгегі сияқты етіп алып шыққан, қазақтың атышулы әншісі, республиканың еңбегі сіңген артисі Қуан Лекеровті шығардық. Қуан алдында біз түскен үйде, сексеннен аса километр жер атпен жүріп, шаршап келіп, қызыл шайға қанып алғансын қайтадан қайратына мініп, «домбырамды байқап қояйыншы, дауыстың өзі де неғып тұр екен, ә!» деп, қабындағы домбырасын алып бұрап, сағандағы пернесін басып, бір айқайлап алған. Ашық тұрған терезеден оның ащы даусы Ақжардың біразының құлағына жеткен болу керек. Қуан шығады деп жарияланғанда халық отырған орындарында бір қозғалып, үсті-үстіне шапалақ ұрып жіберді.



Қуан Лекеров

Өзі де келбеті келген аққұба, қызылшырайлы, сұлу денелі, үлкен көзді, кең маңдайлы, сахнаның сәнді киімімен шыққанда, оның жасы қырықтың бел ортасынан асып кетті деп ешкім ойламайтын. Әнші сахнаға шыққансын, алдында тексеріп алса да, домбырасын тағы аздап бұрап, әр пернесін көріп, басып қарап, айтылатын әннің кіріспесін ойнап кетті. Ол әдетінде кіріспені біраз уақыт ойнайтын. Кейде әннің өзін түгел домбырада бір рет әншейіндегіден тезірек екпінде тартып та алатын. Қуанның домбырасы да жәй баяғыдай қолға түскен ағаштан қолдан келгенінде жасай салған емес, осылай жүрер алдында ағаштан түйін түйетін шебер, Құрманғазы оркестрінің бірінші домбыраларын жасап шығарған Мануил Романенко деген кісіге кіші-гірім қойдың бағасын беріп, өрнектеген, таңдаулы ағаштан құраған арқаның қысқа мойынды әсем домбырасын жасатып алған. Біреулер Қуанның өзіне қараса, екіншілері оның домбырасына, тағы біреулері үстіндегі зерлеген, жалтылдаған сахналық киіміне де көздерін салып жатыр.

Қуан осы айтылғандай домбырада осыдан бес-алты сағат бұрын тізгін ұстап келген қолын илендіріп алайын деді ме, тез-тез әннің кіріспесін, қайырмасын қатты дауыспен ойнады да, бір кез басын көтеріп, кеудесін босатқандай шалқайыңқырап отырып алып, «Жан-

ботаны» бастап кетті. Қуанның айтатын «Жанботасының» халық арасында тараған бұл әннің түрінен көптеген айырмасы болатын. Бірінші тыңдаған кісіге «Жанботаға» тіпті ұсамайтын сияқты да көрініп қалатын. Ал кейбір халық әндерін білемін дегендер үшін «Жанботаны» бұзып отырғандай да болуы сөзсіз еді. Оның себебі Қуанның әншілік көзін ашқандағы «школасы», дәстүрі де өзгеше болатын.

«Жанботаның басындағы ешбір дайындықсыз бірден шырқап жоғары шыққан нотасы, басына таяқ тиген ел ардақтысы Біржансалдың жан ашуы, ар ашуы, зәбірдің шағымның ызалы үні еді. Жоғары ноталары басқа әншілерден де ащырақ болып келетін Қуанның орындау вариантында осы бір кезеңі тыңдаушылар алдына ардагер әншінің ауыр тағдырын көлденең тартқандай болды. Басында тыңдаушыны бір баулып алғансым, енді әншінің: «Кісісін бір болыстың біреу сабап» деген жеріндегі дауысын бір сәт баяулатып жүргізгені де айнала отырғандарды тырп еткізбеді. Ал, Біржан әдетіндегі дыбыс басқалдағы бойынша жоғары қарай сатырлата, жүгіре шығып барып, кенет тоқтап: «Сабап кетті-ау!» —дейтін жерінде Азнабайдың поштавайының әңгір таяғының үші көздеріне тиіп кететіндей, отырғандардың әрқайсысы да бір «el» деп қалды. Тағы да дыбыс өріне тездете өрмелеп шығып, «айтарымды-айтып болдым!» — дегендей, әннің аяғында еркелетіп, бірнеше рет дыбыстан өрім өргендей, кесте төккендей, оюлап, әшекейлеп, сызылтып, баяулап барып бітіргенде ғана залдағылар демін алғандай, поштавай, болыстардың үйлерін әнімен жыққан Біржанның мерейінің үстем болғанын тілеп отырғандардың, сол бір суретті домбыраның пернесі, қызылөңеш арқылы алыстағы Тарбағатайдың деңгейіне жеткізген өншіге рахметтерін іштей айтқандай болды. Өйткені Қуан «Жанботаның» екінші шумағын айтып бітіргенде халық дүрілдетіп бірден қол соғудың орнына өннің сөзіне, әуеніне, орындаушының шебер жеткізгеніне ұйып отырып қалыпты. Тек өнші басым изеп, домбырасының мойнын төмен түсіріп, тізесіне қойып, кішкене клубтың ыссылығынан төрін сүртуге қойнындағы орамалына қолын салғанда барып шапалақ жер-жерден дүрлігіп кетті.

Қуан өзінің жақсы көріп айтатын және аса терең мәңде орындайтын «Көліншек» өніне көшті. Өн өзінің мазмұнына қарай әйелдің орындауында болуы керек еді. Бірақ қазақта әдетке енген еркек-әйел бірінің өнін бірі айта береді. «Жонып алды» өні осы күнге шейін радиодан әйелдер айта береді. Тіпті соғыс кезінде Зәм-зәм деген өнші әйел Манарбектің «Паровозын» ыңқылдатып айтып бергенін өз құлағымызбен есіттік. Ал Қуан «Көліншекті» алдыңғы өңдей қатты айқайға салмай, мұның да басында жоғарғы ноталар болса да, ақырында дауыспен сыпайы түрде бастады, Бірақ өннің

драмалық жағы орнына келу, идеялық мазмұнын ашу үшін, сөзсіз, кей жерлерінде дауысты безеп алуға тура келді.

Келіншек менің атым Нүркүләнде,
Теңіне бара алмаған қыз арманда.
Ағайын ата-ананың көңлін қимай,
Сырымды паш қылмадым ешбір жанға,—

деп, қазақ қыздарының қандай ауыртпалық келсе де, ата-анасының, елінің абройын сақтаймын деп, не де болса құсасы ішінде кетіп бара жатқан правосыз қыздың немесе келіншек болып түсіп келіп отырған қыздың басындағы трагедиясын береді. Қуан бұл әнді байыбына келтіріп орындайды. Осы жолдардың авторы «Келіншек» әнін Қуанның дәрежесінде айтқан кісіні көрген жоқ. Өйткені өн өзінің құрылысы, дыбыстық көлемі, тесситурасы (дауысқа ыңғайлылығы) жақтарынан Қуанның дауыс түріне келіп қалған болу керек.

Айқай шыққансын, жолдан шаршап келгенін ұмытып кетіп, Алпақбаевич (біз оны денесінің ақтығына қарай солай атап кеткенбіз) ең қиын әннің бірі «Топай көке» кетті.

Көкшетау, Баянауыл жер науаты,
Елінен көктей гүлдеп шығады өмі.
Баурында Көкшетаудың көккө шығып,
Толғанып Жарылғаптың салған өні.
Жарылғап ескі әншінің маңызы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінгін ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан есіттім деп,
Баянға алып келіп жәйған еді,—

деген сөздері әннің кімнің аузынан шыққанын көрсетіп тұрды. Қуан болса, ол атақты әнші Қали Байжановтың шәкірті, Қали Жарылғаптың шәкірті болатын. Сондықтан Қуан бұл әнді айтқанда жәй қызмет бабын орындап тұрғандай болмай, өзі де әнмен бірге толғанып, көз алдына сонау алыста қалған Жарылғаптың әншілік дарыны елестейтін еді. Тыңдаушылар Арқаның ерке әндерін Тарбағатайға алып келіп, құлақ құрыштарын қандырған әншіні қатты құрметтеп, тіпті сахнадан жібергісі келмей қойды. Тек «Қуан тағы да дуэтте шығады» дегенсін ғана жіберді.

Көнцерттің соңында Қуан әнші Ғайни-Камал Баубековамен қосылып, кішкене өркестрдің сүйемелімен совет композиторларының жауды жеңуге, аттанысқа шақырған, халықтың отаншылдық рухын көтеретін бірнеше әндерді орындады. Жасының келгеніне қарамай нота сауатын ашып, көп дауысты ансамбльдерде де айтуға жүйрік болып

алған Қуан концерттің сіргежиярындағы «Серт», «Отан аттанысы» сияқты әндерде және грузинның халық әні «Суликода» үлкен ансамбльдық шеберлік көрсетті. Қуан концерттің қазығы, жүрегі болды. Ол қайда жүрсе де, қандай топты басқарса да халық алдында үнемі абройлы болатын.

Қуан Қарағанды облысы, Қу ауданы, І-і ауылда 1896 жылы туды. Әкесі Лекер ерте өлді. Шешесі Бәдіғұл төрт баламен қалды. Бірақ Лекердің өзіне өзі жететін күнкөргіштігінің арқасында Бәдіғұл айтарлықтай кем-кетіктік көрмей, балаларын асырап тұрды.

Қуан балаларының ішінде өнерге ыңғайлысы болып, жастайынан домбыраға, әнге үйір болды. Жасы он үшке келгенде Қуан өз қатарларының ішінде ала-бөле көзге түсетін өнерші бала болды. Ол өзінің күшті бала даусымен бір есіткен әнін қағып алып, безілдетіп, бұрынғысынан да жандандырып айтып береді екен. Сол кездің өзінде-ақ Қуан үлкендермен бірге ел қыдырып, жақсы әншілерді тыңдап, ерте аулынан шықты. Сол өредегі көптеген жақсы әншілердің орындауларын көзімен көрді, құлағымен есітті. Оның өзі Қуан үшін үлкен сабақ болды. Оқиғаның бұлай дамуына тағы бір себеп — Қуанның шешесі Бәдіғұл қатарынан асқан ақын, әнші домбырашы болды. Ауылдың ондай-мұндай әйелдің елтең-селтеңін түрлі нәрсеге жоритын сасық әдетіне, гүілдеген өсегіне Бәдіғұл мән берген жоқ. Ежелден қайратты, бір беткей адам, әкесінің оң жағымда отырғанда, қыз күнінде бір ауылды билеп, ерке болып, кейін келіншек болып түскенде өжет келіндердің бірі болды. Бәдіғұлдың бетіне ол арадағы Жарылғап (Қаракесектің бір бөлімі) болып ешкім қарай алмады. Кешкі тұрым кейде түрегеліп тұрып, домбыраны екі емшектің үстіне жатқызып қойып, сырнайдай сыңғырлаған әсем даусымен Бәдіғұл «Келіншекті» шырқатқанда ауылдың кәрі-жасы феодализмның әйелге бес намаздан басқаны қимайтынын ұмытып кетіп, «Ой сабазым-ай, үніңе болайын, тек әйел болып туған екенсің, әйтпесе мына Мырзашоқыны жәйлаған Қаракесекті етекке қуып тығатын қауқарың бар-ау!» — деп рахаттанып тұратын. Осы Бәдіғұлдың асқақ өнімен, кестедөй сөзімен, былпылдаған домбырасымен, бірбеткей, ер мінезімен, асқан адалдығымен ауызданған Қуан, жас басынан алған жолында табықты болды. Жас шағынан, емшек сүтімен аралас алған үлгі, үлкен көркем талғам оның болашағының жарқыраған күндөй нұрлы болуының бас қозғар күші болды деуге болады.

Қуан шешесімен қатар бала жасынан Қали Байжановтан өн үйренді. Қали жас Қуанның талабы бар екенін біліп оған өзінің шамасы келгенше репертуарын үйретіп, ер халық композиторының өнімің әр түрлі орындау өрекшеліктері бар екендігін көрсетіп те, айтып та бөріп жүрді. Сондықтан да Қуанның кең өн қорында неше алуан шеберлердің шығармалары болатын. Қуан Қалимен бірге ел аралап,

бәрнеше рет саңлақ әншілердің өнер жарысында болды. Есік жақта тыңдап отырып-ақ жас талапкер есіткенін, көргенін көңліне тоқып отыратын. Қуан тек ән, күй, өлең емес, ол өреде ат-түйемен бірдей бағаланатын қулық сөз, өткір мысқыл, ұлы қалжың, Шаншардың құларының неше алуан әңгімелерінің бәрін де қалт жібермей жаттап жүреді. Оның бәрі де кейінгі кездерде Қуанның аузына өзінің жолдастарының құлағына жететін. Осылай өмірі бір күңгейлік қалыпта, әкеден ерте айрылғанымен мейірімді шешесінің арқасында өнерге деп созған қолы қараға жетіп, күннен күнге шынығып келе жатқан Қуанның жасы жиырмаға тола бергенде Бәдіғұл қайтыс болды. Бұл кезде жігіт болып, анадан әзелде жасық тумаса, жетім қалдым деп айтуға ешбір тұрмыс заңына сыймайтын сияқты болғанымен, Қуан үшін оның шешесінің өлімі үлкен қайғы болды. Өйткені, Бәдіғұл тек ана емес, бір жағынан өмірде адал іс үшін қандай қиындыққа болса да қарсы тұруға үйреткен адам, екіншіден Қуанның өнер жолындағы табысының бас себепкері, тіпті ән, күй үйренудегі алғашқы өнер шымылдығын ашқан ұстазы еді. Әйел болғанмен еркек орнында ешкімге үлесін, есесін, сөзін, теңдігін жібермейтін қайратты ел қызы еді.

Осы оқиғадан екі жыл өткенсін, 1918 жылы Қуан үйленіп, үй шаруасын да өзінің қолына алады. Тек әнімен емес, өзінің бастан халыққа сүйкімді мінезімен, табанды, алған ісін аяқтамай қоймайтын қажырлығымен Қуан елге қадірлі болды. Міне, оның осындай адамшылық қасиетін сезген, совет үкіметі жаңа құрылып жатқан кезде ұлы істің басында отырған уез, губерниялық мекеме қызметкерлері Қуанды совет жұмысына араластырады. Ол Партия мен Үкіметтің ауылда қандай жаңа шаралар туралы қаулысы болса, соның ісіне үнемі араласты. Жиырманшы жылдардың ортасынан ауа бергендегі «Қосшы одағын» құру, егіндік, шабындық жерлерді қайта бөлу, одан кейін болған ірі байлардың мал-мүлкін конфискациялау сияқты шаралардың бәрінде де Қуан алдыңғы қатарда жүреді. Ол жиырманшы жылдардың басындағы әр жерде қарақшыланып жүрген бандылармен күресуде де қолынан келгенінше тиісті орындарға жәрдем береді.

1929—30 жылдары Қуан Ф. Энгельс атындағы колхозда бастық болып істейді. Ал бері келе (отызыншы жылдың аяқ кезінде) ауылдық совет председателі болады. Қай жұмыста болса да Қуан өзіне тапсырылған міндеттерді адал орындап отырады. Қуанның беделі елде күннен күнге жоғарылайды. Ол сол жүргеннің өзінде жаны сүйетін ән өнерін бір мезет те қалдырмай, мемлекет жұмысымен барған жерінде тиісті қызметі біткенсін отырған жұрт алдында өзінің әдемі әндерін орындап, совет үкіметінің саясатын іс жүзінде орындай жүре, көркем өнерді де уағыздай, жая жүреді. Қуанның істе

қатты, ал өнер ортасында қарапайым екендігі халықты тағы сүйсіндіреді. Көйбіреулер тіпті Қуанның болашағын совет жұмысының ауылдық, одан әрі уездік, губерниялық қайраткері ролінде болжайды.

Осы кезде Қуанды Алматыға шақыртқан қағаз келеді. Бұл күтпеген жағдай болады. Қуан болса бұл сияқты астана құрметіне қатты риза болып, игі жолға дайындалады. Бұл сол 1930 жылдың аяғы еді.

Қуан Алматының радиокомитетінде әнші болып қызметке орналасты. Ауылда әнді белгілі қызмет деп қарап, оған деген штат, еңбекақы болмай, сондықтан шаруаны, қызметін тастап совет орындарында біржолата сүйікті өнерін қуу мүмкіншілігін ала алмаған адам үшін мына жағдай көңліне қона кетеді. Мұнда келісімен Қуан репертуарын көбейтіп, музыкалық сауатын ашып, профессионалдық дәрежедегі өнер қайраткерлерінің сапына қосылу әрекетін жасайды. Бір жағынан қазақтың драма театрына кіріп, онда М. Ауезовтің «Еңлік — Кебек» пьесасында Жапалдың ролін атқарады. 1934 жылдың басына Музыка театры ашылғанда «Айман — Шолпан» пьесасында Қуан ақынның ролін атқарады. Бірақ өзінің негізгі жұмысы радиода қазақтың халық әндерін, совет композиторларының әндерін (аударма арқылы) біріндеген сол кездерде көріне бастаған Қазақстан композиторларының шығармаларын үйреніп айтады. Қуанның репертуары шынында да тіпті көп болады. (Оның жеке архивында сақталып тұрғанының өзі бірнеше жүз десе болады.)

Радио сияқты миллиондаған тыңдаушымен қағазсыз сөйлесіп отыратын байланыстың жаңа түрі арқылы республика еңбекшілеріне қазақ совет өнерінің, оның ішінде музыка өнерінің жетістіктерін кең түрде жайғаны үшін Қазақстан үкіметі 1939 жылы Қуанға республиканың еңбегі сіңген артисі деген құрметті атақ берді. Қуан ол атаққа дандайсымай, одан кейін өзінің орындау шеберлігін, музыка сауатынан шынығу талабын күшейте түсті. Ол анда-санда радиокомитет ұйымдастырып тұратын ашық концерттерінде шыққанында халық аса үлкен құрметпен қарсы алатын.

1940 жылы тиісті орындардың меңзеуі бойынша Қуан Жамбыл атындағы қазақтың мемлекеттік филармониясына ауысты. Онда жеке өнші болып қызмет істеді. Филармонияның өз сахнасында шығумен қатар Қуан оның түрлі концерттік шағын бригадалары арқылы республиканың еңбекшілеріне өнер көрсетуде үлкен еңбек сіңірді. Қуан қатысқан бригада әр уақытта үлкен творчестволық табыста қайтатын болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қуан тылдағы елдің арасында өнер көрсетіп, жаз, қыс демей жігерлі жұмыс істеді. Осы өңгіменің басындағы Қуанның қатысуымен болған бір концерттің суреті ол кездердегі Қуанның істеген ісінің жүзден бір бөлегі ғана. Қуан қала-

ларды, өндірістерді аралап, республика көлемінде ғана қалып қоймай, біздің ұлан-байтақ отанымыздың сонау Қиыр-Шығыс сияқты алыста жатқан жерлеріне де барып, қала, дала еңбекшілерінің, жауынгерлердің арасында көптеген концерттер беріп қайтты. Советтің шығыс шықарасында тұрған біздің даңқты қарулы күшіміздің бөлімдерінен көптеген алғыстар алып келді. 1942 және 1944 жылдар арасында Қуан концерт бригадасымен Батыс майданы және Прибалтика майданына барып қайтты. Онда да жауынгерлерден үлкен алғыс, сый-құрметке бөленді. Қуанның халық музыкасына негізделген ондаған шұрайлы әндері, совет композиторларының отаншылдыққа шақыратын жақсы-жақсы шығармаларынан құралған репертуарын тындаушылар айтарлықтай жылылықпен қарсы алды.

Қуан соғыстан кейін бейбітшілік қалыпта еңбек істеп жатқан халық арасында рухани азықтың бірі музыканы үгіттеуде тынымсыз қызмет етті. Қырқыншы жылдардың аяғындағы өзінің денсаулығының нашарлағанына да қарамастан ол қатарынан қалмай, бұрынғысынша адал қызметін атқара берді. Бірақ сол денсаулығы төмендей келіп, оны төсекке жатқызды. Ұзақ аурудан кейін 1955 жылдың май айының 23 күні Қуан қайтыс болды.

Қуанның дауысы сол таза, күшті күйімен кетті. Ешуақытта тотыққан жоқ. Оның күшті драмалық тенор дауысы тонфильмге, магнитофонға жазылып қалды. Ол концерттік әншінің жолын ғана қумай сахнада жүрсе күшті дауысты керек ететін не бір үлкен рольдерді ойнаған болар еді. Қуан жеке домбыраға қосылып та, фортепианоның сүйемелімен де, оркестрге, хорға қосылып жеке әнші ретінде әндер орындайтын. Жоғарыда баяндалғандай, өзінің күшті музыкалық қабілетінің ерекше есіте алатынының арқасында дуэт, квартет сияқты дауыс ансамбльдерінде де айтып жүрді. Қуан кейбір «менің дауысым халық аспаптары оркестрімен қосылмайды» дейтін надан әншілердей мәңгінің кебін соғып тұрмай, сол радиода жүрген кезінде де, одан кейін де орыстың және қазақтың халық аспаптарынан құралған оркестрімен қосылып ән салып жүрді. Халық оның мұндай көркем коллективтермен қосылып шығуың қыза қабыл алатын. Осылай домбырамен де, рояльмен де, оркестрмен де, хормен де қосылып айтқанын Қуанның репертуары басқа әншілерге қарағанда өте жан-жақты болды.

Қуан 1934—35 жылдарда өзінің музыкалық білімін көтеру үшін, халықтың аспапты музыкасымен жақын танысу үшін біраз уақыт Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінде қызмет істеді. Ол сол азғантай мерзімнің ішінде оркестр мүшелеріне өзінің үлкен еңбеккер екендігін танытты. Шаршамай, талмай, өзінің радиодағы негізгі қызметін жүргізе отыра оркестрдің репертуарынан көптеген күйді меңгерді. Өмірбойы тек әнді қуып, күй тартуды кәсіп етпеген


адамға қапелімде күй теңізіне еніп, оның сан түрлі орындау әдістерін меңгеру оңайға соқпайды. Біріншіден, әр істе де тәртіп керегі белгілі, Қуан оркестр мүшелерінің көзінде өзінің тәртіпті қатты сақтайтындығын көрсетті. Өйткені көркем коллективтің жұмысының жемісті болуының елу проценттен де жоғарысы тәртіппен байланысты. «Артист деген — еркін халық» деп даурығып, бос уақытын өмірдің ұсақ-түйек, баянсыз жақтарына сарп етіп жүретін, өнер қайраткерінің басты жауапкерлігі — жаңа адамды тәрбиелеуде партияның саясатын орындаушының бірі екенін түсініп жетпеген адамдарды тәрбиелеушілердің бірі. Қуан болды. Ол сауаты ашық, саяси жайлардың бәрін біліп отыратын, газет, журналдарды оқып отыратын, заман деңінен кейін қалмайтын адам еді.

Қуан әнінің, күйінің үстіне үлкен әңгімеші, есіткені-білгені көп адам еді. Ол сонау күндерде, «Кіптан», «Потап» жерменкелерінде болып, Қали, Нағайыбыл, Исәйым, Ғаббас сияқты әншілерді көріп, солардың көптеген әншілік адамшылық үлгілерін алған. Өзі адал көңілді, ақ пейіл, турашыл болатын. Сондықтан көркемөнер мекемелерінің кейбір қабілетінен көрі мөріне сеніңкірейтің басшыларымен, тәртіп бұзушы коллектив мүшелерімен келісе алмай қалатын. Ал, жалпы коллектив алдында Қуанның қадірі аса жоғары болатын.

Қуан — халықтық ән қазынасын бойыма жиған үлкен қайраткер, жаңалықты жаны жақсы көретін ілгеріге қараған озат пікірлі азамат, ең алдымен өзіміздің заман ерлерін, істерін дәріптейтін шығармаларды бірінші планда орындайтын сезімді суреткер, өсіп келе жатқан өнерші жастарға жақсы үлгі болатын.



МАНАРБЕК



1936 жыл. Майдың 17 күні Үлкен театрда Қазақ өнерінің онкүндігі ашылып, саханада «Қыз Жібек» операсы жүріп жатқан.

Алдыңғы орындардың бірінде менімен қатар советтік музыкатану ғылымының алыбының бірі, академик Б. В. Асафьев отырды. Ол аса бір назармен спектакльді қарап отыр. Қасындағыларға үн қатпайды. Қазақ халқының өнерін, оның ішінде «Қыз Жібек» сияқты лиро-эпостың шынайы үлгісі бойынша жазылған музыкалы пьесаны бірінші рет көріп отырған болу керек. Құлағы өткір адам, қазақтың не бір семіз-семіз әндерін таңдап қаластырған мозаикалық музыка суретін, бір нотасын қалт жібермей қарап-тыңдап отыр.

Бір кезде сахнаға Төлеген мен Шеге келіп, мырзасының нұсқауы бойынша Шеге-Манарбек Төлегеннің кім екенін түсіндіріп, байлығын мақтап, басында ұзақ айқаймен термелетіп жөнелгенде, Б. Асафьев отырып:

— Мына бір әнші қазақтың кең даласын Москваның сахнасына алып келді-ау! — деді де, жалғас отырған музыка сыншысы, ол кезде «Комсомольская Правда» газетінде қызмет істейтін Виктор Городинскийге қарады. О да тап осыны айтағанымен шамасы сондай пікірде отырған болу керек, дұрыс дегендей басын изеді. Антракта ол екеуі менен Манарбектің қандай музыка мектебінде оқығаны туралы сұрап, мен ол ешбір мектеп көрген жоқ, музыка жөнінде талапкерліктен басқа білім бағажы жоқ екенін айтқанымда, олар сенерін де, сенбесін де білмей, біраз таңданғандықтарын білдірді. Әсіресе Манарбектің осыдан 15—20 жыл бұрын қойшы ғана болғандығын есіткенде, совет шындығында болатын кереметтердің бірі осы екен дегендей, екеуі де үнсіз бас изеу арқылы «түсіндік» деген-

дей болды. Шынында да Манарбек үшін бұл күнгі оның басынан өтіп тұрған оқиға бұрынғы заман болғанда өңі түгіл түсіне де енбейтін нәрсе еді. Бірақ еркіндік тұрмысқа ие болған елде қойшы демей, малшы демей, жұмысшы демей, шаруа демей — қай-қайсысының болса да рухани қабілетін дамытатын, адам таңқаларлық дәрежеге көтеретін алып күштің бәрлығы — Манарбекті де бүгін осындай, орыс, европа сахналарының талай «жұлдыздарын» тыңдап көрген Асафьев, Городинский сияқты адамдарды таңқалдырды, публика болса, ол артистерінің қай-қасысына болса да үнемі дүрілдеген қол соғумен қарсы алып отырды.

Манарбек Қарағанды облысының Қоңырат ауданында 1901 жылы туды. Әкесі Ержан кедей адам болды. Оның үстіне Манарбектің әке-шешесі ерте өліп, ол жастай жетімдік көрді. Сондықтан ол жасынан өзінің еңбегімен күн көрді. Балқаш көлінің Қоңырат жақ бетіне шығып, сонда балық аулап, байлардың малын бағып, оның ара-арасында үй салу жұмысымен де шұғылданып, өйтеуір тамақ асырау жолында түрлі-түрлі кәсіптер істеді. Бірақ қанша ықласын салып байдың жұмысын өзінше адал атқарғанымен белгілі зорлық Манарбектің де соңынан қалмады. Темірбек деген бай Манарбектің басына таяқпен ұрып, өмірбойына таңба салды. Тек жас дене қорғасындай балқыған сүйек, кішкентайынан көресінің бәрін көріп шыныққан тұлабой — Манарбектің өлімнен қалуына себеп болды.

Манарбек жас басынан домбыраға, әнге үйір болады. Өз бетімен болса да домбыра тартуда тез арада қолы-қолына жұқпай ауыл адамдарының көзіне өнерші бала болады. Дауысы да әуелден әдемі, бір ерекше сарын бар сияқты еді. Оның талабына сол жердегі Күсенбай деген кісі Манарбекке күй үйретеді. Жас баладан бір нәрсе шығатынын сөзеді. Қанша айтқанмен белгілі шеберден күнбе-күн үйрену өзінің жақсы нәтижесін береді. Жоғарыда айтылғандай жастайынан басына киілген қойшылық қамыт, қорлық, зәбір, байдың ойнатқан өңгір таяғы осы бір қолға домбыра тиген сәтті Манарбектің ойынан шығып, біраз уақыт өнердің әсерімен өзін өзі ұмытып кететін болады. Күсенбайдан үйренген күйлермен қатар Манарбек өнді де қуып, жасы он беске тамаң келгенде ол араның белгілі өміші жасы болып ауызға ілінеді.

Осылай бір жағынан мал бағып тамағын асырап, екіншіден өнерін қуып Манарбек жиырма шақты жыл өткізеді. Совет үкіметінің бірінші жылдарында ол қойшының таяғын біржолата тастап, ел аралап, домбыра тартып, өн салып, өнерді көсіп өтеді. Балқаштың мұзы ерімей тұрып көлдің оңтүстігіне өтіп, қалың Үйсінді аралайды. Бір ауылға қонып, екінші ауылға түстеніп деген сияқты өнерін өрі жая, өрі дамыта береді.

Манарбек жас кезінде аз уақыт балалар үйінің де өсігін ашады.



Манарбек Ержанов

Онда болған аз уақытында шала да болса хат танып, сауатты өз бетімен біраз кеңейтеді. Ақындардың өлеңдерін жаттауға, айтатын әндерінің сөздерін қағазға түсіруге оның бәрінің де жәрдемі болады. Бірақ Манарбек балалар үйінде көп болмай, далада, еркіндікте өсіп қалған адам, елге шығып, өнер жолына түседі. Жиырманшы жылдардың ортасында Манарбек Алматы айналасына келіп, жаңадан мұнда орталықтың келетінін, одан да бұрын қазақтың бірінші театрының келетінін есітеді. Ол өзінің сүйген әнін, күйін өрбітіп, алдағы болатын қызметіне дайындық жүргізу сияқты талапта болады.

1928 жылы Алматыға қазақтың тұңғыш драма театры келгенде Манарбек қатты қуанады. Өзінің өмірбойы аңсаған арманына енді жететіндей болғанын, ол арманның қарасы елеңдеп көріне бастағанын сезгендей болады. Театрға келіп, онда түсу ойы барың айтады. Театрдың басшылары Манарбекті тыңдап көріп, оның әдемі дауысына, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан артистік қабілетінің барлығына қызығады. Манарбекті театрдың артистері қатарына алады. Осы күннен бастап Манар дариядай шалқып, судай тасып, еңсесін көтеріп, жаңа бір жігерге мінеді. Күн-түн демей Қалибек, Құрманбек, Елубай, Серже сияқты талант иелерінен сахналық шеберлікті үйренеді. Қазақтың бірінші режиссері, сауатты музыканты Жұмат Шанин (ол нотаны жақсы меңгерген кісі болатын) Манарбектің сахналық шеберлік жағынан да, әншілік жағынан да қабілеті бірдей екенін бірінші күннен бастап сезіп, осы екі қасиетін де байыту, дамыту бағытында басшылық етеді. Оның үстіне Манарбек атышулы Әміре әншіні көреді. Әміренің бай репертуарынан: «Ардақ», «Ағашаяқ», «Ісмет», «Келіншек», «Топай көк», «Жанбота», «Толыбай», «Қорлан» және басқа әндерін үйренеді.

Алғашқы кездерде Манарбек театрдың ұйымдастырып тұратын концерттерінде шығады. Халық Манарбекті аса жақсы қарсы алады. Оның ашық үні, музыкалық жақсы талғамы, ән салғанда басқаларда жоқ бір сахраның ерекше үніндей сарымы бірден оның болашағының зор екенін байқатады. Манарбектің сахналық қабілетін дамыту үшін осы кездерде оны жеңіл-жеңіл рольдерге жібереді. Манарбек ол өмтиханнан да мүдірмей өтеді. Сөйтіп Манарбек әнші де, артист те екендігін танытады. Театрдың белді адамының бірі болып орналасады.

Жасынан қолжұмысын істеп, ауылшаруашылық, жұмысшылық кәсіпте болған Манарбек, аздан кейін сондай бір ортаға тағы барғысы келеді. Сол жоспар бойынша ол 1931 жылы Риддердің (Лениногорск) жұмысшылар театрына барып кіреді. Онда екі жылдай қызмет істеп, өзінің Алматыдан алған тәжірибесін үйретіп, театрды біраз көтеріп тастайды. Бай өн, күй репертуарымен бөліседі. Қысқасы совет өнершілеріне төн үлкен қолқабыс өтіп тастайды. Лени-

ногорск жұмысшылар театрында Манарбектің болған уақыты ол коллектив үшін үлкен бір творчестволық өсу кезеңі болып есте қалады. Әсіресе театрдың Манарбек қатысқан концерттері үнемі лық толы тыңдаушылар болып өтеді. Жұмысшылар қаласының тұрғындарының аузында Манарбектің аңыратып салған әндері аңыз болып қалады.

1933 жылы Манарбек Алматыға қайтып келеді. Театрдың составында өзінің белгілі міндеттерін атқаруға кіріседі. Көп ұзамай Манарбектің творчестволық өмірінде тағы бір жаңалық болады. Ол — сол жылдың күзіне қарай «Музыкалық студияның» ашылуы болады. Оған негізінде драма театрының дауысы бар артистерінен, біріндеп басқа мекемелерден, басқа қалалардан кісілер шақырылады. Сол топтың қақ ортасында Манарбек болады. Бір жағынан театрда өзінің тиісті рольдерін атқара жүріп, бір жағынан студияда дайындық жұмыста болады. 1934 жылдың басында Музыка театры ашылғанда Манарбек соның негізгі артисінің бірі болып, «Айман—Шолпанда» бастап (алғашқыда Елубай Әмірзақовтың дублері болып) Жарастың ролін ойнайды. Елубайдың ойынында комедиялық жағы басым болса, Манарбектің ойынында тағдырлары бір қыздың да, кедейдің де правосы жоқ деген, мұңдастық, мақсаттастықтың түйіні бірінші планда көрінеді. Әрине, бірінші спектакльдерде Елубай сияқты сахналық тәжірибесі мол, дарынды артистің көптеген, «қарусыз көзге» елене бермейтін кейбір кезеңдері Манарбекте жетпей жатты. Бірақ пьесадан пьесаға өте, жылдан жыл аралай Манарбек сахна тілін әбден меңгеріп алды.

Манарбек сол Жарастан бастап, «Қыз Жібекте» — Шеге, «Жалбырда» — Елемес, «Ер Тарғында» — Сақан, «Абайда» — Әзім, «Біржан — Сарада» — Естай, тағы сол сияқты басқа операларда көптеген сахналық образдар жасады. Манарбек ойнаған қандай образ болса да, онда біріншіден үлкен музыкалық терең мән, үлкен идеялық астар, жарқын бейне, нанымды көрініс, ал қазақ операларында халықтық рух анық көрініп тұрады. Манарбек өзінің әсем бояулы дауысы арқылы, сахналық айта қалғандай қабілеті арқылы әр кезде бас-аяғы тұжырымды, мүшелерінің бәрі де орнында болып келетін бір тұтас мүсін жасайтын. Оның бәрі де сахнаның сырларын мектептен оқып емес — ондай бақыттан Манарбек кештеу соғып қалған — өзінің таланты және үзбестен сол маңайда қызмет істеуі, ізденуі арқылы, совет сахнасының озат әдісі социалистік реализмді, кітаптан оқып, сарғайып меңгермесе де, сахнада ойнай жүріп, түрлі характерлі рольдерді атқара жүріп, түрлі профильді образдарды жасай жүріп барып меңгеруден болады. Манарбек сахнада көбіне теңдікті не еңбегімен, не ебімен, не өнерімен алатын жағымды образдарда шықты. Ол өзіне жүктелген қандай көркем сахналық тапсырма болса да, үлкен аброймен орындап шықты.

Соңғы жылдарда Манарбек Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясына барып, онда өзі бастаған ансамбльмен республиканың, кейде одан сырт елдердің еңбекшілері алдында өзінің өнерін көрсетті. Қайда барса да Манарбектің ансамблінің творчестволық жеңісі үлкен болды. Тәжірибесі мол, піскен әнші, сахнаның белгілі шебері — Манарбектің жүрген жері, ескіше айтсақ, «айт пен той» болды дей аламыз.

Манарбек тек орындаушы емес, ол композитор. Қазақстанда бірінші рет Композиторлар Одағының Ұйымдастыру Комитеті 1939 жылы құрылғанда Манарбек сол комитеттің 5 мүшесінің бірі болатын. Ол сонау Лениногорскіге барғанда жұмысшыларға арнап шығарған өзінің «Жарыс» атты әнінен бастап, содан бері қарай үнемі ән шығару үстінде. Манарбектің бүкіл халыққа белгілі «Паровозынан», кейін басқа кісі жазған фортепианолық сүйемелін қойып, жеке домбыраның өзінде авторлық аккомпанементпен орындағанның өзінде де, әннің атына сәйкес музыка есітесін. Әннің ырғағында бір тынымсыз жүріс, жүріс болғанда аттың текірегі емес, құстың қанатының қағылғаны да емес, поездың доңғалағының ырғағы — айналуы көз алдыға елестейді. Манарбектің «Қойшының әні» деген шығармасында да үлкен шындық жатыр. Ол көркем шындық өмір шындығымен астарласып, дүниеге қомақты бір туынды келтірген. Қой бағудың кодексінің сан статьяларын білетін Манарбек, бұл арада әнінің қай дыбысы болса да мағнасыз бермеген. Бірақ Манарбек қой баққан кездегі, Кенен қой соңында сарылып жүргендегі дәуірдің ән әуені мұнда естілмейді. Бұл — совет қойшысы, мал өсірудегі ардақты адамның қасиеттерін беретін үн. Бұл — тағдырға налу емес, үлкен, ардақты міндетті аброймен орындап жүрген адамның рахаттанған жанының сәулесін көрсететін музыка.

«Қазақстанның бұлбұлы» — Күләш жақсы көріп орындаған Манарбектің «Қуанамын» деген әні де біздің өмірдің образын, біздің замандастарымыздың көңіл шабытын беретін, өмір қызығының артта емес, үнемі алда екенін уағыздайтын шығарма деп қарау керек. Мұның тағы бір ерекшелігі — өзі жақсы орындаушы, әннің күнгеі мен көлеңкесін, мәңгі қары ерімейтін «төріс бауырайын», не бір аңғары мен асуың жақсы білетін Манарбек, консерваторияда композиторлықтың заңдарын оқымаса да, өйелдің ащы дауыстылары айтқанда сөзден отыратын стаккатоларды берген. Ол әннің көркемдігін көтеріп тұр.

Манарбек соғыс кезінде совет халқын жауды жеңуге шақыратын, жауға деген ыза, кекті арттыратын жарқын шығармалар берді. Олардың ішінде «Отан үшін», «Партизан жыры» сияқтыларын айтуға болады. Ал жау жеңіліп, совет халқы бейбіт еңбекке жаппай көшкен кезде Манарбек: «Алтын өлке», «Қазақстан», «Бейбітшілік

жыры», «Сайра бұлбұл» сияқты халықтың бейбіт еңбегін қорғауда жержүзінде бейбітшілік орнатуда әлемде бірінші болып даусын көтерген совет елінің алған саясатын мадақтап өн шығарды. Манарбектің бұл әндері осы кезде халық әндеріне айналып, профессионал өншінің де, талапкерлердің репертуарына да өніп кетті.

Басқа өзінің тұстастарының, замандастарының бәрінде бірдей кездесе бермейтін Манарбектің тағы бір творчестволық қасиеті — ол әндермен қатар күйлер де шығарды. Өзі жақсы домбырашы, Манарбек күйлерінде идеялық-көркемдік мазмұнмен қатар оның техникалық жетістік жағына да қарайды. Манарбек күйлері сарнау, тоқырау мотивтерінен аулақ, өмірді, оның неше алуан жақсылық жақтарын суреттейді. Манарбектің: «Орталық», «Өрнек», «Жорға», «Би», «Жетісу», «Жеңген солдат», «Шалқар көл», «Аққу» сияқты күйлері бірінен бірі асып жатқан үлкен көркем қазына, оркестрге, операларға, балеттерге «мені түсір» деп сұрап тұрған, үлкен формалар ішінде жаңа сапамен сахнаға шығуды өңсап тұрған шығармалар.

Манарбектің осы баяндалғандай совет өнеріне сіңірген үлкен, ардақты еңбектерін еске алып, Қазақстан үкіметі оған 1936 жылы республиканың еңбегі сіңген артисі, бір жылдан кейін халық артисі деген құрметті өнер атағын берді.

Манарбектің жоғарыда саналған шығармалары бұл күнде қағазға түсіп, белгілі ғылыми мекемелерде жиналып, баспаға дайындалып жатыр. Манарбек әлі де творчестволық қуат үстінде, өзінің заңды демалысында болса да, ол кейде халықты аралап, өнерін жиюды жақсы көреді, әлі де музыкалық жаңа туындылар беріп отырады.



ҒАРИФОЛЛА



1950 жыл. Ноябрь айының ортасы.
Қытай Халық Республикасының
Тұрфан қаласы. Бір қызығы,
бұл қала теңіз бетінен 200

метрдей төмен екен. Сондықтан онда ешуақытта қыс болмайды, үйлерінде пеш жоқ. Қылтанақ жоқ тақыр, тасты таумен жүріп отырып келіп, бірден үлкен, бірнеше шаршы километрдей қазан шұңқырға түсесін. Міне сол бір төмендікте «қысы-жазы» үнемі көкжасыл ағаш, шөпке бөленіп Тұрфан қаласы тұр. Советтер Одағынан келген өнер қайраткерлерінің тобын Тұрфандықтар 20 километр жерден қарсы алды. Қытайдың бұрынғы қала салу дәстүрлеріне тән ылғи шикі кірпіштен соққан биік-биік дуалдар, тұрғын үйлерінің негізі бірқатардан салынған. Біз барар алдында ғана салынып біткен үлкен клубы бар екен, сол клубтың шымылдығын ашуға біз тура келіппіз. Тұрфандықтар қатты қуанысып, клубтың сыю шамасынан екі есе адам болып, аса тығыздықта концерт бастадық. Мұнда келген Қазақстанның 45 кісіден құралған концерт тобы болатын — Құрманғазы атындағы оркестрден шағындалған группа, өншілер, бишілер, көркемсөз шеберлері.

Клубтың ішкі стенасы бойына салынған балконда ылғи әйелдер, ал партерде тек еркектер отырды. Бұл сияқты жасанды түрде еркек-әйелді айырым отырғызу советтік адамдардың көзіне бір түрлі оғаш болып көрінді. Бірақ қонақтың аты қонақ, ол өзінің жұмысын білу керек, біз концерт бастап, екі жақтан кеш алдында сөздер сөйленіп, ұлы совет өлінің бостандыққа қолын созған елге әр кезде де демеу өкөндігі айтылды.

Концерттің екінші бөлімінде республиканың халық артисі Ғарифолла Құрманғалиев сахнаға шығады деп жариялағанда залдағылар



Ғарифолла Құрманғалиев.

ду қол шапалақтап, үлкен жылылықпен қарсы алды. Бірақ жаңағы балконда отырған әйелдер баста партердегі еркектерге қарап, ұлықсат сұрағандай кідіріп қалып барып, артын ала қол соғып кетті. Халықтың негізі ұйғырлар екен. Ғарифолла Мұхиттың «Үлкен айдайынан» бастап, әдеттегісіндей жоғары нотаны шырқыратып көтеріп, домбырасының басын ырғап қойып, кейбір ұзын ноталарда екі жағын қозғап, аузында шайнап отырған сағызы бар адамдай қайзаңдап қояды. Ол Жетісу ақындарының жыр төгер алдында құлақтарын бұрайтыны болғаны сияқты Мұхит әндерін орындағанда кездесетін жәйлар болатын. Біраз айқайға басып ащы терін шығарып алғансын Ғарифолла біркелкі, дауысқа аса күш түсірмейтін, құлаққа жеңіл, еркелегендеу «Ақ Айша» сияқты әндерге көшті. Халық аса жақсы қарсы алып, тіпті әннің аяқталуын күтпей, кейде ән кеудесін бітіріп қайырмаға көшіп болмай да қол ұрып жібергендер болды. Екі-үш әннен кейін басын изеп, рахметін айтып, сахна артынан жол тартқан Ғарифолланы қайта шақырған дуыл секунд санап үдей берді. Сахнаға жылдам басып шықты да Ғарифолла конференсьеге бірдеме деп, стулына жайласып отырып, асбабының құлақ күйін тексере бастады. Конференсье «Он алты қыз» деп жариялағанда оның сөзінің аяғын есіттірмей қолсоғу тағы ду ете түсті. Ғарифолла жынына жаңа мінгендей, күлім қағып, қасын керіп, әннің кей жерінде көзін ежірейтіп, «Он алты қызды» қыздыра бастады. Қайырмасындағы қыздардың атын санағанда баяғы балконға қарап, сонда оның атаған қыз-келіншектері отырғандай кейбіреулеріне тікелеп қарап, басын изеп, өздері үркердей болып, дүниеден бөлініп отырған әйелдерді еріксіз қозғады. Олар шынында да бізді танып отыр ма дегендей, біреулері орамалдарының үшімен беттерін жауып, көздерін тайдырып, ұялып қалды. Оны көріп ойындағысы болғандай Ғарифолла әннің екінші куплетінде тіпті балконды ерсілі-қарсылы сүзіп, аралап, әрқайсысына бір қадалып қарап, басын изеп, көзін қысып, әбден «мазаларын алды». Кейбір партерде отырған еркектер жоғары қарай мойындарын созып, әйелдеріне қарап, Ғарифолланың қалжың оғы дарымады ма екен дегендей, өздеріне жақын адамдарын түгелдеп тө қойды.

Ғарифолла «енді болған шығармын» дегендей тағы да бірнеше рет басын иіп, сахна артына кетіп еді, халық тіпті арқасы қозып, залды сатырлатып, конференсьеге ауыз ашуға мұрша бермеді. Амалы жоқ, Ғарифолла тағы шығып, өнді өзінің жорға мінгендей тымақты алшы киетін «төл аты» — «Төрмеге» басты. Мұнда Ғарифолланың аузы өнде, саусақтары домбырада, ал көзі баяғы балкон деңінен төмен түспей, сол жаққа қарап біресе бадырайып, біресе өжірейіп, біресе күлімдеп, біресе қағылып өсі-дерті әйелдер тобы болды. «Оның қалай?» — деп кейін сұрағанымызда, ол әйелдердің

бөлек отырғанына өзінше «саяси наразылық» көрсеткендегісі екен де, екіншіден, оның наразылығының аяғы төменде партерде отырған еркектердің көзінше ол әйелдерді көтеріп, дәріптеу екен.

Бұл бір суретті беріп отырғанымыз, Ғарифолла қайда, қандай елде, қай жерде шықса да, оның көркемдік табысы әр кезде де аса жоғары болады. Ол дауысы шалқып жатқан кең дариядай айта қалғандай әнші. Термелеп, желдірмелетіп кетсе алдына қара салмайтын жыршы. Ол халықтың мол ән байлығын, орындаушылық дәстүрін жете меңгерген халықтан шыққан шығанда бір кездесетін суреткер. Ол халық әндерін, термелерін, желдірмелерін бабына келтіріп орындаумен қатар операда образ галлерейасын жасаған сахнаның да шебері. Ол тек республиканың бір өлкесінің әндік, орындаушылық дәстүрін ғана қуып қоймай, оның әр бұрышының музыкалық ерекшеліктерін үйреніп баурап алған үлкен еңбек иесі адам. Ол орындаушылығымен қатар халыққа эстетикалық тәрбие беруде өзінің білгенін көп алдына аямай салып отыратын қоғамдық қайраткер.

Ғарифолла Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Ақкөл деген жерде 1909 жылы туды. Әкесі Құрманғали кедей шаруа болған адам. Басқа айта қалғандай өнері болмаған Ғарифолла 4 жасқа келгенде әкесі қайтыс болған, ал онға жетер-жетпесте шешесі өледі. Сонымен кішкене Ғарифолла әкесімен бірге туған Ғұбайдұлла, Хамидұлла деген кісілердің қолында өскен. Он жасынан бастап Ғарифолла домбыра тартып, ән салады. Ол өреде Мұхит және одан тараған үлкен әншілік дәстүрінің салқыны Ғарифолланың болашақ музыка қайраткері болуына лебін тигізеді. Буыны қатып, жігіт жасына келе Ғарифолла сол айтылған Мұхиттың жолын қуған адамдармен жақындайды. Ол кезде Ғұбайдұлла, Хамидұллалар Ақкөлдің құмын қыстап, жазда Шұбар құдық, Құмсай, Сарыалжынды араларында көшіп жүретін. Сондықтан бұрынғы қазақтың, жершалғайымен есептегенде Мұхит балалары, айналасы көшіп жүретін Жымпиты маңы алыс болмай, Ғарифолла Шынтас, Шайқымен кездесіп тұратын болады. Бұл екеуі Мұхиттың ән репертуарын да, орындаушылық әдісін де қаз қалпында алып қалған, кейбір жайларда Мұхиттан кем түспейтін музыка қайраткерлері болды. Ғарифолла енді Шынтас пен Шайқыға ән жағынан шәкірт болып, олардың қасына еріп ел аралады. Өзі әнге, домбыраға зирек және аз да болса жасында қазақша сауаты ашылған Ғарифоллаға, оның үстіне келіп жаратылыс берген шалқыған кең дауыспен айтарлықтай қабілет қосылғансын, ол көп ұзамай-ақ белгілі әншілер «тізіміне» енеді. Бір жағынан өздері дем алу үшін, екіншіден үйрене берсін деп, айт-тойда, базар-жиында Шынтас, Шайқы әнді көбіне Ғарифоллаға айтқызады. Домбырада сүйемел жүргізуді жақсы меңгерген, еркін түрде қалай созса да жете беретін, ырыққа көне беретін дауысының арқасында Ғарифолла біраздан кейін ауыларасы-

ның шеңберінен шығып, атағы басқа көршілес өрелерге жайыла бастайды. Ғарифолланың бақыты ол ес жиіп, етек жаба берген кезінде, ата-анадан бірдей жұрдай болса да, совет үкіметі келіп, халықтан шыққан таланттарды қадірлейтін күнге кез болады. Жоғарыда айтылған әкесімен бірге туысқан адамдардың өз балаларындай етіп қарағанының арқасында жас шағында кемдік көрмей өнер қууға мүмкіншілігі болады. Сөйтіп 1927 жылы Ғарифолла Ойыл ауданында, Бөрте болыстарында (Орынборға қарасты 1-і және 2-і Бөрте болыстары деген болды. А. Ж.), Орынбордың қаласында, не бары үш айдай әнмен ел аралады. Одан кейін Гурьев облысында, Қарағашта, Табында болды. Бұл жүрген жерлерінің бәрінде де Ғарифолла аса сыйлы әнші, құрметті қонақ, халыққа өтімді де, сүйкімді де өнерпазы болып қабылданды. Репертуарының негізі Мұхит әндерімен қатар «Қыз Жібекті», Бала Ораз ақынның айтыстарын айтып жүрді.

Ғарифолла 1929 жылы Қаратөбеде қызмет істеп, 1930 жылдан бастап «Ақкөл», «Қанкөл», «Құлшық» колхоздарында председатель және ауылсоветтерде председатель болып жүрді. Осы жүргенде де Ғарифолла сүйікті өнері әнін бір мезгіл де қалдырған жоқ, үнемі халық алдына шығып, репертуарын байытып, орындаушылық дәрежесін көтеріп, шынықтыра берді.

1934 жылы көктемде Жымпитыда, одан аз кейін Оралда халық өнерпаздарының слеттеріне қатысты. Онда ылғи бірінші орындар алып, сол жылдың июнь айында Алматыға келді. Мұнда Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слетіне қатысып, жюридің шешімі бойынша музыка театрында артист болып қалдырылды. Ғарифолла театрда «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Айман—Шолпан», «Абай», «Біржан—Сара», «Бекет», «Аманкелді», «Дауси», «Нергиз» және басқа операларда жиырмадан астам роль ойнады.

Ұлы Отан соғысы кезінде Ғарифолла үш рет майдандағы жауынгер арасына барып өнер көрсетіп қайтты. Ол концертпен Москвада сан рет, Ленинградта, Киевте, Орта Азияның барлық қалаларында болды. 1950 жылы Қытайда, 1960 жылы Ауғаныстанда болды.

Ғарифолланың қазақ совет өнерін дамытудағы үздік еңбегін еске алып, Қазақстан үкіметі оған 1939 жылы республиканың еңбегі сіңген артисі, 1954 жылы халық артисі деген құрметті атақтар берді.


Ғарифолла осы кезде де барлық творчестволық күшінде. Ол әлі де орындаушылар тобының алдыңғы қатарында. Қандай үлкен концерттер, шетелден, орталықтан келген қадірлі қонақтар қатысқан, немесе үкіметтік мәжілістерде болатын концерттер Ғарифолласыз болмайды. Ғарифолла орындаушылық жағынан осы кезде Мұхит және басқа Қазақстанның батысының өн дәстүрін шынайы түрінде үгіттеушілерден қалғанның бір де бірі десе болады. «Қазақконцертте» Ғарифолланың өн орындау дәстүрін меңгергелі жүрген, үйрөніп

жатқан жастар бар. Ол, әрине, игі жұмыс. Өмірін адам баласының жақсылығы, бақыты жолында, өнерін демократиялық көріністерді алдымен суреттеуге жұмсаған, А. Затаевичше айтқанда «Қазақтың баяны» — Мұхиттың ән дәстүрін совет музыка майданында үгіттеуші Ғарифолланың бұл салада еңбегі зор.

Ғарифолла тек орындаушы емес, ол соңғы жылдарда ондаған өз жанынан әндер шығарған талапкер. Оның әндерінде халықтық интонация негізгі арқау болып отырады. Оның жаңа әндер «тіліне» еліктеп шығарған туындыларының өзінде де жастайынан қанына сіңген халықтық негіз бадырайып тұрады. Ғарифолла әндерінің тақырыптары сан түрлі, олар біздің заманның бейнесін музыка сәуле-леуге бағытталған.

Ғарифолла халықтан шыққан үлкен өнер иесі. Ол өзінің қадірлі дауысын ардақтай, бағалай білгенінің арқасында әлі де күшінде. Әлі күнгі қандай концертте Ғарифолла шықса да, халық оны үлкен қошемет, құрметпен қарсы алады. Ондай сый-құрметке бөленуге Ғарифолланың барлық қасиеттері келеді.





1935 жылдың жазы. Түркістаннан 75 километр жердегі Қаратау ішінде бірінші бесжылдықтың перзентінің бірі—Ащысай қорғасын кені.

Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясының бірінші рет ұйымдасқан жылындағы республика еңбекшілерін аралап, өнер көрсетуге шыққан сапары. Тар темір жолдың бойында аяқ жүрістің аз-ақ алдында бірнеше кішкене вагондарды сүйреп шағын паровоз келеді. Сол вагондардың біреуінің ішінде артистер тобы. 75 километр жерге 12 сағатта әрең деп жеттік. Кеннің жұмысшылары бізді кішкене қызыл жалау көтеріп шығып қарсы алды. Оның себебін артынан сұрастырсақ, Қазақстанда бірінші рет ұйымдасқан филармонияның артистері келген құрметіне, бірінші профессионалдық жолға қадам ұрған қазақ совет өнерінің өкілдеріне, бұ да саяси оқиға деп, қызыл жалау алып шығып жүр екен. Әр кезде де жаңалықтың, өмірді өзгертер себептің негізі, жаршысы болып жүретін жұмысшы тап, осы арада да өзінің үлкен жүрегін көрсетті.

Қонақ үй ол кезде Ащысайда жоқ болатын, сондықтан бізді екі-дөн-үштен жұмысшылар үйді-үйіне бөліп алып кетті. Ол кезде негізі орыс жұмысшылары болатын. Міне біз олардың үлкен қонақжайлығын көріп, қатты қуандық. Шөй ішіп, түнімен жүріп келген адамдар әрі-бері көздің шырымын алғансын, тау баурайындағы үлкен де, сәнді де клубқа келіп, көшкі концерттің репетициясын өткіздік. Одан кейін шаршағанымызға қарамай, қорғасынның шахтасына түстік. Жоғарыдан төмен түсу көрегі жоқ екен, бір баурайда үлкен аңырайған адам бойы жетпейтін биік төсіктен шұбырып кіріп, электр жалтылдаған шахтының ішін аралап, бұрын көрмеген көп жайлармен таныстық.



Әли Құрманов.

Кешке концерт болды. Публиканың көбі жұмысшылар болды. Жәй халық та аз болған жоқ. Күнібұрын халық жабық клубқа сыймайтынын біліп, екінші таудың бауырайындағы ашық клубқа бердік. «Залға» сыймаған халық таудың биік бауырайына отырып, сахнадағы барлық болып жатқанды анық көріп отырды. Бізге қарасқандай түн де желсіз, тымық, салқын болды. Публика аралас болған себепті әр номердің мәнісін қазақша, орысша айтып тұруға мен өзім конферансье болдым. Оркестр қазақтың бірнеше күйін жатқа ойнады (ол кезде нота білмейтін). Бишілер бірнеше билер биледі. Қазақ тарихында бірінші рет домбыраларда қосылып ойнағанын көрген жұрт таң-тамаша қалды. Жұмысшылардың біздің алдымыздан қызыл жалау алып шыққанына орай біз концертті оркестрдің орындауында «Интернационал» мен аштық. Оның өзіне біраз уақыт қол ұрылды. Мәсі таба алмай, аяқтарына қара шұлық киіп билеген қыздардың аяғын көріп отырған кемпірлер: «Ой, аяғыңнан айналайын!» — дегендері болды. Олардың ойынша қара шұлықты әдейі, дыбыс шықпасын деп киіп жүр деп ойлапты.

Концерттің аяқ шенінде белгілі әнші, жыршы, қулық, күлкі, сөздің шебері Әли Құрманов шықты. Ол Мұхиттың әндерінен бастап, жеңіл «Сусар-ай», «Сүмбіл шаш» әндерін айтып, соңғы номерінде «Молдабайды» орындап, сахнадан кете қоямын ғой деп еді, ол жолы болмай қалды. Қол шапалақтап, жер тепкілеген, айқайлап тағы сұраған халық Әлиді қайта шығуға мәжбүр етті. Әли енді «Он алты қызды» айтты. Халық бұрынғыдан да жаман шулап, әсіресе ішінде қазақтың да, татардың да, орыстың да қыздарының аттары болғанын, оның үстіне қызып алған әншінің неше түрлі қолдарының қозғалыстары, бетінің байымы отырған жұртты өзіне тартып алды. Енді Әлиді жіберетін халық жоқ, бірінің артынан бірін, біресе созылған өдемі Ақтөбенің шағын әндері, біресе Әкімгерей, Пұсырман жыршылардың саздарымен төгіп айтқан жыр, олардың әрқайсысының аяғындағы неше бір дыбыстан түйін түйген, ою ойған миңдер, иректер, тіпті кейде аузын ашпай, дыбысты мұрнынан шығарып, екі ұртын бір қысып, бір күмпітіп «дүңк-дүңк» шығарған дыбысы көрі Қаратаудың Ақтабан шұбырынды арқылы, қайғылы көштің үнімен аталатыны бүгін мүлде ұмытылып кеткендей болып, Әлидің дауысы: «Ол күндер енді келмесе кетті, «Елімайлап» зарлап өтетін көштің орнына сәулетті қаланың мынау іргесінің орнағаны орнаған, өміріміз де, өлеңіміз де тек көңілді бола береді деп тұрғандай болды. Әлидің тағы бір қасиеті — оның әндерін жариялап терлейтін конферансьенің көрегі жоқ, ол рольді де өзі атқарады, ал кейбір әндерінің мәнісін, сөздерін орысшаға аудару міндеті де өзінде, шамалы орысшасымен өзінің күлкілі етіп аударғанына біздің нақпа-нақ аударып бергеніміз жетпейді. Артынан санап қарасақ, Әлидің өзі

сахнада 40 минут алыпты. Ол қалалық жерде берілетін концерттің дыңдай бір бөлімі. Сондықтан біз, Ащысайдан кейін Әлиді соңғы номерде шығарып, «концерттің аяғын өзің тұжырасың, біз барып дем ала берелік» деп кетіп қалып та жүрдік. Ал, Әли алғаш Алматыға келгенде оның «Оналты қызының» ішінде орыс қыздарының аттары жоқ болатын. Астана концерттерінде шығып, публиканың саставына қарай, жақын арада Әли Таиса, Раиса дегендерді қосып, Маруся мен бітіретін болған. Әлидің репертуары интернационалдық репертуар, халықтың қандай тобы болса да өте беретін. Міне, осы бір Ащысай сапарында Әлидің аты әсіресе шығып, жұмысшылардың ақбейілдігіне, ықластарына сәйкес, концерттен кейін үйге келгенде де Әли тағы бір жарты сағаттай әндетіп, жырлап берді. Әли әнші де, жыршы да, домбырашы да. Оның осындай сегізқырлы өнері арқасында араламаған жері аз. Өзінің барлық қажыр, ынтасын, өнерін, өмірін ол советтік қазақ музыкасының дамуына жұмсады. Алпыстан асып, заңды демалысына шығып отырғанның өзінде, кейде «кәрі жыны» ұстап кетсе, бір кешті түгел алғандай қауқары бар.

Әли 1901 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, 10-ауыл, «Шұбар ши» деген жерде туды. Ол жерде осы кезде «Коммунизм жолы» атты колхоз бар. Әкесі Төлеміс (Құрман — үлкен әкесі) 15—20 қарасы болып, өзінің күнкөргіштігі болған себепті шаруасын істеп, жәй көптің бірі болып жүре берген. Аздап домбыра тартқан, бірақ оны кәсіп етіп, соңына түсе қоймаған. Оның домбыра ұстауы, Қазақстанның бұл бір өресінде де домбыра екінің бірінің үйінде болатын да, күйді әннен, жырдан төмен қадірлемейтін. Ал, Әлидің шешесі Аққыз (шын аты Ұмсындық) асқан домбырашы, әнші болған. 1934 жылы Алматыда Әлидің үйіне осы жолдардың авторы бір барып отырғанда Аққыз шешеміз, нан илеп отырған қолын қағып-қағып тастады да, қолына домбыраны алып, «Көкілдің» бір түрін тартып бергенде, әлі де саусақтары жұқпайтын болатын.

Міне, сол Аққыздың әсерімен Әли бала күнінен домбыраға, әнге, жырға үйір болады. Ол маңайда әйгілі Әкімгерей, Қабақ Пұсырман, Алтынбай Жаппарберлі, Жақайым Жаңаберген жыршылар, Әбдіразақ, жаңғылыш Төреқан әншілер болды. Осылардың арасында жас Әли де жүріп, ел аралап, өнер қуады. Жасы 17—18 ге келгенде Әли сол арада аты белгілі талапкер, өнерпаз болып аты шығады. Осы кездерде, Әлидің өзінің айтуынша, ол белгілі Тәңірберлі Молдабай әншіні көреді. Молдабайдың өз атымен аталып кеткен әнін шебердің өз аузынан есітеді. Атақты Үсен домбырашы Орынборда базарбасы болып тұрғанда Молдабай сол базардың рухани жағын көтеруші, дем беруші, сәні болады.

Әли бұл уақыттарда домбырасын арқалап, әнді, жырды негізгі кәсіп етіп кете қоймайды. 1915—16 жылдарда русско-киргизское

училищенің екі класын болса да бітірген оқуы бар жас, революцияның алдыңғы кездерінде қазақ аулында советтік тәртіпті орнатудың бөлорта қызметіне араласады. 1919-20 жылдарда Әли милиция қызметінде болады. Сол бүйірінде үші жер сүйреткен қара қылышы, оң иығында домбырасы, үкімет тәртібін орната жүре, өзінің өнерін елге жая жүреді. Барған жерінде белгілі ресми жұмыстарын бітіріп болғаннан кейін үстіндегі милиция формасын шешіп қойып, екі білекті сыбанып, қызыл шайды тартып отырып, айналасында жиналып қалған көпшілікке сол араның ән, күйлерін орындап, жыр жырлап береді. 1921 жылы Әли оқу талабымен Орынборға барады. Онда екі-үш ай жүріп ешбір оқу орнына орналаса алмай еліне қайтып келеді. Бірақ үлкен қаланы көріп, екі-үш айдың ішінде оның өмірімен танысып, болып жатқан жаңалық жағдайларды, әсіресе өнер саласындағы бірінші қадамдарды көзімен көрген Әли, темір жол бойындағы шағын қала Шалқарда театр үйірмесін ашып, соны өзі басқарады. Әрине, күн көру, үкіметке қызмет істеу талабында бұл кезде райпродкомда қой жинайтын агент болып істейді. Үйірмеде Әли өзі бас рольдерді ойнап, «Қызыл сұңқарлар», «Бетім-ау, құдағай ғой!», «Үш қонақ», «Сылаң қыз» пьесаларын қояды. Шалқар халқы әрбір ойын сайын клубқа сыймай кетеді. Сахнаға керекті киім, шымылдық және басқалардың бәрін қала халқынан, айналадағы елдерден де жинайды. Сахнаның кейбір шарттарын әлі біле қоймаған «артистер» пьеса ішінде шай ішу, қымыз ішу, ет жеу керек болса, оның бәрінде сол шын түрінде орындайды, ол үшін жаңағы айтқандардың бәрін елден жиып алып келіп, сахнада ішіп-жеп отырады. Әли осындай «гастрономиялық реалистік» театрдың ойынын ұйымдастырушысы, бөлсенді артисі болады. Спектакльдермен қатар олар концерттер де қояды. Әсіресе қазақтан басқа да ұлттардың номерлері араласқан концерттерінде халық тіпті көп болады. Әли Орынбордан осы үйірмеге керекті пьесалармен қатар, онда қойылғандарын көріп, өзі өмірінде театр мектебінің есігін ашпаса да, «режиссер» болып келгенсиді. Сөйтіп, оқуға кіре алмай келсе де, Әлидің Орынборда болуы, оның мәдени көзшеңберін недәуір көңітеді.

Әли осылай, түрлі мекемелерде қызмет істеп, 1927 жылға дейін келеді. Ал осы бір кезден бастап ел аралап, профессионал әнші, жыршы болып, өнерді көсіп өтеді, өнерімен үйішін де асырайды. Ол бірде үзіліп, бірде жалға жүріп, ұзын ыргасы, жоғарыда аты аталған өзінің негізгі ұстазы Әкімгерейге он бес жылдай шәкірт болады (Әлиде Әкімгерейдің оншақты сазы бар). Әкімгереймен бірге болу, оның өткір сөздерін, өтімді жырларын, шырақатып салған өндерін өсітіп жүру Әли үшін үлкен школа болады. Осы кездерде Әли өзінің өлең, жыр репертуарын байыта түседі. Мұхит өндері,

Қызылдың әндері, Батақтың Сарысының әндері, Қаршығалы жыршының сазы тағы сондай музыка қорын жинайды.

Өнердің қандайы болса да, селтип, екі қолын қалтасына салып қарап тұрмайтын Әли, отызыншы жылдардың басында киім тігу ісін меңгеріп, әншілігінің үстіне «шебер жігіт» атанып, ел арасында қадірлі қонақтың бірі болады. Ол көрінгенге тікпей, тек өзінің қалаулы деген адамдарының заказдарын алып, бұл жағынан да маманданып кетсе, біреуден ілгері, біреуден кейін болатыны көрінеді. Бірақ киім тігуді дара әйелдің жұмысы деп қарайтын ауыл әдетінде Әлидің бұл бір ісі оның «жігіттік арының» жүзіне секпіл түсіретіндей көрініп, мейірбанды анасы Аққыз Әлидің сол өнер жолын қуа беруін қуаттап, жақсы көретін баласын «еркектің жұмысына» біржолата көшіреді.

1932 жылы Әли тұрмыс салдарымен Қарақалпақстанға барады. Онда ұстазы Әкімгерей, Сапарғали жыршымен кездеседі. Қоңырат, Шымбай, Төрткүл, Үргеніште болып, аралап ән салып, жыр жырлап күн көреді. 1933 жылы Әли қайтып Шалқарға келеді. 1934 жылы Әли Алматыға бірінші бүкілқазақстандық халық өнерпаздары слетіне келеді. Онда екінші бәйге алып, Әли Алматыда қалып қояды. Осы күннен бастап Әлидің өміртарихының жаңа беттері ашылады.

Әли алғаш Құрманғазы атындағы (ол кезде Қазатком атындағы) оркестрде домбырашы болып істейді. Ол көптеген күйлер үйреніп, оркестрдің қалыптасуында үлкен еңбек сіңіреді. Өзі үйренгенімен қоймай Әли жаңа ғана репертуар жасап жатқан коллективке өзінің күй қорынан бірнеше көркем шығармалар береді. Сол оркестрдің домбырашысы болып жүргеннің өзінде Әли концерттерде үнемі ән салып шығып жүрді. Оның халық алдында абройы күннен күнге арта берді. Әли сахнаның сәні, ол шыққан концертте залға кісі сыймайтын болды. 1935 жылы январьдың басында ресми түрде Алматыда Филармония ұйымдасқан кезде Әли де ресми түрде «филармонияның солист-әншісі» болып тағайындалды. Бірақ ол оркестрде ойнауын тоқтатқан жоқ. Әңгіменің басында баяндалған Ащысай сапарында да Әли әрі ән салып, әрі оркестрде домбыра тартатын. Қалай дегенмен де Әлидің әншілік жағының басым болуымен байланысты, 1936 жылдардан бастап Әли әншілікке біржолата көшіп, оркестрді қойды. Сол 1935 жылдың жазғы концерт саяхатында Әли үлкен творчестволық табысқа ие болып қайтты. Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Гурьев және Қостанай (ол кезде Қостанай Ақтөбенің қарамағында болатын) облыстарында малшылар, кеншілер, балықшылар, мақташылар, мұнайшылар арасында болып, социализмнің материалдық іргетасын өз қолдарымен қалап жатқан еңбеккерлердің алдында жас қазақ совет музыка өнерін көрсеткенде бетке ұстайтынның, алдыңғы қатар қоятын артистің бірі Әли облды. Әлидің

«Молдабайын» айтам деп ұртын томпайтпайтын, «Он алты қызын» айтамын деп ол әннің ішіндегі тізімде жоқ қыздардың аттарын санап шатыстырмайтын кісі аз болды. Қазақтың ұлы актрисасы Күләштің аты аталғанда «Гәккуді» еске түсіріп, «Гәкку» орындалған жерде Күләш көзалдыға елестейтіні сияқты Әли десе «Молдабай», «Он алты қыз», ал ол әндердің аты аталса бір жақта жүріп Әлидің оң құлағы шулайтын болды.

1936 жылы Жамбыл атындағы мемлекеттік филармония көктем айларында Донбасс көмір кеншілерінің шақыруын алды. Онда 36 концерт беруіміз керек болды. Сол сапарға дайындалғанда Әли өзінің репертуарына совет поэзиясының алыбы Жамбылдың өлеңдерінен жаңа терме құрып, одан кейін сол кездерде әлі орындалып жүрген сөзі жаңа да, музыкасы бұрынғы қазақтың халық әндері үлгісінен алынған «жаңа» әндерден дайындады. Оның ішінде: «Толқын», «Бесқарагер», «Біздің күш» (бұл жаңа ән), «Миллион толқын» (Тайыр Жароковтың социалистік жарыс тақырыбында жазылған өлеңіне қосып айтылады) және басқа әндер дайындады. Бірақ сол жылдың май айында Москвада болатын қазақ өнерінің онкүндігіне байланысты ол сапарға филармония жүре алмай қалды.

Москваның онкүндігінде Әли Үлкен театрда болған қортынды концертте ақын ролінде шықты (концерттің екінші бөлімі театрланған болатын). Әлидің өткір термесі, әлді дауысы, қолдарын неше саққа жүгіртіп, ойнақшытып, домбыраны қағуы, ән орындағандағы творчестволық еркіндігі, бай мимика Москва тыңдаушыларының айызын қандырды. Бір кезде қылыш асынып, киім-машинасының үстінде асылып, тұрмыс өктемдігімен ел асып Қарақалпақстанға барып, сүйегін Шалқарға әрең сүйретіп келген Әли, енді міне, жержүзі көзін тігіп, жақсылық жел адам баласы үшін осы жақтан соғады деп отырған ұлы астана Москваның сахнасына шығып, көтеріліп, дамып келе жатқан қазақ музыкасының туын бір биіктетіп, өзінің дөшын мөнісінде шебер өнер иесі екендігін танытты. Басқа қазақ өнершілері сияқты Әли де бұл сапардан үлкен күш, жігер, сенім алып қайтты. Қалған өмірін қазақ совет өнерінің өрбу жолына жұмсауға о да сөрт берді.

Сол 1936 жылдың күзінде Қазақстан үкіметі Әлиге республиканың еңбегі сіңген артисі деген құрметті атақ берді. Ол Әли үшін үлкен көтеру, бағалау, әкелік қамқорлық болды. Әли бұрынғыдан да көрі өзінің өсу жолында үлкен еңбекке кірісті. Ол алдымен «өңшінің жаны» болған репертуарын байыту мақсатында жұмыс істеді. 1937 жылдың басында филармонияда Мұхтар Әуезовтің либреттосы бойынша бір бөлімді концертке арнаған «Азат қыз» атты театрланған сахна болды. Музыкасы қазақтың халық композиторларының классикалық ән-күйлерінен таңдап алынды. «Сахнаны» белгілі ре-

жиссер Құрманбек Жандарбеков қойды. Сүйемелді ұлт аспаптар оркестрі жүргізді. Міне, сол сахнада басқа Жүсіпбек Елебеков, Жамал Омарова сияқты маңдай алды әншілермен қатар Әли Құрманов та бірінші рольдің бірінде шықты. Өмірбойы өнін домбырасымен сүйемелдеп, қай жерін қанша созса да сүйемел делбесі өз қолында болып, емін-еркіндікке үйренген Әлиге де, басқаларына да, қапелімде оркестрдің тап басып отыратын секундтап өлшенген ырғағымен ән салу оп-оңайға түскен жоқ. Бірақ бұл бір байқаудан да Әли жақсы өтті. Сахнада образға өніп ойнау, сонымен қатар көздің қиығымен дирижерді көріп жүру, әнінді оркестрмен бірге жүргізу — оңай нәрсе емес. Екіншіден үнемі «еркін» жүріп, әннің, сүйемелдің нақты өлшеулеріне түспей, «тағылық халде» қала беру де өнердің профессионалдық қалыпқа түсуіне шақырмайды. Әлиді басқа өзі сияқты «еркін өскен» әншілерімен қатар осындай тар музыкалық «корсетке» салуымыздың себептері болатын.

Сол 1937 жылдың жазында Әли Жүсіпбек екеуі Абай атындағы опера және балет театрымен Ленинград қаласына гастрольге барып қайтты. Одан келісімен Әли Қарағанды, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарын аралап, филармонияның концерттерінде жеке әнге шығып және жаңағы «Азат қызда» үнемі ойнап қайтты. Ашылған жылы республиканың батыс өлкелерін аралаған филармония бұл сапарда Қазақстанның Солтүстік Шығыс өлкелерін аралап, өсіп келе жатқан жас өнерімізді еңбекші халыққа көрсетті. Жүзден астам концерттің бәрінде үлкен табыспен шығып қайтқан Әли де, қайтып оралысымен болашақ, өзінің өсу жолына лайықты еңбекке кірісті.

1940 жылы осы жолдардың авторы қазақтың халық композиторы, атақты әнші Сары Батақовтың өмірінен алып, «Сары» атты музыкалы бір акты, екі картиналы пьеса жазды. Либреттосын Ә. Тәжібаев жазды. «Сары» басынан аяғына дейін, бірен-саран номерлері болмаса, оригиналдық музыкалы болатын. Ол концерттің екінші бөлімі есебінде филармония сахнасында қойылуға арналған болатын. «Сарының» премьерасы сол жылдың октябрінің басында, республиканың 20 жылдығына арналып қойылды. Онда Сарымен айтысатын Қабыл атты ақынның ролін Әли ойнады. Әли Қабылдың сахналық образын да, музыкалық мәнін де жақсы шешті. Бұл кезде «Сарыны» сүйемелдейтін халық аспаптары оркестрі нотамен ойнайтын және оркестр құрамында әлі де бір толық группа бола алмай, буыны бекіп болмай, жаңа ғана қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан қобыз группасына жәрдем есебінде гобой, флейта, кларнет тағы басқа сондай аспаптар енген болатын. Міне осылардың халық аспаптарымен қосылып жүргізген сүйемелінде оған дейінгі құлаққа естілмеген бір жаңа дыбыс қосындысы, жаңа бояу пайда болды.

Оның үстіне осындай бояулы оркестрдің музыкалы пьесаны сүйемелдеуі де тыңдаушылар үшін қызықты болды. Домбыраның аккомпанетіне еліктеп берілген көп дауысты сүйемел: баста Әлиді әрі-бері алып қашса да, кейін ол есепке үйреніп, Әли өзінің сахналық та, музыкалық та міндетін жақсы орындап шықты. Әлидің өнер қуған өмір жолында бұл бір жаңа арна, жаңа жол болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде басқа өнер қайраткерлері сияқты Әли де бұрынғыдан да шабыттанып, жауды жеңуге өзінің өнерімен қолынан келген үлесін қоса беруге бар күшін салды. Тылдағы ардақты еңбекке ие болып жатқан ерлердің арасында қыс демей, жаз демей, боран демей, ашық демей Әли үзбестен халық арасында концерт бригадасының белді адамы болып жүрді. Ол бұл кездерде өзі ән салып, жыр жырлап, өзі конференсье болып, өзі бригада бастығы болып, жан-жақты міндеттер атқарды. Қайда жүрсе де Әли бастаған концерт бригадасы творчестволық үлкен табысқа ие болып, Отанның моральдық та, материалдық та қорын көбейте түсуде көрнекті роль атқарды.

Әли Отан соғысының қас жаумен қарсыласып жатқан жауынгерлерінің арасына да барып қайтты. Ол 1943 жылы Солтүстік-Батыс майданына ақын Ғали Орманов бастаған концерт бригадасымен барып, онда көптеген концерттер беріп қайтты. Біздің айбынды жауынгерлер, офицерлер Әлидің әндерін үлкен ынтамен тыңдап, оған өздерінің әскери рахметтерін айтып, қазақ музыкасының өркендеу бетінде жаңа табыстарға ие бола беруде тілектестіктерін білдірді. Өлеңімен неміс басқыншыларына қарсы күреске шыққан Жамбылдың сол кездегі үлкен патриоттық шығармаларын музыкаға салып, Әли майдандағы ерлерге таныстырып қайтты.

Отан соғысы аяқталып, жау жеңіліп, ақ түйенің қарны жарылған кезде Әли де ендігі өзінің сүйікті өнерін бейбіт еңбек істеп жатқандарға жаюға шықты. Ол совет үкіметінің алғашқы күндерден бастап қатты ұстаған саясаты — бейбітшілік сақтау күресінде алдыңғы шептің бірінде, тағы да ел аралап, ауыл-село еңбеккерлерінің рухтарын көтеріп, эстетикалық тәрбие беруде өнерін жұмсады. Енді Әли концерт бригадасының ішіндегі көп мүшесінің бірі емес, «Әли Құрмановтың басшылығындағы ансамбль» деген группа құрып, сонымен алыс-алыс республика бұрыштарына барды. Қайда барса да бұл ансамбльдің творчестволық табысы айта қалғандай болды. Әли соғыстан кейінгі бейбіт жылдарда Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстанда болып, бауырлас совет еліне қазақ совет өнерінің жетістіктерін үгіттөді. Әсіресе ансамбль басшысы Әлидің орындаудағы «тілі» қайда болса да үнемі түсінікті болып отырды.

Әли елуінші жылдарда репертуарын жаңалап, бұрынғысының үстіне Қазақстанның түрлі жерлерінің өн дәстүрінен үлгілер ендірді.


Жасының егде тартып келе жатқанына қарамастан Әли осындай өзінің іздену арқылы, соңғы демалысқа шығатын күндеріне дейін сахнада үнемі табысты болып отырды. Осы алпысыншы жылдардың басында Әлиді өзінің істеп жүрген коллективі ардақты демалысқа шығарып салды.

Әлидің репертуарында әлі де қағаз бетіне түспеген көптеген әндер, термелер бар. Сонымен қатар Әли жырменен қазақтың шежіресін айтады. Оның бәрі бірдей ғылымдық тұрғыдан тап басып жатпағанымен қағазға түсіп қалуы біздіңше шарт сияқты. Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі бұл жұмыстарды қолға алуда.

Әли Төлеміс ұлы Құрманов қазақ совет музыкасына айта қаларлықтай еңбек сіңірген, ол жөнінде айтып мақтануға тұратын белді қайраткердің бірі.



ҚОСЫМША



Кітаптың негізгі тарауларына енген әншілерден басқа да қазақтың халықтық музыка мәдениетінде айтарлықтай еңбек

сіңірген, творчестволық, орындаушылық істерінед үлкен үлес қосып кеткен адамдарымыз бар. Олар жөнінде де дара тараулар жазуға тұрар еді. Бірақ біздің қолымызда күні-бүгін олар жөніндегі деректеріміз жеткіліксіз. Сондықтан біз ондай адамдарды кітаптің тарауларына енгізбегенмен осы бір «Қосымшамызды» әдейі соларға арнадық. Ондай адамдар жөнінде үндемей қалуға біздің арымыз бармады. Осы «Қосымшада» олардың әрқайсысы туралы шолып өту арқылы, оқушы жұртшылықтан есіткен-білген деректер түсіп қалар деген үмітіміз де бар.

Александр Затаевичше айтқанда, Қазақстанның батысында белгілі әннің «школасын» жасаған Мұхиттың қасында ұзақ жылдар еріп жүрген, Мұхиттың орындаушылық үлгісін алып қалған, ол үлгіні кейін халыққа таратқан және Мұхиттың өндерін орындауда аса тиянақты адамның бірі Шынтас Каратаев болды. Ол 1884 жылы кедей семьяда туған. Әкесі Шәймерден Шынтасты ауылдық орыс мектебіне беріп, бір кластық орысша білім берген (бір класс — үш жылдық болады. А. Ж.). Шынтас 1902 жылдан бастап, революцияға дейін ауылда писарьлық жұмыстар атқарып келген. 1917—19 жылдар арасында Қаратөбе поселкесінде Зәбилов дегендердің дүкенінде приказчик болады. 1919—22 жылдар арасында Жақсыбай болыстық атқару комитетінің секретарі болып істейді. 1922—26 жылдар арасында ауылшаруашылығында болып, одан кейін совет мекемелерінде қызмет істейді. Қырқыншы жылдардың ортасында Шынтас Алматыға келді. Ол Мұхиттың өмірі жөйлі көптеген деректер берді. Біздің

«Мұхит» атты тарауымыздағы деректердің дәнін осы Шынтас берген болатын. Шынтас Мұхиттың немересі Шайқы екеуі болып Мұхиттың әндерін кейінгі шәкірттеріне үйретті. Шынтас арқылы әншінің көп бізге бұрын белгісіз жәйлары жетті. Шынтас сол мекемелерде істеп жүргенінде өзінің әншілік өнерін бір күн де тастамаған. Жасы келгеннің өзінде ол бізге Мұхиттың әндерін басқа ешкімде жоқ манерамен орындап берді. Оның үстіне Шынтас «Зәуреш» әнінің алпысқа тарта өлең шумағын бізге жазып берді. Көпке белгілі «Әмірхан» атты әннің тарихын да Шынтас айтып берген болатын. Шынтас 1948 жылы қайтыс болды.

Қазақтың асқан әншісінің бірі Ғаббас Айтпаев болды. Ол жөнінде А. Затаевич аса үлкен құрметпен айтады. Сондықтан А. Затаевичтің өзінің «Қазақтың 500 ән-күйі» атты кітабының түсінік сөзіндегі Ғаббас туралы жазғанын толық келтірелік.

«Ғаббас Айтпаев — Қарқаралы уезінің, кесек жатқан сары алтындай, аса жоғары талғамды, тамаша әншісі, әндердің варианттарынан таңдаулысын алатын, мүсіндейтін, жүрегіңді қозғайтын жылылықпен орындайтын, сирек кездесетін музыканың ақыны. Профессиналдарға тән тыңдаушыларға ұнаймын деген жағымпаздық, асты-үстіне түсу, тәкаббарлық, мақтаншақтық, шала піскен әншілердей орынсыз әнді созбалау, нашарлықты ғана білдіретін сасу дегендердің көлеңкесі де мұнда жоқ. Оның алған әнінің бастағы әуені, өмір бұйрығындай табиғи, формасы зергердің сымынан тартылып шыққандай мүсінді,— ал оның орындаудағы сезім күші, кейде белгілі мәні жоқ дейтін «қайырмалық» сөздердің өзін де (мысалы оның «Ардағының» айта қалғандай варианты) тыңдаушының жан қылын қозғап, толғанта жеткізеді.

«Өмірде айтарлықтай қарапайым, әдепті, бірақ әр кезде де өзін өзі орнында ұстай білетін Ғаббас, бізбен бірінші кездескенде (1926 жылдың июлі), жасы қырықтың төртеуіне келген болса да, түрге одан жас көрінетін. Ол арықша, сұлу денелі, киімі де сәнді, ал оның айта қалғандай бет пішіні ешбір монғолдық бітістен тыс, түрікке жақын болатын.

«Оның сирек кездесетін музыкалық қабілеті, өз жерінде осы күнге дейін көптеген әншілер орындап жүретін, кезінде Қарқаралы даласында аты әйгі болған әкесі Айтпай ақыннан келген болу керек. Бұл күнде Айтпайдың төрт баласы Қоңқабай балаларымен ауылдас болып, бірге көшіп жүреді, ал бұлардың қонақты құшақ жайып қарсы алатын бейілдері, музыкаға қабілетті Айтпай әулеттерін толығырақ, үлкен назармен зерттеуге және бұрыннан келе жатқан бірқатар тамаша әндерді нотаға жазып алуға мүмкіндік туғызды.

«Тағы бір айта кететін нәрсе — осы күнге дейін менің өш нәрсе есітпеген, білмеген Ғаббастың орындауын өте көтеріңкі бағалауым,

оны басқалардан жасырмауым, үлкен оқиға деп қарауым, соңғы кездерде басқа туысқандары сияқты шаруамен айналысып, ал жас кезінде өзінің әншілік қанатын кеңірек жайған бұл әншіге назарымды қатты аударғанымның нәтижесі болды. Осының қортындысында Қазақ Халық ағарту Комиссариатының тапсыруы бойынша мен ұйымдастырған 1927 жылдың 17 апрелінде, консерваторияның залында болатын, Бүкілодақтық советтер съезінің делегаттарына берілетін концертке қатысу үшін қазақтың он бір әнші, артистерінің ішінде Москваға командировкаға жіберілді, ал одан кейін Үлкен Театрда болған «Этномир» ұйымдастырған, айта қалғандай үлкен этнографиялық концертте шықты.

«Бұған тағы бір қосатын қызықты нәрсе — осы сапарда еңбегі сіңген артист Гр. П. Любимовтің пәтерінде, Москвада қонақтап жатқан, атышулы гитаршы испандық **Андре Сегоия** сияқты әрі халық музыкасының орындаушысы, әрі аса нәзік сезімді, музыканы бүгешігесіне дейін жете білетін адамның алдында Ғаббасқа ән орындатқызуға мүмкіншілігім болды. Ол осы кездесуде болған басқа екі қазақ әншісінің орындауын әдепті түрде, аса асырмай мақтады да, сонау алыста қалған оның туған жерінде де, халық әндерін айтқанда қазақтар сияқты әннің басында аса жоғары дыбыстар алады, оны біраз созып тұрады деп қосып қойды. Ал Ғаббас ән салған кезде испандық қонақ біраз толғанды ма, бірнеше рет француз тілінде: «Мынау өзі үлкен ақын ғой!» — деп маған сыбырлады. Ән біткеннен кейін қарапайым әншінің қолын қайта-қайта қысып, өзінің тіл жетпейтіндей қатты риза болған сезімін аударуды сұрады.

«Ғаббаспен менің бірінші рет кездесуім де, бірінші рет онымен жұмыс жүргізгенім де (нота жазғанын айтады. А. Ж.) есімде. Бізге өшкім кесел жасамасын, алаңдатпасын деп, онымен екеуміз ауылдан алысқа кетіп, онда теңіздей толқып, жайқалып тұрған көк бетегенің үстінде, жаздың бір әсем күнінде, ол домбырасының сүйемелімен «Қанапия» мен «Ардақты» айтып берді, мен жамбастап жатып, нотаға жаздым. Биік аспанда он екі қарақұс (мен санадым) қалықтап жүрді, көң дүние менің жүрегімді де үлкейткендей болды. Әрине, бұл сияқты үйреншікті кеңшілікте Ғаббастың әні де ерекше бір шабытпен орындалды» — деп жазды.

Қазақ халқының ән теңізінде бір кезде өмін-еркін жүзіп, оның барлық қасиеттерін жақсы тексерген этнограф, Ғаббастың халықта қалыптанған үлкен өншілік өнердің өкілі екендігін, оның адамшылығын, орындаушылық қабілетін, алыстан келген испандық музыканттың аузының суын ағызғанын, өншіге деген өзінің шөксіз сүйіспеншілігін жақсылап суреттейді. А. Затаевичтің бұл сөздерінің өрқайсысынан оның Ғаббасқа деген үлкен махаббаты көрініп тұрады.

Ғаббас 1882 жылы Қарқаралы уезі, Қу болсында туады. Туған әкесі Айтпай халыққа аты шыққан әнші болады. Ол Орта жүзге белгілі Керей Сағнайдың асында ән салған адам. Айтпайдың өз атымен «Айтпай» атанып кеткен әні бар.

Жасымнан даңқым шыққан атым Айтпай,
Азырақ, көңлім тынбас өлең айтпай.
Өнерлі тіл мен жақтың арқасында,
Мен жүрмін еш ақыннан бетім қайтпай.

Айтпай атым қазаққа мәлім болған,
Менің сөзім Үш жүзге тәлім болған.
Төрт аяғым шаңқаңбоз, бірдей жорға,
Ән мен өлең өмірім сәні болған,—

дейді «Айтпай» әнінің сөзінде. А. Затаевичтің жинақтарында Айтпайдың екі әні нотаға түскен: біреуі — «Раушан», екіншісі — «Перизат». Бұларды Айтпайдың Қадыс деген баласы берген. Айтпайдың төрт баласының бәрі де әнші болса керек. Ал Қадыс — Ғаббастан үлкен. «Раушан» — «Қыз Жібекте», «Бекежан, жүрген жердің жорық майдан, тентек ең, бар жиғаның осындайдан» деген сөзбен айтылатын Жібектің аузына салынған. Сөз жоқ, Айтпай, ән шығарған, үлкен орындаушы және ақын болған.

Ғаббас Қояндыда 1922 жылы болған әншілер жарысында бірінші бәйгі алады. Ол жөнінде осы жолдардың авторына Мұхтар Әуезов айтқан болатын.

Ғаббастың орындаушылығына тоқтаған жерде, А. Затаевич:

«Ғаббастың «Ардағы» — поэзияның өзі, қиялыңды шарықтата-тын жазғы кештің, айдың сәулесінің, ақыл жетпестей сахра тыныштығының поэзиясы. Бұл, мен барлық ожданыммен айтсам — тек қазақ музыкасының, тек жалпы халық музыкасының емес, осы сөздің ең таза, ең жоғарғы мәнінде «музыка біткеннің» бахытты жетістігі!». «Қанапияда» — жеке адамның, өзінің басынан кешкенін қуана, құлаш, айбынмен баяндағаны сезіледі. Әннің екпіні минут сайын өзгеріп отырады, нәзік, баяу кезеңдері — адуындаған, асығыс, жүйткіген фразалармен кезектеседі!». Осындай қасиеттерін баяндағаннан кейін мылқау Қудың етегінде Ғаббас сияқты асқан әншінің мәңгіге көзін жұмып жатқаны туралы айтудың қанша керегі бар дегендей, А. Затаевич, әншінің өліміне қатты қынжылады. Ғаббастың шебер әндерін нотаға түсірудің оңай болмағанын тағы да бір айтып кетеді.

Ғаббас 1929 жылы қайтыс болады. Жүсіппек Елебеков оны 1918 жылы көрдім дейді. Жүсіппектің айтуынша Ғаббас ауылсовет председателі болып тұрғанында бір түнде өліп шыққан. Оның еш-

бір одан бұрын ауруы сезілмеген. Ғаббас жөнінде Мұхтар Әуезов те, Қалибек Қуанышбаев те көп айтатын. Ғаббастың А. Затаевичке жаздырған он екі әні бірінен бірі өтеді. Осы әндердің жазылуынан Ғаббастың қандай шебер әнші болғаны көрінеді. Бұдан кейінгі күндерде Ғаббас туралы деректер қосылып, өз алдына зерттеулер жазылуына күмән жоқ.

Арқаның үлкен әншісінің бірі — Жарылғапберлі (біреулер Жарылғап дейді). Жарылғапберлі Қали Байжановтың ұстазы. Жарылғапберлі өзі ән шығармаған, тек жақсы орындаушы болған деген әңгіме бар.

Көкшетау, Баянауыл жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Баурында Көкшетаудың көкке шығып,
Толғанып Жарылғаптың салған әні,—

деген шумақ, оның орындаушы болғанынан хабар береді. Жарылғапберлінің атын білмейтін адам ән төңірегінде аз десе болады.

Жарылғапберлі Жұмабаев Павлодар облысы, Баянауылда 1861 жылдар шамасында туған. Жасында кедей болып, кісіге жалданып жүрген. Бері келе шаруасы күйленген. Өзінен бала болмай, асырап алған Мұқыл деген баласы болыпты. Ол Павлодарда жұмыскер болса керек. Жарылғапберлі — шала сауатты, қу тілді, мысқылға шебер болыпты. Біреулердің айтуынша Жарылғапберлі 1904 жылы хажіге барып келіп, одан кейін әнді қояды. Бірақ оның бәрі де нақты дерек болмаса керек. Сондай-ақ Жарылғапберлі Шорманның әншісі болды деген де әңгімелер бар. Кейбіреулер оны да қостамайды.

Қазақстанда аты белгілі әншінің бірі — Ғазез. Оның өз атымен аталған әнін білмейтін адам аз. Ғазездің «Мұқыш қыз», «Қарақат», «Шалқыма», «Көктің көлі», «Қоңыр», «Қарындаш», «Ақ еркеш», «Қарағайды», «Қайран Мұқыш» және «Төрт Райхан» деген әндерін осы жолдардың авторы 1941 жылы Қосымжан Бабақовтан жазып алды. Ғазез ән шығарған, сонымен қатар асқан орындаушы болған адам. Ғазездің әкесі, қазақ, шешесі татар болған.

Атандық Ғазез ақын бала жастан,
Ақын жоқ Қараөткелде менен асқан.
Жорға мініп, жүйрікті жетеледім,
Қалған жоқ өлі көңлім қиғаш қастан.

Файзолла өкөм аты указнай
Бақ берген бала жастан патша құдай.

Атаның абройы арқасында,
Іс қылдым есерлікпен олай-бұлай,—

деп келетін өлеңдерінде Ғазездің өнер иелеріне тән, әкесі молда болғанымен «еркін» жүргендігін көрсетеді. Ғазез ұзын бойлы, аққұба, сұлу, кішкене мұрты бар, көзіне сүрме тартады, киімі сәнді — бешпет, шапан, аяғында әмірқан кебіс-мәсі, қыста етік киеді, ірі мұрынды болған. Әнді он екі тілді гармонға қосылып айтады.

Ғазез Мұхамбетжан қажының қызы Мұқышты аламын деп, бірақ соңғы кездерде «қала кедейі» болып атанған, әрі қатыны өлген Ғазезге әке, ағалары Мұқышты бермейді. Ғазез алып қашамын дегенде, онысы сәтсіз болады. Қыздың ағасы Шәріпті Ғазездің жолдас-тары сабаймын дегенде Ғазез оған тигізбейді. Өйткені жасынан Шәріппен сыйлас болады.

Мұқыш қыз маған қарап бұрандадың,
Мәдетін тілеп тұрдым бір алланың,
Жасынан сияпаты өтіп қалған,
Ағасы сол Шәріпті ұра алмадым,—

дейді бір өлеңінде. Мұқыш қыз, бірақ көп ұзамай ауырып өледі, Ғазезді жақсы көреді.

Ғазез қазақтың тек мал, дүние жәрмеңкесі емес, өнер жәрмеңкесі болған Қояндыда талай рет болады. Жоғарыда аты аталған Қосымжан Бабақовтың үйінде жатып, ән үйретеді. Арқаның ән базарының ортасында жүреді. Ғазез 1929 жылы Қызылжарда Шәкіржан деген баласының қолында аурудан қайтыс болады, Жүсіппек Елебековтің айтуынша Ғазез 1931 жылы өледі. Жүсіппек Ғазезді көрдім дейді. Ғазезден Шәкір және Шәкіржан атты екі бала қалады. Олар әкенің жолын қумай, басқа кәсіптер істейді. Ғазезді көрген Сәбит Мұқанов та оның әншілігін, қуақылық сөздерін, ақындығын қатты мақтайды.

Белгілі үлкен әншінің бірі — Қапаш Жаманов деген кісі. Ол А. Затаевичке көптеген жақсы әндер берген. Ол әндер А. Затаевичтің әлі басылып шықпаған, Қазақ ССР Ғылым Академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Қосымжаннан біз Қапаштың «Қарғам», «Гауһар», «Арман сол», «Шалқақ кер» «Қап-ре», «Жоныпалды» және Жаяу Мұсаның «Бөшарденін», әр кімге бір таңылып жүрген, бірақ бізге Қапаштікі деп берген «Шәмші-Қамар» әндерін жазып алдық.

Қапаш — екі көзі көрмейтін қари адам болыпты. Дауысы аса зор және көлемі ешбір әншіде кездеспейтін кең (ол А. Затаевич Қапаштың өзінен жазып алған оннан аса әндерінің дыбыс көлемінен білініп тұр). Қапаш Атбасарлық, Тұрсынбай әншімен тұстас болған.

Бірқатар адамдардың айтуынша Қапаш әндерінің кейбіреулерінің сөздері Көктөбеттің Ысмағұлыныкі және Мырзамбеттің Мақажаныныкі деседі. Қапаштың А. Затаевичке өзі берген әндеріне қарағанда, ол шынында да дарынды орындаушы, әнде иректерді, әшекей-өрнектерді көп қолданады, үлкен интервалдарға үнемі секіріп жоғары шығып, төмен түсіп отырады. Музыкалық қабілеті тым жоғары болған адам.

Әндерінің саны көп болмағанымен қазақтың ән мәдениетінде өзіне белгілі орны бар адамның бірі — Шашубай Қошқарбаев. Ол 1865 жылы туып, 1952 жылы қайтыс болды. Балқаш құрылысының «Жербұлақ» деген поселкесінде тұрды. Шашубай Хантауының қасындағы «Дала қайнарда» Балуан Шолақпен кездескен. Жетісуға келіп, екі жылдай болып, Дулат, Шапырашты ақындарымен айтысқан. Шашубайдың руы Тобықты. Ол тек әнші емес, дала жағдайында жонглер де болған. Айтушылар Шашубай Қояндының, Қарқараның жәрмеңкесінде ат үстінде түрекеліп тұрып, қашып жүріп, гармонға қосылып өлең айтады екен, жәрмеңкедегі жұрт қуып жүріп тыңдады екен дейді. Мұның ішінде асырып айтқан да жерлер болар. Бірақ Шашубайды 1943 жылы осы жолдың авторы көргенде, ол әлі ширақ, тебетейін біресе көзіне, біресе желкесіне түсіріп (басының терісін қозғау арқылы, қол жолатпай) отыратын. Ол Абай атындағы опера және балет театрының сахнасында айтыс болып жатқанда, қортынды айтыс концерті үстінде, қызып кетіп, балконда отырып, айқайды салып, Нұрлыбекке бір ауыз өлеңді айтып берді. Отырған халықтың бәрі дүрлігіп балконға қарады.

Шашубайдың «Аққайың» әні Манарбек Ержановтың орындауында пластинкаға түсті. Біреу болғанымен бірегей ән. Шашубай халықтық поэзиямен қатар музыканың да үлкен адамы, қайраткері болды.

Оның басқа да әндері бар көрінеді. Кезінде нотаға түсуінде сөз жоқ.

Өзінің атымен аттас әні арқылы халыққа белгілі болғанның бірі ақын, әнші, жыршы Қалқа Жапсарбаев. Қалқа Алматы облысы, Киров ауданы, Мұқыр деген жерде 1886 жылы туған. Ол арада қазыр Калинин атындағы колхоз бар. Он үш жасынан Көпжасар, Таңатбай деген байлардың, Хорлов деген кулактың малдарын бақты, шөбін шапты, жалшылығында болды. Әкесі кедей болды. Қалқа ондай тұрмысқа жаси қоймады — домбыра тартты, ән салды, өлең айтты. Қабан, Қыдыралы, Бақтыбай ақындардың өлеңдерін жаттап айтып жүрді. Қапал төңірегінде Қалқа қатыспаған той-думан болмады. 1908—22 жылдар арасында ел аралап, Омарбек, Құрама, Әпежек, Қайрақпай, Кенен ақындармен болып, солармен айтысып жүрді. 1920 жылы қосшы одағын құрғанда соған мүше болып, 1930 жылы



*Шашубай Қошқарбаев
(сырнаймен отырған.)*

колхозға кірді. 1938—45 жылдар арасында Киров ауданындағы колхоз-совхоз театрында істеді. Соғыс кезінде үлкен еңбек сіңірді. Ол кездегі Талдықорған, арқаның бірнеше облыстарын аралап, халықты жеңіске, үлкен тылдағы еңбекке шақырды. 1961 жылы Қалқаға «Халық ақыны» деген құрметті атақ берілді.

Қалқа бұрынғы заманда малы болмай, қалың беріп алатын шама жоқтан ұзақ уақыт бойдақ жүреді. Сол кезде:

Ішпедім ел қатарлы шынымен шай,
Мінбедім той болғанда астыма тай.
Жоқтықтан қойнымда жоқ сүйген жарым,
Өмір бос өткені ме, о, дариғай,—

деп өлең айтады. Ал жаңа заманда Қалқаның өлеңі өзгереді. Елінің де, жерінің де жаңарғанын ақын жырына қосады. Әсем Көксудан бастайды.

Көксудың басы сол жерде,
Сонан шығар мың бұлақ
Бұрала ағып күмістей,
Тарам-тарам сылдырап.

Жеріме бақша егіліп,
Жібекке жерім көміліп,
Басында жанды шам-шырақ,—

дейді. Түнек басып жатқан Көксудың бойы қала болып, онда Ильич шамы болғанын айтады. Қалқаның біз білетін әнінің сөзінде:

Бұл әннің кім біледі аты «Қалқа»,
Қалқаны сағындық ғой айта-айта.
Қолға алып домбыраны толғағанда,
Тырнақта сау қалған жоқ тарта-тарта.

Қалқаның сағынғанда салған әні,
Үзілтіп, елжіретіп толғағаны.
Сүйгенін, сүйінгенін есіне алып,
Жәй таппас әнге басса кімнің жаны,—

деп келеді. Біреулер бұл ән Қалқаныкі емес, бұрыннан келе жатқан дейді. Біздіңше ондай әңгіменің шындық негізі жоқ сияқты. Біз Қалқамен бірнеше рет кездестік, әңгімелестік. Ән шынында Қалқаныкі. Осы бір әннің өзі Қалқаның атын оның өлеңдері мен дастандары жетпеген жерге жеткізді. «Қосымшамызда» беріп отырғанымыз да сол себепті. «Қалқа» әні халыққа жайылып кеткен туынды.

Ақындық пен әншіліктің басын қосқан, кезінде думанның өзі болған адамның бірі Құдайберген Әлсеитов. Ол Павлодар облысы, Ертіс ауданында 1884 жылы туған. Аз уақыт Новосибирь облысы, Татарка ауданында Химади молданың Қарабадағы медресесінде оқиды. Сабақты өлеңге жеңдіруі, дін оқуына қыры жоқтығы арқасында медреседен қуылады. Оған:

Баласы Әлсәйттің Құдайберген,
Халыққа айтқан сөзім ұнай берген.
Әкесі баласына «Қой!» — десе де,
Көңілім бұл өлеңге құлай берген,—

деген шумағы дәлел бола алады. Әкесінің «өлеңді қой» дегенін Құдайберген өлемейді. Ақмола, Көкшетау, Семей, Омбы, Новосибирь облыстарын домбырасын арқалап жүріп аралап кетеді. Жасы жиырмаға келгенде Құдайберген атағы шыққан, өнші, ақын болады. Ол Көкшетауда Қарауыл Хадиша қызбен айтысады. Үкілі Ыбыраймен кездеседі. Аты ерте шыққаны да өлеңінде бар.

Атандым Құдайберген бала жастан,
Өнерпаз он бесімде болдым асқан.
Өлеңнің жал-құйрығын мықтап байлап,
Ұстадым төртаяқтап, құтқармастан,—

дейді бір сөзінде. Өлеңді жақсы көргенін, өлең десе тұра алмай-
тынын:

Мінгенім дәйім менің Шабанкерім,
Күнде той, күнде думан жүрген жерім.
Мен өзім топты көрсем тұра алмаймын.
Түседі өлең десе жын мен перім,
Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам,
Жігіттік салтанатты құрып та айтам.
Пар жеккен пряжкенің атындай-ақ,
Мойнымды бір жағына бұрып та айтам,—

деп, өзінің өлең айтқанда, ән салғанда жүз құбылатынын суреттейді. Ал Құдайбергеннің бірнеше әні Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында бар. Онда кейін Исаның «Желдірмесі» болып атанып кеткен «Желдірме» бар. Құдайберген әлгі өлеңдерді сол әнмен айтады екен. Оны көрген адамдармен сөйлесе алмадық. Бірақ Исаның өзі Құдайберген жөнінде бізге біраз әңгіме айтқан. Оны төменірек айтамыз. Құдайберген:

Өлеңді айта алмаймын арқам қызбай,
Дауысым сұңқылдайды қоңырқаздай.
Алыстан айқай шықса жөнелемін,
Бәйгіден күнде келген Алшаңбоздай.
Өлеңім өзен судың аяғындай,
Байлардың суға айдаған саяғындай.
Өлеңді көптен бері айтпаған соң,
Келмейді дауыс шіркін баяғыдай.
Өлеңім өзен судың тасқынындай,
Тоқыған шебер қыздың басқұрындай.
Наданға тиіп кетсе шағып алар,
Баяғы Қоржынкөлдің қасқырындай,—

деп, өлеңінің әсерін өзі суреттейді. Құдайбергеннің біз айтып отырған әндерінің бәрінде де осы өлеңінің екпініндей күш, жігер, күнгей лирика, өткір дыбыстар бар. Шынында ол әншілігімен қатар үлкен артист, оның ішінде эстрадалық қабілеті бар адам болған деседі. Қазақстанда профессионалдықы өнердің басы жаңа ғана көрініп ке-

ле жатқан кезде, 1933 жылы ол қайтыс болған. Құдайбергеннің әндері өте қызықты, көңілді, советтік музыка құрылысында кірпіш болып қалануға дайын тұр.

Арқаның белгілі әншісінің бірі — Сәтмағамбет Ахметов. Ол Ақмоладан алпыс шақырым жердегі Аққұм деген жерде 1880 жылы туған. Руы — Сүйіндік. Әкесі Ахмет кедей адам болады. Оның үстіне ерте өледі. Сондықтан Сәтмағамбет әкесінің інісі Түсіптің қолында болады. Темеш руынан шыққан Сыпан деген болыс Сәтмағамбетті біраз уақыт қасына ертіп жүреді. Сәтмағамбеттің аты да ерте шығады. Сәтмағамбеттің дауысы күшті болған, жоғарғы тенор болса керек. Қара торы, бетінде аздаған секпілі бар, ұзын бойлы кісі болыпты. Ескіше молдадан оқып хат таныған. Өзі аса ақылды болады. Ыбырай дегеннің Рабиға атты қызына арнап «Қарға» деген ән шығарады. Қоянды, Атбасар, Қараөткел жәрмеңкелерінде ән салады. Сәтмағамбет Ғазез, Қапаш, Жаяу Мұса әншілерді көрген. 1914 жылдары бірнеше рет айтыста болады. Бекайдардың Дәуітімен бірге Қарқаралыда болып, онда үлкен айтысқа түседі. Сәтмағамбеттің оннан аса әні Академияның қолжазба қорында бар. Ол әндердің көпшілігі үлкен орындаушының қолынан шыққан, өз алдына «почеркі» бар адамның туындысы екендігін айтып тұр.

Тарбағатайда болған ақын-әнші Үлгенбай туралы орыстың этнографы Ивановский жазып кетті. Ол:

«Тарбағатайды жайлайтын қазақтар арасына атақты әнші қарт Үлгенбайдың ауырып қалған қайғылы хабары ә дегенше тарап кетті. Бүгін үшінші күн, әлдеқайдан тап болған ауру, бірден төсек тартып жатқызды. Маңғаз Тарбағатайдың бір қойнауында жарбиып тұрған, оның ескі, құрым киіз үйіне, жер-жерден оның әніне құмарлар және басқа туыстары жүздеп келіп жатты. Сүйікті ақын-әншінің киізі шұрық тесік, әрең дегенде тіке тұрған кішкене үйінің айналасы қамаған адамға лық толды. Ауру қарттың тыныштығын бірауыз қатты сөз айтылса да бұзармыз дегендей, жиылғандар арасында құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Олар бастарын төмен салып, ауыздарын ашпай біраз уақыт отырысты. Тек аттардың пысқырғаны мен үздік-үздік естілген иттердің үргені ғана бұл бір мола басындағыдай тыныштықты бұзған сияқты болып тұрды.

Кештетуге айналып, күн таудың әр жағына батып кетті. Оның соңғы сәулесі ақ сәлде орағандай, Тарбағатайдың қарлы басына шағылысып, біраз уақыт жарық қып тұрды. Бұлсыз, ашық аспанда біріндеген жарық жұлдыздар да көріне бастады. Ал баяғы көпшілік өлі-күнгі тобын жазбай, осыдан бірнеше сағат бұрынғы қалпында қозғалыссыз, үнсіз қала берді. Бәрі де бір нәрсені күткендей, соны есітпей көтпейтіндей жайда.

Көнет айнала тұрған адамдар қозғалып, орындарынан атып тұр-

ғандай болды. «Амандық! Амандық!» — деген сөз сол бір сан түрлі адам тобының аузынан бұрқ етіп, бір мезгілде шыққандай, айналаға әп-сәтте тарады. «Амандық!» — деген сөз сонау алыстағы қалаларға да жетіп, оның жаңғырығы қайтып осы тауға соғып жатқандай болды. Бұл бір қуанышты айқай — сақал-шашы аппақ, белі бүгілген, екі ұрты ішіне кіріп кеткен, екі қолтығынан екі кісі сүйеп алып келе жатқан қарттың төбесі көрінгенде, соған деген мына көптің сәлемі де, тірілігіне қуанған үндері де еді. Ол келе жатқан Үлгенбай еді.

Қарттың жеңіл дірілдеген жәй дауыспен, екі көзіне жас ала, бұл келген ағайын-туманың көңіл сұрап келіп, қатты құрметке бөлегеніне ол рахметін айтты да, екі жағындағы сүйемелдеген кісілердің жәрдемімен төселген киіздің үстіне әрең барып отырды. Жиналған халық лезде оны қоршап алды. Сол арада қымыз құйған мес келіп, қазақтың ежелгі қадір тұтқан асын құйған тостағандар қолдан қолға беріліп жатты.

Бір көздей қымыз ішті де, Үлгенбай бұрынғыдан көрі еңсесін көтерейін деді. Ол өзінің қуанышы мен қайғысына ортақ болып келген өмірлік жолдасы — домбырасын сұрағанда отырған жұрт бір көтеріліп, таң-тамаша болып қалды. Қарт ақынның есіне өтіп кеткен, енді қайта оралмайтын бір кездері түскендей. Ол сонау бір-бірінен бірі көркем, бірінен бірі әсерлі аңыз-өлеңдерін, өткеннің суреттерін көз алдына елестетіп, тыңдаушыларын өзінің ой дүниесінің барысына бірге сүйрей, сол сәттегі өз басында болған сезімді оларға да ендіре, сол бір оқиғалардың қаһармандарына оларды да (тыңдаушыларды) қоса, өзін толқытқан, шабыты келген сағаттарын тізгендей болды. Өзінің ауыр дерт жармасқан денесіне қарамастан, осы арада да қаны қайнап, сол күндегі арман, көкейтесті қиялдар, мына өмірден кетіп бара жатқан әнші қарттың ойына келіп, «мені сыртқа шығар, елге есіттір!» деп тұрғандай көрінді.

Қарт басын көтеріп, ұсынылған домбыраны тез алып, аққан судың жүрісіндей толқыған аккорд үндері түн тыныштығында айналаға жиыла берді. Айналадағылар бұл жәйға таңқалып, адамға сондай жан ендіріп, тірілтетін күштің қайдан шығып жатқанын, мұндай лезде тұтанып кеткен жан ұшқынының қайдан пайда болғанын түсіне алмай отырысты.

Аккордтар бірден бірге үдей берді. Қарттың сіңірі шыққан қу сүйек қолдары қатты бұралған шекті бірден бірге тездетіп қаға бастады. Соңғы аккордтың үнімен бірге айналада отырғандар да тына қалды. Тағы да бір адам селт етпей, мола басындағыдай тыныштыққа көшті. Бәрінің көздері әжім басқан қарттың бетінде. Бәрі де бір нәрсені күткендей, орындарынан тырп етпестен отыр.

Міне, қарттың қолы тағы көтеріліп, тағы домбыраның шегін қақты. Одан баяу, нәзік, бесік жыры сияқты жұмсақ үндер төгіле баста-

ды. Өмірмен қоштасқалы отырған әнші ұзақ жылдар бойы жанын жегідей жеген ой-арманын мыналарға бөріп кеткісі келгендей:

— Мен қартайдым, достарым! Менің ұзақ өмірім аяғына жуықтаған сияқты, ең соңғы сағаттар да алыс қалмағанға ұсайды, бауыры суық қара жер менің денемді бүркеуге дайын тұрғандай. Менің соңғы өлеңім, соңғы әнім, соңғы өсиетім тағы бір сарнасыншы, сіздердің алдарыңызда, достар! — деп бастады, Үлгенбай әңгімесін бұл сапарда.

— Менің бүгінгі өлеңімде өткен уақыт жоқ, хандар мен сұлтандар да жоқ. Ел шауып, егер қылған батырлар да жоқ. Әлемге жайылған не бір ауызда қалған далада болып тұратын бәйгі де жоқ. Атадан атаға келе жатқан, тірі жанды тамсандыратын, табиғат та мүлгіп тыңдайтын шешен, ақындар да жоқ. Олар жөнінде басқалар жырлар, менің сөзім бүгін басқа болады, достарым! — деді Үлгенбай.

Қарттың бұлай әңгіме бастауы отырғандардың өңменін бұрынғыдан да қатты создырды. Бүгін бір бұрын-соңды естілмеген жаңалық, ерекше бір әңгіме айтар деген үмітте болды. Үлгенбай да ол үмітті ақтады. Оның бүгінгідей бір шабытын ешкім көрген емес-ті. Көпшіліктің ортасында, бүгін, жасы алпыстан асқан, әлі азайған алжуға бет алған, орнынан әрең тұратын шал емес, — қажырлы, таза, жарқын үмітті алдынан күткен, сол жолда алдында қандай қиындық болса да, арман үшін өзін өзі қиятын, қажырлы, жас жігіт отырғандай көрінді. Үлгенбай домбырасына қосылып, шабытына мініп, аузынан не бір әсем әндер шығып жатты. Бұрын да оның мазмұны терең өмір шындығын аңыздай етіп жырлайтын кестелі сөздерін жұрт ауыздарының суы құрып тыңдайтын, бірақ бүгінгідей оның суырылғанын ешкім көрмеген. Қанша таза жүректен, жан түкпірінен шыққан сезім, қандай өз халқын сүйген әсем өлеңдер! Оның тыңдаушыларының жүрегінде осы сөтте қандай ойлар қалып отырды екен!

Үлгенбай шынында да бүгін бұл отырғандарға бұрын-соңды айтпағандарын айтты. Ана тұрған қойнаулардың бәрі де бүгін Үлгенбайдың үнімен жаңғырықты. Ол сахрада жүрген өліне, адам баласына берілген сыйлықтың ең қымбаттысы, ең жоғарысы, өулиедей үнемі атын атап отыратын: шындық, адалдық, өділдік, туысқандық деген үлкен сөздердің ұлы мәнін айтып берді. Үлгенбай бір мезет өткен күндерге бұрылып қарап:

— Бұрынғы өткен заманда, аттың бойы көрінбес бидайық бөтегөдей жер бауырлап аласа болып, мына зәулім Тарбағатай бір кішкене төбешіктөй шоқайып көрініп, жауған қар да жер бетін тегіс жаба алмай, жұп-жұқа болып, өзендер де шалқып шыға аға алмай, тек сырылдап жатқанда, екі өркеші баладай атан орнына қисық бұтты бота жүрген кезінде, Жаманбай деген хан болды. Ол арыстаннан қаншөр, жолбарыстан айлалы, қасқырдан да жалмауыз — зұлымдық

пен әділетсіздіктің, патшалығын құрды. Бірақ оны мен айтпаймын, ол үшін адамның жаны шыдамас еді, бірінен бірі қатал суреттерді көз алдарыңа келтіргенде жарылмаған жүрек қалмас еді. Осы бір түн мүмкін сіздермен менің соңғы рет көздесіп отырған түн де болар. Мен неге көңілді әңгіме есіттірмеймін, анда-санда болса да жылтыраған, жаңа жанып келе жатқан оттың жарығын сендерден неге жабамын, неге қара бұлт бастырып, қараңғылықты қайтадан қаптатамын. Жоқ, сол бір жарық құдайдың есінен шығып кеткен, адамнан зәбір көрген елді әбден жадыратқанша жана түссін! Жақсылықтың дәні себілген, оған барлық ожданмен сену керек, оның барын білу керек, сол дәнді барлық нәзік, мәңгілік жалынды махаббатпен сүйіп, аялау керек! — деп, Жаманбай хан заманындағы қара күнге мына алдағы тұрған сәулелі дәуірді, орыс, қазақтың туысқандығын, ол екі ортадағы достық дәнінің көгеріп, көктеуі үшін барлық күшті салу керек екенін жырлады. Осы түнгі Үлгенбайдың соңғы жыры, қоштасу жыры болды» — дейді.

Бұл оқиға өткен ғасырдың сексенінші жылдарында болады. А. Ивановский қазақша жақсы білген болу керек, әншінің өлім алдындағы соңғы минуттарының да творчествоға бағышталғанын жақсы жазады. Бұл мақаланы: «Қазақтың ақын-әншісі Үлгенбайдың өлімі» деп атаған.

Сол Тарбағатайда болған екінші ақын-әнші, қари Ноғайбай туралы да А. Ивановский әдемі жазды. Ноғайбайдың көзі көрмесе де, артық туған қабілет арқылы күннің қалай шығуын, қызғалдақтың қалай бас жаруын және басқа табиғат көріністерін айтарлықтай көркем суреттегенін айта келіп, Ноғайбайдың да жақсылықты алдынан күткен, «алтын заман артта қалды» деп, кері кетпейтін прогрессивті көзқарасы бар суреткер екенін келтіреді. Ноғайбай жаратылыс шамшырағын мәңгіге сөндірсе де басқада жоқ, өткір құлақ бергенін, алғыр ой, күшті өнерлік қабілет бергенін жырлай келе:

— Сахрада тудым, сахра мені асырап-өсірді, жұтқаным да сахраның ауасы, өмірім де сонымен байланысты. Бірақ мен ата-бабаларымның тұсындағы сахра емес, өзім білетін басқа, жаңа сахраның ұлымын. Ол жадырағанда біз де жадыраймыз. Жарығын жерге жібермей жауып тұрған қара бұлт ысырылғанда бұрынғыдан да өткір сәулесі түсетін күннің көзіндей, біз де үстіміздегі торлаған бұлт ыдырағанда, өткен азапты ұмытып, қайғыны сілкіп тастап, жаңа өмірге енеміз, ақыры көкіректі кере бір дем аламыз. Онда мен де бұл күндегідей болмаймын; екі шекті домбырамды да онда басқа күйге бұраймын, ойыным да өзгеше, өлеңім мен әнім де басқаша болады, — дейді.

Ноғайбай мен Үлгенбайдың бұл өлеңдері (орысша тексті өлеңдерді қара сөзбен берген екен, сол себепті біз де жәй сөзбен бер-

дік. А. Ж.) әрбір алдыңғы жағына қарап қол созған ілгері басқан суреткердің көзқарасына тән ой. Біз бұл екеуінің әндерін таба алмадық. Бірақ Академияның Тарбағатай жаққа баратын ән-күй жинау экспедициялары, сөзсіз, бұл екі ақын-әншінің творчестволық үлгілеріне кездеседі.

Қазақ халқында ертеден аты шыққан әншінің бірі Мария Жагор қызы (Рыкина). Ол өзінің сүйген жігіті, кейін қосылған жұбайы Дүйсенге арнап ән шығарады. Дүйсеннің бұйра шашын өлеңіне өзек етіп, өннің атын «Дудар» қояды. «Дудар» көңілді, сезімге толы, сонымен қатар арқаның ән дәстүрінде туған ән.

Мария Жагор деген орыс қызы,
Он алты, он жетіге келген кезі.
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Марияның айтқан сөзі.

Дудара-ри Дудым,
Сенің үшін тудым.
Шіркін-ай. Дудара-ри, Дудым-ай,—

деп басталатын сөзіне өннің музыкасы әсем үндеседі. Өн көпшілікке белгілі, сондықтан оған комментарий беріп жатудың орны жоқ. Ал, Мария Алматыға бірнеше рет келіп кетті. Ол «Дудар» сияқты әнімен қатар, орыс-қазақтың арасына достық дәнін сонау түнек заманның өзінде батыл сепкен адам. Ол өткен ғасырда драгун полкның жауынгер орысына шыққан Құттыбайдың қызы Баян сияқты шын мәнісінде «батыр қыздың» бірі. Мария берегірек келгенсін өлеңді сиреткен. Бірақ отызыншы жылдардың басында өлі де тым-тәуір дауысы болатын. Ол елуінші жылдың орта кезінде қайтыс болды.

Жетісуда, өсіресе Алматыда аты белгілі болған өнші, ақын, домбырашы, сырнайшы, күлдіргі Таубайдың Қатшыбайы деген болды. Ол өмірі кедей болып өткен адам. Бірақ ешуақытта налымаған, өмірді сүйген, көптеген өлең-ән қалдырып кеткен адам.

Алма аларсың, алданарсың,
Алма піскен шағында.
Сағынарсың, сарғаярсың,
Еске түскен шағында.

Екі торы ат семірттім,
Алма ағашын көмірттім.
Алматының көп қыздарың,
Төрезеден төлмірттім,—



Мариям Жавор қызы.

деген сияқты қалжың өлеңдерін өзі шығарған көңілді әндерімен айтып отырады. Жүрген жерінің бәрі көңілді, аса көпшілік сүйген жігіт болған. Қатшыбай жүздерін бұзып көздерін сүзген молда, хажілерге қарсы болумен кеткен. Олардың әділсіз, жалшының ақысын дұрыс бермейтінін өлеңмен үнемі бетіне басып жүрген, Сол сияқты тек алмаса, ешнәрсе бермейтін Қабат хажы дегенге:

Бұл күнде Хәжекеңнің көңілі тоқ,
Саздау жерге біткендей қу қарасоқ.
Бес-он тиын қолынан неге шықсын,
Хәжекең алуға бар, беруге жоқ,—

деп, әндетіп, көзіне айтса керек. Қатшыбай татардың, орыстың әндерін де аса жақсы айтқан, скрипкада, мандолинада, балалайкада, гитарда тартқан. Сондықтан оның публикасы аса аралас, интернационалды болып келеді екен. Оның үстіне жастайынан ауыл байларының аямай еңбек жеуінен қашып, темір жолға келіп, совет үкіметінің бірінші күндерінен бастап, белгілі жалдамалы кәсіпке көшеді. Қатшыбайдың қазақ, қырғыз, орыс жұмысшыларының арасында болуы — оның көзшеңберін біраз кеңітеді. Ол сондай ортада жүру арқасында ән репертуарын да байытады. Бірақ көкірек ауруға шалдығып, 1929 жылы жастай қайтыс болады. Өзінің ауруының басталу себебінің де сол жоқтықтан болғанын өлеңіне қосып, өлер алдында:

Қатшыбай өзім атым, әкем Таубай,
Жаратқан бәрімізді жаббар құдай.
Кедейлік пен тапшылық соңға түсіп,
Ақыры өмірмінің болды осылай.

Хат жаздым ағайындар сіздерге арнап,
Қаламға сүйеу болған алтын бармақ.
Көп жазуға дәрмен жоқ, амалым не,
Басыман өтіп барад дүние алдап,—

деп, халқымен қоштасқандай болады. Өмірден тым ерте кеткенін арман қылады.

Қатшыбайдың тұстасы, туған жеңгесі (Қатшыбайдың ағасы Қасқараудың жұбайы) Бөрпігүл Төңірекбаева осы жолдардың авторына көптеген Жетісудың әндерін орындап берді және Қатшыбай туралы қымбатты деректер берді. Бөрпігүл ойын-тойда үнемі Қатшыбаймен қосылып ән салады екен. Бізбен көздескенде Бөрпігүл алпыстың үшеуінде болатын. Соның өзінде де қара бешпет, көк жаулық, бетінде бір де өжім жоқ, ән салғанда дауысы сырнайдай сыңғырап

тұрды. Қатшыбай өлерінде жоғарыдағы өлеңді айтып, екінші шумақтың аяғында сүйемелдеген домбырасы қолынан түсіп кеткенде жерден көтеріп алған Бәрпігүл екен. Бәрпігүл ауылдың жәй шөпжелке қыздарының бірі болып, малдың арасында, бұйығып өспеген, қыз күнінде де, келіншек болып Қасқарауға келгенсін де ешкімді бетіне қаратпаған өжет, бірақ ұрда-жық емес, сыпайы, қарсы адамды сөзбен тоқтататын, ауыл-даланың сәнінің бірі болған адам. Біз Бәрпігүлден Қатшыбайдың әндерімен қатар өзінің де бірді-екілі шығармаларын жаздық. Бәрпігүл 1957 жылы қайтыс болды. Оның орындауында Жетісудың кейбір «бір қайырма» әндерінің өзі де анасынан қайта туғандай түрленіп кететін еді. Бірақ ол өзінің сондай қабілетін мақтап келе жатсаң, тоқтатып, «Қатшыбайдай айту қайда!» деп, өзін бұқтырып қоятын. Бәрпігүлдің атын осы қосымшада атамай өтуге біздің арымыз бармады. Қатшыбай осы күнгі Жетіген станциясының тұсында тұрды. Руы шымыр, оның бержағында Күнту болады. Қайтыс болғанда жасы отыз бесте екен.

Біреу де болса тарихта қалған, бірнеше вариантта нотаға түскен әсерлі әннің бірі «Көк кептердің» авторы Кемпірбайды ауызға ала кетпеуге де болмайтын сияқты. Кемпірбай асқан ақын, өз бағасын өзі жақсы білген адам. Оның өлер алдындағы көңіл сұрап келген Әсетке:

Көңлімді Әсет келді көтергелі,
Өкпем қысып барады жөтелгелі.
Өлсем де «Көккептерге» бір салайын,
Қу тақтай, екі шекті әпер бері.
Ал енді шіркін көмей былқылдасын,
Сөзімді Әсиясіз кім тыңдасын.
Шетіне Арғын-Найман сәлем айтар,
Не қылып шіркін көмей жыртылмасын,—


деп басталатын бірнеше шумақ өлеңінің өзі соған лайық әнімен, үлкен біртұтас әдебиеттік музыкалық шығарма.

Өзі домбыраға қосылып сахнада ән айтып шықпағанмен, арқа әндерін жете білетін, әннің егжей-тегжейін жақсы түсінетін, көптеген озат әншілерді революциядан бұрын да, кейін де көріп, жолдас болып, үйреніп келген адамның бірі — Советтер Одағының халық артисі Калибек Қуанышбаев. Ол Ғаббасты, Қалиды, Мәдиді, Әмірені, Майраны, Жаяу Мұсаны тағы сол сияқты көп өнер иелерін көрген адам. Ол осы жолдардың авторымен көп әңгімелесіп, арқаның ән шеберлері жөнінде не бір қызықты әңгімелерді айтқан. Біржан, Ақан, Шолақ, Иман-Жүсіп, Ғазез тағы сондай әншілердің әрқайсысы туралы да Қалибек бірнәрсе қоспай қалған жоқ.

Әсіресе өн дүниесінде көп еңбек сіңірген адам — республиканың халық артисі, консерваторияның доценті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Құрманбек Жандарбеков. Құрманбек 12 жасынан бастап өн салып, декламация айтып, хорда бастаушы болған. 1918 жылы Ташкент барып онда білім жағынан олқылау келсе де (білімі Шымкенттің приходская школасы) әні арқылы түскен педучилищесі бір жылдан кейін инпрос болған. Сол инпроста жүріп, Ғани Мұратбаевтан сабақ алып, өнер үйірмелеріне қатысады. Жиырманшы жылдың май айында Колизей театрында (осы күнгі Свердлов атындағы театр Шығыс кешінде өн салып, Ауғаныстанның елшісі жас Құрманбекке алтын медаль тағады. 1921 жылы тағы Шығыс кеші болып, онда Құрманбек Біржан сал болып, Урия Тұрдықұлова Сара боялып, екеуі айтысады. 1925 жылы Құрманбек Шымкентке келіп, онда концертте 101 өн айтады деген афиша жайылады. Құрманбек 67 өн айтқаннан кейін дауысы бітеді. Аржағында айтуға жарамайды (осы бір жағдай Құрманбектің дауысына өмірлік кесел жасайды). Сол жылдың күзінде Құрманбек Қызылордада ашылғалы жатқан театрға келеді. Одан былайғы тағдырының бәрі де сахнамен байланысты болады. Бірақ Құрманбек қазақ халқының өн байлығының негізгі меңгерушісінің бірі «Айман—Шолпан», «Қыз Жібек», «Шұға», «Жаябыр», «Ер Тарғын» тағы басқа опералардың көбінде Құрманбектің айтып берген әндері арқау болып жүр. Е. Брусиловский жазған операның бәрінің де дерлік өн жағында Құрманбектің ролі аса үлкен. Оның репертуарында Қазақстанның қай түкпірінің болса да әндері көп. Осы кезде де өн, әншілер мәселесі қозғалғанда, қай-қайсымыз болса да Құрманбектен көп нәрсе сұрап аламыз. Өзі сахнада жеке өн айтпағанымен қазақ халқының өн мәдениетінде үлкен орын алатын адамның бірі — Құрманбек.

Өн жағынан тағдыры қызықты адамның бірі — Қазақстанның халық артисі Елубай Өмірзақов. Ол 1914—15 жылдардан бастап өн салған. 1919 жылы Қостанайда Әліби Жанкелдиннің «Қызыл керуенінде» болып, сонда үйірмеде өн салып, хорға қатысып, спектакльде ойнаған. 1923 жылы Орынбордың инпросында оқиды (инпрос — халық ағарту институты, білім дәрежесі орта педагогикалық). Басқа өз тұстастарындай 1926 жылы Қызылордада ашылған қазақ театрына кіргеннен кейін Елубайдың да одан арғы тағдыры сахнамен байланысты болады. Драмалық пьесаларда да Елубай үнемі өн салатын рольдерде ойнады: «Еңлік—Көбекте» — Жапал, кейін музыка театрында «Айман—Шолпанда» — Жарас, 1936 жылғы Москвада болған өнер онкүндігінде «Жалбырда» — Қайрақпай рольдерін ойнады.

Елубай драма театрының Қызылордада да, Алматыда да концерттерінде бірінші пландағы өнші болып шығып жүрді. Ол 1927 жылы апрель айында Москвада болған этнографиялық концертте «Кер-



1921 жылы Ташкент қаласындағы қазақ халық ағарту институты жанында болған драма үйірмесінде койылаған «Біржан — Сара» спектаклінің коллективі.

Жатқандардың оң жағындағысы — спектакльдің режиссері Құрманбек Жандарбеков. Отырғандар ішінде қолында домбырасы бар — Үрия Тұрдықұлова, Сара ролінде. Тұрғандардың ішінде домбыра ұстаған — Сұлтан Найманбаев. Біржан ролінде.

Оң жақ шетте отырған — үйірме мүшесінің бірі Латифа Ходжикова.

бесті», «Ақ Айша», «Нақ-нақ» әндерін айтты. 1930 жылы Құрманбек екеуі Қазақстанның біраз қалаларын аралап ән салды. 1932 жылы Қытай шекарасында болып, онда жәрмеңкеге, басқа гастрольде ән салды. Жаңа заманның героикасын халыққа музыка арқылы жаюда Елубайдың еңбегі көп болды. «Толқын», «Құрбымжай», «Алатау», «Жаңа күй», «Мұхидан-Шайпан», «Миллион толқын», «Заулатшы-ай», «Акудай-шіркін», «Жастарым жайна!» «Алтай» әндері Елубайдың аузынан халыққа тарады. Отан соғысы кезінде концерт бригадасымен Елубай екі рет майданға барып қайтты.

Елім бар колхоз болып күлімдеген,
Көлік бар трактордай дүрілдеген.
Екпіні жер тамырын солқылдатып,
Жүрегі сұм байлардың дірілдеген.

Жел көңлім желден озып, желпін өнді,
Зар заман өтті-кетті,

еркін өнді.

Қызыққа қызғылықты заман жетіп,
Көркейген қан жүгіріп көркің өнді! —

деген ақын Исаның сөзімен «Толқынды» толқытып, бір жағынан украинның «Королек» деген әнінің әуенімен «Жастар» деген өлеңді:

Біз жастармыз жаңа жолға,
Жаңа өмірге басатым.
Күннен күнге салып алға,
Жаңа өмір шашатым.

Көтер әнді, көрсет сәнді,
Теңселтейік жаһанды.
Төтті күймен оят жанды,
Сал толқынды, сал өнді,—

деп өндетеді. Елубайдың бұл өлеңдері мен әндері социалистік құрылыстың алғашқы кезінде, бірінші бесжылдықтар кезінде халықты жаңа идеяға шақыруға, жаңа адамды тәрбиелеуге үлкен өсері болды. Елубайдың орындауында халықтық дәстүрмен қатар, сахнада өткір өнердің бір тарауы эстрадалық характер бар. Әсіресе күлдіргілік жағы басым. Бірақ Елубай сахнада үлкен драмалық, трагедиялық кейіпкерлердің образын да айта қалғандай жасай алатын сегіз қырлы артист, өнші.

Бұл аталған үш сахна шеберлерімен қатар тағы да қазақтың ха-

лық өндеріне үлкен үлес қосқан, оның дамуында қызу араласқан адамдардың ішінде жазушы, ақындарымыз бар. Олардың бірі — Сәкен Сейфуллин. Ол өзі жақсы домбырашы, әнші болатын. Өнерлі, өнер иелерін аса жақсы көретін, құрметтейтін, өнердің бетің бар, жүзің бар демейтін қатал сыншысы да болатын. Сәкен Ыбырай, Ақан және басқа әншілер туралы аса бағалы пікірлер айтып кетті. Сонымен қатар өзі А. Затаевичке көптеген ән, күй беріп кетті. Сәкен өзінің «Көкшетау» поэмасында қазақтың атышулы әншілеріне үлкен көңіл бөлді. Ол әннің орындау шеберлігі жәйлі әсем жолдар қалдырды. Сонымен қатар, бірнеше әсем әндердің авторы болды.

Сондай-ақ, белгілі ақын, жазушы Ілияс Жансүгіров те А. Затаевичке көптеген сүбелі әндер берген. Ол өзінің «Күй», «Күйші», «Құлагер» атты поэмаларында ән туралы не бір кестелі сөздерді айтқан. Ілияс Қазақ көркем өнері жәйлі кітаптың авторының бірі. Біз Ілияспен біраз уақыт бірге болып оның музыканы қатты сүйетінін, музыканы терең түсінетінін көзімізбен көріп, құлағымызбен есіттік. Өзінің «Күйші» деген поэмасын ол қолжазба күйінде біздің үйге үлкен басымен келіп (сондай қарапайым болатын) оқып беріп, ішінде музыка жағынан жетпес ойлардың кетпеуін қатты тексерген болатын. Ол үлкен суреткерге тән творчестволық «сақтық» еді.

Жаңы музыканы сүйетін жалынды ақынның бірі Қасым Аманжолов еді. Ол өзі домбырамен қосылып әнді жақсы айтатын және өз жанынан ән шығаратын. Қасымның «Дәриға» атты әні қазақ әндерінің алтын қорынан орын алатын шығарма. Қасымның «Дәриғадан» басқа да бірнеше әні бар. Оларды бір жерге топтап, бастырып шығарса музыкалық кәдеге асып кетуінде сөз жоқ.

«Қоянды жәрмеңкесінде Майра он екі баспалы гармонды ырғай изеп, соза тартып, отты көзі ақықтай жарқылдап, бір әнді сұңқылда-тып отырғанда екі-үш кісі кіріп келді. Құйып берген кеседен кідірмей қымызды қағып салып жатыр, өздері баяғыдан бізге таныс адамдардай бір аржайы. Менің он жағымда отырған Зәрубай мен жынды Омар оларға қарап, белгілі әдеттеріне басып, өздерінше қысылмай, сынап жатыр.

— Ұзын бойлысы кешкі түйенің көлеңкесіндей солбиған екен!

— Ана біреуі әр ұлттан құрап жасалған ба, тұр-сыпаты әркімге ұқсайды екен! Тілі де қызық, ауыздығын шайнап тұрып кісінеген тайдың дыбысы сияқты екен!

— Әне бір ешкібас бір жерде ойнақтап отыра алмай тұрғанын қарашы! Көзі қандай өткір! — деп бірінің аузынан бірі қағып алып, оларға «характеристика» беріп жатыр. Майрадан кейін кезек Қалиға келіп, ол: «Аққұм», «Ғазиз», «Шама», «Алтыбасар», «Топай көк» әндерін айтты.

— Танымайтын шығарсыздар, мынау ақын Иса дея, Майра ай-

тып, аузын жиғанша, қолын домбыраға соза бере, шегін қағып та үлгірмей, өлгі ешкібас көтере айқайлап:

Домбыра екі шекті ішің қуыс,
Ызботтан сөзім шықсын уыс-уыс.
Майра апам домбыраны алып берді,
Исада түні бойы болмас тымыс,—

деп, ағыза жөнелді. Түйдек-түйдек сөз кетіп жатыр. Бұрын еңбекші елді арбап жеген Қоянды, енді совет Қояндысы болды. Сауда да, қызық та, өлең де, ән де осында, оның бәрі де совет адамдарының қолында.

Жәрмеңке құтты болсын советский,
Сіздермен кез боп қалдым өң мен түстей.
Жыңды Омар, Зәрубай мен Қалибекті
Ұмытпан мен де сірә жанар өшпей.

Қоянды қызыл тулы тұрған жайнап,
Неткен ел сейіл-серуен, салған ойнақ.
Ащы тіл, өдемі әзіл, сән-салтанат,
Шәттықпен гүлдей жайнап, отыр ойнап,—

деп нәсерлетіп, екпіндетіп, нажағайдай жарқылдатып, «Желдірмемен» ағызып өтті. Бұл 1925 жылдың июнь айы еді — дейді Қалибек өзінің осы кітап ішінде біз келтірген естелігінің аяғында. Өрттей лаулаған Исамен бірінші рет кездескенін Кәлләки осылай баяндайды.

Иса суырыпсалма ақын, үлкен әнші болды. Ол Қоянды, Қарқаралы жәрмеңкелерінде, Семейде, басқа қалаларда болды. Қызылордада 1926 жылы театр ашылғанда Иса бірінші артистердің қатарында орын алды. Театрдың Қызылордадағы кезінде оның бір концертінде болған адам бізге өзінің Иса жөйлі есінде қалғанын айтты. Концертте Иса сахнаға шыққанда конференсье бәлгілі жасалған программа бойынша жариялаған әндерді айтып болғансың, биске шақырғанда, Иса ән айтпайды екен. Мәжілісте баяндама жасаған кісідей, ол публикандан сұрау күтеді екен. Сол кезде көп ішінен біреу тұрып:

— Сылдырап ағып жатқан өзеннің жағасында, жалғыз шыққан ақ қайыңның көленкесінде, көкорай шалғынның хош иісін жұтып, рахаттанып отырған адам не ойлайды, соны бізге өлеңмен өнге қосып айтып бәріңізші? — депті. Иса кідірместен ол адамның ойының неше саққа жүгіретінін қуып, әлденеше вариантта өңдетіп, өлеңдетіп жауап беріпті.

Иса «Айман—Шолпан» пьесасында ақынның ролін ойнады. Фи-

лармонияның концерттерінде өн салды. Ол осы жолдардың авторының үйіне 1936 жылдың жазында, қазақтың бірінші режиссері, скрипкашысы, драматургы, ақыны Жұмат Шанинмен бірге келді. Әңгімені Жұмат бастап, арқаның неше түрлі әншілерінің өмірбаянынан сөз қозғады. Сонда Иса үкілі Ыбырайдың Кәкима қызға шығарған «Гәккуін» домбырамен орындады. Соның алдында екі-үш жыл бұрын ғана Ленинградтан оқудан келген, Қазақстанның солтүстік-шығыс өлкелерінің музыкалық дәстүрімен жөте танысып болмаған біз сияқты шала,маманға Исаның орындауымен Жұматтың оған беріп отырған комментарилері — өзі бір академия болды. Шынында да Иса өзінің әсқан қабілеті арқасында Ыбырайдың «Гәккуіне» үлкен өзгерістер, жақсы жаңалықтар енгізді. Оны «Гәккудің» басқа бірнеше варианттарымен салыстыруда анықтадық.

Одан кейін менің күйге жақын екенімді білетін қадірлі қонақтарым сол жағына қарай көшті. Иса белгілі «Дайрабай» күйінің тарихын өте әдемі аңыздық, романтикалық күйде баяндап берді. Күйдің мазмұны оқиғаға толы, шым-шытырық күрес-талас, өмір үшін арпалық, ерте заманның трагедиясы.

Үй-ішілік концерттің қортындысында Иса Әлсейттің Құдайбергенінің «Желдірмесі» деп, өзінің «Желдірмесіне» ұқсас өн айтты. Ол «Құдайберген осылай айтатын еді» деп:

Өлеңді жатып та айтам, тұрып та айтам,
Жігіттік салтанатты құрып та айтам.
Пәр жеккен пряжканың атындай-ақ
Мойнымды бір жағына бұрып та айтам,—

деген жерде, біресе жата қалып, домбыраны төсінің үстіне салып, біресе бірнеше рет домалап түрекеліп, біресе ұшып тұрып, мойнын бір жағына бұрып, пряжкенің атындай басын сүзіп, ілгері қарай жүгіре басып айтып, әбден айызды қандырды. Исаның ондай шабытта болғанын менің өз басым бір неше рет көрдім. Ал, Исаның өзінің «Желдірмесі» форма жағынан мүсінделген, шыныққан, екпіні дауылдатқан, боратқан, қайырмасы, кіріспесінің өзі бір жатқан жеке өн деуге жарайтын еді.

Исамен соңғы рет біз 1944 жылы Жамбыл атындағы филармонияның сахнасында Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің онжылдық мерекесінде кездестік. Ол кезде оның ресми қызметі сол филармонияда болатын. Сахнаның артында Иса оркестрге арнап өлең жазып, соны халық алдында, құттықтау есебінде оқып шығуды президиумнан өтінді. Бірақ алдын ала жасалып қойған «пландағы» ораторлар ішінде Иса болмай, салтанатты мәжілісті басқарып отырған адамдардың ұйғарулары бойынша оның өлеңі мекеменің

стольна туралай барып орналасатын болып Исаның ақын басы оған «мақұл» деп иілместен тартып берді.

Иса арқаның көптеген әсем әндерін орындайтын, бірақ ақын, өнші адам, оларды өзінің творчестволық лабораториясынан өткізіп, айтарлықтай өзгеріс ендіріп отыратын. Бір өкініш — сол варианттарды біздің керенаулығымыздан орындау үстінде дыбыс аппаратына жазып алып қалмағанымыз.

Біржанның, Ақанның, Жаяудың, Шолақтың, Абайдың әндерін нақысына келтіріп айтатын жалынды таланттың бірі — Мәжит Шалқаров еді. Ол Қу ауданының Едірей болысында 1911 жылы туған. Жасынан музыкаға өуес, әрі қабілетті болып, өсе сол жолға мүлде беріліп кеткен. 1934 жылы Семейдің музыка-драма театрына келіп түседі. Онда біраз қызмет істейді. Бірінші рет біз Мәжитті 1936 жылдың аяғында Семейде тыңдадық. Ол 1937 жылы Алматының Абай атындағы опера және балет театрына кірді. Концерттерде, радиода жеке өнге шығып жүрді. Мәжит «Қорлан», «Үш дос», «Екі жирен», «Жамбас сипар», «Гәуһар қыз», «Әудемжар» әндерін өсіресе жақсы айтатын. Осы әндерді бір кісідей-ақ орындайтын шебер Жүсіппек, Мәжиттің өншілігінің алдында бас иетін, оның «Жамбас сипарына», «Екі жиреніне» таласуға болмайтынын айтатын. Мәжит Отан соғысы майданында қаза тапты.

Ақмола төңірегінің әндерін Алматыға бірінші алып келген адамның бірі — Ілияс Шаймерденов болды. Ол «Қаракесек», «Қарғаш», «Алқоңыр», «Сарыарқа», «Сентябрь» сияқты әндерді жеткізіп берді. Филармонияда өнші болды. Москваның консерваториясында аз уақыт оқып, денсаулығы жарамай үзді. Ілиястың орындауында сол әндердің бірқатары пластинкаға түсті. Ілиястың орындауында бір табиғи шындық бар еді, жасанды, профессионалдарда жиі кездесетін публикаға қарай өннің кей жерлерін өзгертіп, не артық созып (хошемет-шалалақ дәме өткенде, не жөнсіз екпінін тездетіп (көңілдендіремін дегенде), өңін айналдыру онда жоқ болатын. Сонымен қатар қазақта сирек болған оның баритон дауысы орындаған әндеріне ерлік, үлкен ойшылдық беретін.

Отызыншы жылдардың ортасынан бері халық әндерін орындауда машықтанып келе жатқанның бірі Нұғман Әбішев. Ол өзінің орындау әдісінде Жүсіппекке қатты өліктейді. Бірақ Нұғманның өзіне тән орындау өрекшелігі оны Жүсіппекке ұқсатпайды. Нұғманның репертуарында арқаның көптеген әндері бар. Ол сол әндерді шамасы келгенінше тым төуір орындайды. Халық әндерін үгіттеуде Нұғманның үлкен еңбегі бар. Соны ескеріп Қазақстан үкіметі оған республиканың еңбегі сіңген әртисі деген құрметті атақ берді. Нұғман өлі де орындаушылық күшінде, өлі де өсіп келе жатқан біздің өн мәдениетімізге үлес қоса түседі.



Жүсіп Сейілов

Төңірберлі Молдабайдың, Қызылдың, Мұхиттың өндерін таратуда Қазақстанның батыс өлкесінде көп жылдар еңбек еткен адамның бірі, республиканың еңбегі сіңген артисі Жүсіп Сейілов. Ол 1901 жылы Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында туған. Жасынан әнге құмар, күшті дауысты, айналасы үшін «пері соққанның» өзі болған. Ол 1925 жылы совет-партия мектебінде оқып жүргенде, Ақтөбенің педагогикалық техникумымен бірігіп қойған «Сегіз бен Мақпал» пьесасында Сегіздің ролін тамаша атқарған. Оркестр, фортепиано жоқ кезде, белгілі тонын алатын да сүйемел жоқта, спектакльдің аяғына шейін бір мү-

дірмей, Сегіздің ролін драмалық жағынан да, музыкалық жағынан да жақсы орындап шыққан. Жүсіп тек әнші емес, бір жағынан оннан аса түрлі терме айтатын. Оның дауысы аса жоғары лирикалық тенор, тіпті қызып кеткенде Ғарифолладан да асып барып әйелдердің «дауыс-бақшасына» кіріп кетеді. 1934 жылы Жүсіп Алматының музыка-драма техникумында оқыды. Бірақ тұрмыс жағдайымен аяқтай алмады. Ол Қазақстанның көп жерін аралады, туысқан республикаларда болды, Москвада да шықты. Жүсіптің дауысы осы күнде де қалған жоқ, әлде де шекеңнен өтеді. Ол соңғы жылдарда Жамбылдың, Нұрпейістің және басқа ақындардың советтік шындықты дәріптейтін жырларын жаттап, соған сәйкес термелерді өзі шығарып айтты, халықтан үлкен, шынайы алғыс алып жүрді.

Қазақта үрдіске енген, ағаларымен қатар музыка майданында әйел әншілер де айтарлықтай халқына еңбек сіңірді. Өткен әйел өнерпаздардың Майра, Қарылақ, Сары-айғырдың (шын аты Балбөпе) жолдарын қуған олардың сіңлілері бар. Әрине, бұлар бақытты заманға кез болды. Құлаштарын кең жаятын мүмкіншілікке душар келді. Тек «табиғаттың бергенімен» місе тұтпай музыканың оқуына түсуге де бұларға жол ашылды.

Отызыншы жылдардың басынан бастап, Алматыда радиокомитет құрылып, оның музыкалық хабар беретін бөлімі ашылған күннен бастап істеген белгілі әнші Тәмти Ибрагимова болды. Оның репер-



Жамбыл өңірі-күйдің ортасында.

туарының негізі — Мұхит және басқа, республиканың батыс өлкелерінің әндері болды. Тәмти әсіресе Мұхит әндерін орындауда үлкен абройға ие болды. Бері келе ол совет композиторларының шығармаларын да репертуарына нық өнгізді. Белгілі музыка зерттеуші Б. Ерзакович Тәмтиден Мұхиттың және Қазақстанның батысының көптеген әндерін нотаға жазып алды.

Отызыншы жылдардың ортасында Алматыда болған бірінші бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының слетіне келгендердің ішінен Нағима Әбдірахманова (кейінгі фамилиясы—Әбилева) Мұхит әндерін орындауда үлкен еңбек сіңірді. Ол бір жағынан жақсы домбырашы болып, жиырма жылдан аса Құрманғазы атындағы оркестрде ойнады. Нағиманың оркестрде ойнауы, нотадан хабары болуы, оның әншілік жұмысына жақсы әсер етті. Ол соңғы жылдарда концерт бригадасының белгілі мүшесі есебінде республиканың аудандарында, туысқан көрші республикаларда ән салып, домбырада күй тартып жүр. Өзінің өнерін өрбітуде талмай қызмет істеу арқасында Нағима халық алдында әлі үлкен абройға ие болып келеді.

Қазақтың халық әндерін, оның ішінде республиканың солтүстік-шығыс өлкелерінің ән дәстүрін жақсы меңгерген, ғасырдан аса созылған музыкалық династияның жолын ұстаған әншінің бірі — Рабиға Есімжанова. Ол отызыншы жылдардың басында қазақтың драма театрының басшы артисткаларының бірі болды. Рабиға Еңлікті ойнайды деген афиша болса, залға адам сыймайтын. Оның «Еңліктің қоштасу» әнін орындағанында «тостағанын жумай» шыққан әсем жыныс аз болатын. Рабиға бірнеше жылдар бойы Семей театрында бас артистка болып, Айманның, Жібектің, Хадишаның, Ақжүністің тағы басқа көптеген әйелдердің образдарын жасады. Отызыншы жылдардың ортасынан ағанда ол Алматының Абай атындағы опера және балет театрына келді. Бірақ жеке адамға табынушылықтың зардабы бір құйрығымен Рабиғаны да соғып, ол басқа жаққа барып (облыстарға), көп жылдар музыкалық жұмыстан қол үзіп кетті. Бірақ соңғы жылдарда қайта оралып, алғаш радио арқылы, кейін филармония, Қазақкөнцерт сахналарында шығып, өзінің табиғат берген қабілетінің соңына қайтадан түсті. Рабиға — жоғарыда өз алдына тарауда әңгіме болған Қосымжан Бабақовтың әндік тәрбиесінде болған (Қосымжанның ағасы Есімжанның қызы). Рабиғаның репертуары бай, халық әндерін аса жақсы орындайды. Қазіргі кезде совет композиторларының шығармалары да Рабиғаның репертуарында мол. Ол республиканың еңбегі сіңген артисткасы.

Қазақстанның халық артисткасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көп жылдар драмалық өнерде алдыңғы сапта болып, ондаған неше алуан айта қалғандай образ жасаған, осы жылдың басында мезгілсіз қайтыс болған — Рахия Қойшыбаеваның, ән саласындағы

өнерін айтпай кетуге болмайды. Ол қазақтың халық әндерін аса сүйіп айтатын. Рахия бір жағынан белгілі әнші Мәдиге жақын болып келеді. Сол дәстүрде, Рахия әсіресе Арқаның әндерін орындауда көзге түсетін. Оның шырқаған күшті дауысы болмаса да, әнді түсініп айтуымен халық алдында аса тартымды болатын. Рахия радио арқылы көп жылдар ән салды. Оның репертуары жан-жақты болды. Республиканың жер-жерінен Рахия анау әнді орындасын, мынау әнді орындасын деген тілектер радиоға өте көп түседі екен. Бір жақсысы — Рахия орындауында бірқатар әндер магнитофон пленкасына жазылып қалды. Қазақтың халықтық ән орындау дәстүрінде болып келген сан алуан салалардың Рахия сияқты өкілдері, өздерінің басқа профилінде өнерге сіңіріп келген еңбектерімен қатар, біздің ең бай мұрамыздың бірі — ән мәдениетін өрбітуде де үлкен роль ойнады деп айтуымызға болады.

Елуінші жылдардың ортасынан ауғанда Алматыға Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесінен әнші Әмина Бафина келді. Ол 1929 жылы Тарбағатай аймағындағы Шәуешек қаласында туған. Онда қыздардың бастауыш мектебінде оқиды. 1943 жылы Шәуешектегі қыздар гимназиясын бітіріп, оқытушылық қызмет атқарады. 1947 жылға дейін Шәуешектегі жастардан құралған өнер үйірмесінің мүшесі болып, онда «Қыз Жібекте», «Ер Тарғында» бас рольдерді ойнайды. 1950 жылы Әмина Пекинге барып, ондағы революцияның бір жылдық мерекесінде шығады. Сол жылдың күзінде Үрімшіге келген совет артистерінің концерттерін тыңдап, көптеген репертуар алып қалады. Екі жылдан кейін Пекинге барып, онда орталық ұлттар өн-би ансамблінде істейді. 1955 жылы Алматыға келіп, консерваторияға түсіп, оның ән факультетін 1961 жылы бітіріп шықты. Ол осы кезде Алматының қыздар институтінде әннен сабақ береді. Әмина профессионал әнші, түрлі ұлттың әндерін де орындайды. Бірақ оның ерекше қасиеті, біздің бұл өңгімеміздің ішіне енгізуіміздің себебі — ол қазақтың халық әндерін аса бір сөзімділікпен, үлкен орындаушылық шеберлікпен айтады. Әмина консерваторияда оқып, дауысын біраз академиялық жолға түсіргенімен қазақ әндерін орындағанда халықтық дәстүрді қатты ұстайды. Оның репертуарында Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың көптеген әсем әндері бар. Сонымен қатар Әмина совет композиторларының әндерін сол жақта жүргенде орындай бастаған жұмысын өлі де созуда. Әминаның дауысы көркем бояулы, мөлдір сұдай таза, оның орындағанын тыңдай бергің келеді. Тарихтың кездесе беретін тасқынымен ілесіп, бір кезде туған жерінен ауысып кеткен қазақтардың халықтық музыка дәстүрі, оның ішінде ән орындау әдістері жақсы сақталған. Ол жұмыста Әмина сияқты өнер қайраткерлерінің рольдері айта қалғандай. Әмина өзінің негізгі Отаны Советтік Қазақстанға көптеген әндерді алып келіп,

тек қағазға түсіріп берген жоқ (о да үлкен еңбек болған болар еді), ол өзінің шебер орындауы арқылы радиодан, телевидениеден, концерт сахнасынан совет халқына есіттірді, бір топ әнді өзі нотаға түсіріп, бастырып шығарды. Оның репертуарында әлі де Шыңжаң өлкесін жайлаған қазақтардың әндері көп. Олар нотаға жаза түсуді, зерттеуді күтіп тұр. Өзінің үнемі өнерін арттыруда үзбей жұмыс істеуі арқылы Әмина тек әнші ғана емес, үлкен музыка қайраткеріне айналады. Ол советтік Қазақстанның музыка мәдениетінің өркендеуіне көптеген үлес қосады.

Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде әннің дамуында жыршылар да үлкен роль ойнады. Солардың ішінде А. Затаевич Әкімгерейді бөліп айтады. «Мен, өзімнің жинағымды одан жазып алғандарыммен толықтырмай тұрып-ақ,— дейді, А. Затаевич өзінің «1 000 әнге» жазған түсінік сөзінде,— осы кездегі қазақтың айта қалғандай ақын-әнші, жыршысының бірі Әкімгерей Қостанов туралы есіткен едім. Сыртынан қарағанда ол орта жастағы адам, бет бітісі маңғұлдан көрі кавказдықтарға көбірек ұсайды, өзін өзі жақсы ұстайды, аса салмақты. Дауысы аса әдемі деп айту қиын, бірақ өте дыбысты таза алады, әннің әрбір кезеңдерін жақсы келтіреді, ол орындау менерасы аса еркін, шалқыта айтады. Қынжылатын бір жәй — мен оның, сол бір жалғыз рет кездесуіміздің өзінде оның ұзақ айтқан нәрсесінен ешнәрсе түсіне алмадым (тіл білмегенін айтады. А. Ж.). Үнемі қайталап отыратын музыкалық сөйлем негізінде, оның музыкалық тілінің ырғағының ұласуының көркемділігімен нақба-нақтылы мені еліттірді (менің ол айтып берген он әнін нақ жазып алуыма да сол бір қайталаулардың пайдасы болған болу керек).

«Әнші шаршаған кезінде домбыраны қасында отырған жас, талантты Сафарғалли Қалжановқа ұсынады. Сафарғалидан да үш ән жаздым».

Әкімгерей Қазақстанның батыс өлкесінде аты белгілі әнші, жыршы. Оның әншілігін А. Затаевич жоғарыда жақсы айтып кеткен. Ол 1878 жылы бұрынғы Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрте болысында туған. Әкесі Қостан орыс поселкесінің сиырын баққан күтуші болған. Әкімгерей жасынан музыкаға бейім болып, ән салып, домбыра тартқан. Руы — Тама, оның ішінде Қарағашты (Тәңірберлінің бір тарауы). Он төрт жасына дейін елде болып, әркімдерден ән, жыр, күй үйреніп, одан кейін ел аралап кетеді. Табын Ізім, Тама Ізім деген жыршылардың қасына жастай еріп, олардан үйренген «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Қобланды», «Телағыс», «Асанқайғы», «Әділ» киссаларын айтып жүреді. Тама Ізім ылғи қызыл мақбалдан киім киіп жүреді екен. Жұрт Ізім келе жатқанын сондықтан анадайдан біледі екен. Әкімгерей де әдемі киінеді. Көргендердің айтуынша Әкімгерей ұзын бойлы, қызылшырайлы, ірі денелі, толық,

қара мұртты, сақалын қырған, зәгран бешбет, зәгран шалбар, түрме белбеу буынады, қолында сақина, басына тік қаракөл бөрік киеді, қыста мойнынаң түбіт шарқат орайды екен. Әкімгерейдің шешесі Алтыаршын аса сұлу, өнерлі, өжет болған адам көрінеді. Кедейлігіне қарамай, барынша жақсы киінетін (орыс поселкасының ықпалы болу керек), ән салатын, домбыра тартатын, реті келген жерде билік те айтып жіберетін кісі болыпты. Ол ұстаса кетсе қатар, қайін інілерін алып ұратын да шамасы болыпты. Әкімгерейдің өнерге кетуін Алтыаршын аса құптаса керек. Қостан болса, мал баққан жуас адам, Алтыаршыннан асып ешқайда бара алмайтын болса керек. Әкімгерей Жайық бойын аралап, Орынбор, Қазалы, Қызылорда, мына жағы Қоңырат, Шымбай, Қожейліде болады. Совет үкіметі келгенде Әкімгерей оның саясатын халыққа үгіттеуші болады. Сондықтан оның біздің тұсымызда қадірі бұрынғыдан да артады. Әкімгерей белгілі «Ақсақ-Құлан» күйін А. Затаевичке орындап жаздырған күй шебері Қамбар Медетовтің әкесі Ерқожамен көңілдес, жақын болады. Ерқожа кезінде мықты домбырашы, әнші болған. Осы жолдардың авторына Ерқожа да, Қамбар да Әкімгерей туралы көп әңгімелер айтып, оның термелерінің әуенін домбырада тартып берген. Екіншіден отызыншы жылдардың басында Әкімгерей Қарақалпақстанға кеткенде, сол арада Қамбар да аз уақыт болған. Әкімгерей 1932 жылы Шымбайда қайтыс болады. Оның А. Затаевич жазған оншақты әнінен басқа да шығармалары, репертуары көп. Біздің қолымызда да Әкімгерейдің біраз термелері, өндері бар (біз оларды «Жыршылар» деген бөлек еңбегімізде жарияламақпыз. А. Ж.). Әкімгерей термесінен екеу-үшеуін білмейтін әнші, жыршы Қазақстанның батысында аз. Оның өнерін үйретіп кеткен шәкірттері де көп. А. Затаевич әңгіме еткен Сапарғали, Мырзалы, Әли Құрманов тағы басқаларды айтуға болады.

Әкімгерейдің тұсында Адай — Қарасай жыршы болды. Ол Самда 1866 жылы туған. Көне Үргеніш, Бұхар, Түрікпенді төгіс аралаған. Түрікпеннің ханы Жонайттың алдында жырлап, сыйлық алған (түрікпеннің көптеген бахшыларымен жарысқа түскенде). Қарасайдың әкесі Қалы өнері болмаған адам. Қарасай бойы тапал кісі болыпты. Ол соны әман өлеңіне қосады екен.

Менің атым Қарасай,
Мен Қалының баласы-ай.
Жас басымнан сөз бағып,
Бойға болдым аласа-ай.
Адай өді руым,
Қанша жүйрік болса да,
Келген жоқ жанның шамасы-ай.

деп бастайды екен. Қарасай 1930 жылы қайтыс болды. Одаң да көптеген өуен, жыр, өн қалды. Қарасайдың саздарынын бізде үлгілері нотаға түсірулі.

Сол кезде атақты Ізтілеу жыршы болды. Ол 1877 жылы туып, 1932 жылы Алғада қайтыс болды. Руы — Көшкінші Шүрен. Елек-Жайықтың бойын аралап, жыр жырлаған. 1910 жылы Тамды сағасындағы «Алтыбайда» Қосбақ-Тама Ақкөнеке қызбен айтысқан. Ізтілеу жырды майдалап:

Домбырамның бір күйі,
Пернесі мен сабында.
Ат жарайды бабында,
Құлан жарар қағында.
Жігіт болмақ сұрасаң,
Жиырма бестің шағында,—

деп бастайды екен. Ізтілеуді көрген адамдар оның сазы бөлек еді, жырдан әнге жақын еді дейді.

Бұлардан сәл берегірек кезде Бабатай Кетө Бітеген жыршы, Қабәк Байсалбай, Жақайым Тоғыс, Қарабас Пұсырман жыршылар болды. Бұлардың бірақтарын біз көріп есіттік те.

Мөнің атым Пұсырман,
Мен қашанғы құтырған.
Атымды солай қойыпты,
Дәмегей деген әнұрған

(Дәмегей жеңгелерінің бірі),— деп отыратын. Жыршылардың көпшілігі әнші болып келеді. Олардан үйренген бір бөлек әсем әндерді біз кейін нотаға түсірдік. Әсіресе, олар қиссаның не басқа бір ұзақ өлеңнің лирикалы, он бір буынды өлең өлшеумен келетін жерлерінде әндетіп, созып, шырқап кетеді. Олардың кіріспелерінің өздері анау-мынау әнге татиды. Жоғарыда айтылғандай, біз жыршылар жәйлі тағы оралып соқпақпыз. Мұнда жәй, жалпы мәлімет есебінде, қазақ халқының музыка мәдениетінде, әсіресе халықтың бұрынғы кезде көңілдерін көтеріп, рухани азық беріп, бері келе совет тұсында коммунист партиясының, совет үкіметінің саясатын жыр тілінде, өткір терме әуендері арқылы үгіттеген жыршылардың рольдерін айтып кеткіміз келді.

Кітаптің негізгі тарауларына өнген өншілерден басқаларының тек бірқатары жәйлі бұл «Қосымшамызда» тоқтадық. Әрине, ол тізім тіпті толық болудан алшақ. Әнді, жырды белгілі кәсіп өтпей, басқа нәше алуан қызметтерде жүрген, бірақ әсем дауысты, әнді про-

фессионалдардан кем орындамайтын кәрілі-жасты адамдар көп кездеседі. Үнемі болып тұратын өнерпаздардың слеттерінде, фестивальдарында олар бола бермейді, көбіне қатыспайды. Ол адамдардың кейбіреулері көптеген сирек естілетін халық әндерін білулері өз алдына, тағы сол әндердің тарихын, әншілердің өмірбаянын жақсы біледі. Біздің Академия, консерватория, Халық Творчествосы Үйі, Композиторлар Одағы арқылы жылма-жыл ән-күй жинау мақсатында ел аралаған экспедициялар біздің осы айтқандарымызды растап қайтады.

Халықта әлі ән де, күй де, жыр да, өлең де, олардың орындаушылары да көп. Әлі де жинай түсу, нотаға жаза түсу керек. Ұлы Партиямыздың тек халықпен тамырлас, байланысты болғанда ғана өнер өз мақсатын орындайды деп үйретуі осы шындықтармен байланысты. Аталмаған аттар әлі де жарыққа шығады. Бәрі бұл сияқты шағын еңбекке сыюы да мүмкін емес.



ШАЛҚЫМА

Ғазиз

Жидірмелете.





ри А - ха хау хай лэ-лэй,

The first musical staff is in G major (one sharp) and 2/4 time. It begins with a treble clef and a key signature of one sharp. The notes are: a half note 'ри', followed by a quarter note 'А', a quarter note 'ха', a quarter note 'хау', a half note 'хай', and a quarter note 'лэ-лэй' with an accent mark above it.



А - хау ха _____ лэй ха-лэ-лэ лэ _____

The second musical staff continues the melody. It starts with a quarter note 'А', followed by an eighth note 'хау', a quarter note 'ха', and a quarter note 'лэй'. This is followed by a triplet of eighth notes 'ха-лэ-лэ' marked with a '3' above them, and a quarter note 'лэ'. The notes are connected by a slur.



лэй, ха-ля-ля-ля-ля-ля-ляй-ай

The third musical staff starts with a quarter note 'лэй' with a fermata above it, followed by eighth notes 'ха-ля-ля-ля-ля-ля-ляй-ай' with a slur and a fermata above the final note.

ЕЛ ҚАЙДА, ТУҒАН ЖЕР ҚАЙДА

Баяу, үлкен сезіммен

Тәуке



Сә - лем - де мұ - нан
Ай - да - лып ба - ра



бар - саң а - ау,
жа - тып а - ау,



Ма - ри - я - а - ға
Си - бирь _____ жақ - қа



тә - үе - кел сал - дым қар - мақ - а
ән е - кен тәу - ке сал - ған




да - ри - я - а _____ а - ға
жә - ри - я - а _____ а - ға



Ел қай - да, ту - ған жер қай - да
Ел қай - да, ту - ған жер қай - да

ӘНШІЛЕР ТУРАЛЫ АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕР ЖӘЙЛІ БІР-ЕКІ СӨЗ



Жазба мәдениеті сүр халықтарға бұл сияқты еңбектерде бұрынғы жазылып қалған кітаптарға, архив мәліметтеріне сүйенеді.

Композиторлар, әншілер жайында сөз болғанда, олардың ноталы шығармаларын талдай отырып, естеліктерін, хаттарын келтіреді. Неше алуан түскен суреттерін, басқа деректерін келтіреді. Революциядан бұрын екі-ақ проценті хат таныған қазақ халқында ондай жазба мұра байлығы қайдан болсын. Сондықтан бұл кітап ішіндегі әншілер жөнінде тек бірен-сарандары туралы болмаса, негізі ауызша деректер болды. Ол ауызша деректерді айтып берген адамдардың аттарын атауды біз өзіміздің борышымыз деп қараймыз. Өйткені олардың бәрі бірдей ән құғандар, емес, соның өзінде де әнді, әншіні, өнерді шексіз сүйлері арқасында, есте қалғандарың сары майдай сақтап, бізге жеткізіп беруінің өзі үлкен мәдени қайраткерлік деуге болады.

Біржан сал жөнінде біздің бұрынғы деректерімізге әнші жөнінде көп жылдардан бері тырнақтап жинап жүрген деректерін алдымызға салған Қазақ ССР Ғылым Академиясының ғылым кітапханасының қызметкері Есім Байболов болды. Ол Біржан салдың өлеңдік шығармаларың жинақ етуге талаптанып жүрген адам. Сонымен қатар өткен жылы Көкшетау облысына барып қайтқан Алматының Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының доценті Хабидолла Тастанов және аспирант Алтын Көтегенованың Біржан жайлы деректер іздеп, әншінің Қалкөн атты баласының жұбайын тауып алып, сонымен өңгімелескен және басқа әншінің көздескен адамдары, жүрген жерінде аңыз болып қалған өңгімелерін ол адамдар

бізге жеткізіп берді. Біржан салдың өндерінің көбін, оның ішінде аса шұрайлыларын бізге нотаға жаздырған осы кітапта аты аталған әнші Қосымжан Бабақов болды. Ал кітапта бірнеше рет айтылғандай, кейбір пікірлеріне түгелдей қосылмасақ та, өндерінің асылдығын көрсеткен А. Затаевичтің атын атамауға да болмайды. Есім Байболовтың айтуынша 1928 жылы үйінде болғанында әкесі жайында көптеген қымбатты деректер білдірген адам Теміртастың өзі және оның жұбайы көрінеді.

Ақан сері жайында да алғаш А. Затаевичтің айтып кеткен, жазып қалдырған деректерінен кейін әншінің көптеген бұрын белгісіз өмір жайлары, өлеңдері, әндері туралы негізгі дерек Тілеубаев Хамиттің мақалаларынан алынды. Сонымен қатар жақында шыққан Ақан серінің өлең жинағындағы мәліметтер пайдаланылды. Ақан сері жайында өзінің кездескенін, басқа есіткен, білгенін жазушы ағамыз, қазақ мәдениетінің алдыңғы қатардағы қайраткері Сәбит Мұқанов айтып берді. Ақан серінің көптеген әсем әндерін Қосымжан Бабақов бізге орындап, нотаға түсіртті.

Ақан серінің өмірі жөнінде жаңа деректердің негізін беруші Тілеубаев Хамит өзінің он төрт-он бес жастағы кезінде үйіне Ақанның келгенін айтады. Қасында Ыбан бар, сүліктей қара әтпен келді, ал соңдарында екі торы ат бос еріп жүретін еді дейді. Ақан келген ауылдың жандарал келгендей әбігер болып қалатынын, Ақанның соншалық қадірінің мол екенін суреттейді. Хамиттің айтуынша Құлагердің өлімі 1876 жылы болады.

Петербургта оқушы, прогрессивтік көзқарасты Сердалының Мәмбеталысы және Сұлтанғазы Аблайханов келгенінде, олар әдейі Ақан серіні шақыртып алады, әншімен ескерткіш болсын деп сүгіретке түседі. Бірақ сол сүгірет ұшты-күйді жоқ боп кетеді. Олардың бұл кездесуі берегіректе, 1906 жылы, Хамиттің айтуынша сурет жиырмасыншы жылдарда да бар болған.

1913 жылы Ақан қайтыс болғанда, Мәмбеталы молдаларды жинамай, ақын-әншілерді жинайды. Әнмен жоқтау айтықызады. Қабырының басында Мәмбеталы сөйлеп:

— Мың кісіге татитын Ақан-ай, бір адамның өлімінде кеттің-ау! — деп тұрған жұрттың бәрін босатады. Адам тіпті көп жиналады. Сердалы балалары жақын орыс поселкасынан шебер алып келіп, ол кездің құрылыс материалы ағаштан, сырлатып, әшекейлетіп зират тұрғызады. Бірақ 1932 жылы Көкшетау облысында болған үлкен өртің нәтижесінде ол зират өртеніп кетеді.

Ақын Ақанның мыңдаған жол қолжазбаларын баласы Ыбан ұзақ уақыт сақтайды. Бері келе 1919 — 20 жылдары белсенділерден сескеніп, өзі сол арада тұрған Бегалы мешітінің қасына көмеді. 1921 жылы Біләл Малдыбаев деген кісі барып, Ыбанға қаздырғанда қағаздан

түк қалмағанын, тышқон жеп қойғанын көреді. Сөйтіп қолжазба жоқ болып кетеді.

Хамит Ақанның түр-сипатын айта келе, оның бойы ортадан аз жоғары, қыр мұрынды, ұшы сүйір ұзынша қара сақалды, ширатпалы қара мұртты, көзі өткір, кірпігін жиі қағатын, қараторылау, жүзі шырайлы, денесінде артық ет жоқ, сұлу жауырынды, саусақтары салалы, малдас құрып отырғанда, жүзінің оттылығынан ба, мың кісінің ортасында да Ақан екендігін айтқызбай танытатын еді дейді.

Басында құндызы бір қарыс қамшат бөрік, үстінде жеңсіз күрең барқыт камзол, жеңіл қималы барқыт шапан, оның сыртында жағасын дөңгелете ойып сұлулап жасаған сұр мауыт қаптал, аяғында былғарыдан тіккен қисықтабаң етік, ішкі камзолының омырау қалтасында шығыршығы салбыраған күміс сағат, сұқ қолында жұмыр алтын сақина болатын, бөркіне үкі тақпайтын еді дейді.

Ақан үнемі 20—30 жігітпен жүретін. Әр сапарда мінген атының түсін өзгертіп отыратын, жігіттеріне де әсем киімдер кигізетін еді дейді.

Әншінің жұрт түсінбеген бір жұмбақ сыры жайлы Хамит айтып кетеді. Ақан жаздың күні келіп түскен ауылына ешуақытта қонбайтын, өлеңін айтып, әңгімені бітіріп, қонақасыны ішкесін далаға кетіп қалатын, ер жастанып, тоқым төсеніп таза ауада ұйықтайтын. Ал қыстың күні болса қасқыр ішікке оранып, шөптің түбінде ұйықтайды екен. Біреулердің «Ақан перінің қызына үйленіпті, ол әмән Ақанды жұрт жатқан жерге қалдырмай өзіне, далаға сүйрелейді екен. Ақан сонымен жатады екен» деген әңгімелері осы бір мінезінен туса керек. Ақан тегінде таза ауаны жақсы көрген болу керек. Оның үстіне ол кездегі қазақтың үйінде қай бір жақсы жағдай бар. Көптеген байлардың үйінде де тазалық бола бермейтін.

Хамит сонымен қатар Ақанның басқаларға, өсіресе жас талапкерлерге ән салдырып тыңдайтынын, олардың өскеніне, ән дәстүрінің өзінен кейін де өрбіп келе жатқанына қуанатындығын, өзінің ауылында (Хамиттің) Қазыбек, Ержөкше, Ахмадия, Мөлке әншілерге көзекпен ән айтқызып, Ақанның тыңдағанын айтады.

Ақын Доскөй де Ақан туралы өзінің жазғанында әншінің қасына көп жылдар өріп жүргенін, онымен бірге Керей жағында Біржан салға барғанын айтады. Жолда Балуан Шолақтың ауылында болып, Арқалық деген жерде отырған Біржанның ауылына барғанын, Біржанның орта бойлы, қара торы, қара көзді, кішкене өдемі қара мұртты, сұлу адам екенін суреттейді. Біржан Ақанды жақсы қарсы алады, Ақан келді деген хабар лезде айналаға тарап, халық Біржан үйіне сыймай кетеді. Әнді Біржан өзі бастап: «Айтпай», «Ләйлім шырақ», «Қақпанды» айтады.* Ақан: ел бағына туған асқан әнші

екеңсіз, жарайды!» деп қуанып, домбыраны алып, өзі «Жайма шуақ», «Ақ көйлек» әндерін айтады. Кейің Біржан мен Ақанның осы әндерін мен үйреніп алып айтып жүрдім дейді Доскөй ақын. Белгілі «Көкшетау» поэмасында қазақтың тамаша ақыны, азаматы Сәкен Сейфуллин Ақан туралы тоқтап өтеді.

...Тағы да үздік шыққан одан бері,
Зарланған «сырлы мінез» Ақан сері.
Зарлы ән, көркем күй мен сырлы өлең,
Шарықтап өрлеп көкке шыққан сері.

Әніне құмарланып таң болатын,
«Түскен деп әнін тыңдап көктен пері».
Жатқа алып, қыз-бозбала құмарланып,
Жайылған Сарыарқаға «Құлагері».

Құбылған өзі көркем гауһар түрлі,
Күйлеген нәзік сезім «жұмбақ» жырлы.
Махаббат қасіретін күйініп шерткен,
Әндері, өлеңдері нәзік сырлы.

Ырғалтып шырқағанда көрген әнін,
Келтіріп айтатұғын әннің сәнін.
Әндері «Сырымбет» пен «Үш тотықұс»,
Еліткен тыңдаушының жан мен тәнін.

Шырқайды Ақан әнін ой мен қырда,
Жайылған қазақ түгел Қыр мен Сырға.
Ақанның «Сырымбетін» башқұрт қызы,
Ырғалтқан Мәскеуде Үлкен театрда...—

деп Ақанның әншілігін үлкен құрметпен жырлайды. Осы жолдардың авторымен сөйлескенде, өткен жылы жазушы-академик Сәбит Мұқанов та Ақан серінің көргенін, қартайып келгенде болса да «Құлагерді» айтқанда жылап жатып қалғанын, Ақанның түр-сипатын біраз баяндап берді. Ол Ақан туралы бөлімнің ішінде жазылды.

Осы жылы шыққан Ақан серінің өлеңдер жинағы қолына жете қоймаған адамдар осы бірнеше кісінің әншіні көзімен көргенін білсін деп, біз сол кітаптан алып, қысқартып, өз сөзімізбен бердік. Осымен бірге А. Затаевичтің өзінің «Қазақ халқының 1000 әні» деген жинағының соңындағы түсінік сөзінде «Құлагердің» музыкасы оқиғасымен жанаспайды деп келіп, оның бәрін Ақанның «есінен танғанынан» болды деуіне қосыла алмайтынымызды да айтқымыз

келеді. Оғаң мәлімет бергендер Құрманғазыны — қарақшы, Ақанды — жынды, Біржанды — есерсоқ, мақтаншақ деулерінің шындықпен жанаспайтын жерлері сексеуілдің бұтағындай сирек те, жалаң да көрінеді бізге.

Мұхиттың қасында ұзақ жылдар болып, оның әндерін үйреніп, кейінгіге кең таратқан адам, қазақ халқының ән мәдениетінің көзі болғанның бірі әнші Шынтас Қаратаев көптеген деректер жазып берді. Ол Мұхиттың өмірбаянын толықтырумен бірге «Зәуреш» әнінің алпыс шамалы шумақ өлеңін, «Әмірхан» әнінің тарихын айтып берді. Біздің бұрынғы кітабымызға және кітапқа енген Мұхит жайындағы деректердің бірқатары Жаулыбай Қосыбаевтан ауызша да және оның осыдан бірнеше жыл бұрын шыққан «Әнші Мұхит» атты кітапшасынан да алынды. Жаулыбай да қазақтың әншілері, күйшілері туралы көптеген әңгімелер болатын. Мұхиттың туғаң немересі әрі күйші, әрі әнші Лұқпан Мұхитов та атасының әндерін нотаға орындап беру үстіне көптеген өмірбаяндық мәліметтер айтып берді. Өрине, Лұқпанның деректері ең қызықты, ең нақтыларының бірі еді. Мұхит туралы өзінің жинағының түсінік сөзінде А. Затаевич тіпті көп тоқтады. Бір жерде емес, ол әлденеше жерде айтып кетті.

Абайды біз мұнда Біржан, Ақан, Мұхит сияқты ел аралап ән айтуды кәсіп етті деп енгізгеніміз жоқ, оның ән творчествосындағы айтарлықтай жаңалықтары туралы тоқтамауды дұрыс жол көрмегеннен енгіздік. Абайдың әндерін осы жолдардың авторына 1939 жылы Қазақстанды Зерттеу Қоғамының ұйымдастыруы бойынша Абайдың немере-шөберелерінің бірі Мәкен Мұхаметжанова орындап, нотаға жаздырды. Одан кейін қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов бізбен «Абай» және «Төлеген Тоқтаров» операсын жазысып жүргенде (ол либретто авторы) Абайдың ән шығару өнері туралы білгендерін көп айтатын. Ал Абай жөнінде А. Затаевичтің жинағында өндерінің ноталарын енгізумен қатар бірқатар мәліметтердің берілгені кітаптің ішінде айтылды.

Балуан Шолақ жайлі, А. Затаевичтің жазып қалдырғанымен қатар соңғы кездерде оның жүрген жеріне барып қайтқан, жоғарыда аттары аталған Х. Тастанов және А. Кетегенова бірқатар деректер алып келді. Академиямыздың қолжазба қорынан да қымбатты мәліметтер табылды. Балуан Шолақтың бұрын көп адам білмейтін өндері Қосымжан Бабақовтың орындауында нотаға түсті. Ал Шолақ пен Ғалияның арасындағы әңгіме жөнінде Алматыда тұратын Мәкүра Есілбаева өте қызықты да, қымбатты да деректер берді. Ол туысқан жағынан Ғалияға алыста болса қатысы бар болып шықты. Шолақтың бірен-саран өлеңдері, өндері де табылып қосылды.

Жаяу Мұса жөнінде соңғы жылдарда газет, журналда мақала-

лар, кітапша шықты. Б. Ерзакович Омбы архивынан Жаяу Мұса туралы жазба деректер, әншінің өз қолымен жазған арыздарын тапты. Сондай-ақ Қазан университетінде сақталған Жаяу Мұсаның 60 беттік дәптері табылды. Жаяу Мұсаның бірқатар өндерін, өлеңдерін Қ. Бабақов нотаға жаздырды. М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аспиранты Зинор Қосбақов өзінің соңғы барған сапарында Жаяу Мұсаның баласы Салықпен, қызы Аннамен сөйлесіп, өншіні көрген адамдармен кездесіп, бұрын жарыққа шықпаған жаңа өдеби, музыкалық деректер тауып қайтты. Оразбеков Нақысбек Жаяу Мұса туралы кітапша жазып шығарды. Біз осы деректердің негізіне сүйеніп Жаяу Мұса бөлімімізді жаздық.


Әнші Мәди жөнінде бізге Талдықорғаннан Есмағамбетов Қ. деген кісі көп деректер жіберді. Ол Мәдидің өмірі, әншілігі жайлы айта келіп, оның өлу оқиғасын да шолып кетеді. Оның үстіне Семей педагогикалық институтының доценті, филология ғылымының кандидаты, жазушы, ақын Қайым Мұхаметжанов архивтен тауып алып келіп берген «Мәдидің өлімі» атты 1921 жылы «Қазақ тілі» газетіне басылған мақаланы енгіздік. Мәди туралы Бурабай маңындағы әншінің бір әулетінде сақталып жатқан төрт дәптерге қолымыз жетіп үлгірмеді. Соның өзінде де осы деректердің өзі Мәди жөнінде ауызда жүрген кейбір қате әңгімелерді әшкерелеп, әншінің адамшылық правосын «қайтып бергендей» болды.

Ыбырайдың әндерін біз бұрын Иса Байзақовтан, Қ. Бабақовтан жазып алған болатынбыз. Өткен жылдарда Ыбырайдың немере балаларының бірі Асаиынов Мұса Алматыға келіп, әншінің тағы біраз шығармаларын қағазға түсіртті. А. Затаевич аз да болса Ыбрай жөнінде де бір-екі сөз қалдырды. Ал әнші жөніндегі бұл кітапқа енген негізгі дерек жоғарыда аты аталған Есім Байболовтың қолынан алынды. Ол Ыбырай жөнінде көптен мәлімет жинайды екен. Оларды жинақ етіп, басын қосу арманында екен. Бізге ол сол деректерін түгелдей ұсынып, Ыбырай туралы бөлек тараудың тууына бірінші себеп болды. Е. Байболовтың бұл үлкен адамшылығы, азаматтығы үшін кітапты оқитын адамдардың рақыметінен бұрын біз оған үлкен шын жүректен алғысымызды айтамыз.

Құлтуманың әндерін Қ. Бабақов бізге орындап жаздырды. Өмірі жайлы да бірқатар әңгіме айтып берді. Оған қосымша Академияның қолжазба бөліміндегі деректерді алдық.

Сары жөнінде бұрынғы деректер үстіне біріндеген өлеңдері келгені болмаса, аса жаңалықтар жамала қойған жоқ.

Майра жайлы А. Затаевич ұзақ, өте терең, нанымды әңгімелер жазып қалдырды. Әншінің бірқатар өмір белестері жайлы Төлеутай Ақшолақов айтып берді. Ал бұл кітапқа енген Майра туралы деректердің негізі қазақтың мәдениет тарихын тынбастан зерттеп келе



Шынтас Қаратаев.

жатқан аға жазушы, ақын, музыка зерттеушілеріне үнемі әкелік қамқорлық жасап келе жатқан Сапарғали Бегалиннен алынды. Кейбір кезеңдер туралы бірен-саран адамдардың ауызша қосқандары да болды.

Естайдың әндері бұрыннан жұртқа белгілі. Тіпті осы ғасырдың бас кезінде Орыс Географиялық Қоғамының Омбыдағы бөлімшесінде болған бір баяндамадан кейін орындалған әндердің ішіне Естайдың «Қорланы» бар. А. Затаевич те Естайдың атын атап кетеді. Ал Естайдың өлердегі өлеңін, «Қорлан» әнінің шығу тарихын және сондай әншінің бірқатар өмір өткелдері туралы деректерді жоғарыда аты аталған Қ. Мұхаметханов берді.

Әсет жайлы 1942 жылы Бақтыға барғанда оның қызының айтуы және Академияның қолжазба деректері, әдебиет тарихы жайлы шыққан кітаптардағы жазылғандар алынды. Кейбір ол туралы мәліметті Қуан Лекеров, біздің Академияның қызметкерлері берді.

Нартай туралы Академияның қолжазбаларындағы деректер және Қазақстанның өнерге еңбегі сіңген қайраткері Жаппас Қаламбаевтың республиканың еңбегі сіңген артисі Әбуталип Смаиловтың айтуларынан алынды. Солардың орындауынан Нартайдың әндері жазылды. Оның бергі жағында М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының өткен жылғы Қызылорда облысына барып қайтқан экспедициясының деректері пайдаланылды. Ал осы жолдың авторы Нартаймен бірнеше рет кездескен де болатын.

Көнен жайлы бұрынғы кітаптан, Б. Ерзакович пен Р. Байжарасовтың шығарған кітапшасынан деректер алынды. Оның үстіне Кененді біз өлі-күнгі өте жиі көріп тұрамыз. Ол осы кездің өзінде де жаңа өн, өлеңдерді бірінің артынан бірің шығарып отырады.

Өміре жайлы А. Затаевичтың жазып қалдырғанымен қатар Хажым Хабиевтың мақаласы пайдаланылды. Әншімен біз бірнеше жыл өнер майданында бірге істеп, өрине, жиі кездесіп жүрдік. Сол сияқты Қали Байжанов туралы А. Затаевичтың жазғаны, Абдұлла Лекеровтың айтқаны өнді. Қосымжан туралы деректердің бірқатарын

Б. Ерзакович, Рабиға Есімжанова берді. Біздің өзімізде филармонияда Қосымжанмен біраз жыл бірге істедік. Темірболат жайлы оның жұбайы Қазден, қызы Кәмал және республиканың еңбегі сіңген артисі Үрістембек Омаров берді. Темірболат та өмірінің соңғы кезеңінде филармонияда қызмет істеді. Қуан жайлы Абдұлла Лекеров қосымша деректер берді. Оның үстіне Қуан, Жүсіпбек, Манарбек, Әли сияқты әншілермен осы жолдардың авторы көп жылдар бірге қызмет істеп, өмірде де, сахнада да тағдыры ортақ болды. Сондықтан олар жөнінде ешбір кітап архив іздеудің қажеті жоқ болды.

Сонымен бірге «Айқап» журналында басылған үш мақаланы алып келіп берген филология ғылымының кандидаты Надия Қарашева, Омбының архивынан Г. Потанинның баяндамасын тауып алып келіп берген М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Алма Темірбекованың аттарын атап кету міндет. Бұл қосымшаның аяғында осы кітапты жазуда қандай болса да деректер берген, ақылын айтқан адамдардың бәріне де рахмет.

Бір-екі сөз суреттер жайлы, Біржанның баласы Теміртастың суретін Академияның қызметкері Қарта Қаңтарбаев жолдас, Мария Жагор қызының суретін Б. Ерзакович, Әсеттің тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Балқаш Бафин жолдас алып келіп берді.

Кітапқа енген әндерден: «Теміртасты» — Т. Мерғалиев, «Башарденді», «Бақшаны» — А. Затаевич, «Қаракесек», «Қорлан», «Партияға алғысты» — Б. Ерзакович, қалғандары осы жолдардың авторының жазуында алынды.

Г. Потанин, А. Алекторов, С. Рыбаков, В. Белинский, А. Эйхгорн сияқты адамдардан алынған цитаталар өткен жылы шыққан «Қазақ совет музыкасының очерктері» және Г. Шомбалованың диссертациясынан (қолжазба) алынды. «Очеркте» алғашқы мақала осы жолдардың авторыныкі болатын (цитата содан).



МАЗМҰНЫ

<i>Кіріспе</i>	5
<i>Біржан сал</i>	23
<i>Ақан сері</i>	55
<i>Мұхит</i>	77
<i>Абай</i>	100
<i>Балуан Шолақ</i>	116
<i>Жаяу Мұса</i>	130
<i>Мәди</i>	160
<i>Ыбырай</i>	171
<i>Құлтума</i>	194
<i>Сары</i>	204
<i>Майра</i>	223
<i>Естай</i>	242
<i>Әсет</i>	261
<i>Нартай</i>	276
<i>Кенен</i>	291
<i>Әміре</i>	308
<i>Кали</i>	325
<i>Қосымжан</i>	332
<i>Темірболат</i>	340
<i>Жүсіпбек Елебеков</i>	345
<i>Қуан</i>	356
<i>Манарбек</i>	365
<i>Ғарифолла</i>	372
<i>Әли</i>	378
<i>Қосымша</i>	388
<i>Әншілер туралы алынған деректер жайлы бірекі сөз</i>	424

Ахмет Жубанов

ЗАМАНА БҮЛБҮЛДАРЫ. (Қазақтың
әнші-композиторлары, әнші-орындаушыла-
ры туралы әңгіме-очерктер.) Алматы, Қаз-
мемкөркемәдеббас, 1963.
432 бет.

Ахмет Жубанов

Соловьи столетий

(Очерки о жизни и творчестве ка-
захских народных композиторов-
певцов)

На казахском языке

Издание Казгослитиздата — 1963

Редактор *К. Копишев*. Худож. редактор *В. Ткаченко*.
Художник *К. Хамитов*. Техн. редактор *С. Лепесов*.
Корректор *А. Садыков*.

Славо в набор 17/IX-1963 г. Издат. № 167. Подписано к печати 23 XI-1963 г.
Формат 84×108¹/₁₆—13,5 п. л.—22,68 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 24,4.)
УГ03237. Тираж 4700. Цена 88 коп.

г. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главлитиздата Министерства культуры КазССР.
Заказ № 1737.